

2



Сафуан Шаймерденов

Төрт томдық
шығармалар жинағы

БІРІНШІ ТОМ

РОМАН ЖӘНЕ ПЬЕСАЛАР



АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1996



84.5к23

~~ББК 84 Қаз 7-44-5~~

III 18

031957

Шаймерденов С.
III 18 Төрт томдық шығармалар жинағы. — Алматы:
Жазушы, Т. I.: Роман және пьесалар. — 1996. —
480 бет.

ISBN 5-605-00770-X (Т. I.)

ISBN 5-605-00769-6

Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты
Сафуан Шаймерденовтің төрт томдық шығармалар жинағының бұл томына «Ине»
романы мен «Досың келе жатыр», «Осың жаралар» т. б. драмалық шығармалары кіреді.
Бірінші томға кірген «Ине» романы — кезінде жазушының әдеби қауымның құлағын
біразен сіңіп сізге келген қаламді туындысы. Бұл кітап — қала әңгімелері мен сөйлем
жүйесі қазақ жастарының, қазақ студенттерінің құралу, қалыптасу процесіне арналған.

Ш 4702250205—034
402(05)—96

ББК 84 Қаз 7-44 : 038

© «Жазушы» баспасы, 1995.

ISBN 5-605-00770-X (Т. I.)
ISBN 5-605-00769-6

Одесская
государственная библиотека
им. В. Г. Короленко

ИНЕШ

Университетте бірге оқыған
достарыма арнаймын.

Жазушы.

1

Алда сансыз адыр-белестер жатыр. Сан заман меңіреу тыныштық пен ойнақы сағымға, өкпек жел мен ақдола боранға мекен болған бойкүйез адыр-белестер. Осы бір бел-белестердің кеудесін кесіп әрі асқан қос рельс алдағы күлдей алысқа созылып кете береді. Уақыттай шайшаң жылжып поезд келеді. Болат жолдың ірім бұрылыстарында жыланша ирелсеп, әлсін-әлі тау жақпарларына сүңгіпді. Әлсін-әлі жазықтарға шығып, көсіле тартады.

Сыртында «для демобилизованных» деп бормен адуын-дата жазылған екі сөзі бар көк вагонның терезесінен сыртқа ұзақ қарап дөң мұрын бір жас жігіт отыр. Икемге көнбейтін шашын қайта-қайта кейін қайырып, үлкен қара көзін әр нәрсеге бір қадап қалады. Қолын әр нәрсеге бір созып нұсқайды. Кесек жаралған ірі келбетінде қуаныш нұры ойнайды. Қазақстан шегіне іліккеннен бері өз қасындағы жолаушыларға да маза бермей қойған. Жұрт бір өтіне сұрап, түсіндіруді қалап, ынтызар болып отырғандай-ақ жер жайын, жол сайын қайталап айта берген-ді. Өзі қазақтың осы кең байтақ жерінде туып, сонда өскенін, сол даланың әрбір бұтасына дейін бұған таныс екенін таныта айтады. Ертемен поезд Арыс станциясына келгенде, қасындағы бір қартандау адамды оятып та алып еді. Ренжігенін сілместен «Арысгы қара, Арысқа да келіп қалдық» деп Арысқа келгенде жолаушылардың түрсеп отыруы керектей-ақ айқайлап оятқан-ды. Енді, міне, түстен бері сыртқа қарап, өзімен-өзі болып, оңашаланып қалған.

Күз жаңбырмен қайта көктөп, көкалсыны сінді-сінді қылтия бастаған ксер дала. Бір түсті, бір мүсінді үлкен-кіші төбе-шоқылар ұзақ бір керуен коштей шексіз жалғасып, шексіз қайталана береді. Аракідік көк тартып жыра-сайлар, кішігірім өзендер де кездесіп қалып жатыр.

Кешкі тымық ауада жапырағы шала түсіп селдірген тал арасынан шағаладай ақ үйлер көрінсін. Кешқұрым ауыл үстінен көтерілген көк түтін аспанның кең шалғай қиясына селдірей тартып, көк жүзіне батып жатыр. Ылғалды ойпандар мен құнарлы дөңдерде егін толқиды. Өлдеқайда көлбей созылып, шұбалып кеткен жол шаңын қырманға қарай еркін бастап бір машина зырлап барады. Кейде жүрек жылытар әдмі ән сазы құлаққа келеді де, жалап өткен оқ зуылындай жалғыз сәтте кейін қалып қояды. Мәулен болса, осы бір жүрекке жылы көріністерден әрі асып алға, келешекке қарайды. Асыға қарайды. Көріп те, сағынып та келе жатқаны — асқақ Алатау. Ақша қарлы бір биік шоқысында ойнаған күн нұры мұның кеудесіне кеп ұялайды. Алып ұшқан жүрекке жаңа бір бейне оралады. Алдағы өмір бейнесі, әсем бейне, үміт пен тілсек бейнесі.

Арман мен тілсекте шек жоқ секін ғой. Кім білген оны. Кешке ғана, оқ астында «жеңіс» деген жалғыз сөзді естіп өлсек арман болмас еді-ау» дсуші еді Мәулен. Сыз оқопта, жер үйдс, не болмаса, майданның толас алған бір қабақ қағысында әр солдаттың аузында осы бір сағынышты сөз ғана болатын.

Енді ше? Жок, әр күннің, әр істің өз тілсуі, өзіндік арманы болады секін. Мәулен сінді жаңа арманмен келеді. Ой-өрісі ұлғайған. Арманның көкжиегі алыстай түскен.

Сол арман оны алда жатқан тау бауырындағы әсем қалаға асыға жетелейді. Кейде Мәулен асфальт көшмен келе жатқандай болады. Кейде университеттің тыныштық билеген еңселі аудиториясында отырған тәрізденсін. Міне, мінбеге бір қарт шықты. Ұзын ақ сақалын тарамдап сипап, көзілдірігін қозғап қойып, сойлеп тұрғандай. «Бұл — профессор!» — дейді ол бар даусымен. Зсіін сала тыңдайды. Әдемі бір үн келеді құлаққа. Сазды, қуатты үн, болашақ үні.

Осындай ой қанаттандырарлық сәтті шабытымен ол өзі аңсаған бақшалы қаланың әлі де талай жерін аралай бермекші еді. Үрдіс жүрісті поездың өз ирғағын сәл өзгертіп, баяулап, ақырындай бастауы ой жібін үзіп жіберсін. Әуелі біртіндеп қана кішкене ақ үйлер көрінді де, жілсене, қоюлана барып, көлемі кең станцияға айналып кетті. Әріректегі құм бұйра шағылды, сары таңдақ құба даланың

айбынды сақшысындай болып биік мұнаралы су тартқыш та ақырын үйіріле дөңгелсіп кейіндеп барады. Осы маңда жаз күнінің шаңытқан бір шағында лез-лез құйын көтеріп көшіп жүретін жолақ құм бағаналарын елестетеді.

Жапырағы ерте түсіп, ыстық леппен баяу теңселген жас, бойшаң теректер қоршаған кішкене вокзалдан поезд асып барып тоқтады. Сыртта шу естіледі. Жол бойғы станцияларда кездесетін құлақ үйренген көңілді шу, адам шум. Жүк, чемодандарын, шайнск, термостарын ұстап әрлі-берлі жүгіріскен адам тобы. Мәулен есік алдына шықты. Станция буфетіне барып бірер стакан ыстық какао ішпекші. Сол кезде вокзал жақтан составқа қарап, жұрттан бөліне жүрген экскурте оның көзі түсті.

Бірінен бірі сұңғақтылау жасөспірім екі қыз. Сұңғақты қыздың қолында кішкене көк чемодан. Оң қолымен өз серігін демей қолтықтап алыпты. Үстінде ақ жібек ксудеше. Кең балағы бүрүлі жұқа шалбарының қайырма бүгісі кішкене қызыл туфлин түгел жауып кеткен. Аяқ алысы ширақ. Шашын шашаусыз жиыстырып төбесіне талғаумен үйіп қойғаны да сол бір ширақ қимылын танытардай.

Екінші қыз көңілсіз басып келеді. Оның да балғын өңі күнкақты болып қоңыр тартқан.

Еркелей нәзік басады. Қарақұсына жеңіл ғана орнатып иегі астынан тартып қойған естегі жалпақ ақ панамасы жел қаққан сайын қайырыла желпілдейді. Өзімен бірге жарыса ұшып келе жатқан кішкене ақ құс секілді. Үстіне киген кең, бүкпе-катпары көп макинтошы жүрген сайын ауытқи қимылдап, жеңіл бір толқын тудырады. Сол сәтте, осы кең модалы макинтош ішінде еркін ойнаған кішкене талдырмаш мүсіні сырт көзге танылып та қалардай еді.

— Ренжіме, — деді чемодан ұстаған сұңғақты қыз өз құрбысын жұбата сөйлеп, — аяқтап қайтқаның дұрыс-ақ еді... Лаж жоқ, не істеуге болады? Деканатқа айтармыз беріміз де. Ауырып қалды дерміз.

Ана қыз сергі қоймады.

Бұлар сол бетімен ілгеріректен келіп составқа киікті де, кейін жүрді.

Мәулен макинтош киген қызды жақындаған сәтте ғана шырамытқандай болды. Әдепкіде «мен мұны қайда көріп едім» деп ойланып қалып еді. Енді: «Япыр-ау, осы Инеш емес пе екен?» — деген күдікте тұр. «Қалай өсіп кеткен!» — болды алғашқы ой.

Мәулен Алматыға аттанар алдында Инешке телеграмма соққан еді. Соны есіне түсірді. «Жоқ, Инеш қайдан келсін мұнда. Ол қазір Алматы төңірегіндегі бір санаторийда дем

алып жатқан шығар. Менің хабарымды естімеген де болуы мүмкін... Дегенмен, Инешке қатты ұқсайды екен. Кім болды бұлар?»

«Жоқ, мынау Инештің өзі. Соның дәл өзі».

— Инеш!

Қыз да вагон басқышында тұрған әскери формалы жігітті көре салып, аңырып қалып еді. Басқыштан бір-ақ секіріп өз қасына келген Мәуленге ұмтыла түсті.

— Қайдан келіп қалдың, Мәулен? Мәуленчик деймін, қайдан келіп қалдың?— деп ұнасымды жіңішке даусын көтере сөйледі.

Мәулен екі қыздың қолын кезек алып қыса берді. Чемодан ұстаған қызға өз аты-жөнін айтып та үлгірді. Бұл қыз бейтаныс адамға ерсілеу бір мінезбен қаттырақ, ұзағырақ күліп қалып еді, «онысы несі?» деген оймен Мәулен Инешке қарады:

— Сені дәл осы арада, мына шөлейтте кездестірем деген кімнің ойында болған?!

Инеш Мәуленге күле қарады. Күнқақты, көңілсіз, жүдеу жүзіне дулап қан жүгіріп басылды.

— Біз осы арада практикада едік...— деді ол. Содан соң қасындағы чемодан ұстаған сұңғақ қызды таныстыра сөйледі. — Менің құрбым Гүлшат Аманова.

Гүлшат Аманова өзінің артығырақ күліп тұрғанын, Мәуленмен қайта қол алысып, қайта танысқаннан кейін кешірім сұрай айтты:

— Инеш «поездан қалып қоятын болдым-ау, таныс біреудің де кездеспегенін қарашы» деп мені осылай қарай сүйрелеп кел еді. Біреу-міреу кездесіп қалар деген үмітпен келгенбіз. Міне, енді көрмейсіз бе, уәделесіп қойған адамдар да дәл осылай кездесе қоймас.

— Кешігіп келіппіз. Билет сатылып кеткен,— деп қойды Инеш.

Мәулен бір байламға тез келеді де, Инеш пен Гүлшаттан екі минутке рұқсат алды. Жүгіріп поезд начальнигіне барды. Өзінің әскерден қайтып келе жатқанын, осында майдаидас жолдасының қарындасын кездестіргенін, екі билет керек екенін асыға мәлімдеді. Поезд начальнигі сөз де айтпады. Әскери кассаға қағаз жазып берді. Мәулен билет алып қыздарға оралғанда, жүруге қоңырау да соғылып еді. Солдат мінезін көрсетіп:

— Ал, қыздар, жүріңдер. Билеттерің менде,— деп еркінірек сөйлеп екі қызды іле кетті. Жол-жөнекей Гүлшат қолындағы чемоданды да алып үлгірді. Поезд баяу қозғала берді. Ең әуелі, басқышқа жеңіл қарғып өзі шықты да,

шапшаң бір қимылмен Инешті жеңіл тартып алды. Қабақ қағыста өзін тамбурда көрген ол Мәуленнің мына қимылына қайран болып қалған еді. Ендігі сәтте Гүлшатқа да оның қол ұшын ұсынып жатқанын көрді.

—Рақмет құрметіңізге, мен әзірше осы арада қала тұратын адаммын,— деп Гүлшат күле жауап берді.— Ал, Инеш, қайырлы сапар. Каникулдан оралғандарға сәлем.

— Айтам, айтам ғой, Гүлшат!

— Әйтеуір, түбінде бір баратын болсаң, онда қазір жүр, сен үшін де билет алып қойдым,— деп Мәулен поезбен қатарласа жүріп келе жатқан Гүлшатқа қулана айқай салды.

Гүлшат артық алынған билет үшін өзін айыптымын дегендей қысылыңқырап қалып еді, Инештің жіңішке даусы көңілін аударып әкетті.

— Практикаң сәтті аяқталсын, Гүля, сау оралыңдар!

— Жолың болсын!

Күн қағып қоңыр тартқан ашаң, балғын жүзінде қуаныш нұры ойнаған Гүлшат қолын бұлғап вагонмен жарыса аяндап, біраз жүрді де кейіндеп алыстай берді.

Әуелі алғі бір басы артық билет келіп есіне түсіп еді, соған жалғаса вагон баспалдағында қолын созып күле қараған гимнастеркалы жігіт көз алдына келе қалды: «Әйтеуір, түбінде бір баратын болсаң, онда қазір жүр!»— деген бір қоңыр дауыс құлағында тұрғандай болды.

Гүлшат өзінен-өзі езу тартты.

2

...Кең шалғай, иір-қиыр құм дала. Күн шіркіннің қарауыл ұшына аумап ұстап тұрғаны осы өлке ғана сияқты. Жаламыр от тілін сүйрендетіп жер-көкті қуырып барады. Дүние таллаурап кеткен. Ауа көгілдір тартады. Сонау көкжиекке қарасаң, көк сілемік буалдыр ішінде таңғажайып бір таулар көшіп-қонып жатқандай болады. Бұйра-бұйра сырғыма төбелердің үстінде кәдімгі оттың жалқыны шалқыған секілденеді. Көктем шағында аз күнге болса да құлпыра көктеген көк, жасыл, қызыл жолақ, ақ таңдақ сан алуан гүлдер енді қара-күрең күйік тартып құрап қалған. Аяқ бассаң, қаудырлап үгітіліп түседі. Осы бір ұланғайыр жапан даланың бетіне болмашы бір көк жолақ ирелең сызық тастап шағын өзен ағып жатыр. Бадам өзені. Қалың шөп арасымен сыбырлата секендеген жылан секілді, өзі көрінбейді. Жақындап келсең аяқ астынан су сылдыры ғана естіледі.

Осы бір жыламық өзен жағасына ғажайып бірақ шатыр тігілді. Зор денелі, шикіл сары бір жігіт келді де маңдайшаға:

«Қазақ университеті. Биология факультетінің V курс студенттерінің экспедициясы» — деген жазуы бар кішкене қатырма қағаз шегелсді.

— Осының дұрыс болды, Манап, әйтпесе мына көп шатырдың ішінен өз шатырымызды таба алмайтын едік, — деп қағыта күлді Гүлшат.

Манап деп аталатын шикіл сары бері қарады. Жалпақ сары мандайын төмен ала берс «ретті жерің осы болар-ау» — деп, екі жерден ұстарамен екі тартып жасай салған қысық көзі күлімдсі қалды.

— Адассаң өзім бармын. Жарғақ құлағым жастыққа тимейді. Іздсйтін боламын.

— Басқалар адасса шс? — деп күлді Гүлшат.

— Экспедицияның бастығы немісі бітіреді? Кәрім Бозжановтың өзі іздсйтін болады.

Сол кезде шатыр сыртынан басында дағардай ақ киіз қалпағы бар толық денслі біреу айналып шыға берді.

— Ә, Балғабас па бұл? Немсис, әркімнің атқарар жұмысын бөліп беріп жатырмысың?

Манаптың қысық көзі мүлде жұмылып кетті.

— Жоқ, Кәрім аға, ойын ғой жәй.

Кәрім қарқылдай күлді.

— Ойыны жоқ, мен мына экспедицияны басқарушы ессіпті, адасып қалған адам болса, іздсуді саған жүктеймін.

— Күн болса ыстық, шөлсйт дала. Мен бұл міндетті атқара алар ма екенмін, — деп Манап ойын болса да тайғанап сөйлсді.

Кәрім Бозжанов пен Манап Балғабас арасында осы бір әзіл сөз студенттер арасына кең тарап кеткен еді. Арада біраз күндер өтті. Адасқан ешкім болмады. Сол себепті Манап та шатырдан ұзап ешқайда шыға қойған жоқ. Студенттер Кәрім Бозжановтан күнбе-күн тапсырма алып, адыр-ойпаңдарды аралайды. Құмды жерде өсімдіктердің қалай қоректенсінетінін бақылайды. Бұрын таныс емес жаңа шөптерді жинастырады. Осындай күндердің бірінде ксшқұрым екі-үш жерге от жағылды. Жатаған мосыларға шайнсктер мен шелсктер асылды. Қуақы бір студенттер Балғабасөты қағыта сөйлсді.

— Ерлік иссін таба алмай жүр ме, әлде иссі ерлікті іздсмей ме? Әйтсүір Манап мұғалім жүктеген міндетті атқармай кслсді, — деп қойды олар.

Шетксіріск отырған Инсш сөзге араласты.

— Қойыңдаршы, мына құмда қайдағы ерлік?! Ауырмай-сырқамай, бір жерімізді жыланға шақтырмай қайтсқ та жарар.

— Ерлік жер талғайды,— деп қойды Гүлшат.

Ала көлсеңс от жарығында Манаптың қысық көзі тағы да жұмылып кетті.

— Гүлшат дұрыс айтады. Кедергісіз орындалған мақсат арзан болады. Павлов солай деген.— Соны айтты да Манап тұрып кетті. От айнала беріп:

— Инеш, мойнына жылан өрмелеп барады!— деп дауыстады.

Сөйткенше болмады, Инештің мойнынан сүп-суық бірдемс жүгіріп өткендей болды. Қыз бақырып қалды. Жұрт өре тұрды. Инеш қасына көптен бұрын Гүлшат барды.

— Қыбырлаған шөптен де қорқады бұлар,— деп Манап шалбарының қалтасына қолын салып теріс айналды.— Дегенмен қыз мойнына шөп жүгірту бағалаған адамға бұл да ерлік!

Біреулер күліп, енді біреулер кейіп жатыр.

— Ойынның да жөні бар емес пе, Манап!— деді Гүлшат.

— Оқасы жоқ, жылан көрсе қорықпайтын болады. Үйрене берсін,— деп жауап берді ол.

Инеш шынымсн шошынып қалған еді. Тулаған жүрегі көпкес дейін қалыбына түспеді. Мұздап кеткен денесі көпке дейін жылынбады.

Шынын айтқанда, осы бір биылғы сапар оңайға да соғып жүрген жоқ еған. Жылда бұл факультет ауа райы қоңыржай солтүстік жақты аралайтын еді. Биыл Бозжанов бастап шықты да, оңтүстіктің шыжыған шөлейтіне тартты. Оны барып Гүлшат қостады. Практиканың аяқталуына әлі де талай күн бар. Бірақ соған шыдар Инеш жоқ. Күн өткен бе, немснс, ксшс мұрнынан қан кетті. Ал, міне, бүгін Манаптың мына бір мазағына тап болды..

Инеш түнімсн ұйықтай алмады. Шошып ояна берді. Көзі ілінсе болды қорқынышты бір түстер еніп, бастырылып, қинала сөйлсш шықты.

Ертеңіне күн тағы да көкжиектен жер-дүңснсі күйдіре көтерілді. Таңғы тамақтан кейін біраз жұрт өзенді өрлеп алысқа кетті де, Гүлшат пен биік прическалы Қасымова Зада, Инеш үшеуі шатыр төңірегінде қалды. Бойында тірлік белгісі бар, қуармаған өсімдіктерді теріп алып коллекция жасамақ.

Күн баяу жылжып төбеге тартты. Адам тынысын тарылтар қапырық ыстық басты.

Инеш тағы да өзін жаман сезінді. Өкпесі қысылды. Бір тізерлеп тұрды да жер таянып қайта отырды. «Күн ыстығын көтере алмай жүрмесс жарар еді» — деп ойлады анадай жерде жүрген Гүлшат.

— Жәй отырдың ба, Инеш? Бір жерің ауырды ма әлде?—
Инеш жауап қатпады. Екі қолымен бетін басып терең
күрсініп дем алды да, көзін ашты... О, тоба, қаққан қазық
па, әлде қалақ па? Инеш қолын күнге қалқалап, анықтай
қарады. Сұмдық. Айналаға әжім басқан кішкене шегір көзін
қадап бір қалақ тұр! Жоқ, қалақ емес, жылан... Айбат
шегіп тұрған жыланның басы.

Инеш дыбысын шығаруға да шамасы келмеді.
Айқайлауға оқтанып, аузын ашқан қалпы жығыла кетті.

Гүлшат пен Зада қосарлана жүгірісіп келді.

— Зада... су... суық су... Зада, жүгір!

Зада құмға малтыға шатырға ұмтылды. Гүлшат Инештің
басын көтерді.

Осы бір сәтте оның құлағына ысылдаған жағымсыз бір
дыбыс келді. Алыстан талып естілгендей. Ыстық буалдыр
күнде құрғақ ауа жаңғырықпайды. Бар дыбысты обырлықпен
жұтып, елсіз дала кеңістігінде тымырық тыныштық жайлап
тұрған бір шақ. «Жылан болар»— деп ойлады Гүлшат.
Инештің жүрегіне қол апарып: «Ештеңе етпес, күн соққан
ғой, тынысы түзеле бастады»,— деді өзіне өзі.

Жылан тағы да ысылдады. Гүлшат жан-жағына шошына
көз салды. Жаңағы бір шегір көз қалақты бұл да көрді. Өн
бойы жылан аралап өткендей мұздап жүре берді. Келер
сәтте Гүлшат есін тез жиды. Ыршып түрегелді.
Қалтасындағы пинцетін қолына алды да жыланға беттеді.
Қас жауы өзіне қарсы келе жатқанын сезген жәндік айбат
шегіп, сескене шегінді.

Гүлшат әлденіп кетті. Ендігі сәтте тез де, дәл қимыл
жасап, күйіктей күреңіткен құм өсімдіктерін тасалап жылжи
жөнелген жыланның басын пинцетпен қысып қалды. Айыр
тілін сүйреңдетіп жылан бұлқына берді. Гүлшат жәндіктің
мойнынан қыса ұстады да көтеріп алды.

Бұл кезде Инеш те есін жиып еді. Өз өміріне қатер
төндірген сойқанның енді Гүлшат тұтқынында тұрғанын
көріп қалса да, шошып қалыпты, қашқақтай берді.

— Ыстық соққан болар, дем ал,— деп Гүлшат пен Зада
жарыса айтты.

Инеш шатырға келді де жаймалы төсекке жатты. Кешке
қарай ыстығы көтерілді. Мұрнынан жиі-жиі қан кетті. Кейде
денесі қалтырап, басы айналатынды шығарды. Осылай
бірнеше күн өтті. Кейде шатырда жалғыз қалуына тура
келді. Ең қиыны да сол болды. Сұр жыланның суық түсі
көз алдында тұрады да қояды. Осы бір үреймен құм шагылға
қарайды. Бұралаң өскен тырбық сексеуілдер оның көзіне
сәбіс түрсеп, андап келе жатқан жылан, кесірткелер

сияктанып кетеді. Шағыл жүлгелерін қуалай ербедеп бара жатқан өз жолдастарына қасірет, аянышпен көз салады. Шатыр ішінде сарғая жатып алып, саялы бақша ішін, ызың-шуы жоқ өз бөлмесін, сүйікті қаласының самалды көшесін қиялдады. Бар арманы соған сарқады. Жүріп кетсе мына тұрған жер болса да, қол жетпес бір қиян алыс секілді соның бәрі.

Өзі өмір сүрген аз жылдың ішінде ең бір кеселімен келген осы бір сапарда оның әлсіз жанына қуат болған Гүлшат қана еді. Инештің басына суық орамал тартты. Әлсін-әлі өзенге жүгірді. Шелектеп су әкеліп шатыр үстіне себеледі. Шай қайнатты, ас пісірді. Ол осының бәрін де жарқылдап ойнап-күліп жүріп істеді. Гүлшаттың осы бір пиғылынан Инеш өзіне деген жанашырлық, жақындықты сезді. Қайрат, төзімділігіне таңырқады да.

Осындай жанашыр жолдастың күтімінде болған Инеш айға бастады. Далаға кіріп-шығатын болды.

— Бір күні Манап Балғабаев жақын жердегі қыстаққа барып қайтты. Ағайын-туғандарынан хабар күткен студенттер оны қоршалап алды.

— Тоқтандар, жолдастар! Анталамандар. Ең әуелі, Инеште менің шаруам бар,— деп жұртты киіс жарып шықты да шеткерірек қалған Инештің қасына келді.

— Мә, Инеш, мынау саған келген телеграмма,— деп екі қолымен еңкейсе ұсынды.

Бұл Мәйнасынан келген телеграмма екен. «Августың жиыrmасында Алматыға Мәулен келеді».— депті.

Мәулен! Көп жыл ағасымен бірге өскен, қадірлі Мәулен келе жатыр!

Инеш, бірақ сыр шашпады. Тіл қатпастан төсегіне келіп жатты.

— Үй іші аманшылық па екен?— деп бөйек болған Гүлшатқа да «бөтен өзгеріс жоқ»— дегеннен басқа ештеңе айтпады. Түнімен дөнбекшіп шықты. Көз алдына неге екені белгісіз Мәулен келе берді. Мәулен мінген поезддың бұл жерден қашан өтетінін есептеп шығарды. Содан кейін бір күні таңертең ұсақ-түйек нәрсесін буып-түйді де:

— Айығып кетер түрім жоқ, Гүлшат. Мені бүгін поезға шығарып сал!— деді.

Инеш Мәуленмен осылай табысқан еді.

Инеш купеге еркін басып кірді. Мәуленге күле қарады. Көңілсіздігін кейінге қалдырып кеткен секілді. Мәулен жеңіл

секіріп барып Инеш чемоданын төбедегі жүк қуысына ыргытып жіберді. Гимнастеркасын түзеп, белбеуін тартты. Кең кеудесіне Инештің көзі түсті: өсіп, толысып кеткен. Жанасып өте беріп еді, бойы жігіттің иығына да жетпеді. Тұра қалып жоғары қарады. Екеуі де күлді.

— Ой, Мәулен, қалай өсіп кеткенсің?! — деп танданды Инеш. Содан кейін ұяла күлді.— Қызық-ау, тіпті мен не айтып тұрмын осы?!— Мұнысы да жаңағы бір таңырқау салқыны.

— Сен де өсіп кеткенсің, Инеш.

Инеш өз бойына қарады. Тағы да күлді.

— Ал мен баяғы сен ұрса беретін қалпымда сияқтымын.

— Ұмытпаған екенсің ғой.

Инештің жүзін кірбең шалды.

— Неге ұмытайын...

— Ым-м... әлі де жек көрем десеңші. Сондағыдай Мәйнаға айтып шағына беретін боларсың тағы да.

Инеш қайта күлді.

— Жоқ, Мәулен. Мен шын қуанып қалдым. Ойда жоқта кездесе қалғанымызды айтам. Рас қуандым. Ал мен бар ғой, таныстардың ешқайсысы да кездеспесе екен деп тілеп едім. Ал қазір...

Мәулен қулана күлді: «Мені де кездестіргің келмеді ме?»— деген сөз тілінің ұшында қалды. Инеш Мәуленнің ойын түсіне қалғандай:

— Жоқ, сенен басқа таныстарды айтам...— деп айқындап қойды. Неге екені белгісіз, Мәулен жайында шешесінен алған телеграмманы да, оның осы жерден өтер кезіне орай шыққанын да жасырып қалды. Макинтошын шешті. Мәулен нұсқаған жерге барып отырды. Шағына сөйлесі:

— Мына қалпымда рас кездестіргім келмеп еді. Мұндай ыстықты кім көрген, Мәулен?! Сұмдық!.. Табаныңнан күм, тас төбенің күн күйдіреді де тұрады.

Ол сандал ағашынан жасалған үлкен желпуішін бетіне таяп, оңды-солды сермей бастады. Тар купенің ішінде жаңға жайлы жұпар иісті салқын леп тұрды. Инештің күнқақты жүзі жадау тартып қалған. Туырылған ерніне вазелин жаққан екен, онысы да жылтырап тұр. Мәулен оны аяп кетті.

Келесі бір станцияда ресторанға барып көк термоспен какао, «Алтын кілт» деген ирис конфет және балмұздақ алып келді. Инеш бұған балаша қуанып қалды. Мөлдір стаканға құйылған ыстық какаоны күміс қасықпен іліп алып ұрттап іше бастады. Ішкені де, іліп алғаны да сондай бір нәзік. Мәулен соған әсерленіп қалғандай. Әрине өз

өмірінде бұлай шай қасықпен сораптап ішпес еді, сонда да... сонда да, осы бір сайтан алғыр қылықта әдемілік бар.

— Шайдан какао жақсы ғой, мен какаоны ұнатам. Айтпақшы мен жақсы көретін конфетаны қайдан біліп әкелдің, Мәулен? Бұл менің тәттілердің ішіндегі дара бағалайтын-ным.

— Менің де...

— Рас па?

Мәулен қостай күліп басын изеді. Инеш сал таңырқап отырып қалды.

— Қандай қызық үңдестік! Жұрттың көбі шоколадты жақсы көреді. Жоқ, түсінбейді олар. Ирісті айт.

Какао ішіп болған соң, Мәулен оған балмұздақ жеуді ұсынды. Инеш қолына кішкене ағаш қалақшаны алды. Өлгі бір нәзік қимылмен шынашағын тік ұстап балмұздақтың шетінен іліп алды да, аузына жақындата берген қалпы күліп жіберді. Инештің бар табиғи кейпін Мәулен осы шақта ғана байқады. Тіпті қыз кескіні бұрынғысынан өзгере де қоймаған. Сондағы бір балалық қалпы. Жалғыз-ақ балаға тән бет еті енді таралып, ашаңдап кеткен. Кішкене мұрны бұрынғы тұзу қалпымен созылып, көтеріле, қырлана бастаған. Бет ұшындағы қара мені енді мүлде айқын, көз қарашығындай мөлдір қара нокатқа айналған. «Өсіп, сұлуланып кеткен. Онда мүлде бала еді»,— деп түйді ол өз ойын.

— Көшіре көр, күлмөске болатын емес. Бұл мороженое да менің ұнататыным. Мүмкін, сенуден де қалған боларсың. Рас айтамын... сене көр. Пломбир ғой бұл. Тәтті мороженое. Біздің университетте тым жақсы бір доцент бар. Белгігулов Майқан. Ой, жақсы кісі! Кішіпейіл-ақ. Кейде өзімен ойнап, мазақтап та қояды. Сондай бір шағында лотосқа алып келіп, «бұраңбелге қалай қараушы едің?»— дейді. Ал мен болсам, түсіне алмай қалдым.

— Бұраңбелге қалай қарағаны қалай, Майқан аға?— «Бұраңбел» деп бұрып айтып тұрғаны бір осы пломбир екен. Күлдік-ау. Содан бері біз мұны «бұраңбел» дейміз.— Өзі кішкене ағаш қасықшамен жаңағы «бұраңбелді» ынталана алып жеп отыр. Балаша сықылықтап, жіңішке үнін мол шығара күлді.

Қыз жүдесулігі Мәуленге тағы да айқын көрінді.

— Ауырып қалған жоқсың ба өзің? Неге осынша жүдеу-сің?— деп сұрады.

— Ауырғанда қандай, Мәулен! Тіпті өліп қала жазда-дым, — деп Инеш мұная сөйледі.— Гүлшат болмағанда расында да... Ой бұла! Мәулен, сен Гүлшатты білмейсің

ғой. Гүлшат мені ажалдан арашалап қалды ғой. Күн ыстық болатын. Қарасам, бір жылан тура маған тап берді. Содан соң не болғанымды білмеймін. Кейін естідім, маған жеткізбей Гүлшат ұстап алыпты. Ой, ол болмағанда мен далада қалатын едім.— Инеш сәл езу тартты,— онда ғой: «Инеш қай төбеге қойылып еді?»— деп келіп, мына Бадамның бойын іздеп жүресіңдер. Келесің ғой мені іздеп, Мәулен?

Мәулен жауап бермеді. Есіне Инештің ағасы Сабыр түсті. Сабыр! Сабыр десе, Сабыр еді-ау. Ол үш класс жоғары оқып еді. Сонда да, Мәулен екеуі ажырамас дос еді.

Сабыр он жылдықты 1938 жылы үздік бітірді. Содан кейінгі үш жылда Ленинград университетінің философия факультетін төтенше бітіріп, соның аспирантурасында қалған болатын. Бірақ, 1941 жылдың күзінде Алматыда құрылып жатқан ұлт дивизиясына сұранып келген. Мәулен де осы дивизияда еді. Достар қайта табысқан-ды. Инеш пен оның шешесі бұларға жиі келіп тұратын. Әсіресе майданға аттанатын күнгі көрініс Мәуленнің бүгінгідей есінде.

Вокзал басы еді. Ауа райы көбінесе тымық болатын осы Алматы өлкесінде қара суық дауыл көтеріліп, қара жердің топырағын суырып тұрды. Бұларды аттандырып салуға қаланың бар халқы көтеріле келген. Вокзал төңірегін тірі жанның толқыны басты. Солардың ішінен Сабырдың да, Мәуленнің де іздейтіні — Инеш пен Мәдине. «Хабарланбай қалды ма?»— деп те олар күдік алған. Ақыры әскери эшелон батысқа, майданға қарай жылжи берген... Сол кезде... бір кішкене жас қыз алға жүгіре шықты да; «Бағым» деп Сабырдың мойнына келіп орала кетіп еді... Желкөсінен шорт қырыққан қысқа шашын жел серпіп, желпілдете берген-ді. Бұлар тілге келе алмады. Сабыр қарындасын бір-скі рет құшырлана сүйіп, құшағынан босатты да, вагонның баспалдағына келіп асылды. Көзіне іркіп жас алды.

— Мәйнам ауырып қалды, келе алмайды,— деп еді Инеш өксігін баса алмай.

— Қош бол,— деді Сабыр қарлыққан даусыммен,— қош бол, Инешжан. Мен үшін Мәйнамның бетінен сүй, сәлем айт.

Инеш жүгірген қалпымен перронның бітер жеріне келіп тоқтады. Көмсіінде күйдіре түйіліп тұрған бір кесекті жазып жіберіп еді, жас болып төгіліп кеткен. Осы бір ыстық қалыпта тұрып кішкене ақ орамалын жоғары көтеріп бұлғай бастаған. Эшелонда кетіп бара жатқан барлық солдаттар да қолдарын көтерісіп, Инешпен қош дескен-ді. Сол бір сәтте қайрат пен оттың керемет қыспағында тұрған Мәулен

жүрегіне Инеш көтерген ақ орамал өз бейнесін өтпен күйдіріп басып қалдырған еді.

Мәулен мен Сабыр екеуі жылға жуық бірге болды. Солдат өмірінің қуанышын да, күйінішін де бірге көрді. Дұшпанға алғашқы күшті соққы болған Қызыл Армияның Москва түбіндегі ұрыстарына қатысты. Инештің хаттары да ұрыс даласына жиі келіп тұрды. Ол бірінші хатында Мәуленнен кешірім сұрапты. Аңадай ауыр минутта онымен қоштаса алмағанын өзіне кіне санайды. «Менің ақыл-ой, сезімім Сабырдан аса алмай қалыпты»,— дейді. Содан кейінгі бір хабарында университетке түскенін жазады. Оның хаттары осылай келе берген-ді. Бірде қалаға көктем келгенін, демалыста тауға шығып қызғалдақ алып оралғанын айтады. Емтихандарды ойдағыдай тапсырғанын баяндайды.

Екінші жылдың басында өзінің Сталиндік стипендияға ұсынылғанын жазып, алінде ғана есіне түсіріп отырған Белгіұлов Майқанды айтады. Кейінгі бір хатында Мәйнасының аурулығын, Сабырды есіне жиі алып, жылай беретінін де жазып еді. Ал мына бір хаты мүлде басқаша... «Мезгіл жетсе де күн әлі жылына қойған жоқ. Тау жақтан келер ызғар бар. Мұндай қыс бұрын болмаса керек. Бізді жаңа салынып жатқан гидроэлектростанцияға апарды. Үш күн болдық. Ой, шаршадым, Баға. Суық тиіп қалса керек, денем қызады. Сонда да босатпады. «Соғыс уақыты, тезу керек!» Бұл — ұран. Міне, бүгін ғана келіп отырмын. Мәйнам сағынып қапты. Сені, әсіресе көп ойлайды. Энергияның жетімсіздігінен трамвай да жүрмейді».

1942 жылдың қысында Мәулен ауыр жараланып госпитальға кетті. Сабыр сол бөлімде қалған. Содан кейін ол Инештен де, Сабырдан да жылдар бойы ажырасып қалды. Кейін 1945 жылы Одерден әрі өткенде таныс бір жолдасына кездесіп, одан Сабырдың Минск үшін ұрыста қаза тапқанын естіді.

Міне, енді сол туралы сұрай алмады. Ал Инеш болса, Сабырды еске түсірердей мейгеу жасамалы. Өзі жайлы орында бері қарап бір қырын дем алып жатыр. Жол киімдерін шешкен. Күнге күйіп күреңіткен бетінен білегі мен иығы айқын көрініп ақ тартады. Сол иығы түстес ақ жібек кеудешесі дем алған сайын болмашы ғана көтеріле дірілдейді. Қоңыр леп ойнатқан көк жапырақтың қыбырлағаны тәрізді бір тартымдылықпен адам жанына сезім дірілін әкеліп көтеріле түседі, дірілдей түседі.

Бірде Инеш жоғары полқаға қарап еді, терең ойдың өзіндей қимылсыз қалған Мәуленнің ауыр кескінін көрді.

Кенет сол қияпатты келбеттің астында Сабыр тұрғандай болып кетті оған. Қыз жүрегі тітірсей қалды. Өз әлсіздігін сезінген Инеш бар күйініш-қайғысын Мәйнасына бағыштап, Сабыр жайлы әңгіменің басталмағанын тілеп еді. Мәулен қазір сол Сабырды ойлап жатқандай көрінді оған. Сол бір ауыр жайдан оны құтқарып алмаққа ой салған Инеш, алғінде жастығының астына тығып қойған Гейненің өлеңдер жинағын қолына алды да:

— Неміс тілін үйренген боларсың, Мәулен?— деп әңгіме тақырыбын мүлде алысқа тартты. Күтпегені де осы арадан тап болды.

— Жоқ, менен Сабыр жақсы білуші еді,— деп жауап берді Мәулен.

Инештің күн қаққан жүзіне кірбес жүгірс қалды. Сонда да ол өзін ұстай сөйлесуге тырысты.

— Ол...ол университетте оқыды ғой. Иа, үйреніп те қалған еді.

— Сұрама... соншама қысқа өмірінде соншалықты білім алған!.. Ақыл-ой ше? Ой, сұрама...— Мәулен жоғарыда тұрған былғары чмоданды ашты да, ақ қағазбен тәптіштеп оралған бір затты қолына алды. Көп қарап үнсіз отырып, Инешке ұсынды. Сабыр мен Мәулен құшақтасып, күлісіп отыр. Инеш сң әуелі суретке тосырқай қарап, сәл тұрып қалды. Сонан кейін кеудесіне басты.

— Бағым, Бағым!

Оның көз жанарында ыстық жас сәл мөлтілдеп тұрды да, сынапша домалап кетті.

Бұл көрініс бір ғана қабақ қағысқа созылды. Инеш қалтасынан аспан түстес қол орамалын алып көзіне таяй берді де, теріс айналды. Төссігіне барды, сырты қара дермантинмен тысталған жаңағы кітапты қолына алды. Бет алпсті бірте-бірте өзгерсе берді. Жаңағы ыстық жастың ізі суып та үлгіргендей... Мәулен әлі көріп-білмеген бір қалыпқа түсті.

Инештің бұл ісіне қарай қалған Мәулен «енсидей кітап екен?»— деп ақырын ғана үңіле сңксейіп еді, алыстан ажырата алмады. Жалғыз-ақ бір өлсннің тақырыбына көзі зорға жетті: «Schlaf und Leben». Шлаф унд лобен, ә? Түс... және лобен... лобен — өмір болуға керек. «Түс және өмір». Немісше ғой бұл.

Купе ішінде тыныштық орнады. Көңілсіздік пен тыныштық үлкен қара қанаттарын жай, баяу сермеп, ағыны қатты позбсен жарысып, бұлар отырған купені басып тұншықтырып тұрғандай болды...

Алматының бірінші станциясы оған ұнамайтын еді. Көшелері қысқық, үйлері сәнсіз. Сыртын сары бояумен сылаған бір қабат аласа ғана вокзал тасқын судың жолына ұстаған жеңіл-желпі бөгесудей ғана. Мыңдаған адам қалаға келіп, соншасы аттанып жатады. Сол толқынға — адам толқынына лайық сияқты емес. Бұл жылдары нелер ұлы өзгерістер болса да, станция сол баяғы қалпында қалған.

Мәуленнің осы ойын Инеш алдын ала сезгендей, өз қаласын арашалай сөйледі:

— Қалалар тарихына қарасаң, ғасырлап өседі. Ал біздің елдің қалалары айлап, жылдап өсіп жатыр. Бұл — факті. Алматының келешегі зор. Жаманның бәрі сырылып, сәндік пен сұлулыққа жол беріп келеді ғой. — Ол қалта қарап тұрып қалды. — Айтпақшы, жолда үйге телеграмма беріп ем ғой. Папам жұмыстан босай алмайтын шығар, ал Мәйнам қарсы алуға тиіс, былай жүрейік.

Бұлар машина тоқтайтын алаңға жақындай бергенде, шетірек тұрған «Москвич» машинасынан толық денесі бір қарт аял шықты.

— Инешім, қарағым!

Инеш Мәуленнен оза жүгірген қалпында шешесіне барып асыла түсті. Оның талдырмаш кішкене денесі үлкен киімге оралғандай, кең құшаққа кіріп, жоқ болды.

— Мезгілсіз телеграмма бергеніңе үрпісіп қалдық. Амансың ба өзің? Түу, жүдеп қалыпсың. Ашық аспанның асты қоя ма, күн жеп қойыпты ғой өзіңді.

— Мәйнс, шаршадым, — деп Инеш еркелей сөйледі. — Осы жолғы практика... сәтсіз болды. Аз күн ауырып та тұрдым. Кейінгі практика жұмысын қалдырып кеттім.

— Дұрыс болған тез оралғаның. Сағынып отырмыз, — деп шеше де Инеш еркелігіне орай құптай сөйлесді.

— Папам қайда?

— Папаның өмірде қолы тиіс ме, келе алмады. «Акадсмия» деп жүргені ылғи.

— Мәйна, өсімнен адасқандай болыппын ғой, баланды әкеле жатырмын.

Мәдине кеңест бұрылды. Қызымен ғана болып, Мәуленді аңдамай қалғанын айыпқа бағып, үлкен денесін шапшаң қозғап Мәуленге келді. Қатты қысып, құшақтап, бетінсін сүйді де:

— Амансың ба, қарағым? Қайдан тап бола қойдың? — деп булығы солқылдап жылап жіберді. — Телеграмманды алғанбыз. Қуанып та, күйініп те отырмын, — деді.

Жылылықпен әлсін-әлі Мәуленге қарайды. Балам деп, Сабырым деп қарағандай.

Аздан соң ентіге басып тапал, қара мұртты біреу келді.

— Жаным-ау, мен сені әлі күнге перроннан іздеп жүргенмін ғой...

— Ештеңе етпес,— деп Инеш жұрттан бұрын машина руліне отырды.

— Ілгерілі кейінді ағылып жатқан машина, қақтықтырып аларсың, жаным,— деген шеше ескертуін естімегендей.

Мәулен артқы қатарға Мәдиненің қасына отырды. Кішкене машина әуелі жай ғана қозғалды да, әп-сәтте тасты жолдың шаңдағын үйіріп суырыла жөнелді.

Мәулен соңғы күннің ішінде Инештің талай өнерін көрді. Ойша санай бастады. «Шет тілін біледі, машина жүргізе біледі... біледі... біледі... Би?.. Әрине, биді өте жақсы билеуге тиіс. Өсіп кеткен. Тұрған бойы талант. Сабырға тартқан да қойған. Талант қайнар бұлақ сияқты ғой. Көзін ашсаң, тасып шыға береді».

Мәулен аса бір ұшқыр сезімталдықпен әлденеге қуанып отырды. Енді оның қалаға деген пікірі де бұрынғы дағдысынша өзгере бастады. Асфальтті жол соңғы шлагбаумды кесіп өткен соң оңға бұрылды. Оң жағы қою орман болып кетті. Жолдың сол жақ қапталы біркелкі, бір қатар бойшаң ағаштар. Сарғыш тартқан жапырақтарын болар-болмас жел қағып, сыбдырлатады. Жас баланың үілдегені сияқты құлаққа жағымды, әсерлі, сырлы сыбдыр.

Мәдине шалқайыңқырап отыр. Бұл жылдарда көп өзгеріп қартайып қалғанға ұқсайды. Мандай әжімдері қалыңдап, бұрынғы қара бурыл шашы снді күмістей ақ тартып кеткен. Баяғыдай сәнді причёскасы да жоқ. Шашын жай ғана екі айырып, артына түйіс салыпты. Үнемі күлімдеп тұратын көзінсін нұр да тайған. Жол бойы сол отырған қалпы, тіс жарып ештеңе деген де жоқ. Сабырмен қалай ажырасқанын да сұрамады. Айрықша қапалық басқан кескіні де көрінбейді. Ауыр жұмыстан кейін жай ғана дем алып отырған адамға ұқсайды.

Машина Абай бульварымен жоғары өрлеп келді де, айналасы алма ағаштарымен көмкерілген сәнді, кішігірім үйдің алдына тоқтай қалды.

Зенгір сырмен сырланған үлкен терезелерден көк жібек мұхарамалар көрінеді. Алдында әдемі тай тұяғы бар үлкен есік қара былғарымен қапталыпты. Сол қолда ауланың ішіне қарай жеміс ағаштары қоюлана, сұғына созыла түсіпті. Қызарып көрінген алма ағаштарының бұтақтары соншама зор салмақты көтере алмай, шашырай иіліп кеткен.

Оң қолда, ортасында арасы алшақ аллеяға айналып кететін асфальтті көше. Селдірей бастаған жапырақтар арасынан сығалаған күн көзі найзаша сұғына түсіп, көше бойын жолбарыс терісіндей шұбар ала теңбілдендіріп жіберген. Ағаш бастары әлсіз желмен болар-болмас шайқақтаған сайын, сол теңбілдер қозғала тоқып, бір сәтте сан құбылады.

Осы бульвардың көлденең көше кесіп өтер басында биік постаментте ақпен сыланған бір кішкене баланың сымбаты тұр. Бұйра шашты, толық өңді бала мойнын соза төнген аққуға қолындағы құмырасынан жем шашып, өзі сескеніңкірей бұрылып, буыны қатқан адамдардың ешбірі де қайталай алмас, тек сәбитке ғана тән, жүрекке ұялар, соңшалықты нәзік қимыл жасай бере тұрып қалған.

Кейінгі жылдарда ғана орнатылған осы бір нәзік сымбатқа Мәулен ұзақ қарап әсерленіп қалды.

— Түс, Мәулен, баяғы үй,— деді Инеш Мәуленге қарап.

— Рақмет, жатақханаға барып орналасып алайын. Кейінірек келермін.

— Оның не, шырағым?— деді үнсіз отырған Мәдине.— Жатсынғаның ба? Үйге жүр. Осында бол. Сабыр болса мынадай... Дағарадай бес-алты бөлмелі үйде үш-ақ басыз. Үндемегенім ұнатпағаным емес, сені көріп Сабыржаным есіме түсіп көңлім бұзылып келді.

— Жата-жастана келермін. Жатсынбасып мен де.

Жаңағы сөзді жеткілікті деп санаған Мәдине қайталап сөз қатқан жоқ. Бау басып, үйге қарай жүрді.

Өтіну пішінімен машина терезесінен үңіліп тұрған Инеш:

— Түспесең болмайды, Мәйнам да, папам да, Бағымның рухы да, мен де разы болмаспыз. Әсіресе папам ренжір.

— Университетте орын жоқ деген сөз бар ғой. Ең алдымен орналасып алайын. Сонан соң... келем ғой.

— Орын болмаса, Майқан аға бар... барып айтсақ көмектеседі...— Содан соң Мәулен сенбей тұр ма дегендей, — ол сондай адам, жақсы адам,— деп тағы да қайталап қойды.

— Дегенмен... жолдың өзі... шаршатып тастапты... киім-кешегімді ауыстырып келсем...

Инеш аз тұрып, алдыңғы жактан әлденені бүктеуді қалпында алды да, жүрек қытықтарлық әсем бір қимыл жасап бақ ішіне қарай жүгіре жөнелді. Мәулен зейін сала бақылап отыр. Қыз барып баққа апаратын қақпаны еркін ашып кірді де, кісі бойындай тақтай дуалдың ар жағына түсіп жоқ болды. Кешікпей-ақ оның сүйріктей салалы сау-сақтары бір-екі рет дуалдан жоғары көтеріліп, алма ағаштарының жапырағына сүңгіп шықты. Сәл алқынған Инеш жүгірген қалпымен машинаға қайта келіп отырды. Қолындағы көк жібек сәтқаға сықай салынған қызыл алмаларды Мәуленге ұсынды.

— Мынау, өзін білесің, Бағымның өсірген алмалары еді. Ленинградтан дсмалысқа келген бір-скі айында осыны күтестін, су құятын, алма құрттарын өлтіретін. Күн ұзын әйтеуір осы бактың ішінде болатын. Мен оны сол себепті Бағым деп атап кетіппін ғой. Біздерден Бағымның мінсз-құлқы, психологиясы мүлде өзгеше еді. «Қайда жүріп өстің?»— деп Мәйнам кейіп те алатын. Бейнетке жаны күмар еді өзінің. Мәйнам кейде осынысын ұнатпайтын. Бағымның сол бейнетінің жемісі бұл.

Маулен ешбір қымсынусыз-ақ алманың бірсуін алып жей бастады.

— Қала көркін байқап отырған шығарсың?— деді Инеш көлденең көшеге бұрыла бергенде.— Көзқарасың өзгерген шығар, ә?

— Өзгерді, мүлдем өзгерді. Жылы тартып барады. Баяғысынан да қала мол өзгеріпті.

Инеш сақылдап күлді.

— Ой, қаншама жаңа үйлер салынды сонғы үш-төрт айда! Мына қызықты қара, Мәулен!— деп Инеш оң қолдағы сырты ұлттық ою-өрнек, зсрлермен алсміштенілген, жарқын бояулы жаңа салынған әдсмі үйге Мәулен ықласын аударды.— Вывескасын қара, кітап магазині! Ал мен кеткенде ше?... Бұл үйдің орнында ештеңе де, топырақтан басқа ештеңе де жоқ болатын.

Мәулен де енді өзі жоқ мезгілде қала өмірінде көп жаңалықтар болғанын аңғарып келсді. Орталық почта үйінің қарсысында 1940 жылдарда ұсқынсыз жер кепелер сөмпііп тұрушы еді. Енді солардың қарасыны құрып, кең аумақ тамаша гүл алаңына айналып кеткесы. Ақырын жылжыған машина терзесінен қараған Мәуленге аллсйқалар жиі алмасып, газондарға отырғызылған түрлі-түрлі гүлдер көрінесді. Гүл алаңының Киров көшесі жақ басындағы газондар арасына жиі-жиі орнатылған фонтандардан толассыз су атқыды. Күнге шағылыса қалған жалғыз сәтінде күміс бағана ескіледініп кетсді де, қайқайып келіп жерге шашырай түссді. Екі жағы таспен қаланып бекітілген арыққа келіп қосылып, балаша былдырлап өлеңін айтып төменгі беткейге кетіп жатыр.

Инеш Мәуленді университет жатақханасына әкеп түсірді.

— Тезірек орналасып, бізге келуге асық. Күтеміз. Ал орын жоқ болса, онда... Майқан Велігіұлович бар десім ғой. Түсіндің ғой өзің де. Хабарласамыз ғой, жақсы.

Кішкене көк машина баладай сергек бұрылып, келген ізімен кейін қайтты. Салалы саусақтарымен машина рулін

ұстап бара жатқан ашаң өңді, кескінді, кішкене қызды
Мәулен ойша көз алдына әкеп, ерекше бір сұқлатпен қарап
қалды.

5

Чемоданын көтеріп Мәулен жатақханаға кірді. Үш қабат
үйдің вестибюлі барынша таза жиналған. Көк, сарысы аралас
шаршы тастардан жасалған мозаика еден биік терезелерден
мол түскен күн сәулесімен шағылысып жалтырайды.
Жоғарыға көтерілген көк решеткелі, қызыл еменмен
қанатталған басқышқа жіңішке сәуле жолшық тартып, әрбір
буының алқымынан сым темірмен бастырып тастаған. Сол
жақ қабырғада кісі бойы қол ұсыным шар айна, көзге
жылы, сүйкімді осы көріністі қайталап, тағы бір жасаулы
зал ашқан. Айна алдындағы ақ кестемен қиықшалай жа-
былған аласа қызыл тумбочка үстінде тұрған автомат-те-
лефонды біреу айналдырып, өзіне керек номерді
жинастырып жатыр.

Мұндай телефонды Мәулен ең алғаш Москвада ғана
көрген еді: «Жақсы болды, телефонисткамен енді ешкім де
ұрыспас» — деп ойлады.

Жапсарына өрнек жүргізілген майлы көк бояулы оң
қабырғадағы үлкен кара сағат күмбір-күмбір қоңырауын
соғып, вестибюльді жаңғыртып әкетті.

Қарсы беттегі кара диванда скеу отыр. Үстінде «спортшы»
деп аталатын көнетоз костюм киген жас жігіт барынша зор
дауыспен қасындағы сәнді киінген біреуге қарап сөйлеп
жатыр.

Мәулен соларға беттеді.

— Оқуға келген едім, орналасудың жөнін айтып
жіберсеңіздер!

Көнетоз костюм киген жігіт асығыс сөйлеп, бірден «сенге»
көшті.

— Госпитальдан шыққан солдатсың ғой, тегі? Сынайың
соны айтады. Дем алу, сабаққа дұрысырақ дайындалу керек
қой, жүде. — Осыдан соң ол ромбыға ұқсастау қушық
шекелі, сүйекті жалпақ бетті, сүйір иекті безеулі кескінін
көнет өзгертіп қарқылдап күлді. — Ойнап айтам, достым,
дұрыс істегенсің, жүде... — Ол Мәуленнің келіп арқасынан
қақты. — Ал сенді орналасу керек қой? Жақсы... комендантқа
барайық. Абитуриснттерге деп дайындалған орындар, әрине,
үшінші корпус. Дегенмен, бірдеме стерміз, — деп ана
жігітке бір қарап алды да, чемоданды қолына ұстап,
Мәуленді жоғарыға қарай жетелсей жөнелді.

Қара костюмді жігіт ештеңе деп тіс жарған жоқ. Отырған қалпы, қозғалмастан қалды. Мәулен ішінен ұнатпай келеді. Ол осы өзін жетелеп келе жатқан жігітке де онша елп ете қойған жоқ. Ұшқалақтау ма, қалай. Көскіні де қызық екен өзінің, «геометриялық мына бір әдемі фигураның қолайсыз жерде тұрғаны-ай» деп ойлады Мәулен. Бұлар екінші қабаттағы шеткі бөлменің алдына келіп есік қақты. Көпке дейін іштен ешбір дыбыс бола қоймады. Мәулен әлденеге тықыршып асыққан адамша, екі қолын артына ұстап әрлі-берлі жүре бастады.

— Қайта қағып мазалауға...— деп кілт тоқтады көнетоз костюм киген жігіт. Мәуленнің көңлін аулағандай болып, «болмайдыны» бет-бейнесін тыжиру арқылы түсіндірді,— Анна Григорьевнаға, жүде, подход керек. Ренжіп қалатыны бар. Сондай бір шамшылдығы болмаса, өз ісіне, жүде, п-ал-е бір. Көрмейсің бе? Коридорға дейін, жүде!.. Сол сәтте есік ішке қарай шегініп кетті. Мандайшаға ұсталған жұқа ала мұхарама қысқа етженді ақ саусақтармен жар-тылай қайырылды да, ар жағынан ақ сары толық бетті бір әйелдің басы көрінді. Жүзінде бейсауат келгендерге аңғартар ұнатпағандық бар.

— Ә, Жолтай Мұздарапов, сен екенсің ғой?!

Көнетоз костюм киген жігіт кешірім сұрағандай, қолын төсіне ұстап төмсін иілді.

— Апыр-ай, Анна Григорьевна-ай, сенің қабағың-ай осы, түйілсе-ақ болғаны, менің, жүде, зәрс-құтым қалмайды. Кішкене күлші, көңілденші!

— Қалай күлерсің. Басымды қатырды бүгін біреулер. Қойкалардың сеткасы жаман дей ме, бөлмеге неге айна ілінбеген дей ме, әйтеуір мазалап берді бір. Адам деген білім алған сайын кішіпейілдене беруші еді. Ал бұлардікі керісінше... Жоқ айнаны қайдан тап дәмекші?— Анна Григорьевна сөйлесі-сөйлесі бері көріне бастады. Айыпты мына жігіттей-ақ, соған тікс қарап тепсініп тұр.— Қойканың сеткасы жаман болса да мен кінәлімін, ә? Оған көне қоймас Григорьевнаң. Менің міндетім — бар нәрсені ұқсату. Жоқты ана ректорға барып айтыңдар. Барындар!— Ол шегініп ішке кірді. Есікті жабуға оңтайланып еді, көнетоз костюм киген жігіт табалдырыққа аяғын ұстап комсндант әйелге жақындады.

— Анна Григорьевна... Айыпты біз емес қой, Анна Григорьевна... Бізге әзірше сеткасы жоқ койка да жарайды... Мына жігіт әскерден... байқайсың ба? Мен болсам өзіңс аян. Олар кім өздері? Айтып жіберші, жүде? Ертес комсомол комитетінде өздерін... тәртіпке шақырттырайын.— Ол

костюмі түстес жалпақ галстугі алқымын толтырып тұр. Ол ақырын басып, екі қолын артына ұстап келеді. Кеңет қолын сілкіңкірей көтеріп, сағатына қарады. Оның осы қылықтары теріс ниетте кеткен Мәуленге ұнамай жатыр. Көзін аудармай қарап, ізін бағуда. «Қайтер екен, хатшылығын осы жерде де көрсетіп қалатын болар?»— дегендей.

Дайыров буфетке беттеді. Сатушымен, кезек күткендермен ықылас білдіре амаңдасып, кімнің соңы екенін сұрап білді. Сөйтті де, әлі де кезегі келмейтін болған соң, артына ұстап келген бір қалың кітапты ортасынан аударып ашып оқи бастады.

Хатшының бұл мінез-құлқы оны таң қалдырды. Мәулен ертеңгі тамақты орталай берген кезде ғана Дайыровтың кезегі жетті. Ол алғі бір орнықты жүрісімен бері беттеді. Орын ыңғайын бағдарлап, сал көз жанарын төңкерді де, осы столға келді. Мәулен амаңдаса қойған жоқ. Оның да елемеген түрі бар, бетін ас үй жаққа беріп отыр. Өлгіңдей болмады, хатшыға да тамақ келіп жетті. Сарғая піскен құймақты кесегімен бірер тістеп, стакандағы қою қаймақтан ұрттап алды.

— Бүгінгі тамақ дәмді екен,— деді де, өз сөзіне қостау іздеген адамша Мәуленге бұрылды. Тұңғыш рет тіктеп қарады.

Ойламаған жерден Мәулен оған сөз ұшын тигізе сөйледі.

— Арнап пісірілген тамақ келген болар сізге.

Дайыров сол қарап отырған қалпы, баяу барып күлімсіреді.

— Арнаулы тамақ дайындатар мені кім деп қалып едің?

— Университет басшыларының бірі емеспісіз?

Дайыров таңырқай қарады. Жүзінен күлкі ізі жоғалып кетті.

— Жок, достым, мен де өзіңдей студентпін.

— Ал мен студент те емеспін ендеше,— деп Мәулен қатқылдау сөйледі.

— Болмасаң боларсың. Түсем деп келген жоқсың ба?

— Түсем дегеннің бәрі бірдей түсе берсе жақсы ғой.

Дайыров Мәуленнің бұлай қиямпұрыс сөйлеп, қыңыраы тартып отырғанына мән бермеген түр білдірді.

— «Талап тас жарады» деген бар емес пе. Ал жол соқтың болса, өзің білессің,— деп қайта күлді.

Мәулен жуасып қалды.

— Жол соқтым емес. Келіп тоқтаған жерім осы.

Дайыров қайыра сөз қатқан жоқ. Мәулен түрегелді. Ойламаған жерден Дайыров та тұрды. Мәуленнің қолын алды:

— Кешіккен екенмін деп қапа болма. Майданнан келгендер үшін жеңілдік бар. Документтеріңді ал да деканатқа тез бар. Қайсысына түсуші едің? Филфакқа? Өте жақсы. Ал егер әлде қалай бір қиындық болса... ну ладно, комсомол комитетіне соқсаңшы. Жалпы таныс болдық қой. Көмектесерміз.

Мәулен кенет қуанып кетті.

Осы кезде асханаға аласа бойлы, толық денелі біреу келді. Жалпақ шекелі маңдайы аздап Сократты елестетеді. Сирек қылтанақтап шыққан қысқа бұйра шашынан басының қызыл-күрең құйқасы айқын көрінеді. Жүрісі ширақ та, еркін. Көп көңілін өзіне бірден қаратқан осы бір адам Мәуленге соншалықты таныс сияқты. Қайда көріп еді? Мәулен қанша ойласа да есіне түсіре алмады. Осы бір шақта жаңағы адам буфетке беттеді. Дайыров оны сол сәтте ғана байқады.

— Ой, Викентий Викентьевич келіп қалыпты ғой.

— Викентий Викентьевич деген кім бұл,— деп сұрады Мәулен.

— Добровты білмейтін бе едің? Профессор Добров. Бізде партбюроның секретары.

Ойлап қараса, Мәулен Добровты мүлде білмейді екен. Әлгі бірде бұған соншалықты таныс адам сияқты болып көрінгеніне енді таңырқап қалды.

— Викентий Викентьевич тамақты үнемі студенттер асханасынан ішеді,— деді Дайыров.

Сол кезде Добров буфеттен талон алып бері беттеді. Анадайдан Дайыровты көріп, даңғырлай сөйлеп, тез басып келеді:

— Осының өзі дұрыс, Дайыров жолдас. Тамақты өзің алып ішуді айтам. Уақыт аз кетеді. Даяшы қыздарға да ренжімейсің.— Ол жақындап келді де Дайыровқа қол берді. Содан кейін түрегеп тұрған Мәуленге де қол беріп амандасты.

— Солдат. Студент болам деп келген солдат,— деп таныстырды Дайыров.

— О, өте дұрыс. Осы сендердей өмір кешіп келген жігіттер болса, университет абыройының жоғарылағаны деп біл. Ал неге отырмайсың өзін. Сен солдат болсаң да мен генерал емеспін, отыра қал,— деп Добров Мәуленге қарап күле сөйлесі.

— Жоқ, рақмет. Мен тамақтанып алып тұрмын.

— Ендеше жолыңнан қалма. Кейін танысармыз,— деп Добров кілт өзгерді. Мұнысы да сондай сыпайы, табиғи шықты. Әлдебір ақжарқындығын, ақкөңілдігін танытар қылық.

Мәулен асханадан көңілдене шықты.

Филология факультетінің деканаты бас корпуста болатын. Мәулен соған барды. Жіңішке, арық өңді, ұзын бойлы, шоқша сақал декан мұны биязы түрде жылы ұшырай қарсы алды. Документтерін тексере қарап: «Түсу емтиханына жіберілісін»— деп рұқсат етті.

Емтихан тапсыру оған өзі ойлағаннан әлдеқайда жеңілдірек те болды. Госпитальда жатқан күндерінде Мәулен үнемі уақыт бөліп дайындала бастаған-ды. Оныншы класта өткен пәндерді қайталап оқыды. Сонысы енді көп жеңілдік келтірді. Ол емтиханды он шақты күн ішінде қысылмай жүріп еркін тапсырды.

Жеңіс сағатынан кейінгі қуанышты бір кезең келгендей. Әр түсті жылтырауық текше тастармен қабатталған еденді кең коридормен жүріп келіп, бір аудиторияның алдына бұрылды. Іштен салмақты дауыс естіледі. Профессордың даусы. Кенет оның жүрегі дүрсілдеп кетті. Аяқ-қолы дірілдеді. Тіпті қызық, майданда да бұлай қалтырап көрген жоқ еді. Ол үзіліске дейін күтуге тиісті еді, бірақ шыдай алмады. Дір-дір еткен қолымен әрі биік, әрі ауыр көк есікті ақырын ашты. Лекция оқып тұрған өзіне таныс Сократ маңдайлы профессор екен. Бұл жаққа қарайтын түрі жоқ.

Мәулен рұқсат сұрап профессордың сөзін бөлуден гөрі, осылай үндемей-ақ кіре берудің «қылмысын» аз санап ақырын басып артқы столға беттеді.

6

Бүгін түстен кейін Инеш сондай бір қуанышты сезімде жүрді. Үй ішін де-өзі жинады. Базарға да өзі барып келді. Тағам дайындап жатқан шешесінің жанына барғыштады. Әлсін-әлі сағатқа қарады.

— Бол, Мәйна! Столды әзірле. Уақыт болып қалды,— деп асықтыра түсті. Содан кейін Академияға телефон соқты.

— Папа, бүгін үйде Мәулен болды!

Мәдине де қосарланып жатыр:

— Кешікпей кел, әй! Балаларды тастырып зарықтырма.

Бұл Мәуленнің осы үйге алғашқы келмегі еді. Анадағыдан кейін арада он бес күндей ауық өтті. Мәулен бұла келмей, хабарласпады. Инештің тынышы кетті. Күтуден жүріп. Бірақ алдында бейсауат тықыр естілсе де, ит үрсе де «Мәулен болар» деп жүгіре шығатын. Неге екені белгісіз, сүтқажы оянғанда да, ең алдымен, ойына Мәулен түсетін білген. Әсіресе кең кеудесін керіп белбеуін тартқаны мұның сияқты қалған. Жымыя күліп тұрғаны қандай жақсы. Күлгенде де.

ренжігенде де арасы қосылып кететін қалың қара қасы қандай әдемі! Көтеріңкі біткен үстіңгі ерні мен күлгенде көрінетін түп-түзу аппақ тістері ше?! Қандай ыстық келбет десеңші! Міне, бұл үйге сол сағындырған Мәулен келмек. Түске дейін басым ауырды деп төсекте жатқан Мәдине де тым көңілденіп кеткен. Қызының дегенін қылп еткізбей орындаумен жүр.

Инеш тағы да сағатқа қарады.

— Кәзір келіп қалады,— деп қойды. Кеңет телефон шылдырады. Қыз жүрегі шымыр ете қалды. «Мәулен болуға керек. Ал міне, шықтым дейді ғой». Инеш жүгіріп барды.

— Алло, алло... Ие, мен ғой, тындап тұрған...а? Кімнің пәтері? Жо-жоқ, қателесіп тұрсыз. Ондай адам жоқ мұнда...

Инеш қайтып Мәйнасының жанына келді.

— Бөтен біреу. Хайруллин дегенді сұрайды.

Енді бір уақытта ит үрді. Инештің жүрегі тағы дүрсілдеп кетті.

— Бар, Мәулен келіп қалған болар,— деді Мәдине.

Инеш есікке жүгірді. «Ешкім де жоқ»— деп қайтып келді. Көңісізденіп қалды. Кеңет Мәулен бүгін келмейтін сияқтанды. Мәйнасының қасында тұрған, артқы бір таянышы жоқ всналық күрең стулға келіп отырды.

— Мәйна, мына стулдың таянышын Сабыр ағам мен Мәулен екеуі алысамыз деп шығарып жібергені есінде ме?

— Есімде, жаным. Екеуінің сені «Мұрның қисық, көзің қыли» деп мазақтап жылата беретіні де есімде.

Инеш күлді. Ие, Мәулен мұны мазақтай беретін. Инеш болса жылайтын. Мәйнасына барып шағынатын. Мәйнасы бұларға келіп ұрысқан болатын. Сабыр мен Мәулен үндемей қалушы еді сонда. Содан кейін Инешті жетелеп Мәдине шығып бара жатқанда, екеуі шықылықтап күлуші еді. Инеш одан жаман жылайтын. Шіркін, ол да бір қызық кез-ау! Ұят-ай. Сонда Инеш неге жылады екен десеңші! Инеш үнсіз отырып қалды. Сол бір жақсы күндерін есіне алды ма әлде қайтты, Мәдине де терезеден сары жапырағы теңселсе сыбырлап тұрған алма ағашына қарап үнсіз ұзақ отырды. Мүмкін Мәулен келетін болған соң, Сабырын ойлаған болар. Папасы да жұмыстан келмей жатыр. Көп бөлмелі үлкен үйде екі-ақ жан. Табыттай тыныштық басып тұр. Сирек қағысқан қысқа сөзді де, оқшау шыққан аяқ дыбысын да, элэктр плиткасы үстінде шыжылдап жатқан жұмыртқа дыбысын да сол бір тыныштық жұтып алып жатыр. Инеш өзін тым қолайсыз сезінді. Түртелді. Ас ішетін бөлмеге барды. Айнала кілем. Бейуақытта бәрі де сұрғылт тартып

түнеріп қалған. Өлденені күткен, әлденені арман етке алабұртқан көңілге дауа болар да, тоқтау болар да ештеңе жоқ. Кенет ол белгісіз бір алысқа, адам аяғы баспаған би сырлы дүниеге кетіп қалғысы келді. Өз бөлмесіне барды. Мұнда да жадағы бір күңгірт тыныштық қарсы алды. Бір түкпірде қарауытып үлкен бірдеме тұр. Инеш шам жақты. Е, бұл пианино екен ғой. Инеш соның алдына барды да, клавиш бойымен саусақтарын жүгіртіп өтті. Ең жоғарғы жіңішке дыбыс жалғыз сәтте өз сатыларымен жуандай өзгеріп барып, ақыр соңында ұзақ тұрып қалды.

Инеш отыра қалды да, ойланбай-ақ музыка классиктерінің бірінен әлдебір соватаның ең бір қиын бөлімі — сонаталық аллегроны ойнай жөнелді. Үй ішінде толқынды музыка үні қалқыды. Инеш ойвай берді. Өлден уақытта Мәдиненің даусы естілді.

— Ау, Инешжан, сағат жеті болды. Алтыда келем деген Мәулен әлі жоқ. Тегі, бүгін де келмейін дегені ғой?

Инеш үндемеді. Түртелді. Кенет басы ауырды.

— Мәйна, мына қара, басым айналып кетті,— деді Инеш.

Мәдине үрейленіп қалды.

— Жата тұршы, қарашығым. Әнеуіден бір онала алмай-ақ қойдың ғой. Кітапқа аз қара десем, боласың ба, тесілесің де отырасың. Жатшы, жата тұршы.

Инеш төсегіне келіп жатты да көзін жұмды. Мәдине қасына келіп отырды.

— Жамандыққа жетелемегей де, жүрегі құрғыр неге қобалжиды? — Ана көзіне жас келіп қалды. Иегі кемсеңдеді. Қорқынышты бір жаман сезім тұла бойын шіміркендіріп жіберді.

Осы бір үрей Мәдинені Сабыр өлгеннен кейін келіп тапты. Инештен де бір күні айырылып қалатын сияқты болады да тұрады. Қызы «басым ауырды» десе, Мәдинеге оның қаны азайып кеткен сияқтанады. «Көзімнің түбі суырды» десе, жанары суалып келе жатқандай. Жатса-тұрса да, шыбындай жаны жалғыз Инештің үстінде әйтеуір. Қабатна кірбің алмасын, ренжімесін, еркін, қуанышта өссін дейді. Жастайынан жұмыс басты болмасын, басылып қалмасын деп ойлайды. Инеш «комсомолға өтем» — дегенде Мәдиненің қарсы болғаны да қызына деген осы бір таза тілеуден туған еді.

Бұл ертерек жылдардың бірі еді. Қызының мектепте оқып жүрген кезі болатын.

Бір күні Инеш үйге балалық, бейғам көңілмен қуана кірді. Кит терісінен жасалған кішкене портфелінен

кішкентай ғана жаңа кітапшаны аптығып суырып, шешесіне көрсетіп еді.

— Бұл нендей кітап?— деп көңілдене, құмарта сұрады бала қуанышына ыңғайластық білдірген Мәдине.

— Бұл... бұл ма?... Мәйна, бұл... бұл — устав, комсомол уставы. Біздер істейтін істің бәрі осында жазылған. Бүгін мені комсомол ұйымы шақырып алды, Мәйна! Сенің жасың он беске толды, комсомолға өт дейді. Мына уставты оқы дейді.

— Сен не дедің?— деп Мәдине кенет құбылып, сыздана сұрады.

Шеше құлқын андай қалған бала қаймыға берді.

— Мен... мен бе? Мен... сонан соң айтам...

Ана қызын қасына отырғызды да, әлдебір салқын жұмсақтықпен:

— Сабыр енді ғой комсомолға. Жетеді бір үйден бір комсомол,— деп Инешке тойтарыс беріп тастады. Баласына өз сөзін мақұлдаттыру Мәдинеге онша көп қиындыққа да түспеді. Үйде оқудан басқаға бұрылмай тік өскен Инеш өз мектебінің сабақтан тыс өміріне қатыса да бермейтін.

Солай шеттеу қалып, бар қабілетін тек сабаққа ғана жұмсап жүретін кішкене қызды енді комсомол комитеті жиі-жиі шақырғыштап, жиі-жиі тапсырмалар беріп, орындалу барысын жиі-жиі тақақтата сұрап мазалай бастады. Содан мезі болып кеткен Инеш шеше сөзін дұрысқа санап, комсомолға өту райынан өзгеріп те қалып еді.

Комсомол комитеті сол өзгерістердің себептерін ашпақ болған. Мұнымен бірге оқитын комсомол мүшелеріне тапсырмалар да берілді. Олар да Инешті үгіттеп, комсомол қатарында тәрбиеленудің керектігін айтысты. Көңілі бері толқып, иіліп бір келсе де, комсомолда тәрбиеленудің жәй тәрбиеленуден қандай артықшылығы барын күні бүгін көре алмаған Инеш, комсомолға өту үшін белгілі бір қоғам жұмысын атқару көрек дегенді уставтан оқып ойланып қалды. Секемді көңілдің осындай аума-төкпе құбылулары кезінде өзіне таныс бір комсомол мүшесімен кездесіп еді. Хор үйірмесін жөндеп басқара алмағаны үшін комсомол комитетінен терілеп шыққан жігіт көңілсіздісү тұрған қалпында осы бір шақтағы өз күйін шағына айтты.

— Жұмыс соншалықты көп пе,— деп сұрады Инеш үрейсініп.

Мұның қандай кәбі бар сұрақ екенін аңғармаған жігіт, өзі тұстас қыз көңілінің рақымын тілеп, өзін сәбекқор есебінде көрсетіп, сонысын сырттай шағынса да, іштей мақтаныш көрс көтеріле сөйледі.

— Ой...уһ... Инеш, сұрама!.. Жұмыс дегенің жетерлік-ақ, тым көп.

Инештің зәресі ұшып кетті. Мектептен келген сәтінде-ақ Мәйнасына өзінің комсомолға кірмейтін болғанын айтты.

— Дұрыс балапаным. Ертеден қара кешке кітапқа үңілгенің де жетер. Комсомолға еніп, басыңды азапқа салатын нең бар. Жан тыныштығың бір ойласаңшы. Шеше сөзіне құлақ ассаң жаман болмайсың, өйткені ол сенің жаман болуыңды тілемейді. Жаксы болуыңды ғана тілейді,— деп Мәдине оған ақыл айта сөйледі. Содан бері біраз жылдар өтті. Біраз өзгерістер болды. Ана басына ауыр қайғы кеп орнады. Сүйікті ұлы Сабыры қаза болды.

Енді Инештен басқа не үміті қалды оның? Тіпті Сабыры тірі кезінде де Мәдине Инешке көңілді көбірек аударатын. Өйткені Инеш қыз бала. Жасыратыны жоқ, болашақ ана. Ана десе Мәдиненің өз өмірі көз алдына келеді.

Ие, бұл революциядан бұрын болатын. Мәдиненің жас бала кезінде оның үй іші бие сүмесін кәсіп етіп еді. Кейін қала ішінен үлкен үй салып жалға берген. Енді табыс екі жақтан келе бастады. Ал Дәулеткерей болса, оқуға талпынып жүрген жас жігіт еді. Екі жас сүйіспеншілік отына шалдыққан. Уәде байласқан. Мәдиненің Дәулеткерейге шықпаймын деген ойында болып па?! Еркелетіп ұстаған төрт аға сүйікті қарындасының сезімін түмшалар, бетін қайтарар деп ойлап па?! Бірақ солай болған. Сол бір жасырын сыр ашыла бере төрт ағаның мінез-құлқына да өзгеріс кірген. Аз күнде іс бітіп, Жаркент жағындағы бір шал саудагерге Мәдине жылай-жылай кете барған. Дәулеткереймен кездесе алмай да кеткен. Бірақ күлерін үзбеп еді. Үміт шырағы сөнбеген. Мәдине жылады, сықтады, сол көз жасы революциядан кейін ғана тыйылды. Бұл кезде біраз оқудың басын қайырып ер жетіп қалған Дәулеткерей совет қызметкерлерінің күшімен келіп алып кеткен. Содан кейін тату да бақытты өмір құрды. Бала көтерді, Мәдине ана болды. Кім білсін, ол әйтеуір езгілік шеңберін «ана» деген ардақты сөзден асыра алмады. Дүниедегі небір жақсы қасиеттердің бәрі де жаңағы киелі сөздің шашырандысы ғана сияқты болды да тұрды. Мәдине енді болашақ күннің бар тартыс-күресін Дәулеткерейге беріп, өзі үй тәрбиесін зор санап отырып қалды. Сөйтіп әйел бостандығы туралы үлкен ойы өз басындағы сәтті оқиғамен тынды.

Міне, ендігі ойлайтыны жалғыз Инешінің жайы. Пәле-жаладан қағыс болып, өзі сияқты жақсы жолдас тауып алса, қызын бақытсыз болады деп ойламайды.

«Өзі сияқты жақсы жолдас тауып алса...» Кенет Мәдиненің ойына Мәулен түсті.

«Апыр-ау, бүгін де келмейін деді ме?»— деп ойлады. Көзін жұмып сұлық жатқан қызына қарады. «Шаршаған ғой, жата тұрсын»— деп ас үйге қарай беттей беріп еді, сыртқы есік ашылды. Дәулеткерей:

— Е, батыр, сенің мұның не, жоламай қойғаның?— деп сөйлей кірді.

«Қасындағысы Мәулен болар?»— деп ойлады Мәдине.

Дәулеткерей жорға жүріспен шапшаң барып, ас ішетін бөлменің есігін ашты. Сәл төмен иіліп, қолын ілгері ұсынды.

— Ал, батыр, төрлет!— Содан кейін шам жақты. Шоқша сакалын тарамдап сәл күле тұрып қалды.— Оһо, Мәулен батыр, соқталдай жігіт болып кетіпсің ғой. Келші бері,— Дәулеткерей Мәуленді қатты қысып сүйіп алды. Даусы қалтырап, жүйесі босап кетті. Көріп қалмады ма дегендей есікке қарады. Орамалын алып көзін сүртті.

— Ал, Мәулен батыр, отыр да әңгіменді айтшы,— деп диванға барып отырды. Мәуленді қасына шақырды.

«Сабырдың жайын білгісі келген ғой»— деп ойлады Мәулен. «Неден бастау керек?»

— Біз осы арадан аттанған соң...

Дәулеткерей кенет түрегелді. Түтқиылдан әлдене ойына сап ете қалған болса керек.

— Ау, Мәдине!— деп дауыстады да шапшаң басып шығып кетті. Мәулен отырып қалды.

Ғажап мінезді бір адам. Мәуленнің күні бүгінгідей көз алдында: Дәулеткерей қабақ шыту дегенді білмейтін. Кімге болсын аңқылдап, құшағын жая келетін. Семьялы адаммен кездессе қалса, бала-шағасының, үй ішінің жайына дейін қазбалап, сұрақты жаудырта беретін, жаудырта беретін. Бірақ соған орай жауаптың бірін де аяқтап тыңдамаушы еді. Тегінде, осы бір шағын денелі қутың шалға білу парыз емес, сұрау қою ғана парыз сияқты. Өз жүрісіндей ойы да шапшаң алмаса береді. Әкесінің осы бір тағатсыздығын Сабыр үнсімі ерсі санап, намыстаныңқырап та отыратын еді.

Шалдың сол бір баяғы қалпы. Сабырдың да жайын іздиһаттап тыңдамай тұрып кетті. Жок, қайтып келе жатыр.

«Ие, неден бастау керек?»

Дәулеткерей Мәдинені алып кірді. Мәулен түрегелді, қарсы жүрді. Мәдине солқылдап жылап келіп Мәуленді құшақтады.

— Жә, батырскөсі, жылама,— деп Дәулеткерей кемпірінің құшағын ажыратып жіберді.— Бала болғансың ба? Дардай болып онысы несі?

Мәдине орындыққа барып отырды. Шалының сөзін елең етпегейдей. Нұры тайған көзі мөлдіреп, тесіле қарады.

— Айтшы, Мәуленжан, менің Сабыртайымды қайда қалдырып кеттің?— Солқылдап жылай берді. Мәулен жауап бере алмай үнсіз отыр. Дәулеткерей шығып кетті де қайта кірді. Шапшаң басып терезе жаққа өтті. Бір сәт сыртқа үңілді. Қайтып кемпірінің қасына келді.

— Қой дедім ғой саған, батырекесі-ау! Шақырып әкеліп мазасын алғаның не енді?! Балаңды қарызына беріп кетті дейсің бе, бұл жазған! Тағдыр солай... Ал, көне, тамағыңды қымзаула.

Мәдине көзін сүртті.

— Жарайды, жаным, мазаламайын енді, мазанды алмайын, Мәуленжан. Жәй, әншейін... Сабырыммен бір өсіп, армияға бірге барып... не, сөйткен соң көңілім босап... Ал, енді өзің неге хабарласпай қойдың, қарғам? Әлде өкпелеп қалдың ба бірдемеге?

— Сенің жылап, зықысын шығаратыныңды біліп келмей жүргені де,— деп қойды Дәулеткерей.

— Жок, Мәйна, тілтен де олай емес. Мүмкіндік болмады. Оқуға түсу, жатақханадан орын алу, жұртпен танысу дегендей...— деп Мәулен мүдіре жауап берді.

— Жарайды, жаным, жарайды, қайда жүрсең де аман бол,— деп Мәдине ас үйге беттеді.

Дәулеткерей столға келіп, жабулы газеттерді алды.

— Ой, кемпірекесі-ай, жарайсың, жарайсың. Қолың сенің алтын-ау!— деп әрбір тағамға бір үңіліп күліп қойды.

Содан кейін ашық тұрған есікке бұрылды.

— Ау, осы біздің Инешжан қайда? Мәуленнің келетінін соның өзі емес пе еді маған хабарлаған?

Мәуленнің жүрегі лүп ете қалды. Осы үйдің табалдырығынан аттап басқанда оның ойына бірінші болып оралған сұрақ та осы болатын. Жақсы жолдасы Сабырға байланысты әлдебір ауыр сезім билесе де ала көңіл болған жайы бар еді. «Инеш қайда?» деген жаңағы бір сұрақ әлсін-әлі көмейіне ксіліп тығылып қала берген-ді. Кешікпей дәлізден:

— Басың ауырса жата тұрсаң қайтеді?!— деген Мәднненің даусы естілді.

Есік ашылды. Сал ғана езу тартып Инеш кірді. Үлкен мөлдір қара көзін аудармай, Мәуленге қадала қарады. «Неге келмей кеттің, әлде бізді ұмыттың ба?» деген назды қарас. Мәулен өзін айыпты санап қалғандай. Жүрегі бір түрлі елжіреп, Инешті аяп кетті.

— Баламекесі-ау, қайда жүрсің? Үйге қонақ шақырып, қарсы алмағаның қалай?— деді Дәулеткерей күлсөйлеп.

Инештің қабағына сәл кірбің ілінді.

— Басым ауырғаны...

Қызының жауабына Дәулеткерей мән бермеді. Шарап кұйды.

— Ал, көне, Мәуленнің аман-есен қайтып келгені үшін көтеріп қояйық.

Бір-екі рюмхадан кейін Дәулеткерей тіпті көңілденіп алды. Түрлі әзіл айтып Мәуленді де, Инешті де күлдірді. Шал осының бәрін Сабырды еске алып, үй ішін қобалжытпау үшін әдейі жасап отырған секілді. Енді Мәулен де өзін еркінірек ұстады. Біраздан кейін Дәулеткерей түрегелді.

— Ал сендер осылай бүгінгі кешті жақсы, көңілді өткізіндер. Әңгімелесіндер. Пианино ойнатындар. Ал маған рұқсат беріндер. Қауырт шаруа бар еді. Ертерек жатып демалайын,— деп шығып кетті.

Мәдине жақын келіп отырды. Инеш сол қарсы бетте үнсіз қалған.

— Же, іш, жаным!— деді Мәдине.— Ал Сабырымның жайын айтшы, жаным. Жаңа сұрауға шалдан қорықтым.

Мәулен ойлана отырып, Сабырмен бірге болған күндерін еске алды. Майдан эпизодтарын айтты. Мәдине кейде көзіне жас алып, беріле тыңдады. Ал Инеш болса баяғы қалпында қара көзін аудармай тесіле қарап үнсіз отыр. Сабыр жайындағы әңгімені тыңдап отыр ма, әлде жас қыз жүрегіне тән басқа бір сырлы ойдың жетегінде отыр ма, белгісіз жоқ. Мына электр жарығымен нұрлана түскен сурет сияқты ақ өңінен ештеңені айыра алар емессің. Жалғыз-ақ ана қадала қараған қара көзі ғана жас сезімнің отын шашады. Енді бір уақытта Мәдине жасын сүртті.

— Жарайды, жаным, оқуға келгенің дұрыс болған. Қарайлайтын әкс-шешен болса да жоқ. Оқы,— деді. Содан қызына қарады. Аз-кем үнсіз отырып қалды. Қайта Мәуленге бұрылды.

— Мәулен, снідің жылдан бастап, сен де практикаға барасың ба?

— Жок, Мәйна, біздің практикамыз нсбәрі бір-ақ рет осы қала ішіндегі бір мектепте өтетін болады.

— Әнс, сондай оқуды айтсаңшы. Біздің Инеш те әуелде сондай біреуіне түсуі керек еді. Көрмейсің бе!

Инеш қозғалып төмен қарады.

— Осы факультетке неге түскенімді өзім де білмеймін.

— Әнс, әнс, айтып отырмын ғой. Ойбай-ау, Мәуленжан-ау, біз сорлы мандайға басқан жалғызымыз — мынадан да айрылып қала жаздадық қой. Өңін көрмейсің бе, әлі түзелген

де жоқ содан. Айналайын әлгі бір Гүлшат деген бала сақтап қалыпты, әйтеуір.

— Математика, не әдебиет факультетіне түсуім керек еді,— деп қойды Инеш.

Инештің бұл өкінішінде шындық бар болатын. Ол өзі он жылдықты өте жақсы деген бағамен бітіріп шыққан еді. Тарихтан басқа пәндердің бәрі де оған бірдей көрілді. Біреуін кем, бірін артық санамады. Тіпті Инеш «пәлен болсам...» деп арман еткен де жоқ. Сол жылдың күзінде Майқан Белгіұлов кездесе қалды. Биологияны мақтады. Жас Инеш соған еліге кетті. Бұған Дәулеткерей мен Мәдине де қарсы болмады. Сол ретпен Инеш биология факультетіне түсіп оқи берген-ді.

— Онда несі бар, біздің факультетке келіп түс. Бірге оқитын боламыз,— деп Мәулен әзілдей күлді.

— Рас, түсер едім,— деді Инеш. Күлмей айтты. Мәулен сынай қарады:

— Оның қалай, бес жылымды заяға жібердім деп өкінбегенің бе?

Қыз жүзіне нұрлы күлкі жүгірді.

— Өкінбес едім...— Шешімді жауап сияқты.

Мәулен ойланып қалды. Инеш Мәйнасынан қысылды білем:

— Осы бір практика дегенің әбден зәрезап етіп болды,— деп қойды.

Мұның көз қылып айтылған сөз екенін Мәдине де түсінген сияқты. «Кең отырып сөйлессін, кедергі болмайын»,— дегендей белін басып түрегелді де, ас үйге беттеді.

Азғана тыныштық басты.

— Ойланып қалдың ғой,— деді тым ашығырақ кетіп, артық сөйлеп қойдым ба деп мазасызданған Инеш.— Ал Бағымнан айрылған соң қайда болдың?

Расында да Мәулен Инештің жаңағы бір сөзіне қатты әсерленген еді. Ол әуелі балалар үйінде, кейін интернатта болды. Әдемі киініп, қыз көзіне түсе алмады. Енді-енді бой түзеп, ақ пен қараны айыра бастаған кезде соғыс басталды. Ойлап отырса, іштей бір ытық болып, өлең арнаған адамдары да бар екен, сонда да күні бүгінге дейін қыз аузынан бір жылы сөз естімепті. Сөйткен Мәуленге Инеш сөзі ой тастады: ол өзі ойыны ма, әлде ойындағысын айтты ма, әйтеуір жаңа бір бірліктің, тағдыр бірлігінің нышанын аңғартқандай Мәуленге.

— Ал мен болсам, сенімен бірге бір курста оқығанымды мақтаныш етер едім,— деді ол.

— О-о, сен әлгі бір әңгіменің ұшығын қуалап отыр ма едің? Ойын ғой. Университетке қайта түсіп не бітіремін дейсің мен,— деп Инеш күлді.— Одан да өз жайынды айт.

— Ол бір ұзақ әңгіме. Тағы бірде айтармын. Мен бала күнгі даусыңды сағындым сенің. Ән салшы!

«Рас сағындың ба?» дегендей Инеш күле қарады.

— Өзгеріп кеткен шығар, балалықты таба алмай өкініп жүрерсің.

— Іздеп отырғаным балалық емес. Маған соның өзгергені керек,— деді «өзілге ұстарып қалыпты» деген ойға келген Мәулен.

— Жок, тыңдағың келсе, пианинода ойнайын. Ал өленді сен айтатын бол.

Мәулен қарсылық білдірген жок.

Инеш пианино алдындағы дөңгелек орындыққа келіп жайғасты. Мәулен сол жағынан таяна келіп түрегеп тұрды.

— Не ойнайын? Бетховенді ме, әлде Григті ме?

— Жок, өзімізше, қазақша бірдемені...

Инеш ойланып қалды.

— Қазақша не ойнауға болады? Тіпті білмеймін.

Инеш салалы ақ саусақтарын жайып пианино клавишына төндіре берді де: «Ал айтсаңшы, қандай әнді?» дегендей жігітке қарап қалды. Бірақ жауап күтпеді. Басын сал оңға салды да «Бір бала» әнін ойнап кетті. Кең бөлме ішін ынтық болған екі жас жүректің ыстық лебіне толтырып, нәзік саз қалықтады. Жігіт көңілін тебірентіп, әлдебір бейтаныс алысқа, жұмбақ арманға жетелеп кеткендей. Мәулен еңкейе беріп тұрып қалды. Мына нәзік толқынды ән сазындай болып қыз бойынан жұпар нәсі аңқыды. Мәулен бір сәт оған қызыға қарады. Қыз мүсіні енді оған қырынан көрінді. Ойы да, дені де жок қыр мұрын. Жұқа ерні сал ашылыққырап қалған. Бет ұшына үйірілген кішкене ғана шұңқыр дәл кәзір күлкі ұясы секілді нұр шашады. Өріп, желкесіне үйіп қойған қомақты қара шашынан жұп-жұмыр мойны тіпті ақ тартады. Аш белін аша түскен қынама бел көк көйлектің кең кеудесі қос қолымен пианино клавишын ұрған сайын дір ете қалады.

Кеше майданға аттанарда кекілі желкілдестен кішкене қыздың бүгін ер жеткен, піскен шағы екенін Мәулен осы сәтте ғана аңғарды. Енді бұрынғыдай бала деп қарай да алмайтын сияқты. Мәулен өзіне бейтаныс бір мазасыз халде тұр. Кешегі бір Инештің бала шағында өзін үлкен санап, Сабырмен теңесе жүретін оның көңілінде дәл кәзір ондай ой-пиғылдың толқыны көтерілгенін кім білсін, әйтеуір «ән сазы үзілімесе екен, Инеш осы бір күйден айнымаса екен»

деген қызық тілек пайда болды. Бір шаққа көңілін үрей шалды. Өн тынса, жаңағы өзінің ыстық құшағына тартқан, қол бұлғап шақырғандай болған ғажайып бейтаныс алыс та, жұмбақ арман да ғайып болардай. «Осылай отыра берші, осылай отырып, осы әнді ойнай берші»,— деп Мәулен іштей айтты. Өн баяулап қайта басталды да, айтып жеткізе алмас бір сағыныштың сазын көтеріп:

‘Өн салшы-ай, бір бала-ай!’—

деп барып үзілді. Инеш Мәуленге күле қарады. Өн қайырмасы көңілінде тұрған жігіт қоныр даусымен:

«Өн салшы-ай, бір бала-ай!»—

деп қайталады.

Жалыныш-сағыныш па, өкініші мен өтініші ме, әйтеуір тебірене қайырды.

Инеш өз қасында ұзақ толқып, сезімге мас болып тұрған жігіт жанына үңілді ме, жоқ па, кім білсін, сыңғыр еткен күлкісін сыйлап түрегеп кетті.

— Көп қайталаса қызығы болмайды.

Мәулен Инештің қолынан алды.

— Жоқ, бұл аума-төкпе көңілге ғана тән философия,— деді Мәулен.

Тулаған жігіт жүрегінің дүрсілін сезіп тұрған Инеш жоғарыға, Мәуленге тіктеп қарады. Кейпінен күлкі нұры суып үлгірген. Кең ашылған ұзын кірпікті қара көзінде жалыныш пен үрей де, дәрменсіздік пен бағыныштылық та бар секілді. Қыз оған осы сәтте сайып мергеннің қолына түсіп, жаутаң қаққан жас елік сияқты болып кетті.

Инеш сәл басын шайқады. Ақырын ғана қолын босатып алды. Бұған аға болып үйреніп қалған Мәулен көңілінде аяушылық пайда болды. Қарсыласпады.

— Он екі болды,— деді Инеш сағатына қарап.

Мәулен жаңа ғана келген сияқты еді, міне, енді түн ортасы. Уақыт дегенің қалай тез өткен!

Мәулен рұқсат алып түрегелді.

Инеш оны өсік алдына шығарып салды. Жып-жылы кішкене қолын ұсынды.

— Келіп тұр, Мәулен, енді,— деп сыбырлап қана айтты.

Мәулен қош айтысып басқыштан төмен түсті. Барып ауланың қақпасын ашты. Ұзын сым арқанды дыңылдатып ит абалады. Мәулен артына қарады. Кепканның тайтұяғы секілді үй порталы қара көлеңке тартады. Сол қара көлеңке ішінде тапжылмай қарауытып Инеш тұр.

Мәуленнің жүрегі шымылдап кетті. Қайтып келді.

— Неге үйге кірмей тұрсың?
— Сен кеткен соң...— деп Инеш күлді. Мәулен үндемей тұрып қалды.

Инеш тіл қатты.

— Ал бар енді.

— Жок, ең әуелі сен үйге кір. Сонсоң...

Инеш күліп Мәуленге қарады да, үйге кіріп кетті. Мәулен тұрып қалды. Бәлкім қайта шығар. Жалғыз қалған Мәуленді аяр. Мәулен де оны аяп қайтып келді ғой. Жок, Инеш оралмады. Салден соң табалдырықтан басталған аяқ дыбысы дәлізбен әрі алыстап кетті. Ех, қыз дегенің неткен тас жүрек еді!

Мәулен сыртқа шықты. Қою қараңғылықтан Инештің үлкен қара көзі тесіле қарап тұрғандай болды оған.

7

Инеш кенет көзін ашты. Қатты ұйқыдан кейінгі дегдар кейіппен тұңғық бір ойда сәл жатты да, езу тартты. О, қызық, алдында күле қарап Мәулен тұр. Гимнастеркасын түзеп кейін сырғытып, белбеуін тартып қойды. Жосатты кең кеудесін керіп, дем алды. Тағы да күлді. Әлуетті қолымен бұған балмұздақ ұсынды. Қайратты қара шашы мандайына түскен соң кейін қайырып еді, жатпады, қайта келіп түсті. Инеш балаша мәз бола күлді. Ой, қандай қызық десеңші! Даусы қандай сүйкімді! Жүзі неткен жылы. Мәулен бейнесі ғайып болды. Қыз жүрегі ұйып кетті. Инеш сондай бір тәтті сезіммен көзін қайта жұмды. Паровоздың айқайы, поездың гүрсілі естілді. Аңызак жел гүледі.

Инеш табалдырықта тұр. Кеудесін желге тосады. Вагон тұтқасынан ұстап ұмтыла түсіп алға қарайды. Бір сәт жүрегі дір етті. Құлап кете жаздағандай болды. Жок, неге құласын. Қасында жүз көзді қыран сақшы Аргустай¹ мұның әр қимылын қып еткізбей бағып Мәулен тұрғанда неге құлайды Инеш?!

Поезд заулап келеді. Ие, қасында мұның Мәулен тұр. Ал артта, ана жан-жағын құм қоршаған кішкене станцияда қолын бұлап Гүлшат қалды.

Гүлшат! Шірікін, Гүлшат деген қандай жақсы қыз еді. Апырау, сол бір жаны аяулы жақсы қызды Инеш неғып бұрын түсінбей келген осы? Тіпті, жәй түсінбегені былай

¹ Грек мифологиясында кездесетін жүз көзді, ұяқы, күлкіні білмейтін қыран сақшы — қырағылықтың бейнесі.

тұрсын, жек көретін, сөйлеспейтін еді-ау! Ие, сөйтетін. Гүлшат оған мазасы жоқ, құрғақ бір белсенді болып көрінетін. Солай түсінуге Гүлшаттың студенттер арасында «Тазалық министрі»,— деп аталып кетуі де қамшы болды ғой деймін. Ие, Гүлшатты жұрт «Тазалық министрі» деп атайтын. Неге олай дейді екен? Студент кеңесінің мүшесі болғандықтан. Өзі жатқан корпусың мәдени тазалық жағын басқарғандықтан.

«Мезгілімен төсегін жиналмай қалса, мезгілімен терезе ашылмай қалса, немесе кітап сөресі шаң болса, онда Гүлшаттан жақсылық көрем деп ойлама. Ертеңінде жатақхана «Крокодилінен» күте бер суретіңді!»— деген еді Инешке біреулер. «Тазалық дәптері» дегенді де сол Гүлшат шығарыпты. Оған күн сайын әр бөлменің тазалық жайы тіркеліп, баға қойылып отырылатын болыпты. Сықаққой студент ортасы қойсын ба, бұл дәптерді де Гүлшат мінесіне әуендестіріп, «Тазалық министрінің портфелі» деп атап кетіпті олар.

Тазалықты Инеш те жақсы көреді. Бірақ Гүлшат тұздықты тым ащы етіп, асыра сілтеп алатын сияқты болады да тұрады оған. «Әйтпесе тазалық бақылаған адамды «Тазалық министрі»— деп кекете айтар ма еді?!»— деп ойлайтын Инеш.

Жоқ, Инеш мүлде теріс түсініпті. Студент ортасы оны «Тазалық министрі» десе, жек көргендіктен айтпайды екен. Қайта жақсы көргендіктен, ісіне разы болғандықтан еркелетіп айтады екен.

Сол Гүлшат әлі де құммен, күнмен, жыланмен алысып, практикада жүр. Ал Инеш болса, міне, салқын үйде, жақсы төсекте Мауленді ойлап жатыр. Инеш өзінен-өзі ыңғайсызданып қалды. Сол сәтте ақырын ғана есік ашылды. Мәдине көрінді.

— Ояңдың ба, жаным?! Түр. онда. Кіін. Тамағың дайын тұр. Соны іш,— деді ол. Содан кейін шыға берді де қайтып оралды.— Ие, ұмытып барады екенмін, саған бір телеграмма бар.

— Кәне, қайда?

Мәдине қалтасынан телеграмманы алып қызына ұсынды. Инеш оқыды да қуанып кетті.

— Гүлшат келе жатыр!

Инеш бір құшақ гүл ұстап вокзал басына барды. Қарсы алуға барған жастардың алдына таласыңқырап шығып тұрды.

Қызық қой. Вагон баспалдағынан шапшаң түскен Гүлшат бір шеттен қолдасып амандаса бастады. Жұрт қолын қалай қысса, Инеш қолын да солай қысты. Дабыра басылған бір ретте ғана Гүлшат Инешке тіктеп қарады:

— Оңалып қалыпсың. Тіпті жақсы болған. Ал ана бір кезде керемет жүдеп едің ғой.— Содан соң ол басқаларға бұрылып кетті.— Бұл сапар сондай жемісті болды, жолдастар!

Оларға да осындай бір қуанышты сөзін айтады. Инеш күткен өзіне деген айрықша сезімнің бірі де жоқ онда. Бұл да оның көңілінде ана көптің бірі ғана. Ал Инеш оған жан теңгермейді. «Жоқ, Маулен бүйтпес еді. Ол маған ерекше зер салар еді»— деп ойлады Инеш осы арада.

Дегенмен, Инеш оған ренжи қоймады. Қайткен күнде де Гүлшаттың жолдастық сезімін түгелдей өзіне қаратуды ойлап, жақындай түсті. Келесі күні сабақ басталғанда Инеш оның жанына келіп отырды. Демалыс минутында қолтықтап алды. Үйге шақырды. Бұдан былай бірге дайындалуды ұсынды. Гүлшат бұған қарсы болмады. Жалғыз-ақ Зада, Манаптар сияқты басқа жолдастармен бірге болайық дегенді айтты. Сол кезде сабаққа кіруге қайта қоңырау соғылды.

Бүгінгі күнгі ақырғы сағатта Белгіғұлов Майқан лекция оқитын еді. Гүлшат жаңа орналасып жатқан жұртқа әлдебірдемсіні айтып, бәрін де күлдірді. Өзі аудиторияның түкпіріне қарай беттеді. Оның не дегенін тыңдай алмай қалған Инеш Гүлшаттың артқа кеткеніне қайран болды. Ол үнемі Майқан Белгіғұловтың сабағында осылай кейінге кетеді. Ал Инеш болса, бұл сабақта алдыңғы столда отырғысы келеді. Сол себепті Гүлшатты өзіне шақырып еді, анау басын шайқады. Инеш енді артқа амалсыз барды.

— Бәрібір Майқан Белгіғұлович лекциясын мына қабырғаның ар жағында отырсаң да естисің.

— Майқан Белгіғұлович қатты сөйлемейді ғой, Гүлшат.

— Ақырын болса да, анық сөйлемей ме?— деп Гүлшат қулана күлді.

— Оның рас енді...

Аздан соң Белгіғұлов келді. Жүрісінде ерекше бір салмақ бар. Үсті-басы соншалықты таза. Нықтап басып кафедраға шықты. Шляпасын кафедраның үстіне қойды да, ұзын пиджагінің қалтасынан бүктеулі ақ жібек орамалын алып, маңдайын сипады. Көзілдірігін қозғап, қолайлап қойды. Осыдан кейін сыртын қалың сары қағазбен тыстаған көнетоз дәптерін ашты да, баяу ғана ежелеп оқи бастады...

Жұртпен қатар Инеш те жаза берді. Енді бір тыныс минутында Гүлшат дәптеріне қарады ол. Басында «Шайыр» деген үлкен жазу тұр. «Бір тал шайырдан бес тамшы шайыр майы ағады. Ал бір тоннасынан?» «Шайыры несі мұның?»— деп ойлады Инеш.

8

Биология факультетінің ақырғы курс студенттерін өз сабағынан кейін Белгіұлов Дарвинизм кафедрасына алып барды. Әркімге орындық көрсетіп, бәрін де жайластырды. Өзі «Адамзат баласы туралы ғылым» деген бір қабырғаны тұтасқа жуық алып тұрған фото-монтаж жақтағы столға барып отырды. Асықпай шылым тартты. Көзілдірігін алып, таза кіршіксіз орамалымен тағы сүрткіледі. Дабырлай сөйлесіп, әлі де орнығып болмаған студенттерге қарап қалды. Дағдысы ма, кім білсін, аузын қисайтыңқырап бір езулей күлімсіреді. Сол шақта азу тісінің біріне орнатылған алтын тісі жарқырап анық көрінді.

— Тс...тсс... Дәулеткереева, ана Аманова ескеңді ажыратып жіберетін екен. Сабақ үстінде де сөйлеп отырдыңдар,— деп қалжындап та қойды.— Ал практика қалай өтті? Жақсы өтті ме?

— Жақсы өтті,— деп жұрттың бәрі шуласа жауап берді. Әркім өз көргенін, атқарған жұмысын, жетістіктерін айтыса бастады. Балтабаев Манап, Гүлшат Аманова, биік причесқалы Зада Қасымовалар сөйледі. Оларды Белгіұлов ұзақ сөйлетпей, қысқа-қысқа сұрақ қойып, дәмді жауап тілейді. Былай қарағанда, үстірт тыңдап, өз міндетінен құтылуы да сияқты. Қазбалап сұрап, зейін сала тыңдап отырған бұл жоқтай.

Жұрттың бәрі сөйлеп болған соң, Белгіұлов Инешке бұрылды.

— Ал сен ше, Дәулеткереева?

Инеш не дерін білмей қалды. Оқытушыға қарап еді, сондай бір жылы жүзбен мұны жақтап тұрғандай көрінді. Жұрт хүлікісін елемеген кейпі бар.

— Мен ерте оралдым. Ауырып қалдым,— деді Инеш.

— Ие, ауырып кетті. Көре алмай қаламыз ба деп екі тіпті. Әйтеуір көрістік-ау...— деп Манап қысық көзін жұмып селкілдей күлді. «Ай, осы бір қалақ бас, қысық көз, шикіл сарыға не жоқ осы. Ылғи бір кері сөйлеп, надандығын әйгілеп жатқаны»,— деп ызаланды Инеш.

Әуелі Манап сөзін қостаған күлкі шығып еді, тез басылды. Белгіұлов қабағын шытты. Ұнатпаған қалып

білдірді. Созан кейін жылы жүзбен Ивешке қарады. Ивеш үйімен қарым-қатынасының барлығын танытып, Мәдинсінді, Дәулеткерейсін хал-жайларын қазбалап сұрай бастады.

Баябаасы мұқалып қалғандай. Белгігүловқа жалбақтай сөйледі.

— Ойнасақ та, ойдағы сөз, Мақа. Қу метінен далада Инеш ауырып қалғанда бөріміз де сасқанбыз.

Белгігүлов Манап сөзіне мән бермеді. Тамағын бір кенеді де сөйлеп кетті.

— Мәселе мынада: жаңа оқу жылы басталысымен университет ректораты студенттер жазған жақсы ғылыми рефераттарға, әдебиет шығармаларына конкурс жариялаған. Бүгін-ертең газетке де басылар. Ректорат мынаны еске алады: студенттерді ерте бастан ғылыми еңбек жазуға төселдіру. Екіншіден, үздік студенттерді айгілеу. Құрылған комиссия бар. Мерзімі үш ай. Ал осыған талаптылардың ат салысындар.

— Қандай тақырыптарға?

Белгігүлов аз ойланып алды да, ең маңызды деген тақырыптарды санай бастады. Оқитын, пайдаланатын кітаптарды атады. Осыдан соң ескерте сөйледі:

— Көшіріп алмандар. Көшіруді кім білмейді. Бірінші кластың баласы да көшіре алады. Адам қабылдаушы, еліктеуші ғана емес, адам жасаушы, адам тудырушы. Бұл жағынан өрмекшіге де ұқсап қаламыз. Өрмекші сілбісін әмөңде өзінен шығарады ғой. Өз ісің де өзіңе тән, өзіне тартатын болсын. Сен ешкімге де ұқсамайсың ғой. Рас па?— Сәл езу тартып күлген қалпы жұрттың төбесінен асыра көз салып, қимылсыз сөйледі:— Дәл, тіпті ата-анаң да түгелдей ұқсамайсың. Сенің ісің де, ендеше ешбір жанның ісіне ұқсамауы дұрыс. Ғылым мен искусствода творчество деп, міне, осыны айтады. Творчество — ғылымның демократиясы.

Жұрт аталған тақырыпты бөлісе бастады.

Гүлшат қол көтерді.

— Таңдау ерікті болса, мен бұл тақырыптардың бірін де алмас едім.

Белгігүлов шалқая отырды. Қостағаны да, қарсылық білдіргені де танылмайды. Дегдар бір кейіпте.

Аманованың жүрегі тулап кетті. Ештеңе айта алмай мүдіріп қалды. Әдетте ол өлдебір пікір таласының ұшығы көрінсе-ақ іркілмейтін, сөйлей беретін, сөйлей беретін. Сөзі де дәлелді, нанымды шығатын. Ал, мына Белгігүлов болса таласпайды. Үнсіз тындап отыра береді, отыра береді. Содан кейін бір кілттенді табады да бір-ақ сөзбен қайырып тастайды.

Белгіұловтың бұл мінезін ол көптен бері білуші еді. Оның ұзын тырнағына Гүлшаттың өзі де талай рет ішетін қалған-ды. Содан ба, әйтеуір, осы бір қабағына кеп тік біткен қайсы маңдай мұғалімді Аманова іштей ұната бермейтін. Белгіұловтың әр қадамын санап, паң басып жүргені де, әр сөзін өлшеп-тізіп салмақтап сөйлегені де, сірік қарқылдап күлгені де ұнамайтын оған. Ал мынадай бір үндемей қалған сәтінде Гүлшат тіпті абыржыңқырап та қалатын. Оның дәл көзір мүдіріп қалған себебі де сол еді. Белгіұлов терезеге қарады.

— Сонда не алмақшы едің?

Гүлшат толқына сөйледі.

— Осы мына практикадан мен бір өсімдік әкелдім. Шырыны бар өсімдік. Ыстыққа тез балқиды. Балауыз алуға бола ма деп ойлаймын өзінен. Тұрғын ел дәру шөп деп қасиет тұтады екен. Зерттегім келеді.

Белгіұлов бері қарады.

— Мұның биология ғылымына қандай қатысы бар?

— Неге қатысы жоқ?— деп Гүлшат сұраққа сұрақпен жауап берді,— маған ой салған Кәрім Божановтың өзі.

Майқан үндемеді. Қалтасынан папирос алды да, қолын сілтеңкіреп қалып сіріңке тұтатты. Содан кейін:

— Ал, Дәулеткереева, сенің де өз тақырыбың бар ма?— деп қатқылдау сөйледі.

— Мақа, менде ешқандай тақырып жоқ. Қайсысын тандарымды өзім де білмей отырмын. Өзіңіз айтыңызшы,— деп Инеш еркелей жауап берді.

Белгіұлов түрегелді.

— Осындай жас шақта теорияны жақсылап меңгерген жөн. Бір зерттеу институтына барып екі ай лаборант болсаң, практика деген сонымен бітіп жатыр. Ал теория өскен соң қолға түсе бермейді.

Өзі Инешке қарап сөйлеп тұр. Бірақ «Қызым, саған айтам, келінім, сен тынданың» кері екенін Гүлшат бірден аңғарды.

Инеш түрегелді де Белгіұловқа беттеді. Жұрт ыдырай бастады.

— Қай тақырыпты ал дер едіңіз?— деді Инеш.

Белгіұлов тізімге үңілді.

— Биологияның түп мақсаты — табиғатты өзгерту болып табылады. Меніңше мына бір тақырыпты...— деп Майқан қарындашын бір жерге тіреді.— «Нәсіл қуалауды өзгерту мәселесіне».

Дәулеткереева ойланыңқырап қалды.

— Оқасы жоқ. Осы тақырыпты ал. Өзім көмектессемін,— деді ол аса бір жұмсақ дауыспен.

Инеш оған тіктеп қарап еді, қыз бойына электр тогі жүгіріп өткендей болды. Көптен биігірек тұратын осы бір адамның келбетінен ол өзіне деген айрықша бір жылылықты сезінді. Мына бір қорғансыз қыздың ерке жанына, ерке сезіміне пана боларлық жылылық. Тағы да қыз жүрегі дір етті. Кенет бойын қорқыныш биледі. Осы бір жылы келбет оны әлдебір тұңғышқа тартып кетердей көрінді. Рақмет айтты да, тез басып сыртқа шықты. Кітапхана жақтан ду күлкі естілді. Үлкен бағанды кең вестибюль ішін кернеп тұрған жүріс, дабырдан бөліне шыққан көңілді күлкі.

Инеш бұрыла көз салды. Өзінің алдында ғана кафедрадан шыққан бір топ студент биік прическалы, шіңкілдек дауысты Қасымованы қоршалап алған.

— Ала бетен не сойқан келді оған? Біз ауырмай-ақ оралдық қой,— деді топ ішінен біреу.

Инеш кідіріңкіреп қалды.

— Биология заңын білмейтін бе едің?— деп Қасимова шіңкілдей сөйледі.

— Қандай заң?

— Қалыптасып қалған нәсілдік белгі қайта тәрбиеге көнбейді.

Тағы да ду күлкі естілді.

— А-а... мына мәселе ме еді айтайын деп тұрғаның,— деп Манап алға шықты.— Біз оны баяғыда оқып білгенбіз. Оңтүстіктің жылы қысына дағдыланған өсімдіктерді Сібірдің суығына үйретпек болып еді ғой. Суыққа төзімділік қасиетін арттырмақ болып... Еш нәтиже шықпады ғой.

Топ ішінен біреу қуақылана сөйледі:

— Сонда қалай, Инештің де мінез-құлқы тұрақтап қалған демексіндер ме?

Инештің жүрегі тулап кетті. Жетіп барып:

— Ие, Инештің мінезі қалыптасып қалған. Сонда не қыла қоймақшы едіңдер?— депсі келді. Сол шақта ар жақтан Гүлшат көрінді.

— Сендерге не болған бұл, жоқты-барды сөз етіп? Адам ауырмақ түгіл, өліп те қалмай ма!? Осындай да әңгіме бола ма екен!— деп ол реніш білдірді.

— Біз биологиядан оқығанымызды сөз етіп тұрмыз,— деп Балтабаев қарқылдай күлді.

Гүлшат оның бетін қайтарып тастады.

— Жә, болды енді. Мақтан сүйгіштің мансап болса, нағыз бюрократ шығар еді сенен.

Жұрт дулап қоштап кетті.

Инеш Гүлшатқа сондай разы болып қалды. «Ай, Гүлшат-ай, қандай жақсы, қандай әділсің сен!»

Инеш төрт қырлы үлкен бағанада тұрған айна алдына келді де, ұзын шашын бір желпіп өтті. Содан кейін жанағы топқа барды. Сыр бермегенсіді. Гүлшаттың қолтығынан ұстап сыртқа тартты. Адырған жұрт үнсіз тұрып қалды.

Екеуі сентябрьдің ыстық күніне балқып жатқан тротуарға аяқтарын тік қадап, жеңіл басып келеді. Инештің алғашқы сұрағы:

— Сен сонымен Майқан ұсынған тақырыптардың бірін де алмайтын болдың ба?

— Бірін де алмайтын болдым.

— Оның жарамады, Гүлшат. Майқан режжіңкіреп қалды ғой деймін.

— Неге режжіді? Қайта практикаға барып жаңалық тауып әкелгеніме қуанбай ма?

— Қайдам...— деп күмілжіді Инеш.

— Асылы Белгіұлов қызық мінезді адам. Мен түсінбеймін. Ал маған Белгіұловтан да Бозжанов қатты ұнайды,— деп Гүлшат ашыла сөйледі.

Инеш ұнатыңқырамады.

— Қойшы, тіпті. Майқан білімді адам ғой.

Гүлшат Инештің бұл сөзін елеусіз қалдырды. Өз ойын жалғай берді:

— Сен ол қорғайын деп жүрген диссертация тақырыбын білесің бе? «Жаздық қатты бидайдың күздік қатты бидайға айналу жолы». Тек сыртқы ортаға ыңғайластыру арқылы ғана, Инеш. Рудандастыру да емес, колхицин арқылы хромосомаларды көбейту, не азайту да емес... тек сыртқы жағдайға ыңғайластыру... Ыңғайласа бастағандардың нәсілдік жаңа белгілерін тәрбиелеу... дамыта тәрбиелеу... Міне, нағыз мичуриндік принцип. Кәрім бізді жуырда филиалдың экспериментальдық базасына алып барды. Сонда жаздық қатты бидайдың күздік бидайға қалай ауысқанын айтып еді.

Инеш сенімсіздік білдіріп Гүлшатқа күдіктенсе қарады.

— Барасың ба өзің? Мен алып барайын. Ал Кәрім Бозжанович бар ғой, қай уақытта барсаң да... айталық, жылы ұшырап қарсы алады.

¹ Колхицин — улы зат, дарвинистердің бір парасы бұл улы затты жыныстық клеткаларға жіберу арқылы өну мен тіршілік белгісі хромосомаларды көбейтіп; азайтуға болады. Сол арқылы тірі дененің нәсілдік белгілерін де, сапасын да өзгертуге болады деп дәлелдеді.

— Баруға да болады.

Содан кейін екеуі уәде байласты, баратын күнді белгіледі.

Солай жүріп, олар қала бақшасына келіп кірді.

Парктің орта тұсындағы цемент ернеулі аумақты жалтыр көлді жағалай отырғызған көк, жасыл, қызыл, қоңыр, күрсен, сарғылт, ақ гүлдер дымқыл ауа толқынымен жұпар иісін шашып тұр, орталықтағы ресторанның Римский-Корсаковтың шығыс тақырыбына жазған «Шахаразадасы» үздіксіз естіледі.

Бұлар іргесінде бір қыз балмұздақ сатып тұрған, сыртында әр түрлі ою-зері бар, әдсімі фонтан жанына келді. Қабыршағы тікірейген үлкен жайын арандай ашқан аузынан да, шытынап аларған көзінен де, делдиген танауынан да су атқытады.

Сол керемет құбылыстың бәрін өзіне тән емес мол күшпен жаңағы жайындай қаусырмалай құшақтап сығып тұрған бір кішкене сәби жасап тұрғандай. Осы бір фонтан қасына келген адамдардың осы қимылға танданбай, күлмей кетпейтіні болмайтын. Талай көріп, ыстығы мен қызығы басылса да, Инеш те, Гүлшат та сәл қарап езу тартты. Содан соң бір-бір балмұздақ алып жеп, парктен шықты.

— Сонымен, барасың ғой, келістік қой,— деді Гүлшат әлгі уәдені қадағалап.

Инеш бұл сөзге мән бермеді. Өз ойындағысын сөйлеп кетті:

— Сен жаңа байқалың ба, менің өзгеріп кеткенімді? Дәл өзі деп қалдым. Жүрегім дүрсілдеп кетті. Қарасам, басқа біреу екен. Ұқсайды, сөзі де, қасы да, биіктігі де, бәрі де ұқсайды, Гүлшат, құдай ақына ұқсайды...

— Кімді айтып келесің?

— Сен білмеуші ме едің? Жүр, онда тезірек. Әнеугі жігіт. Таныстырайын. Жақсылап таныстырайын өзіңді.

— Оның кім? Мәулен бе? Оны мен білемін ғой.

Инеш тақырқай қарады. Аңада өзін шығарып салардағы өткінші кездесуді шын таныстыққа жорымайтындай.

— Қайда жүріп танысып жүрсіңдер?

— Қызғанба, қызғанба,— деп Гүлшат сылқ-сылқ күлді,— әйтеуір таныспыз да.

Гүлшаттың онымен қайда кездескенін Инеш қазбалап сұрамады.

— Қалай, ұнады ма саған?

— Ұнады.— Гүлшат тағы күлді.— Мәулен секілді жақсы жігіт ұнамай қалушы ма еді? Білімі аздап төмендеу болар, ө? Айып емес, армияда болғандығы ғой. Көзін айтсаңшы! Ақылға біткен байсалды, мейірбанды көз. Солай емес пе?

Инеш Гүлшаттың білегінен ұстап кенет тұра қалды.

— Ах, Гүлечка... кішкене кейін жүруге тура келді. Мына кітап магазинінде бір әйел бар еді. Сол бір кітап тауып қоям деп уәде беріп еді.

— Онда тез баралық,— деп Гүлшат бірден көнді.— Қандай кітап еді?

— Эжен Сюдің «Париж сыры» деген кітабы.

Гүлшат сырт айналып үндемей қалды. Соны аңғарған Инеш дәлел іздей сөйледі:

— Оқы деп еді... Әдебиетті білетін бір авторитет ұсынып еді.

— Ол кім?

Инеш күмілжи жауап берді:

— Әлгі... Белгіұлович...

— Ондай жазушыны Белгіұловичтың өзі оқуына қалдырайық.

Гүлшат Инешті балаға ұқсатқандай қолынан ұстады да, жетелей жөнелді...

9

Өткел бермес өзеннің тереңі де, саязы да болады екен.

Асу бермес таудың аласасы да, биігі де болады екен. Бозжановтың алдында асусыз тау тұр, өткелсіз өзен жатыр. Жок, досым, тау да, өзен де емес. Жалғыз тал бидай жатыр Бозжановтың алдында. Кәрім соған тұрып та қарайды, отырып та қарайды. Жалғыз тал бидай! Осы жалғыз тал бидай оған асу бермес асқаралы тау секілді, өткел бермес күркіреп жатқан өзен секілді. Жок, асу тауып, таудан да асуға болады. Өткел салып өзеннен де өтуге болады: ал мына жалғыз тал бидай!.. Сонау Орталық Қазақстаннан үлкен кеңістікті басып өтіп, ғалым қазақтың кабинетіне тап болған жалғыз тал бидай!... Ұзақ сапардың, көп жылғы іздену жолының бірден кесіліп, жоқтыққа батқан тұйығындай болып, оңаза сабағы мен кішкене дәндеріне тұңғыш сыр бүгіп, жұмбақ күйінде ғалым алдында жатыр.

Кәрім бұған үш жылдан бері қарауда еді. Орталық Қазақстандағы өзінің ғылымдық жұмысына жекеленіп берілген кішкене ғана егіндік жеріне көк тартып шыға бастағанда-ақ қараған. Бас жарғанын да, сүттенгенін де, дән салғанын да өз көзімен көрді. Міне, енді үйге әкеп тағы да қарап отыр.

«Мен сені еккен жоқ едім ғой, қайдан сая болдың?»— деп қарайды ол. Бар жұмбақ та осында жатыр... Кәрім мұның төрт-бес жылдық тарихына көз жүгірте бастады. Қай жылы, қай айда, қай күні, қайда екенін, одан түсімді қашан

алғанын, тұқымды қайда сақтағанын, келер жылы қалай еккенін — бәрін де көз алдына әкеп отыр. Бәрі де дұрыс, бәрі де...

«Дұрыс болса, бұл шіркін қайдан келді? Еккен бидайым қайда кетті? Жер тартып кетті ме оны? Бір қателік кеткен ғой, әлде бір жерде... Әлде басқа бір дәннің ұрығын торғай салып кетті ме екен? Әлде жел ме екен?»

«Жоқ, қате кетуі мүмкін емес, — дейді ол өзіне-өзі. — Мүмкін емес қате кетуі. Торғайдан қорғап марлі қалпақ кигізіп қойдық қой, желді де ескеріп, оңаша егіп едік қой. Қате кетуі мүмкін емес».

Осындай бас қатырар оймен Кәрім ертеңгі тамаққа шақыра келген жолдасын да елемеді. Мектепке барар бетінде кабинетке кірген кішкене ұлы Маратты да байқамады. Отыра берді, отыра берді... Бидай түрлерінің тарихын аударды. Бір бидайдың орнына басқа бір бидай шыққанды ешкім де жазбаған.

Түс әлетінде ашаң, қыз өңді жолдасы Еңлік тағы да кабинетке кірді. Бозжанов орнынан тұрды да, жағалай кітаптар қойған кең кабинетті кезіп, ерсілі-қарсылы жүре бастады.

Кәрімнің осы бір ерсілеу қимылына аздап езу тартқан Еңлікке ол жадау көрінді. Аласы айқын үлкен көзі бұрынғыдан да үлкейіп, өткірленіп кеткен. Қарасы мол қанды, қара келбеті ағараң тартып, бұл көріп те, сезіп те болмаған бір халге түскен. Сонысын аяныш еткен Еңлік ақырын сөйледі.

— Кәрім... Саған Добровтан кісі келіп тұр.

— Ие, солай-ақ болсын, қарашы өзің, Еңлікжан! Мынау, міне, жұмсақ күздік... ақ алақан масақты қызыл дәнді «эритроспермум». Ал менің еккенім ше? Менің еккенім қатты жаздық — «мелянапус — 69». Нанасың ба? Ешкіден қозы туған секілді. Притом, әкесі қошқар емес, тсеке.

Еңлік күлкісі айқындала берді.

— Сені күтіп тұр.

— Кім?

— Добров...

— Ау... Викентий Виксентьевич пе? Неге күтеді ол? Неге кірмейді үйге? — деп Кәрім қаттырақ басып есікке беттеді.

Ар жақтан орта жасты әйел көрінді.

— Сізді Добров шақырады. Тез келсін деп еді. Хабарлағанымды растап, мынаған қол қойсаңыз?

Добровтың өзі келді деп түсінген Кәрім сәл тұрып қалды.

— А-а, Добров па? Жақсы... жақсы... кәзір қайда? Кабинетінде ме?

Бозжанов тамағын асыға ішіп, тысқа шықты. Күн қабағы тұнжыр. Қапталды қалың бұлт көк тұманмен астасып, тіпті төмен келіп қалған. Енжар сіркіреп жаңбыр бүркеді. Ағаштардың басына көк тұман тоғысып түтінше баяу қозғалып, есіледі. Сумен шylanған асфальт, тіпті, сонау төменге еңістей тартып, өзен арнасындай жалтырайды. Жан тыныштығын онша көп іздей бермейтін Кәрім қол шатыр да алмады, машинаға да отырмады. Күн мынадай лайсаң, салқын болғанмен бой жазуды лайық көрді де, шпалтасын баса кніп, макинтошының жағасын тік көтеріп алып, жүріп кетті.

Жүріп келеді, ойлап келеді.

— Тағы да сұрайтыны диссертация жайы болар. Бәлкім, бір түрдің екінші түрге ауысуы туралы лекция оқы дер ме? Анада осы жөнінде бір айтқаны бар еді-ау. Лекция, ә? Так, так... «меланапус — 69»... «эритроспермум»... дегенмен «эритроспермум» қайдан тап бола қалды осы? Ол осы оймен партком секретары кабинетінің табалдырығын аттады.

Викентий Викентьевич жаймалы сатыға шығып, кең бөлменің ұзын бір қабырғасын түгелімен алып, төбемен тайталасып тұрған үлкен кітап шкафтың жоғарғы сөресіне қол созып жатыр екен.

— Егесе. Кәрім Бозжанович, хоп келдің. Мына бір... Әлгі бидай жайындағы бір кітап керек болып... Іздеп жатқаным... А, міне, мында екен, таптым... қайтеді?... Туламақ па, шіркін? Құлатып ала жаздадым-ау, Кәрім Бозжанович,— деп теңселіп кеткен жаймалы сатыға өз наразылығын білдірген Викентий Викентьевич шкаф жақтауынан ұстап, жер-көкті сықырлата зорға түсті. Бетінде қан ойнайды. Ілгері шығыңқы шекелі жалпақ маңдайы жіпсіп, термен шыланып жалтырайды, өзі алқынып қалған.

— Ау, мұның не, қария? Басқыш ауып кетіп, жазатайым болсан. Тұрып кете беретін мендей жеңіл де емессің,— деп Кәрім шынын да, ойынын да араластырып сөйледі.

Сол кезде есік ашылды да, ұзын мойын, сұңғақ, ақ құба, әдеміше келген көмекші қыз кірді. Бозжановтың даусын естіп кірген болса керек.

— Викентий Викентьевич, мен сізге неше рет айтпадым... Керек кітабыңызды мен-ақ әпермеймін бе? Кәрім Бозжанович мүлде дұрыс айтып тұр,— деп жатыр.

Добров мынадай қамқорлықты орынсыз санады ма, кім білсін, пенснесін төмен түсіріп, Бозжановқа сүзіле қарады. Ренжіп қалғандай кейпі бар.

— Біреудің жағдайын ойластырғаның жақсы-ау! Ал өзіңе жол болсын? Мынадай лайсаң күні жаяу жүруің қалай?

Машинаң қайда? Қол шатыр неге алмағансың? Тымау тисе қайтесің? Тамағың ауырып қалса ше?— деп бастырмалата бастады. Кейпінде әзәзілдік бар.

Мұны шын көріп қалған Бозжанов:

— Ну, ну... Викентий Викентьевич... Сен мені балаға санағың бар-ау,— деп дауласа кетті.

Добров қуақылана қалды.

— Ә... ендіше сен де мені қартқа санама!

Екеуі де қарқылдай күлді. Добров есік алдында ренжіңкірей тұрып қалған көмекшіге қарады.

— Жақсы, жаным. Осы соңы болсын. Енді қайтып қайталамайын. Кітап керек болса, өзіңді шақырайын,— деп жадырай сөйледі.

Көмекші қыз шығып кеткен соң орнына келіп отырды.

— Ал диссертацияң не күйде?— деді Бозжановқа.

Кәрім талай рет жеткізіп айтып, Викентий Викентьевичтің құлағын сарсытқан ғаламат бидай жайын тағы да баяндады. Партбюро секретары өз алдындағы изложницада тұрған он шақты қарындашты топтап ұстап, сусығандарын басқаларымен теңей отырып, ықыластана тыңдап содан соң сөйледі:

— Диссертацияны ендігі жылға қалдырмайсың. Қайткен күнде де биыл қорғау дұрыс. Токтамға келер уақыт жетті. Мұны партия ұйымының тапсырмасы деп біл. Бір қызық жай бар... Айтса да, бір жыл кейін еккен бидайдың жайы да осындай ма?

— Жок, олар Орталық Қазақстанның бар суығына төзіп, күздікке айналып келе жатқан «мелянапус — 69-дың» өзі. Селтсең шығып, тұйыққа қамап қойғаны — ана бірі ғой...

— Жок, сен оған көңіл бөліп, тереңірек зерттеуің керек. Бүгін Кеген аңғарынан бір колхоз председателі келді маған. Кеудесі былай...— Ордандері бар дегендей ол қолымен төсін көрсетті.— Қолында бір уыс бидай. Председательдің айтуы бойынша бір масактан түскен бидай. Ал соның ішінде бес-алты тал кара бидай жүр. — Міне, қызық,— деп Бозжанов ынталана дауыстап жіберді.

— Қызық жай деп отырғаным да осы. «Мұның сыры неде? Соны түсіндіріңдер»,— деп келген колхоз...

Кенет есік ашылды. Салмақпен басып Белгіұлов кірді. Добров түрсігелді.

— О, Белгіұлович, дөп келдің. Сөйтіп, колхоз председателі осының сырын түсіндіріңдер деп келген.

¹ Изложница — қалам, қарындаш салып қоятын сауытша.

Диванға саспай келіп отырған Майқан Добровты тындап қалды.

Викентий Викентьевич аңгімені қайта бастады.

— ...Сөйтіп бүгін түсте осында келді... кеудесі мынадай...

Бір бидай масағынан қара бидай шыққан...

Белгіұлов «рас па» дегендей елеңдеп қуанып отырды. Әр жерінде сұрақ қойып мыталанаты. Бір заманда Бозжановқа қарап:

— Міне, бұл саған табылмас факті ғой,— деп қойды.

Добров сөзін аяқтады:

— Сөйтіп, мен оған бір-екі ғалым мен биология факультетінің студенттерін жіберіп тексеруге уәде бердім.

Белгіұлов түрегелді. Шылым тартты. Бозжановтың қасына келді.

— Зерттеуге тұрарлық нәрсе екен. Барып қайту керек, көзбен көрген дұрыс.

— Соған Бозжанов скеуіңізді жіберейік пе деп ойлап едік,— деді Добров.

Белгіұлов орнына барды. Темекі түтінін молынан ішіне тартты да сыздықтап шығарып, ойлана отырып қалды. Содан кейін сіреңкесін қалтасына салды.

— Барып қайтуға әбден болады,— деді ақыры.

— Бесінші курс студенттерін түгел апару керек, көрсін. Тәжірибе алсын. Кітаптарды құр жаттата бергеннен ештеңе де шықпайды,— деп Бозжанов ұсыныс жасады.

Добров қостай сөйледі.

— Теория қашан да практика арқылы ғана жанданады. Жандандыруымыз керек бұл теорияны.

Белгіұлов қарсы дау айтты.

— Теория жетекші роль атқаруға тиісті. Практика, практика деп, студенттерді оқудан қол үздіріп жіберуге болмайды.

— Әлбетте,— деп қойды Добров.— Ал дайындалыңыздар.

Белгіұлов тұра берді де Добровқа күрт бұрылды:

— Ұмытып барады скемін-ау. Өткен жылы үшінші курста біраз себеппен өтпей қалған арнаулы курсым бар менің. Биыл, міне, төртінші курста төтенше түрде соны жүргізуге тура келеді. Ол жөнінде деканаттың тапсырмасы бар.

Викентий Викентьевич «не дейсің?»— дегендей Бозжановқа қарады.

— Шынында сол колхозға студенттерді екі адамның бастап баруының қажеті қанша?— деді Кәрім.

— Ие, бір адам барса да жетеді ғой,— деп Белгіұлов қостай сөйледі.— Мына Кәрім Бозжанович барсын. Жазып жатқан диссертациясына қажет фактілер.

Добров бұл пікірге көніп қалды. Белгіұлов бұрын тұрды да қош айтысты. Неге екені белгісіз, есікке қарай бет алғанда езу тартты.

Бұлар қабылдау бөлмеден сыртқа беттегенде партбюро секретарының есігі қайта ашылды. Ар жақтан Викентий Викентьевичтің жалпақ жалтыр басы көрінді.

— Кәрім, барған соң әлгі колхоз председателимен сөйлесесің ғой. Өзі ақжарқын тамаша адам екен. Фамилиясы... е-е, а, ие, Сексенбаев. Ал жақсы. Айтпақшы, Кәрім Бозжанович, ана қалған бидайларға да зер сал дедім ғой. Ұмытпассың оны. Кім біледі, аралық түр дегеннің сипаттары содан табылып қалар! Ғажап емес... Ал сау бол...

Осы сырды ішке түйіп, Кәрім үйіне оралған сәтте стол үстінде оқшау тұрған жалғыз тал бидай оның көзіне тағы ілікті.

«Сенің сының мен жұмбағың қайда бұл?» деп ол шкаф қуысынан қатты қағазға оралған тағы бір тал бидайды алды да, жазу столына әкеліп, орамын ашты. Енді екеуін қатар қойды, бір «мелянапус 69-дан» екі тал бидайдың екі түрлілігі жай көзге де айқын. Бірі қадүілгі «мелянапус 69-дың» өзі, ал екіншісі... «эритроспермум». Қай ғайыптан пайда бола қалдың?

Жаңағы шкафтан алған бидайдың масағын дәл түбінен ақырын ғана қырқып алды. Сабағының собыққа тақалған түбі қуыс емес, бітсу екен. Бұл қатты сортты бидайдың белгісі болатын.

Ол масақты қолына салып үкті де, қауызын ақырын ғана үрлеп ұшырды, содан соң ұзақ қарады.

«Иә, бұл шыныдай жылтыр, қатты бидайлар»,—деп қорытты ол өз ойын. Екінің көзі басқалардан оқшаулау бір дәнді шалды. Кәрім оны жырмалап, оңаша алып шықты. Ақшыл, солғын қызыл, ұнды, крахмалды дән. Кәрім таңырқай қараған қалпы қатып қалды.

— Еңлік! Еңлік, мына қызықты қара!— деп ол кабинеттен жүгірс шықты,— мына кереметті қара, байқайсың ба? Мыналар, міне, қатты бидайлар. Ал, мына біреуді қара, солғын қызыл... ұзыншалау... Байқаймысың?— Биологиядан хабары болмаса да, Еңлік Кәрім алақанына ықыластана үңілді. Басқаларға ұқсамайтын бір түйір бидайды мұның да көзі шалды.

— Бұл, міне, жұмсақ бидай. «Эритроспермумың» осы. Қызық екен! Жалыз түйір дәннен өнген бір баста екі түрлі бидай! Міне, ғажап! Дәл Сексенбаев айтқандай! Кәрім осы сөзді әлсін-әлсін қайталай берді.

Көпке дейін үйден ешкім жауап бермеді. Есік жақтауының кісі бойы қол ұсыным жеріне орнатылған қызыл кнопканы Инеш қайта басты. Коридорда ұзақ соққан қоныраудың самарқау үні бұлардың құлағына үздіксіз келіп тұр.

— Мәйнам ешқайда кетпеске керек еді,— деді Инеш тынышсызданып.— Ертемен өзін жайсыз сезініп отыр еді. Мигрені... ұстап қалған ғой тағы.

Инештің салалы саусақты кішкене қолы тағы кнопқаға барды. Жұп-жұмыр, мүсінді ақ сүйрік білегін жалаңаштап, ақ жібек кофтасының кең, ұзын жеңі кейін сырғыды. Әлден уақытта арғы жақтан ауыр қозғалған аяқтың төсенішке тиген жұмсақ даусы естілді. Былғарымен қапталған қалың қара есік жеңіл ашылып кетті: Мәнерлі көк-шұбар ұзын халатты Мәдине көрінді. Үлкен дымқыл ақ орамалмен бір жақ шекесін айқара таңып алыпты. Етжеңді беті қызара бөртіп ісініп, бұрынғы толық, маңғаз келбетін бұзып жіберген.

— Тағы не, басың ауырып тұр ма?— деп Инеш ақырын сөйлеп, аяғын ұшынан басып үйге кірді. Кескінінде кейістіктің ізі білінеді.

— Ие, Инешжан,— деді ол таңулы жақ шекесін дірілдеген қолымен қатты басып,— миыма қарай бір жылан...— Мәдине ернін жыбырлатып, хүмілжи сөйледі де, теңселе басып, өз бөлмесіне беттеді. Инеш кең коридордың түкпір жағындағы бөлмесінің шынылы есігін ақырын барып ашып, Гүлшатты бастап кірді.

— Кәзір келемін, ренжи көрме, Гулечка. Мә, мынаны қарай тұр.— Инеш қызыл былғарымен қапталған үш кісілік жұмсақ диванның қалқанында тұрған қалың альбомды алып Гүлшатқа берді де, сппен басып асыға шығып кетті.

Қарама-қарсы екі қабырғадағы сонау төбеге тірелетін бес-алты қатар сөрсде сығыстырыла қойылған кітаптар. Жұқа мұхарама ұсталған үлкен терезенің алдында қызыл ағаштан зерлеп істелінген көк шұғалы сәнді жазу столы тұр. Оң бұрышта радиоприемник, сол жаққа малдас құрып отырған күндіз бөрікті біреудің қара мәрмәрдан шабылған кішкене статуетка қойылған. «Бұл Инештің папасы болуға тиісті,—деп жорыды Гүлшат, ана жазу столындағы тұтас көк шұғалы креслоға отырып жатып.—Ие, ие, оның папасы академияда істейді ғой». Ал терезеге қарсы беттегі шығыс стилінде жасалып, неше түрлі ою-зерлермен безелген, өткен ұзақ заман өз табын қалдырып қарайта бастаған үлкен

күміс құмыра, стол, орындықтармен әдемі үндестік жасайды. Бұл құмыра парсы елінің үздік таралған торевтика деп аталатын зергерлік өнерінің жемісі еді.

Инеш келді.

— Жалыққан жоқсың ба?— Инеш жауап күтпей-ақ шапшаң сөйлеп кетті.— Жаман ауру. Екі күннің бірінде жатып қалады. Мәйнам ауырса, үйдің берекесі кетеді, Гүлшат. Мәуленнің де келмей жатқаны... осындайда жақын адамдарыңның бірге болғаны... ой, Гүлечка, көп сүйеу сияқты. Кәзір сен болмадың бар ғой... мен білмеймін. Мүмкін... жылап та алған болар ма едім. Міне, сен келіп... тым жақсы болып қалды.

Оның осы хал-сезімін өз күшінде түсінген Гүлшат Инешке адал көңілінің аяушылығын білдірді:

— Еміс ауру емес қой бұл. Дәрігерге неге көрінбейді?

— Гүлечка, сен білесің бе? Мәйнамнің емделгісі келмейді.

— Неге?

— Қызық, Гүлшат. Баласы өлгеннен бері қайта осылай жатып тұруды сүйе ме деймін... болмашы бірдемеге ренжиді де... жатып қалады. Шынымды айтайын, маған да ауыспаса игі деп қорқамын. Рас айтамын, Гүлшат. Нәсіл қуалайды дегенге сенбеймін. Дегенмен... жаман бір ырым бар менде. Бүгін болмаса ертең ауырып қалатын сияқты боламын да тұрамын.

Гүлшат Инеш сөзіндегі қайшылықты байқап, соған қарсы сөйледі.

— Онда сенбеймін дегенің бекер де?

— БСЭ¹ мигрень тұқым қуалайды дегенді қуаттайтын көрінеді ғой...

— Ескіріп қалды ғой энциклопедия. Жаңадан басылайын деп жатқаны да осыдан. Көп материалдар онда ескі бұржуазияшыл ғалымдардың теріс пікіріне сүйеніп жазылған. Соның бәріне біз илана бере аламыз ба? Күні бүгінге дейін хромосома теориясын оқып келсіміз. Ал Мичурин ілімі оның терістігін дәлелдеп отыр. Бұл туралы энциклопедия не айтады? Оны өзің де білесің. Не істеу керек соған?..

Инеш оның сөзін бөліп жіберді.

— Биология ғылымын ұстап тұрған да осы теория ғой...— Осы кезде Мәдиненің даусы естілді. Солай беттеген Инеш ойына тағы Мәулен түсті. «Кешігіп жатқаны қалай? Әлде... келіп кетті ме екен?».

Гүлшат оңаша қалған соң альбомға үңілді. О, қандай жақсы альбом! Түрлі-түсті әдемі суреттер. Алуан түрлі

¹ Большая советская энциклопедия.

архитектуралық стильде алынған сәнді үйлер. Талантты суретшілердің даңқты сурет-полотнолары.

Гүлшат соларға ұзақ, ынтыға қарады.

...Мына бір сурет оған соншалықты ыстық-ақ. Колхозда егін-жайды аралағаны бар-ды оның. Айнала сарыбуырыл тартқан түлкі мүрт егін сонау етектен көтеріліп келе жатқан өзі реңдес көгілжім сары ала шарпы бұлтпен нәзік астасып кеткен. Ел көңіліндей еркін есіп, соның бойымен толқын жүгіреді. Бар қуатын бойына сақтап тыныш жатқан теңіздей. Әлдебір ұлылық, тереңдік бар, қуаныштылық бар. «Шабда бастау керек. Ах, бұл сурет екен ғой. «Рожь»— Шишкин, «Көз жанарын толтырып тұрған қандай ғажай көрініс! Өмір. Кәдуілгі өмір». Тіпті Гүлшат құлағына желмен ойнап теңселген дәнді қара бидайдың шу-сыбдыры да шалынғандай болды.

Гүлшат тағы бір суретке үнілді, Түн... жаңа ғана көтерілген ай ала шабыр бұлт арасымен жоғары өрмелейді. Бозғыл сәулесі ала көлеңкелей ғана. Арғы жағы түн қоюлығына үнсіз еніп жатқан тұнғыш фонда жастық-масығына бой ұрған екеу тұр. Сурет астына «сүйемін» деген сөз жазылған. Гүлшат еріксіз езу тартты. Кенет суреті қолынан түсіп кетті. Еденге қырынан шаншыла барып тиді де, төңкеріліп түсті. Гүлшат еңкейе беріп еді, тап алдынан жасыл сиямен әшекейлене жазылған екі жол өлең өре тұрды:»

Алдағы жас өмірін, болашағын,
Дәл осындай бақытты болсын, жаным.

Горький атындағы парк.

«А-а... ескерткіш екен ғой. Кім берді екен, ә? Мәулен бе екен? Әлде, ана бір акын бала ма екен? Соның осындай... Жоқ, Мәулен болар... Туу, қажет емес, кім бергені». Гүлшат енді өзінің ұзақ уақыт жалғыз отырып қалғанын кенет сезді. Түрегелді де, үй ішінде жүре бастады. Инеш әлі жоқ. Ол кішкене қол сағатына қарап еді,— жарты сағат, Инештің кеткеніне жарты сағат болған. «Енді сабаққа дайындалуға болмайды. Оның мынадай жағдайда қолы да тие қоймас. Қайда жүр өзі?» Гүлшат дәлізге шықты. Ас үйде пышақ, шанышқы сылдыры естілді. «Инеш болуға керек»— деп ойлап, жартылай ашық тұрған есіктен сығалап еді, кішкене элсктр плиткасының үстіне бар денесімен үніле сңкейіп тұрған Инешті көрді.

— Инеш, не істеп жатырсың сен?

Маңдайында жылтыраған тер моншақтарын сыбанулы білестімен сырып-тастады ол.

— Мына бір спираль құрғыр... үзіле береді. Ал жаңасын салсам шоршып жатпайды. Саған какао берейін деп ем... Какаоны сүюші ме ең?

— Бекерге әуре болғансың. Мен кетемін енді. Тегі, сабақ дайындауға бүгін сенің қолың да тие бермес. Кәне, скеулеп көрейікші. Бағынбайтын неткен нәрсе...— Гүлшат электроплитасын өзіне қарай тартып алды да жаңа спиральді қолымен жүпірте бастап еді, бірде әне жері, бірде мына жері шоршып шыға берді.

— Бір керемет! Күнімен әурелегені.

Бұдан ештеңе өнбейтінін білген Гүлшат спиральді енді қолына алды. Екі ұшын алыс ұстап, плитка сымының вилкасына сақиналай кигізді де, розеткаға апарып сұқты. Ақ спираль ең алдымен күреңітіп, сонан соң жасыл түске келді де қызарып жүре берді.

— Мұның не, Гүлшат?

— Кәзір.— Жарты минуттен кейін Гүлшат плитка сымын электр ұясынан суырып тастады. Спираль қарауытқан көмірдей солғындап барып, көз ойнатар жасыл түрге түсіп жасып қалды. Суыған спиральдің бір басынан ұстап Гүлшат плитка қобысымен жүпірте бастады. Жасып қалыпты, секірген де, шыққан да жоқ. Гүлшат енді ақырын ғана жымынып күлді.

— Ал мен кеттім. Уақытым да жоқ. Комсомол комитетінің бір тапсырмалары да бар еді... сау бол, уәдемізді ұмытып кетпе! Ұмытпайсың ғой! Сол күні осында... жок, университетте-ақ жиналсақ... сөйтіп, жиналып барсақ...

— Гүлсчка, мен, тегі, бара алмайтын шығармын деймін. Мына Мейнамды... көрмейсің бе, міне...

— Онда өзің білесің. Ал, сау бол!

Кенет Инешті көңілсіздік басты. Терең күрсініп алды. Несіктен? Оны өзі де білмейді. Осы бір үлкен үйде оның жалғыз өзі қалғандай. Жок, ол жалғыз емес, Мейнасы бар оның. Я, я, көңілсіздіктің өзі сол Мейнасының ауырып қалғандығынан.

Ол не істерін білмеді. Мәдине жатқан бөлмеге барды. Ұйқылы-ояу адамдай көзін сәл ашыңқырып бір қырынан жатыр. Жиі-жиі дем алады. Соның өзі қиналып жатқанын аңғартқандай. Өмірдің барлық қызығын өткізіп, енді салқын тартқан ауру адамға балаша дем алу жараспайды-ақ.

Ол келіп Мейнасының мандайынан сипады. Не ішкісі келетінін сұрады. Мәдине ең әуслі басын шайқады. Содан кейін біраз уақыт ерні жыбырлап жатты. Бірдеме туралы қайта-қайта айтқандай болды. Шешесінің не деп жатқанын ести алмады Инеш. Мұндай ауыр минутте не туралы айтушы

еді ана байғұс? «Өзіңе қара, жүдеп қалма, тамақ істеп іш»— дейді. Инеш оны бірден түсіңді. Инеш Мәйнасының төсіне басын салды. Өзіне таныс бауыр басқан дымқыл, бұрқыраған мейірімді иіс, ана иісі. Жұмсақ та аппақ ана кеудесі кенет бозғыл тарта бастады. Күңгірттеніп, қарауытып алыстап барады. «Ой, қалайша алыстап кетті? Жок, қарауытпауға, алыстамауға тиіс»— Инеш көтеріле түсіп, анасын құшақтап алды.— «Терлеп жатыр екен ғой. Тұу, қалайша ағып терлеп кеткен?» Жок, тер емес бұл. Мәдине кәзір терлеп те, ыстықтап та жатқан жоқ. Инештің көзінен аққан жас бұл. Ие, уақыттай дыбыссыз жылжып оның көзінен мөп-мәлдір жас тамшылары домалай берді.

Тұу, қандай ақымақтық. Ертең-ақ айықпай ма Мәйнасы? Айығады, сөзсіз айығады. Әрине, ақымақтық.

Ақылды адам өте сирек жылайды. Міне, Мәйнасы ақылды. Ауру қажытып жатса да, жас алған жоқ көзіне.

Кенет телефон қоңырауы соғылды.

— Папа... жаман емес. Ие, ие, жаңа келдім. Тамақ ішкен жоқ... кеш қайтам?.. Ерте кел, папа. Сондай көңілсіз...

Ол сыртқа шықты. Почта жәшігінен шеті шығып тұрған газетті көрді. «Мәйнам жатқан соң газеттер де алынбаған екен ғой». Жәшіктің қақпағын ашып жатып, кенет Мәуленді есіне түсірді. «Неге келмеді екен?» Инешті әлдебір жүрек тырнар сағыныш биледі. Кенет газет арасынан әдемілеп төрт бүктелген бір қағаз көріне кетті. Инеш асыға ашты. «Инешжан, үйге келіп едім, ешкім дыбыс бермеді. Кейін хабарласармын. Мәулен». Қыз қайыра оқыды. «Үйге!» «Үйіңе» емес, «үйге!» Жүрекке жылы тиер қандай биязы сөз!

11

Мәулен кітапханадан шаршап келді де, жатып қалып еді, көзі ілініп кеткен екен, дауыстан ояңды. Басында төне түсіп Жолтай тұр.

— Мәулен, бір шаруа болып қалды. Тығыз шаруа. Коридорға шығып кетсең...

«Нс болып қалды?»— дегендей Мәулен оған сұрана қарады. Жолтай бөлмеде отырған студенттерді көрсете ым қақты. «Мына жұрттың көзінше айтуға болмайды»— дегендей белгі берді.

Мәулен еріне басып сыртқа шықты. Жолтай оны дәліздің басына қарай қолтықтай жүрді.

— Бүгін кешке бір студент той жасайды екен. Соған шақырған еді. Қалай ойлайсың, барайын ба, әлде бармай-ақ қойсам ба екен?

Мәулен күлді.

— Мұның несіне ақылдасу керек?

— Сонда да, жолдассың ғой, айтсаңшы?!— деп қиялды

Жолтай.

— Менің ақылым ғана жетпей тұрса, бар онда.

Жолтай Мәуленнің арқасынан қағып қойды.

— Деген жерден шықтың, достым. Ал онда әнеуіг ба-
зардан алған кең балақ шалбарыңды бере ғой. Жақсы-жақсы
қыздар келеді екен. «Өзінде жоқ болса, жолдастарынан неге
сұрап кимеген?»— деп сөгіп жүрер.

Мәулен реніш білдірді.

— Жерден жеті коян тапқандай қопайтып, оңашалап
жүргенің осы ма? Бүйтіп жұмбақтамай-ақ жай сұрай сал-
майсың ба? Ал да ки, бар!

Жолтай кері бұрылған Мәуленнің соңынан ерді.

— Ал, рақмет, Мәулен. Сен үйге кіре бер. Мен кәзір
келемін.

Мәулен бөлмеге кірді де қайта жатты. Бір уақытта Жол-
тай келді. Қолында бір қара пиджак, сұр жейде, қызыл
ала галстук.

Мәулен қара пиджакты бірден таныды. Ереннің пиджағы.
«Қалғандарын кімнен қақты екен?»— деп ойлады ол. Жол-
тай Мәуленнің қасына келді. Қалта айнасын алып, кітап
сөресіне қойды. Жаңа әкелген көйлекті киді.

Ұзақ әурелеп ақыры шоқпардай есіп галстукты түйді.
Содан кейін айнаға бір, Мәуленге бір қарады.

— Ал қалай көрсең, жараса ма?

— Жарасқанда қандай! Қыз біткен енді соңыңнан
қалмайтын болады,— деді Мәулен.

— Көйлектің қыртыс-тыртысы бар екен. Зато пиджак
жақсы. Шешпеспін. Ішіме кім үңілер дейсің,— деді Жолтай.
Содан кейін Мәуленге бұрылды.— Ал, Мәке, әлгі шалбарың
қайда еді?

Мәулен есмеданда бүктеулі жатқан сары шалбарды алып
шықты.

— Ойбай-ау, мынаған қыр түсіру керек болды ғой.
Әй, Мәке-ай, шалбар дегенді адам жанбаста ұстамаушы
ма еді!

— Жамбасым менің жұқа емес,— деп Мәулен күлді.—
Шалбар төссініп, шұлық жастанатын күннен өткенбіз.

— Ойыны жок.

— Е, расың болса, не қиындығы бар, суға батыр да, өз
астына баса ғой,— деп Мәулен қабырғаға аунап түсті.

Жолтай сағатқа қарады.

— Бұ да жөн екен-ау. Өтек іздеп тобан аяқ болғанша...— деп ол шешіне бастады.

Мәулен теріс қарап күліп жатыр.

Осы бір жігіттің бойында біраз ғаш жайлар бар сияқты. Бастапқы күндерде Мәулен оны жақын санап, іш тартып жүруші еді. Бірақ бір бөлмеде тұрса да сирек жолықтыратын болды.

Мәулен сабақтан шығысымен асханаға барып тамақ ішеді де, кітапханаға тартады. Кеш қайтады. Ал бұл кезде Мұздарарпов жатуға ыңғайланып, шалбарын сулап төсегінің астына салып жатады (Тіпті шалбар қыры тәуір шығуы үшін ол жұмсақ сеткадан да қашатын. Тақтайлы кереуетті артық санайтын-ды). Ал Мәулен болса, солдат тәртібімен ерте тұрады. Бұл кез, әрине, басын мақталы қалың көрпемен тұншықтыра орап, қара тер болып деміге қорылдайтын Жолтайдың тәтті бір түс көріп жатқан шағы болатын. Ол содан сәске түсте тұрады. Өткен күнгі жақсы-жаман оқиғаларды есіне түсіріп, біраз жатады. Есінейді. Жасау-раған көзін сүртеді. Қайта-қайта керіледі. Тұрғаннан кейінгі алғашқы шаруасы — телефон соғу. Жолтайдың дағдылы бір-ақ сұрағы бар:

— Ал бүгін қайда боламыз?

Бұл сұрақтың мәні де бар. Ең алдымен Мұздарарпов университеттің оркестрінде істейтін-ді. Біреу елуге толады, енді біреу үйленеді, ал үшінші біреу қайтпас сапарға аттанып жатады дегендей, оркестрді қалаушылар да табылып қалатын. Ондай жерден Жолтай көңілді қайтады. Көрген сый-құрметін, ішкен-жегендерін, кімнің қандай сөз сөйлегенін айрықша бір шабытпен баяндай келеді. Ал айтары таусылса, кларнеті бар. Отыра қалып соны өңештейді. Кларнет оның болашағы ғана емес, нан тауып жер күнделігі де. Сол себепті қой дей алмайсың. «Қой!» деп кесіп айтып, бір адамды келешегінен айырар қандай қара жүрек табылар дейсің!

Мәулен осы ойда жатып Жолтайдың қалай тұрып, қашан кеткенін де байқамай қалыпты.

Ойлап қараса, осы бөлмеде жататын студенттердің алуан түрлі мінез-қылықтары бар. Мінез қилылығы солдаттар арасында да болушы еді. Олардың ішінде де сөйлегіші мен өтірікшісі, бөспесі мен мақтаншағы, есері мен ақылдысы, ойлысы мен іскері, ұшқыры мен үндемесгіші, тағы сондай-лары толып жататын. Сондай қиянқилы мінездер жауынгерлік бір тапсырма кезінде ғаламат бір үндестік тауып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара қоятын еді. Ал

мына студент ортасында сол үндестік жоқ сияқты өзін әлі де солдатша сезінетін Мәулен көзіне. Біреудің дем алғысы келсе, екінші студент ән салуды қалайды. Біреу оқығысы келсе, енді бірі әңгімелесуді ұнатады. Жұрт болып стол басында сабаққа дайындалып жатқанда ішінен оқи алмай-тындары да бар. Соның бірі Мұстан Мықтыбас деген жігіт. Танауы шуылдап күбірлеп отырғаны ылғи. Мәулен бастапқы кезде:

— Ішіңнен оқы!— деп көріп еді:— Бала күніменен осылай оқып үйренгенмін,— деген келте жауап алды. Мұстанның бұлай оқып үйренген себебі — жалғыз өскендігі екен. Оңаша бөлмеде отырып алып, үйді басына көтере оқып, үйреніп кетіпті.

— Енді ішіңнен оқып үйрен!— дегенге Мұстан ашу шақыра бастайтынды да шығарды. Не дерсің оған! «Жалғыз болып неге өстің? Екеу-үшеу болып, көп болып неге өспедің?»— деп қалайша кінәларсың оны! Десек те, ақыл көзі бірде жетіп, бірде жетпей, әлдебір жұмбақ тұңғығынан асыл іздеп, кітап үстінде өзінді ауыр ұстап отырған шағында қасындағы адамның пыш-пыш күбірлеп отырғаны қандай қолайсыз!

Ал қара көзді, балуан денелі жігіт бұлардың біріне де үлеспейді. Ол өзі барынша түйық болса керек. Жұрт әңгімесіне құлақ қоймайды. Ұнатпағанын да сездірмейді. Мәуленге ұқсап кітапханаға да жиі барып, ұзақ отырмайды. Керек кітаптарын осында әкеліп, әңгіме, сыбырдың арасында міз бақлай отырып оқи береді, жаза береді. Осы бір түйымқтығынан селт етіп, күрт шығар мініздері де бар. Ең әуелі ұзақ үндемей отырады да, «сүйіскен көңіл гүлмен тең», не болмаса, «сол көктемдей көңілдің...», «қан тамыры — дүниенің көліп көктем...» деген сияқты өзіндік көңіл күйін танытар оғаш бір сөздерді айтады да содан соң ұялып қалады.

Бір ретте Мәулен екеуінің жолы бір түсті. Мезгілі өтіп бара жатқан күз күні. Ауада жаңбыр иісі мен зәрсіз салқындық білінеді. Ренсіз, жұқа бұлт таудан төмендеп стеккс ойыса қапталдап барады. Жапырағы түсіп, жалаңаштанған көше бойындағы бәйтеректер де селдіреп қалған. Оқтын келіп бетке соққан салқын жаңбыр тамшыларымен дымқыл тартып, шыны мұздақтанып жылтыраған болады. Жасаңғыраған ауыр салмақпен тыныштығы мол күз күнінің өзіндей баяу текселіп суылдайды.

Оң қолда үлкен үш қабат ұзын үй қалып барады. Есіктен шуласа шыққан бір топ студенттер жол-жөнексі әлдекім оқыған лекция туралы таласа, айтыса бастады.

— Соған жалғас акушеркалар училищесі. Жіні орнатылған тал арасынан бір ғажап мүсін көрінеді.

Нәзік дене бітімі барынша көрінген жас ана әдемі бір позада тұрып, аяғын енді-енді қалтақтап басқан сәбидің төбесінен су құйып тұр. Судан сал тітіренткен ол демін ішіне тартып мықырайынқырап қалған. Қуанышты жүзінде тек сәбиге ғана тән тыжырынушылық бар. Хатта, тыжырынған келбетінде рақаттанушылық пен қуаныштылық барға да ұқсайды.

Көшенің ары бетіндегі тұрғын үй кеше біткен еді.

Бүгін жұрт келіп орналасып жатыр, екінші, үшінші қабаттардың балкондарына жаңа көшіп келушілер дымықыл күнге қарамастан қызыл ала төсек-орындарын, киім-кешектерін жайып тастаған. Жүзінде мол бейғамдық қуанышы бар мектеп жасындағы бір бала балкон шардағынан сығалап, көшеге зер салып отыр.

Қара көзді, балуан денелі студенттің осы көріністің бәріне тойымсыз көз салып келе жатқанын Мәулен байқаулы. Ол бұлардан сырық тастам жерде жапырағы түсіп болған бір ересек теректен көз алмай жақындап келді де, тұрып қалды. Жүзінде асқақ әсерлену бар.

«Мынау ақын ғой»,— деп ойлады Мәулен.

— Осы ағаштың бойынан кімді көріп тұрсың,— деп сұрады ол Мәуленнен.

— Кімді көргені қалай?

— Бұл арада бір ақын тұр.

— Ақын тұр?— Мәулен ағашты етегінен бастап сонау ұшар басына дейін шолып шықты. Төменгі бір бұтақта үзіле түсіп, ілегіп, желмен қыбырлап, босап кетудің қаразын істеп тұрған үлкен сары жапырақтан басқа ешбір ақынды көре алмады.

— Бұл арада Пушкин тұр,— деді де қара көзді жігіт ілгері жүріп кетті.

Келесі күні ертемен Мәулен дауыстан оянды. Көзін ашқан қалпы құлақ салды: «Я пережил свои...». Ол ұшып тұрды. Қара көзді студенттің жанына барды. Оның жатқан қалпы. Қолында ортасынан ашылған кітап.

— Не істеп жатырсың, Сымбат?

— Жай өлең жаттап...

— Қандай өлең? Бере тұршы.— Мәулен Пушкиннің кішкене кітапшасын қолына алды. Жасыл сиялы автомат қаламмен белгі қойған өлеңге үңілді:

Я пережил свои желания
Я разлюбил свои мечты:
Остались мне одни страдания,

Плоды сердечной пустоты.
Под бурями судьбы жестокой
Увял цветущий мой венец,
Живу печальный, одинокий
И жду: придет ли мой конец?
Так, поздним хладом пораженный,
Как бури слышен зимний свист.
Один — на ветке обнаженной
Трепещет запоздалый лист!¹

— Әдемі өлең, ә, Мәулен? Ақын болып... шіркін-ай...
Аударса?..

Мәулен күлді.

— А-а-а... кешегі Пушкиннің осы екен ғой сенің.

Сөз күннен бастап ол Сымбатты іштей жақсы көріп
кетті.

Бір ретте Сымбаттың стол үстінде ұмыт қалдырған
кішкене блокнотына Мәулен көңіл аударған. Сыртында су-
ретші қолымен барынша әшекейленіп, әдемі жазылған «Ли-
рика» деген сөз тұр. Оның астында «Дәптер № 2».

«Бұл екінші дәптер, ә? Біріншісі де бар болғаны ғой». Осының өзі-ақ Мәуленді ынталандырып жіберді. Иесінің рұқсатына қарамастан аша бастаған. Ол мұны Сымбаттың өз жазғандары ғой деп ойлап қалып еді. Мәулен ойы теріске шықты. Блғи терінді, көшірме өлеңдер екен. Пушкин мен Лермонтов та, Абай да, Фет пен Рабиндранат Тагор да, Брюсов пен Блок та бар. Щипачевтың да біраз өлеңдері осында жүр. Соңғы бетінде Пушкиннің жаңағы «Я пережил свои желанья» деген өлеңі. Тегі, оны Сымбат кешелі-бүгін ғана көшіріп жазса керек. «Мүмкін... мүмкін өз жазғандары бірінші блокнотында шығар! Көрсер ме еді!» Ол Сымбатқа бұрынғыдан да құмарта түсті. Осылай әр алуан мінезді жастар болса да, Мәулен бұл ортаны күн санап жақсы көріп барады. Әрбір талас-тартыс — солдат Мәуленге сабақ.

¹Тлекті түгел тауыстым,
Арманнан мүлде түйілдім.
Азаппен үміз табыстым,
Ойымен - қуыс көңілдім.
Дауылы қатал тағдырдың
Жас гүлін жанның семдірді.
Кайғыда қалған жалғызбын,
Зарығам күтпін өлімді.
Соққанда күзгі сұрапыл,
Сарғайған соңғы жапырақ,
Осылай жалғыз тұратын,
Қу бұтақта қалтырап.

Аударышы Ізтай Мамбетов

Ал талас тақырыбы болмайтын не нәрсе жоқ дейсің бұл ортада! Жалғау-жіктеу де, күннің райы да философия мен әдебиет тарихы да, хромосома теориясы да тіпті ресторанда тамақ ішкенде вилканы қалай ұстау керектігі мен әйел прическасы да талас туғыза алады. Шындық сыры талас арқылы ашылады — деген даналық сөзді ежелгі гректер бекер айтпапты. Жаңағы таластардың қайсысында болсын сондай шындық жатады. Олар білімге жетелейді. Шала білетінінді бекітеді. Талас үстінде жығылып та, сүрініп те жатасың. Оған етің ауырмайды, бірақ жығылсаң да тұра келесің. Бұрынғыдан да мықтанып алғаныңды сезінесің.

Әзірше Мәулен бұл таластардың белсенді қатысушысы емес, тыңдаушысы ғана. Мұның алдында үлкен-үлкен сұрақтар бар. «Не оқыдың?», «Қанша оқыдың?», «Қалай оқыдың?»— Қызу жүріп жатқан университет өмірінің сәк кішкентай бір бөлшегінен бастап семинар сабақтарына дейін Мәулен алдына осы сұрақты тартты. Электр қонырауының күмбірлеген зор даусында да осы сұрақ қайталанып тұрғандай.

«Аз оқығансың».— Міне, бұл оған шығарған бүтінгі күннің үкімі. Осы үкім Мәулен табанын сайға тигізбейді. Қала кітапханаларының бәріне де сүйреп бағады. Бұл күнде кітапқа құмартушылар көп-ақ. Мәулен біраз тұрып қалатынын сезеді. Уақытым кетіп қалады деп ренжімейді де. Бұл оның өтер мезгілмен есептеспейтіндігі емес-ті. Уақытты артығымен бағалаушылардың бірі соңғы күндерде осы Мәулен болып алған-ды. Уақыт деген — көзге көрінбеген мазмұн, әлуетті күш, шешегін жармаған гүл, оқылмаған кітап, болуға тиісті оқиға, ашылмаған ғылыми жаңалық. Келер уақыттың әр секундында ұлы істердің ұрығы бар. Секунд қашан да өмірге жүкті болып келеді. Босандыру, бойындағы мүмкіншілікті шындыққа айналдыру саналы адамның міндеті. Уақыт туралы осындай философиялық қорытындыға келіп, дұрыстығын талассыз деп санаған Мәулен, кітап алу үшін өтер біраз уақытты көп бөгеттердің бірі ғана деп біледі. Жалықпай тұруға бел байлап кезегін белгілейді. Сөйтсе де қандай кітаптар аларын қарастыра бастайды. «Кімнен, неден бастау керек? Әдебиеттен бе, философиядан ба? Әлде эстетикадан ба?»

Бұл үш пәнді іріктеп алуында себеп те бар еді. Өз талантын анықтай алмаған жас адамға тән «кім болсам екен?» деген сұраулы арман Мәулен көңілінен де мықтап орын алған. Бір кезде Мәулен ақын болуды арман етті. Өлсіндер де жаза бастады. Олары бірер рет облыстық газетте

де басылған. Сол кезде әдебиеттен сабақ беретін сүйкімді мұғалімі де болған. Мұғалім ғана емес еді-ау, ақын да еді. Міне, сол мұғалім Мәулен жазған өлеңдерді онша өзгертпей-ақ газетке жіберуші еді. Талай рет тақырып беріп оған қозғау салған, ой салған.

Мәулен екі-үш жыл ақындықпен шұғылданып жүрді де, ақыры мектепке өлең жазбайтын басқа бір әдебиетшінің келуімен байланысты одан қол үзіп кетті. Енді ол әдебиет сыншысы болуды арман ете бастады. Әдебиетші болғанда да, нағыз марксистік әдебиетші болғысы келді. Оның құлағына оқта-текте «эстетика» деген сөз де жетіп қалатын. Бір жылы тағы бір әдебиетші келген-ді. Балалар оны ұнатпайтын. Өйткені, ол оқушыларды қатты ұстауға тырысатын. Ер бала мен қыз бала қатар отыра қалса, немесе, біреу-міреу күле қалса, орнынан ұшып тұратын да: «Ей, товарищ, класс ішінде эстетизмге жол жоқ, шығындар, эстеттер»,— деп ақырушы еді. Әрине балалар эстетиканың не екенін де білмейтін. Бірде көңілі түсіп отырған шағында, олар мұғалімнен «эстетика деген не?» деп сұрап еді. Оқытушы жымиып күліп алып: «Бұл — сұлулық туралы ғылым» деп жауап берген. Мұғалімнің осы сөзін әр түрлі жорыған. Біреулер «сұлулық тек қыздарда ғана болады, олай болса, қыздар туралы ғылым, мұғалім мұны айтарда тегін күлді деймісің»— деген-ді. Бұған Мәулен де қол қойды. «Әрине, сұлулық деген сөз қыздарға тән болмағанда, кімге тән болушы еді!» Осы себепті қыздар туралы «ғылымды» оның оқығысы келген. Эстетика атты кітаптардың бәрін де жинап, басын оқитын да, қыз туралы бір ауыз сөз болмаған соң ренішпен тастайтын.

Сол күнгі пікірлеріне енді кешегі көзбен, балалық, оқушылық мінез-құлықпен емес, ержеткен адамның есейген, байымды көзімен, университет көзімен қарайды. Өмірде қыздан басқа да сұлу нәрселер бар екен. Мәулен үшін сол сұлудың бірі — университет. Ол үлкен фабрикаға ұқсайды. Шығарып жатқаны мата мен жібек емес. Ертенгі күннің адамдары. Келешек иелері. Келешектен сұлу не бар? Сұлулық сол келешекті де түгел қамтиды.

Ойын осылай қорытындылап, ол өз кезегімен келіп кітапханадан Маркс, Энгельс, «Искусство туралы», Ленин «Әдебиет туралы» деген кітаптарды, Н.Г. Чернышевскийдің «Эстетическое отношение искусства к действительности» деген еңбегін алып шықты.

— Жолдас Жандосов?

Мұның қасына ақырын басып Ерөн Дайыров келді.

— Охо... кітаптарды құшақтап алғансың ба! Дұрыс, құшақта, құшақта. Автомат ұстаған қолда кітап та тоқырай алады. Құшақта,— деп әлдебір ырзалықпен жедел сөйлеп Мәуленді қолтықтады. Комсомол комитетіне барған соң, ол Мәуленді отырғызды да, өзі қарсы келіп:

— Қалай, жайласып, жұртпен таныса алдың ба?—деп сұрады.

Мәулен өз бөлмесіндегі жайды жасырмай айтты.

— Ештеңе емес, ақылдың әлі тәртіпке түспей жатқаны ғой,— деп Ерен күлді. — Екінші курсқа барған соң ондай үйлеспеушілік жойылады. Оның үстіне университет жаңа корпустары да біте бастайды, Сен ол жөнінде ештеңе білесің бе? Университет қаласы! Мінеки,— ол Мәуленді қабырғада ілулі тұрған үлкен макетке жетелеп әкелді.

Бірінші макет-суретте көк жапырақтан оза көрініп алты үй тұр. Бұлар жарығы мол кең аудиториялары, осы заманның аспаптарымен қаруланған ондаған лабораториялары бар университет корпустары. Үлкен алаңды төңіректей салына осы үйлердің сырты сонау тауға қарай өрлей созылып көгереді. Мұны студенттер алден-ақ «Ботаника бағы» деп атай бастаған. Ие, бұл ботаника бағы. Онда жер шарының бар түкпірлеріндегі өсімдіктердің түр-түрі өсіріледі. Өсімдік пен өсімдік өнер ортаның бірлестігі жайын терең тексеруге мұнда мүмкіндік туады. Барлық практика жұмыстары да осында жүргізіледі. Көзір сол тұс темір шардақтармен қорғанышталып та қойылған-ды. Көктем келісімен іріктелген өсімдіктердің алғашқы тобы егіле басталмақ.

Ал университет жатақханалары сол бақпен жарыса жатыр. Мәуленнің көз алмай қалғаны да осы бір макет еді. Ең әуелі, бөлмелердің кішілігіне қынжылып та алды. «Осы бір аядай жерде төрт-бес студентті әкеп сығады ғой»— деп ойлады. Сол пікірін жасырмай айтты да.

— Қайдам мынаның да бөлмелері тым кіші көрінеді.— Дәл осы кезде телефон қоңырауы соғылып, трубканы көтерген Дайыров мұны шалалау тындап, қайыра сұрап, сал жымиып қана күлді. Оның осындай күлкіден кейін әмөңде әзіл айтатыны Мәуленге мәлім бола бастаған. Ондай қалжыңды дәл осы арада орынды деп санамаған Мәулен көңілсізденіп қалды.

— Студентке бұдан артық не керек? Танцплощадкасы жоқ деймісін, әлде?

— Қойшы әзілді. Мен би туралы айтып тұрмын ба? Әңгіме студенттің оқуына, дем алуына мүмкіндік туғызу жайында. Москва университетіндей болмай-ақ қойсын. Дегенмен де...

— Ис, ие, ал «дегенмен де» сөйлей бер.

— Кәдулігі жұпыны жайлылық бар ғой, сол бізге де керек.

— Мен түсінбей қалдым сені, достым. Бұл бөлмеде сол жайлылықтың бәрі де болады.— Ол жаңағы университет макетіне жақындап келді де, ішкі жағдайы жарыла көрсетілген бір бөлмені қолымен басты.— Міне, мына араға қойқаң, мына жерде этажерқаң... ал терезе алдында жұмсақ диван. Гардероб қабырғаның өзінен шығарылады. Ортада жазу столың тұрады. Мына бір кейінгі бөлмешікке ас ішесің. Онда розетка орнатылады. Мына арада ваннаң. Ыстық, суық су үзілмейді, қалған жерге биле, пожалуйста, қолың тигенде. Не ет дейсің енді?

— Ну, мұның бәрі де бір студент үшін, мен үшін ғой. Ал басқа студенттер ше? Сәрсенбаев, Бейсенбаев... тағы толып жатқан... баевтар ше?...— Ерен жүзінде күлкі жоғалып кетті:

— Өлі де жете алмай жатыр екенсің ғой, достым. Бұл тек саған ғана... басқа... баевқа тағы да осындай бөлме беріледі.

Мәулен таң қалды.

— Қанша студент болса, сонша бөлме болмақ па сонда?

— Енді қалай деп едің?

— Оһо, Москва университетіндей болады де.

— Әрине, жаңалық іске құлағың түрулі болмаса заман көшінен бірте-бірте қала бересің. Уақыт сенен оза-оза алыстап, қарасынын үзеді де, көрінбей кетеді.

Мұндай орынды ескертуді Мәулен енді әлгі бір қуаныш үстінде қабылдады. Өзі макетке төніп, екі қолын түйіп алған, сәрексіз бір күш тасқынына бөленгендей.

— Менің қолыман күшті сіккім алған жоқ қой. Сенбілік неге ұйымдастырмаймыз. Бұған менің құдіретім жетеді ғой, кітапқа жетпессе де.

Ерен күлді.

— Кітапқа неге күшің жетпейді? Жеткенде қандай! Сен бәрінен бұрын соған салуың керек.

— Ал сенбілікті ше?

— Оған да...

Мәулен Еренді алуатті қолдарымсн қапсыра қысып, құшақтап алды да, жерден жніл көтеріп әкетті...

Осы бір шағын бөлме қыздар мекені екені тазалықтан да, талғаудан да танылады. Жинақы жиналған үш керуест. Тұсына айшық кестелер мен суреттер ілінген. Қарсы екі

бұрышта үлкен этажерка. Сықай жиналған кітаптарды шап баспаған. Осындағы бір қыз қолынан нәзік жаралған селдір кестемен жабулы көк тумбочка үстінде түрлі суретті қалбырлар мен шағын шынылар.

Солардан бөлме ішіне жұмсақ жұпар иісі тарайды.

Әуесқой жігіттер:

— Гүлшат бөлмесінен қыз иісі бүркырайды,— деп те қалжындайтын.

Ие, бұл бөлмеде Гүлшат Амановадан басқа биік прическалы Зада Қасымова мен химия факультетінің төртінші курсында оқитын Ажар Артығалиева деген қырғыз қызы тұратын.

Зада сөзшен болса, Ажар тым нәзік көрінуші еді. Неге екені белгісіз, жұрттың бәрі оны Аллочка деп кеткен-ді. Таныстардың көпшілігі Ажардың фамилиясын да біле бермейтін. Француз тілінің маманы, көпке қатыгездігімен аты шыққан Абрамовичтің өзі де: «Аллочка, голубчик мой» деп еркелететін. Сүйкімділігінен бе, әлде сонша әдемі билейтіндігінен бе, не болмаса, арманшыл сезімталдығынан ба, әйтеуір ол көп назарының гүл шоғындай еді. Өзінің осы ерекшелігін танытын Ажар аздап еркелей жүргенді де ұнататын.

Ал Гүлшат болса бұлардың біріне де ұқсамайды. Көп те сөйлеспейді, еркелікті де өз басына лайық көрмейтін. Жатқа паң да, жақынға бауыр етіп кесіп беретін Гүлшаттың өмір жолы да, толайы да басқа еді олардан. Гүлшат әкесінен жастай қалды. Қауырсын қанат қатпаған балапан кезде «қалқам» деген бір ауыз сөзін қатты сағынатын сол бір үлкен адамның кескін-кейпі де жадында жоқ. Оралмас сапарға аттанар шағында кішкене Гүлшатын шақырып алып мандайынан іскепті де жұбайына қарап:

— Қанаттыға қақтырма, тұмсықтыға шоқыттырма!— депті.

Неге айтылғаны белгісіз осы бір жұмбақ сөзді де жадына сақтамаған Гүлшат.

Бұл ес білген кезде осы үйге беті табақтай, жүндес қабағы төмен қарай біткен, шегір көз, жуан сары кісі келіп қонды.

Әйтеуір осы қонақтың келуімен байланысты шеше бишараның мазасы кетті. Бір ауыз қатты сөз айтпаған Гүлшатын бір-екі рет зекіп те тастады. Дағдысынан ерте жатқызды. Содан кейін қонақ екеуі ауыз үйге барып шай іше отырып, ұзақ сонар бір әңгімеге кетті.

Бір шақта қалғып ұйықтап кеткен Гүлшат шошып оянды. Ауыз бөлмеде сықсима шам әлі жанып тұр. Анасының солқылдап жылағаны естілді.

— Кішкене Гүлшатымды жауаң көз ете алмаймын. Құдайдың салғанын туып-өскен жерде отырып-ақ көрермін. Көш дегенінді атама!

— Ой, жазған Сақып-ай,— деді жүндес қабақ жуай сары,— заман болса тарын. Колхоз деген бар малды алып болды. Ертең қылышын сүйретіп қыс келеді. Қайтіп күн көресің сонда?! Бір үзім нанды кім ұсынады саған? Біреуге біреу қол ұшын берер күн қайда? Одан да ішке кетеміз. Қағанағы қарық болып отырған туғандар бар. Соларға...

— Үнсімі осындай аласапыран бола берер деймісін! Колхоз тұрмысы да бастығар,— деп Гүлшаттың шешесі күрсініп қойды.

— Шашың ұзын да, ақылың қысқа қатыясың ғой,— деп жүндес қабақ шырғ түкірді.

Гүлшат анасын аяп кетті. Жүгіріп барып мойнына оралып: «Жылама, апа!»— деп жұбатайын деп еді, неге екені белгісіз, жаңағы жүндес қабақтан қорықты.

Таң атты. Гүлшат ерте ояны. Шешесі от жағып, самауыр қойып жүр екен. Күндегісінен жүдеу сияқты.

Бір заманда жүндес қабақ сары тұрды. Жуан қоныш саптама етігін киіп сыртқа шықты. Қайтып кірді де бет-аузын шая салып, шайға шүйілді. «Апам байғұсты жылатқан сенсің ғой. Қайдан келдің?»— деп Гүлшат жек көріп отырды. Жүндес қабақ қалтасынан кір-кір оралмалын суырды. Бір шетіндегі түйіншекті шешті. Конфет екен, Гүлшатқа ұсынды.

— Ма, балам. Сен енді біліп қой, мен әкең боламын,— деді ол төбеден түскендей етіп.

Гүлшат аңырып шешесіне бұрылды. Ол болса үндеген жоқ. Төмен қараған бойы шай құя берді. Бала бір сұмдықты сезгендей. Өн бейі дірілдеп кетті.

— Ие деген, өтірік айтасыз, менің әкем өліп қалған!— деп ол турасына тартты.

— Тек, олай деме, қалқам. Бисары әке орнына әке болам, асыраймын, сақтаймын деп келіп отыр. Жыл болса қысқа. Әкесіз күн көріс қиын болады. Міне, биыл сегізге шығасың. Күнде бала бола берме!— деді Сақып. Жүндес қабақ қосарлана қалды.

— Он үште отау иесі деген. Бұрынғылардың сөзі-ай, жарықтық, Құран сөзіндей.

Жас баланың ішкі дүниесін қызғаныш оты шалды. «Жүндес қабақ осында тұрады, мамасы оның асын істейді, кірін жумп, төсегін салады»— дегенді ойлағанда өзінің не болғанын білмеді. Көзіне мөлтендеп жас келіп қалды. Көйлекшең қалпында жүгіріп сыртқа шықты. Қараңғы

қораның кертесіне барып асылды да, солқылдап жылай берді. Біреу келіп мұның маңдайынан сипап: «Жылама, Гүлшатжан, неге жылайсың!— десе жетімсіреген көңілге қандай медеу болар еді. Мүмкін бұл өмірдегі жалғыз таянышы — анасы үйден шығар да, жалғыз қызын кеудесіне басып: «Жылама, шыбыным, мен саған ойнап айттым ғой, жүндес сары кәзір кетеді» дер ме? Ие, Гүлшаттың анасы осылай дейді, ең болмаса, жалғыз қызының көз жасы үшін осыны айтады».

Сол сәтте сықырлап есік ашылды. «Міне, бұл Гүлшаттың анасы, қазір келіп қызын құшақтайды. Бауырына қысып, үйге ала кіреді, жұбатады». Гүлшаттың жан дүниесі езіліп кетті. Көз жасы сорғалай берді. Сол кезде жүндес қабақ сарының гүр еткен даусы естілді.

— Өй доңыз, жер кенедей болып істеп тұрғанын көрмейсің бе мұның! Өшір үніңді!

Манадан бері іріп тұрған бала жүрегі кенет үсік ұрғандай мұздап қоя берді. Ие бола алмай тұрған көз жасы да тартылып қалды. Аяғына іле салған үлкен шөркені тартып-датып үйге кірді ол.

Гүлшат сол күннен бастап жүндес қабақ сарыны жек көріп кетті. «Өгей әке деме, сыйла! Жақсы көр!»— деп ана байғұс ақыл етіп те, жылап та айтты. Тіпті болмаған соң ұрысты да, ұрды да. Бірақ бойұсынған Гүлшат табыла қоймады. Жас баланың ұғымынша бір күнді осы жүндес қабақ келіп ұйықтап жатқан Гүлшаттың әкесін ұрлап әкеткен де, бір жерге апарып өлтіріп, содан кейін өзі осы үйге келіп кіріп алған сияқты болды да тұрды.

Оның үстіне Гүлшатты «қызым» деп іш тартып, бауырсыған «әке» де болмады. «Ой, доңыздан» бөтен сөзі жоқ. Үйге келсе-ақ жүндес қабағын түксітіп отырады да қояды.

Күндер өте берді. Аты шулы бір мың тоғыз жүз отыз бірінші жылдың қақыраған қысы келіп түсті. Ой жерді теңеп, дөң жердің қарын суырып, ертеңді-кеш ақ түтек жыңды боран ұйтқиды. Пеш мұржасы шерлі бір күй шертіп толассыз аза салады. Кішкене терезелерге ғажайып өрнектерге ұқсап қалың қырау катады. Қара көлеңке үй ішінде күйкі тіршілік құрған адамдардың көңілдері де жабырқаққы.

Үш күн азаппен есік алдының қары тазаланса, бір түндес-ақ боран қораның төбесімен жүріп кетеді. Жұрт көбіне үлкен қақпаны қойып, қора жалсарларынан кіріп-шығар ін жасап алған. Сол себепті ауыл ішіндегі өсек-аян, жаңалық кабарлар көбіне терезе арқылы алмасады.

Ертемен, кешпен ұзынқұлақ хабар терезе алдындағы жар қабақ қар тауға асыла беріп, солбаң етіп сырғанап түседі де, баяндай жөнеледі.

— Өткен түні пәленшенің шошаласындағы етті ұрлап кетіпті.

— Бай қаласынан, әлгі кәмпескеленген Көшкенің баласы кайыр сұрап жүр дейді.

Жас Гүлшат бұл сияқты сөздердің арғы мәніне түсіне де бермейді. Әйтеуір ел ішінде керемет бір дүрбелең, өзгеріс бар. Сол өзгеріс біреулердің қарасын батырып, біреулерді көтеріп жатқан сияқты.

Сондай сұрқай күндердің бірінде жайлап қана есік ашылды.

— Шуына шұбатылып кіре алмай жатқан бұл қайсысың әй? Жап есікті, — деп Сақып кейіп те қалды. Үй ішінде лап қойған ақ будың ішінен домалаған бір-екеу көрінді. Үстерінде қағалтай ғана шапандары бар, кірпік-қастарын қырау басқан тетелес өскен екі кішкене қыз бала. Гүлшат бір қабақ қағыс тосырақта тұрды да, жүгіріп барып құшақтай алды.

— Кішкене бауырларым жой мыналар! Қайдан келіп қалдыңдар, ей?

Пеш алдында күйбеңдеп жүрген Сақып та:

— Гүлбаданжан, Күләнжан! — деп шұрқырай кетті. Тоңып келген балаларды Сақып шешіндіріп, пеш үстіне шығарды.

— Үлкен апана барыңдар, биылша сонда қыстан шығыңдар, деп жіберді апам, — деді тетелестің үлкені — Гүлбадан жылынғаннан кейін.

— Алда жазған-ай, бізді бір қайбір жетісіп отыр дейді екен!

Бұл келгендер Сақыптың туған сіңлісі Айтжанның балалары болатын. Бұлар Талдың атты көрші ауылда тұрушы еді. Күз басында Гүлбаданның әжесі «ішім-жемдік бірдеме болып қалар» деген үмітпен іштегі ағайындарына кеткен-ді. Содан әлі оралмаған. Гүлбаданның айтуына қарағанда Айтжан байұс: «Ертең келеді, бүгін келсідімен» азғана көзжілігін тауысып алыпты. «Содан суға кеткен тал қармайдының» кебін киіп балаларды осында жіберген. Сақыптың да мандайы шылқып отырған жоқ. Әйтеуір жер қара, күн жылыда сақтық жасап жинап алған бірер пұт көзжілігі ғана бар. Дегенмен туанын сыртқа тебе ала ма, «аштан өлсек, бірге өлейік!» деген байламға келді. Бөлелерінің біре тұрмағын естіген Гүлшат қуанышында да шек қалған жоқ. Төргі үйге апарып құрамыс-кнықтарын, қолдан істеген қуыршақтарын көрсетті.

Сондай көңілді шақта үсті-басын қырау шалып жүндес қабақ сары келді. Күндегісінен де ашулы сияқты. Ыңыранып

келіп шайға отырды. Шүйіркелескен үшеудің бір ретте дауыстары шығып кетіп еді.

— Мына топалаң тигір доңыздарға не болған, өшіріндер үндеріңді!— деп ақырды.

Бір жайсыздықтың боларын сезген Сақып төрті үйге төсекті күндегіден ерте салды.

Мынадай ең жақын туыстары келгенде өгей әкеден сөз естіп, жәбірленген Гүлшат Гүлбаданның құшағына кірді де, төсіне басын салып жылап жіберді. Гүлбадан оның шашынан сипады.

— Жылама! Таяуда төтем іштен келеді. Алам солай деген. Сонда біз сені ала кетеміз,— деп жұбатты ол.

Гүлшат екі бөлесінің арасында жатса да көпке дейін ұйықтай алмады. Ауыз үйде тағы да ұзақ сонар сөз басталды. Ана байғұстың тағы да жылағаны естілді. Гүлшат әлдебір ауыр қасіретте жатып, ұйқыға кетті.

Ертеңіне Гүлшат көзін ашса, төрті бөлмеде тірі пенде жоқ. Тып-тыныш. Гүлбадан мен Күлән да тұрып кеткен. Бала жүрегі су ете қалды. Жүгіріп ауыз бөлмеге шықты.

Гүлбадан мен Күлән киініп алған, Тегі, қайтар түрлері барға ұқсайды. Шешесінің көзі бұлаудай.

— Апаларыңа сәлем айт, біздің қолдан келген көмегіміз мынау болды,— деп Гүлбаданның қолына бір дорба ұстатты.

Гүлшат мұның бәрі жүздес қабақ сары «әкенің» тегеуріні екенін бірден түсінді. Сұлық тұрып қалды. Екі бөле біріне-бірі селбесіп, сыртқа қарай беттеді. Сақып екі бүйірін таянып дауыс қылып жылай бастады. Гүлшат киінді де сыртқа шықты.

Күн ашық, шыңылтыр аяз бар. Осы үйдің іргесінен басталар көрбілте жол ауылдан жарым шақырымдай жерде осы қыста пайда болған қалың моланың түбінен өтетін еді. Екі бала сол жолға түсті де зиратты бетке алып, қалтақтап кетіп бара жатты.

Гүлшаттың көз алды тұманданып кетті.

Кешке қарай күн құлақтанып, арты боранға айналды. Гүлшат болса түнімен ұйықтай алмады. Көзін жұмса-ақ болды, қызыл шапан киген бір-екі бала көз алдына елестейді. де, молаға қарай бет алып кетіп бара жатқан сияқты болды да тұрды.

Ертемен Гүлшат дауыстан оянды. Ауыз үйдің терезесінен айғайлап біреу тұр:

— Сақып, далаға шық. Зираттың ар жағында бір-екі бала жатыр. Тегі, жиендер болса керек.

Гүлшат қалай тұрып, қалай киінгенін де білмеді. Есі шыққан ана артынан жүгіре берді.

Күн көкжиектен едәуір көтеріліп қалған шақ. Кебіндей сұрланып, қар жамылып алған кең далада жаяу бұрқасын сырғанап шаңытады. Сол қолда қалың зират қалды. Оң қолда әудем жерде қар арасынан бірдеме қызарады. Гүлшат соған анасымен бірге жетті. Гүлбадан мен Күлән! Гүлбадан шапанының түймесін ағытып бір өңірін Күләннің астына жазыпты. Содан кейін құшақтасқан бойы екеуі де қатып қалған!

Бұл Гүлшаттың өлген адамды алғашқы рет көргені еді. Түн баласына айқайлап, шошып оянатын болды. Сақып енді оны қасына алды. Бір ретте қызы:

— Өлтірмеші, өлтірмеші!— деп шырылдап анасының бауырына тығыла түсті.

— Пісмелла, пісмелла, өлтіредісі несі мұның? Гүлшат қарғам, пісмелла пісмелла деші!— деді ана.

Гүлшат оянып кетті. Ана байғұс енді білді, қызының түсіне үнемі өгей әкесі кіреді екен де, пышағын жалаңдатып бұған ұмтылып жүретін болыпты.

— Маған әкенің керекі жоқ, бөлек шығайық, не ол кетсін бұл үйден,— деді Гүлшат.

Сақып жауап бермеді. Бірақ бала пікірі айқындала берді. Жаз шықты. Үлкен жерден бір өкіл келді де жиналыс шақырды.

— Елді колхоздастыру мәселесінде зор табысқа жеттік, бірақ кей жерлерде асыра сілтеушілік болды. Соның салдарынан біраз қателер де кетті. Енді сол қателер жөнделеді. Тұрмыс түзеледі. Келешек тек колхозда ғана. Көптеп-көптеп егін салындар!— деді.

Өкіл айтқандай, тұрмыста өзгеріс бола бастады. Шаруалар бір-бір сиырын қайтарып алды. Ақ көбейді. Арбалап жүгері де келе берді әлдсқайдан. Анасына еріп Гүлшат та егін басына шықты. Енді кісі болып бір көлік басын ұстады, жұртпен бірдей еңбеккүн табатын, бөліс алатын болды.

— Мінс, менің Гүлшатым да кісі қатарына қосылды!— деп ана байғұс қуанып жүрді.

Ол осы жазда, айтты-айтпады есейіп шықты.

Талай жылдар өтті. Гүлшат жаз бола жұмыс істеп, қыс оқи жүріп тоғызыншы класты бітірді. Бой жетті. Сол жылы оның басына тағы бір бұлт төнді. Өгей әке Гүлшатты күйеуге бермек болды. Соны естіген қыз:

— Кімге, қашан шығатынымды өзім білемін,— деп бір-ақ қақты да шешесін ертіп бөлск үйге шықты. Сөйтіп жүріп оқудан қалып қойды. Біраз уақыт колхозда жұмыс істеді. Қыс ортасында аудан орталығынан ашылған үш айлық курста оқиды да, колхоздың лаборатория үйін басқарды. Оның

биологияға ынтасы ауғаны да сол кез еді. Кейін тіпті агрономға көмекші болып істеген кезі де болды. Ақыры сәті түскенде Алматыға оқуға аттанды. Университеттің бір жылдық дайындық курсына келіп түсті.

Сөйтіп Гүлшат аз ғана өмірінде бар мен жоқтың да, ащы мен тәттінің де дәмін татып, ширап, пісіп келген қыз болатын. Бұл жайды Зада мен Ажар жақсы білуші еді. Сол себепті олар Гүлшатты ақылшы тұтып, тындай жүретін.

Шайыр туралы өз ойын Гүлшат та практикадан оралған күннің кешінде ортаға салған. Қуандау өсімдіктің саусақ ұштарында қалған жаққа үніле қарап:

— Байқайсыңдар ма, балауызға ұқсайды. Жұрт бекерге аңыз еткен деймісің! Бұдан өндіріске керек бірдемені шығаруға болады, зерттеу керек,— деп қорытынды жасаған.

— Балауыз шықса жақсы ғой, граммофон пластинкалары сол балауызбен жабылады емес пе!— деп қуаттады Ажар. Пластинка мен би қамын көбірек ойлайтынын таныта айтты.

Үш қыз осы бір жұмбақ шашақ сырын ашуға ниет те қойып еді.

Анада Белгіұлов алдында сол ниетті еркін білдірген Гүлшат кейін ойланып та қалды: «Рас-ау, теориямен не байланысы бар мұның? Егер жазып, конкурсқа тапсыра қойған күннің өзінде Белгіұлов қарсы болса ше? Қой, әуреленбегеннің өзі дұрыс болар»,— деп қорытты ол өз ойын.

Болар істің нәтижесін күн ілгері көре алмаған тәжірибесі аз жасты білікті Белгіұловтың үндемегені тез қобалжытып еді, талап отын тұтатқан Ажар мен биік прическалы Қасымова болды.

— Неге жазбайсың? Жазуың керек. Белгіұлов болмаса әділ бағасын айтар Бозжанов бар. Түрткі болған да сол Кәрімнің өзі емес пе! Тіпті Белгіұловтың да қарсы болар реті жоқ. Жақсы нәрсені жоққа шығармасқа тиісті,— деді олар.

Осы қолтаулардан кейін Гүлшат шайыр туралы жазуға бекінді. Енді Белгіұлов та қарсы болмайтын секілденіп кетті. «Шынында да не деп қарсы болады? Қарсы болар реті жоқ тіптен».

...Ұзын қабырғада үш қатар қойманы толтырып тұрған шыны ыдыстары, түрлі түтіктері, ерітінділері мен сілтілері бар кішкене лабораторияға үш қыз келіп кірді. Бұрыштағы

бік орнатылған кішкене электр сықағына беттеген Гүлшатты әлдебір түтіктерді дайындап жатқан Ажар сақтандырып та қойды.

— Шайырымның аз екенін білесің ғой. Байқаулы бол, Гүлшат! Бір-екі тәжірибе жасаумен ойлағанымызды орындай алсақ жақсы.

Бұл ескертуді орынды деп санаған Гүлшат шайырды еппен салып, сықақты айналдырып жіберді. Ендігі сөтте жіңішке қобидан түсі де, иісі де жоқ бір жылбысқы май созыла тамшылай бастап еді.

Осы қасиетін көзі шалған Ажар шайыр майының бірер тамшысын ирек түтікке еппен тамызып алып жатып:

— Бұл табылмайтын ең қымбат шикізат,— деп күлді. Жақсы тілеумен ғана әзірше дәлелсіз сөйлеп тұрғанына күлді.

— Шынында да зерттелінбеген өсімдік пе өзі?— деп Заданың шайыр жайын анықтай бергісі де келеді.

— Әрине, зерттелінбеген өсімдік. Дүниеде осындай өсімдік барын ешбір ботаник айтпаған,— деп жауап берді Гүлшат. Жаңағы май құйылан түтікке әлдебір ертінді тамызып жатқан Ажарға қарап айтты.— Өзіңде бояу қосындылары да бар. Байқайсыңдар ма? Мына қара!

Бұл үшеуі көп күндердің ұзақ сағаттарын лабораторияда өткізумен, талай-талай тәжірибелер жасаумен шайыр майының құрамында қара май мен балауыздың, бояу, тағы басқа заттардың барын анықтады.

Сондай бір табыс үстінде Бозжанов кіріп келді. Жасалынған тәжірибе, анализдердің дұрыстығын тексерді. Содан соң аласы айқын өткір көзін тіке қыздарға қаалады:

— Шайыр майына анализ жасадыңдар. Дұрыс жасалдыңдар. Дұрыс-ақ, ал содан кейін?..

— Енді осы туралы жазамыз— деп жауап берді шапшаңырақ, өрі жеңілдеу сөйлестіш Зада Қасымова.

Гүлшат пен Ажар үндемей ойланап қалды.

Үндемегендерін ұнатпаған, жауап бергенін қанағат етпеген Бозжанов нұсқай сөйлеп кетті.

— Болған фактіні құр қағазға түсіргенмен ештеңе де шықпайды. Қорытынды жасау керек. Айталық, қарамайдан лак пен сүргіш жасауға болады. Ал майлы балауызды сабын мен ширақ майын жасау өндірісіне қолданып жүр. Егер соларын ажыратып алса, бұл шөптің пайдалы шөп екенінде дау жоқ.

Осыдан кейін Бозжанов үш қызға шығарманы шайырдың органикалық құрылысын сипаттаудан бастау керектігін айтты.

— Шайыр қай жерлерде өседі? Қай өсімдік семьясына жатады? Өмір сүру салты қалай? Шайыр майы өзін әр температурада қалай сезінеді? Қалай пайда болады? Міне, осы сұрақтарға жауап іздеңдер,— деді ол сөзінің қорытындысында.

«Шайыр қай жерлерде өседі?» Бұл сұраққа Гүлшат жауап бере алмады. Ол тіпті бұл өсімдіктің қандай өңірді алып жатқанына мән бермеіті. «Бұл да тәжірибесіздіктің кесірі»— деп кінәлайды ол өзін.

Бірақ бұл жерде Дайыров Ерен көмекке келді. Комсомол комитетінің ұсынысымен ректорат биік прическалы Қасымованы Оңтүстік Қазақстанға қайта жіберді. Зада көп аудандарда болып, жергілікті халықтан шайыр өсетін жер шегін анықтап та қайтты. Зада оралғанша қалған екеуі шайырдың қай семьяға жататынын талпақшы еді. Ештеңе шығара алмады. Бұл төңіректе бұлар білер өсімдіктен тіршілігі, түзілісі мен құрылысы, түрі шайырға ұқсар бір де бір өсімдік жоқ секілді.

Зада қайтып келген күннің ертеңіне демалыс еді. Үш дос бөлме желдеткішін ашып тастап, физзарядкамен айналысты. Суық сумен жуынысып, мәжерлі орамалмен денелерін ысқыласты. Еркін жүріп күлісті, сөйлесті. Әлі балалық мезгілден қала қоймаған, біріне-бірі суық су шашып жіберу сияқты болмашы «тентектікке» де ыңғайлары барын білдірісті. Содан кейін шабыттана отырып, тамақ ішісті.

Өзі айналысқан нәрсені қайталап айта беру жас адамдардың салты емес пе! Ертеңгі тамақ үстінде әңгіме тағы да шайырдан басталып кетті.

Бұл жолы соған төрелік еткендей болып:

— Сол шайырды қоя тұрайықшы, бір кішкене,— деп Аллочка қарсылық жасады,— дем алайық одан да. Кішкене радиола ырдатсақ та теріс болмас еді...

Биік прическалы Зада оны күле қағытып қойды.

— Жырға сен қашан да әуессің-ақ осы.

— Енді қалай деп едің. Өн сүймес адамды таба алар ма екенсің, сірә,— деді Гүлшат.

— Ех, қыздар, біздің халайықтың ырды қалай жақсы көретінін білсеңдер! Бізде ырдатпай тұран жан жоқ қой! «Манасты» алты ай қыс бойы үзбей жатқа ырдайтындар да болған.

Зада таласпады. Жаңағы сөзді жай, жауапсыз айта салғаны болмаса, оның өзі де ән-күйді теріс көрмейтін. Орыстың классикалық музыкасына да көңіл бөліп, көптеген опералардан талай тамаша арияларды жатқа айта алатын.

Оның үстіне туысқан қырғыз халқының да қазақ секілді сауықшыл, әнші, жыршы келетінін білетін.

Енді Ажар пікіріне ешкім де қарсы болған жоқ. Зада барып, бұрышта тұрған радиоқабылдағышты бұрады. Бәлме ішін тамаша бір вальстің сұлу сазы кернеді. Сол кезде есік қағылды.

Табалдырықтан Ерен көрінді. Қасында Мәулен бар.

— Ау, жігіттер, той-думанның бәрі мында екен. Бері келіңдер!— деді Ерен ар жағындағы біреулерге.

Сау етіп бес-алты жігіт кірді.

— Ал отырыңдар,— деп Гүлшат ибалық білдіріп жатыр.

— Жок, біз отырмаймыз, билейміз.

— Кел, ендеше, билейік!— деп Гүлшат оған да қош көңіл білдірді.

Бәрін бастаған Ерен де, қостаушы Гүлшат еді, бірақ неге екенін кім білсін, Ерен Заданы барып шақырды да, Гүлшат мына бейтаныс адамдардың ішінде өзін тым сыпайы ұстап тұрған Мәуленнің қасына келді, күле сөйледі.

— Ал, көне, биге шақырмайсың ба мені?!

Жұрт ду күлді. Мәулен бетіне қан тепті.

— Мәулен десе болды, Гүлшат дүниені ұмытып кетеді,— деді Зада.

Жұрт оған да күліп жатыр.

Мәулен Гүлшатты ортаға алып шықты. Қыз жүзіне жымырақарады. Гүлшат та күлді.

— Аңадағы маған аңаған билетіңіз қайда?— Неге екенін белгісіз, «сіз» деп сөйледі.

— Ішкі қалтамда, сактаулы.

— Рас па?— деп Гүлшат шын, сұрана қарады.

— Мәулен өтірік айтпайды.

Гүлшат сықылықтай күлді.

Мәулен әдепкіде: «Ашық болудың жөні осы екен деп, тым асырыңқырап ала ма?»— деп ойлап еді, енді ол пікірінен қайтып қалды. Гүлшат ашық та бола алады, әзілге де шебер, сырынды баяндап ауырған жерінді айтсаң қол ұшын қалтқысыз ұсынар адал дос. Мәулен осы бір қорытындыға келді. Ол әлі Гүлшаттың жақсылығын да, жаманшылығын да көрген емес. Сонда да ұшқары пікірге барып тұрмадым ба деп күдіктенбеді де.

Вальс ойнала берді. Ерен радиоқабылдағыштың алдына барып отырыпты. Зада Аллочканы бастап кеткен.

— Жетекшіл бол. Как-то қазақ сияқтысың,— деп Артығалиеваны нығыртып та қойды.

Аллочка тым жақсы билейтін қыз. Университет залында өткізіле қалған бір кештерде бишіл сал жігіттер оның аяғын

сайта тигізбейді. Таласа барып шақырып жатқаны, ығи. Соны Маулен де талай көрген. Сонда да Задаға қарсылық көрсетіп жатқан Ажар жоқ.

— Күп, баһадүр, бастай бер!— деп күледі.

Вальс аяқтала берді. Зада Ажарды тура үстелге алып келді. Жетекшінің ойында не қулығы барын кеш түсінген Ажар жалт берді. Бірақ екеуі де сол бір жұмсақ қозғалысымен үстелге соғылып өтті. Бяік прическалы қыз шіңкілдей күлді.

— Жетекке... жетекке жүр дедім ғой...

Үстел ауып барып түзелді. Үстінде оқшаулау жатқан бір пластинка сусып еденге түсті де, қақ бөлінді.

— Жақсы пластинка еді. Айчүрек ариясы,— деп өкінді Ажар.

— Ариядан бұрын пластинканы айтсаңшы. Анна Григорьевнаға не дейсіңдер енді?— деп Ерен де кейіп жатыр,— университет мүлкіне немкетті қарауға бола ма екен?

Зада өктемдеу сөйледі:

— Секретарь болмаса, осылай дер ме! Қисыз да білеміз ғой біз кім екеніңді.

Ерен өзінің артық кеткенін сезді білем, басылып қалды. Зада өзімсініп адуын сөйлеген сияқты. Ерен де өзімсініп тыңдап қалғанға ұқсайды. Калденең отырған Мауленге осылай көрінді.

Басқа бір студент Задаға көзін қысты да:

— Ерен дұрыс айтады. Байқаулы болу керек. Пластинка дегенің бізге тым қымбатқа түседі. Оған керекті шикізатты сонау үнді елінен тасымаймыз ба!— деп күліп қойды. Қостағаңы ма, әжуа-сықақ еткені ме, аңғартқысы жоқ.

Гүлшат кенет ойланып қалды. «Біздің жерде қаншама өсімдік бар!.. Ал пластинкаға керек шикізатты үнді елінен аламыз... Неғып бізде осындай шикізат алатын өсімдік жоқ? Мүмкін емес...»

Өзі аз білетінді іздене оқу — Гүлшат бойындағы тамаша бір қасиет еді. Ол сол күні-ақ кітапханаға барды да БСЭ-ны ақтарды. «Граммофон»— деген сөзді тауып алды.

Бұрын граммофон пластинкалары мырыштан жасалыпты да, үстінен балауыздың жұқа қабатымен жабылатын болыпты. Ал қазір шеллак пен ауыр шпаттың, ұнтақталған шүберек пен күйенің қосындысынан жасалады екен.

Шеллак! Ғылым дариясында беталды ыққан Гүлшат кемесіне жаңа бір бағдар сілтегендей болды.

Гүлшат енді шеллақты тауып алып оқыды.

«Шеллак — қара май. Үнді, Цейлон, Сиам, Аннам, Антиль аралдарында өсетін өсімдіктерден алынады. Өсімдік

бойында шеллак қалай пайда болады?— Бұл әзірге жұмбақ. Қара май январьдан мартқа дейін бөлінеді. Қақ болған май ерігіледі, сүзіледі. Тез тобарсиды. Мөлдір. Палендей иісі де жоқ. Аздап ашық не қоңыр күрең түсі бар. Тез ериді. Жұмсақ та созылымды. Құрамы: қара май — жетпіс бес процент. Балауыз — алты... бояу заты — алты жарым...

«Ғажап, мынау көділгі шайыр ғой! Міне қызық, шайырдың тегі қайда екені енді ашылды».

Гүлшат әрі қарай оқыды.

«Шеллактан лак, сүргіш жасалынады. Шеллак сырттан тасылып әкелінетін, қымбатқа түсетін бағалы шикізат». Гүлшат кітапханадан шықты да асыға басып жатақханаға келді. Көп іздеп жүріп Ажар мен Заданы тауып алды. Алтыға сөйлеп шеллак жайын айтты. Қуанышы қойнына сияр емес.

— Шеллак дегеніміз көділгі біздің шайыр. Құрамына дейін дәл келеді!

Қыздар да қуанысып жатыр.

— Онда граммофон пластинкасын жасауымыз керек. Шпат та, күйе мен шүберек те табылады,— деп Зада тіпті желпілдетіп барады.

Гүлшат мұны асығыстық болады деп санады!

— Мәселе біздің пластинка жасауымызда емес. Біз енді рефератқа отыруымыз керек. Қолдағы бар материалдарға сүйеніп, шайыр майының шеллактан әсте кем емес екенін айқындауға тиіспіз. Соны дәлелдеп алсақ пластинка жасаудан оңай шаруа жоқ.

Үш қыз осы ұсынысқа қол қойды.

Инеш Белгіұлов көрсеткен көп еңбектерді оқыды. Көп күндерді шала ұйқы өткізді. Сөйтіп рефератын жазып бітірді де конкурсқа апарып табыс етті.

Ертеңіне таң сәріде оянып кетіп еді, есіне бірінші болып келгені — сол рефераты болды. «Кімнің қолына түсті екен? Қандай қортындыға келді екен? Әлде, Белгіұловтың өзі алып оқып жатыр ма?»— Инеш қуанып та, қорқып та қалды. Бұрын өз басында болмаған бір халге түсті. Көңілде үміт те, күдік те бар: кең жазықта көсіле тартқан қос сөйгүліктей жарыса жөнеледі де, алма-кезек ауысып бірінің бірі алдына түсіп кете береді. Бұл бір айнаымалы; аума-төкпе сезім. Инеш рефератын ойша ақтарады. Әр беті, әр жолы, әр әрпі, үтір, нүктелеріне дейін сонша таныс, сонша ыстық. Бәрі де мына бір кішкене қолдан туған. Онда төрт-бес жыл

бойы мысқалдап жинаған білім мен ой дүниесінің ыстық ізі жатыр.

«Атаусыз қалмас»— деп ойлайсың. Осы бір үміт сені әрі қарай жетелей береді: «Инеш, рефератың тым жақсы екен. Құттықтаймын!» «Инеш, рефератың үздік шықты, қуаныштымын!» Бүкіл университет аузында Инеш аты. Қуанып та, қызғанып та айтылады.

«Шіркін, конкурсқа қатысқан соң, бәйге алып шығу деген қандай жақсы!»

Ертең жюридің қорытындысы шығады. Тізімнің ең басында Инештің фамилиясы тұрады. Сұрама тіпті! Апырау, сағына күткен сол ертең қашан келер екен десенші!?

Бұл, міне, үміт сәйгүлігі.

Ал енді өзіде бір қатал үкімші болып, осы бір өзімшіл сезімнен аз-кем биікке көтерілген-ақ болғаны, күдіктің тұлпары жұлындай тартып жөңеледі де, оймен қалаған жаңағы салтанат көрініс күрт құлайды.

«Ал егер..?»— деп дұламаданаасың.

Инеш рефератын тағы да ойша аударып бастайды: мына бір бетінде айтайын деген ойың айқын емес. Мына жерде сөйлем дұрыс құрылманты. Өне бір тарау соншама ұзақ. Соңғы қорытындыны түгелдей көшіріп алмай-ақ, өз сөзіңмен баяндап беру керек еді.

Ұзақ уақытыңды сарп етіп жүріп мына кемшіліктерді қайтіп байқамай қалғансың, Инеш?

Инеш көзін жұмады. Кенет рефераты жазылған қызыл мұқабалы қалың дәптері елестей қалады. Ендігі сәтте бұлдыр-лап күңгірт тарта береді де, неге екені белгісіз, Белгіұловтың қияпатты келбетіне айналып кетеді.

Осылай толқып, осылай топшылап, алмаса берер қат-қабат сезіммен конкурс қорытындысына таяу қалған бір күні Инеш университеттен Гүлшатты кездестірді.

Екі құрбының арасындағы әңгіме-сыр әдеттегісінше Мәуленнен басталды.

— Қандай жақсы билейді?!— деді Гүлшат Инештің қолтығынан алып ұзын дәліздің басына қарай жүрді де.

Инеш әңгіменің кім жайында екенін бірден түсінді.

— Онымен қайда кездесіп жүрсің?— Даусында бір күдік бар сияқты.

Гүлшат оны елемеді. Демалыс күні Ерен мен Мәуленнің келгенін, билегендерін, граммофон табағын сындырғандарын төптіштеп айта бастады.

Инеш ұятыңқырамай отырды да, бір кезде әңгімені ортасынан үзді.

— Жә, қойшы, рефератың не болды? Сонындай айтшы одан да.

— Өзің ше, бітірдің бе?— деп сұрады Гүлшат.
— Бітіргенмін. Конкурса да тапсырғанмын.
— Біз де...
«Бізі» кім мұның?— деп ойлады Инеш.
— Шынымды айтсам...— деп тоқтады Гүлшат.
Инеш сұрана қарады.
— Шынымды айтсам, сен алған тақырып маған ұнамай-
ды, Инеш.

Инеш ренжіңкіреп қалды.

— Неге ұнамайды? Белгіұлов анада ең әуелі теорияны
мендеріп алу керек деген жоқ па еді! Мен тіпті осы реферат
үстінде көп нәрсені біліп қалдым.

Өсімдік тіршілігі ортаға байланысты. Сол ортаға қарай
оның нәсілдік белгілері де бірте-бірте өзгере бермек. Бұл
мичуриндік ілім. Ал енді нәсілдік белгілерді рентген
сәулесімен, алгі немесе еді... колхицин бе еді, сонымен
өзгертуге болады дегенге әсте сене алмаймын.

— Е, бұл да дарвиндік теория емес пе! «Нәсіл өзгер-
мейді»— дейтін Мендель теориясын теріске шығаратын
өршіл бағыттағы ілім емес пе!— деп қадай сөйледі
Инеш.

— Дарвиндік емес, неодарвиндік теория, өздерін орто-
доксальді дарвинистіпіз дейтіндердің теориясы. Шындап кел-
генде менделизммен төркіні бір жатыр оның,— деді Гүлшат
үстемелеп.— Мичурин өз өмірінде үш жүзден артық жаңа
сорт жасаған екен. Ал жаңағы колхицин дегенімен кейбір
ғалымдар жиырма жылдап айналысып келеді. Не берді
солар? Түк те берген жоқ.

Инеш енді жуасып қалған секілденді, ойлана сөйледі.

— Бір жакты пікір, Гулечка. Ғылым асығыстықты
тілемейді, құрбандықты талап етеді. Сен Мичуринді мы-
салға келтірдің, жөн-ақ. Оның үш жүз жаңа сорт жа-
сағаны да рас. Ал бірақ сол Иван Владимировичтің өз
басында сәтсіздік болмап па еді? Болған. Жаңалық табу
оңай болса, онда жұрттың бәрі де ғалым болып кетер
еді ғой.

Гүлшат ойланып қалды. Инеш жауабы тым ақылды жа-
уап секілді. Гүлшат болса, қызбалық жасап, артығырақ
кетіп қалғанға ұқсайды.

Шынында да ғылым үшін жиырма жыл дегенің сөз болып
па! Соншама мол жемісті еңбек еткен Мичуриннің өзі де
кейбір бедеу қалған жеміс ағашын қырық-отыз жылдап
мәпелеген жоқ па еді?!

Иван Владимирович 1889 жылы «Коричное» мен «Ки-
тайканы» будандастырған еді. Бұл будан алғашқы жемісін

1919 жылы берген болатын. Мичурин оны отыз жыл бақты. Отыз жыл бойы үмітпен қарады осы бір жеміс ағашына.

Гүлшат сол жайды есіне алды. «Мүмкін асығыстық болар?»— деп күдіктенді. Осы сәтте өз құрбысы Инеш те, Белгіұлов та, тіпті оқулықтың өзі де «асығыстық!»— деп тұрғандай болды оған.

Бұлар дәліз маңдайына орнатылған кішкене диванға келіп отырған еді. «Айтқанымды түсінген болар» деп топшылаған Инеш:

— Рефератың тәуір шыққан болар. «Шайыр» деген де бір қызғылықты тақырып қой,— деп құрбы көңілін аулай сөйледі. Содан кейін Гүлшатты өзіне тартып, қысып қойды.— Ал егер дұрыс болып шыға қалса ғой, атағың бүкіл одаққа тарайды...

— Әңгіме атағында емес. Әңгіме түсірер пайдасында.

— Пайдасында?...— Инеш ұнатпаған кейіп білдіріп теріс қарады.— Гулечка, қойсандаршы. Мемлекеттің оң көзі, жоқшысы сияқты боласындар да жүресіндер осы. «Отан!», «Үкімет!» деп қызыл өңеш болып айқайлап жатқандарында мен осы өзімді «жат адам емес пе екенмін?» деп күдіктеніп қаламын. Жоқ, мен жат адам емеспін. Отанға деген сүйіспеншілік менде де бар. Сөйте тұра сендерге ұқсап айқайлай алмаймын.

Гүлшат жаңағы сөзін қайталап қадай айтты.

— Ие, ие, пайдасында әңгіме. Етар шайыр пайдаға асса, миллиондаған мемлекет қаржысы үнемделеді. Бізді ойландырған осы жағы.

— «Бізін» кім сенің осы?

Гүлшат рефератты үшеу болып бірігіп жазғанын айтты.

— Сен маған үнемі «өз күшіңе сенбейсің. Бойыңдағы қабілетіңді бағаламайсың. Тартына бересің» деп сан қайталап айтушы едің. Өзіңе жол болсын?!— Инеш мысқылдай сөйледі.

Гүлшат ана екі құрбысының көп көмек көрсеткенін айтты. Ажар химиялық құрамын ажыратқанын, Зада болса, екінші рет барып шайырдың қай жерлерде өсетінін анықтап келді.

— Соның бәрін де өзің анықтауға болатын еді ғой. Ал мен болсам бар ғой... Әрине өзімшілдік емес бұл... Өз еңбегіңді өзімдікі деудің несі өзімшілдік? Мен болсам бүйтіп бірлесіп істей алмаймын. Маған оқаша жер, тыныш бөлме керек. Кейде Мәйнам кухняда ыдыстарды салдыратты бар ғой, беймаза болам да қаламын. Ойым бұзылып кетеді. Менің білуімше, барлық ғалым атаулы осындай оңашалықты керек етеді.

Гүлшат таласпады:

- Коллектив болып істеген жұмыстың қатесі аз болады, — деп тынды, — коллективтен қашпа, Инеш.
 - Қит етсе бұлар ақыл айтып үйрете бастайды.
- Екі құрбы салқын қоштасты.

Майқан Белгіұлов Инеш рефератын өзі алып оқыған болатын. Сол реферат көлеміндей етіп рецензия жазды. Талантты, терең мазмұнды еңбек екенін айтты. Биология факультеті орналасқан корпусның бір түкпір аудиториясында жюри мүшелеріне сол рецензиясын оқып та берді. Ғылыммен жаңа айналысқан жастарға кешірім жасап, олар жазған еңбекті асыра бағалайтын Бозжанов, Дәулеткереева сияқты бұрын сырттап жүретін қыздың мына еңбегіне қол қойып қалды.

— Биологияда танылған жайды студенттің өз сөзімен баяндап беруінің өзі неге тұрады! Үлкен творчестволық жұмыс, міне, осындайдан басталады, — деп қуанған.

— Бұл, шын мәнісіндегі ғылыми еңбек! Аздаған түзетулермен жариялауға да болады, — деді Белгіұлов.

Көңілді отырған Майқан «Шайыр — қымбатты шикізат» деген еңбекті бағалауға келгенде, мүлде өзгеріп кетті.

Бір аспиранттың рецензиясы оқылғаннан кейін іле сөйледі:

— Мен мұндай жаңалыққа қарсы емеспін. Өзім творчествоның адамы болғандығым себепті қарсы болмаймын, — деп Майқан сөзін момын бастады. — Алайда... байқаңыздар, жолдастар. Бұл өсімдіктің көп жайларын аша алмаған олар. Мәселен, шайыр майы қай жолмен пайда болады? Өсімдік ағзасының қай клеткасына жиналады? Өсімдік бойына бұл май жылдың қай айларында көбірек пайда болады? Міне, бұл сұрақтар шешілмеген соң... не айту керек? Меніңше, қайтарып беру жөн авторларына. Пусть терекірек зерттесін. Асықпалыс.

Бозжанов бұл пікірді дұрысқа санамады.

— Бұл айтылғандар терең зерттелудің жұмысы. Өзірше, бәлкім, қолдан келе де қоймайтын жұмыс.

— Міне, дұрыс сөз, — деп Майқан қосарланып қалды.

— Бірақ таласпас бір шындық бар. Ол — шайырдың қымбат шикізат екені. Міне Аманова, Артығалиева, Қастымовалар осыны дәлелдеп беріп отыр. Меніңше, бағалау керек.

— Шала еңбек. Толықтыру керек ететін еңбек.

— Толықтыруды Академия не университет қолға алсын...

— Ең ақыры шайырдың қай жерлерде өсеріне нақтыланған ғылыми дәйек те жоқ. Мүмкін Академия көңіл аударарлықтай кең көлемде өспейтін де шығар? Бұл жағы қалай болады?

Бозжанов жауаптан іркілмеді:

— Территориясын кеңейту қолда...

— Шала... шала жатыр. Толықтыру керек...

Осы бір қызу айтыстан екі-үш күн соң Гүлшатты көшеде кездестірген Дайыров бұлар жазған шығарманы Добров сұратып алдырғанын, Бозжанов ескеуі ақылдаса отырып оны дыбыс жазатын заводқа жіберуді ұйғарғанын айтты.

Конкурс қорытындысы да сол күні жарияланып еді. Түрлі бояулармен құлпытқа жазылған үлкен хабарландыруды Қасымова бірінші болып келіп оқыған. Оқыған жоқ-ау, асыға тұрып Гүлшаттың фамилиясының бас әрпін көз жүгіртіп іздестіре бастады. «Неғып жоқ болды? Мүмкін емес. А... А... Арт... Қас... қас... мүмкін емес — деді ол тағы да өзіне-өзі.

Енді тізімді түгел оқи бастады. Кенет көзі ұясынан шығып кетті. Кателесіп тұрмын ба дегендей көзін уқалады. Қайта оқыды. «Инеш Дәулеткереева. «Нәсілді өзгерту мәселесіне».

Зада үнсіз тұрып қалды.

14

Университеттің комсомол комитетіне Инеш шақыртумен келді. Жолда: «Не болып қалды екен? Комсомолда болмасаң да тыныштық бермейді бұлар», — деп кейіді ол.

Инеш пікірінше комсомол комитетінің секретары сипайылығына қарамастан менмен, дөрекі жігіт. Ол бір жерде шектен шыға кішірейе қалады. Ал жиналыс, мәжілістерде кенет өзгереді. Шапшаң сөйлеп кетеді. Сөйлемдерін спрек айтылатын сөздердің шоғырынан құрап, терсең пікірмен жалтылдатады. Ондайда бір бет, сөзінен қайтпас болып алады. Мұнысын Инеш, тіпті ертеден білетін. Сонау 1943 жылы Инеш Ленин атындағы стипендияға ұсынылған соң, кешікпей-ақ дәл осылай комсомол комитетіне шақырылып еді. Онда Ерен екінші курста оқитын. Секретарь да емес, комитеттің мүшесі ғана болатын.

Комсомол комитетінің сол кездегі секретары Инешке стипендияға ұсынылған адамның қай жағынан болсын дұрыс көрсеткіші болуға тиісті екенін айтып, өзіне лайықты қоғам жұмысын атқаруды талап еткен. Инеш бұл ұсынысты қабылдамады. Шешесінің ауру-сырқаулы екенін, үй жағдайының қиын екенін, қолының тимейтіндігін айтқан.

Комсомол комитетінің секретары бұл сөзге құлақ асып қалып еді, мына жактан Дайыров көлденеңдей берген.

— Егер де Дәулеткереева қоғам жұмысынан бас тартатын болса, онда оның кандидатурасы дұрыс ұсынылмаған деп ректораттың алдына мәселе қою керек.— Осыдан кейін ол бұл мәселені комсомол жиналысында көтерген. Өз ұсынысының жүзеге асқанына дейін асығып-ақ баққан.

Инеш мұны әлі ұмытпапты. Ал Ереннің есінде де жоқ секілді.

Іс үстінде ол тіптен шешіліп кетеді, қазымырланады. Бір нәрсені қайталағыш, жиі-жиі телефон соққыш болады. Тіпті өзінше ұнатпағанып әлсін-әлі қабақ шытады, жөн үйрете бастайды.

Ерен басындағы осындай өзі байқаған алуан түрлі күрделі мінез-құлықтардың қайсысы өзіндік, қайсысы жасанды, жалған екенін ажырата алмай-ақ қойған. Соның дұрыс-бұрыстығын ойластырып жүрген де жоқ. Кездесе қалса, салқын сыпайгершілікпен амандасатын да өте беретін.

Ол бұл жолы да комитет табалдырығын ренішпен аттады.

Жұпыны мебельдер қойылған, тар болса да таза бөлмеде біраз жастар жиналған. Мәжіліс қызу өткенге ұқсайды.

Әдетінше есікті еркін ашып кіріп, табалдырықта сәл тосырқай тұрып қалған Инештің көзіне буалдыр жұқа көк түтіннің арасынан жұрттан бұрын Мәулен ілікті. Қарсы беттегі ақ полотноммен қаптаулы диванда шалқалап, тура есікке қарап отыр. Осы көп жұрттың ішінде өзін ала көңілділікпен күткен жалғыз сол ғана секілді. Көз шалысқан жалғыз сәтте Инеш ақ тістерін мол көрсетіп, бұған деген ішкі дүниесін барынша байқатып, сзу тартты да, кенет бұрылып кетті, тыжырынып қалды. Өзінің қара көк бастон пальтосының жағасындай көкшіл қаракөл муфтасынан қолымен бірге аспан түстес кішкене орамалын суырып алып, қызылы айқын жұқа ернін сұрткен болды. Сөйтті де, бір шетінен ұстап, темекі түтінін өзінен қашақтата желпіп жіберді.

Комсомол комитетінің секретары қалың қара қасты, ақ өңді, жалпақ мандайлы Дайыров кресло жақтауына соқтыға тұрды.

— Былай шық, Дәулеткереева,— деп Мәулен жақтағы бос тұрған бір орындықты нұсқады.

Инеш терезе желдеткішінен лапылдап кірген сызды салқынды ұнатпағандығын қабағымен аңғартып пальтосының жағасын көтере түсіп бұйыға отырды. Осы бір сәтте Мәулен оған көз салып еді, әлдебір қызық сезім билеп кетті. «Өзім» деп қуантар, «өзге» деп күдік салар сезім:



пальтосына бұйығыңқырап отырған осы бір кішкене әдемі қыз біресе мұның өзімен-өзі болып, біресе шапшаң жылжып, жеткізбеске алыстап бара жатқандай әсер салады.

Әдепкіде ашық мінезін, әдемі күлкісін ұсына берген Инештің енді сыр бүгіп, елемегенсіп, сезбегенсіп қалар жұмбақ тұйықтығын да аңғарар ең! Күдік бояуын қалыңдата түсер де оның осы бір қылығы. Шын сүйген ерке қыздардың белгілі бір мерзімде оң қолымен сені өзіне тартып, сол қолымен кеуденнен итерер, ебі де, есебі де бірдей әдеті болатынын тәжірибесіз Мәулен білмеуші еді.

Өлгі бір күлкісімен тұйықталған Инеш оны қазір де байқамағанысп қалды. Қарағысы да, тіл қатқысы да келеді, соның бәрін «қарама», «тіл қатпа» деген ерке сезімдер тұншықтыра береді.

Көңілін басқаларға аударады. Секретарь столына жана-наса Гүлшат отыр. Жуан қызыл қарындашты жіңішке салалы саусақтарымен уыстай ұстап, шапшаң жүгіртіп, бірдемелерді жазып жатыр. Еңкейіп қозғалған сайын бірекі тал шашы қайта-қайта көзіне түсе береді, жаза отырып соны жиыстырумен алек. Оның қасында көзділдірікті Сарыбеков. Қансыз бетін терезеге беріп қозғалыссыз қалған. Ал Жолтай лез-лез қозғалып, астындағы ескі орындықты сықырлата береді. Жағалай отырғандарға алде не деп күбірлеп күле түседі. Сарыбековтен мойнын асырып, Гүлшат қағазына көз салады. Оның осы ойнақылығы Инешке әбден ұнап кетті.

Шеткеріректе Сымбат Аскаров отыр. Мәжерлі қара шляпа, қара мақпал жағасы бар қара мауыты пальто киіп жүретін осы бір аласа бойлы, қара торы келбетті студентті Инеш әлі аз білетін еді. Бірақ іштей ұнатып жүруші еді. Кездесе қалса көзіне түсуге тырысатын. Таныссам деген ниетте болатын. Жыл басында Инештің қыз достары Аскаровты сырттай таныстырған еді. Ақын деп, университеттің жас ақыны деп таныстырған. Әдебиетті, әсіресе лирикалық шығармаларды аса бір сезімталдықпен құныға оқитын Инешке Аскаровтың ұнамды сырт бейнесі бірден-ақ поэзияның өзіндей болып әсер еткен. Тіпті оның қалай жазатынын да ойламады ол. Әйтеуір, ақындық деген бір атқа табына қарап, беріле ұнатқан-ды. Содан кейін күздің салқын, дымқыл бір күнінде Инеш оны бақша ішінде скамейка қалқанына сүйеніп, терең ойға шомып, жалғыз отырғанын көрген-ді. Өтіп жатқан жұрттың біріне де көз салып елікпейді. Өз ойымен сөйлесіп отыр. Инеш өте беріп сәл кідіріңкіреп қалған. Ол былай шыға бере: «Тірі роман-тика! Өзін сүйіп қалған жоқпын ба?» — деп те күдіктенген.

Асқаров қазір де жұрт сөзін зейін сала тындамаған секілді. Қара бұлттай қиырсыз қалың ойдың бір биігінен алысқа көз салып, тұңғықтан туып келер жаңа өлеңнің белшектерін іздеп азап тартып қалғанға ұқсайды.

Ал ана бір шетте маңдайынан тері жылтырап, сап-сары болып Балғабасев отыр. Оның мына болбыр түріне қарап Инештің күлкісі келді.

Осы мезетте Дайыровтың даусы естілді:

— Жолдас Дәулеткереева, неге кешігіп келдіңіз?— Дайыровтың осы бір тік сұрағын ұнатпаған Инеш шашыранды жауап берді:

— Мен бе? Мен... үйде отырып қалып... Мәйнам ауру ғой... сол себепті...

Ерен Инеш жауабын құптаған да, теріске шығарған да жоқ. Мәуленге қарап:

— Жолдас Жандосов, өз ұсынысың жайында Дәулеткереева жолдасқа баяндап өтсең... Қысқа баянда... Кешігіп келгенге уақыт өткізіп қайталап жатудың қажеті жоқ,— деп қатаң сөйледі.

«Бүлініп отыр ғой»— деп ойлаған Инеш қасындағы Мәуленге қарады.

Мәулен тамағын кенеп түрегелді.

— Мұнымыз отырыс та, мәжіліс те емес, жай қызмет бабындағы бір кішкене ғана...— деп кілт кідірді ол. Графиннен су құйып алып, асықпай ұрттап Инешке қарап біраз тұрды. Зорлана күлгендей болды. Сонысымен айтар сөзінің бар қатал, ауырын жұмсартпақшыдай.— Бір кішкене ғана бас қосу еді. Жұрт жиналып қалған соң тоса алмаған. Біздің бірінші курс студенттері бір ұсыныс жасаған еді...

«Бірінші курс ұсынысы деген тағы немене бұл? Ай, Мәулсн-ай!»— деп ойлап қойды Инеш.

Содан кейін Мәулен, бірінші курс ұсынысын былай қойып, қолқабыс, көмек деген жайында студенттің университетке қарыздарлығы жайында жалпылап ұзақ сөйледі.

«Айтар сөзін неге ашып айтпайды?» деп ойлаған Инеш бұрылыңқырап кетті. Ұзақ сөзділікті ұнатпай қалды. Мәулен әлі де сөйлеп тұр. Гүлшат бір рет сағатына да қарап қойды. Әдетте ашық ойлы, қысқа сөзді Мәуленнің бұлай айнала сөйлесуіне Гүлшат та «мұнысы қалай?» деп таңырқай берді.

Сол шақта қарындашын қағаз үстіне секіртеп тастап, шалқайыңқырай берген Ерен Мәулен сөзін көлденсең үзді:

— Ашық айтқанда, өзіміз бас болып сенбілік ұйымдас-тырғалы, соның жоспарын ойласқалы жиналғанбыз. Соған сен де қатысасың.

— Ертеңнен бастап іске кірісеміз,— деп Гүлшат та толықтыра түсті.

«Арындатып алдың ғой, үркітіп алдың ғой, ай, Ерен-ай, осындай «ал кетпең» бар-ау» деп ойлаған Мәулен Инеш қабағын айнымай бағып шошынып қалды.

Инештің сенбілікке бармауына да болатын еді. Келтірер дәлелі де бар. Белгіұловтың ұсынысымен ол конкурста бәйге алған «Нәсіл қуалаушылықты өзгерту мәселесіне» деген рефератының кейбір жерлерін қайта өңдеп, ғылыми мақалаға айналдыру үстінде отыр. Майқанның конкурста жария етпей-ақ мұның өзіне ғана айтқан біраз кемшіліктері бар. «Қайта жазып түзеп шық, университеттің «Ғылыми запискаларына» бастырамыз» деп Белгіұлов уәде берген.

Бұл еңбек сәтімен біте қалса, диплом жұмысы тұр. Инеш дереу соған отырмақ. О да көптеген факті, материалдарға зәру жауапты жұмыс.

Осындай үлкен іс үстінде отырған Инешті комсомол комитеті телефон қоңырауымен жұлып алғандай.

Алда тұрған осы істерге қарамастан Инеш бұл ұсынысқа ыңғай білдірді. «Көптен сөтінеп жалғыз қалуды жұрт теріске жорыр»,— деп түйді ойын.

Осы әңгіме үстінде көмекке барар күн де белгіленді.

Жұрт шығуға беттеген кезде:

— Менде бір сөз бар,— деді Асқаров кітабын қолтығына қыса тұрып.

— Иә?

Ол Дайыровқа қарап:

— Мені бір жолғы сенбіліктен босатсаңыздар деймін,— деп ұяла сөйледі.

— Қауырт жұмысын бар ма соншалықты?

Сымбат сенімсіздеу жауап берді.

— Бар еді.

— Көпшіліктің жұмысынан жоғары тұрған ол қандай жұмыс еді сонша?— деп Мәулен көлденеңдей тартты.

— Босату керек. Мүмкін жазып жатқаны бар шығар. Қоғам жұмысының өзі қолды тигізбей қояды ғой,— деп алғашқы араша сөзді Инеш айтты.

Оны Мұздарпапов та қостады.

— Дұрыс айтасың, Инезилия (бұл Инештің өзіне-өзі қойып алған аты. Көп ретте таныс адамдарға, мені осылай атаңдар деп бұйыратын. Елмегендерге ренжіп қалатыны бар-ды. Өз пікірінше, «Инезилия» деген сөз алдеқайда жұмсақ, музыкалы, құлаққа жағымды естіледі). Босату керек.

— Қауырт жұмысың — жазу ғана болса, бір күн тежей тұр да, арғы күні жетіп ал. Көптен шеттеп қалу дұрыс бола қоймас,— деді Мәулен.

Жолтай Иңешке қарап жымия күлді.

— Әдебиет қамшылауды көтермейді. Айдасаң арындап қалады емес пе!

— Дауы жоқ.

— Жә қойындаршы,— деді Манап маңдайының терін сүртіп.— Өзіміз өлең жазып жүрген кезімізде бір түнде отырып бір поэманы да бітіре салатынбыз.

Сөзге Гүлшат та араласты.

— Ақын мен өмір арасына көпір жасап тұрғандарың қалай?— деп ол өзінің ырза еместігін айқын көрсетті.— Ақын шабытының қайнар көзі — өмір. Өмірсіз еңбек те жоқ. Ақын жақсы әсерді сондай көп қимылы тоғысқан жерде алады,— деді.

— Ие, ақынға бұл өмірде тақырып болмайтын не құбылыс бар. Желдің есуі, жапырақ сыбдыры, жұлдыздың жымың қағуы — бәрі де өлең. Фет: «Қыз орамалы жерге түсіп кетсе, іміне, бұл да өлең»,— деп тегін айтпаған,— деп тағы да Жолтай қарқылдап күлді. Қостағанын да, іліп-шалып тұрғанын да байқатар емес.

Мұнда қатанырақ кеткен Мәулен ғана:

— Қойсайшы, Сымбат. Екеуіміз сол күні бірге боламыз.

Жұрт сөзіне біраз жол беріп үнсіз отырып қалған Ерен снді сөйледі:

— Бізбен қатар ақынның да құрылыс басында орны бар. Тіпті қол жұмысын істеме, өлең жаз. Листок шығар. Құрылыс басындағы жетістікті мақта да, кемшілікті сына. Өлеңің жақсы шықса, многотиражкаға ұсынамыз.

— Міне, дұрыс айтылды, табылған ұсыныс. Жұмыс істеме, өлең жаз.

— Мен сатирик емеспін ғой...

Мәулен шұқшия қалды.

— Сатирик емессің ә? Енді кімсің? Лирикпісің?

Сымбат үндемеді.

— Лирикпісің деймін?

Сымбат екіұштылау, босаң жауап қатты.

— Лирик те...

— Жоқ, сен лириксің,— деді Мәулен тағы да кесіп сөйлеп,— бүгін болмасаң, ертең боласың. Мәселе онда емес. Құрылыс жайын жазу үшін сатирик болу шарт па? Әңгіме осында. Құрылыс жайында лирика жазылмайды деп біреу айтты ма саған? Жаз лириканы. Жақсы жаз. Соның өзі бізге зор көмек. Құрылыстың өз қимылындай соның рухына

сай лирика берсең, жұрттың қуана қабылдарына кепіл-ақ болайын.

— Ой, Мәулен, мұның қайдағы теория? Лирика ондай құлақ тұлдар ащы болса, лирика боларлық қасиеті қандай? Лирика өзіндей нәзік болады,— деп Инеш Мәуленге қарап қолын сермеді. Өзінің осы бір қимылымен лириканы жұрттан арасалап алып қалардай.

— Ие, лирика нәзік болады,— деп Мұздарапов оны тағы да қостады.

Мәулен Жолтайды елемеді. Жауап та бермеді. Университетте алғашқы танысқан жігіт болғандықтан, көзіне ыстық көрініп, өзін жақын санаушы еді. Еяді жеңіл мінезді, желтең жігіт екенін байымдап қалды. Осы араның өзінде Жолтайдың қостамаған адамы, қосарламаған сөзі қалмады. Сонысын Мәулен оның бетіне салық етті. Мұздарапов тартынып қалды.

Айтыс шегі алыстап бара жатқанын аңғарған Ерен Сымбаттың өзіне тікелей сөйледі:

— Ал сенбіліктен қалмаймыз ғой, Асқаров жолдас? Құрылыс басына листок шығарасың, тәртібін ертең толығырақ сөйлесейік, комитетке кел.

Қысқа айтыстың тиегі болып қалған Сымбат орнынан үнсіз тұрып:

— Құрылыс басына баруын барайын. Бірақ листок шығармаймын, ол менің қолымнан келмес, жұмыс істейін... Өтінішім бұл.

Жұрт ду күлесті.

— Оны да ертең сөйлесейік,— деп Ерен езу тартты.

15

Мәулен сәл бөгеліп шығып еді, Инеш тоспапты. «Ренжіп қалмады ма екен?»— деп күдіктенді. Алға көз салды. Қараса екінші бір көшенің пұшағында асыға басып кетіп барады екен. Мәулен жүгіре басып қуып жетті. Өзілдей сөйледі:

— Жүрісің тым суыт көрінеді. Ере алмастай түріміз бар. Қанша күш салсақ та алда жүргемізді байқатып оза бересің.

Инеш бұл әзілдің астарын аңғармады.

— Уақытым аз,— деп келте, салқын жауап берді.

«Оның мәні мынада еді»,— деп Мәулен де түсіндіріп жатпады.

— Уақытқа кім бай дейсің?— дей салды.

Инеш сұрлана қарады:

— Қыздар бөлмесіне барып, өңгіме құрасың, би билейсің. Қала берді сенбілік жасайық деп, оқу оқып дипломға

азірленіп жүрген адамды столдан айырасың. Уақытқа зәру адам бүйтпейді.

Инештің неге ренжіп келе жатқанын Мәулен енді аңғарды. «Анада Гүлшат бөлмесіне бас сұққанымнан басқа қайда барып едім. Оны кім жеткізе қойды екен? Өлден тергей бастады, бара-бара аяққа кісен салып қояр». Кенет есіне таныс бір жігіттің: «Үйлену бақытсыздықпен тең. Үйлендім дегенше құрыдым деп біл» деген әзіл сөзі түсті, «осындайдан айтылады екен ғой»— деп ойлады ол, үндемеді бірақ.

— Сен оқымаған көп кітап бар. Ең алдымен білімдіні көтер!— деді Инеш тағы да.

Мәулен жәбірленіңкіреп қалды. Рас, бұл сөзде жан бар. Дегенмен соны сезімтал да нәзік деп бағалап жүрген жанашыр адамының көзге бадырайта түйеден түскендей етіп қойып қалуы тым ерсілеу көрінді. Мәулен ізденбей, оқымай жүр ме? Оқиды, ізденеді. Бірақ Инешке ұқсап реферат-мақала жазуға әлі әуестене қойған жоқ. Өзі студенттік ғылыми қоғамның мүшелігіне жуырда ғана өткен. Онда жасалған баяндамалар Мәуленді қызықтырған-ды. Бір алуан ой сала келген. Сонда да ыстықтай ұрынуды тілемейді. Білім қорының шағындығын шамалайды. Бір-екі рет дайындықпен барып семинар сабақтарында сөйлегені болмаса, таза оқу үстінде отыр. Қазір ол орыс, батыс классиктерінің шығармаларынан толық мағлұмат алып қалған. Әсіресе, программа бойынша өтілген ақын-жазушыларды терендей оқып кеткен-ді. Адам өмірінің алғашқы таңында туған сонау Эсхил, Софокл, Эврипид сияқты ежелгі трагиктерден бастап, осы заманға қарай бет алып түре қуып, шапшаң жүріп келеді. Жол ұзақ та, қиын сияқты. Алда төбе, белестердей болып талай ғасырлар жатыр. Сол ғасырлардың қалың қабатын тарих жолымен тіле отырып, бүгінге жеткенше көп айлар, жылдар керсегі аян. Сол ай, жылдардың шетінен көмітіп, керек іске, келер күнге пайдаланбақ ниетпен тап-жылмай отырып қалған Мәулен ұзақ күндердің жарым-жартысын ұйқысыз өткізеді.

Мәуленнің осы жайын Инеш, тегі, біле ме екен?

Мәулен енді іркіле жүрді. Инеш те баяулады. «Өкпелетіп алдым ба?» дегенді әлсін-әлі қарай берді. Әлгі бір реніші де тарқап үлгірсеңсі. Енді бірде Мәуленнің қолтығынан алды да сзу тартты.

— Өкпелеп қалдың ба?— деп сұрады Инеш.

— Өкпелеп қалдым,— деп жауап берді Мәулен.

Инеш артығырақ кеткенін енді аңғарғандай, Мәуленге таяна жүрді.

Мәулен күліп жіберді.

— Бәсе, кеше ғана Сабыр екеуіміздің үстімізден шағым жасап, Мәйнаға шағына беретін бала едің. Енді келіп ақыл айтасың.

Инеш те күлді. Мәуленді ақырын ғана нұқып қойды.

— Мәулен, бір ұсыныс жасайын, көнесің бе?

— Көнесің.

— Давай онда киноға барайық. Бүгін «Чю-Чю-Сан» кинокартинасы.

Олар кейін бұрылып, қайта Совет көшесіне түсті. Асыға жүрді. «Алатауға» таяна бергенде Инеш оқыс тоқтап қалды.

— Түу, есімнен шығып барады екен ғой, менің басқа да бір тығыз жұмысым бар еді, енді не істеуге керек?

— Сондай тығыз жұмыс болса жолыңнан қалма. Киноны басқа бір ретте де көрерміз.

— Реферат жайы да баяғы,— деп Инеш сал кейістік білдірді,— толықтыру керек болып тұрған жоқ па! Көп уақытымды да жұтып кетті өзі. Соның баспаға шығуына ынтызар да емес едім. Өңделің бе деп көрінген жерде сұрайды. Соған соны бір материалдар көрсетем деп Белгіұлов шақырған еді.

— Мұндай жұмысты кейінге қалдыруға болмайды, баруың керек.

— Ие, соған барғаным жөн болар. Кешір, Мәулен, ойда жоқта ала көңіл еткенімді...

— Оқасы жоқ, абыройлы іс қой бұл.

— Рақмет, Мәулен,— деп Инеш оның мойнына асылды да, маңдайынан шөп еткізіп сүйіп алды.

Ойламаған жерден мұндай құбылыс үстінде бұраулы тұрған домбыра шегін басқанда бірден саулап шығатын тұтас үндей, Мәулен денесі шымылдап кетті. Қызулық басты. Инеш басқа сөзге келмеді. Көшені тура кесіп, қарсы бетке қарай жүгіре жөнелді. Соңынан Мәулен де жүгіре түсіп тоқтады. Маңдайынан ұстады, дуылдап тұр. Ұзын пальтосының кең етегі желпілдеп, әлі де жүгіріп бара жатқан Инешке қарап қалған. Бір сәтке бері келе жатқандай да болып кетті. Енді бірде Инеш бұрышта тұрған үлкен үйден айнала беріп, ~~тасаға~~ түсіп жоқ болды. Кенет Мәулен ойына Белгіұловтың үйленбегені түсті. Инеш жаңағы бұрыштан енді қайтып көрінбейтін сияқтанды.

Тау жақтан қою көлеңке жылжып келеді. Дыбыссыз қозғалып, төңіректі орай үйіріледі. Сонымен бірге келіп Мәулен жүретін бір ауыртпалық басты. Ымырт көлеңкесін алысқа лақтыра сермеп тұрған бағана басындағы электр шамына ол көз аудармай қарап, ұзақ тұрып қалды.

Соғыстан бұрын Бозжанов Кәрім Ленинградта тұрып еді. Сүйікті ұлы Марат та дүниеге осында келген. Өз өмірін жас жеткіншектерді тәрбиелеуге бағыштаған Еңлік балалар бақшасында тәрбиеші болып істеп, Кәрім СССР Ғылым Академиясының аспирантурасында оқыды. Тіпті, сол қаланың университетінде оқып жүрген кезінде-ақ ғылымға деген өз бойындағы ықылас-бейімінің молдығына жұрт көзін дауалатқан-ды. Қазақстан далаларында өсетін тарының жаңа сортын Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының ғылыми лабораториясына алып кірген де сол Бозжанов болатын.

Ғылым есігін енді ашып, ғылым ауасымен енді ғана тыныстай бастаған жас ғалымның алдында ол кезде бұралаң тартып ұзақ жол жатты — талап жолы. Бара-бара даңғылдана берген осы бір жолдың көзге елеусіз әуелгі жіңішке басы сол шашақты тарыдан басталған-ды.

Енді Бозжанов жаңағы ғылым жолының бір биік беліне де шығып қалғандай еді. Көп іздену мен оқу өз жемісін бере де бастаған. Кәрім шығарған жаңа сорт осы жылы Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының Пушкин қаласындағы жерінен мол қоршалған участокке егілді. Бұл участок-лаборатория еліміздің колхоз-совхоздарына барар үлкен жолдың соңғы қақпасы есебінде еді. Ертеңгі өнім осы лаборатория қақпасынан шығып, Кавказ бен Украинаға, Орал мен Орталық Россияға, Қазақстан далаларына жол тартпақ. Түйін салып, балғын үміттің өзіндей болып желкілдей бастаған көк жапырақ сол қақпаның құлпын бірте-бірте сырғытып аша берген болатын.

Алға қойған міндеттің практикалық жағы шешілгеніне көзі әбден жеткен Кәрім қуанышты шабытпен диссертация жазуға кірісіп те кеткен еді.

Соғыс оған осындай үлкен істің — арты жиылып, алды қусырылып қалған істің үстінде отырғанда тап болды. Соғыс салмағы өліммен пара-пар, әрі ауыр, әрі қатерлі болса да, көп сөзден аз істі артық деп танитын, бір мінезді, жалтақсыз Бозжанов басыла қалмады. Бүгінгі күнге дейін жолдасым мен баламдай деп, өз келсешегімдей деп келген диссертациясы бейбіт күннің үлесіне теліп, оның соңына көп нүкте қойды да, ендігі орынды Ленин қаласын қорғауға еріктерімен көтерілген халық сарбаздарының алдыңғы сапынан тапты. Батальон комиссары болып тағайындалып, Петергоф төңірегінде жаумен шайқасты. Өзін де өзгеге қолданар қатаң, әскери тәртіп шеңберінде ұстайтын ол май-

данның толас алған бір сәтінде «семьямды көріп қайтам» деп екі сағаттық рұқсат алды. Бірақ Петергофтан шыққан кішкене «газик» Ленинградқа емес, тіке Пушкин қаласына тартты. Шофер қасында отырған жаңа, зенгіл фуфайкасының жағасында батальон комиссарының белгісі бар, жартылай ғана әскерше киінген адырақ көз қара жігіттің осы сәттегі ой кеңістігін бір-біріне тіке қарасып, қабақ шытыспаған Ендік те, қылығы өзекке отша басылар, сүйкімді ұлы Марат та емес, бейбіт толқып жайқалған, кілең бір көк жапырақтар алып қалған еді.

Сол бір шыдамсыз тартқан көңіл ендігі кезеңде бар сезіну қасиетінен ада болып, бір кесек тас секілденіп суына берген. Дәл кешегі күні, алаңаның жайып, талпынған жас балаша желкектей бастаған көк жапырақтың орнында енді қазіргі бір қатерлі күннің өзіндей күрең тартып үйім-үйім топырақ жатыр. Сондай бір сойқан Кәрім көңілін де алай-дүлей етіп кетті. Ол кеше ғана өз қолымен сеуіп, әрбір түбіне көп жылғы ойын, ізденулерін бөлеп кеткен соншалықты ыстық, енді бүліншілік жайлап алған. бұл жердің аянышты қасірет-келбетіне қатыссыз ұзақ қарап тұра алмады. Көлденең келіп көмеккейге тұрған, жан-жүйеңді жалғыз сәтте ірітіп жіберер от кесекті бар қайратын жиып, күшпен кейін қайтарды да, қайыра Петергофқа тартты. Адам бойындағы махаббат пен өшпенділік деген бір-біріне қайшы қасиеттер дәл осы арада қолайын тауып, қайнаса құшақтасып от болып тұтанып, өзінің жанды, аласапыран жалқынды толқынын кекке суарып, сарбаз жүзіне ойнатып жіберген.

«Көк жапырақтың кегі үшін» деп ол қайта соғысқа енді.

Кескілескен бір ұрыс үстінде Кәрім кенет штабқа шақырылды. Шайқастарда өсіп келе жатқан жас комиссарды бұл шақырыс таңдаңдыра да қоймады. «Тағы да бір жауынгерлік тапсырма болып қалған шығар»,— деп ойлады ол.

Үстен тынымсыз оқ зулап өтіп жатқанын слей қоймаған штаб бастығы оны бейбіт уақытқа тән бір сабырлы жұмсақтықпен қарсы алып, орындыққа отырғызды да, Армия штабының бұйрығы бойынша Қазақстанға қайтатынын бірден хабарлады.

Кәрім танырқап қалды. Қуанырын да, ренжірін де байымдай алмады. «Көңіл күйін өлшеп отырар мезгіл емес бұл»,— дегендей штаб бастығы бұған жол қағазын да ұсына берді.

— Қалайша бұл? Қазақстанға барғанда мен... Жоқ, мен Қазақстанға бара алмаймын қазір. Семьям да, жолдастар

да, шашақты тары да, жау да осында... Не деп барамын мен Қазақстанға? Жок, бұл болмайды, жолдас полковник!

Штаб бастығы алгі бір салқын жұмсақтығымен сал ойланды да, бұдан соғыстан бұрын не қызмет атқарғанын сұрады.

Кәрім аспирантурада оқығанын айтты.

Штаб бастығы оған қанағаттанбағандай. Ойлы қабағына аздап күлкі реңі іліне берді.

— Ал шашақты тары туралы диссертацияңды қашан қорғайсың?

— Қашан деуге керек? Ну, соғыс біткен соң...

— Жок, соғыс біткен соң қорғауға болмайды, жолдас комиссар. Армияға қару-сайман қандай қажет болса, нан мен ботқаның да сондай керектігін билуге тиіссің. Міне, сол себепті...

Өзінің соғыстағы орнын енді ғана түсінген Бозжанов күрт көнді де, ауыр күнде тез табысқан тың достармен қош айтысып, Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтына келді. Жерінің, жарқын болашақтың өзіндей үлкен қуанышқа ол осында тап болды. Бұл өсірген шашақты тары жер бетінен өшпепті. Жау Пушкин қаласына жеткенше институт қызметкерлері тарының көпшілігін жинап та алған екен. Шамасынан келмеген бөлегін ат соқасымен қайта айдап та тастаған екен.

Мұны Қазақстанда істелінер келешек жұмыстың қақ жар-тысымен тең деп санаған Кәрім Ленинградта көп аялдай алмады. Өзіне арнап Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы академиясының президенті тығыз жіберген самолетпен қамауда отқа шарпылған, қасірет шексе де, ұлы қажымастық ерлігін әр минут сайын танытып тұрған жауынгер қаладан түнде ұшып шығып, Қазақстанға келген-ді. Ендік мұнда да баяғы өз қызметін тапқан. Соғыс зардабын өз көзімен көріп келген Кәрім мөлшерден артық жұмыс істеп, ақыры диссертациясын қорғады. Бұл шығарған жаңа сорт өзінің заңды паспортына ие болды. Орталық Россияда, Кавказда, Украинаның азат етілген жерлерінде миллиондаған гектарға егіле де бастады.

Бозжанов жаңа сортты шашақты тары тұқымын жетілдіре беру жолында еді. Бір әдемі күні өзіне самолет жіберген президенттен тағы да бір арнаулы тапсырма келіп қалды.

— Жаздық қатты бидай сорты әрі қуаңшылыққа төзімді, әрі шығымды, оның үстіне сапа жағынан басқа бидай сорттарынан артық. Осы бидайды неге күздік қатты бидайға айналдырмаса? Айналдыру керек, жолдас Бозжанов, — депті президент.

Міне, енді ол осы тапсырманы жүзеге асыру жолында үлкен сұраққа кезікті. Бір тал масақтан екі түрлі бидай шығуы, ал бұл құбылыстың колхоз даласында қайталап көрінуі оны бір ұлы жаңалық есігінің алдына әкеп қойды. Сол есікті ашып, ғылымға әлі таныс емес бір сырлы табиғат дүниесіне енуге, сол дүниенің жасырын қазынасын көп үлесіне беруге Кәрім асыға түсті...

17

Ішіне топырақ толтырылған қолапайсыз ауыр жәшіктерді артып, ауладан суыт шыққан бір жарым тонналық «аз» машинасы университеттің көше жақ үлкен есігінің алдына келіп тоқтады. Басқышта Бозжановты қаулап, соның қызық әңгімесін тыңдап тұрған бір топ студент жастық шақтың өзіне ғана тән соншалықты бір қызбалық шапшаңдықпен жүгірісе түсіп, шуласа келіп, машинаға жаппырласты.

Бір студент кейіндеп қалған ғалымның алдын кес-кестей берді.

— Кәрім Бозжанович, сіз мұнда отырыңыз... жол ұзақ қой. Сізге кабина дұрысырақ болар...

Бұл құрметті артық деп санаған Бозжанов:

— Жок, мен мына студенттердің қасына-ақ отырармын, маған сол ара қолайлы, — деп қарулы қолдарымен машина жақтауына қалсыра ұстады да, жеңіл ырғып үске шықты. Оны кабинаға отырар деп түсініп, өздерімен өздері болып, бірін-бірі қағыта шуласып жатқан студенттер машина жақтауынан бері асқан толық денелі ғалымды көріп сырыла берді. Іргедегі қолайлы орынға орналасқан Бозжанов студенттер әзілінен сырт қалмады. Өзін ұстазға, қалғандарды шәкіртке санап, паңсынып отырған Кәрім де жоқ. Өзілге азы қосып, көңілділік туын көтерісе берген. Енді бірде көп қалжың өзінің бетін университеттен асықпай шығып, паң басып машинаға келген Балтабаевқа бұрған еді.

Оның бейкам, ашусыз сары келбетінен, үнемі ішкі дүниесінің тыныштығын танытып тұрар бұйығы күлкі ізі де суып қалған. Күз күнінің қабағы тунжыр, үлкен бір жайсыздықты аңғартып тұрса да, Манаптың «Университетті бітірген күні києм» деп салып тастаған тәуір костюмін киіп шығуы да тегін емес секілді.

Оның осы өзгерісін таныған Қасымова қатты даусыммен шіңкілдеп, кулана сөйледі:

— Бүгінгі үмітіміз ғой, жолдастар! Әлпештеуіміз, авторитетін көтеруіміз керек. Кабинаға...

Жұрт Зада сөзін көтеріп аетті.

— Ие, кабинаға... кабинаға отырсын. Манап отыр-мағанда...

— Отыр, Манап, Кәрім Бозжанович та соны ойлап... біздің арамызға келді ғой.

Бозжанов көптің осы бір зілсіз әзілін ұстартып жатыр.

— Сол орынның иесі өзіңсің, достым.

Манап үндеген жоқ, қысық көзіне жәбірсіз күлкі жинаған қалпы кабинаға кіре бере дауыстады:

— Ал ендеше жүрдік... Сақтаныңыздар.

— Токтай тұр. Әлі Гүлшат қайда кете қалды? Гүлшат Аманова!..

Манап өзін осы машинаның иесіне санардай, қасындағы шоферден рұқсат сұрап именбеді, ұзақ-ұзақ гудок берді. Есіктен жүгіріп көрінген Амановаға ренжіген кейпін де білдіріп қойды.

— Қайда жүрсің, жаным? Тосып тұрамыз ба сені?

Мұнысымен ол кейбір асығыс жүретін жеміссіз бастықтарды келскелеп жатқанын Гүлшат та, басқалар да аңғарып, күлісіп алды.

— Неменеге күлесің? Жүретін болсаң... кәне, тез. Тоса алмаймыз,— деп күмпиді ол.

Гүлшат бастықтың ығына түскіш елпекбайларды келе-междегендей иіле тұрып, сәл аялдау керектігін, Инештің келуге тиісті екенін айтты. Манап жаңағы өзі ойнап отырған рольдің маскасын жұлып тастады да, шыңға көшті.

— Дәулеткересва? Қойшы осыныңды. Өткен практикадағыдай босқа әлск болады. Кел, өзің кабинаға отыр. Жүреміз.

Бозжанов оған басу айтты. Содан соң Амановаға сұрана қарады.

— Тез келе ме?

— Тез келсіді,— деп Гүлшат сендіре сөйледі.— Жаңа ғана сөйлестім. Кеше де айтқан болатынымын. Шығайын деп жатыр.

— Онда күте тұрағымыз жөн.

Бозжановтың бұл ұсынысына ешкім де қарсылық білдірмеді. Әлгі бір шу, әзіл өз биігінде қайта басталды.

Олар Инешті ұзақ тосты. Басқалар түгіл Гүлшаттың өзі де шыдамсыздана бастады. Қайта университетке кіріп, Инеш үйінс тағы телефон соқты. Даусына қарағанда Мәдине болса керек, біреу оның үйден кеткеніне көп уақыт болып қалғанын айтты.

— Әлі де тоса тұрайық. Бірер минутта келіп қалар,— деді машинаға қайтып оралған Гүлшат.

Олар тағы да жарым сағат күтті. Енді жұрттың тынышы кете бастады. Бәрі де: «Кәрім не дер екен?» дегендей, соған қарай берді. Бозжанов та жалыққандай.

— Қашанғы күтеміз, жүре берейік, жолдастар. Ертерек жеткеніміз дұрыс болар.

— Ие, сөйтейік, манадан бері сөйту керек еді,— деп Манап кейіп қостады,— машинасы бар ғой, керек болса қуып жетер.

Машина бұрылып көшеге түсті. Сол сәтте студенттердің бірі:

— Кәке, алғінде университетке портфель ұстап келмеп пе едіңіз?— деп Бозжановқа қарады.

— Ұйбай!— деп санын қағып қалған Кәрім ұшып тұрды да, кабинаның төбесін қақты. Басқа да салмақты-салмақты он шақты жұдырық қатарынан топылдай жауып кетті. Машина кілт тоқтады. Жабыла толқып, алға аударыла келіп қалған көпке Манап кабинадан суырыла шығып, үрейлене, сұрлана қарады.

— Кәрім Бозжановичтің портфелі ұмыт қалған, портфель,— деп шуласты үстегілер.

— А, жарайды,— деді Кәрім қайта отыра беріп.— Бармай-ақ қойындар. Портфельсіз де тіршілік етерміз. Тарта бер, Балғабас.

Бұлар қаланың көп көшелерін шарлап, ақыры сыртқа шықты. Қарсы беттен ысқаяқ жел есе бастады. Ертемен таудан көтерілген күздің жылауық бұлтты енді күн көзін толық жасырып, төңіректі түссіз тұнжыр етіп жіберген. Көк тұман шылым түтініне ұқсап түрленсе, дөңгелене есіліп, жер бетін қарпып бағу қалқяды. Жіні ұшырасар колхозды ауылдар да, өркеш-белестер де сол қаланың мұнармен бүркеленіп, бейне бір теңіздің түбінде жатқандай күңгірт көрінеді. Екі қапталды бойлай отырғызылған ағаштары бар, кәзірде бүрікпе жаңбырмен шыланып, барынша жалтыраған асфальтті кең жол жанағы тұманға оранып дыбыс-қимылсыз паң, бейқам жатқан адыр-белестерден асып өртінге, әлдеқайда шексіз алысқа кете береді. Бұдырсыз асфальтта құлдырап келе жатқан машина әлсін-әлсін ойға құлдылап, әлсін-әлі қырқаға көтеріледі. Барған сайын аласарып жазыла берген тау сілемі бірде алыстап, бірде жол аузына калдендеп қалады.

Машина үстінде тұрған салқын желден қымтанып, ширақ отырған Гүлшаттың ойында: «Уәде бергені несі? Келмей қалғаны несі?» деген ғана сұрақ бар еді. Арт жақта отырған бір студент қынжыла сөйледі.

— Тым кешеуілдеп жететін болдык. Бәрі де әлгі Дәулеткерееваның кесірі. Несіне тостық соны?

— Айтпақшы неге келмей қалды? Шешем сырқат деуші еді, үй ішінде бір жайсыздық болып қалған жоқ па екен?— деп Кәрім келмей қалған Инешке қам жей сөйледі.

— Биология ғылымына жетіліп болған шығар,— деп қарсы отырған биік прическалы Қасымова жоқ Инешті кекеп қалды.

— Дәулеткереева ізденіп, оқып жүретін қыз,— деп Гүлшат арашаға кетті.

— Ізденгіш болса, бүгінгі арнаулы лекцияға неге келмеді?— деді Гүлшат сөзіне қарсылық білдірген Зада.

— Мүмкін, лекция қызылдықсыз болған шығар?— деп қойды Бозжанов сөз ұшығы өзіне соққан соң.

Аманова мен Қасымова енді жарыса сөйледі:

— Атай көрмеңіз. Әсіресе, бүгінгі лекцияңыз жақсы өтті, Кәрім Бозжанович. Біз үшін бұл үлкен жаңалық!

— Жалғыз біз үшін емес, бүкіл биология ғылымы үшін...

Бұлардың қалтқысыз мақтап отырғаны — Викентий Викентьевичтің ұсынысымен арнаулы курс есебінде кешегі күннен бастап V курс расписаниесіне кірген Бозжановтың қорғағалы жүрген диссертациясы еді. Бұл диссертацияның принципіне университеттің кейбір биолог-ғалымдары қатты наразы болған-ды. «Дарвинизм қағидаларын теріске шығаратын мұндай диссертацияны студенттерге ұсынуға болмайды» деп наразы болған-ды. Ал Добров оның ғылымға үлкен жаңалық әкелер сңбек екенін танып, өз ұсынысында қалған еді.

Мұндай қарсылықтардың талайы әлі алдан шығарын білген Бозжанов өз еңбегінің адал өлшемін әсіресе осы ортадан — студент ортасынан табарын да мол аңғарып, енді оны соларға таныстыра беруді теріс көрмеді. Ол алғашқы лекциясын тіке істен, тәжірибеден бастады. Шынында да, жаңалықты тез сезініп, тез қабылдағыш студенттер ынтамен тыңдаған-ды.

— Әлі бұл диссертацияның шешілмей жатқан жағы бар. Тым асыра мақтап, қопандата бермендер,— деп Кәрім көпті баса сөйледі.— Өзгеріс организмнің қай клеткасынан басталады? Әлде бір түр екінші түрге бірден айналып кетеміз? Міне, бұл маған әлі қараңғы. Әрине, бұл шешілуге тиісті жұмбақтар. Тек көбірек, әрі дәлірек зерттей түсуді қажет етеді.

— Сыртқы жағдайдың қызметін дұрыс бағалауға бұл жаңалықтың қазірдің өзінде-ақ үлкен пайдасы бар,— деп Гүлшат өз қорытындысын айтты.

— Сөз жоқ...— деп бір студент оны қостай беріп еді, тулаған жүрек дүрсіліядей, бір кілтеңсіз ырғақпен «түп», «түп», «түп»— деп, шапшаң қайталап соғуымен кешкі ауаны толтырып оң бетте қалыстай берген кішкене электр станциясы жұрт көңілін аударып әкетті.

— Міне, келіп те қалыппыз!

— Оһо, өзінде электр станциясы да бар екен-ау! Осал болмады онда.

— Енді қалай деп едің?

Сол кезде қоңыр мұнармен, іңір қараңғылығымен қауышып, жанары тайған көздей дыбыссыз тұңғиық тартып бара жатқан алдыңғы кең төңірекке, әлгі бір кішкене станциядан жүгіре шығып, тарап кеткен сымдар от моншақтарын шашырата салды. Жүздеген электр шамдары теңіз үстіндегі оттай толқып, сөніп-жанып жымындай бастады.

Машина кең көшенің басынан келіп кірді. Қала адамдарының көзіне тым аласа көрінген екі беттегі үйлердің терезелерінен самаладай шатынап шыққан сәулелер айқасып келіп, жолда көлденең түсіп жатыр. Колхоз көшесін бойлатып ақ, қарасы кезек алмасып келер шыбық жолды қазақ алашасын төсеп тастаған секілді. Ашық тұрған бір терезеден соңғы кабар оқыған диктордың толқынды, үнді жуан даусы естілді. Жарық орнатылған бір қақпаның алдында бес-алты келіншек сепараторға сүт ағызып, шуласып жатыр. Бірер жерде пәруейіне ештеңе алмай, күйісін қайырып жолда жатқан сиырлар машина алдын бөгеді. Бірер қақпадан иттер шығып қосарланды. Бұлар бір бетпен ілгері қарай асығып бара жатқан кілең жастардан озып, тура колхоз кеңсесінің алдына келіп тоқтады. Оң қолда селдірей бастаған ала шабыр бұлтқа оранып, етекпен көтерілген ай сәулесімен қоңыр, көгілжім, бозан тартқан аспан жүзінің бір бөлігін көлеңкелей дүңкіе қарауытып көрінген үлкен үйдің алдында, ашық далада әлдебір кинокартина жүріп жатыр. Тегі, бұл колхоз клубы болса керек. Әріректе бір қырқа астынан айтақпен саңқылдап үрген иттің даусы оқшау шығады. Ұзыншалау кішкене қара суды жағалап кеткен көшенің бас жағынан қатты күлкі, қатты жүрген ат дүбірі, төрт дөңгелекті бричканың салдыр-күлдірімен араласып шығады. Қыстақтың екінші бір бас жағынан оқшау сырнай даусы, оған қосылған жас жігіттің арманшыл үні естіледі.

Кабинадан шыққан Манап: «Қалай, шаршамадыңдар ма? Тоңған жоқсыңдар ма?» деп қамқорсып жүр.

Бұлар түсіп болғанда ауылдың бес-алты адамы да шоғырлана қалды.

Тізесін былғарымен қаптаған галифесі бар, басына сары хром картуз киген, шалақ былғары тужуркалы, қайқы маңдай, толықша келген аққұба жігіт бері еркінірек басып келіп, Бозжановқа бұрылып қол берді, өзінің осы «Социализм» атындағы колхоздың председателі Сексенбаев екенін таныстырды.

— Қош келдіңдер,— деп ол бірден жайдарылықпен «еснеге» кетіп, бұларды маңдайшасында «Қонақ үй» деп акварельмен жазылған кішкене, сәулелі жарнамасы бар іргелес бір үйге алып кірді.

Кіші-гірім төрт-бес бөлмелер жұпыны болса да, қала адамдарын тазалығымен тартты.

Ақ жабылған керуеттер. Қолдан істелініп, қолдан сырланған тумбочкалар, есік-терезелердің плотно-кенеп мұхарама-лары — бәрі де тым жинақы, сыпайы.

Өлгіде амандасқанда, «қолына ұстаған бірдемесі бар ма?» деп күдіктеніп қалған Бозжанов председателдің оң қолының ортаңғы екі саусағы жұмыла бүгіліп, жазылмай қалғанын енді байқады. Желбегей салған тужуркасының өңірінен қозғалған сайын Ленин ордені мен Даңқ ордені көрініп, электр жарығымен шағылысып, жалт-жұлт етеді.

Енді бірде ол ширақ жүріспен кухняға барып, ақырын сөйлеп: «Тамақты тез дайындандар, мол ғып, дәмді ғып, жақсылап дайындандар. Ет асындар, жұмыртқа қуырындар!»— деп әлде біреулерге тапсырма берді де ша-руаларды жайғастырып, қайтып келетінін қайыра келіп бұларға айтып шығып кетті.

— Міне, председатель!— деп Манап Балбабаев тамақ туралы қатаң тапсырмаларды естіп қуана күлді.— Нағыз қамқоршы...

— Әй сорлы-ай, жемдік десе жемсауың бүлкілдеп кетеді-ау,— деп бір студент қағыта сөйледі. Жұрт ду күлді. Бірақ қысыла қояр Манап жоқ. Көз орнындағы кішкене сызықшаларды біріне-бірі астастырып жоғалтып жіберді де, жайбарақат қалды.

Енді председателдің орнын орта жасты, алдына таза ақ белдемше ұстаған аспазшы әйел басты. Ол да осы ауыл адамына тән еркіндік, ашықтықпен келіп әркім жайын бас-басына қадағалап сұрай берді. Аспазшының бұл мақсатсыз сыбысқұмарлығын олар іштей ерсілеу санаса да, арғы жағында зілі жоқ, аңқаулығын да байқасып, ықыласын беріп жатыр.

Көпшілік енді мына барынша таза киінген ақжарқын қара торы қартаң әйелдің қалтқысыз қылықтарын тамашалады. Колхозшы әйел жалғыз баласының Днепропетровскіде

Кен-металлургия институтының ақырғы курсында оқитынын, жуырда өзі бір сұлу украин қызына үйленгенін, сонда балаларының шақыртуымен барып қайтқанын, көрмей тұрғанда келін баласын аздап ұнатпағанын, көріп келген соң, енді сағынып жүргенін айтты.

Ол жұмыс арасында кіріп-шыға жүріп, биыл шалы екеуі алты жүз еңбеккүн тапқанын, сол еңбеккүніне мыңдап ақша, центнерлеп жеміс пен астық, килограмдап жүн, жұмыртқа алғанын тәптіштей баяндады.

— «Социализм» колхозы шынында да дәулетті екен, — деді колхозшы әйел сөзін мұқият тыңдаған Бозжанов.

— Сұрама, балам, біздің қазіргі басқармамыз іскер адам, — деді де, аспазшы әйел бейнебір жоғары орынға өз колхозы туралы есеп жасап тұрғандай-ақ мал басының артығымен орындалғанын да, етінің орасан шырымды болғанын да жатқа сөйледі: Колхоз клубы мен жаңа төл қораның, жаңа темір дүкені мен жаңа астық сарайының салынғанын да айтуды ол ұмытпады. Колхозда бір су диірмені, бір кітапхана, он жылдық мектеп, бригада басы сайын монша, бір дәрігерлік пункт бары да тыңдаушыларға мәлім болды. Олар алінде аспазшы әйелдің ақ көңіл аңғаудығын қызықтаса, енді оның колхоз шаруашылығы жайында соншалықты хабардар адам екеніне қуанысып, разы болысып қалды.

Сол дәулеттің бір дәлелдемесіндей болып, тағам да әрі мол, дәмді болып, бөлек-бөлек сәнді, таза ыдыстарға салынып келді.

Осы кезде манадан бері қабырғада үнсіз тұрған радиорепродуктор кенет күтірілеп, қырылданқырап кетті. Ар жақтан дикторлық шеберлікті әлі меңгеріп болмаған, дикциясы төмен бір еркек даусы естілді.

«Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Сөйлеп тұрған «Социализм» колхозының радиостудиясы. Бүгін колхозымызға Алматы қаласынан профессор Бозжанов бастаған бір топ студент келді, не, мм... Сағат көзіргі онда бәріміздің де клубқа жиналуларыңызды колхоз правленийісі өтінеді, жолдастар! Бозжанов жолдас бір масақтан екі түрлі дән шығуын көптен бері зерттеп жүрген ғалым. Сол ғажап құбылыс жөнінде баяндама жасайды».

Бір минуттан кейін осы хабарландыру тағы қайталанып оқылды.

Жұрт гүілдеп кетті:

— Оны қайдан біліп қалған бұлар? Арамыздан біреу жеткізген ғой.

— Балабаев жоқ қой. Сол шығар радиостудияға барып, дикторға диктовать етіп жүрген...

Осы кезде колхоз председателі қайтып оралды. Қасындағы ұзын сақалды, мұрынды келген шалды Кәрімге:

— Хата-лаборатория меңгерушісі Модест Владимирович,— деп таныстырды.

Модест Владимирович жуан саусақты жалпақ мүйіз қолдарын Бозжановқа аса бір байсалдылықпен ұсынды да, оны жанамалай отырды. Содан кейін ұзын сақалын бірер силап қойды.

— Қызық құбылыс, бір бастан екі түрлі бидайдың шығуын айтамыз,— деп әңгімені бірден бастады. Содан соң әр қалтасынан сыртында жазуы бар бір кішкене дорбашықтар шығарып, столдың үстіне қойды. Бір дорбаның аузын шешіп, ішіндегі бидайды алақанына салды да, Кәрімге ұсынды,— қараңыз, бұл «Отынағаш» деген учасюттегі жаздық бидайдың дәні. Байқайсыз ба, ана қара бидайды, әне, әне, сеніңіз, шын айтамын, бір масақтан...

— Модест Владимирович дұрыс айтады. Сондай бір ғаламатқа менің де куә болғаным бар,— деп Сексенбаев та Кәрімді сендірмекке тырысып жатыр.— Модест Владимирович екеуіміз бір массивтің басынан түсе қалайық. Пісуге жақындап тұрған үлкен массив... Комбайнды қашан жіберуге болар екен деп, шетінен бір сабақты жұлып алайын... Қолыма уқалап, тазартып, енді қарасам... Міне қызық? Үш түйір қара бидай... сенейін бе, сенбейін бе? «Сеніңіз»,— дейді Модест Владимирович. Міне, бары осы. Ақиқаттығына илана көр. Содан кейін қайта іздейік... Бірақ таба алмадық. Солай ғой, Модест Владимирович?

— Дәл солай, бірақ басқа колхозшылардың да мұндай масақты тапқандары бар ғой... Турасын айтқанда, бұл шындық...

— Қалтқысыз сенеміз,— деді Бозжанов Сексенбаев пен Модест Владимировичке кезек қарап,— осындай ғажайып масақты менің де кездестіргенім бар. Мен соны зерттеу жолындамын.

— Айттым ғой, бұл ғаламат деп... Бұл не керемет сонда?

— Оны көп арасында өңімелесейік. Клубтарыңыз кең шығар?

— О, кең болғанда қандай! Ол жағынан ұялмаймыз. Аралап көруіңе де болады.

Кәрім бұған қарсылық білдірмеді.

Олар далаға шыкса, кинокартина сеансы біткен екен, клуб маңы самаладай жарық болып кетіпті.

— Міне, мынау кішкене зал, мұны кино залы дейміз. Ал қазір бас залды көрсетейін. Ол тым үлкен, қазіргі кездесуіңіз осында өтеді.

Бұлар колхоз председателі нұсқаған бас залға жақындай бергенде іштен қаңғыр-күңгір дауыс естілді. Алдан үй күтуші әйел шығып председателіге шағына сөйледі:

— Жаңа бір, осында... Әлгі қонақтардың бірі ме деп қалдым... Жалынып мына залдың кілтін сұрап алып еді, шықпай қойды. «Бес мал ізі менде, жолдастар» дей ме, «малту» дей ме, «ұя» дей ме не керек... Ара-арасында өзіміздің Мичуринді де қосып қояды, әйтеуір...

Есікті шапшаңырақ барып ашқан Сексенбаев ішке бір, Божановка бір қарап қалт тұрып қалды. Кәрім ішке кірді де, председатель айтқандай тым кең, күңгірлеп тұрған оңаша залдың сонау басындағы мінбеге шығып алып, алдына жайған қағаздарына бірде үңіліп, бірде жоғары қарап, қолын екілене сермей қатты сөйлеп тұрған Балтабаевты көрді. Көрді де күлді.

Бұларды сол сәтте байқаған Манап басылып қалды. Екі беті шапалақпен ұрғандай қызара дуылдап кетті.

— Тоқталма, сөйлей бер! Дайындалғаның дұрыс! Ойша қызып кетпе, бірақ,— деп Божанов күле сөйлеп, залдан шықты.

Ілесе берген Сексенбаев бұған телміре қарады. Соны сезген Божанов:

— Сіздер хабарлағандай баяндамашы мен емес...— дей беріп еді, колхоз председателінің кескіні бұзылып кетті.— Бізде баяндамашы екеу, екеуі де студенттер. Соның бірі — жаңағы Балтабаев деген жігіт.

— Бұл бала өзі... қалай, жөндеп баяндама жасайтын бала ма өзі? «Бес мал ізі», «малту-шалту мендесі» несі?— деп Сексенбаев көңілсізденіп қалды.

Кәрім қарқылдап күлді:

— Жасағанда қандай!

Сол кезде манағы қолапайсыз жәшіктердің бірін қаумалап көтерген үш студент қарсы кездесіп бұларды жанап өтті.

Жұрт лек-легімен келе берді. Көп кешікпей қызықты кеш басталды.

Ертеңіне күн соншалықты ашық, жылы болды. Божановтармен бірге басы колхоз председателі, Модест Владимирович болып көп колхозшылар қара бидай аралас өскен егінжайға барды. Түнде ұя-ұя етіп себудің принципін

ұғынса, бүгін сол әдісті өз көздерімен көрді. Кешке Кәрім Модест Владимировичпен ұзақ әңгімелесіп, бірер кітап, нұсқаулар берді.

— Мына жәшіктерде сыртқы жағдайдың әсерімен қатты жаздықтан жұмсақ күздікке айналып келе жатқан бидайлар бар. Соның өзгеру процесін зерттеңіз. Мүмкіншілігіңізше бізге хабарлап тұрыңыз,— деп Кәрім Модест Владимировичтің қолын қысты.

Олар түнделетіп қалаға жүріп те жетті.

18

Есік кешігінкіреп барып ашылды. Ар жақтан Инешке жүзі жылы Белгіұловтың өзі көрінді.

— О, қош келдің,— деп ол бір езуін көтеріп күле сөйледі. Өзі Инешке жақындай беріп, есіктің ілгегін салды. Қыз мұрнына әдемі бір жұпар иісі келді. Инеш қолайсызданып қалды. Қысыла сөйледі.

— Кешіре көріңіз. Кешігіп қалғаным. Комсомол комитеті шақырып алып, әр нәрсені бір айтып жібермегені.

— Қоғам жұмысына қатыспайды деп айыптай беруші еді. Үйреткен екен өзінді.

Инеш тіктеп қарап еді, әлгі бір қалпында күліп тұр екен. Құптағаны ма, қарсы болғаны ма аңғартар емес.

— Оқасы жоқ.— Белгіұлов бір ерке мінезбен Инешті балаша қолынан ұстап, өз кабинетіне алып кірді. Жазу столының оң жағында тұрған креслоны нұсқалды. Өзі қарсы беттегі қайқы табан теңселмелі емен орындыққа барып отырды. Қалтасынан шылым пачкасын шығарды. Жалт еткізіп шарпн тартты. Шылым қорабына қарап сәл отырды.

— Ие, Северная пальмира!— деп күрсініп қойды. Содан соң Инешке қарады.

— Байқа, бірақ... Университет ғалым дайындайды, педагог дайындайды. Арнайы қоғам қайраткерін дайындамайды. Оқуына кесел келтірмесін.— Белгіұловтың даусынан қамқорлық сезілгендей болды.

Инеш енді байқады. Белгіұлов бір жаққа барардай жақсы киінген. Қара галстук. Толық денесіне мол жарасқан кара костюм. Осындай кеште ғана киетін костюм. Үйіне оқушысы келетін болған соң әдейі дайындалған. Мұны Инеш бірден сезді. «Талғамы қандай десеңші. Жылдың әр мезгілін былай қойғанда бір күннің өр әлестінде әр түрлі костюм кию керек қой. Ашық күні киерің бұлтты күнге үйлеспейді. Ертемен кигенің кешке үйлеспейді. Майқан ғой соның бәрін біледі. Ал кейбіреулер үйіне үймслете қонақ шақырады да, пижа-

мамен қарсы алады-ау, қандай надандық десенші»,— деп ойлады Инеш.

— Мазаны ала береді,— деп шағынды Инеш.— Енді университеттің жаңа салынып жатқан корпусына сенбілік ұйымдастырамыз дей ме, немене?!

— Кім мазанды ала беретін?

Инеш ұялып қалды.

— Дайыров...

Белгіұлов қайта жымиды.

— А сен менің ылғи Северная пальмираны неге тартатынымды білесің бе?

Инеш түсініңіремей қалды.

— Жоқ.

Белгіұлов Инеш байқамаған басқа бір мұңды кейіпке кірді, Үсті көк тартқан түзу қасы жиырыла берді.

— Сабыр үшін. Марқұмның жақсы құрметі үшін.

— Сабырдың құрметі үшін?

— Ие, ие, дәл солай. Соғыстан бұрын сол Северная пальмирада¹ сенің ағаңмен кездескенім бар еді менің. Диссертацияма материал жинап жүрген кезім болатын. Сондағы бір жолдастар «осында бір талантты философ қазақ бар» деген соң әдейі іздеп бардым. Танысып, достасып кеттік. Мақтаса мақтағандай еді. Биологияны қандай терең білуші еді. Тірі болса шіркін шын философ сол болатын еді. Ал қазір осында «философбыз» деп бір мыртықтар да жүр-ау тыштыңдап. Бір жолы ол маған Тимирязевтің «Өсімдік өмірі» деген кітабын ескерткішке берген. Міне, қолы Сабырдың.— Майқан бір қабырғаны тұтас алып тұрған үлкен кітап шкафына келді. Ұқыпты түптелген жасыл кітапты алып Инешке ұсынды. «Осы кітапты оқыған сайын Тимирязевтің талантына табынушы қазақтың бір қара баласын есіңе ала жүр»— деген сөздерді оқыды ол.

— Ағаңның рухын сақтап, берген кітабын осылай тозаң шалдырмай ұстап жүріміз.

— Ой, рақмет сізге. Тіпті не десем екен. Ие, көп рақмет. Тіпті...— деп Инеш Белгіұловқа ұмтыла беріп тоқтады.

Инеш бір нарсені жақсы көрсе де, жек көрсе де, бірдемеге разы болса да, наразы болса да, күрт, біржола барымен кететін еді. Оның бұл мінезін Майқан жақсы білетін. Дәл қазір қыздың сондай бір қалтқысыз разылықпен, ұстарадай өткір сезім үстінде тұрғанын ол бірден байқады. Бірақ сыр

¹ Өткен ғасырдағы орыс әдебиетінде Ленинград солай аталған.

бермеді. Кітапты енді өз қолына алды. Сыртғы тамашалап сал тұрды да, стол үстіне лақтырып тастады. Содан соң стол ернеуінен бір бұрышы шыға түскен әдемі мұқабалы кітапқа жоғарыдан көзінің бір қиығын салып, бетін тыжыртты.

— Әр нәрсе өзінің заманымен ғой. Бұл биологтың да көптеген қағидалары ескіріп қалды.— Белгіұлов әлдебір қопшау тілердей Инешке қарады.

Инеш әлгібір сезімнің ырқында тұр.

— Мен сізді сондай бір жақсы адам деп ойлаушы едім. Қателеспегенмін.

Белгіұлов қарқылдап тұрып күлді де, Инешке таяна отырды.

— Жә, Тимирязев өз жайымен. Енді реферат мәселесіне көшелік. Рефератында көп кемшіліктер бар болатын. Оны өзің де білуге тиіссің. Ана Бозжанов дегендерің «Бәйгеге ұсынуға болмайды, Бекерге көтермелейсіндер» деп құр қызбаған. Жастығыңды, келешегіңнің молдығын айтып көп таластық. Соның арқасында бәйге алдың. Соны біле тұра, көңіл қойып, жөндемегенсің. Мен көрсеткен кітаптарды да пайдаланбағаның.

— Майқан аға...

Майқан оны тыңдамады.

— Сен биологиядағы сәкірмелік дегенді білесің бе?

— Мен соған түсінбеймін...

— Ал түсінбесең, сол түсінбейтінінді неге жазбайсың? Бүгін есек еді, ертең суық жаққа апарса ат болады дегенге мен сене алмаймын.

— Майқан аға, бидай жайында ғой, олар қатты бидайдың жұмсақ бидайға айналғаны жайында...

Белгіұлов Инешті сөйлеттірмеді.

— Биологияда бір-ақ заң бар,— деп кесіп тастады. «Ренжітіп алған жоқпың ба?!»— дегендей Инеш қолайсызданып қалды.

Белгіұлов ойлы отыр.

— Аталған еңбектерді оқы. Мақаланды жақсылап түзе,— деп ол салқын сөйледі.

«Осы кісі неге маған бұлданады?»— деп ойлады Инеш. Ренжіп қалды. Екеуі де біраз үнсіз отырды. Бір уақытта Белгіұлов түрегелді. Езу тартты.

— Көңіліңізденіп қалдың ғой деймін. Көп сөйлеп жалықтырып алғаным жоқ па?

— Жок, жалыққаным жоқ,— деп Инеш селсоқ жауап берді.

— Шаршап кетсең, жақсы вальстер бар. Ойнатуға болады.

Инеш үнсіз отырып қалды. Сонысын Белгіұлов қостағандық деп таныды да шапшаң барып жібек орамалмен жабулы тұрған радиоланы ойнатты. Әрі нәзік, әрі көңілді, Инешке тым таныс бір вальс ойналды.

— Бұл «Любимый вальс» қой!— деп Инеш көңілденіп қалды.

— Ие, сол сүйікті вальсің осы,— деп Белгіұлов музыка сазына аз ғана бір құлақ салып отырды да Инешке келді.

— Кел, дөңгеленіп жіберейік. Сонда бәрі де тарқайды. Инеш сәл тұрды да, Белгіұловтың ыңғайына көне берді. Содан соң кенеттен: «Неге мені Майқан оңаша үйде биге шақырды осы?»— деген күдік сап ете қалды оған. Оның үстіне бұрынғы салмақты Майқан өзін тым жеңілдеу ұстаған сияқтанды. Мана көшеде қалған Мәуленді есіне алды. Бір түрлі ыңғайсызданып кетті. Вальс ортадай бергенде ол шетке шықты да рақмет айтты.

— Кететін уақыт болды. Мақаланы тез бітіру керек қой. Кезек күтіп диплом жұмысы да жатыр.

— Асығу дұрыс,— деді Белгіұлов аз-кем тұрып.— Бірақ жақсы еңбекті асығыстық туғызбайды. Іздену мен уақыттың жемісі — ол. Асыға жүріп асықтау керек.— Ол өзінің осы бір сөзіне ырза болғандай күліп қойды.— Ал мақаланы тез жазып бітіретін бол. Журналдың алдағы санынан қалмайсың.

Инеш қош айтысып 'тысқа шықты. Әуе райы өзгеріп қалыпты. Манағы бүрікпес жаңбырдың аяғы қарға айналып кеткен. Жер-көктің бәрі ағараң тартады. Қыс бұлты қала үстін торлап жауып алған. Ауада қытымыр ызғар бар. Тау жақтан ысқаяқ жел соғады. Көше бойындағы бәйтеректердің содан бастары шайқала суылдап, құлаққа жағымсыз бір мұң шертіп тұрғандай. Ағаш бұталарына қонақтаған инс-қыраулар анда-санда шашыла бұрқырап кетеді де, шаңыта, жазыла түседі. Адам аяғы да селдіреп қалған.

Жылы үйден шыққан Инеш дірілдей кетті. Кенет ол өзіне өзі: «Неге бардым осы?»— деп сұрақ қойды. Оңаша үйде Белгіұловтың биге шақырғаны да ерсі сияқты. Тағы да көз алдына Мәулен келе қалды. «Жоқ, мен ренжіп қалған соң көңіл көтерсін дегені ғой. Майқан менің келешегіме тілектес адам ғой. Мақаланды тез бітір деп уақытын бөліп әуре бола ма айтпесе»,— деп түйді ол ойын. «Ие, қолға алған соң тез бітіріп тастау керек».

Инеш үйіне жетуге асыға түсті.

Ашық күн аздап бозаң тартады. Уақыт тыныштығына бөленіп тау етегінде жай бір тыныс — дем алып жатқан үлкен қаланың үстіне қонақтаған ақ тұман көлеңкедей сырылып серпілген. Талғар кеудесін көтере төніп қала үстінде тұр. Осындай айқын ашылған қысқы сергек таңда, тіпті, жақындап қалатыны бар оның. Тау беткейі шаңқандай ашыла түскен. Түнгі боран ізі айқын көрінеді. Іркіс-тіркіс кесе тұрған ақ жалдар ми қабының тарамдарындай болып әр түрлі бейнелер жасайды. Неше түрлі гүл суреттер мен әшекей, өрнектерді елестетеді. Кейбір үлкен ақбайталдар қалықтап ұшқан алып құстың қанатына ұқсап та қалады. Тау таңғы ауада ұлғая көтеріледі. Қанаттарын жай сермеп, баяу көшіп, ұшып бара жатқандай болады. Бір мезгіл оның басы қылаңытып, бұлыңғырады. Ең алдымен түссізденіп, күнгірт тарта береді де кесіле үзіліп жоғалып кетеді. Бұл кем шақтағы құбылыс. Тау өлкесі кешікпей-ақ қайта ашылады. Өзінің бар тартымды сиқыр көрінісін құлпытарта кербезденеді.

Тау ұшындағы осы кілт өзгеріс ерке құбылыстардың бұл өңірге, тіпті әсері тимейді. Шағын қыстың бас кезінде қала аспанын біркелкі жұмсақ ызғар басып тұрады. Таудан асып көтерілген күн мейірі аумай келеді. Ықтасын жерлер күн шуақта жіпсіп, қабыршақтанады да, кеш түсе тобарсиды. Кей ретте тау басынан бұлт шыға келіп, жаңбыр төгіп кететіні де болады.

Көше дағдысынша ерте оянады. Ұзақ танның қысқа бір шағына тыныштық тартқан қала өмірі ерте жандана бастайды. Сондай бір көңілді күн.

Қаланың бұл бөлігіндегі құрылыс орындарында қауырт шапшаңдық бар. Бес-алты пұшпақ кең аумақты ала қоршалған тақтай дуалдың іші өз алдына бір завод өміріне ұқсайды. Алып механизмнің тынымсыз қозғалып, өз қызметін атқарып тұрған бөлшектеріндей үздіксіз бір қимыл. Аула қақпасында дамыл жоқ. Жүк машиналары үздік-создық жүгімен кіріп-шығып жатыр. Ескі заманнан ескерусіз қалып қойған бір қабат аласа үйлерді уақыт сиді өзінің жоқтығына тартып әкеткен. Олардың орындарын құрылыс материалдары басып жатыр. Биік дуалдың екі-үш жерінен жақында ғана қылтып көрінген қызыл кірпіш үйлер тез көтеріліп, көше бойындағы бәйтеректермен тайталаса өсіп барады. Ондаған мотор үндері шығады. Темірдің кейде ашы, кейде самарқау шаң-шұңы естіледі. Осылардың бәрі қуатты үнге айналады да, аспанда қалықтап құйыла тұнып тұрып алады. Бұл — болашақ университет қаласының құрылысы.

Дайыров тіпті өзгеріп алған. Дағдылы мінездерінің бірі де жоқ. Осындай жұмыстарға киетін вельветкасын желбегей салып, жүгірумен болды. Жүзінде шаруа қамын жете ойлайтын тынымсыз адамдарға тән бір қызық белгі бар. Іске түгел беріліп, терең бойлап кетушілік белгісі.

Асыға сөйлеп алдесбір ұсыныстар жасайды. Блокнотына бірденелерді белгілейді. Бір ретте ескі үй орнының балшығын машинаға артысып жатқан екі-үш студентке барып, шапшаңырақ қимылдау керек екенін де ескертеді. Содан кейін бір минут құрылыс көрінісіне көз салды.

Оң қолда қуатты екі үлкен бульдозер алдындағы төбе топырақты түре сүзіп, әрірехтегі ойпаңға түсіріп шиырлап жатыр. Ертең бұл араға асфальт төселетіні де Еренге аян. Енді бірде биіктеп қалған бір корпустың төбесінде қалтасына қолын сұғып жүрген костюмдіге көзі түсті. «Викентий Викентьевич болды ма екен?»— деп ойлады ол. «Қайдан ол болсын. Викентий Викентьевич құрылыс басына салдықпен костюмдегіп қайдан келе қойсын. Бұл кім болды екен енді?»

Сөйткенше болмады, жаңағы бір костюмді астындағы қарайған бірдемесімен тік қалпында төменге зырлап кетті. Шошынып қалған Дайыров күнге көзін қалқалап, анықтап қадала қарап еді, жаңағының жүк қранының тұмсығында кетіп бара жатқанын аңғарды. Жүгіріп келсе, Жолтай екен.

— Сен мұнда қайдан тап бола қалдың? Түнде Мәулен бригадасына тіркелініп едің ғой?— деді Ерен. Мына сал жүрісін ұнатпай қатанырақ сөйледі.

— Жоғарыдан құлаған қандай болар деген ем. Жүде, қорқынышты екен. Мұнарадан суға секірмек түгіл, апаннан да аттамасын-ау. Қазір, жүде, мен дегенің қазір-ақ... жүрем бе жұртша... Қазір-ақ нормамды орындаймын да кетемін...— деп ол қожалақ болған костюмнің әр жерін шаң қолымен қаққыштап, филфак жаққа бет ала берді.

— Сұмдық екен!— деді ол орта тұста бір траншеяға ұқсас жерді тереңдете қазып жатқан Мәуленге таяна беріп.— Өзім зырлап төменге... ал жаным, жүрегім, қолқам суырылып аспанда қалғандай. Іріп кеткені, жүде. Мені бір ойнап отыра қалды дейсің бе! Бір кеспелтек сары, жүде, қойды ма, бізге сенің керегің жоқ деп салып қоя бергені... Зырлап келем... ал жүрегім сонау аспанда.

— Сен сөзді қой да, норманды орында,— деді Мәулен белің жазып, тік қарап.

— Жарайды, қазір, жүде.

Мұздарапов қолына күрегін алып, өз орнына келді.

Мәулен қазған шұқанаққа көзі дағдыланып қалған оған өзі қазған жері тым таяз көрінді. «Қайтадан бері келіп

қалған ба өзі?— деген күдікті оймен күрегін алды... Біраздан соң Мәулен жанына тағы да барды.

— Ана биофакты қарашы. Мұғалімдеріне дейін көмек беруде. Ал біздің мұғалімдер мұндайда қара үзіп кетеді. Кілең жүйрік, жүде.

Биофак студенттері жұмыс істеп жатқан жаққа Мәулен еріксіз көз салды. Қарбалас қимылдап жатқан студенттерге қимылсыз қарап, қара пальтолы Белгіұлов тұр. Перчатка ұстаған қолын ілгері ұсынған. Өлдене деп сөйлейді.

Осы шақта ана бір кеште пальтосының кең етегін шайқақтатып жүгіріп бара жатқан Инеш оның көз алдына келді. Ол сонда арғы тасада дәл осы қазіргідей тұрған Белгіұловқа жүгіріп бара жатқан секілденді. Іші бір түрлі қызғаныш тартты. Бойын сағыныш оты орап алған. Көргісі келеді Инешті. Жүректің адал тілімен жақсы сезімдерін ұзақ баяндағысы келеді оған. Тесіле қарап, топ ішінен Инешті іздейді. Қанша қараса да іліктіре алмайды. Ашқарақ та, арманды көзіне Инеш сияқтанып Гүлшат тұлғасы көлденедей береді. Өзі қалың свитер, қара шалбар киіп алыпты. Осы бір ықшам киімінен шығыңқы кеудесі, піскен, толған балғын мүсіні айрықша көзге түседі. Сондай бір сәнді қимылдармен сүйікті Инешін қалқалай бергендей болады. «Жақсы қыз!»— деді Мәулен күбірлеп.

Осы мезетте «сол жақсы қыздың» ашық даусы да мұның құлағына келді.

— Филфак, қалып қойып жүрмендер!

«Филфак» десе де сөзін жалғыз Мәуленге ғана арнап тұрғандай. Содан кейін сәл жымып күлді де, теріс айналып жұмысына кірісіп кетті. Құтты анадағы күлкісіндей. Лайсаң салқын күндердің бірі болатын онда. Мәулен аула ішіндегі титаннан шайнегіне қайнаған су құйып алды да жатақханаға қарай жүгірді. Келген бойда есікті жұлқи тартып қалып еді, ар жақтағы біреу ішкі тұтқадан ұстаған қалпында үйіріліп келіп Мәуленнің қарына киікті. Қараса Гүлшат екен. Түсі қашып құп-қу болып кеткен. Көзін жұмып сол қалпында сәл тұрып қалды. Аздан соң Мәуленге қарады. Жүрегін басты да, терең бір дем алды. Содан кейін езу тартып күлді. Ыстық демі Мәуленнің бетіне келіп соқты. Оқыстан жігіт құшағына тап болған қыз шегінбеді. Мәулен де тартынған жоқ. Есік тұтқасын ұстаған қалпы қарына асылған Гүлшатты демей берді. Денесі шымырлап, жүрегі ұйып қалғандай болды.

— Зәремді ұшырдың ғой,— деді Гүлшат.

— Мен сондай қорқынышты адаммын ба?

Гүлшат күлді.

— Солай болғаның да.

Сол кезде іштен бір студент көрінді.

— Ау, тал түсте бұлардың не, жол болсын!— деп күліп өтті.

Гүлшат Мәуленнің қарына қолын салып кейін шегінді де шапшаңрақ басып ілгерілей берді.

...Мәулен езу тартты. Іші бір түрлі жылып кетті.

Оны осы бір сезім ықпалынан Ерен келіп шығарды.

— Кешігіп қалдым білем, салмағың бізге артып кетті ғой деп ренжіп жатқан жоқсындар ма?— деп күле сөйледі.

Топ атынан біреу жауап берді.

— Ұйымдастырушыға да зәрулік бар ғой.

— Ұйымдастырушылық үлгісің іспен көрсетіп, сөзбен бекіту керек-ті.

Дайыров қалтасынан папиросын алды. Жалт еткізіп сіреңке тартып, шапшаң тұтатты.

— Қайтеміз, ұйымдастырушымыз деп бәлсініп жатқан біз жоқ. Жағдай солай,— деп қысыла сөйлеп, қимылдап кетті.

— Ақырын, Ерен. Алғашқы арының ғой бұл. Аптығып қаларсың,— деді Мәулен жұмысқа қайта кірісіп жатып.

— Алтықсам, сендер бар емессіндер ме? Далаға таста-массындар жығылып жатсам. Мұндайда бір есебіңді ішіңе сақтап сырттап жүргенің жаман. Мәулен Ерен жауабын ұнатып қалды. «Бұдан партия қайраткері шығады»,— деп түйді. Осындай іскерлікті, ұйымдастыру қабілетінің молдығын айрықша тілейтін партия, комсомол қызметін Ереннің өзі де ұнататын сияқты. Оны кешегі бір әңгімеде Мәулен толық аңғарып қалған.

— Жұмыс істеуге аудан іші қолайлы ма деп ойлаймын. Ауылдағы еңбек қиын да, қызық та секілді. Шешуін шапшаң тілейтін ауыр жұмыстар көп. Бұл еңбек тез өсіреді, тез түзеп, тез шыңдап шығарады,— деп Ерен өз пікірін айтқан. Оның бұл сөзіне Мәулен қарсылық білдірген:

— Еңбек, адамды өсірер еңбек қалада да бар емес пе? Бұл жағынан алшақтық таба алар ма екенсің?

Ерен бұған қарсылық білдірудің орнына қостай сөйледі.

— Сөз жоқ, таба алмаймын. Қаладағы еңбек болсын, даладағы еңбек болсын «Социалистік» деген бір тамырдан нәр алып жатыр ғой. Социалистік еңбек жер талғамай-ақ өз өсерін тигізе береді. Әйтсе де, ауыл еңбегі қызықтырады. Оның артықшылығы да бар ма деп шамалаймын.

— Қандай артықшылық?

Ерен әлденендей орында бір дәлел іздеген адамша біраз ойланып отырды да:

— Қандай артықшылық дейсің бе?— деп қайыра сұрады.— Артықшылық меніңше мынада: айталық колхозды ауылда жаратылыстың өзімен, еңбекпен бетпе-бет келесің. Араларында ешкім де тұрмайды. Ол сені түгел өзіне тартып алады. Сен ол қиындықтарды жеңуден басқа ештеңені де ойламайсың. Өмірдің қызығын да, рахаты мен ләззатын да содан ғана табасың.— Содан соң ол:— Университетті бітірген соң, ауылға комсомол қызметкері болып кетем,— деп өзінше бір қорытынды жасады. Ерен айтқан ерекшеліктердің қала еңбегінде де болатынын аңғара тұрса да, Мәулен ешбір қарсылық нышанын білдірген жоқ.

— Немене, комсомол қызметін атқара алмайды дейсің бе? Атқарғанда қандай!— Ерен өз сенімін білдіріп, Мәулен бүйірінен ақырын нұқып, қулана күліп қойды.— Атқарғанда қандай! Ауылда талай тамаша істерді тудыруға болады, достым.

Бұл оның адал ойы. Ауыл адамдарының ортасына барып, университетте алған терең білімін жалтылдатпақшы емес Ерен. Тегі, ол жұрт көңілінің қызығы мен сыйы болып тұрғысы келетін адамдар тобына жатпайды. Қызмет бабымен де пайдалануды ойламайды. Өз алдына екінші біреудің кішірейіп, мүләйімсіп тұруын да ұнатпайды. Осындай мінезді Ереннің қаладан алған жоғары білімін ауылға барып, ұлы іске жарату ғана ойында бар.

Ал Мәулен өзіне басқаша қарайтын сияқты. Оның да арманы көп. Бірақ комсомол қызметкері болғысы келмейді. Шамалауынша өз басында жаңағы Ерендегідей ұйымдастыру қабілеті де жоқ секілді. Ой, қиялын қанша бір ілгері сермесе де, осы алдында жатқан үлкен белестен — білім белесінен асыра алмайды. Бұл — белес емес, төбесін күн шуағы шалған тау сияқты. Тіпті, тау да емес, шеті де шегі де жоқ бір жарқын өр. Ол осы шексіз өрмен еркін басып ілгерілей бермек, оқи бермек, іздене бермек. Мәулен ендігі өмірін осы жолға, білім жолына бағыстаған...

Мәулен өзінің осы ойын Еренге де танытқан-ды. Ол сонда: «Мұның өте орынды талап. Әркім өз шамасын жақсы білуге тиіс» деп құптаған. Сол пікірін дәл осы арада Мәуленнің өзіл сөзінс жауап ретінде тағы да қайталады ол.

— Әркім өз шамасын жақсы білмей ме? Аптығып қалатын болсам, бұлай қимылдамаймын ғой,— деп Ерен күле сөйледі. Енді маңдайынан тер бұршақтары туындай бастаған.

— Дұрыс айтасың,— деді Мәулен кесегімен омырылған тұтас бір балшықты жоғарыға жеңіл ырғытып тастап,— мәселен, күшімнің жетпейтінін сезсем, мынаны көтеріп өуре-сарсаң боламын ба?— О да терлеген, сырт киімін шешіп тастап, жұмысқа қыза кіріскен.

— Сенім деген де қызық бір құбылыс қой. Күшiң жетпегейiн сенiмiңiң жетпегенi жаман. Сенiмiң болса, күшiңе ақыл-айлаң көмекке барады,— деп Ерен белiң жазып, аз тыныс алды. Ең алдымен, осы сенiмдi тәрбиелеу керек. Әдебиетiмiз ақыл тәрбиесiн, сезiм тәрбиесiн айтып-ақ жүр қой. Ал сенiм тәрбиесi туралы неге мәселе қозғамайды. Себебi не сондық? Жок, сенiм тәрбиесi туралы айту керек. Оның адам өмiрiнде үлкен орны бар. Сенiм келешекке деген үлкен фактор. Ол бiздiң мiнез-құлқымызды да анықтайды, жаңа қызметтер бередi. Сенiмiң мықты болса, қандай бiр ауыр минуттарда да торықпайсың, қайғырмайсың. Жеңiл жүрiп бәрiн де жеңiп шыға бересiң. Ерте бастан өзiңе, дүниеге деген сенiмдi тәрбиелей бiлсең, сен тудырмайтын, сенiң қолыңнан келмейтiн не керемет бар өмiрде... Ал егер мен... адам жанының инженерi болсам... онда, ең алдымен, осы сенiм туралы жазған болар едiм. Сымбат өлеңдi өз әлiне қарағанда тәуiр жазады. Таласпайсың... Ал тәуiр өлең талант қой. Бiрақ өз талантына деген сенiмi аз. Ол «ақын» деген аттан да қашады. Өлеңдерiн жұрт талқысына салудан қашады. Сенiм... бұл бiздiң қолға алатын мәселемiз.

— Өте дұрыс айтасың. Байқаусыз бiр жайды көзiң тез шалған. Сымбат өлеңдерiн қасында жатқан менен де жазылады. Әлi өзiн ақын деп есептемейдi. Ұялуынан сенбеу-шiлiгi басым екенi ақиқат.

Кенет алдыңғы жақтан Мұздараповтың даусы естiлдi.

— Сөздi қояйық. Қимылдайық, жолдастар! Биофак алда барады. Озып шығып жүрмесiң.— Өзi күрегiн балшыққа шапшып қойып, шұқанақ шегiне асылып отыр.

Мұндай жалған ұранды, жалтақтықты Мәулен ұнатпайтын. Кейде осындай жасандылықты сезсе морт кететiнi де бар. Ондайда бет-жүзiң демей айтып салатын. Бұл жолы да сол әдетiмен Ерен ойының алдын орап, шапшаңырақ кеттi:

— Өзiңе жетпеген өнсеңдi басқаға үлгi етпе, қылығыңды айқаймен емес, iсiңмен көрсет! Неғып отырсың өзiң? Осы топта кейiн тартушы болса ол — сен. Соң келген Ерендi қара, сенен әдебiр мөлшер терендеп қазып кеткен.

Мұздарапов басылып қалды. Момақансып, кекете сөйледi:

— Қимылдайық деген айып болса... жүдә, қойдық онда. Тiптi, бұл сөздi лексиконнан алып тастау керек болар. Биофакты айтам... Биофак бiзден озып кеттi, жүдә...

Мәулен көзi тағы биофакқа қадалды. Сағыныштың өзiңдей ұлғайып келiп, бейнесi жүрекке отша басылған адамды үндемей ғана iздейдi. Таба алмайды. Бар қимылы, тартымдылығымен Гүлшат көрiнедi. Қоңыр көзiн күлiмдетiп Мәуленге қарағандай болады.

Инеш құрылыс басына кейін келді. Түнде ұзақ отырып, кеш жатқан еді. Бүгін-ертең жөнделген рефератын Белгіұловқа апару керек. Асығудың мәні де осында. «Әлек болдыны» жұрт алдында ат өтті етіп айтардай. Өз еңбегін, өз есімін баспа бетінен көруден артық не қуаныш болушы еді. Оның үстіне, студенттер арасында беделінің артатыны да бар.

Ол өткен күні қажымай отырып, Белгіұлов көрсеткен кітаптарды қарап шықты. Өзіне керекті материалдарды алып пайдаланды. Бірнеше беттерін қайта көшірді, түзете, жаңғырта көшірді. Осы бір ұзақ қыс түнінің ауыр тыныштығы өктем тұрған кішкене бөлмеге Мәдине де келе берген. Жалғыз баласына деген пешелік сезіммен келеді. Сол сезім шырты ұйқысын шайдай ашады. Инеш бөлмесіне дамыл-дамыл жетелейді.

— Жат енді, қарашығым. Жатар мезгілің мана болған. Сағат екіні соқты,— деді ол.— Жат деймін. Бұлай талығып отыру жарамайды, балапаным.

Бұл жолы сол бір жылы сөздің қуат-күші Инеш жүрегіне сол қалпында жеткендей. Ол қолын жоғары көтеріп, керіліп есінеді де, ұшып тұрды. Кірпік ұшына іліккен бір түйір окшау жасты көзін жұмып қалып домалатты да өзіне сүйікті шешесін қысып-қысып сүйді.

— Майна! Неткен сүйкімді едің өзің! Өліп қалмай, мына маған қамқорлық нұрын шаша тұрсаң...— деп күлді. Инеш қамын көп жейтін шеше әлі де өтінеді, жатып дем алуын сұрайды.

Инеш бұл тілекті қабыл алды. Ертемен сенбілікке баратынын айтып, ертерек оятуын сұрады да, жұмсақ сеткалы ақ керсуетке барып жығыла кетті. Төңіректеп жүрген ұйқы байғұс жаңағы шеше мейірімінен де жылырақ бір қасиетімен өз қалыңына қарай оны лезде тартып әкетті.

Төсегіне оралған Мәдина ұйықтай алмады. Көзін жұмып көп жатты (Мұндай ұйқысыздық соңғы жылдарда жиілене бастаған-ды).

Кенет көзіне елестеген жалғыз ағаш түбіндегі бір кішкене төмпешік оған Сабыры сияқтанды. Солқылдап жылап жіберді.

Жағымсыз дауыстан шошып оянған Дәулеткерей ең әуелі аңырып қалды да, істің мәнін артынан түсініп кейін сөйледі.

— Ау, батыр-ау, тым болмаса, түнде тыныштық берсеңші. Бұл шіркін қоймайды енді. Тыйыл дедім ғой.

Мәдине енді үнін шығармауға тырысты. Солай жатып таңды атырды.

Ашық, жарқын мінезді кішкене шал шай үстінде Мәдинеге қарай берген. «Түнде қатты сөйлеп ренжітіп алдым ба?» деп қарайды. Сонысын жуып-шаймақ болып қулана, жуаси сөйледі.

— Батырым-ау, жүдеп қалыпсың ғой. Кәрілік иектеп алған ба деймін өзіңді?

— Кәрілікті мойындасқа шама қалды ма?

— Айта көрме бұл сөзіңді, батыр. Өмірмен есеп жасасып болғанымыз жоқ, әлі. Жеткізілмеген көп жүктер бар, өтелмеген қарыздар бар мойыңда.

— Мен ешкімге де қарыздар емеспін,— деді Мәдине күрсіне сөйлеп.

— Онда сен бара бер. Қайта, ол жақтың түрлі жайларын хабарлап тұрарсың маған,— деп Дәулеткерей ажуалай сөйледі.

Мәдине бұл әзілге көңіл аудармады.

— Мен болдым қарызымды өтеп,— деп сөзін қайталады.— Бір бала тәрбиелеп өсірдім. Ендігі бала, міне, университетті бітіргелі отыр. Жұрт қатарына қосылды. Оның өз қызығы өзімен. Мен істерлік не қалды енді?— Ол біраз үндемей отырды да, электроплиткасына пісіріп жатқан құймағын аударыстырды. Сонан соң болмашы сзу тартты.— Ештеңе де қалған жоқ маған.

— Өзің бүгін философ болып оянғансың ба деймін, батыр. Ерте көктеп, тез солатын бір жандарсыңдар-ау, әйтеуір.

— Адам деген жалпы ат екеуімізге бірдей болса да атқарар қызметіміз басқа-басқа болған соң, қайтесің,— деп Мәдине әйел жынысын кеміте сөйледі.— Өзіңмен бірге оянып, ерте жатуға мәжбүр болдық. Ұй шаруасына да бұдан былай жарай алатын түрім жоқ. Кісі ізвестір мына үйді ұстап, асыңды істеп, кіріңді жуатын. Еңбегін жемейміз. Ақысын дұрыс беріп отырармын... Ісіне адал қараса, кино-театрға бар дермін...

— Мұнын қалай, батыр? Кісі жалдау бұл заманның салтында жоқ екенін білмейсің бе? Ескі күніңді көксемегің бе?

— Ескілікті көксемп не қылайын. Амалымның жоқтығы... Біреуді ізвестірмесең болмайды. Жұмыс орнынан алар ақысын беріп отырсақ, кімнің дауы бар.

— Көксемегенің осы ма? Бәрібір, бұл да «көрді қазып, өлгенді әкел» емес пе?

— Ондай адал жүрек болсақ, мына мені, жарымжан адамды босат. Шамам жоқ. Өзің атқар үй жұмысын,— деп

Мәдине қабағына ашу жиып, теріс айналды. Дәулеткерей енді қайтып сөз қатпады. Ұзын кірпіктерінің астында дамылсыз қозғалатын қоңыр көзін әлдебір ой нүктесіне сығырайта қарап қалды.

— Жаным, бүгін асығар емессің ғой өзін.

— Ие, мезгіл жақындап қалыпты, кетуім керек — Дәулеткерей түрегелді. Айна алдына барып, бурыл араласқан ұзын шоқша сакалын тарамысты ақ саусақтарымен тарамдады. — Ей, батыр, бүгін түскі дәмге келе алмаймын ғой деймін, күтпей-ақ қой. Кешікпей басталар мәжіліс бар. — Сонан соң жағалауы қырқылып, ақжем бола бастаған үлкен портфелін алып, шапшаң басып шығып кетті.

Ыдыс-аяғын жинастырып болысымен Мәдине ауыр басып, Инеш бөлмесіне барды. Қызы жазыла түсіп ұйқыда жатыр. Ақ жүзі шеше көзіне әр қилы құбылыстармен құлпыра көрінеді. Бірде бақытты сәбилік нышаны білінеді. Жақсы бір өмір сәулетіне ұқсап күлкі жүгіріп өтеді. Бет ұштарына қан ойнап, айқын ақ белгі мен болымсыз қызғылт сыпат кезек ауысады. Ашық күн нұрына ұқсайды. Еркін, жұмсақ жабылған қабағы жазылып, жайдарыланады. Күндізгі прическа қыспағынан еркін босап, дөңгелек келген иегіне дейін орап алған қара шашы ақ жүзін қара мақпал қараңғылық қоршап тұрған айға ұқсатып ғажап бір айқындық реңкін береді.

Қызының бұл сипаты Мәдинеге жадыраңқы бір көңіл қошын әкелгендей. Әлде бір тоқмәйілділікпен қарап көп тұрды. Сонан соң «ерте оят» деген сөз есіне түсті. Ас үйге қайта барды. «Бүгін қарағымның қай тамаққа зауқы соғар екен ә? — деп шкаф ішіндегі әр тамақты бір байқастырды. «Дәмді етіп кәтілет жасап берсем бе екен? Әлде қуырдаққа зауқы соғар ма? Жоқ, балқаймақ дұрыс болар. Бүгін жұмысқа барады ғой. Ис, балқаймақ дайындай қояйын».

Ол шкаф суыrmасындағы беті жабулы шыны ыдыста тұрған қаймақты алып шығып, үстіне ақ ұн себелеп, жұмыртқаның сары уызын қосты. Сөйтті де мұрнына апара беріп, тыжырынқырап кейін шалқайды. «Түу, қаймақ емес, ашып кеткен бір пәлс екен ғой. Жазған басым сезбей қалыппын да. Мұндай тамақ беріп ауыртып алармын да құлынымды. Тоңазытқыш сатып алу керек екен. Ол сүт қыздырып бермекші де болды. Ет салып, дәмді лағман жасау да ойына келді. Ақыры күріш басып, үстіне жаңғақ майын құюды жөн санады.

Тамақ піскен кезде Мәдине тағы Инеш бөлмесіне кірді. Оның жаңағы бір кескін-құбылысында енді аз-кем өзгеріс бар секілді. Қабағы сәл төмен жылжып, қас арасы қыртыстанған. Ашық күнде ұшқан құс қанатының жердегі кішкене көлеңкесідей болып ана көзіне реніштілік бейнесін елестетеді. «Көп отырды, қажыған ғой. Міне, мынау сол шаршағандықтың белгісі. Тұра салысымен жұмысқа барады-ау, тағы» — деп оята алмай біраз тұрды. Жақсы ұйқының құшағынан айырып алуды қаламады. «Ұйықтай түссін кішкене».

Ол әлдеқашан пісіп, суып қалған тамақты қайта ысытты.

Ақыры Инеш қасына кейіп, сөйлей барды.

— Сенбілік деген бірдеме қайдан шығып еді, жөндеп дем ала да алмады-ау, тұр, құлыным, Инеш жаным. Оят деген мезгілің өтіп барады, ұйқыңды аша ғой, боташым.

Инеш сергек, жадыранқы кескіменен ояңды.

— Ұйқым қанып қалыпты, Мәйна.

— Жақсы болған, тіпті жақсы... тамағың дайын тұр, іше ғой.

— Ой, Мәйна, қай мезгіл мынау?— Керуетінің басында тұрған ақ тумбочка үстінен қол сағатын алды да, ұнамсыз бір кейіппен шешесіне қарады.— Қай уақыт болған деймін? Күндізгі он екі ме, түнгі он екі ме? Тоқтап қалған емес пе өзі?— Сағатты құлағына таяп, басын шайқады.— Ай, Мәйна-ай, ерте оятпайсың ба?

— Құлыншағым-ау, оятпадым ба мен сені, әлсін-әлі келемін... Жұлқылаймын кеп. Қанша жұлмаласам да... жатқаның сол, қайдан тұрайын деп едің. Ештеңе етпес, сенбілікке әркім ерікті түрде бармаушы ма еді. Келесісіне дайын тұрарсың, бармай-ақ қой.

— Бармай-ақ қой!— деп Инеш шешесінің соңғы сөзін кекете қайталады.— Соған бір жаны ауырып жатыр дейсің бе. Қатардан қалуды айтсайшы. Енді не болды? Тұрмасам, жұлқып түсірмейсің бе кроваттан. Жүрегі жарылып кететін бе еді қызыңның.

— Жә, тамағың суып барады. Не істе дейсің маған енді? Бар іш.

— Тамағы құрысын. Тамақ дайындап қой деп пе едім саған? Ерте оят деген жоқ па едім?

Инеш ашу үстінде жанталаса жүріп, шапшаң киініп, жуынды да есікті тарс жауып үйден шыға жөнелді.

Жұмыс бұл кезде қыза түскен еді. Биофак пен филфак арасындағы ішкі егес енді айқындала берген. Екі жақтың

да қимылы қатты. Инеш ертемен басталған осы бір қарбаластықты көріп ұялған тәрізді. Ішінен: «Ай, Мәйна-ай, сенің аяушылығың да бір түрлі-ау»,— деп ренжіп қойды. Аяғын имене басады. Ол ең алдымен Манаптан қаймығып келеді. «Осындай пашау шыққан бір минуттарды аңдып жүретін оның әдеті бар емес пе! Сөз жоқ, қазір жұрт алдында әлде бірдемені көктен түсіргендей етіп қойып қалар-ақ».

Оның ойы теріске шықты. Балбабаев оған көңіл де аудармады. Өз жұмысына шұғыл беріліп, төмен қарап алған. Адымдай басқан атан жүрісіндей қимылында үрдіс ұтқырлық бар.

Инеш енді Гүлшатқа бет алды. Өзі күтпеген әңгіме, әзіл де осы арадан бұрқ етті. Кешіккен жайын Гүлшатқа айта бастап еді, соның қасында жүрген Зада Инеш сөзін бөліп жіберді.

— Бір себептен келмей тұра тұрғаның да жақсы еді, Инеш. Енді болмаса, филфактан оңғалы жатыр едік.

— Кедергі жасайтын мен бе сонда?

— Әрине.

— Қалайша?— деп Инеш Зада ойын әлдебір басқаға жорып күдіктене ақырын сұрады.

— Кеш алынса да, бір күрек балшық артық алынбай ма?— деді Гүлшат.

— Ай, Гүлшат-ай, адалдығың қандай болса, аңқаулығың да сондай-ау. Қолы мен күрегі біздікі болғанмен, жүрегі ана жақта ғой Инештің.— Ол күрегін Мәулен тобына сермеді.— Қол мықты ма, жүрек мықты ма? Әрине, жүрек мықты. Мәуленнің қимылдауын қара. Ей, филфак, оздындар енді. Өлгіңде Мұздарапов қайтып келіп еді, міне Инешті қара... Қолқабысты бізге, «жүрек қабыстығын» сендерге жасамақ.

Манайдағылардың бәрі де ду күлді. Зілі жоқ жай бір күлкі Гүлшатты да билеп алған. «Апыр-ау, Гүлшаттың да күліп тұрғаны ма?» деп ойлады Инеш.

Осы күлкінің аңысын сезген Мұздарапов Инешке:

— Олай қағажу көрсен, мұнда, өзімізге кел!— деп дауыстады.

Инеш қолайсызданып қалды, бетіне дуылдап қан жүгіріп басылды.

Енді бір күн де болған жоқ, өтіп кеткелі тұрған бес жыл ішінде Инеш осы бір бнік прическалы қызға жақындап ксіліп жанына үңілген емес-ті. Тіпті ол туралы жақсы да, жаман да пікірі болмаған. Күнде көрісіп жүрсе де, ізі суып үлгірген шамалы бір оқиғадай ғана ол бұған. Инеш көңілін

септ еткізетін ештеңесі жоқ-ты. Инеш оның университетте қашаннан бері оқитынын да білмейді. Қалай оқиды, емтиханды қалай тапсырады, оны да аңғарған емес. Немен айналысады, кіммен қандай қатысы бар, мұның бәрі де ол үшін жоқ есебінде болатын. Зада енді сол жоқтықтан жарқ етіп шыға келгендей. Не себепті Зада ұмыт қалып жүрді осы? Қалай оқушы еді ол өзі! Қайда жатушы еді? Жолдас-тары кім еді?

Зада өмірінің осы бір анкеталық сұрақтары дәл қазір Инешті мазалап, жауапты шұғыл сұрағандай. Инеш енді өз көңілінің сол елеусіз түкпірінде ұмыт қалған Зада жайында білетіндерін ақтара бастады. Тіпті ол туралы көп білетін болып шықты. Заданың ауылдан келгенін де біледі. Алғашқы жылдары үстіне киіп жүретін көк қарындаш бояуы тәріздес көнетоз кеңірдек мақпал шапаны да Инештің жадында. Ол кезде Инеш мақпал шапан китен осы қызды көрсе, Алматы музейіндегі қазақ әйелдерінің ескілік киімдерін есіне түсіретін. Ие, онда Зада прическа да жасамаушы еді. Шашын төбесінен қақ айырып, бір бұрым етіп қана өретін. Бір факультеттегі жігіттерге жасайтын қылығы да қызық еді. Бірде ұялған болып бетін басатын. Енді бірде түйгілей бастайтын. Сол ауылдан келген Заданың енді батыл сөйлеп, әзіл айтқысы келеді.

«Ауылдан келген адам қайбір түзеле қалды дейсің» деп іштей айтты да, Инеш Гүлшатқа бұрылып:

— Кәне, күрек берші. Өлде кетіп қалайын ба?

Гүлшат сарай қоймасына барып, оған күрек әкеп берді. Инеш үлкен темір күректің ұзын сабының ұшынан ұстап жерге қадай бастады.

— Жок, олай ұстама,— деп Гүлшат оның жанына келді.— ана жұртқа қарасаншы... аяқпен басып қопару керек. Қолыңды сағағына қарай жылжытыңқырап, қысқарақ ұстасаң қолайлы... Ал балшықты серпіңмен лақтыр.

— Балшықты өзіңе жақындатқан соң, былғанып қалмайсың ба?

— Былғанса істемеу керек,— деп ана жақтан Зада сөзге қосылды. Инеш оған жауап қатқан жоқ.

— Былғанса амалың жоқ. Жұмыс істеген соң, ұтымды жағын қарастырған жөн,— деді Гүлшат қолындағы күректі Инешке жақындатып, қалай ұстаудың үлгісін көрсетті.— Сағақтата ұстасаң жеңіл болады.

Инеш аздап жіпсіп жыттыраған бетін орамалмен сүрткілеп алды да, күректі аяқ-қолымен бірдей толғап топыраққа қадай бастады. Тіс жарып ештеме демеді. Ендігі сөзді артық көріп, Гүлшат та тез орнына кетті.

Инеш бұл жолы кейін қалайын, біреуі көмектесер-ақ деген ниеттен аулақ еді. Өзіл сөзге тиек болғысы келмеді, ықыласпен қимылдады. Сонда да сыртқа шыққан топырақ шөкімдей ғана. Жұрт лақтырған балшықтан әлдеқайда аласа, әлдеқайда көлемсіз. «Дүниеде жер қазу жұмысынан азапты ештеңе де жоқ шығар»,— деп ойлады. Соның артынан: «Білмейтін істің бәрі де оңай көрінеді екен ғой»,— деп қорытынды жасады.

Бір кезде өзінің шаршап қалғанын сезінді. Неге екені белгісіз, буындары дір-дір етті. Қолы салдырап көтертпей қалды. Жауырын тұсы шанышты. Белі шымырлап үйи бергендей болды. Жаны кетіп қалғандай. Шаршаған Инеш өзі қазған жердің тайпақ аласа жарына отырып, Мәулен жүрген жаққа қарап еді, екі арада үйілген үлкен кесе балшық оларды жасырып тасалай берді. «Бұл кімнің орны еді? Ие, Балғабасев осы арада еді ғой».

Өлгінде ғана Балғабасевтың басы шапшаң қылтындап, жардан көріне түсіп жоқ болып, балшыққа қажалған күрегінің ұшы жарқылдап, ана төбеге қарай сермеліп түсіп жатқан. Енді сол қимылдың бірі де жоқ. Тыныштық басып тұр. «Бітіріп кетіп қалды ма екен» деп ойлаған Инеш ана бір тұсқа қарап еді, Манапты Қасымова қазып жатқан шұңқырдан көрді. Өлгі бір саспас, ерен қимылы. Күректі лекіте ілгері сермейді. Қасымова болса, Манаптың оң қол жағында дем алып, балмұздақ жеп отыр. Өлде бірдеме деп анаған қарап күледі.

Инеш аздап қызғаныш тартты. Енді бірде Гүлшатқа қарады. Ол да өзінше қимылдап, бөкселеп барып қалған. Баяғы ақ жарқын, ашық көңілді қалпы. Зада төңірегіндегі өзгеріске іштарлық жасар түрі жоқ. Қайта қуана түскен қалпы бар. Кімге де болсын сыйлары — еркін жүлкісі, ашық мінезі. Бірде Задаға қарап бірдеме айтады. Манапқа да сондай бір жайдары күлкі, өзілін ұсынады. Инешке де солай. Байқап отырсаң қолындағы күрегіне де, алдында жатқан топыраққа да сондай бір ықылас білдіреді.

Салқындай келе шаршағандығын айқынырақ сезген Инеш зорға тұрды. Алақаны зырылдап қалған, ду-ду етіп күрек сабын өзіне жолатпайды. Ол енді қарап қалуды ұят көріп, күміс қасық ұстаған адамша үлкен күректі саусақ ұшымен ғана демей берді. Енді сілкідей да көз салғысы келмеді. Әйтсеуір ақтық күші қалғанша осылай болса да қимылдай бермек. «Маған жаны ашыған біреуі келіп көмектесер, кеш келгенімді жұрттың бәрі де біледі ғой».

Өлдебір уақытта шұңқыр шетіндегі ұсақ балшық Инешке қарай ғу ете қалды. Қарандаған үлкен бір кесек оның арт

жағынан топ ете түсті. Лақтырылған түйір балшық екен деп Инеш басын ұстап бұғып қалды. Сөйткенше болмады, арт жақтан қоңыр күлкі естілді. Инеш әлі де жасқанныңқырап солай қарады. Жұмсақ күліп Мәулен тұр. Бет-аузын айғыз-ұйғыз қою топырақ басқан. Жылтырап көзі, ағарып тісі ғана көрінеді. Оның бұл кейпі шаршап отырған Инешке қуаныш әкелді. Өзі Мәуленге қарап ішек-сілесі қата күлді.

— Неге күлесің, Инеш?— деп Мәулен қолайсыздаянып қалды.

— Бетіңе қара.

Инеш қалтасынан ерін далабының кішкене сауытшасын алды. Соның сыртындағы тілімдей ұзынша айнаға бетін таяды да, одан сайын күлді. Шаң-топырақтан түрлі-түрлі бейнелер орнап қалған жүзіне. Екі көзінің алдында дөңгелей тұрған шаң өзін клоунға да ұқсатады. Танауының кішкене тесіктерінен бастап екі жаққа қайқия жұққан топырақ қияқты қара мұрт секілді.

Инеш осыларды тамашалап біраз тұрды да:

— Ой, төжірім-ай,— деп күрсініп, шаршағанын аңғартты.

— Шаршадың ба?

— Жаман шаршадым, Мәуленшқа.

— Әкел күрегіңді, аздап көмектесейін.

Инеш сыртқа шығып дем алды.

Мәулен күрегі де енді лез-лез балшыққа сүңгіп шыға берді. Борай ұшқан шаң арасынан күрек ұшы жарқылдап көріне бастады. Инеш шаршаса да, Мәулен қылығына елтіп қалғандай. «Сен үшін қам жейтін, сен үшін белі қайысатын, көмек берер адамның бары қандай жақсы!»— деп ойлады. Дән ырзалықпен қарай берді оған.

...Екеуі ең алдымен Ұйғыр көшесімен жоғары тауға қарай өрледі де, Құрманғазы көшесіне бұрылып түсті.

Көше шамдары жаңа ғана жанды.

Жыл жоқ, жылы кеш. Анда-санда төменгі беттен салқын леп соғып өтеді. Қыстың қоңыр, көңілсіз бұлты байқаусыз жылжып, қала аспанын торлап алған. Жұлдыздар да, Талғар да көрінбейді. Қараңғылыққа батып, бәрі де жоқ болып кеткен.

Осындай сирек кездесетін, жас адамның көңіліне қозғау салып, ұйқысын ашатын, пішін, тұлғасы, келбеті жоқ алдесір арманға жетелер жайлы, жылы кеште сезінгіш Инешке әсер етер емес. Оның тіпті, ештеңеге де қарағысы келмейді. Осы сәтте бір-ақ тілеуде. Жылы төсекті, тәтті ұйқыны беріле аңсайды. Жаратылыс өз сұлулығын ар-

тығымен сыйлаған таза, пәк Инешке дәл осы бір сәтте сол ұйқыдан басқа ештеңе де керек емес секілді. Ақырын ғана жөтеліп қойды, Мәулен көңіл аударсын дегендей.

— Мәулешка, сонн-н... дай шаршап келемін,— Инеш өз даусының бар әдемі лирикасын «сондайға» сала сөйледі,— қазір жата қалар ма едім!

— Жата қал ендеше, мен алақанымды жаяйын.

Инеш ақырын ғана бұйығы күлді.

— Алақаның кішкентай емес пе? Сыймай әуре боламын ғой.

— Үлкен орын тілейтін үлкен адам емессің. Бәлкім, сыйып та қаларсың. Егер сыймасаң жүрегімді де жаяйын...

Инеш мәз болды.

— Қулығың да бар екен ғой өзіңнің.

— Жок, мұндай жерде қулық айтыла ма, шыным!..

Ол шаң басқан Мәулен бетіне күле қарады.

— Жай, ендеше жүрегіңді.

Мәулен пальтосының түймелерін ағытып, кеудесін ашты. Сол шақта жүрегі тулап кетті. Бұрын өзіне мәлім емес, әрі жат, әрі тәтті сезім пернелері тартыла қалғандай. Қол ұшы тисе, не үзіліп кетердей, не өзі әлі естімеген соншалықты ыстық үн төгіп жіберердей. Асыра тулаған жүрегің баса алмай ол ентіге сөйледі.

— А...л жайдым...

Инеш көзін жеңіл жұмып, Мәулен құшағына қарай құлай берді де, кейін секіріп түсті... Екі көзі жалтылдап машина зулап өтті. Қайта тыныштық басты. Өлгі бір сезімнен аумай Мәулен енді Инешті қолынан ұстап өзіне тартты. Қыз күшсіз қарсылықпен білегін босатып алды. Қайта ұстамақ ниетпен Мәулен алақанын жайып, қайыра ұмтылды.

— Келші бері, Инеш!

Инеш бір сәтке көзін жұмып, үнсіз тұрып қалды. Өлде бір құрсаулы ыстық, тынышсыз дүниенің ішіне енгендей. Бұлқынарға дәрмені де қалмаған. Сол сәтте лепті бір от келіп ерніне басылды. Қадалған жерін күйдіріп, ерітіп бара жатыр. Инеш өзін шала ояу, шала ұйқыда сезінеді. Енді бірде оянып кеткендей болды. Бұлқына шығып, бұлталақтай қашып ілгері жүріп кетті. Сергіп те қалған. Арттағы Мәулен де қуып жетті. Екеуі қатарласа тағы ілгері жүрді. Жапалақтап қар жауа бастады. Жеңіл, ұзын кірпіктері электр жарығынан айқын көрінеді. Мезгілсіз ұшқан жаз көбелектеріндей ауада сымбат қалықтап жеңіл қозғалып дыбыссыз барып жерге түседі де, баяу еріп жоғалады. Жаңағы бір өткен машина ізі ою өрнегімен көмескі жатыр. Ақ мамық қар жапалақтарының арасынан әріректегі көше светофоры-

ның көкшіл сәулесі әлсіреп көрінеді. Қара қоңыр шыныдай қарауыта жалтырап жатқан тегіс асфальтті көшеге түсіп, өз төңірегіне қара көк зенгіл реңк береді.

— Осы бетте сенімен бірге жүре берсем...— деді Инеш Мәуленге қарап.— Жүре берсем... Шартасам да жүре берсем...

— Жүре берейік,— деді Мәулен. Қызу қостады.— Кім тоқтатпақ бізді бұл жолымыздан? Өне, светофор да біз үшін әдейі ашық тұр.

Бұл Инешті одан сайын қуандыра түсті.

— Міне қызық, светофор да ашық тұр! Жақсы ырым,— деп Инеш балаша күлді.— Ал, шаршап қалсам ше? Тастап кетер ме едің онда, Мәулен?

— Сені тастап қайда бармақпын мен? Бұл жолдың сенсіз мағынасы бар ма?

Инеш ырзалық белгісіз білдіріп, бір сәт Мәуленге күле қарап қалды.

Жылы, қарлы кеш. Ұзын кірпіктері электр жарығынан айқын көрінген ақ мамық қар жапалақтары мезгілсіз ұшқан жаздың ақ көбелектерінедей ауада түрлі-түрлі сымбат қалықтап дыбыссыз жеңіл қозғалып, жерге түсіп жатыр, түсіп жатыр...

Светофор әлі де ашық тұр...

...Инеш емтихандарды ойдағыдай тапсырған еді. Бір рет те аудиториядан қуана шықты. Есік ашылған сұраққа бес келді? «Не емтиханға қатысты?»— деді. Оның бар ойы Мәуленде. Ол да бүгін ежелгі грек әдебиетінен емтихан тапсырады. Өз қуанышын айтып, оның да хал-жайын білгісі келеді.

Ол енді емтихан расписаниесіне барып, Мәулендердің қай аудиторияда скенін біліп алды.

Кең, ұзын залдың сң басында шуласа сөйлеп аумақты шоғыр топ тұр. Бір-екі рет есік ашылды да, ар жақтан бір қыз көрінді. Профессордың ренжіп жатқанын айтып, акырын сөйлеуді өтінді. Бірер минутта дуыл саябырлады да, қайта көтерілді. Бір студент скінші біреуге әлдебір шығарманың сюжетін айтып жатыр, енді бірі тілімдей қағазға кітаптың бір жерін асыға көшірді. Ал ана бір көнстөз сұр пальтолы студент аласа бойлы, сары фу-файкалы бала өнді студентке профессор жайын баяндаула.

— Көп сөйлеуді қаламайды. Төк етерін айтсаң болғаны. Конспектіге қарап жатқандар да бар. Бірақ ондай жерде конспектімен пайдаланар мен бе! Жаксылап дайындалғанымды білесін. Сол төк етерін айтып едім, профессор жылы жүзін, жаксы бағасын беріп салды. Ал бар, қорықпа.

Бұл Мауленмен бірге жататын Мұстін Мыктыбаев еді. Сол кезде есік ашылып, Сымбат Асқаров шықты. Қара көзідірікті, ақ басты профессор алдында отырған Мауленге көзі түсті Инештің. Өз білгенін сабырмен баяндап отырған секілді. Қысылар емес. Әрине, бұл білгендіктің белгісі. Оны Инеш жаксы сезеді.

Есік тағы да ашылды. Профессор туралы Мыктыбаевтың кеңесін ілтипатпен тыңдаған студент ішке кірді. Бұл жолы Инеш көзі осы жакка қарап, алақанын ашып, қабағын тыржитқан Мұздараповка түсті. Ол Жолтайға аяушылық білдірді. «Жазғанға сәтсіз бір сұрақ келген екен ғой».

Сол кезде айнала қоршап алған студенттер арасынан босап шыққан Сымбат Инешті байқап қалды да, қасына барды. Беті дуылдап қызарған. Көзіне түскен шашын саусақтарымен кейін салалап, Мауленнің қазір шығатынын хабарлады.

— Көмек тілемей ме екен өзі?

— Маулен бе?— деді Сымбат танданып.

Сымбат таңданумен ғана тынды. Не кетіп қаларын, не тұра берерін шеше алмаған тәрізді. Бүлкі үндемей тұруды қолайсыз көрген Инеш дәліздің екінші басына қарай жүрді. Сымбат та орнынан қозғала түсіп, кейін қалды.

қарашы өзіңді, қуанышта келе жатқан Инеш: «Ұялағым деп ойлады.

Инеш біраз барып, кейін оралды. Артынан гүр етіп шыққан дауысқа бұрылып еді, адымдай басып Балғабаев келеді екен. Жетпей-ақ сөйледі.

— Конспектіңді беріп кетші, Инеш.

Инеш қоржынға ұқсас айқырма белбеулі кішкене сумкасынан таза көк дәптерді Манапка алып берді де ілгері жүрді. Кенет сумкасының аузы ашылып кетті. Қағаздары мен айна, тарағы, ерін далабы шашыла түсті. Жинамақ болып кейін айналып еді, залдың соңду түкпірінде Задаммен бірге тұрған Манапты көрді. «Мм... конспектіңнің неге керек екені белгілі болды енді, бекер берген екенмін».

Ол шашылған нәрселерін жинап түрсетілді. Өз қасында күле қарап Маулен тұр. Инеш ең ауысыз қалды.

Мауленнің жерде жатқан нәрселерді көтермей, дәкірлік жасағанын ұятқа бакты:

— Міне, қызык!..

Инештің нені қызықтап тұрғанын бірден аңғара қоймаған Маулен оған сұқтана қарады.

— Нені қызык деп тұрсын?

— Сенің алғи... ие, қызык ештеңе де жоқ. Ал немен?..

— Өзінде қандай табыс болса, менде де сол,— деп Маулен күлді.

— Оны қайдан білдің?

— Білем ғой.

Екеуі де дауыстай күліп, есікке қарай беттеді. Кенет залдың арғы басынан қатты дауыс шықты. Мұздарапов Сымбатты бері жетелеп ренішпен сөйлеп келеді.

— Ауырладың ба, қолыңа қыса салып, жақындай бергенде лактыра тастаудың несі қиын еді саған. Жанашырлығың, жолдастығың жоқ қой. Құлап қалсын деген іштарлығың да болар мүмкін.

Сымбат жай ғана тындап келеді. Инешті байқап қалған Мұздарапов кенет қызу дауыс ыргағын өзгертіп, сыбырға ауысты. Инешке асығыс іліп, сәлем белгісін білдірді де, әрі айналды.

— Шпаргалка жайы талқылап бара жатқаны,— деді Маулен,— алғиде қысылып отырғаны жүзінен-ақ белгілі болған. Бір есептеп осы жігіт құлап та қалған шығар. Реті де бар. Кларнетті өнешеуден басқа ештеңені де білмейді. Аңада, алғаш рет жатақханаға әжеп салғаныңда тосып отырғандай-ақ, алдымнан шыққан жігіт осы Мұздарапов болды. Орналасуда біраз көңілім аман болды, өзінің мақсатын білді. Сөйтіп қарап жоғарғы курстың студенті екен деп қалғанмын. Ертсіңіне аудитория ішін бәйқасам, менің алдымдағы столда отыр. Артына қарап көзін қысады? Неге қысады? Кім білсін? Кейінде сұрасам, кішкене күнімнен дағдым ғой, деп жымғыдайды.

— Сондай қысылған кезде көмекке келген адамға ешбір жақсылық істемедің, ә? Жаңа сұрағын жазып бермейсің бе?

Не айтып тұрсын деген таңырқау кейіппен Маулен Инешке қарады. Сөйткенше болмады Сымбат келді. Орамалын алып, бетін сүртті.

— Ие, Мұздарапов неңдей мораль оқып жүр саған?

— Шпаргалка жайында да. Әдесбір тентектік жасаған ба, профессор кітапқа қарағанын сезіп қалған ба, әйтеуір, бір кереметі бар ғой деймін. Емтихан алудан шал бас тартқан.

— Міне, қызык!

— Несі қызық оның!— деп Инеш сөзге араласты.— Жолдасың құлап жатады, сен оған рахаттанасың; қол ұшын бермеген сендердікі қызық. Сәтсіздік әр кезде-ақ болып тұрады. Саған да білмейтін бір сұрақ келіп қалады. Ойыңа түк түспей отырасың да қоясың. Ал профессор асықтыра бастайды. Кішкене бір көмек болса деп тілейсің сол кезде. Жолдас біткен саған қарамайды. Өтіп жатады, өтіп жатады. Сен өзіңнің кішкеснен соң құлайтынныңды, ұйқысыз өткізген түндеріңнің босқа кететінін сезе бастайсың? Қайтер едің сонда? Ренжімес пе едің?

Мәулен бір жақтылау, кеткенін байқап үндеңкіремей қалды.

Инеш сөзін әрі жалғады:

— Мүмкін емес ренжімеуің. Мұндайда кейбір бір жақты жазылған роман геройлары ғана ренжімейді. Ал адам, өмірдегі тірі адам, сөз жоқ ренжиді. Аздап болса да...

— Жоқ, мен ренжімес едім,— деді Мәулен кесіп сөйлеп,— өйткені мен өз күшіме ғана сенем. Егер емтиханда құлап қалсам, ол сабаққа дұрыс дайындалмағандығым. Олай болса, өз кемшілігімді өзімнен көрмей басқаға неге ренжуге тиіспін.

Инеш те көнер емес.

— Ал егер, күн оқып, түн оқып барып, тапсыра алмай шықса ше?

— Олай болуы мүмкін емес.

— Неге мүмкін емес, мен өз басымдағыны айтып тұрсам да мүмкін емес пе?

— Анадары құлап қалғаныңды айтып тұр екенсің ғой. Ал сонда марксизм-ленинизм негіздерінен сәтсіздікке ұшырағаныңды қалай білгенің болар?

— Сондағы айтағың не? Марксизм-ленинизм сабағына көңіл бөлмеу — өз келешегіңе көңіл бөлмеу деген сөз демексің ғой. Білем көмекейіңді.

— Ие, дәп сол еді айтайын дегенім,— деп Мәулен кекете күлді.

— Жарайды енді,— деп Инеш Мәуленнің сөзін бөлді.— Саған бірдемені бастап берсе болды... Кетесің онан соң. Марксизм-ленинизм сабағының маңызын сенсіз де білем...

— Жок, білмейсің...— Мәулен өршелен түсті.

Инеш сштме демеді. Мәуленге аса бір назбен күле қарады да ойнақы бір қыз қылығымен оның қолтығынан алды. Болмашы ғана күштеп өзіне тартты.

Мұндай келіспеушілік — әуелі осылай болмашыдан басталып, тереңдей берер, алысқа қарай кетіп қаларлық сипаты бар келіспеушіліктер соңғы кездерде бұлар арасында жиі-жиі кездесе беретін еді. Сонда да Мәулен оған айтарлықтай

мән беріп, ойланған жоқ-ты. «Кім таласып тартыспайды, кім өз сөзінің дұрыстығын дәлелдемейді? Өмірде таласушылар, талас туғызарлық тақырыптар аз ба екен сіре?» деп өзін-өзі жұбата салатын да, не аздап қабақ көрсеткен Инешті өзіне тартып, не Инеш қылығына өзі елігіп кететін. Сөйтетін Мәулен бұл жолы:

— Түсінбеймін,— деп тоң-торыс қалды.

Өз қылығына орай мінез таба алмаған Инеш:

— Мен де түсінбеймін. Сен, мүмкін Мұздараповтан қызғанатын шығарсың мені?— деп әңгімені бұра қалжындай сөйледі.

— Қызғанатын адамды тапқан екенсің?

— Неге қызғанбайсың? Жолтайды кем жігіт деп ойлайсың ба?— деді де, Инеш дағдылы кейпімен орыспалап сөйлеп кетті.— Какой способный, жизнерадостный мальчик он! Скажу прямо, чего не хватает у тебя — находчивости. Ты иногда становишься до нетерпимости скучным, однообразным.

Осыдан кейін ол «қайтер екен?» дегендей Мәуленге тура қарады: .

— Бүгін көңілді күн. Экзамен тапсырдық. Жақсы тапсырдық. Ертең демалыс. Ал сен болсаң құлап қалған адамнан да көңілісізсің... Жок, мен мұндайды ұнатпаймын. Не театрға, не киноға баруымыз керек. Жок, таштым... катокка... дұрыс па?

Инеш күле, қадала сұранды. Мәулен қыз ырқынан шыға алмағандай. Көңілінде біраз қарсылық жатса да, үндемеді, зорлана езу тартты.

Қаладан суырыла шыққан асфальтті жол тура тау кеудесіне бет қойып жатыр. Кіші-гірім өзен арнасындай жарқырайды. Он қадамдай алда жол асфальтына шағылысқан күн сәулесі қашқан қоянның құйрығы тәрізді, айнымас бір қашықтықта шапшаң ілгері сырғанап, толқпирдайды.

Бікке көтерілген сайын көз ұшы кеңейе түсті. Оң қолдағы бел-белестер көгілдір мұнар арасынан бұлыңғырланып алысқа тартады. Алда бір-біріне қабаттаса шымқай ақ күз тұр. Шудалы ақ бұлт секілді. Аспан мен кең жазықтың көз жетер шетінде ғаламат бір күш тегеурінімен көкке шапшып барып, бұрқылдай қайнап, асыла қатып қалған су толқынына ұқсайды. Сол күз-бағаналар кішкене көк машина зырлап жақындаған сайын қақпақша

кең ашылып, екі өңірге кейін серпіле бастады. Жол аумағы кеңейіп, үлкен аңғарға айналды.

Енді бір бұрылыста Инеш машина маңдайына бекітілген кішкене айнаға қарап еді, қала мүлде көрінбей кеткен. Жаңағы кең ашылған екі күз енді қайта қабаттасып біріне-бірі мінгесіп алыпты. Жол арты үзік, ана бір күз етегінен бірден басталатын секілді. Бұл құбылыс Инешті қатты әсерлендірді. Ең ақыры, жақпар тасты таулар да мұны сыйлап, жол беріп жатқандай сезілді оған.

— Өмір сүру енді соншалықты қызық та, оңай да ғой,— деп Инеш Мәуленге қарады.

Жаңа өмірдің қызықтылығын қуаттаған Мәулен оңайлығына қол қоймап еді. Алайда сәл «қызық» деген сөздің орнына алып, ойланбай айтылған сөз шығар, деп оған мән бермеді.

— Сөз жоқ, бізге өмірде тосқауыл боларлық ештеңе де жоқ. Біз қиыншылықтардың бәрін де жеңеміз.

— Міне, сәл қиыншылық дегенің енді жоқ секілді маған. Енді тек еркін өмірде осылай еркін сайрандай бер,— деп Инеш күле сөйледі.

— Жок, қате,— деді Мәулен.— Ұлы мақсат жолында үлкен-үлкен кедергілер сөз жоқ кездеседі. Бірақ солардың біз жеңбейтіні жоқ.

— Бұл сендерге лайық философия.

— Жок, бәрімізге де...

— Онда тыныштықтың болмағаны ғой бізге. Күнде іс... күнде кедергі... күнде алек... ой, қойшы, мен келешекті бұлай түсінбеймін. Келешек бұдан да тыныш, бұдан да оақыттың бұлғауы тиісті. Әйтпесе оның жақсылығы неде.

— Қате түсінік, мүлде қате түсінік, инеш.

Мәуленнің бұларсыз тік жауабын Инеш көңіліне алып қалды.

— Мендік пікірге үяеі қарсы боласың да тұрасың.

Мәулен өмір туралы жаңағы өз ойына дәлелді фактілермен енді кеңірек, жұмсақтау етіп түсінік таппақшы еді. Бірақ үлгіре алмады. Бұрылыстан кілт шыққан бұлардың алдында кең мұз айдыны жатты...

Жаратылыс өз бойындағы бар сұлулығын мырзалық-дарқандықпен осы төңірекке өлшусіз бере салыпты. Айнада қоршаған биік таулар табиғи қалқан есебінде. Жаратылыстың лайсан, жел, суығын жіберер емес. Осы көрініс оны түбі терең алып қазанға ұқсатып та жібереді. Бұл жерден кішкене қол шатырдай ғана кең аспанның шатын бір бөлеті

ғана көрінеді. Сәске кезінде шығыс беттегі құздар айрықша ашық, көз ұялтар түрге енеді, жалтылдақ қымбат тастардың шоғы сияқтанады. Кешікпей-ақ таудан асып күн шығады. Бірте-бірте биікке өрмелейді. Зектіл аспанның жанағы шатырдай шағын бөлегін түгел басады да, сол қазанға жабылған алтын қақпақтай болып ұзақ уақыт тұрып қалады. Сонан соң күн көзі тез жылжып, таудан әрі сырғанайды. Елеусіз жерде жасырынып қалған ұрыларша тау үңгірлерінен өре тұрып, өзінің алып денесімен осы өлкені қараңғылық бірден басады. Бірақ бұл араның көңілді күндізгі шуы бәсеңсір емес, әлі.

Мұз сырғанақ үстіне жастар күндізгіден де жиілене түскен. Болат конькилер бозғыл сәуле шашып жылтылдайды. Мұз беті сытыр-сытыр етеді. Биік мұнарада радио ойнап тұр. Енді алыстан, қарауыттып қана көрінген құз шоқылары да адам үні мен қимылың үнсіз тыңдап, құптай мүлгіді.

Гүлшат Аманова мен Манап Балғабаев та, Мұздараров та осында екен.

Бір бағытпен шапшаң сырғанаған қалың топтың арасында жүрген Дайыров Ерен Мәулен көзіне бірден шалынды. Қасымованы қолтықтап алған. Бірі-біріне ұрланып қарайды да, жымнып күліседі. Кезек ырғалып, ілгері зырлайды.

Енді бірде ол Мәуленді көріп, жарғақ кепкасын бұлғап өтті. Зада да күліп бас изеп жатыр. Мәулен сол сәтте: «Осылай ма едіңдер?» — деп ойлап қалды. Бұлай жұрт қызығын тамашалап көп тұруға Инеш оған мүмкіндік те бермеді. «Кешігіп қалыппыз», — деп тағатсыздығын танытқан. Аузында қуаныш пен таңырқаушылықты байқатап — «Ой, қандай тамаша! Ой, қандай тамаша!» ғана.

Кешікпей бұлар да көпке қосылды. Өздеріне табанын тіреп алып, мұздағы бейнелері де сырғанап жөнелді. Вальс тартылды. Екеу-екеу шоғырланған жастар бір ырғақпен жұмсақ қозғалып айналады. Қимылдарында аса бір шапшаңдық, ауадай жеңілдік бар. Би өнеріне өздерін жетік санайтын кейбіреулер түрлі-түрлі із-айқыштарын да жасап өтеді. Сондай жұрт көңілін тартар фигуралар жасап сырғанауды Инеш те мақұл көріп келеді. Бірақ оның бұл ойын жүріс бастаушы Мәулен аңғарар емес. Бір қалыппен сырғанап, оңай қимылдарды шексіз қайталай береді.

Инештің жанағы бір қуанышты келбеті бірте-бірте өзгере бастады. Қабағына аздап кірбін ілінді. Енді Мәуленге селкөс ере жүрді де, аздан соң:

— Ту, қандай көңілсіз жүріс. Жалықтырып жібердің, — деді. — Міне, былай жүру керек, ер көне, мен бастайын. — Мәулен қарсылық жасамады. Аяғын бағып, Инеш салған

жүріс, айқыштарды бар ынтасымен қайталауға тырысты. Қыз ескертуі тынбады. «Жоқ, былай сал аяғыңды, қолың не деген қатты еді, бос ұста» сияқты сөздер сан рет қайталанып айтыла берді. Осы бір сәтте Мәулен биден де, сырғанақтан да ештеңе білмейді екенмін деп ойлады. Ол қанша жан салса да, икемі аздай. Айта-айта Инеш те шаршады. Ең ақырында:

— Билей білмейсің!— деп кесіп айтты да, өз денесін Мәулен құшағынан сілкіңкірей тартып алды. Екеуі де мұз сырғанақтың шетіне шықты. Инеш кейіңкіреп сөйледі.

— Ана екеуді қарашы, қандай сұлу билейді! Өне, өне!.. Ой, просто прелесть! Ал сенімен мұз алаңына шығудың өзі ұят...

Сол сәтте ұшып түскендей болып бұлардың алдына Мұздарапов пайда бола қалды. Шапшаң дабырлап, сып-сып етіп сөйледі.

— Неге бүйтіп көңілсіз тұрсыңдар?

— Жәй, әшейін,— деп Инеш өз ренішін жасырғысы келіп, солғын жауап берді де, теріс айналды.

— Жүде... жарамайды, жас адамдарға бұлай тұру. Жүріңдер мұз алаңына.

— Жоқ, біз осылай тұра береміз,— деді Инеш тағы булыққан ашуын байқатпағансып.

— Ай, Мәулен-ай! Солдаттығына баса бересің-ау, жүде. Мұндай жерде подруганың қас-қабағына қарау керек емес пе? Ухаживать ете білмейсің.

Бұл сөздер Инешке ұнап кетті. Ол енді Мәуленге деген өз ренішін жасырып тұра алмады. Ақтара салды.

— Мәуленмен билесудің өзі ұят

Мұздарапов оны шапшаң қостады.

— Ренжуің, жүде, дұрыс. Ақылыңды айтып түзету керек бұл шіркінді.

— Жалаң бір беттілігі бар мұның. Кателеседі, соны айтсаң өмірде мойнына алмайды. Мұндай адамды қайтып түзерсің.

— Міне, бұл өсер адамға жарамайтын қылық,— деп Мұздарапов сып-сып етіп сөйлеп тұрған қалпында шыркөбелек айналып кетті. Өзінің шапшаңдылығын, икемділігін Инешке танытардай.— Жаңа заман жастарына саналылық керек, білім керек. Бұл жетіспейді, оның үстіне нәзіктік, сезімталдық та керек. Сенің саналы екеніңе таласпадық, Мәулен, білім жолыңда ізденуіңді де мойындалық. Ал, енді бар ғой, нәзіктігіңе келсек, жүде, Қодардан айнымайсың.

Инеш мәз бола күлді.

— Дұрыс айтасың, Жолтай, тіпті дұрыс...

Ол Мәуленнің алдына келіп «рұқсат етіңіз» дегендей иіліп алды да, Инешке бұрылды. Соншалықты бір ептілікпен реверанс жасады. Оны ортаға шақырды. Анау бұл ұсынысты қуана қарсы алды. Мұздарапов қолын күле ұсынып ортаға шықты. Инешті еркін бастап топ арасына кіріп кетті. Аздан соң музыка үнінен, мұз сытырынан бөліне шығып Мәулен құлағына әдемі ашық күлкі естілді. Инеш күлкісі сияқтанды.

Мәулен не істерін білмеді, сол орнында көп тұрды. Қасынан ағып, зулап билеп өтіп жатқан жастар. Құлаққа көңілді дауыс, көтеріңкі үн келеді. Заман үніндей күшті, еркін, екінді үн. Мәулен бір сәтке болса да содан шет қалған тәрізді. Оның жүрегін әлдебір күшті қол көрінбей келіп, бұрап үзіп жатқандай.

«Инеш айтқандай тапқырлығы жоқ-ау, Мәулен».

Кенет суша үйіріле толқы қозғалған қалың топтан бір көлеңке шапшаң сетінеп шыға келді. Мәуленге бет алып келеді. Екпінмен мұз шетіндегі қарға келіп бір-ақ тоқтады, Гүлшат екен.

— Неғып тұрсың? Инеш қайда?— деп сұрады ол. Төбесінде кішкене пашағы бар ақ тоқыма шапқасынан шығыңқырап тұрған самай шамы тынық ауада болмашы ғана, діріл қағады.

Гүлшат Мәулен жауабын күтпестен оның қолынан ұстап ортаға тартты.

— Жүр билейміз.

— Мына сүйрелеуің дерекілік қой, Гүлшат,— деді жәбірленіп тұрған Мәулен.

— Дерекілік?— деп ол таңдана сұрады да, ерекше бір көңілді екпінмен еркін күліп алды. — ~~Жоғас~~ ~~жарастықты~~ арасындағы дерекілікке апарып қоссаң, жалған сыпайыгершіліктен басқа дерекі емес не қалады өмірде? Жүр.— Гүлшат Мәуленді ерікке қоймады. Мұз үстіне алып шықты.

— Гүлшат...— Мәулен жалына сөйледі.— Мұз үстінде билей білмеймін. Топ арасында құлап жатсақ ұятырақ болар...

— Ештеңе де етпейді. Адам нені болсын осылай бірте-бірте үйренеді.

Мәулен денесін алыс ұстап, жасқана сырғанап келеді.

— Қорықпа, жақындап қатарласа жүр,— деп Гүлшат күліп қойды.— Сырғанап білмеймін дегенің қайда? Міне, осындай жалған әдептілік ұнамайды маған. Білетіңізді қайтып білмеймін дей аласың? Бұл да мақтаншақтықтың бір түрі.

— Көңіл үшін айтып келетін боларсың.

— Жок, жақсы сырғайсың, жақсы билейсің де. Шыным бұл.

Бұл сөз Мәуленге қатты әсер еткендей. Енді бірде жаңағы бір ұсақ реніштің бәрін де ұмытты. Еркін билей берді. «Адам жанын ұға білер, қылтың мен сылтыңы жоқ осы Гүлшат неткен асыл адам еді!»

...Олар кешкі сағат сегізге қайтты. Кішкене машинада бұлардан басқа Дайыров пен Мұздарапов бар. Дайыров алғінде: «Сайлау жақындап келеді, соған байланысты істелетін біраз жұмыстар бар еді, ала кетіндер»,— деп өтінген. Бұлар жүре бергенде Мұздарапов та жетіп еді.

— Орын бар көрінеді ғой. Мені де, жүде, ала кетіндер, ағатайлар. Провожать етуім керек еді бір жолдасымды.

Міне, Инеш енді ерекше көңілді отыр. Қол тисе-ақ, дыбыс шығарар күйге келтірілген домбыра шегіндей, Мұздарапов аузынан шыққан әр сөзге күлкімен жауап береді. Соны аңғарған анау да өз қимылын тамашалаушы табылған соң, артық-кемді қулықты туындата түскен. Бұл бос сөздер Дайыровка ұнамаған секілді. Ең әуелі көңілсіз тыңдап отырды да, артынан көптен бері ойында жүрген бір пікірдің ұшын Мәуленге айтты:

— Мәулен, сенің осы не ойлағаның бар?

— Оқудан басқа не ойдаймын?

— Жок, ойлау керек. Сен неге үгітші болмайсың? Үгітші болу деген жақсы ғой. Халыққа түсіндіріп қана қоймайсың, өзін де халықтан көпті түсінесің. Еңбек адамдарының не істеп, не ойлап, қалай тыныс алып отырғанын байқайсың. Сөйт, сен үгітші бол. Ертең комитетте қарайық.

— Қайдам, күшім жетпей жүрмесе...

— Күшім жетпейді? Сөз бе екен! Сенің күшің жетпейді, енді кімнің күші жетеді? Айтшы, қане? Сенімім жетпейді де одан да,— деп ол өткендегі сенім туралы әңгімесі Мәуленнің есіне салды.

— Үгітші болған өте дұрыс. Өзіміз оны қатырып тастар едік, жүде, басқа жұмыстар бастан асып жатыр, бірақ,— деп қойды Мұздарапов.

— Ондай инициативаң болса, басқа жұмыстан босатуға болады.

Жолтай жалт бұрылды.

— Қайдан сол бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысу береміз. Қолайсыз ғой, жүде.

Біл кезде олар тау сілемінің соңғы жұлғесінен шығып еді. Жымындаған жұлдызша жалтылдап сонау төменде қала оты көрінді. Бірі сөніп, бірі айқыңырақ тұтанып, меруерттей

көз тартып құбылады. Біресе қатарға шығады. Тайталасып жарысып келе жатқандай болады. Әп-сәтте алдыңды орайды.

Кенет мотор бықылдап барып, сәніп тынды. Инеш тежемені бірден басты. Асфальтқа шайнасқан резина доңғалақтар шыр етіп құлақ тұндырды дыбыс шығарды. Машина арты сал көтеріліп барып бірден тоқтады. Соңғы қатарға отырған Мұздарапов пен Мәулен екеуі алдыңғы отырғыштың қалқанынан ұстап тіресіп қалды.

Инеш кабина ішін жарық етті де, үшеуіне қарады.

— Машина сырын қайсың білуші едіңдер?

«Мен білем» деп ешкім де жауап қатпады. Аз-кем тыныштық басты. Тау жақтан ысқаяқ соққан салқын желдің ызыңы естіледі. Машинаға кеп сирек соғылған жанбыр тырсылы кәзіргі кештің лайсаң, жайсыздығын танытады.

Инеш өзін сол жел өтінде қалғандай кейіс сезінді. Осы бір бұйғығы отырған орнынан қозғалғысы да келмеді.

— Қайсың барсындар мотор «тілін» білетін? Контакт жұмыс істемей қалды. Менің жөндерге жайым жоқ. Күн де былғаныш екен,— деп пальтосына мойнын жасыра түсті.

— Осылай отырамыз ба, жұда, онда?— деп Мұздарапов шымдамсыздық білдірді.

— Алды-артынан машина тосып, әлдебір шоферді көмекке шақыру керек.

Мәуленнің бұл ұсынысын Ерен де қостады. Мұздарапов шыдамы таусыла түсті.

— Осындай сенімсіз машинамен жолға шығады екен, жұда? Далада қонамыз ба енді? Жол тосудан басқа амал жоқ. Қап, жұда, кешігетін болдым-ау,— деп қипалақтал жолға қарай шықты. Сөйткенше ~~болмады, ағы-мұзидан~~ ~~өші-өші жолтырап~~ шыға келді. Жолтай қол көтерді. Өтінкіреп тоқтаған машинаның басқышына асылып біраз тұрды. Әлдене деп шофермен сөйлесіп жатыр.

— Ертеке айтып жатқан жоқ па өзі?— деп Дайыров күлді. Оның бұл тұрғысы Инешті де жалықтырғандай.

— Бар, Мәулен, білші.

Ол жақындап еді, машина жылжи берді. Басқышта тұрған Мұздарапов:

— Мына шофер, жұда, көнбейді. Уақытының жоқтығын айтады. Ал менің жұмысым асығыстау ғой, жүре берейін. Сендер бірдеме етіп келерсіңдер.— деп айқайлады да, кабинаға кіріп кетті.

Мәулен қайтып оралды. Үшеуі де аз-кем үңсіз қалды.

Мұздараповтың қылығын әркім өзінше жорығандай.

— Жолтай шын кетіп қалы ма?— деп сұрады танданған Инеш.

...Мәулен иығын қақты.

— Мен осы жігітке түсінбеймін,— деді Ерөн.— Қазір бір нәрсені адам сияқты бастайды да, қалдырып кетеді. Сөзінде пәтуа жоқ.

Бұл пікірді Мәулен де қостады.

— Кісі сеніп болмайды.

Мына екеуінің түрін байқап Инеш енді арашаға кетті.

— Шығарып салатын кісім бар деген жоқ па! Асыққан болар.

— Шығарып салам деп жолдастарын далаға тастап кете ме екен?— деп Ерөн кекете сөйледі.

Инеш ұнатпаған кейіп білдіріп бұйыға отырды. Үндемеді.

Мәулен машинаның есігін ашты:

— Болмашы істе мынадай, қиын-қыстау кезеңде сатып кетеді ғой.

Инеш Мәуленге ала көзімен қарады. Шынын айтқанда, осы жігітке түсінбей бара жатқан секілді.

— Түймедейді түйедей етіп, болмашыдан үлкен қорытынды шығарып отырасындар-ау.

Мәулен өршелене сөйледі.

— Жок, Жолтайлар өзінің қарақан басының қамын ғана ойлайтын, жолдастықты бес тиынға сатып кететін адамдар.

— Да ну вас,— деп Инеш қолын сілтеді.

Аз-кем ауыр тыныштық басты.

Бір кезде алдыңғы қылтадай бір машина көрінді де бұлардың қасына келіп тоқтады. Жүргінші шофер мән-жайды өзі сұрап, көмекке өзі келді. Бір сәттен кейін кішкене көк машина жарығымен қараңғылықты тіліп, қалаға қарай зырлап бара жатты...

23

Кеш жатқанына қарамастан, Инеш бүгін ерте тұрды. Түндс көпке дейін ұйықтай алмаса да, бүгін сергек, көңілді. Мәдине: «Ерте әлі, жата тұр, қарағым, тамақ дайын болғанша»,— деп басу айтса да, қызы оған көне қоймады.

Түнде жазып бітірген мақаласын Инеш шай үстінде қайта оқып шықты.

— Қоя тұр оныңды, іш, қалқам, ең арғысы тамақ үстінде де үңілесің де отырасың, мына құймақтарды әдейі өзіңе арнап пісірдім. Әлде қаймақ жегің келе ме? Қоя тұр деймін, құлыншағым...

— Ештеңе де ішкім келмей отыр, Мәйна, ештеңе де... жүрегімді қарашы, лүп-лүп соғады. Мәйна, сен бұл қуанышты түсінесің бе? Мына мақала... ертең бұл мақала

баспаға жіберіледі. Гонорарына не әкеп берсем екен, Мәйна, саған? Жақсы гарцевая шаль?.. Әлде көйлектікке крепсатин? Жок, өзiм сеткасымен велюровая шляпа аламын... не, қалғанына саған жақсы бiр вена өкшелi туфли... ұнай ма?

— Ұнайды, жаным. Тiптi канорар дегенiңдi қоя тұршы, әлi мақаланың кiтапқа басылғанын айт. Әкең атын, өз атыңды жазатын болар.

— Әрине, Мәйна, Үлкен айқын қара жазумен...

— Жок, қара жазу жаман, сыықсыз. Көк не жасыл жазу... Ал өзiң мойныңа шарф ора. Күн лайсаң-ақ, тамағыңа суық тиiп қалады. Балмұздақ жеме көшеде. Тiлiмдi ал, шешең саған қастық ойламайды. Инеш шешесi айтқандай жылы киiнiп, университеттiң бас корпусына келдi.

Белгiгүлов жайдары қарсы алды.

— Әә...кел...кел, Инеш Дәулеткереевна... Бiтiрiп әкелдiң бе? Тiптi жақсы болған. Записканың осы жолғы санынан қалдырмайық. Ал, кәне, оқи баста. Әнеуғi айтқандарды... қалай, енгiзген боларсың?

— Иә, енгiздiм...

Столға жайланып, еркiнiрек отырды да, Инеш қалтыраған жiңiшке дауыспен оқып кеттi.

Белгiгүлов тыңдап отырып, Инешке көз салды. Қыздың аздап суық сорған ақ өңiнде ойнаған қызыл нұр мұның жүрегiн жандана бастаған күн көзiңдей қытықтап кеттi. Бiр мезгiл Инеш оған сәуледен жасалған сурет секiлденедi. Ұстайын десе, сөнiп жок болып қалардай көрiпедi. «Сайтанның өзi сұлу»,— деп iштей айтты да, күрсiнiп алды. Инешке қарай орындығын жақындата отырды. Қалтасынан нәштеп бүктелген қол орамалын алып ~~өңi~~ желтiген болып, жылы үйдi тұрған самал лептi Инешке сiлтенкiрей бердi. «Сезсiн, аңдасын» дегендей. Салмақты бiр жұпар иiсi Инеш мұрнына толқи келiп жатыр. «Қандай жұмсақ иiстi жақсы духи! «Красная Москва» ма? Әлде «Кристалль» ма? Жок, «Манон» болар. Ер адамдар да өзiне духи құяды екен-ау? Олар одеколон күймаушы ма сдi?»

Инеш бiрте-бiрте төселе бердi. Даусындағы дiрiл де жеңiлiп, азая түскен.

Белгiгүлов әуелi ықыласпен тыңдап әлсiн-әлi «жақсы, жақсы» деген сияқты қысқа бағамен мақаланың бiраз беттерiн аттандырып отырды да, бiрте-бiрте барып суына бастады. Ендi бiраздан соң олай-бұлай қимылдап кеттi. Көзiдiрiгiн қозғап қойды. Тұра келдi, теңселе жүрiп шылым тартты. Ақыр аяғында Инеш вегетативтiк будандастыру әдiсiне жеткен кезде, қалың портфелiнен «Огонектiң» ескi бiр санын алып, соған үңiлдi.

«Ұнатпай отыр», — деп ойлаған Инеш әрі қарай оқуға кенет жалқау тартты.

— Майқан Белгі...

— Оқасы жоқ, оқи бер. Тыңдап отырмын. — Белгіұлов салқын жауап берді.

Осы бір сәтте өзі жазған мақаласы Инешке түкке тұрғысыз сияқты болып кетті. Артық-кемді, жығылып-сүрініп жатқан жерлер, теріс, талас пікірлер... бәрі де селдеп шығып жатыр, шығып жатыр... «Ой, қайтып көрмегенмін мұның бәрін?»

Инеш өз дәптерінің соңғы бетін жапқан соң, көп уақыт бөлмені тыныштық басты. «Не дер екен?» болды осы сәтте оны түгелдей баурап алған күшті сезім. Сол сұраққа күңгірт отырған Белгіұловтың сирек созып алған ауыр демі ғана жауап бергендей. Соншалықты ұзақ үрдіс бір үнсіздік. Сырттан да ешбір дыбыс тамбайды. Университет ауласын осындай бір қолайсыз, адам сезімін тұншықтырар тыныштық басып тұрғандай. Кенет оның айкайлап жібергісі келді.

Қыз қыбырын баққан Майқанның бұлай отырып қалуы шыны да, сыны да еді. Алдында екі әдіс — екі жол жатқандай. Бір есептен әзіл-оспағын айтып, жеңіл кемшіліктерін көрсетіп Инеш көңілін аулап, шығарып салмақ. Немесе алғбір сезімдердің бәрін былай қойып, қатты-қатты ұрыспақ. Ол осы жолдардың қайсысы қолайлы деп ойланып еді. Бір шешімге тез келді де, ойламаған жерден лекіте күліп жіберді. Онсыз да мақала тағдырының не боларына шүбәмен отырған қыз хысыла түсті. Белгіұлов Инеш орындығына артып отырған қолымен оның арқасынан қақты, өзіне тарта қақты.

— Вегетативтік гибридизацияны алғансың, а? Тым жақсы болған. — Ол езуін жиып, Инешке қулана қарады. Қуаттағаны ма ұнатпағаны ма, аңғартар емес.

Инеш ыңғайсыздана берді. Белгіұлов маңдайын қолымен ұстап сал ойланып қалды да, сөзін тым нәштей биязы бастады.

— Солай-ақ болсын, ие, бір жеміс ағашының түбіріне екінші бір ағаштың ұшын әкеп жалғайық. Бұл вегетативтік гибридизация болсын. Дұрыс па? Одан үшінші бір сорт шығарайық. Ұнай ма? Қош, ендеше. Ал осы әдісті малға қолданшы, кәне. Басы қырқылған қойдың мойнына шошқа басын орнатшы. Осыдан, кәне, қойға да, шошқаға да ұқсамайтын бір порода шығаршы!

Шын дәрйіндік, мичуриндік ғылымды онша терең білмейтін Инеш бұл сұраққа жауап бере алмай, томсарып қалды. Ұрымтал жерді сәтіммен дәл бісініп, асау қызды

бұлтартпай матай қойғанына өзі де іштей масайрап кеткен Белгіұлов:

— Вегетативтік гибридизация деген тек миф,— деп бір түйіл тастады да, содан кейін Инештің тым бір әлсіз жері — даңққұмарлығын қоздыра сөйледі.— «Ғылыми записканың» бірінші беті сенің мақаланмен ашылатын болады. Басында «Дәулеткереева Инеш!» Қандай жақсы! Өз тұстарынан абырой-даңқың да озық тұрады. Биолог — ғалымдар ана Қасымова сияқтыларды есепке алмайды. Ал сені ескерусіз тастамайды. Ол үшін көп азаптың керегі аз. Көрсеткен кітапты бірнеше рет оқы да, мына мақаланды соның ізімен жазып алып кел. Міне, шын творчество. Атақ пен даңқ та, бедел де, міне, осы.

Әлгіде кейіс пішінде отырған Инеш Белгіұловтан енді қуана шықты. Көз алдына үлкен аудитория елестеп кетті. Лекция тыңдаған қалың студент. Солардың ең алдында Инеш отыр. Осы бір кем шақта ол өзін бүкіл университет студенттерінен озып бара жатқандай сезініп еді. Ойына Гүлшат сымбаты орала кетті. Бүрме балақ кең шалбар киген, үстінде баяғы қонымды жүн свитрі. Әудем жер ілгері кетіп барады... Ендігі сәтте Инеш ойдан айғырып ілгеріге тіктеп қарап еді, сұмбақты бір қызға көзі түсті. Оның шын Гүлшат екенін Инеш бірден таныды. Ұмтыла беріп, дауыстады:

— Гулечка! Қайда асығып барасың?

— Ой, Дәулеткереева, сенбісің? Қызық бәрі! Дайындала бер. Қаниқұлда тауға шығатын боламыз.

Инеш тіксініп те, шошынып та қалды.

— Қайдағы тауға?

— ~~Скрябиннің өсіне...~~

— Гулечка, сен немене, зтай көрме мұныдың. Азабым не тауға шығып!

— Жок, Инеш, міндетті түрде. Комсомол комитеті осындай іс бастап отыр. Дайындалуың керек.

Инеш жүре жауап беріп, жылыстай бастады.

— Атама, Гүлшат. Аңадағыдай ауырып қалсам... не тау басынан құлап кетсем... сұмдық қой... Жок, Гулечка, қолым да тимейді. Жаңа ғана Майқан ағадан шықтым. Көп кеңестер берді. Бір істі бастаған соң, аяқтаған жөн емес пе!— деп мақаласын сылтауратып кетті. Оның сөз дарытпайтынын сезген Гүлшат ештеңе дей қоймады. Екеуі де салқын ғана қоштасып, жөндеріне кетісті.

Үйіне келе жатқан Инеш: «Осы біздің Гүлшат қызық, азаптан азапқа ұмтыла береді. Түсінбеймін»,— деп ойлады. Ал қалалық комсомол комитетіне келе жатқан Гүлшат

Инеш туралы: «Қоғам ісінен шеттей береді-ақ. Неге олай, түсінбей-ақ қойдым»,— деп кейіді.

Келіп-кетушілердің толас алып, комсомол комитетінің секретары оңаша қалған бір шағы еді. Ерен бір сәтке қабырғада ілулі тұрған университет макетіне көз салды. Кенеттен аңада өздері ұйымдастырған сенбілік есіне түсті. Көз алдына Мәулен келе қалды. Ол сергек тұрды да сейфті ашты. Тәптіштеп сейфке салып жүретін кішкене блокнотын алды да, столға қақтып оралды. Онсыз да жатық қайырылған шашын екі алақанымен сипап басып қойды. Содан соң маңдайын қарындаш ұшына тіреп бір шақ отырды.

Тағы түрегеп кетті. Терезе алдына барып, ақ жібек мұхарамаларды кейін сырды да, сыртқа көз салды. Ашық қыс күнінің сәулесі университет ауласына түсіп тұр. Күн нұрымен көгілдір тартқан ақсоқта қар арасынан әлденелердің ық жағы көлеңкеше қарауытып көрінеді. Бір топ студент бір профессор мініп келген жаңа маркалы ұзын жалтырауық машинаны қоршалап, әр жерлеріне үңіледі. Оң қолдағы жалғыз ағаш түбіндегі беседкада отырған қыз өз қасындағы жігітке әлдебір кітапты дауыстап оқып жатыр. Ендігі сәтте жалғас корпусан электр қоңырауының самарқау үні естілді. Аула ішінде адам аяғы жиілене бастады. Арғы үлкен қақпадан бері өткен бір топ жас қыздардың ішінен қолында қайқы бас хоккей таяғы бар Гүлшат Аманованы ол бірден таныды. Өз тобында күнгеі жақпен сал бұрыла жүрген Гүлшаттың төсіндегі кішкене значек қабақ қағыста шағылысып Ерен көзіне қадап жарқ ете түсті.

Дайыров әуелі: «Бұл қандай значек екен?» деп ойланп қалды да, жауапты шағында тапты. Гүлшат арғы жазда биік тауларға шығу әдісі туралы арнаулы курстан өткен-ді. Кейін қала альпинистерімен бірге Талғар шыңына көтеріліп, «СССР альпинисі» деген значек тағып шыққан болатын.

Мұның сол значек екенін түсіне қалған Еренге тамаша бір ой сап етті. Есікке қарап ұмтыла берді де, қолын кенет бір сермеп қайта бұрылды. Терезе жақтауына ырғып шығып, ашық тұрған желдеткіштен Гүлшатқа айқай сала бастады. Әдепкіде даумстың қайдан шыққанын аңғармаған топ қыз аңырып тұрып қалды да, терезеден комсомол комитеті секретарының басын көріп ду күлді.

— Аманова, мұнда, комсомол комитетіне кел, тез кел! Осы кезде бас корпусқа қарай жедел басып бара жатқан

Викентий Викентьевич қыздар қараған жаққа көз салды. Бір сәт езу тартып күлді. Содан соң басын шайқады.

— Қыздарым менің!— деп Гүлшат тобына қарады,— ана Дайыров жолдасқа университет есігі арғы бетте екенін айтыңдаршы,— деді де ілтері жүріп кетті.

Гүлшат кешікпей кабинетке кірді. Ереннің жаңағы қимылын партбюро секретарының да көріп қалғанын айта келді.

— Ну? Қалай? Сыртта келе жатып па?— деп Ерен таңырқай сұрады. Ұялып қалғандай.

— Ие, сыртта келе жатып...

— Тура... тіктеп қарады ма маған?

— Тіктеп қарады.

— Сонсоң қайтті?

— Сонан соң күлді. Басын шайқады. Университет есігі арғы бетте деп ілтері жүріп кетті.

— Ну?...— деді қысылған Ерен дүдәмалдана тұрып. Содан кейін ақтала сөйледі,— сені былай өтіп кетеді екен деп... Көрмейсің бе, зырлап барасың. Сонау есіктен шыққанша қашан. Ал енді өңтіме былай: Алдағы каникулда біріміз жиналып Скрамға шығамыз.

Дүние жүзінің таулары төбесіне көтерілу есебінен беске бөлінеді. Үйренбеген, дағдыланбаған адамға соның біріншісіне шығу да осалға соқпайды. Ал теңіз бетінен төрт мың биіктікте тұрған үшінші топқа кіретін Скрамға көтерілу одан да қиын, тек мынадай қыс күнінде тәжірибелі альпинистердің ғана жүрегі тоқтай алады.

Міне, Ерен соған баруды ұсынып отыр. Оның бұл ойы Гүлшатқа қатты ұнады.

— Мен дайын, Дайыров жолдас! Жастардың өзін де, сенімін де шынықтырудың ең қолайлы жолы бұл.

Алайда бұл ұсыныс ала-құла пікір тудыра келді. Қарсы болушының бірі — үлкен қара көзділікті, жүдеу өнді, өзінің көп білетіндігімен көп көзін түсетін, студенттер арасында «энциклопедия» деген лақап аты бар Сарыбеков еді. Ол мұндай үлкен ерлікті, үлкен құрбандықты керек ететін ауыр жорықтан Гүлшат пен Ерен бетін тайдырмақ болды. Өзі тауға көтеріліп көрмесе де, осы жөнінде көп кітаптар оқығанын байқатып, қыс күнінде тауға шығудың бар қиындығын теориялық жағынан ақырын сөйлеп, дәлелдей жеткізіп берді.

...Адам төзе алмас боран-шашын... үңгір қараңғылығындай қара тұман, тиген жеріне жарақат салар мұз, қиыршық жаңбыр... көк дауыл... өзімен бірге адамды шыңырауға алып кетер жылжымалы ұлпа қар... үстінен

боран жүріп кеткен апат үңгірлер... міне, мұның бәрі де қыс күнінің альпинистке ұсынар артық «сыйлықтары». Бұл пікірге Ерен құлақ аса қоймады.

— Қиындықсыз келешек жоқ. Келешектің бақыттылығы да сонда, — деп жауап берді. Содан кейінгі бір кеште өз ұсынысын Дорбровка айтпақ болды. «Викентий Викентьевич, өз жок, бұл ұсынысты қолдайды» — деп ойлады ол жол-шыбай. Партбюро секретарының кабинетіне жақындай бергенде, кенет ойына кешегі өз ісі түсті де, шегіншектеп қалды. «Шал жақсылап ұялтар-ақ» — деп қобалжыды. Есікті еріксіз ашып кірді.

Түннің біраз шағы өтіп кетсе де Викентий Викентьевич кабинетінде қызмет істеп отыр екен. Есік сықырын естіп, басын көтеріп алды. Кенет езу тартты. Ақылды көзінде аздап қулық бар.

— Кел, кел, секретарь жолдас, — деп дауыстай күлді. «Ал енді сол туралы айтар-ақ» — деп жорыды қарсы беттегі былғары креслоның арт жағындағы оқшау стулга келіп отырған Ерен.

Викентий Викентьевич бұрынғы ойлы қалпына барды. Алдындағы қалың қолжазбаны көтеріп алды.

Өзі күткен жерден шықпағанын тез аңғарған Ерен енді дағдысынша еркінсі бастады.

Жастардың жауапкершілікті өзі сезініп, өз бетінше жұмыс істеуін үнемі қолдап, солар тарапынан әлдебір творчестволық ой-пікір туып қалса, қуана қабылдап, барынша көмек көрсетіп бағатын Викентий Викентьевич жас күштерге қатты сенуші еді. Сол себепті комсомол комитетіне «мынаны істе, былай істе», деп көзге шұқып қазымырлана бермейтін. Көпшілік уақытта жалпы бағытты ғана бақылап, неге көңіл аудару керектігін айтып, ой салатын да, нақтылы істі, не істеу керектігін олардың өз үлестеріне беретін. Жалғыз-ақ соны ұмыт қалдырмай қалай орындалып жатқанын қадағалап сұраумен болатын. Кемшіліктері болса сол арада ғана айтатын. Дәл осы жерде де демалыс деген сөзден барып, қысқы каникулдың жақындап қалғанын есіне алған Дорбов «пәлен істе, түген істе» деп ақыл айтпай-ақ:

— Ал каникулды қалай өткізбекшісіңдер? — деп сұрау сала сөйледі.

Өз ұсынысын Ерен осы арада айтты.

— Тауға кімдер шықпақ, қалай шықпақ, — деп сұрады Викентий Викентьевич.

— Іріктелген бір топ. Жиырма-отыз адам. Ішінде қыз балалар да бар.

— Атап айтқанда?..

— Мысалы, Гүлшат Аманова. Ол тауға шығуда үлкен тәжірибесі бар жастың бірі.

Партбюро секретары «білем» дегендей басын изеді.

— Талаптарын өте дұрыс, — деп қуаттап сөйледі ол ойын аз-кем ақылға жүгірткеннен кейін. — Бірақ асыра сілтемеу керек. Қыс күнінде Скрамға шығу деген тәжірибесі аз альпинистер үшін өте ауыр. Семімді арзан құрбандықпен көрсетудің керегі жоқ. Сендер үшін ең қолайлы тау — мына бергі Алмалы. Бұл бір. Екіншіден, бұл жорықты бүкіл қалалық жорық ету дұрыс. Ол үшін қалалық комсомол комитетімен, физкультура және спорт ұйымдарымен байланыс жасап, дайындық жұмысын ұқыпты жүргізу қажет, үшіншіден, жорықты спорт мастерлері ғана бастайтын болсын. Төртіншіден, бұл жорықтың ғылыми мәнін де естен шығармау керек. Тау түзілісі, тау топырағы мен климаты, — міне, мұның бәрі зерттей жүруді қажет ететін қызық жайлар.

Ерен бұл ұсыныстарды өте ұнасымды көрді. Өздерінің артығырақ кеткендерін де мойындап қалды.

Осыдан біраз күн өткен соң, қысқы каникулдың алғашқы тозаңсыз ашық жылы күні басталды. Түнде түскен ұлпа қар көз қарықтыра жылтылдайды. Алда жұрт көңілін өзіне дауалай тартып ақшатау жатыр. Көп шоқылардың бірі одырайып, өзгелерінен озып шығып тұр. Төбесі көк мұнарға батып көрінбейді.

Қаладан шыққан төрт жүздей студент-жастар бағыты осылай жатыр. Алды соны, арты шиыр даңғыл жол. Ен сонда ауыр рюкзакпен арқасына танып алған Сымбат келеді. «Инеш те шықпады ғой, қалып қойсам да болады екен», — деген оймен артта қалған қалаға жалтақтап қарап, томпақпен басып келеді.

Күйік алқабында өткен жазда альпинистердің көшпелі лагері тұрған еді. Осы сапарға дайындық үстінде Дайыров бұл жерді алғашқы қонаққа деп танып, оған арнаулы кісі жіберіп алған. Ондағы электр оттығын қалпына келтірткен.

Қаладан жайымен шыққан қалың топ сол жерге кешуілдеп жетті. Жинақы көңілмен азіл-ойынның айтыса келді. Көптің осы бір көтеріңкі үнін селтен құлақ тау өлкесі ұлғайтып, алысқа алып кетеді де, сөйлем мағыналарын, сөз арасының тыныс-тоқталымдарын жоғалтады. Тауда жанғырыққан алғұн балық қабығына ұқсап біріне-бірі іркістене мінгесіп, ұзақ-создықтана барып, үрдіс дауысқа ауысып, аспанда тұнады.

Шебер қолымен жаратылыс өзі жасаған бір ғаламат зор фортепиано педальін басып әдәбіреу төменгі жуан дыбысты клавиштарын қатарынан қайта-қайта ұрып жамыратып тұрғандай.

Күзден бері адам ізі өшіп, суып қалған Күйік алқабына бірден жан кіріп, жаңғырығып кетті.

Қызуы аз қыс күні ана бір шоқыға иегін артып, әрі асты. Қытымыр аяз сезіле бастады. Күнді аяз әрі итеріп, аязды күн бері итеріп тастағандай. Тоқтағаннан кейін тоназытқанын сылтауратып, қордағы спирттен аз-кемдеп көтеріп қойып жатқандар да бар.

Қара-құра қалың көпшілік осы шақтың аралуан жұмысына қауырт кірісіп кеткен. Қар аршып, бір қоналқалық болса да, шатыр тігіп жатқандар да, электрге дәм пісіріп, буын бұрқыратып жатқандар да көп. Енді біреулер ғылымдық мәні бар жұмыстармен шұғылдануда.

Университеттің география факультетінде оқитын бір студент тау өңіріне түскен қар қалыңдығын өлшейді.

Бір жас қыз бағытын беткейге алып, топтан жырылып шықты. Айқыш-ұйқыш жіңішке сымдармен тұзақталып, жоғары жағында шұңқыр алақанды төрт зырылдауығы бар бір кішкене аппаратты басынан асыра көтерді. Зырылдауық баяу айнала бастады. Аппараттың сағат бетіне ұқсас төменгі жағындағы стрелкасы ілгері жылжып барып, қылтындап бір санды көрсете берді.

Соған аумай қараған жас қыз әлден соң жазу дәптершесіне жай адамға түсінігі жоқ көп цифрларды нөқталап тізді де, топқа оралды.

— Анемометр ауаның қозғалыс күшінің әлсіздігін көрсетеді. Жел әзірге тау жақтан. Бұл жақсылық белгісі. Тауда жел бұлтты ықтыра алмайды. Өзіне тартады,— деп тау өлкесінің өзгешелігін баяндай берді.

Ал ана бір ұзын бойлы бұжыр жігіт сурет өңірімен айналысқан жас талапкердің бірі болса керек, батқан күннің қызыл мұнарымен алауланып, жаратылыс құдіретінен тыс қиялы пішіндер жасап, тау ұшында тоқыраған көгілжім қоңыр, қызыл бұлтқа қарап қалған.

Сол бір құбылыс Сымбатты да еліктіріп алыпты. Бейтаныс жас талапкердің қасына жоғары қараған қалпында келіп, өз көңілін бұл да танытты.

— Еһ, ақын болып!... Суреттер ме еді мына кереметті!

— Ақын суреттеп жеткізе алмайды мұны. Художник болып бояуын тауып, картина жазса... Қандай ғажап бояулар! Қызыл, қызғылт, сарғылт-қызыл, күрең-қызыл, көгілжім, қоңыр-қызыл. Бір түстен екінші түске ауысқан

ана бір жеріне зер салшы! Ой, қандай нәзік! Ал ана біріне қандай бояу дәл келер дер ея? Бір бояумен беруге де болмас... балкім... тоқтай тұр... қызыл... күрес, сонан соң ақшыл-сары, ә?... Жоқ, көкшіл-сары... балкім сонда ғана...

Бейтаныс жігіттің жаңағы тау ұшындағы құбылыс реңін дөп тауып тұрғанын Сымбат іштей қолтаса да, бейнелеу өнерінен ақындықты кем өлшегеніне ренжіп қалды.

— Пушкин, я Лермонтов болса... Мына көріністі Левитанның да артық етіп суреттеп берер еді.

— Жоқ, артық суреттей алмайды!

— Жоқ, суреттей алады.

— Суреттей алмайды деп тұрмын ғой мен. Левитан көп бояуды араластыра отырып...— ол аспанға қолын шошайтты,— әне бір қандай ғана бояу түсінен алыс тұрған... Әне, қарашы өзің, соны қандай түске жақындатар едің? Жақындата алмайсың! Сол реңкті бәрібір жасай алар еді. Ал Пушкин?..

— Пушкин де бояу ұғымын беретін оядаған сөздерді қосып... Жоқ, тандап алар еді де...

— Хе-хе-хе... Қалай қосады?

— Тандап алады деп тұрмын ғой. Бұрмалама сөзді. Тартыныпқырап сөйле.

Бұжыр жігіт жалт бұрылып, Сымбатқа тесірейді.

Көп ретте осындай бір таластардан қалыстап жүретін, ештеңеге қызбайтын, жұрт көңіліндегі уытсыз момын Асқаров дәл осы арада Пушкин аты үшін қайсарлықтың ғажап бір үлгісін көрсеткендей, қозғалыссыз қалпы, қандай да болсын тұтқиыл шабуылды қарсы алар түрде еді.

Мұны көркем өнерге бір жақтылау қарайтын жігіт деп ~~артадан, ақын құлақ сақтап~~ бөйлеген ұзын бойлы бұжыр жігіт Сымбат қияпатынан сескеніңкірей күлді.

— Пушкин мен Лермонтовтың да, Левитанның да, көркемөнердің басқа классиктерінің де бұл құбылысты суреттеуге күдіреті жетер еді-ау! Ал екеуіміз... сені мен мен... Ай, билмеймін. Бұлт та... тау да... оная болар еді. Ал мына бояуды таба алар ма екенбіз?!

— Солай... Левитанды мен өзім де жақсы көремін. Бірақ олардың әрқайсысында өзіндік ұлылық бар.

— Орынды сөз. Менікі ойын.

Көңілденген Сымбат енді жаңағы бір таудан алған әсеріне ойысты.

— Керемет!.. Осылардың бәрі тілсіз мелшиген мына күз шоқының ішінен шығып жатқан секілді. Қақ айырып көрер ме еді ішін!

— Ей, художник болып!

— Еһ, ақын болып!...— десеңші.

Осы сөзден кейін олар біріне-бірі күле қарасып, өздерінің арманы жалғыз, бір тілеудің адамдары екенін айтыспай ұтынысты.

— Тәлім Бақшаев,— деп таныстырды ұзын бойлы жігіт өзін,— суретшілер училищесінің студенті...

Алғашқы күзет кезегі Мәуленге келген-ді. Ерен осы топтың саяси басшысы есебінде: «Кезекшіден басқаның бәрі де тынығатын болсын» деп тапсырма берген. Мәулең сол жарлықты орындамақ болып тысқа шығып еді, қарсы алдында қармен қалың етіп жабылған кішкене шатырдан сәуле жылтырай қалды. «Неге тынықпай жатыр, япыр-ау?» деген түйткілмен есікке үңілді. Ар жақта жылы киінген Гүлшат, қонақтаған құстай, төсек-қапшыққа бір тізерлеп қана жеңіл отырып, электр плиткасының қызыл-күңгірт жарығына кітап ұсынып, үңіліп қалыпты.

— Ұйықтау керек, Гүлшат. Бүгінгі күннің бар философиясы — тынығу деген бір-ақ сөзде.— деп Мәулен есіктен үңілді.— Не кітап? О... альпинизм тарихы ма?! Ала шыққан екенсің ғой? Жарайды енді, не болса да қой енді...

Гүлшат сүйкімді қызға ғана тән бір нәзіктіктен күрсінді де, Мәуленге күле қарады. Жылы үй, жұмсақ төсектен алыс, қатыгез табиғаттың бұрқасын құшағында қамқорлық көрсеткен жігіт қылығына дән ырза қарас. Неге екенін кім білсін Мәулен де езу тартты. Кенет Инеш есіне түсті. Томсарып қалды. Содан кейін ақырын ғана:

— Тынық, кәне!— деді.

Мәулен Гүлшатты төсек-қапшыққа емгізді де, жел кірмесін деп мойнын қымтап буып қойды. Содан соң жылжымалы электр оттығын жылжытып әкелді де, түн тыныштығын тілейтінін айтып, сыртқа шықты.

Тау қойнауы жым-жырт. Жан-жақтан томсара төнген күз шоқылар қараңғы түнде қарауытып, көз аясынан тысқары тұрған әлдебір ғаламаттардың көлеңкесіндей болып, мелшііп бүкжие көсіліп жатыр.

Қаржалған жұрттың бәрі де қалың ұйқыға ойысқан. Тыныштық пен тынығуды адам ырқына мол берген осы бір шақтың рухы Мәуленді де билеп кетті. Жаксылап тұрып керіліп, енді өз шатырына беттей бергенде жанағы бір томсарған көлеңке құздардың сетінген бір жанды бөлшегіндей болып әлдекім мұның алдынан қараңдай қалды.

— Бұл кім?

— Мен... Мұздарапов...

— Бұл не жүріс? Тынықпай...

— Жұртты күзетіп... Күзет керек емес пе?

Жолтайдың жата алмай жүргені басқада еді. Ол осы бір-екі күннің ішінде төрт-бес ай бойына сығымдап жиган стилендія ақшасына жаңа коверкот шалбар сатып алған-ды. Ет қызуы басылмай, мына сапар кездесе қалған соң, киіп жылтырап шығуды мақұл көрген. Аттанар алдындағы түнде су бүркіп, тізесін басып, созылап астына салып, әдемілеген. Енді соның қырын сындырмаймын деп, не отырып, не жатып жарытпай, мазасызданып жүргені...

Тыныштық түн тереңінен туып келердей. Таң хабарымен көңілді, көтеріңкі күлкі, тыныққан жастардың дау-рығысулары келді.

Бұл сапардың маршрутын қалада картаға қарап отырып, ақылдаса сызып, талай рет талқыдан өткізген спорт мастері енді қысқа хабарлау жасап, өзенді бойлап жүрудің оралымды бұрыс екенін, мына жатқан шоқыдан тік асып, арғы бетте кішкене Алматы өзенін қиып алатынын айтты. Содан кейін алғашқы сұрыптау жүрді. Кешегі жорықта өзін сылбыр ұстаған біраз адамдарды осында қалдырмаққа келісілді. Соны естіген Жолтай бұл іске де әдетінше белсене кірісті. «Сен қаласың, сен ере алмайсың», — деп әркімді бір жұлмалайды. Олардың кешегі қимылына айтақшыдай.

Сол кезде бұларды бастап шыққан шымыр денелі, жеңіл жүрісті спорт мастері Мұздараповтың жанына келді:

— Ең алдымен, сенің өзінді қайтарып жіберу керек.

— Не үшін, жүдә.

— Тауға бұлай салдық құрып шықпас болар.

— Жок, жүдә. Рюкзатімде ғой киімдерім. Киіп алам

ғой, жүдә — деп Жолтай жалтара берді.

Ұзақ көш тағы ілгері беттеді. Шабуыл қимылы енді бірден басталды. Танауын көтеріп, тіке тұрған кабак бар. Жел мен жонның арасында қыспақта қалған жұқа қағ еріп-қатып, еріп-қатып көк құздаққа айналып кетіпті. Аспан да, тіке беткей де көгілжім. Қайсысының шегі қай жерден ажыраы белгісіз-ақ, аржағындағы Скрамды да әлі денесімен тасалап, жер шегіндей болып аспанмен тоғысып алған.

Бастаушы бұл жол Дайыров Ерен еді. Көтерілген сайын беткей тікелей сала берді. Көк тұқыл тұлдырсыз мұздақтан жұрт аяғы сырғанап, дене салмағы кейінге тартады.

Шарасыздықтан аяқ тұтар тиянақ жасай отырып, траверс әдісімен сатылап өрмелеуге тура келді. Жүріс өнімді болу үшін бастаушы тез алмасып, кейіндеп қалып, соңғы адам жеткенше тыныстап үлгіретін де болды. Осы әдіспен олар шынжыр табан трактор доңғалағынша айнала отырып, ілгері

жылжып бірнеше километрді ұтты. Төбеге ертеңгі сағат он бір шамасында жетті.

Мұнар басып бұлыңғыраған бұлтсыз ашық күнде көз қарығыш күміс қарлы төңірек көгілдір тартып көз аясында тұр.

Мына бетте қыстың көгілжім қоңыр селдір бұлтына белуарлап қана еніп, найзалы басында күн нұры шағылысып ойнаған Скрам біктей түсіп, маңқиған қалпында тек жатыр. Одан төменіректе Алмалы шыңы.

Етектен жоғары қарай жамырай тартқан қалың қарағайлар да мына альпинистерге ұқсап, бетті биікке сілтеген. Көтерілген сайын адақтап селдіреп барып, төбесіне жете алмай оралған.

«Олар жетпесе, біздер бармыз»,— дегендей бір сағаттық дем-тыныстан кейін Гүлшат Аманова бірінші болып тұрды. Ұзақ шұбырынды көш арқаннан ұстай отырып, көлбеулеу арғы бетпен төмен ылдилап, екі жаққа аласара шалқайған өзен аңғарына түсіп, тағы да жоғары өрлей тартты.

Салпы ауыз, күлегеш адамның езуіндегі далия жайылған екі жақтағы аласа қабақ жүрген сайын, қаусырмалана көтеріліп, жарлауыттанып, қусырыла берді. Бара-бара ордия шығып тік жарға айналды да, шүмпиісе өбісіп қалды. Қыспаққа түскен су арнасы тереңге батып кетті. Екі жақтағы екі жартас қиысып келген қақпадай жалғыз сәтте жабылып қалар сұсты, көңілсіз кейіп білдіріп күн көзін жасырып тұр. Тар шыңырау ұзын дәлізге күн арғы маңдайға келген бір сәтте ғана өз нұрын қуалай түсіріп, ауысып кеткен шақ. Әрі қараңғы, әрі салқын. Шытынап сынған аязға қарамастан адам бойын шіміркендірер көк иісі мұңкіген дымқыл бар.

Талай ғасыр бойына тарғыл тастарды тынымсыз жонып, өзіне ғаламат астау арна жасап алған ағыс қатты өзен жолындағы шөгіп-шөгіп қалған қойтастар трамплин есебінде. Ағын су соларға тиянақ жасайды да, селдір аршалар жабыса өскен оң жақтағы биік жарға ақ көбігін шапшытады. Тік өрмелеп барып артында жалтыр көк мұздақ із қалдырып, дөңа жасап кейін қайқады. Қиыршық мұз болып келіп тастарға қайта соғылады. Төңірек енді бей-мезгілдің тоты құс түсті көбелектеріне, не бір мсеруерттердің ұнтағына толып кеткендей болады. Ауаның өзі сан құбылып, түрленіп жалтылдайды.

Су екпіні қатты. Ауа екпіні одан да күштірек. Дымқыл, ауыр салмақпен тура соққан жел өткір жүзді ұстараға барабар. Бетінді осқылайды.

Қорқынышы да, таңғажайыбы да мол осы бір тар дәлізді тағы жаратылыстың әлдебір тылсымдай дүлей рухы басып тұр.

Осы сәтте талай рет тауға шығып, көнігі болған Манап Балғабаев бастап келе жатыр еді. Жел осықылап шыдатпаған соң оны Мәулен алмастырды. Ол көз қорғағыш қапсырмалы үлкен сары көзілдірікті баса киіп алды да, соза тартты.

...Жол алды үзіліп қалды. Үлкендігі де, түрі де киіз үй тәрізді ақ тас төмен сырғанап беріп, екі құз арасына сынаша қыстырылып тұрып қалған. Қақпақ секілді екі қабырғаның жабылып кетпей тұрғаны да осы конусты ақ тасқа байланысты секілді. Сол сына тастың астыңғы жағына ұзындығы бес-алты метрге барып қалар соғу мұз сүңгілер тұрған. Бір қарағанда селдір тісті әлдебір алып хайуанның ырсия ашылған аузын елестетер қорқынышты бейнеде. Ал сына тастың оң иығынан төменге атқып, аунап түсіп жатқан күміс сарқырама көңілді үреймен толтырар жаңағы бір дажалдың айдарлы мүйізі секілді.

Су екпінінен адамды жұлып әкетердей қатты құйын үйіріліп тұр. Әлгі бір салқын ауа ағынын қандай бәлекет тудырып жатқанын жорықшылар енді аңғарды.

Су, су емес, толқи ағып сорғалап түсіп жатқан сұйық қорғасын бейнелес.

— Біз тұйыққа тіреліп қалдық. Шығар жолды қарастырайық. Бүгін қайткен күнде де шабуыл базасына жетіп қонуымыз керек. Ал ертең... Алмалыға штурм күні, — деді Ерен.

— Ух, не деген сұмдық! Тезірек бір айла жасап, мына тамұқтан шығайықшы, — деді әлі де шалбарының қыры сына қоймаған Мұздараров. Ауа толқынынан тайып жығыла жаздап барып, қабырғаға жармаса берді. Шапшаңырақ қимылдаған Мәулен басты: ~~Ол сына тастың сол жақ иығы~~ тұсына келіп, шығыршығы бар ұзын темірқазықты көк тасқа қадап, мұз ойғышымен екпіндете ұра бастады. Шар қайрақтан ұшқан ұзын кірпік ұшқындардай болып, от борап кетті.

— Шеге де өтпей жатыр тасқа, осы арадан кейін қайтсақ та болар еді, — деп алысырақта, артқы жақта тұрған Сымбат жанындағы біреулерге сыбырлап жатты. Манап бастаған алты-жеті жігіт тік жарға шеге қаға отырып өрмелеп шықты да, төменірек жердегі он шақты құраған ағашты көсіп түсірді. Соның тырбық бұтақты жуан біреуін дайын тұрған бірнеше студент сүйреп әкеліп шығар жерге сүйей бастады. Ағаш басына қоянша секіріп шыққан бір епті студент төменнен ұсынылған екінші ағашты біріншіге орнатты. Ендігі кезекте оның орнын басқа біреу басты да, ол әрі өрмелеп кетті. Сөйте-сөйте ол төбеге шықты. Жерге қазық қағып,

аркан ұшын ілді. Жұрт сол арқаннан кезегімен ұстасып, бұталы ағаш бойымен өрмелей берді, өрмелей берді...

Арғы жақ айналасын тау қоршаған кең қойнау екен. Алмалы өзеннің арғы бетінде қалған. Кезексіз туған ендігі қиындық буырқанып жатқан тау өзенінен әрі өтуде болды.

Біреулер ілгері жүруді ұсынып, өзен жары биіктеген жерлердің бірінде мұз көпір кездесіп құлар мүмкіншілігін айтты. Бұл ұсыныс көпке ұнаған соң, олар өзенді өрлей тағы ілгері кетті.

Жаңағы жорамал шындыққа айналды. Ұзамай-ақ көпіршіп, буырқанып жатқан су бетінен жеті-сегіз метрдей жарлауыт екі қабаққа асылып қалған жалпақ мұз көпір кездесе кетті.

Біреулер өзен қабағына келіп, мұз көпірдің қалыңдығын, қавша салмақ көтере алатынын зерттеді. Пікір талай саққа жарылып, «аздаған жүкті көтереді», «жок, көтере алмайды», «тәуекел, өту керек», «жок, өтпеу керек» — деген сияқты таластар туды.

— Мұз көтереді. Қәне, кім бастайды?— деп сұрады спорт мастери.

Гүлшат алға шықты.

Дайыров бұйыра сөйледі:

— Жок, дәл бұл арада сен бастауға болмайды.

Бері бұрылған Гүлшаттың ақ жүзінде нәзік қан ойнап, ақылды көзі күлімдей қалды.

— Неге?

— Қакың жок.

Мәулен бұл мезгілде арқан ұшын өз беліне орап та үлгірген еді. Ақырын басып мұз үстіне шықты.

Жарқабақта тұрған біраз жігіттер арқанның түп ұшын таяу өскен үйеңкі ағашына бекітіп, шыжымдап қана жібере бастады. Мәулен еңбектеп ілгері жылжып барады. Мұз үсті шахмат тактайы секілді. Адамды жұтар ажал аузындай болып ойдым-ойдым үңірейіп көрінген үлкен қара тесіктер көкшіл мұзбен жиі алмасады. Солардың қарауытқан арғы тұңғық теренінде, заманша зырлап аққан балық көзді бұйра-бұйра ағын су жылтырап, өзінің жылуды жоқ салқын, әрі нұрсыз сәулесін тітіреген жүрекке қанжарша сермеп, өн бойыңды сексендіреді.

Тау жанғыртқан сарыл-гүрлден Мәуленнің құлағы да тұнып қалды. Үрсіді ерлікке жеңдіріп, арқаннан қармстыры ұстаған қалпы, шахмат королінің өзіндей кібірткітпеп, салмақты бір жерге салмай, созыла жылжып зорға дегенде арғы жағаны аттады. Арқан ұшын торанғыға орап құрмеді

де, өзеннің жар қабағына қайтып оралып, енді еркінірек сөйлеп, бұйрық ете бастады.

— Өтіндер! Қорықпай өте беріндер! Бір-бірлеп... өтіндер Бар салмақты енді арқанға салып өтіндер. Мәулен даусын айнала мелшіліп жатқан күз жартастар ұлғайтып, көтере алып кетіп: «Өтіндер!.. Өтіндер!.. Өтіндер» деп бірінен соң бірі шексіз қайталап, жаңғырығып кетті.

Көпке кездескен мұндай қатердің гажал бір әділдігі болады. Ол өз қауіпін, өз қорқынның артық-кем демей кімге болса да бірдей ұсынады. Алуан түрлі адамның алуан түрлі мінезі, бір-біріне ұқсас алуан түрлі сезінулері бар ғой. Сол себепті осындай бір қиындық түскен жерде бір таразымен өлшенген қауіп-қатер әркімге әртүрлі дәрежеде жетеді. Әлгі бір мұз үстіндегі тесіктер біреулерге саршұнақ ініндей ғана болып көрінеді, ал енді біреулерге кезеулі тұрған зеңбірек аузындай болып елестейді. Қимылдап кетсе атыла бастардай. Мұздараповқа бұл тіпті, басқаша қорқыншы әсерін салып еді. Оның ұғымынша осы бір үңгірлердің астында керемет алып хайуандар жасырынып жатыр. Солар мұның сирағынан тістеп тартып алып, бұырканып жатқан суға лақтырып жіберердей.

Өзі тайқаксып, шегіншектей беремін деп жұрттың ең соңында қалған. Енді соңғы кезек келгенде не болғанның да білмеді. Ілгері жүрейін десе жанағы бір қорқыншы алып хайуандар ұстап алардай. Кейін қайту?... Ой, сұрма. Жалғыз қайтудың қорқыншы бәрінен де зорырақ. Сол сәтте манағы сарқырама су астында жатқан арын ауызды күміс мүйізді дажал мыналардың әкесіндей болып көрініп кетті оған. Жалғыз тісінің өзі найзадай болып бес-алты метрге салбырап кеткен ~~кереметтен~~ қорықпауға бәлар ма екен сира?

Арғы беттегі біреулер айқай салып, тіпті зәреzap етті мұны.

— Тосып тұрамыз бә сені? Тез өт. Арқанды шешіп ала кел!

— Ие, арқанды шешіп әкел. Ол бізге былайғы жолымызға да керек.

Жолтай не істерін білмей мелшіліп қалды. Оның осы тұрысын сол қалпында ұғынған Гүлшат Мұздараповтың жүрексінгеніне, ал жүрексінген адамның бір кездесекке душар болатынына бірінші болып мән берді.

— Арқан қала берсін. Жолтай. Арқан бар ғой бізде әлі. Ал өзін ең алдымен буынды бекіт. Күшті арқанға сал... Қорықпа! Қорықпасаң бәрімізге ұқсап аман өтесің. Керулі арқанға асылып мұз бетіне жер бауырдап шыққан Мұзда-

раповтың өн бойы секеңдеп, қалшылдап кетті. Көзін тас қып жұмып алды да, арқанға асылып, бері жылжи берді. Сөйткенше болмады, тізесін мұз тесікке сұғып алды. Үстен жел, астан су қажалап жұқартқан сол тұс ойылып, тереңге тартты да, күмп-күмп етіп суға сүңгіп жатты. Аспанға тіке шапшыған су арқанға асылып сереңдеп қалған Жолтайды көміп-көміп алды.

...«Лақтырды»... деп ойлады Мұздарапов сол сәтте өзін су түбіне кеткенге жорып. Арқан қолтығынан сусып, қарына ғана ілікті. Аяқ-қолы ербендейді. Сәт сайын буындары серейіп, жаны кетіп бара жатқандай болды.

— Мықтап ұста арқаннан. Айрылып қалсаң... өлгенің, — деп ар жақтағы топ бірдей шуласты. Қайтсең де бері жылжи бер! Аяғыңды мұзға іліктірі!..

Қанша күш жұмсаса да, Жолтай орнынан да қозғала алмады, қарысып қалған аяқ-қолы сұры қашқан ақыл-ойға бағынар емес.

— Өлдім!..— деп сыбырлады ол. Даусы да шықпады. Мұздараповтың енді ешбір қайрат көрсете алмайтынына, кешеуілдесе-ақ тұңғыққа батып кетеріне көзі жеткен Мәулен ойланбастан-ақ арқан бойымен зырлап келіп те қалды бұған.

— Енді бір артық қимыл жасасаң... орынсыз кісіге жармасаң... онда су түбіне батырып жіберемін. Орныңнан өлсең де қозғалма!— деп бұйырды ол.

Бет бейнесінде тіршілік белгісі шала сөніп, жақ еті суалып, қуара қалған Жолтай басын изеді. Сол жауапты күтіп сақтанған Мәулен оған еппен жақындап келді де, екі аяғымен белінен қапсыра айқастырып алды.

— Ал қолыңа күшінді жинап ілгері қимылда.

Жолтай қарысып қалған қолын арқаннан босата алмады. Қарап тұруға уақыт жоқ. Мәулен бар күшін қолына жинап, өліктей серейген денені жағаға қарай сүйрей тартты. Мұздараповтың қарысқан қолы ұстаған жерінен тістесіп айырылмады. Жұмарласқан екі дененің бірі жағаға, енді бірі тереңге тартып, сәл сіресіп тұрды да, бірі арқаннан үзіліп кетті...

Екі салмақ келіп қолына түскен Мәуленнің енді өз басына қауіп туды. Сол қарына арқанды іліп, қолын бүкжітіп алып, оң қолымен демей жылжып жағаға ілікті-ау! Моншақтап аққан тер қалың вельветкадан да өтіп кеткен. Бір тілеусіз тынып қалған топ енді шуласып қоя берді. Мәуленді бірнеше рет аспанға да ырғытып алды. Жұрт арасынан жоғары шығып, түсіп жатқан осы бір қарапайым студентке Гүлшат өзі армандайтын алыс сапардың шын серігі болар дегендей ықыластана қарап қалды.

Жолтайға дәрігерлік көмек те кезімен берілді. Жарты сағаттық тыныстан соң соны тауға жалғыз аяқ шиыр жол салып, жастар тағы ілгері кетті.

Шабуыл базасына енді көп қалған жоқ-ты. Көп құзтаулар артта қалған. Кішіреймей алда тек Скрам тұр. Күн еңкейген сәт еді, батарея алдындағыдай болып дөңгелеңе қызарып, нұрынан тайып күңгірт тарта берді. Жел енді етектең көтерілді. Қар тозаны ең әуелі түлкі бұланданып, шаңыта жеңіл сырғанап әлдеқайда жылжып кетіп жатты да, содан соң күрт көтеріліп, боранға айналып кетті. Айнала таулар да, күн көзі де бұлдырап барып, көзден ғайып болды. Жер үстіндегі тіршілік хабаршыларының бәрі де сықсима шамдай жалт етіп сөніп қалды. Тұтасқан ақ қоймалжың күңгірттік басты. Бұлар дүниеден қол үзіп, тіреуі де, шегі де жоқ ақ кебін оранған тұңғыққа батып барады. Көк ауысып жерге түсіп, жер ауысып көкке шығып кеткен секілді. Жұрт алды шоғырланып қалды. Спорт мастері енді жер жағдайын бағдарлап, компасқа қарап бағытты анықтады. Мұндай кездің қатері көп екенін, енді күшті арқанға салу керек екенін ескерте айтты.

Үдей соққан боранды дауыл ықшам киінгендердің де етек-жеңін делегейлендіреді. Ысылдап қойын-басты аралайды. Ұсақ құм саулап мойынға құйылып жатқандай болады. Бірінен-бірі көз жазып қалған туристер арқаннан мықтап ұстап баяу қимылдап өрлеп барады.

«Осындай да туризм бола ма екен? Бұл нағыз альпинизм ғой!»— деп Асқаров та келеді.

Көп арасынан малтыға бастағандар да шыға берді. Биік прическалы Қасымова кесе жалдан аттай бергенде жытылып ~~еді~~, көкке дейін тұра алмай қалды. Оның жүгін әлі де өзін тың санайтын Манап Балғабәев арқалап алды. Манағы аурудан айыға қоймаған Мұздараповтың да халі мүшкіл болып барады. Оған үш адам бекітілді.

Қыздар тобынан сыр бермеген Гүлшат қана еді. Бірер рет келіп көмекке барғысы келген Мәуленге «Керек болса қолқабысты мен берейін»,— деп әзілдеп, әлі де шаршай қоймағанын, көңілді екенін танытты.

Бастаушылық кезегі Гүлшатқа осындай қатерлі сәтте келіп еді. Боран ұйтқып, көзін аштырмаса да, компас тілін аудармай, бастап келеді.

Кенет... Кенет оның көзі қарауытып кеткендей болды. Қалт тоқтап, анықтап байқап еді, екі адымдай алдыңғы беттен әлдене қарая берді. Қар жамылған беткейге төсеп тастаған үлкен қара ешкінің терісі секілді.

Гүлшат ең алдымен өлген аң скен деп қалып еді, кішкене қарлы беткейде қарауытып жатқан осы бір зұлым жердің жұмбақ сырын ойлана келіп ашқандай болып, көйін шегінді.

— Міне, үңгір, қар көмген...— деді ол өз артында келе жатқан студентке.

— Қар әлі де түгел көме қоймапты,— деді арқаннан ұстап алға қарай шыққан бір студент.

Үңгір аузы тар екен. Соның үстіне күйін көтерген қарлы бағана үйіріле соғып тұр. Тереңге сүңгіп бара жатқан алып бұрғы секілді, қар ұнтақтарын бұрап тығып, үйірілте ағызып, төменге жіберіп жатыр.

— Қар арғы беттен бері сырғи жауып келеді екен,— деді қозғалмай бақылап тұрған Ерен.

Оны басқа біреу құптады.

— Байқайсындар ма, қар арғы бетке ойыса үйіріледі. Біз зынданның бер жақ қабағында тұрғандаймыз. Енді біреу қар астынан кесек бір тас қопарып алып үңгірге атты. Жакын тұрғандардың бәрі құлақтарын соған тікті. Тас тұңғынқа батып кеткендей, еш жауап қайтпады. Ұлып тұрған баяғы жел, борап тұрған баяғы қар.

Спорт мастері батылырақ қимылдап алға шықты. Кішігірім чemoдандай бір тасты жерден қопарып алды да, аяғының астына қойды. Арнаулы сағатқа қарап, уақыт белгіледі. Содан соң алгі тасты үңгірге домалатып жіберді. Әлден уақытта бұларға күнірсенген дауыс жетіп, сол қолдан ала айнала алыстап барып семді. Тастың қаншалықты жылдамдықпен төмен түсетінін, дыбыстың есқундына қанша жүретінін физикадан білетін спорт мастері зындан тереңдігін қиялмай шығарды.

— Бес жүз метр! Шамамен...

— Ух, бес жүз?! ,

— Оң қолға сала жүруіміз керек. Бізге жеткен дыбыстың солға ойысып барып семгені түсінікті болар?..

Жігіттер оңға да, солға да тас лақтырып көріп еді, спорт мастерінің жорамалы дұрысқа шықты.

Енді олар оң қолға қырық градуcтей ойыса жүріп, жарты сағаттан соң баяғы бағытын түзеп алды.

Кешікпей-ақ орманға кезікті. Шабұыл базасы да осы орман еді. Бұлар қалың қарағайдың ішіне барып тоқтады. Орман іші тыныш, жел де, боран да жоқ. Тек білік қарағайлардың үшар басы ғана теңселіп, жаңағы тамұқ дүниесінен хабар бергендей болады.

Жорықшылар мұнда да шатыр тігіп, от жақты. Тамақ пісірді. Жолтай соның бәріне де сербестік жасай алмады.

Жолдастардың көптеп көмектесуімен ыстық дәм ішіп, ішіне жылу салды да, ұйқыға кетті.

Көпшілік алақаленкеден оянды. Бәрі сергіп, тынығып алған. Тынықпаған да, сергімеген де Мұздарапов болды. Өзін жаман сезінетін, бұрын тауға онша көп шығып дағдыланбаған тағы да бір елу шақтылар шықты. Солардың бәрін де осы арада қалдырып, басы артық жүктерді үйіп те кетті.

Шыға бере олар бір топ альпинистерге кездесті. Олар көрші жердегі шабуыл базасына түнеп шыққан екен. Скрамға бет алып барады. Бұлар жорығы Гүлшатқа армандай болып кетті. Бір мезет соларға да қосылып кеткісі келіп еді, өз коллективінен жарыла шығуды қолайсыз көрді. Аз уақытқа ғана созылған бір кідірісте альпинистер бұл төңіректің жай-жапсарын түгел мәлімдеді. Алмалының қай тасында қандай шеге қағулы тұрғанын айтты, қажет болса соларды пайдалануды ұсынды. Сөздеріне қарағанда бұл жерлерді олар талай шарлап, шыырлап тастаған.

Альпинистерден ажырасқаннан кейін бұлар екіге бөлінді. Бір топты спорт мәстері мен Ерен бастап Алмалының он бүйірінен шабуылдамақ. Гүлшат пен Мәулен бастаған екінші топ тіке тартты. Уәде байласып, шың басында кездеспек болды. Біраз биіктеген соң орман селдіреп, жалаңаштана берді.

— Орман шабуылы тоқтады. Ал біз...

— Біздің шабуылымыз енді басталды.

Боран мен дауылды енді тұман ауыстырған. Мұнартақан төңірек күңгірттеп, ~~қайып-пінз~~ шыңысының арасынан көрінгендей болып, пішін-тұлғасын өзгертіп жіберген. Шошак таулар жазылып, аласалары шошайып тұр. Бұлт қайсы, мұнартақан тау қайсы, ажырата алмас бір мезет.

Орманнан арғы беткей аран тісті қызыл тастарға айналып кетті. Енді аяқ қандай емес, қол да қызметке қосылды. Бұлтпен араласып келеді олар.

Ендігі бір сәтте қара тұман да сөйіле берді. Ауыр бұлттар бұларды қаусырмалай сипап, әлдеқайда ауа бастады. «Енді айығар!» деген қуанышты үміт әр жүрекке өз отын тұтата бергенде, қарсы беттен жел тұрып, тағы да қатты боран көтерілді. Тау әлкесі қабағын түксіте жауып, тұнжырай тұрып аз дамылдағандай, енді дағдылы жұмысына ауысып, ызы бастады.

Өздері өрлеп келе жатқан мына таудың үміт отындай болып көрінген ең биік шыңы тағы да үдере соққан ақ

боранның тұңғығына батып жоқ болды. Қиыршық мұздар маңдайға атқылап, кеудеден кері итереді.

Жұрт енді тыныстар бір сәтті іздей бастағанда жеке бір үйдің орнындай ғана табан тірер жерге кезікті.

Мәулен темір қазықты сағақтата қағып, арқан ұшын байлады. Жұрт тынығуға келісті. Гүлшат он екі килограмдық рюкзатін қайыс батып ашыған арқасынан сыпырып алып, қасына қойып еді, енді қараса сол рюкзак жан біткендей қозғалып кетті. Қатерлі жерде отырғанын ұмытпай, байқап ұмтылып ұстағанша құйынға араласып, бұлтпен қойындасқан боран ішіне енді. Ең алдымен бір-екі рет жоғары, төмен төңкеріліп ойнап, содан соң кішірейе бұлдырап, жалғыз сәтте қара үзіп, жоғалып болды. Құйын көтеріп өкеткен сол рюкзактің қай тасқа соғылып, қай жерге түсері ешкімнің де ақылына сыймайды. Планеталар арасындағы шексіз бос кеңістікті тынымсыз кезіп жүретін метеор тастары секілденіп, бұл да мәңгі қаңғи бермекшідей.

Расында бұлар ғажайып бір тиянақ тауып, планеталар арасындағы бос кеңістікте отырғандай еді. Жаңағы бір қорқынышты картина көз алдарына елестеп, сексенгендер арқанға жабыса түседі. Жайшылықта қарапайымдылығы себепті жұрт көзіне онша түсе бермейтін, ал қазір, керек болса таңырқарлық ерліктің тамаша үлгісін сәт сайын көрсетуге дайын отырған осы коллективтің әр мүшесі кеудесін тесіп, сол арқанды өткізуге бар. «Қызық! Кең дүниеде жүріп қадуілгі арқанның соншалық қызмет етерін кім аңғарған», — деп ойлады Мәулен. «Елеусіз іс кезінде көрінеді, елеусіз зат кезінде өз қызметін атқарады. Нені болсын бағалау керек. Бүгінгі күннің де, келер күннің де көзімен бағала...»

Бір-біріне сақ болуды ескертіп, көп тағы ілгері басты. Сағат ертеңгі он екіде олар бір пұшпақ жерді алып жатқан иыққа шықты. Ерендермен осы арада жалғасты.

Иық десе иық-ақ. Тұтқиыл тұйық та, ешкім ойламаған қиындық та осы арада кездесті. Көз шамасымен екі жүз метрдей ендігі алынар тік шың Алмалы сол иықтың мойыны есебінде. Төрт мезгілдің бір лайсаңы мен суық сүреңіне, ыстығына бой бермей жалаңаш тұр. Үйдесп соққан желге дыңғырлап, адам ұғымына жат, тек өлі табиғаттың өзіне ғана түсінікті «өлсеңін» айтады.

Боран қалай тулап бұлқынса, кенет солай солығын басты. Селдірей берген бұлт арасынан көзін жұмып-ашып, жұмып-ашып тұрған күн салқын сәулесін төкті.

Оң бетте созыла түсіп жатқан қатпарлы тау жоталары осылар тұрған түспен иықтасады. Алыстан қара көк мұнарға оралып Скрам көрінеді. Таулы өлкенің мызғымас

сақшысындай. Өзге дүниеден оза биіктеп оқшау тұр. Күн айыққан сайын, аспан асты кеңіп, көз ұшы қиярға кетті. Жұрт сол алысқа, тауға шығып көрмеген адамның түсіне де еңбес ғаламат көріністі төңірекке көз салады. Ерен ойда тұр. Кәзіргі шақтың міндет шешімін ойлайды. Мына өздері өрлемек Алмалы шыңына қарайды.

Әуелі қоңыр-қызыл көрінген қарсыз жалаңаш тастар енді қызылдан қоюлата құбылып, басқа реңкке ауысқан. Шың бойында талай-талай кеселдері де барға ұқсайды. Жел мен боран, жауын-шашын ғасырлап мүжіп титықтаған қызыл шақа тастар ордия-ордия селтек шығып тұр. Қатты айқайдан да шошына қалып, қайта оралмас сапарға аттанырдай.

Бұл Еренге қауіп әкелді. Сол күдігін спорт мастеріне айтты.

— Қорқудың керегі жоқ. Шындап қарасаң осы шыңның кез келген тасында қағылып қалған шеге-темірлер бар. Ол бізге неәуір болысады. Әрине, ептілік керек,— деп жауап берді ол. «Әрине, ептілік керек»,— деп Ерен іштей қайталады.

Сол кезде кеше Сымбатпен керілдісіп алған Бақшаев көп атынан ұсыныс жасады.

— Осы арадан қайтсақ та болар, ыздып тұрған бірдеме, қайтіп шыға аламыз бұл бәлекетке?

Сол сәтте шаршағанын да, шаршамағынын да байқатпай, жұрт көзіне елеусіз, қалыс келе жатқан Сымбат шапшаң қимылмен қойын дәптерін суырып алып, бірдемелерді жаза бастады.

— Не жазып жатыр, бұл шіркін?— деп ойлаған Мәулен оның артынан сыбырлатпай үнсіз келіп, асыла үңілді.

«Ыздып... Ыздып тұрған шың».

Сымбаттың керек сөзді бұлай жазып алып жүретінін осы арада аңғарып, разы болып қалды ол.

— Жок, біз қайтпаймыз, орта жолдан қайту біздің дәстүріміз емес,— деді Гүлшат топқа қарап.

Қарсы тұрған Гүлшат пен Ерен жаққа ең алдымен Мәулен бастап өтіп еді, жұрт түгелімен солай ойысты. Гүлшаттың бұл сөзі көп рухын байқау еді. Енді өзі де көңілденіп қалды.

Көп ыңғайын аңғарған Дайыров ендігі жолдың қиындығына да ақыл көзін жүгіртті. Осы сәтте оның көз алдына партбюро секретары слестей қалды.

«Егер Виксентий Викентьевич болса, дәл осы арада қандай қорытындыға келген болар еді?— деп ойлады ол. Мүмкін Гүлшат пікірін қуаттаған болар? Мүмкін... жок... Өліммен ойнауға болмайды, осы арадан қайтыңдар дер ме!»

Өзінің толық, шымыр денесін жеңіл қозғап жұмбақтығы да, ізгілігі де мол маңғаз келбетін бұларға бұрып, дәл қазір Ерөннің көз алдында айқын елестеп тұрған Добров жаңағы пікірдің екеуін де айтқан секілденді оған. «Жок, Добров бұлай демейді. Ол бұл арада мына бір қарапайым шешімге келген болар еді»— деп көп ойлап қорытып, аз шаққа томсара қалған комсомол комитетінің секретары дағдысымен шапшаң сөйледі:

— Жолдастар, біз енді жұмымызбен көтеріле алмаймыз. Аяғын шалыс алған бір адам оның, бәлкім одан да көптің өмірін өлім қақпасына итермелейді. Теп-тегіс шың басына шығамыз деп әуреленбейік. Өзіне-өзі сенген, батылырақ бір төрт-бес адамды атымыздан өкіл етейік.— Мәулен бұл ақылды мақұлдап қалды. Бірінші болып, сол төрт-бестің бірі өзі екенін айтты. Соған ілесе Манап қол көтерді. Құлшынып шыққандар көп болып еді, ақылдаса келе, Ерен «үш кісі жетеді»,— деген тоқтамға келді.

— Қыздардың бірі ерсін онда!— деді бір дауыс.

Онаша тұрған екеуге үнсіз барып Гүлшат қосылды.

Қалған жұрт Алмалы шыңының ықтасын жағына шатыр тігіп, үстін қармен жауып, бекінісіп алды.

Өрмелеуге қолайлы жер іздеген төртеу, шыңға сығалай қарай отырып, ақыры етектен басталып, шың басына қарай батыңқырай беретін бір жіңішке қобыға кез болды. Жаңбыр мен қар суы кескен болмашы жырашық секілді.

Сеніммен бір қалыпта бастап келе жатқан спорт мастері үнсіз мелшиіп тұрған тау жынысына үңіле қарады да, оң қолындағы арқанның шығыршық ұшын бірдемені көздеп жоғары лақтырып қалды. Арқан ұшы қадала кетті. Әр қимылды қапысыз аңдып тұрған үшсеу арқан ұшының бұрын қағылған қазыққа іліккенін көрді.

Спорт мастері арқанды бірер ырғап тартты да:

— Бір қарқыннан аумандар. Сөйлемейтін боласындар. Бұйрықты ымнан түсінесіңдер,— деп жедел айтты. Содан соң еппен батыл өрмелеп жоғарыға кетті.

— Көне, менің соңымнан еріңдер!

Спорт мастері кейінгілерге қарайлап тым баяу өрмелеп келеді. Сол ырғақпен олар күн бата жүз метрдей биіктікке көтерілді.

Қараңғылық жан-жақтан елеусіз туып, ымырт үйіріле берді. Сол сәтте олар төрт адамның аяғы қатар сыймас бір кішкене тиянаққа тап болып, тыныс алды.

Төртеуі де ең әуелі жоғарыға көз салды. Тылсымдай тас түйін болып қарауытып күз тұр. Содан кейін бір-біріне қарасты. Әр көзде: «Не істеу керек?»— деген сұрақ бар.

Олар бір-біріне сондай жақын тұр. Қалай дем алғаны, қалай қабақ қаққандары да, жүректерінің қалай соққаны да бір-біріне тым айқын сезіледі. Үн жоқ. Аспаң да емес, жер де емес, мына бір табан тірер тар қыспақты табыттай тыныштық басқан. Сол тыныштықты ең алдымен спорт мастері бұзды:

— Енді өрлеу қатерлі,— деді ол.

— Олай болса үшеуің арқаннан ұстап жерге түсіңдер. Ал мен... мен...— деп күмілжіді Гүлшат.

Мәулен мен Манап тіксіне қарады.

— Ал сен?..

— Мен осы арада түнейін... Арқанмен байлап кетіндер.

— Жоқ, онда бәріміз де осы арада болайық,— деді Мәулен.

Спорт мастері бұл ұсынысты қостамады.

— Бір адамдық орынға төртеу қайтып сыймақ? Қатерлі ұсыныс. Біреуіміз сал қалғып кетсек, бәріміз де құрытын боламыз.

— Онда бәріміз де төменге түсеміз. Тыныстап алып ертең қайта көтерілетін боламыз,— деп Мәулен тағы да ұсыныс жасады.

Гүлшат көнбеді:

— Шынымды айтайын. Төменге түссем, ертең сендерге қайта ере алар жайым жоқ. Шаршап қалдым. Мен не болса да осы арада түнеймін. Жалғыз-ақ ыстық шаймен термосты қалдырып кетіндер. Тонсам, бойымды жылытайын.

Қалған үшеуі тағы да бір-біріне қарасты. Содан кейін спорт мастері Гүлшатты арқанмен орай бастады. Манап термосын берді. Мәулен қойнындағы бутербродын ұсынды да:

— Байқа, тоңып қалма!— деді. Даусында сондай бір жылылық бар. Гүлшат жоғары қарап еді, үшеуінен де басы озып, күліп тұр екен ол. Сондай жақын тұр. Тіпті алған демі де мұның бетіне білінді. Гүлшатқа кенет бір сезім пайда бола қалды. Мәулен мына бір шындай қол жетпейтін биік болып көрінді.

Кенет Мәулен аласарып кетті. Басы мұның кеудесіне қатарласты.

— Таң атқанша... Ал сау бол!

Үшеуі қараңдап төмендей берді. Ендігі сәтте бәрі де ғаламат бір тұтас дненің көлеңкесі сияқтанды да, бара-бара қараңғылыққа сіңіп, көзден ғайып болды...

Мұндай оқыс оқиғаны естіген Ерен тым қатты ренжіді. Олардың Гүлшат үшін жауапкер екенін айтты. Комсомолдық

намысына тиіп, жете ұрысып, тәртібін бюрода қарайтынын білдірді.

Бұлар шын жайды айтып, түсіндірмек болып еді, Ерен тыңдаудан қалды. Ол спорт мастерінің: «Гүлшат хауіпсіз, арқандап кеттік біз оны» деген сөзін де тыңдамады.

— Қазір Гүлшатты алып түсіңдер.

— Біз қазір Гүлшат тұрған жерге жете алатын жайда емеспіз. Жеткен күннің өзінде де оның қайтпас мінезін білесің ғой. Түспейді, шынымыз. Ал комсомолдық борыш десең, тәртіпті бұзды десең, біздер қайта шығамыз. Жеткен жерімізде қаламыз.

Ашуын бірте-бірте ақылына жеңдірген Ерен ойланып барып райынан қайтты.

Енді Гүлшаттың қайда тұрғанын, қазықты кім қаққанын, арқанды қалай байлағанын, беріктігін қазымырлана сұрай берді.

Мәулен жөндеп ұйықтай да алмады. Көзі ілінсе-ақ биік құздан құлап бара жатқан Гүлшат елестейді. Шошып оянып, ұзақ жатады да, талығып барып тағы ұйықтайды. Тағы да жаңағы көрініс қайталанады. Біресе қазық суырылып кеткендей, біресе арқан үзіліп кеткендей болады. Енді бірде оның құлағына құлап бара жатқан Гүлшаттың шыңғырған даусы келді. Сескеніп оянып, көп жатты.

— Сен де ояумсың? — деп бір уақытта қасында жатқан Манапқа бұрылды.

— Әлде бірдемеден шошып ояндым ғой деймін. Көзге тал байланғандай. Жұмылар емес тіпті.

Мәулен Манапқа қарай тақала берді.

— Манап! Менің құлағымға адамның ашы даусы келгендей болды.

— Мен де естігендеймін сондай бір дауысты.

Мәулен үрейі күшейе түсті. Екеуі де бір-біріне үндеспей қарап аз жатты. Содан соң бірін-бірі ойша түсініп түрегелісті. Жүгіре басып Гүлшат тұрған жерге барды. Қара меңіреу зор тұлға томсарып сұлық тұр.

— Гүлшат! — деп дауыстады екеуі де қатарынан. Дауыстары Гүлшатқа жетпесітінін білсе де, жұбанышпен үміт арта айқайлады. Қорқынышы мол табыттай тыныштық басқан түнде бұлардың даусы таудан тауға жаңғырыға секіріп, алыстап, әлдеқайдан барып семді. Ұзақ тынымсыз ызықнан басқа селтен еткен дыбыс жоқ.

Осының бәрі бұлар бойындағы үрей жалынын үрлей түсті.

Екеуі де етеккі сипалай бастады. Өлденені іздейтіндей.

— Арқан да жоқ, — деді Манап үрейлі кескінмен.

— Осы бір тұста болуға керек еді,— деп Манап үрейін Мәулен де көтере түсті. .

Осындай шала ұйқымен үрейлі түн де өтті. Шығыс жақ сызаттанып, таң білінгенде бұлар тағы да сол жерге келді. Тасқа қадалып өскен жалғыз тал аласа шөпке ұқсап қозғалыссыз тұрған Гүлшатты жіті көзді Манал бұрынырақ шалып, Мәуленге оны меңзей көрсетті. Екеуі де уралап жіберді. Бұлардың қайта келіп әуреленерін алдын ала жо-рамалдап, жинап алған арқан ұшын Гүлшат төменге лақтырды.

Аз да болса мызғып тыныққан үшеу шапшаң өрмелеп Гүлшатқа жетті.

Ұзақ уақыт қозғалмай тұрып, көрер танды кезімен атқызған Гүлшат өңі қуарып, жадау тартып қалған. Соны-сын жасырмақ ниетпен күле сөйлеп әзіл айтып еді, онша әсерлі шыға қоймады.

Бұлар термосқа құйып ыстық тамақ әкелген-ді. Соны Гүлшатқа ішкізіп, алдендіріп, тағы ілгері жүрді.

Тағы да талай қиындықтардан өтті. Тағы да талай қорқынышты мезеттер кезеулі қанжарын жүрекке сұққылап-ақ бақты. Сол кереметтердің бәрін кешіп, шың басына бұлар күнмен таласа жетті.

Темір сапты көкала үлкен туды, бейбітшілік туын Гүлшат өз қолымен дүние төбесіндей болып, аспанды белуарлап жатқан Алмалы тауының ең биігіне қадап, екі жерден бұтан жінішке жібін қиып жіберді.

Жалау желмен ойнап сатырлап ала жөнелді.

Иықтағылар да көріп қалған еді.

Мұнартып шыққан күн шұғыласына малынып, биік құзда үшеу тұр.

Бейбітшілік туы тулай соғып, мызғымас күшін танытады. Ту толқыған сайын, екі жақтан салынған кішкене көгершін тұмсығына жасыл жапырақ тістеп алып, шыққан күнмен таласа батысқа беттеп қалықтап ұшып бара жатқандай еді...

26

...Ерен Мәуленді қолтығынан ұстаған қалпы, диванға отырғызды да, бірден сұрай бастады:

— Ал сөйле, қане?..

— Өзімше жаман өтпеді ғой деймін. Жұрт әйтеуір ұйып тыңдады.

— Қанша адам сұрақ қойды?

— Түсінікті болғаны да, жырыла шығып сұрақ ұсынғаны шыға қойған жоқ.

Ерен бет құбылысын тез өзгертіп жіберді. Қабағын сал жиырып, ойын бір нүктеге қадағандай болды да, түрегеп кетті. Содан соң оң қолын бір сілтеді:

— А, міне бұл — жаман. Сұрақтың болмағанын — әңгіменің дәмсіздігінен деп біл. Бірінші жол — сыйлы жол деп үндемеген ғой. Егер екінші рет дәл осылай барсаң... онда қуып шығады... ой жүгіртші өзің. Ішкі-сыртқы жағдайдың олар көңіл аудармайтыны бар ма, сіре? Әрине жоқ. Жұмысты ағайындармен ойнама қазір.

Мәулен ішінен «рас-ау» деп мойындап қалды.

— Материалды жете меңгеріп алып, кафедрадан сөйлегендей етіп, салдырта беру де жеткіліксіз. Кәдуілгі өздерімен өздері болып, ортасында отырып, еркін әңгімелеу керек. Кей жерінде, тіпті талас тудыра сөйле. Өз пікірлерін ортаға салуға мүмкіндік бер. Ресми ұстама өзіңді,— деді ол.

Мәулен жақсы бір көңілмен университеттен шықты. Өзі қатарлы Ереннің тәжірибелілігіне, керек болғанда ақыл-кеңес те бере алатындығына разы болып ойлана шықты. Жұрт мұны салқын қабылдаған секілденді енді. Тіпті ана бір Саттарова деген қара қыздың келбетінен мазақ күлкі де сезілді-ау осы.

«Жоқ, жаңа бір әдіс табу керек екен»,— деп ойлады Мәулен. Трамвай тоқтайтын жерге қалай келгенін де байқамай қалды.

Кенет бір жіңішке дауыс шықты. Жалт қараса Гүлшат тұр. Оны да байқамапты. «Ренжіп қалды ма екен?»— деп көңіліне түйткіл алып еді. Реніш сездірген Гүлшат жоқ. Баяғы ақ жарқын қалпында. Әр нәрсені бір айтады, көңілді екенін танытады. Ренжімек түгіл ойына да алмаған. Ал Инеш болса ше?

«Ал Инеш болса ше?...» Осы бір сұрақ Мәулен ойына ең алғаш Гүлшатпен бірге тауға шыққанда оралған еді. Гүлшаттың жарқын мінезін, қайраттылығын, күй талғамайтын, әйел болып ешкімге еркелік жасамайтынын көріп таныған сайын «ал Инеш болса?...» дей берген ол.

Сол ой, міне, тағы да оралды. «Ал Инеш болса, маған әдейі қарамадың деп өкпелеп қалған болар еді» деп жорыды Мәулен.

Трамвай көп күттірді. Гүлшаттың ұсынысы бойынша ескеу жатақханаға жаяу тартты. Ұзақ жүрді. Мәуленнің басына әр түрлі шытырман ойлар орала берді. Солардың соңы барып Ерен айтқан сөзге, ертең сайлаушылармен өткізер әңгімеге барып тірелді.

Бір кезде Гүлшат одан:

— Мәулен, неге көңілсіз келе жатырсың?— деп сұрады.

— Мен бе?— деп таңданды Мәулен. Сөйтті де Гүлшатты қолтықтап алды.— Көңілісіз келе жатқаным жоқ.

— Жасырма!

Мәулен оған тіктеп қарады. Гүлшат та сондай бір жұмсақтықпен күле қарады.

Кенет Мәулен жүрегі дір ете қалды. Бетіне ыстық қан тепті. Ол енді аңғарды: Гүлшат маңадағы бері едәуір бір буманы көтеріп келеді екен. Неғып Мәулен байқамаған соны? Ұят-ай!

— Ғапу ет, Гүлшат, қолыңдағы жүгінді маған бер. Мен көтерейін.

— Со да сөз болып па! Өзім де көтере аламын. Ауыр болса, алып жүр деп маңа айтпас па едім,— деді Гүлшат.— Одан да сен жалтарма. Жаңағы көңілісіздігіңнің мәнін айт.

«...Со да сөз болып па! Өзім де көтере аламын. Ауыр болса алып жүр деп маңа айтпас па едім...»

Мәулен есіне тағы да Инеш түсті. «Ал Инеш болса ше?» Осы кезде олар жатақханаға да келіп қалған еді.

Үлкен үйді айналып, аулаға кіре берісте жуан қара ағаш тұратын. Бұлар соған жақындай бергенде арғы тасадан Мәулен әлі көрмеген, қалталығынан өңірі арқылы жағасына дейін қара күндыз тартқан қара көк драп пальтолы Инеш шыға келді.

Қолтықтасып келе жатқан бұларды кенет көріп, іркіліп қалды. Қуанышты кейпін асығыс өзгертіп, қабағын шытты. Қыз жүрегін сәл бір қызғаныш шымшылай бергендей. «Мен мұны іздеп жүрсем, әлдекіммен сыр шертісіп келеді екен ғой»— деп те қойды. Мұның бәрі жалғыз қабақ қағыста болған еді. Ендігі сәтте Инеш ұмтыла беріп, бұрынғы қалпына барды. Күле ақ жарқындана сөйледі:

— Сендерді іздеп келіп едім. Тоса-тоса шыдамым таусылды. Кеткелі шыққан бетім еді. Ой, жақсы болды тіпті.

— Кімді іздеп келгенің мәлім бізге...— деп Гүлшат сөзге әзіл араластырып, дауыстап күлді. Сәл қысылыңқыраған Инеш Гүлшаттың қолтығынан алды. Өзінің әзілге орашолдақтығын танытып, ақтала сөйледі:

— Жок, Гулечка, тіпті олай емес. Сені іздеп келдім дегенім жоқ па? Театрға барайық деп, әдейі келгенмін. Қуанышымды сендерге айтпағанда кімге айтамын! Ойлырай, тіпті олай бола қалады деп ойламаған едім. Тіпті үстімнен бір жүк түскендей болды...

Инештің бұл айтып тұрғаны өз мақаласы жайында болатын. Анада Белгіұлов сөзіне елтіп шыққан Инештің көз алдына жақсы, даңқы зор келешек келе қалған. Сол келешектің кілті тек Майқан айтқан сөздердің орындалуында

ғана тұрғандай болған-ды. Сондай сезіммен келіп, рефератын тағы да қарап шығып еді. Белгіұлов артық деп тапқанның бәрін жойып, Белгіұлов жетпейді дегенді қосқан. Сөйтіп тағы да Майқан Белгіұловтың табалдырығына келген еді. Ойында күдігі де бар. Майқан салқын қабылдар да секілді. Тағы да: «Ана жері жетпейді, мына жерін қате алыпсың»— деп қазбалай беретін секілді. Инеш содан шошынады. Бірақ іс басқаша басталып, басқаша шешілді.

Майқан күтініп-ақ отыр екен. Инешті көріп жеңіл басып түрегелді. Қолтығынан сүйемелдеп, пальтосын шешіндірді.

— Бітірген боларсың мақаланы? Тез бастыру керек,— деп жұмсақтықпен күле қарады.

Жылылық райына кірген Инеш үй ішін енді байқап отыр. Бұл үйдің тыныштығы мен тазалығы Инешке өз үйін елестетіп жіберді. Тіпті көп заттар Инештің ақыл кеңесімен орналастырылған секілді. Майқанның көлденең қабырғада тұрған суреті де орнына ілінген. «Именно портрет осы жақта тұруға керек,— деп қорытты Инеш өз ойын.— Қалайша бұл жайды бұрын келгенде байқамағанмын. Шіркін, Мәуленді осы талтаудың биігіне шығарар ма еді?!» Ол осыны іштей айтып сәл тоқталып қалды.

— Ал, оқы, тыңдалық,— деген Майқан даусы жаңағы тілеу-арманды үзіп кетті.

Инеш қиналусыз, дірілсіз оқып шықты.

Бұған төніңкіреп, күле қарап отырған Майқан қуана дауыстады.

— Майқан адаспаған. Біледі ғой Майқан кімде қандай талант барын. Өте жақсы. Баяғыдан бері шын кіріспей жүргенсің ғой. Міне, көрмейсің бе? Бас-аяғы бүп-бүтін бір мақаланың шыға келгенін. Жарайсың, тіпті жарайсың. Майқан қолына қызыл қарындаш алды да мақаланың бірінші бетіне «тез басылсын» деген қыяқтама соқты. Инешке қарады.

— Тез редакцияға жеткіз. — Содан кейін Инештің қолын алып да өзіне тартты. Жас балаға ұқсатып маңдайынан сүйді. Инеш анадағыдай жәбірленген де, ашуланған да жоқ. Қуаныш алып қалған жүрегі сыртқа шыққан соң тулап кетті. Сол қуанышты айтып жеткізбекке бірден жатақханаға, Мәуленге тартқан...

Міне енді сол жайды Мәулен мен Гүлшатқа жете түсінбей қала ма дегенді, балаша сан қайталап айта берді. Бірақ Мәулен Инеш тілегендей ұшпа ықылас білдіре қоймады.

— Қабылдағаны тым жақсы болған екен,— деп байсалдылықпен қуаттады.

Ал Гүлшат шын ықыласын білдірді:

— Мақаланың жақсы шыруына тілектестің, Инеш.
— Ой, рақмет, Гулечка!
— Ал нәсілді өзгерту мәселесі жайында Дарвин іліміне сүйенген боларсың? Бұл жөнінде үлкен ғылыми жаңалықтар ашылды ғой.

Инеш бір сәтке күмілжіп қалды да, жалтара сөйледі:

— Ой, Гулечка, сұрақ қойып, жауап беретін орын осы ма? Кейін сөйлесерміз ол жөнінде, қазір сендерді театрға шақыра келдім деп тұрмын ғой...— Содан соң ол селкостан тұрған Мәуленге еркелеп қабақ көрсете қарады.— Неге үндемейсің? Әлде менімен барғың келмей ме?

Мәулен кескініне аянышты бір құбылыс пайда болды.

— Инеш, мен сондай қуаныштымын. Ал бар ғой... сонда да... тіпті бүгін театрға бара алмаспын деймін. Былай етсек, не бүрсігүні барсақ... қайтер еді?

— Бүрсігүні?— деп Инеш ашуы мен күлкісі де, еркелігі мен салмағы да аралас кейіппен Мәуленге сұрана қарады.— Мен не, бүрсігүнге дейін қой бақтақпын ба? Жоқ, бүгін барамыз.

— Инеш, өзің түсінші енді, менің ертең өткізетін әңгімем бар. Соған дайындалуым керек, осыны түсінші. Жұрт алдында не сөйлерімді білмей жатсаң... содан артық ұят болмаса та...

— Түу, қандай дайындық керек соған. Газетті ашып қой да, оқи бер. Бәрібір түсініп жатқан олар жоқ.

— Олай етуге болмайды, Инеш. Олар дегенің саясатқа өзіңнен арман жүйрік.

Инеш ренжіп, шағылып қалды. «Мен үшін ұлы істерге, құрбандыққа дейін бара алады» — деп түсініп, сүйіп жүрген Мәуленнің өз жүрегіндегі соншалықты шексіз қуаныштың — бес-алты ай бойы еңбек қуанышының кішкене бір бөлшегі де сезіп түсінбегеніне ренжіді. Сонысын айтып та салды.

— Менің басымдағы жайды түсінуің керек қой, Мәулен.

— Түсініп тұрмын. Бірақ одан да үлкен жұмыс кездесіп қалды. Дайындалмай барғаннан бармағаным жақсы.

«Одан да үлкен жұмыс кездесіп қалды. Иы... одан да үлкен жұмыс?»— Инеш бірнеше рет іштей қайталап алды.

— Ну бір рет бармай-ақ қой.

— Көпті күттіруге бомайды, Инеш.

— Әне, енді, мұның бір осындай гуманизмі бар. Бұрып алып көр, көне.

— Көп адам жиналып күтіп қалса шынында да ұят болар,— деп Гүлшат Мәуленді жақтай сөйледі,— Мәуленге рұқсат бер. Ал менің бүгін кешке қатым бос. Солтүстік

мұз мұхитына барып қайтайық десең де әзірмін. Жалғыз-ақ киініп шығайын.

Інеш ерекше бір салқын кейіппен үндемей қалды.

Мәулен қош айтысты да жазақханаға бет алды.

Бозжанов Добровтың ақылын алды. Университеттің биология, философия факультеттерінде арнаулы курс жүргізді. Студенттерді диссертациясының негізгі-негізгі мәселе-лерімен таныстырды. Таныстыра жүріп көп ізденді. Іздеме жүріп көп фактілер тапты. Осының бәрі оның биология ғылымы бұрын білмеген бір жаңалыққа, жаңа бір қисынға жетеледі. Жаңалық қашан да жат көрінетіні, дау-шар туғыза келетіні бар емес пе! Кәрім бірақ сескенбеді. Ере берді, ере берді. Асықпайды, саспайды. Аса бір құнттылықпен алдағы сайысқа дайындалды. Ақыры бір тоқтамға келді. Содан кейін бір күні баспасөз бетінде: «Биология ғылымының докторы атағын алу үшін Кәрім Бозжанов диссертация қорғайды» деген хабарландыру пайда бола қалды.

Аманова осы бір күнді асыға күткен еді. Басқа шаруасын тастап әдейі келді. Вестибюльде кісі көп екен. Көп арасынан өз жолдастарын іздеді. Кенет көзі Бозжанова Еңлікке түсті. Бозжановтың өзіндей бір қара жігітпен сөйлесіп тұр. Қазақ әйелдерінде сирек кездесетін ақтығы ана қара жігіттің қасында тіпті айқын көрінеді. Гүлшат езу тартты. «Кәрім Бозжановичтің қаралығын ерсі санамай ма екен?»— деп ойлады. Кенет өзіне-өзі ұрсып тастады. «Ойға не болса сол түседі екен-ау. Бозжановтың өзі қара болғанмен жүрегі ақ қой. Еңлік соны білмейді деймісің!».

Бірде Гүлшат — «аса тату тұратын жұбайлар. Еңлік керемет ақылды әйел»,— дегенді естіп еді. Сол сөз есіне түсті. Сондай бір жылылықпен қайта қарады. Жақсы киінген. Дөңгелек жүзіне әсем жарасқан шляпасының артынан шоқпардай болып қара шашы көрінеді. «Жазып жіберсе өкшесіне түсер-ақ»— деп ойлады Гүлшат. «Биолог болмаса да жолдасы диссертация қорғайтын болған соң келген ғой». «Биолог болмаса да...»

Гүлшат ойына Мәулен түсті. Әр жерге көз салып еді, көрінбеді. Сәл көңілсіздік басты. Әйелдік бір сезімі оянғандай. Бұл диссертация қорғаса, осындай бір жанашыр жақын адам келмейтін сияқты болып кетті. Байқаса Гүлшат жұрттан оқшауырақ жалғыз тұр екен. Қолайсыз сезінді. Кейін жүрді. Кіре берісте Манап Баллабаев тұр. Қуанып

кетті. Шапшанырақ басып қасына барды. Бұрын үнемі жымжып күліп, әзіл айтып, біреуді кекетіп жүретін Манап қазір салқындау сияқты.

— Неғып тұрсың бұл арада?

— Жай... бір кісі күтіп...

Гүлшат дағдысынша әзілдей сөйледі:

— Түрің жаман. «Келмей қала ма?»— деп қобалжып тұрсың ғой. Таныс қызың болды ғой.

— Ие, таныс қыз,— деді Манап сал езу тартып. Содан кейін үндемей қалды.

— Жүр, кіре берейік. Керек болсаң іздеп тауып алар,— деді Гүлшат.

— Мына жұрт арасынан таба алушы ма еді!?

Манап есікке қарады. Гүлшат болса өз дегеніне көндірмей қоятын емес.

— Орыннан құр қаламыз, жүр. Күткенің де мендей-ақ болар,— деп әзілдеді. Дөрекілігі, соңынан қалмай тұрғаны емес. Бес жыл бірге болып үйреніскендігі, сыралғы болғандығы.

Екеуі залға кірді. Ең артта бос қалған бір жерге барып отырды.

Халық көп жиналған. Бес жүз кісілік мәжіліс залында жұрт нін тіресе отыр. Ғылым академиясы мен түрлі-түрлі ғылыми-зерттеу институттарынан, қаланың жоғары оқу орындарынан келген ақ басты профессорлар мен шаштарына қылау кіріп қырауыта бастаған доценттер, оқушылар, ғылыми қызметкерлер мен аспирантар, студенттер... Шаруа киімділер де бар. Тегі, қала төңірегінен келген колхозшылар болса керек.

Мәжілісті университеттің ректоры Жабаев Әубәкір ашты. Добровтан басқа стол басында отырған ғылыми кеңестің жуан-жуан мүшелерінің жүзінде айрықша бір сұс бар. Бірі мұртын сылап, бірі есінейді. Үшіншісі залдағыларды жактырмағансып тыжырынады. Ал шеткерірек отырған Белігулов бұлардың біріне де ұқсамайды. Өдеттегісінен жеңілдеу, көтеріңкілеу отыр. Бозжанов көрінбейді. Сірә, төменде алдыңғы қатарда отырса керек. Гүлшат Манапқа бұрылды. Ол бір тілім қағазға алдебірдемені шұқшия жазып жатыр. Гүлшаттың өзіне бұрылғанын көріп қалқалай берді. Гүлшат: «Бұл шіркінте не болған?»— деп өкпеленкіреп қалды. Манап жазған қағазын екі бүктеді де, сал отырды. Содан соң алдындағы кісінің иғынан қақты да «президиум бастығына»— деді.

Гүлшат оған қайта еңкейді:

— Немене, сөйлейсің бе?

Манап Гүлшат сөзін елеусіз қалдырды.
Мінбеге Бозжанов көтерілді. Жұрт дүрліге қол соқты.
Манағы бір шаруа отырған жерден алақан шартылы
тіпті ащы, ұзақ шықты.

Гүлшат байқап отыр, Манап тағы да қағаз жазып пре-
зидиумға жөнелтті.

Бозжанов сөзін қызық бастады:

— Мен аңғ шығып, ойда жоқта мол қазына тығылған
жамбыға кездескен мерген сияқтымын.

Залдан күлкі естілді. Бозжанов сөйлей берді:

— Әуелі жаздық қатты бидайды күздік қатты бидайға
айналдырмақшы едім. Енді әңгіме түрдің пайда болуы жай-
ында болып отыр. Түрдің пайда болу процесін Дарвин
данышпаидықпен шешіп берген болатын. Мен оған әсте
қарсы емеспін. Бірақ Дарвин дамудың, өзгерудің, түр пайда
болудың революциялық жолын ғана алған. Ал біз соның
революциялық жолын аштық. Оны біз мына фактілермен
дәлелдейміз...

Гүлшат ұйып тыңдады. Бозжанов логикасының күшіне,
келтірген дәлелдерінің дәлдігіне, даусыздығына ырза бола
тыңдады.

Бозжанов жуан портфеліне қағаздарын салып, мінбеден
түсті. Тағы да қол соғылды.

Үш оппоненттің бірі атақты академик, екіншісі Ленин
атындағы Бүкілодақтық Ауыл шаруашылығы академиясы-
ның Қазақстан филиалының белді бір қызметкері, жоғары
ғылыми дәрежесі бар адам болатын. Біріншісі диссертацияға
деген қарсылығын айтты. Екіншісі диссертацияның
жақсылығын айтты. Үшіншісі жақсылығын да, қарсылығын
да айтып түсті. Бірінші оппонент сөзінің қорытындысын
«Бозжанов диссертациясы дарвинизмді жоққа шығарады»—
деп бітірді. Залдан қуаттаған дауыстар шықты. Қол соғылды.
Гүлшат тағы да Манапқа қарады. Тағы да записка жазып
жөнелтіп жатыр.

Мінбеге екінші оппонент шықты. Ол сөзін «Бозжанов
диссертациясы дарвинизм ғылымын байытады»— деп
бітірді. Тағы да залдан қуаттаған дауыстар шықты. Қол
соғылды. Манап президиумға тағы да қағаз жөнелтті.

Ал үшінші оппонент сөзін «Бозжанов диссертациясы бір
есептен дарвинизмді байытуы да мүмкін, бір есептен ба-
йытпауы да мүмкін»— деп тамамдады. Оған да сатырлап
қол соғылды.

— Кім сөйлейді?— деді ғылыми кеңестің председателі.
Терезеге қарап салмақпен отырған Бозжановтың көз алдына
Белгіұлов елестей қалды. Көрім оны өзіне деген қарсы

күштің ұйтқысы деп біледі. Бірақ Майқан сөйлемеді. Алғашқы сәтте «мен сөйлеймін»,— деп ешкім де суырыла қойған жоқ.

Жабась шүнірек көзіне көзілдірігін ілді. Алдында жатқан үш-төрт тілім қағазға үңілді де:

— Балтабаев деген кім?— деп сұрады. Манап абыржып қалды. Гүлшат:

— Балтабаев мына жігіт,— деп Манаптың иығынан қақты. Естімей қалды деп ойлады. Манап созалаң тұрды.

— Мен — Балтабаев.

— Мыналарың не? Сөйлейсің бе, сөйлемейсің бе?

Манап үндемей қалды.

Гүлшат сыбырлап жатыр.

— Сөйлеймін деген соң сөйле, Бозжановтан ұят болады.

— Балтабаев, көне тезірек!— деп председатель қоңырау қақты. Дулап кеткен жұртты басты. Манап үндемеген қалпында мінбеге қарай беттеді.

— Жарайсың, Манап. Жақсылап сөйле,— деді қуанған Гүлшат оның соңынан.

Манап сүйретіліп барып мінбеге шықты да, кем шақ үндемей тұрып қалды. Жалпақ сары беті қызарып, көз орнындағы кішкене екі кесік жымдаса түскен. Зал арасынан «Мылқау ма мынаның өзі?»— деген күбір жүгірді. Гүлшат күліп отыр:

— Мына шіркінге, осыншама қысылып не болған?

— Жолдастар!— Манаптың даусы шықпай қалды. Жұрт ду күлді. Қоңырау соғылды.

— Жолдастар! Мен Бозжановтың шәкіртімін. Мен Бозжановты жақсы көремін. Бірақ бар ғой мына осы Бозжанов теориясына күдігім бар. Қалайша бір түр екінші түрге ауыса қалады?

Жұрт тағы да шулап кетті. «Мынаның есі ауысқан шығар?»— деп аң-таң болған Гүлшат.

— Аралық форма қайда? Дарвин айтқан аралық форма? Көрсетіңіз,— деп терісі құрысқан бір доцент қушық маңдайын докторантка бұрды. Бүгін мелянапус, таң ата бере эритроспермум бола қалған жоқ қой. Мелянапустың эритроспермумға айналу процесін баянданыз!

— Ие, соны айтсаңыз. Ауысудағы аралық форманы көрсетіңіз,— деп стол басындағы бір ғалым жаңағы доцентті қостап қойды.

— Міне, бұл Дарвинді жоққа шығару болып табылады,— деп манағы академик оппонент теріс қарап отырды.

Жабасев қоңырау қақты.

— Жолдастар, тынышталыңыздар. Шешенді тоқтатып қойдыңыздар ғой. Пұрсат беріңіздер.

— Пұрсат! Пұрсат!

— Менің бар айтарым сол ғана,— деді де Манап мінбеден түсіп екінші жақпен айналып кетті.

Енді қайтып бұл жаққа келмейтінін Гүлшат бірден білді. «Ғажап. Сенейін бе, сенбейін бе құлағыма?» Бойын бір түрлі ашу биледі. Ұшып түрегелді де қолын көтерді. Жүгіре басып мінбеге келді. Бәрі де бір қабақ қағыста, ойда жоқта болған жай. Не дерін қорытындылап та үлгірмеген. Жаңағы Балғабаевқа ұқсап үнсіз тұрып қалуды да ұят санады. Жүрегі дүрсілдеп кетті.

— Жолдастар!..

Енді не деу керек? Кенет жаңағы Балғабаевтың «шәкірт» деген сөзі есіне келе қалды.

— Жолдастар! Балғабаев жаңа өзін Бозжановтың шәкіртімін деді. Мен де Бозжановтың шәкіртімін...— Гүлшат залға қарады. Жұрт тынышталып қалған. Жүрегі орнына түсті. Даусының дірілі де азайып деген. Енді орныға сөйледі.

— Бозжанов диссертациясының тағдырын, әрине, біз шеше алмаймыз. Оның тағдырын өздеріңіз шешесіздер ғой. Мен тек бір ғана шындықты айтқым келеді. Ол шындық Балғабаевтың өтірік айтқандығында. Қалайша бір түр екінші түрге ауыса қалады дейді. Өз көзімен көрсе де солай дейді. Күзде біз Кегенге барғанбыз. Сондағы колхоз председателі Сексенбаев пен агрономы Модест... ну, жарайды аты-жөнін ұмытып қалдым.

— Модест Владимирович. Мен мұндамын,— деп ұзын сақалды біреу залдың орта тұсынан тұра берді.— Дұрыс айтып тұрсың, қызым. Кәзір мен толықтырамын. Сөйлей бер.

— Модест Владимирович! Өзіңіз де осында екенсіз ғой. Тіпті жақсы болған. Сонда сіз бізге жаздық бидайдың масағынан бірнеше қара бидай алып көрсеткен жоқ па едіңіз?

— Көрсеткем, көрсеткем, қызым.

— Олай болса Балғабаевтың өтірік айтуы ұят. Балғабаевтың өзі де сонда сіздердің алдыңызда баяндама жасаған... Менің ойымша оны айдап салып отырған біреулер бар,— деп Гүлшат мінбеден түсе беріп еді, Белгіұлов сұрақ қойды.

— Аманова, осы сөзді ойланып айтып тұрсың ба?

— Әрине.

— Онда Балғабаевты кім айдап салды демексіз?

Гүлшат Белгіұловқа тіктелі қарады:

— Ол мәселен, сіздің де қолыңыздан келеді,— деді де жүріп кетті.

— Жауап бересің әлі,— деп қалды Белгіұлов.

Әлгі бір кезде айнықырап кеткен зал іші қайта түзелді. Стол басында отырғандар өзара сөйлесіп, күлісіп қалды. Мінбеге Модест Владимирович шықты. Содан кейінгілердің бәрі де Бозжановты жақтай сөйледі. Кәрім мінбеге қайта көтерілді.

Мінбе ернеуінен мықтап ұстап алды. Қолының қалтырағанын білдірмейін дегендей. Бірақ даусы орнықты шықты. «Дегенмен ұстамды адам ғой. Жарайсың, Кәрім»,— деп қойды Гүлшат.

— Маған тағылған екі айып бар,— деп Бозжанов тым еркін бастады. Өз диссертациясының маңыздылығын қайталап айтып жатпады. Істің тоқ естеріне көшті. Бұл да бір ұтқандық.— Мен жасаған тәжірибенің қайталанбайтын, кездейсоқ құбылыс деген айып дәрменсіз айып. Мен ол жөнінде көптеген мысал келтірдім. Оны жаңағы сөйлеген Модест Владимирович те құптады. Керек десеніз жусанның бір түрден екінші түрге күрт өзгергенін академик Геллер де байқаған.

Ал, енді аралық түр дегенге келейік. Аралық түр деген жок, жолдастар. Су мен будың арасында қандай аралық түр бар? Жылқының есекке, қасқырдың түлкіге айналу процесіндегі аралық түр дегенді қай археолог тапқан екен?

— Аралық түр деген Дарвиннің қиялында ғана болған,— деп Добров Бозжановты құптады.

Кәрім сөйлей берді:

— Су бойына бірте-бірте жылылықты жинай береді де жүз градусқа жеткенде күрт қайнайды. Бұға айнала бастайды. Мелынапустың эритроспермумға айналуы да солай. Өзін қоршаған төңіректің әсерімен бірнеше жыл ішінде өз бойына жана бір белгілерді жинай береді де, жеткен жерінде күрт ауысады. Өзгеріс қай клеткадан басталады? Қалай басталады? Ол әлі бізге қараңғы. Ол жана бір диссертацияның тақырыбы. Біреу ішер дәмге менің қол сұққым келмейді,— деп бітірді ол сөзін.

Зал ішінде аралатпа күлкі жүгірді. Үзіліс жарияланды.

Аманова сыртқа шықты. Жұрттан оқшауырақ Манап тұр. Ол бұған сондай жеккөрінішті болып көрінді. Гүлшат теріс айналды. Жіңішке бір дауыс естілді.

— Кел, деп шақырып, тоспағаның қалай?

Гүлшат қайта дарап еді. Инеш екен.

— Ау, Инеш!— деді қуанып кеткен Гүлшат. Ұмытыла беріп тоқтап қалды. Естімеді ме, елемеді ме, кім білсін, Инеш Манаптың қолтығынан алып, ілгерілей берді.

— Жақсы сөйледің, Манап. Тіпті жақсы сөйледің. Мен тіпті қуанғандығым сондай, қол соғып жібере жаздап әзер отырдым,— деп барады.

«Е, манағы таныс қызың Инеш екен ғой»,— деп ойлады орнына келіп отырған Гүлшат. Кенет Инештің Манапты үнемі ұнатпай жүретіні есіне түсті. Сол Манап оны мына мәжіліске шақырған. Қызық!

Қоңырау соғылды. Есеп комиссиясының председатели Бозжановқа көпшілік дауыспен «Биология ғылымының докторы» деген дәреже берілгенін хабарлады.

Кәрім сыртқа шықты. Он-он бес адамның ортасында Майқан Белгіұлов кетіп барады.

— Осыны секірмелік деп. Бұл бұдан елу жыл бұрын Дефриз ашқан қадуелгі мутация,— деді Майқанды қолтығынан ұстап алған әйел дауысты біреу.

«Осы Белгіұлов неге сөйлемей қалды?»— деп ойлады Кәрім. Жұрт жиналып қалды. Қаумалап, құттықтап жатыр. Шын құттықтаушылар да, жарамсақтар да бар. Оны Кәрім енді аңғарғандай. Айрықша бір қуанышы да жоқ секілді. Төрт-бес жыл ішінде Кәрім осы жолда қаншама еңбегін сарп етпеді. Қаншама жерлерді араламады. Қаншама кітап қоймаларын ақтармады. Соның бәрін дәл осы бір жақсы күн үшін істеген еді. Міне, енді жақсы сөздер естіп жатыр. Не ғажап, жүрегі бір селт етпейді. Жоқ Кәрімнің қуанғаны осы болар. Ал, егер осы бір жақсы күн жаман күн болып келсе ше? Кәрім диссертациясы құлап түссе ше? Рас, онда Кәрім бүйтіп сабырлы тұрмас еді. Ашынар еді. Назаланаар еді. Жүрегі тулар еді. Тегі, қуаныш дегеннің әркімге әр түрлі жасанып келетін болғаны да.

— Ал, біз Кәке, Еңлік жеңейді барып құттықтаймыз,— деп қойды топ ішінен біреу.

— Еңліктің өзі осында еді ғой, құттықтасаң,— деп Кәрім күлді.

Сөйтіп тұрғанда Еңлік те келді.

Жұрт қаумалап қолын ала бастады.

— Неғып тұрсың, Кәрім? Мына жұртты үйге қарай бастай бермедің бе?

— Ие, сансыз «сіз», «біз»-ден «бір шыж-мыж», деген,— деді тағы біреу.

Жылпостаяу бір жігіт:

— Жеңісімізді тосып тұрмын, құттықтайық деп...— деп Еңліктің қолын алды. Бармағынан сүйді.— Бармағыңызды сағындық қой.

Көңілді топ күлісіп жатыр.

Еңлік те күлді.

— Бармак сағынсан, қайным, үйде бәрі де дайын тұр. Жүріңіздер.

Үйге жақындағанда есік алдында тұрған ұзын қара машинаға Кәрімнің көзі түсті.

— Ау, мынау Добровтың машинасы ғой.

Сол сәтте машина бері бұрылды.

— Сізді Викентий Викентьевич іздеп жатыр. «Тез алып кел»,— деп мені жіберді,— деді шофер.

Еңлік бірінші болып жауап берді:

— Тез барып Викентий Викентьевичтің өзін алып келіңіз.

Кәрім ойланyp қалды. Содан кейін көпке қарап:

— Басқа бір шаруа бар шығар. Сендер жайғаса беріндер. Мен тез барып келейін,— деді.

— Шалды ала кел,— деп күлді Еңлік.

Викентий Викентьевич Кәрімді түрегеп қарсы алды.

— Ну, дружище, қалай?— деп жанасқан бойда бір қолымен құшақтады да қабинетінің ар жағындағы бітеу бөлмеге алып кірді.

Стол үстінде бес-алты лимон мен бір бутылка коньяк тұр екен.

— Ал-менің ішімдік ішпейтінімді білесің ғой. Гипертония.— Добров басын ұстады.— Әдейі сен үшін алдырдым.— Викентий Викентьевич кішкене рюмканы асыра құйып Кәрімге ұстата берді. Кәрім рюмканы көтере салды. Жартылай ішіп ашырқана бетін тыжыртқан Добров:

— Белгіұловтың сөйлемей қалғанына таңым бар. Неге сөйлемей қалды деп ойлайсың?— деп сұрады.

— Тіпті білмеймін.

Викентий Викентьевич жуан қарнын екі қолымен айқара ұстап жүріп кетті:

— Бір қулығы бар болмаса?..

— Мені таң қалдырған әлгі ана бірінші болып сөйлеген Балғабаев деген студент болды. Мен оны үнемі көзден таса етпей баулып, рефераттар жаздырып, колхоздарға бірге апарып жүрсем... Адам деген қызық.

Викентий Викентьевич басын ұстады. Жүгіре басып бөлмеден шықты да бір қағаздарды алып келді.

— Ие, мыналарды маған Жабаев берген есі.

Кәрім бірін қолына алды:

«Күрметті председатель! Мені сөйлеушілердің тізіміне тіркеп қойсаңыз. Балғабаев».

Ал екіншісінде: «Сөйлемейтін болдым. Тізімнен шығарып тастаңыз. Балғабаев»,— деп жазылған.

Кәрім езу тартты. Үшіншісін оқыды: «Мен қайта сөйлейтін болдым. Балғабаев».

— Ха-ха... Қайтеді мынауың?!— деп күлді Кәрім, Добров та күлді.

Бозжанов соңғы записканы оқыды: «Кешіріңіз, сөйлемейтін болдым. Балғабаев».

— Ха-ха-ха! Ой, сырбазың!

Добров Кәрімнің қасына келді.

— Ал бұл күлетін жай емес. Бұл запискалардың ар жағында мына қолдан басқа тағы да бір суық қолдар болуы мүмкін. Өлгі Аманова деген қыз бірдемені сезіп айтып тұр.

Кәрім ойланып қалды.

— Ну, ақыл тауыспай-ақ қой мынадай күні,— деді Добров тағы да.— Жалғыз-ақ сақ болған жөн.

Бозжанов мақұлдай берді.

— Меніңше бұл диссертацияны жалғыз бесінші курстарда ғана емес, барлық курстарда да арнаулы пән етіп өткізу керек. Бұл өмірден артта қалған кертартпа ғалымдарға мықты соққы. Солай емес пе, Кәрім Бозжанович?..

— Солай, дәл солай, Викентий Викентьевич.

Кәрім дәл қазір осы бір қайқы бас жуан адамның қасында отырғанда өзін сондай күшті сезініп кетті.

28

Анада Инеш келген жолы Гүлшат бөлмесі құлыпта тұрған болатын. Кілтпен бірге Зада Қасымова кішкене қағаз қалдырып кетіпті.

«Аллочка, көпшілік кітапханасына ертерек кеткем. Шаршап қалыппын, үзіліс жасайын деп далаға шыққалы жатыр едім, өзіңе таныс субъект келіп қалды да киноға шақырды»,— деп леп белгісін қойыпты. «Жаңа ашылған кухняға тамақ қойып кеттім, маған қарамай-ақ іше берерсің!»— деген сөзден кейін де леп белгісі үтірмен ауысып келіп отырған.

Әрине, мұндай орынсыз пайдаланылған тыныс белгісін Қайыржан Балақов сияқты қатаң тілші түгіл, жай сауаты бар адам да теріске шығарар еді. Дегенмен Задаға не айтарсың? Сауатсызсың дей алмайсың. Ойлап тұрсаң, жастық шақтың өзі сол бір нүкте-нысанаға қарай құйылып тұрған лепті қуаныш белгісіне ұқсайды екен. Сондай қызуы мен көтеріңкілігі де, сүйініші мен күйініші де мол бір шақ. Шаршағанын айтса, кітапқа үңіліп сарыла отырғаны бар. Біреудің келгенін айтса, сол қуаныш белгісіне ұқсап алдында келешегі тұр.

Мына да сол лепті қуаныштың кішкене бір кесіндісі секілді. Гүлшат жүрегіне өз ұясынан шыққан жылы қалында кемімей, кішіреймей қызумен жеткендей.

Ол ең алдымен екі күннен бері қозғалмай кітап үстінде отырған Заданың дем алып, бой жазып келуіне қуанды. Ажардың кітапханаға кеткені де дұрыс. Ал электрокухняның ашылуы — Гүлшат жүрегінің шын толқытады.

— Көргің келе ме, біздің жаңа ашылған электрокухняны? Жүр,— деп Инештің қолынан ұстап шығуға бой ұрды.

Сол кезде есік қағылды. Көрші бөлмеде тұратын студенттердің бірі екен. Шай ішетін ыдыс сұрап келіпті. Гүлшат жаңағы бір көңілді ықыласымен тумбочканы, шкафттарды ақтара жүріп бір-екі кружка тауып алғанша алсын-әлі есік қағыла берді. Біреу келіп, біреу шықты. Олардың келген жұмысы да, айтары да алуан түрлі.

...Мына бір бұйра шашты, аласа бойлы қара жігіт студент кеңесінің мүшесі екен. Гүлшатпен екеуі мәдени тазалық бөлімінде істейтін.

Ол өз ісін баяндай келді. Кинопрокатқа барғанын, университетпен екі арада жүрген әлдебір ақша документінің шатағы туралы сөз болғанын, соған қарамастан, бір картина алып келгенін айтып берді.

Бұдан кейін кітап сұрап, не болмаса, Ажарды іздеп келушілер де болды. Ең ақырында Анна Григорьевна көрініді. Байсалды келіп орындыққа отырды да, шылым тартты. Осы төңіректегі бүгінгі жаңалықтарды айта бастады. Көлденен адамның ішін пыстырар қадуылгі шаруашылық жайындағы ұзақ әңгіме туып кетті.

Инеш ішінен тұтанып, төзімсізденіп қалды. Тым жалғыып кетті. Шаршамай тыңдап отырған Гүлшат қана. Ол тіпті тыңдап қана қоймайды, керек жерінде өз ойын, өз пікірін де айтып, Анна Григорьевнаны мойындатады.

Инеш ақыры шыдай алмады.

— Бұл не, таусылмай кеткен прачечная, көйлек-көншек? Оған да театр туралы, не ғылым туралы бірдеме десейші, Гүлшат! Жалықтырып жібердің кісіні.

Анна Григорьевна тартылы айқын мысық көзін Инешке сығырайта қадап, қулана сөйледі.

— Ұнамайды, а? Ха-ха-ха-ха... Әке-шешенің қамқорлығында тік өскен адам осындай келеді. Жеркенбе, жеркенбе. Жаңағы кір жуушылардың ішінде сен сияқты сұлуы, таза киінетіндері бар,— деп миығынан күлді. Өзінің батыл сөйлегенін сол күлкісімен жеңілдетпекші болғандай. Инеш қабағын тыржыттыңқырап «ой» деп алды да, бір қырындап барып отырды. Анна Григорьевна бұрыяғысынан да қатты қарқылдап күлді.

— Шаруашылықты сөз қылмасқа амалымыз жоқ. Биология жайын әңгімелеуге күшіміз жетпейді. Тіліміздің икемі келетіні — шаруашылық деген сөз ғана. — Ол сөніп қалған папиросын бір-екі сорды да, қолымен жұлып, түкіргішке лақтырып түсірді. — Өзің білмесең де, білімге ұмтылып жатқандарға көмектесесің. Бұған мақтанысқа болмайды.

Осы шақта Инеш түрегелді. Өзінің кететінін білдірді.

— Мен дайын, Анна Григорьевнаның жаңа ашылған электрокухнясын көре кетсек те болар еді...

— Ой, кухня көріп жүруге уақытым жоқ менің. Театрдан кешігетін болдым...

Гүлшат қарсылық білдірмеді. Киінді де Инешпен бірге далаға шықты.

29

...Мәулен көнді, үгітші болды.

Алғашқы бір кез оңай да болған жоқ. Жақсы дайындалып-ақ келдім ғой деген күннің өзінде де сұрақ пен жауап арасында бір жарқыншақ шықпай қалмайтын. Кейбір сұрақтарды кейінге қалдырып, жұма бойы дайындалатын кезі де болатын оның.

Сондай қиын сұрақтарды жиі қоюшының бірі — кондитер фабрикасының цех бастығының орынбасарлығына жуырда ғана жоғарылатылған ұйғыр қызы Саттарова Айшән еді. Жасырағы жоқ, осы бір мазасыз жас қызды Мәулен іштей ұнатыңқырамай да жүрді. Ол тіпті Саттаровадан аздап сескенер де еді. Сол шіркін мәжіліске келмей қалса іздей қояр да Мәулен жоқ.

Айшән оған бөтен мінез көрсетпейтін. Мәуленнің сөзін де бөлмейтін. Ынта қойып тындайтын. Содан соң... нә, содан соң Мәулен аузына еріксіз келіп «кімде сұрақ бар?» түседі. Әрине, осы сәтте Саттарованың күрентікнен қоныр қолы бірінші болып көтеріледі. Ол рұқсат алысымен демі біткенше жып-жып етіп шапшаң сөйлеп, сұрақты жаудыра бастайды. Айшән сұрағына тақырып болмайтын нәрсе шамалы-ақ. Бірде ол өзі де бағыты айқындалмаған халықаралық бір жағдайдың қиын шешімін талап етеді. Экономика мәселелерін де білгісі келеді оның. Капиталистік елдердегі сайлау тәртібін сұрайды. Енді бір ретте Мәулен жүргізіп келе жатқан әңгімеге байланысы жоқ сұрақтар қоя бастайды. «Қыз бен жігіт арасындағы жаңа социалистік қатынастың нормалары қандай болмақ?», «Сенбеушілік, қызғаныш деген не?» Бұлардың бәрі де оның білгісі келетін сұрақтары.

— Коммунистік мәдениеттілік деген не? Оның буржуазиялық мәдениеттен артықшылығы неде?— деді ол бір күні.

Мәулен бұл сұрақтың өз әңгімесінің тақырыбына кірмейтінін дәлел етіп жауап беруден жалтарып еді.

— Менің білгім келеді. Университетте оқитын сен жауап бермегенде, кімнен жауап алуға болады? Түсіндіруді көп болып өтінеміз.

— Иә, өтінеміз.

Мәулен бұған көп дайындалды. Энциклопедияны ақтарды. Философия сөздіктерін аударды. Сөйтсе де студент жауабына жұмысшы қыз қанағаттанбады. Ол әдетінше тындап отырды да, сөз соңында:

— Мұның бәрі де бізге таныс сөздер. Нақтылап айтып, талдау жасауынды өтінеміз,— деп сыпылдап сөйледі. Мәулен істің турасына кетті.

— Бұдан артық түсіндіруге әзірше шамам жоқ.

— Әуелде осылай деуің керек еді ғой. Жауап бере алмайтыныңды бірден айтсаң... мұндай сұрақ беруден бастартқан болар едік қой. Я, басында айтсаң қыстамайтын едік,— деп Саттарова күлді.

Жұрт та күлді. Ар жағында ащы бір әзіл-сықақ жатқан Айшәннің жаңағы бір сөзін қоздыра, қуаттандыра түссер қоштау күлкісі.

Мәулен ұялып қалды. Өзінің негізгі әңгімесін бастай беріп еді, жұрт күлкісі үдей түсті. Не істеу керек? Әңгіме тақырыбын әр нәрсеге бұрып еді, ештеңе шықпады. Мына бір қадалып қалған көз, күлім көздер ажуа етіп отырғандай.

Мәулен бұл үйдің ауласынан тым ренжіп шықты. Жатақханаға келді. Тамақ та ішпеді. Жатып қалды. Көзін жұмып еді, әлгі бір күлім көздер елестеді. Ылғи бір күрең қолдар. Сыпылдап сөйлеген Саттарованың даусы... Кенет Мәуленнің енді қайтып сол үйге барғысы келмей кетті. Ол сондай бір жаман сезіммен ұйқыға шомды. Тағы бір күн туды. Мәулен өзіне таныс екі қабат сары үйге дағдысынан ерте келді. Айшән үйінің алдында бір бала отыр. Қолында балға, әлде бір темір сынықтарын тарсылдатып ұрып қара тер болып жатыр. Мәулен бірден тани кетті. Айшәннің майданда қаза болған ағасының баласы — Сафар. Сафар оны-мұны шатпақтап көп айтатын қызық мінезді, көңілді бала болатын.

Мәулен қасына келді.

— Не істеп жатырсың, балақан,— деп сұрады. Қасында үлкен адамның тұрғанын енді ғана аңғарған бала саспай-ақ қысқа жауап берді:

— Машина...

— Машинаны қалай жасамақсың?

Сафар қол шаңасын көрсетті.

— Мына араға мотор орнатамын. Былай бұрып дүрлідетемін,— деп өзіндік ой-арманын сәбилік берілгіштікпен айта бастаған.— Сіздің бір жаққа барғыңыз келе ме? Апарып салайын.

— Барғым қеледі, апарып сал, көне,— деді қайтер екен деп.

— Жоқ; қазір емес, мотор біткен соң...

— Моторың қашан бітеді?

— Әлі өскенде, сіздей болғанда, ал мына араға самолет моторын орнатсам, ұшып кетуге де болады.

Бала қиялының тазалық, кеңдігіне беріле қуанған Мәулен аула ішіне зер салып еді, еш жерде балаға лайықты ойын орыны көрінбеді. Содан соң Сафарға қарады.

— Мотор жасау қиын ба, оны қазір де жасап тастауға болады.

Мына сөзге құлағы елеңдеген бала өз жұмысын тастай салып, Мәуленге жақындады.

— Аға, айтып жіберіңізші, қалай істейін? Тек айтсаңыз болғаны, өзім де істей аламын. Шанамның қай жеріне орнатайын моторды?

— Шана үстіне орнатудың керегі де жоқ.

— Енді қай жерге, аға? Үйге ме, далаға ма? Көрсетіп жіберіңізші маған,— деп бала құмарлана түсті.

Мәулен асығыстық білдірді.

— Жоқ, қазір болмайды.

Сафар ренжіңкіреп қалды.

— Аға... енді қашан? Өскенде... әлі сіздей болғанда ма?

Мәулен күлді.

— Бір кішкенеден кейін.

Бала қуанып басын изеді.

Мәулен үйге кіріп кетті. Сафар сыртта қалды. Қасына басқа балалар келіп ойынға шақырып еді, бармады. «Кімді тосып отырсың?»— дегендерге:

— Мәулен ағатайым... Ол маған мотор жасап береді қазір,— деп тық-тық еткізіп жауап берді.

Бір уақытта үйден Мәулен шықты. Қолында күрегі бар. Сафар оны құшақтай алды. Мәулен баланы көтерген бойда көмір салатын жәшіктің қасына алып келді.

— Моторды осы араға-ақ жасауға болады,— деді.

Өзінің балалық өршіл ойымен қанаттанған кішкене сәби қуана күліп қойды. Мәулен қарды өсіріп үйе бастады. Хабарласып, жиналып қалған балаларды қардың үстіне шығара

берді. Өзі барып колонкадан су әкеліп құйды. Лезде биіктігі екі метрге жуық мұз сырғанақ пайда болды.

Сафар Мәуленнің жанына келді.

— Бұл мотор емес, сырғанақ қой, аға?

Мәулен жауап бермеді. Оны сырғанақтың үстіне шығарып шанасына отырғызды:

— Сен сияқты кішкене баланың моторы осындай болады.

Мұны мұзмотор деп атайды. Ал жүріп кет,— деп төмен қарай қоя берді де секіріп жерге түсті. Әдемі бір әйел даусы шықты.

— Жақсы секіреді екенсің. Лақтан да жақсы.

Мәулен жалт қарады. Қара көзі күлмдеп Айшән тұр. Жауап бере алмай қалды. Қыз жақын келді. Қызық бір ойнақылықпен жігіт қолын қысты:

— Рақмет, Мәулен, саған!— Соны айтты да Мәуленді үйге бастап кірді. Жүгіріп барып шай қойды. Басқа бөлмеге кіріп жұмыс киімін тастап, басқаша киініп келді.

— Қазір шай ішеміз,— деп күліп қойды. Енді бірде Мәуленге тіктеп қарады да:

— Мәулен, білесің бе сен? Давай бүгін әңгімені осында өткіз,— деді. Содан кейін жағалай жүгіріп көршілерге кабар берді.

Кешікпей Айшәннің кішкене екі бөлмесіне көршілер жиналды. Жұрттың бәрі де көңілді. Мәулен де қымсынбай отыр. Көпке ескерту де жасамады. Жай әңгімелесіп отырып, негізгі тақырыбына ауысып кетті. Жұрт тыңдап қалды. Сол шақта үйге шанасын сүйреп Сафар келді.

— Мұзмотор, во!— деп бас бармағын көрсетті. Жұрт ду күлді. Айшән барып баланың құлағына сыбырлады. Аяз сорып албыртқан Сафар көпке қарап:

— Мәулен ағатайға рақмет,— деп дауыстады. Көңілді күлкі естілді. Сондай бір сәтті пайдаланып қуақы біреу:

— Үгітші жолдас, сонымен біздің мәдениеттің артықшылығы неде екенін айтып бермеді ғой,— деп қойды.

— Солай екен-ау. Ие, айтып берсін.— Жұрт шулап кетті. Айшән түрегелді.

— Ол сұраққа Мәулен алдасқан жауап берген. Мен ырза болғанмын.

— Біз де естігіміз келеді,— деп арт жақта отырған бір-екі жас жігіт өзара сөйлесіп, күлісіп алды.

Мәулен Айшәнға қарап еді, қабағын түйіп алған.

— Тәртіп, жолдастар, ол сұрақ бұл әңгіме тақырыбына кірмейді. Білгің келсе энциклопедияны оқы,— деді Саттарова.

Мәулен күліп жібере жаздады. «Қамқоршы бола қалуын қарашы. Әңгіме тақырыбына кірмейтін болса, бұрын өзі неге қойды екен бұл сұрақты»,— деп ойлады.

Жұрт Саттарованың ыңғайын байқап басылып қалды. Тіпті Мәулен. әдеттегісінен әңгіме артынан «Кімде сұрақ бар» дегенге де ешкім суырылып шықпады. Рұқсат сұрағандай Айшанға қарай берді.

— Сұрақ жоқ. Түсінікті,— деді Айшан.

Қайтып келе жатып: «Өзі бір қасқыр қыз екен»,— деп ойлады Мәулен. Сол күннен бастап Айшанның Мәуленге деген көзқарасы өзгеріп кетті. Тіпті ол сайлау күні ертемен жатақханаға да келді.

— Үгітші сайлаушыны іздеуші еді. Ал біз сені іздейтін болдық қой,— деп күле келді.

Мәулен асығыс киініп жатқан.

— Кешігіп қалдың. Бірде-бір сайлаушың барған жоқ.

— Рас па?

— Рас,— деп Айшан ойнақылана күлді. Расы ма, өтірігі ме, аңғартар емес.

Екеуі сыртқа шықты.

Оңтүстіктің қысқы жылы таңы. Қараңғылық пен бозғыл тұман сейіліп барады. Әлсіз желде жұмсақтық бар. Жұмырда түскен көбік қар бойына қызыл су жинап сақталанады. Түнімен от кірпікті қызыл, жасыл сәулелерін ойнатып сейіле барып, жер ұшынан сөгіле көтеріліп қалған. Көмескі қараңғылық реңкі енді қоңыр аспанның биігіне қарай ойынған. Ала сәулеленіп ағараң тартады. Соның бетімен қауырсын қанаттанып қызыл сызықтар тарамдана жүгіріп барады.

Саттарова асықтыра жүрді.

— Тезірек, Мәулен. Басқа үгітшілердің бәрі де сонда.

Ал сен болсаң ұйықтап жатырсың. Сайлаушыларың да жоқ.

— Айшан, шын айтасың ба?— деп Мәулен сұрана қарады.

— Өтірік болса, келем бе?

Мәуленнің жүрегі мұздап кетті. Сайлаушыларды бірінші болып апарып дауыс бердірмек еді. Міне, енді сағат сегізге айналып барады. «Қайтып ұйықтап қалдым десеңші!»

— Үгітінді мекін шешемнен баста,— деді Айшан өз ауласына келгенде.

Мәулен Айшанның үйіне кірді. Төсекте жатқан кемпірдің қасына жүгіріп барды.

— Әже, әжстай-ай! Бұл қалай болды?— деп аптыға сөйледі.

Кемпір басын көтерді. Ештеңені түсінбегендей аң-таң.

— Не болып қалды, шырағым?

— Әжетай, бүгін сайлау ғой. Дауыс беруіңіз керек.

— Е, беріп келдім, жаным. Ана қыз қойды ма! Бүкіл ауланы дүрліктіріп бірінші етіп апарған жоқ па бәрімізді. Шаршап қалдым. Кішкене дем ала тұрайын деп қайта жатып едім, жаным.

Мәулен тылқ етіп отыра кетті. Кейінірек тұрған Айшән күліп жіберді.

— Осылай да ойнай ма екен, Айшән!?

— Бұл ұйқышылдың жазасы. Жүр, енді далаға шығайық,— деп Айшән тағы да күлді. Мәулен де күлді. Екеуі сайлау участогіне келді. «Қазақ вальсінін» әдемі сазы естіледі. Сол сазға Айшән құлақ салып сәл тұрды. Кескінінен жаңағы бір ойнақы күлкісі де жоғалып кетті. Басқа бір мұңды кейіпке түсті. Мәуленнің қолынан тартып тоқтатты да үлкен көзін қадап тұрып қалды.

— Сондай бір ерсі ойын екен. Кешір, Мәулен, кешіресің ғой? Айтшы.

Мәулен күлді.

— Қойшы, Айшән. Сондай ойынға да кешірім сұрай ма екен.

Айшән босататын емес.

— Жок, айтшы, кешірдім дегі.

— Ал кешірдім дейін.

— Рас айтшы.— Айшән сондай бір жалыншпен әлі қарап тұр.

Мәулен қызды бір түрлі аяп кетті. Бұрын неге ұнатпай келді осы? Ұнатпауға дәлел жоқ. Айшәннің әр нәрсені білгісі келеді. Сұрақты көп қоятыны да содан. Мәулен қыз алдында кінәлі адамдай іштей ұялды.

— Рас кешірдім, Айшән. Шын айтам.

Екеуі үгітшілер бөлмесіне кірді.

— Сенің бізге үгітші болып келгенің сондай жақсы болды. Көп білім алдым,— деді Айшән.

— Көп білім алдым?— деп Мәулен қызға сұрана қарады. Айшән болса жүрегің ашып салып отырғандай. Жігіт селт етіп оянып кеткендей болды. Ғажап бір сезімнің ырқына түсіп елтіп қалды.

— Дал солай, қадірлі Мәулен. Ұмытпа бізді. Келіп тұр. Мүмкін болса 8 март күні кел,— деді Айшән. Содан кейін сәл жымиып Мәуленге қарады.— Егер сүйген қызың болса жатсынбасын, келсін. Ала кел. Таныс боламыз.— Мұны бір әйелге ғана тән түсініксіз ойнақылықпен айтты. Мәулен енді байқады. Бөлме ішінде жан қалмаған. Айшәнға қарап еді, жаңағы бір сиқырлы күлкі әлі де жүзінде тұр. Кенет жүрегі тулап кетті. Оқыс қимыл жасап, қызды құшақтап

алды да, өзіне тарта берді. Қыз шалқайып қалды. Жігіттің кеудесіне қолын тіреп босап кетті.

— Жоқ, Мәулен, сен ақылды жігітсің. Ондай арзан қылыққа жүгірме,— деді қайта мұңды қалыпқа түскен Айшән.

Бұл сөздің әсері Мәуленге әлі жетпегендей, еңтігін баса алмай отыр.

— Рас айтам, сен менің көп нәрсеге көзімді аштың. Ал мен болсам, төртінші-ақ класты бітірдім. Әкем ерте қайтыс болды. Ағам майданнан қайтпады. Жейтем тұрмысқа шығып кетті. Ана өзің көрген кемпір мен бала маған қарап қалды. Оқығым келеді. Бірақ семьяны қайда тастайсың? Оқу былай тұрсыншы, ана жетім бала ер жеткенше тұрмысқа шығуға да қақың жоқ...— Айшән үндемей қалды. Мәулен ағаттық жасағанын енді түсінді. Жерге кіріп кетердей ұялып отыр.

— Айшән, ағаттық болыпты. Кешір мені.

Айшән күлді де түрегелді.

— Кезек-кезек бір-бірімізден кешірім сұрап кешке дейін отыра берерміз. Кетейік.

Мәулен де түрегелді. Айшән оның қолын алды.

— Рақмет, Мәулен. Рас, кел. Сүйген қызыңды ала кел,— деді ол қоштасарда. Күлмей айтты.

«Қандай ақылды қыз!»— деп ойлады сыртқа шыққан Мәулен. Айшән мұның да көп нәрсеге көзін ашқандай. Өсіп, марқайып қайтты. Соған орай жылы сөзді комсомол жиналысында да естіді ол. Дайыров өз баяндамасында оны жауапты, жақсы үгітшілердің қатарына қосты. Осы мәндес сөз Мәулен адресіне арналып қалалық комсомол-комитетінде де айтылды. Тіпті республикалық жастар газеті ол жөнінде очерк жазып, суретін де басты.

Осы бір жағымды сөздердің ізі суымай жатып бір күні Мәулен комсомол комитетінің отырысына шақырылды...

Сарыбеков Ғалым философияға тән, өзгерісі жоқ, қансыз кейіпті, көзіне мүйіз қара көзілдірік киіп жүретін қарапайым жігіт болатын. Сол көзілдірік кескініне әлдебір үлкендік реңкін берердей еді. Шыны әйнек үлкейтіп, өткірлендіріп көрсетер көзі, сағат бойы қозғалыссыз, үнсіз отыратын мінезі қосылып жаңағы бір құбылыстың бояуын қалыңдата түсетін. Ғалым көп сөзді білмейтін, мінезді студенттердің бірі болатын. Биязылық, бұйымғылығы бар. Өзі көзілдірігін түзеп қондырып, кітапқа үнілген қалпы ұзақ сағаттар отырып қалар еді. Басқаға осының көңілісіз-ау деуді де білмейді.

«Кітап барда көңілсіз бола ма?» Бұл Ғалымның сан рет қайталап айтар сөзі.

Осылай әлшеусіз ұзақ отыру — оның денсаулығына да әсерін тигізе бастаған. Шалажансар көзі мен кітап қағазындай бозаң тартқан жадау келбетінде ұйқы, қимылсыз өткізген ұзақ түндердің көлеңкесі тұрар еді. Бір ретте жарымжан адамға да ұқсап қалатын. Суалыңқы тартқан жақ сүйегі, тарамысты етсіз саусақтары, бұлшық еті әспеген білектері осыны анықтайды. Соған қарамастан әлі күнге ең ақыры тымауға шағынып, дәрігер алдын көрген емес-ті. Жадаулығына қарамастан Ғалым кейінде салғырттық, шаршаушылық, небір көңілсіздік жоқ та, созылмалы мол бір өмір бар. Ой мен тынышсыздық бар. Торалуы да, тойынуы да жоқ, өзіне-өзі тынымсыз бір адам, әйтеуір.

Әдәлсіз ғылыми таластарда Ғалым мүлде өзгеріп те кететін. Сырттай өзгермейді, іштей өзгереді. Жарқылдаған ойды, орынды цитаталармен жанданып көріктенген өзіндік ашық пікірді көресің. Соның бәрінде баяғы бір салмақ, орнықтылық жатады. Егер жұрт оның осы бір дәлелді сөздерін ілтипатқа алмай, теріске шығара бастаса, Ғалым өңештей бермейді. Қолайлы кілтенді тоғып отырып қалады.

Оның үстіне ол жұртты бірін-бірі сырт көзге жоққа шығаратын екі қасиетімен, көп бетіндігі және сараң сөйлейтіндігімен өзіне тартатын еді.

Сарыбеков екінші курста-ақ көзге көрінген. Сол жылы Лениндік стипендияға ұсынылған. Келер жылы әдебиет үйірмесінің жетекшісі болды. Ал былтыр студенттердің ғылыми қоғамы құрылғанда көпшілік оны бір ауыздан сол қоғамның председатели етіп сайлады.

Содан бері жұмыс көбейді. Ғалым шағына берді. Денсаулығының нашарлығын айтты. Ақыры әдебиет үйірмесінің жұмысынан босатуды өтінді.

— Сонда өз орнына қай студентті қолайлы көресің?— деп сұрады Дайыров одан.

Ғалым мүйіз көзілдірігінен терезе арқылы көрінген қысқы мұнарлы, төмен аспанға аумай қарап, тым ұзақ отырып қалды. Ерен дағдылы қимылмен түрегелді де, шапшаң жүре бастады.

— Менімше...— деп Сарыбеков мүдіре сөйледі,— айтқандайын осы Сымбат қалай болар екен?

— Атқара алар ма еді, тым ұялшақтау емес пе соның өзі?— деп Ерен іле сұрады.

— Иә, сонысы бар. Дегенмен атқаруға тиісті. Үйренер, ысылар.

«Иә, үйренеді, ысылады!» Қайбір істің болмасын игерілу тетігін ынталана іздейтін Еренге Ғалымның соңғы сөзі ұнап кетті. Шынында да әдебиет үйірмесін Сымбат неге басқара алмайды. Өзі ақын болады, өзі басқара алмайды, жоқ, дұрыс емес, істей алмаса өзінен көрсін. Осы ойға тоқыраған Дайыров сол пікірін алып партбюро секретарына кірді.

Викентий Викентьевич дағдылы күйінде екен. Шелді бетінде ашық көңілді шырай бар. Ұнатқан адамын езу тартып қарсы алатын әдеті еді. Сол шақта философқа тән жалпақ қайық маңдайлы, сұйық шашты үлкен басы бірден көзге түсетін.

Добров Еренге де сол бір әкелік жылылығын көрсетіп қарсы алды да, әлдебір ұмытқанын кенет есіне түсіргендей боп, қолын көтере беріп тоқтап қалды. Содан соң алдындағы аударма календарьды ебедейсіз жуан саусақтарымен тым шапшаң аударып бастады.

— Әлгі... осында, бізде бір талант бар екен ғой... Осы уақытқа дейін маған неге айтпағаның?... Фамилиясы е-е... жадымда қалмағанын...

«Ол кім болды екен?»— деп ойлады Ерен. Викентий Викентьевич календарьды аударыстыра берді.

— Ө, міне, Сымбат Асқаров! Өлең жазатыны рас па?

— Рас.

Викентий Викентьевич Еренге ақылды көзінің құйрығымен қарап, ұнатпағандық, қанағаттанбағандық ксііп білдірді.

— Ал бұл жігіт жазған өлеңдерін неге жұрттан жасырады?

— Ұяндығы болар,— деп Ерен салмақты жауап берді.

— Талантты мінез тұмшалап тұр десеңші,— деді Добров. Даусында қарсылық бар. Дайыров онша көп қысыла да қойған жоқ. Кезегі келген шақта комсомол комитетінің Сымбат жайындағы ұйғарындысын айтып, Добровты ырза етіп, қуанып тастамақшы болып дайындалып отырды.

Добров аз кідірістен ксіін қайта сөйледі:

— Жоқ, оның дәлел емес. Айыпты бұл жерде комсомол комитеті. Қатарыңнан жас талант шығады. Қалайша сені ол қуантпайды? Ал жағдайымен танысып көрдің бе?— Ереннен іле жауап бола қоймаған соң, ол тоқталған жоқ.— Міне, бұл сендерге ұнаспайды. Мүмкін Асқаровтың жазуына жер тарлық істеп жүрген шығар? Мүмкін қасындағылар оның таланттына сенімсіздікпен қарайтын болар? Мүмкін өлеңдерін көрсетпейтіні осыдан шығар, а? Неге осының бәріне үңілмеске? Болмаса, бізге келіп айтпасқа?

— Асқаров жайында комсомол комитетінің ұйғарындысы бар. Мен сізге сол жөнінде келіп едім,— деді Ерен дәл осы жерде.

Викентий Викентьевич Дайыровка сұрана қарап, жұмсарып қалды.

— Біз оны әдебиет үйірмесінің жетекшісі етіп тағайындағамыз келеді,— деді Ерен Добровка тура қарап.

Комсомол комитетінің секретары күтіп отырғандай Викентий Викентьевич оқыс қуана қоймады. Салқын кейіпшен, сәл ғана ойланып қалды. Содан соң:

— Өз өлеңін жария етуден бас тартатын адам үйірме жұмысын қалай жүргізе алады?— деп сұрады.

— Ынтасы болса жүргізуге тиісті, Викентий Викентьевич.

— Жоқ, ол дұрыс болмайды, басшылық деген сөзде мән көп. Басшы ұйымдастыру жағынан да, идеялық жағынан да басқара алса, басшы бола алады. Асқаров жақсы талант шығар-ақ, бірақ онда ұйымдастырушылық жағы жетіспейді,— деп қорытты өз ойын Викентий Викентьевич.— Ең алдымен, оны сол үйірменің белсенді мүшесі етіп шығару керек. Содан кейін...

— Онда кімді тағайындаймыз?— деп сұрады саскалақтаңқырап қалған Ерен.

Добров ету тартып күлді:

— Кімі барын комсомол комитеті жақсырақ білуге тиісті.

Ерен ретті адамды іздей бастады.

Дайыровтың қолайсызданып отырғанын аңғарған профессор оны қыстамады. Түрелді де қасына барды.

— Аяда Жандосов деген студентті жиі айта беруші едің ғой. «Жақсы үгітші... көп оқиды... ынталы... логикасы күшті... сынға қабілеті бар...» Бұл комсомол комитетінің мінездемесі емес пе еді?

«Иә, Мәулен ең қолайлы кандидатура. Күнде көрісіп, сөйлесіп жүрген Мәулен неғып ойға келмеген?»— деп Ерен өзіне-өзі ренжіңкіреп қалды.

— Менің ойымша сол Жандосов дұрыс болады.

— Мен де солай ойлаймын,— деді Ерен.

Викентий Викентьевич өзінің барынша толық, етженді ауыр денесімен Еренге бұрылды да:

— Жалғыз-ақ жұмысына қолма-қол көмек беру керек. Көбімізге тән бізде бір ауру бар. Орны туралы ойлаймыз да, жұмысын ұмытып кетеміз. Бұл тез көтеру де, тез құлату деген сөз. Орынды да, жұмысты да қойып, адам туралы ойлау керек.

Осы шақта Добровтың бір өзі Еренге жеке бір университет сияқтанып кетті. Ерен енді бір үлкен мектептен өткендей.

Еренді жылы шыраймен ұзатып салған Добров: «Келешекте үлкен адам шығады»— деп күбірледі де, бұрынғы жұмысына ойысты...

Әнеуі күннен Манаптың басына жалғыздық келіп түсті. Құдды бір қылмысты адамдай, жасағанға жазып қалды. Жұрт көзіне де көріне алмады. Бұрынғы жолдастардың бәрі де теріс айналып кеткендей. Екі студент әңгімелесіп тұрса дәл осы Балғабасевты сатылығыш деп сөгіп, жамандап тұрғандай көрінеді бұған.

Бірде ол Гүлшатқа барып еді, Зада екеуі әлде бірдеме жайында қызу әңгімелесіп отыр екен. Манапты көріп басыла қалды. Мұның сәлемін де салқын ғана алды. Неге келгенін де сұрамады. Әрине Манапты сөз етпегенде кімді сөз етіп отыр дейсің.

Ендігі бір жақын адам Инеш қана сияқты. Манап сол үйге барды. Былғарымен қапталған қара есіктің алдында ұзақ тұрды. Тайыншадай бір қызыл көз ит шынжырын үзіп кете жаздап абалай берді. «Неге келдің, жаныңның барыяда тайып тұр!»— деп абалағандай. Манап көңіліне бұл да бір жаман сезім ауырталығын салып жатыр.

Есік ашылды. Қара көзі күлімдеп Инеш тұр.

— Ой, Манап. Қайдан келіп қалдың?! Үйге кір.

«Шіркін, қыздың төресі Инеш қой!»

Инеш өзінің ып-ыстық кішкене қолымен Манаптың қолынан қысып ұстады да, өз бөлмесіне алып кірді. Стол басында қоңқақ мұрын, ұзын шаш бір жігіт отыр.

— Мәулен, танысып қой. Біздің жолдас, Манап Балғабасев,— деді Инеш.

Мәулен сзу тартты. Біреуді ажуа етердегі мұның аумаған өз күлкісі сияқты.

— М-м... Балғабасев деген жолдас сіз бе? Естуім бар,— деп мырс етті ол.

Талай рет бір шатырдың ішінде түнеп, Алмалыға бірге шыққан көңілдез болып кеткен Мәуленнің мына сөзіне Манап түсінбей қалды.

«Е, Гүлшат бұған да айтқан екен ғой. Белгіғұловқа сатылып кетті деді ме, құдай білсін». Манап қысыла отырды. Әңгімені неден бастарын да білмей отыр. Қолы мұндай ұзын болар ма! Тізесіне қойды, төмен түсірді. Кеудесіне апарды. Сыйғыз алмады. Мәулен енді үндемеген қалпы, салқын қалды. Инеш болса бәйек болып жатыр. Хал-жағдайын сұрады. Жақында Белгіғұлов жүргізген арнаулы курстан емтихан болушы еді, соған дайындығын сұрады.

Емтихан!.. Емтихан демекші, Манапқа бір ой келе кетті:

— Инеш, мына Белгіғұлов жүргізетін арнаулы курс жайында қандай материалдар бар сенде? Соны сұрайын деп келіп едім.

Ие, Манап сол үшін келді ғой. Бірақ мұның да қисыны болмады. Ол жөнінде Инеште ешқандай кітап болмай шықты.

Манап кетуге айналды. Инеш те оның кеткенін жақсы көріп отыр екен. Манадан бері елпілдеп жүрсе де кетпе, отыр деген жоқ.

— Жақсы,— деп лып етіп түрегелді. Содан кейін есікке дейін шығарып салды.

— Айтпақшы, Манап, осында Майқан звонить етті. Сені сұрады. Маған жолықсын деді.

«Жолықсын деді? Неге іздеді екен ол мені?»— Манап ойланып қалды.

— Манап, неге көңілсізсің,— деп сұрады Инеш.

— Жай...

Инештің кішкене жүзіне кірбең жүгірді:

— Несіне сол Бозжановқа қарсы сөйледің осы?!

Манап ештеңе де деген жоқ. Сыртқа шықты.

«Неге жолықсын» деді екен?

Белгіғұловтың үйіне барды. Ұзақ тұрып есік қақты. Ешбір дыбыс жоқ. «Мүмкін кафедрада отырған болар»— деп ойлады ол. Майқан онда да жоқ болып шықты.

Манап тағы да сыртқа шықты. «Несіне сол Бозжановқа қарсы сөйледің осы?!» Құлағына Инеш айтқан сөз келді: «Манап, жақсы сөйледің, тіпті жақсы сөйледің. Мен қол шапалақтап жібере жаздап зорға отырдым».

«Шіркін, Инеш те бір қызық адам ғой!»

Манап университетке келді. Белгіғұлов емтихан алып жатқан аудиторияның алдында бір топ студент тұр екен. Балғабаевты көріп жарыла берді.

— Кір, кір, Манап. Сен болмасаң біз құлап қаламыз ба деп қорқып тұрмыз.

Манап тартынып қалды.

— Тартынба, Манап, несіне қорқасың, кір. Белгіғұлов досың емес пе?— деді биік прическалы Зада шінкілдек даусымен.

— Ау, жолдастар, сендердің бұларың қалай?

— Түк те қалайы жоқ!— деп қойды Гүлшат.

— Қойыңдар, Белгіғұлов естіп отыр ғой. Ұят болады,— деді бір студент.

— Құламаудың оңай жолы бар,— деді тағы бір студент қулана сөйлеп.— Ақырын басып, міне бүйтіп, былай етіп, Белгіғұловтың алдына барамыз. Содан соң, Мақа, сіз былай дегенсіз, алай дегенсіз. Сіздің кандидаттық еңбегіңізде бы-

лай делінген. Ал Бозжановтың диссертациясы деген немене, түсінбеймін. Міне, сол кезде... (енді ол Белгіұловтың даусына салып) «Әкел зачетканды. Жақсы жігітсің». Сонсоң бүйтіп шығып жүре беремін.

Жұрт ду күлді. Манап қызарып кетті. Студент дәл мұның өзін келемеждеп тұрған сияқты:

— Ал онда кіре ғой.

Жаңағы студенттің түсі бұзыла берді.

— Алла сақтасын. Мен кейінірек... Мына Манап кірсің.

Сол кезде аудиторияның есігі ашылды. Ассистент әйел шықты.

— Ал, хәне, бес адам кіріңдер.

Манап сол бес адамның арасында қалып қойды; келіп билет алды. Кейін қараса Гүлшат пен Зада да осында екен.

Белгіұловтың даусы естілді:

— Ал, хәне, Балғабаев, сөйлей баста.

— Кішкене ойланып алсам ба деп...

Белгіұлов үндеген жоқ. Манап столға барып отырды. Қараз алып жазып беріп еді, тағы да Белгіұловтың даусы шықты.

— Кім шығады, хәне?

Өзі тура Манапқа қарап тұр.

— Неге қарайсың, Балғабаев? Сөйлейсің бе?

«Сөйлесем сөйлейінші». Манап стол басына келді.

— Селекцияда инцухтың үлкен мәні бар. Әдетте бір түрді будандастыра берсе, біраз жылдан кейін азып кетеді. Сол себепті арасы жақын түрлерді шабыстыра будандастырып отырады. Ал бұл жағдайда түр бастапқы қасиетін жойып, жаңа бір түрге айналып кетуі мүмкін. Міне, осы ретте инцухты...

Белгіұлов бестің тыржитты. Қанағаттанбаған кейіп білдірді.

— Жақсы. Мичурин не деп еді? Ламарк ше?

Манап ойланып қалды. Сұрақ жалпылама қойылған сияқты. Содан кейін Мичуриннің өмірбаянынан бастады. Белгіұлов шынашағын шошайтты.

— Бір сөзбен айтқанда?..

Манап Белгіұловтың пиғылын түсіне алмады. «Осы кісі не қыл деп тұр?»— деп кейіп қалды.

— Бір сөзбен айтқанда Мичуриннің айтқандары көп қой. Қай мәселеге тоқтал дейсіз?

Белгіұлов күлді.

— Оқымапсың ғой. Кейін дайындалып кел.

— Жок, Мақа, мен оқып, дайындалып...

Белгіұлов оның сөзін бөліп жіберді.

— Кейін кел. Кейін дайындалып кел.

Манап теріс айналды. Заданың көзі шарасынан шығып кеткен. Гүлшаттың жүзінде де бір аяушылық бар секілді. Есік алдында қамалап тұрған жұрт «не алдың?»— деп шу ете түсті. Манап үндемеді. Жүре берді.

— Әрине, бес алған шығар,— деген дауыс естілді. Сыртқа шығар беттегі есік алдына келді. Оқшауырақ тұрған бір орындыққа барып отырды. «Апырау, бұл Белгіғұловқа не болған? Біліп тұрған сұрағымды білмейсің деді-ау».

Есіктен Добров пен Бозжанов кірді. Манап сасып қалды. «Көрмей өтсе жақсы болар еді». Екеуі сөйлескен қалпында өте берді. Жок, Бозжанов тұрып қалды. Сал сзу тартты. Сұқ саусағын сілтеді:

— Ө, дезертир жолдас, амансың ба?

Добров қарқылдап күлді.

— Дезертирдің де жолдасы бола ма екен!?

Бозжанов та күліп жатыр.

— Ие, хал қалай, бала?

— Жақсы...

— Неге хабарласпай кеттің?

Манап үндемеді.

— Сен, бала, қысылма жоқтан өзгеге. Өзіңдік пікірің болғаны, оны тайынбай ортаға салғаның тым жақсы. Давай келіп тұр,— деді Кәрім.— Озыңқырап кеткен Добровты қуып жетейін деп қаттырақ басып барады.

Манап Бозжановтың тез кеткеніне қатты қуанды. «Дегенмен Кәрім кесек жігіт қой. Көңіліне де алмаған. Өзіңдік пікірді тайынбай ортаға салғаның...» Манаптың сары өңіне бүрк етіп қан ойнап шыға келді. «Е, Манап, не істедің сен?» «Япыр-ау, осы Белгіғұлов неге құлатып жіберді мені? Кейін дайындалып кел деп күлгені несі?» Оның алдында «маған жолықсын» дегенде не айтпақ болды екен? Түгіне түсінбейді. «Дегенмен Майқан өзгермелі өзімшіл адам болып шықты ғой. Қайдан сол Белгіғұловпен байланыса қалып еді? Айтпақшы, сол байланыстың өзі неден басталды осы?

Ие, ол былай болатын:

...Сұрғылт қабырғалы кең бөлменің іші толған хайуандар мен құс, жәндіктер. Бәрі де оқыс бір дыбыстан үрке жөнелердей кейіпте мелшиіп қалған. Мұнда тарихтан арғы заманда әлі адам ізі түспеген есіз жер сауырын мекендеген ихтиозабр сияқты таңғажайып алып жәндіктер де, кешегі бір жылдарда замандастарымыз өз қолымен жасап шығарған жаңа порода — леттори тауығы да бар. Солардың бәрі де тыныштықта, үнсіз, қимылсыз тұр. Абажурлы үлкен лампа жұмсақ, айқын нұр төгеді.

Манап Балғабаев бүгін осы хайуанаттар анатомиясы кабинетінде оңаша отырып қалып еді. Қабырға сағаты тырс-тырс соғады. Уақыт түн тереңіне қарай жылжыған сайын дәліздегі шу, аяқ дыбыстары да сирей бастаған. Тек қана анда-санда біз өкше туфлилердің еденге соғылған тырс-тырсы мен үлкен етіктердің тарпылы жақыннан естіледі де, алыстап, дәліздің басына қарай барып семеді. Манап кітабын ортасынан ашқан қалпы, әлдебір жәндіктің қан айналыс жолдарын көрсететін плакатқа келіп үңіле беріп еді. Арғы вестибюль жақтан біртіндеп шыққан аяқ тарпылы айқындала беріп, осы кабинеттің алдында тынды. Ақыры ғана есік ашылды да, әуелі қобыраған қара шаш, содан кейін үлкен қара көзілдірік көрінді.

— Ау, Балғабаевпысың?— деді галстугі сал төмен сырғанап кеткен Белгіғұлов оған жақындай беріп.— Дұрыс... дұрыс... оқы. Жақсы оқы. Студент деген осылай болуға керек. Сен өзің үміт ақтар жақсы студентсің.

Мұндай мақтауы аралас қоптау сөзге Манап қысылыңқырап қалды. Өманда салқын жүретін Белгіғұловтың енді мұндай жылы сөздерді мырзалықпен жұмсап тұрған мәнісін де түсіне алмады.

— Оқымасақ дұрыс болар ма! Ертең емтиханда не құлатасыз, не ұялтасыз ғой,— деді ол жіңішке қысық көзін сал күлімдетіп.

Белгіғұлов қарқылдай күлді де, арқасынан қақты.

— Жарайсың, Балғабаев, жарайсың. Сен сияқты студенті бар университетке ұят келмейді.— Майқан шылым тартты. Түтінін лекіте үрленкіреп жіберді. Манап мұрнына әлдебір ащы, қоңырсық иіс келді. «Ө, көтеріңкіреп алған екенсіз ғой»— деп ойлады ол.

Белгіғұлов түрегелді.

— Ал сау бол, шырақ. Оқы, оқы. Мен кетейін, кедергі жасамайын саған.

Ол тағы да жалғыз қалды.

«Сен сияқты студенті бар университет жарым болмайды». Манап жымнып күліп қойды. Сондай жағымды сөз. «Сау адамның ойындағысы мастың тілінде деуші еді». Расы ғой.

Содан кейін... Ие, содан кейін ол Белгіғұловпен кітап магазинінің алдында кездесті. Майқанның қолында екі үлкен бума бар. Зорға көтеріп барады. Манап оны қуып жетті.

— Мақа, бірін маған беріңіз. Алып барысайын,— деді. Белгіғұлов қуанып кетті.

— Ой, айналайын, жақсы болды ғой. Рақмет көмегіңе.

Екеуі әңгімелесе отырып Майқан үйінің алдына келді.

— Ал сау болыңыз,— деді Балғабаев.

Белгіұлов оған сондай бір жылылықпен қарады.

— Жок, жолдас. Енді үйге кіресің.

Манап қарсы болмады.

Ең алдымен, олар Майқанның кабинетіне өтті. Әуелі, студент көзіне түскен нәрсе кітап болды. Жағалай шкаф. Соның бәрінде де кітаптар. Манаптың Кәрім үйінде де болғаны бар еді. Мына кітаптар одан да көп сияқты.

Белгіұлов бумаларды ағытты. Әр шкафтың бос жерін сығалап қарап жүріп кітаптармен толтырды. Содан кейін Манапты асханаға алып барды. Қабырғалардың бәріне кілем ілінген. «Ой, қандай байлық десенші!»

Майқанның өзіне ұқсас бір қартан әйел столға тағам әкеп қоя бастады. Тодазытылған қазы мен құс еті де бар. Бір жерде қант себілген лимон да тұр.

— Біздің Манап Балғабәев деген студентіміз. Көп үміт күтіп жүрген тәуір студент,— деді ол өзіне ұқсас әйелге. «Белгіұлов бойдақ деуші еді. Мынау апасы болар» деп ойлады ол.

Сыртында «двин» деген жазуы бар күрең-қошқыл шарап та келіп орнады. Оймақтай-оймақтай рюмкалар да келді. «Баланың ойыншығы сияқты екен... Үлкендерін неге әкеп қоймайды?» Содан кейін Манаптың есіне өз елінде айтатын «қырық оймақ арақ ішкен адам мас болады» деген сөз түсті. «Әлде әдейі мас етіп тастағысы келіп отыр ма?» «Жә, қойшы, арақ емес, қызыл көрінеді ғой».

— Ал, қәне, сенің университетті табысты бітіріп шығуың үшін көтеріп қояйық,— деді Майқан.

Манап рюмканы алып ұсына берді.

— Жок, бүйірінен ұстама рюмканың. Сирағынан ұста.

Манап рюмканың сирағынан ұстады.

— Ие, сөйтіп... ал, қәне!

Рюмкалар сыңғыр етті. Кішкене қоңырау үнідей. «Ой, ғажап, шыныдан да осындай үн шығады екен-ау»— деп танданды Манап. Көтеріп тастады. Қалт тұрып қалды. Тұншығып кеткендей. Бір кесек от өңешін өртеп әрі жылжып барады.

— Ана шекер сепкен лимоннан алып жібер, жақсы болады,— деді Майқан.

Манап лимонның бір кесіндісін алды. Тағы да ғажап. Жаңағы өрт жалынын су сепкендей басып, бұл да әрі кетіп барады. «Ой, қызық-ай! Қызылдың да осындай ащысы болады екен? Әлде түсін өзгертіп қойған спирт пе?»

Құстың бір санын түгелдей ұстап, кесек жерінен қалсыра тістеп жатқан Майқан:

— Лимон коньякқа мың да бір табылмайтын басытқы,— деп күліп қойды.

«Е, коньяк дегені осы екен ғой»— деп ойлады Манап. Мандайынан тер бұрқ ете түсті.

— Ау, Манап, сен қысылма. Ал мына тамақтан. Ойда жоқта кездесіп қалдық. Барымыз осы болып жатыр,— деді Белгіұлов. Содан кейін тағы да коньяк құйды. Күле сөйледі:

— Ал мынаны менің денсаулығым үшін ішейік. — Манап дағдысынан шапшаңдау қимыл жасап рюмка соғыстырды. Дағдысынан қаттырақ сөйледі.

— О, сіздің денсаулығыңыз үшін!

Содан кейін денесі біртүрлі рахатқа батты. Дүниенің бәрі түсін өзгертіп құбылып кеткендей. Жаралай қызыл кілемдер. Қызыл абажурлы электр шамы. Майқанға қарап еді, айрықша бір нұрланып, күле сөйлеп отыр. Дауысы қандай жақсы. Жас баланы уатқан әже алдіндей. Жан дүниенді тербетіп ерітіп барады.

— Ал, кәне!— деген дауысты естіді ол тағы да. Манап алдына қарады. Қып-қызыл боп кілем тұр. Жоқ, қызыл күрең қол тұр созылып. Сол қолдың басында қызыл күрең бір түйін бар. Манап езуін жая күлді. Құлағына әдемі бір қоңырау үні келді де: «дын-ң-ң-ң...» деп ұзақ тұрып қалды. Жып-жылы болып ішіне қарай тағы бір ғажап бірдеме кетіп барады, кетіп барады... өзі қып-қызыл, өзі қозғалады. Жоқ, қызыл емес, әне бір жері аппақ. Өзінде біреу отыр ма қалай. Ие, ие, біреу отыр. Тікірейген шашы бар. Танауы жоғары қарай көтеріліп, делдиіп кеткен. Қалың ерні ыр-жияды, айқыш-үйкыш ақ тістері көрінеді. Басы қисайып, көзі кілмиіп барады. Көзі неге кілмиеді? Манап тесіле қарады да қарқылдап күлді. Айнадағы өз суреті екен. Енді бірде Манаптың алдынан жаңағы өз бейнесі сырғанап кетті, жоқ қалқып барады, қалқып барады. «Ой, қандай жақсы!» Манап көзін жұмды...

Манап оянып кетті. Айнала шынылы шкаф. Шкаф толған кітап. Гүлді мұхарама ілінген үлкен терезеден күн сәулесі түсіп тұр. Жым-жырт. Бір дыбыс жоқ. «Ой, ғажап! Мен қайда келіп қалғанмын?»

Манап жан-жағына қарады. Бұл Белгіұловтың кабинеті екені сонда ғана есіне түсті. Бойында бір сергектік бар. Ақыл-ойы ап-айқын. Ол түрегелді, жуынды, киінді. Асханаға барды. Үй ішінде тірі жан жоқ. Стол үстінде түңдегі ішкен коньяқтың бос шынысы тұр. Манап қолына алды... «Двин. Выдержка —12 лет. Крепость 50°».

— Ой, ой! Елу градус!— деп Манап қарқылдай күлді.— Елу градус болса бағасы да біраз бар шығар. Қайтадан жазу столына келді. Белгіұлов оған: «Манап! Мен университетке кеттім. Ұйқың қансын деп ояптадым. Тұрған соң шай іш. Алай бәрін де дайындап кетті. Егер шығатын болсаң, өзі іштен жабылатын есік. Қаттырақ сермеп жаба сал. Мына кітап саған тартуым. Майқан»,— деген қараз қалдырып кетіпті.

Манап әдемі мұқабалы кітапты алды. «Мутация қоры». Соның астында тағы да таныс жазу: «Қадірлі Манапқа! Ұстазы Майқаннан».

Манаптың кеудесін қуаныш кернеді. «Ой, білмей жүр екенбіз ғой. Майқан қандай қасиетті адам!»— деп дауыстады.

Балғабаев пен Белгіұлов достығы осылай басталды. Манап барғыштай беретін болды. Бір демалыс күні Белгіұлов оны таудағы санаторийға да апарды. Биллиард ойнауды үйретті. Тағы бірде ол Майқанмен бірге балық аулаймыз деп Ілеге де барды. Қыстығуі, құралы жоқ адамға не қылған балық! Бірақ Манап коньяк ішті. Жер көрді. Бір жасап қайтты.

Тағы бірде Белгіұлов Балғабаевты үйіне өзі алып барды. Гардеробтан су жаңа костюмін алып шықты.

— Манап, мына костюмды өзіме арнап тілкізіп едім. Байқамаппын, тар болып шықты. Сатып аласың ба?— деп сұрады.

Манап керемет қызығып кетті. Бірақ қымбат бағалы костюм алатын ақшасы қайда оның? Үндемеді. Шұқылап көре берумен болды.

Белгіұлов соны сезген болса керек:

— Сен ақшасына қысылмай-ақ қой. Кейін тауып берерсің,— деді.

Кедей студентке бір тамаша ой келді: «Ал егер ай сайын стипендиядан жырып алып, төлеп отырса!.. Манап қуанып кетті: «Бес-алты айға өйтіп-бүйтіп шығармын». Ол костюмді алып жатақханаға мақтана келді.

Студенттер де көтермелеп жатыр.

— Шетелдік бостон болса керек.

Ай бітті. Манап Белгіұловқа мүшелік жарнасын апарды. Майқан үндемей отырып қалды. Ренжігені арасы алыстап кеткен жұқа қабағынан белгілі.

— Жарайды. Егер мандайыңа бір костюм сыймаса, өкел таста.

— Мақа, мен өтеле берсін деп...— деп күмілжіді Манап. Майқан жылы рай берді.

— Баласың әлі! Мен сол костюмнің ақшасына қарап қалды ғой дейсің бе? Саспа. Жігіт болсаң, кейін қызметке тұрғанда бір әкеп тастарсың.

«Алтын сөз. Қандай мырза, қандай жақсы адам!» Ал сол жақсы Белгіұлов неге енді бүйтіп өзгере қалды?» Манаптың жүрегі мұздап кетті. Кенет қасына Гүлшат келіп отырды. Көптен бері теріс қарап, салқын жүрген Гүлшат жүзінде манағы бір аяушылығы бар. «Ай, Гүлшат-ай, адам жанын түсінесің ғой, сен!»

— Белгіұлов саған неге өшігіп алған? Не жазып едің?

— Білмеймін...

— Сондай үлкен адам. Тіпті тыңдаудың өзі қолайсыз болды,— деп мүдірді Гүлшат.

Манап слендеп қалды.

— Майқанды айтамын...

— Ие?..

— Біз емтихан тапсырып отырғанда сені жамандай сөйледі. «Оқымайды. Құр білгішсінеді»,— деді. «Анада Бозжанов диссертация қорғағанда да сөйлеп жатыр білгішсініп. Жоба болсайшы бір өзінде»— деді. Гүлшат Манапқа сондай бір мүләйім қарады.— Кешір, Манап. Біз сені Белгіұловтың айдап салуымен сөйледі деп жүретінбіз.

— Белгіұлов рас солай деді ме?

— Рас, айтам, құдай ақына бір қоспасы жоқ. Ал біз сені бекерге жазғырып жүріппіз. Тіпті олай емес екен ғой. Зада екеуіміздің жаңа көзіміз жетті.

— Ол иттің баласын ба! Оған мен... ол мырт-мерезге ме!— Манап тұтығып қалды. Өкпесі аузына келді. Гүлшат шошып кетті.

— Манап, саған не болған?

Манап көпке дейін үнсіз отырды. Содан кейін Гүлшаттың қолынан ұстады да өзіне тартты.

— Гүлшат, бір сыр бар. Айтайын ба?

— Ие, ол не сыр?

— Жоқ, айтуым керек. Бәрібір мені азаптап бітеді ол.

— Айтатын болсаң бөлденбей айтсаңшы,— деп Гүлшат шыдамсызданып қалды.

Манап оған тура қарады. Кішкене кезінде шын ашу бар.

— Білесің бе, Гүлшат? Мен сол Белгіұловтың үгітіммен Бозжановқа қарсы шықтым. Ол мені, мен сияқтыларды айдап салып, өзі тасада қалды.

Гүлшат үндемей төмен қарап отыр.

— Білесің бе, былай болды: Белгіұлов мені бір күні үйіне шақырды. Мен кешігіңкіреп бардым. Үйі толған қонақ. Өңгімелері Бозжанов екен. Жамандап жатыр.

— Өзіміздің студент,— деп таныстырды ол мені қонақтарына. Енді аңарып отырмын. «Бізді жақтайды» дегені екен онысы. Жұрт Бозжановты жамандай берді. Ал Белгіұлов болса, үндемей отыр. Бір заманда ол тура қарап: «Бұл пікірге сен қалай қарайсың?»— деп сұрады. Мен үндей алмай қалдым.

— Дұрыс емес пе мына жолдастардың айтып отырғаны? Мен ойланбастан «ие, дұрыс» дептің. «Олай болса сөйлейсің. Сендей күнімізде академикпен де алысқанбыз». Мен сөйтіп сөйлеп бердім. Енді байқап отырмын. Соның бәрі Белгіұловтың тобы екен. Мен мұны Добровка барып айтамын.

Бұрын қатарда жүрген Манап енді Гүлшатқа сондай бір бейшара сияқты болып кетті.

Арада біраз күн өтті. Манап университетте ойда жоқта Белгіұловты кездестірді. Майқан оны оңаша бір бөлмеге алып барды. Зачеткасын сұрап алды да, сұрамастан баға қойып берді. Содан кейін оған ашумен қарады:

— Сен немене жер-көкті дүрліктіріп жүргенің? Бозжановқа қарсы сөйле деп қашан саған костюм беріп едім?— Манап үндемеді.

— Сенің кім екеніңді түсінбеймін,— деді Майқан тағы да.

— Біліп тұрған сабақтан не себепті құлатқаныңызды мен де түсінбеймін. Не себепті жамандағаныңызды да түсінбеймін.

Белгіұлов ызалана күлді.

— Бейшара! Біле білсең ол сен үшін болатын. Есік алдында не деп тұрды сонда басқалар. «Белгіұлов досың, бар, кір. Сұрақсыз қойып береді...» Сол қулықты да білмегенің ғой.

Манап күнәлі түрде Майқанға қарады:

— Ой, Мақа, мен тіпті ойыма келмепті. Мақа, олай болса, кешіре көріңіз.

Белгіұлов оған күле қарады. Ашу күлкісі.

— Енді қайтып қарамды көрме. Дорақсын.

Майқан есікті сарт еткізіп ашты да шығып кетті.

Уаделі уақытынан Мәулен кешігіп келді. Сыртқы есік жабық екен. Сал тұрып қалды. Көңілді шу үйден мол естіледі. Дабырласып сөйлескен, күліскен адам шуы.

Толқымалы, жіңішке бір ән сазын көтерген пианино даусы сол шудан жырыла шығып барып, созыла тоқтады. Жұрт дүрліге қол ұрды. Адам даусы қат-қабаттасып, соншалықты бір мағынасыздықпен келіп жатыр. Кедір-бұдыр, жуанды-жіңішкелі, жоғары-төмен ырғақты қалың үрдіс дыбыс. Бұлардың бәрі де үй ішінің көңілділігін аңғартады.

Мәулен өзінің осынша кеш келуін орынсыз санап, бір есепті кетіп қалғандай жайда еді. Кнопкаға қолын апарған қалпы сал тұрды. Қоңырау даусы ойлаусыз жерден кенет шығып кеткеніне өзі де танданып қалды. Күтініп тұрғандай-ақ есік ашылды. Үйде әдемі бір іс бар. Мұрын қытықтарлық шөрдәрі дәмді тамақ иісі.

Адам шуы мол естілген бөлме есігі ақырын ашылды да, ар жағынан Инеш көрінді. Асыға басып осылай қарай келді. Үстіндегі мәжері қолға айқын білінер көк ала ұзын көйлек онсыз да жіңішке белін қынай түскен. Келбеті жаңғыра жасаяғыраған. Асықпай қонақтаған ашық күлкі бар. Сонысы Мәуленнің келуімен байланысты айқындала берді. Өзі кешесіні де, қуанышы да аралас бір әуенмен сөйледі.

— Неге кешіктің? Осының да дұрыстыққа жата ма? Тағы да дәлелді жолшыбай ойлаған боларсың? Мұның не? Қонаққа осылай келе ме екен? Жаксы киініп келмейтін бе еді?

— Түстен кейін көпшілік кітапханасына барып едім, Чернышевский диссертациясының қызығымен отырып қалыппын. Кешіре гөр. Кешігіп те, дайындалмай да келуім қолайсыз ғой, қайтып кетсем қалай болар еді?

— Кешірілмейсің де, кетпейсің де,— деп Инеш көзінің аласын ұлғайта күлс қарады да, Мәуленді шешіндіре бастады. Әлдебір конфета иісі аралас шыққан тәтті ыстық демі Мәуленнің суық бетіне тиіп қытықтайды. Осыдан кейін Инеш оның мойнынан ұстап өзіне еңкейтіп, құлағына бірдеме сыбырлап күлді. Мәулен онша көп мән бере қоймағандай. Манадан бері артына ұстап тұрған газет буманы сонша бір олақтықпен ұсынды.

— Не деуші еді? Ну, туған күніңмен...— деп Инештің қолын қысты.

Ол шыңғырып қалды.

— Не болды?

Инеш ақ марлімен ораулы оң қолының шынашағын бауырына тартып ұстап ауырсынып тұр.

— Қолыңа не болған?

— Күйдіріп алдым. Мәйнама бүгін көмек бермекші болып кір өтектей бастап едім, тұтқасы қолымнан сусып кеткені...— Инеш қолын біраз сілкіңкіреп тұрды да, ашусыз

ауырсынған кейіппен күле қарады.— Осы үшін кешіккен екенсің ғой, жүр енді тезірек.

Бұл бөлме кіші-гірім залдай болатын. Осыядай көңілді кеш, жиындарға арналған бөлме. Соғыстан бұрын Сабырдың бар кезінде сатып алынған сары пианино да осында тұратын. Демалыс күндері Инештің жолдастары келіп көңіл көтерісіп билейтін.

Енді соған біраз жұрт жиналған. Бөлменің ұзын бойына қойылған столдың екі жағы кең орналасқан халық. Стол үсті ала-құла бай. Ал фарфордан жасалған біркелкі тайпақ балық ыдыстарға салынған шұжық, тоназытылған қазылар. Әр түрлі ащы басытқылар да бар. Қуырмалған картофель, түздалған қиярлар, қызыл-жасыл қағазды шоколад-конфеталар, торт, винегрет, піскен алмалар аш көзді өзіне тартады.

Инеш еркін басып, дауыстап күле сөйлеп, столдың өзі отырған басына әкеп Мәуленді отырғызды. Дуласқан жұрт ең әуелі бұлардың келгенін аңдамай қалды.

Инеш өзінің жігішке даусымен қатты сөйледі.

— Кешігіп келген адамға қандай жаза?

Уақыттың өз тәртібімен қыза түсіп, ілгері жүріп бара жатқан осы үй ішіндегі кішкене бөлшегі бір сәтке тоқтап қалғандай болды. Ала-құла өз сөні, өз талғауымен киінген көп жұрттың көңіл көзі осылай ауды. Мәулен бұл арада аздап қысылыңқырайды. Өзін осы ортаға жатсынған адамша жөтеліп, қызарақтайды. Жанынан қол орамалын да іздеп таба алмады, пальтосының қалтасында қалған. Отырғандардың көбін танымайды да. Танитындары — университет студенттері. Олардан Гүлшат Аманова, Сымбат, Манап, Мұздарапов бар. Тағы Мәулен фамилиясын білмейтін екі-үш таныс студенттер де отыр.

— Бағымның майдандас жолдасы, қазір университетте оқиды,— деп Инеш енді таныстыра сөйледі.

— Кеш келгені үшін мол етіп шарап құю керек,— деді Мұздарапов жұрттан бұрын сөйлеп ұсыныс жасады.

— Дұрысс... мол-мол шарап құй, Инеш.

Сөйткенше болмады оның алдына ұзын, әрі ішті көк хрусталь рюмкаға құйылған қара күрең шарап та келіп орнады. Мәулен енді әлгі бір минуттық қысылушылықтан арылып та болған. Қарсылық жасамады, айыптылығын мойындай берді. Өзінше бір ептілікпен баяу созыла тұрып рюмканы қолына алды.

— Штрафын салған соң, бір ауыз сөзін де қиятын болар?

— Жок, ішіп алып сөйле.

— Қазір сөйлесін.

— Бәріміз де Инеш қуанышына жиналып отырмыз ғой...— деп Мұздарапов шапшаң сөйлеп Мәулейді толықтыра түсті.— Инеште қуаныш екеу. Бұл күні ол дүниеге келді, дал бүгін ғылым дүниесіне де шықты. Қыс бойы еңбек еткен мақаласының «Ғылыми запискаға» басылғанын көрген шығарсың?

Отырғандардың кейбіреулері таңырқасып қалды.

— Солай ма?

Инеш төмен қарап сәл қызара түсіп үнсіз отыр.

— Майқан тікелей басшылық етті, ә?— деп Мұздарапов Инеш жаққа бұрылды.— Жұрттың айтуынша ғажап адам көрінеді ғой өзі, жастар үшін, ғылым үшін белі қайысатын.

— Белі қайысатыны рас,— деп Гүлшат оның сөзін әуелі қуаттағандай болды.— Белтіғұлов жастар үшін көп еңбек сіңіріп келеді. Торғай ма, тоқылдақ па? Не шайқары белгісіз, бірақ.

Жұрт ду күлісіп алды. Манаптың сары өңіне неге екені белгісіз дулап қан тепті.

— Жұмыртқа табыла берсе, Белтіғұлов шайқай беруден жалықпас-ты. Бірақ соған шірік жұмыртқа болмаса сау жұмыртқа табыла да бермес,— деп бір студент тереңдетіп әкетті. Сөзін қасақана Манапқа қадап отырғандай. Жаңағы бір асқақ құбылыс Инеш жүзінен ұшып кеткендей. Аздап жеңіл күрсініп, бұл сөзді ұнатпай қалды.

Мәулен сол рюмка ұстаған қалпы, сөзін бастай бере тұрып қалған...

Оң-жанатта офицер формалы жігіттің жанында отырған қоңыр жүзді, үлкен бұғақты әйел ашық, айқын мінезділігін көрсетіп, сөзге араласты.

— Қойындар, бізге таныс емес өз араларындағы бірдемені. Мына жігітке сөз беріп, тыңдамай қоюларың не қызулық, не жолсыздық. Кәне сөйлеп жібер, құрбым.

— Мен Инештің ата-анасының денсаулығы үшін!..

— Дұрыс-ақ!

— Ал келіндер!

— Өздері қайда, өздері?..

— Шақыру керек өздерін.

Басқа бөлмеден Дәулеткерей келді. Өзінің кішкене ықшамды денесін тез үйіріп лез-лез басып келеді. Сүйір шоқша сақалы сөйлегенде ерсілі-қарсылы шапшаң қозғалады. Үнемі күлімдеп тұратын кішкене қызыл жүзінде қуаныш бар.

— Рақмет, шырақтарым... Ей, батыр-ау, қайдасың?— деп ол әлі де келе қоймаған Мәдинені дауыстап шақырды,— аяғыңды басыңқырасаңшы, ішпесең де басыңқыра, батырым.

Жұрт көзі есік жаққа күтіне қарады. Ауыр басып Мәдине кірді. Көзінің алдында аздап күлтеленген ісік бар секілді.

Дәулеткерей рюмканы бір-ақ көтерді де, сүйір сақалды иегін шапшаң қозғап тез-тез сөйледі.

— Ал, балаларым, біз сендерді жаңа дүниеге әкеп бердік, осыған рақмет айтыңдар. Ендігі үлкен тәрбиешілерің — осы заманның өзі. Балалар бақшасы, мектеп, жоғары оқу орны... содан соң мемлекеттік жұмыс... тіпті әке-шешенің бұл күнгі тәрбие мәселесіне кірісер реті де жоқ. Мына батыр осыны түсінбейді, ішіндір, киіндір, туған күнін тойла... оқыт... ал тәрбие мәселесін бар ғой... жо-о... жо-оқ... біз ескі дүниеден жүкпен келген адамдармыз. Сол жүктің сарқынын балаға ауыстырып қайтеміз деймін. Біздің міндет енді қысқарды. Оның үстіне қарап отырған жандар емеспіз біз де. Атқарып жатқан мемлекеттік жұмыстарымыз бар адамдармыз.

— Дәке, дұрыс айтасыз,— Мұздарпапов қосарланып қалды.

Енді жаңағы Дәулеткерей сөзіне жалғасып, осындай сауатты жиынға лайық жеңіл таластар туды. Педагогика мен балалар тәрбиесі жайында сөйленді. Осының бәрі бөлшек-теніп, ұсақтап барып бірі тарихқа, енді бірі соның келешегіне, үшінші біреуі ғылымға тартты. Ішіп алған жұрттың аз тыңдап, көп сөйлегісі келетін әдеті ғой. Жұрттың бәрі де даурығады.

Сол кезде қашан да осындай топқа жаналық ашып тастағысы келіп тұратын Мұздарпапов паникаға барып, жұрт даусын баса шаңқылдай сөйледі.

— Замандастар, мен өзіміздің осы жиынның ұйтқысы болып отырған Инезилия көбірек ұнататын бір биді ойнаймын.

Енжар өзгеріп, ауысқан дала өміріндей соншалықты созымды, баяу, ауыр этранж биі тартылды. Отырғандар дабырласа, күлсе тұрып екеу-екеу еншелене барып билей бастады. Инеш сал оқшаулау қалған Мәуленге ықыластана келді:

— Неге отырсың томсырайып? Жұр, билейміз.

Мәулен ортаға енжар шықты.

— Бұл би маған ұнамайды, Инеш.

Инеш оған аса бір мәнмен наздана қарады.

— Неге?

— Жүрекке жат бір мұңы бар би.

— Онда түсінбегенің,— деп Инеш жүзін бұрып алды.

Содан соң қайта Мәуленге жоғары қарады.

— Ал, сен қандай биді жақсы көресің?

— Кеңілді, қуанышты билердің бәрін де... Айталық, тарантелла, венгерка. Бұлар қайнаған су секілді, күш пен қимылдың демонстрациясындай. Билемейсің, просто дем алып қаласың.

Өзінің ұнатпағандығын айқын байқатып Инеш күліп алды.

— Дөрекі билер...

Мәулен қарсылық білдіріп әрі таласпады. Ендігі бір айналғанда оның көзі Гүлшатқа түсті. Ол соншалықты сыйпаылықпен Дәулеткерейдің алдына барып шалды өзіне қаратты.

— Ақсақал, биге ықылассыз тұрғаныңыз қалай?

— Көп болды ғой, ұмытып қалған болармын,— деп Дәулеткерей дудемал сөйледі.

Ар жағында, табалдырық алдында билеушілерге зер сала қарап, сағынышты кейіппен тұрған Мәдине оны баса сөйледі.

— Мына шіркіннің ойында бірдеме бар ғой, тегі. Не бар жастар арасында? Былай тұр.

— Батыр-ау, айтып тұрғаның не? Би осы шалыңнан құтылып кетіп пе еді, айтшы өзің. Тұғырынан тайып жатқан қартың жоқ, билеп те жібереді балалардың қызығы үшін.

— Ал, билеңіз, көне,— деді Гүлшат.

Көтеріңкі «полька-кокетка» тартылды. Қарт ендігі үгітті қажетсінебеді. Гүлшатты алып ортаға шықты. Кей жерінде жаңыла басып, айнала берді.

Жұрт қошаменпен алақан ұрды. Ол үлкен қол орамалын қолына алып еңтігін баса алмай отырған қалпы, жастар ықыласын қабылдап жатыр.

— Билемегелі қашан, шырағым, мүлде ұмытып қалыппын,— деп қасында жұмсақ креслода отырған Гүлшатқа қарады.

— Жоқ, жақсы билейсіз. Кезінде тым тәуір билеген боларсыз.

— Бізді мына ақ тартқан сақалды қалпымен туды деп пе едің, батырым-ау, сендер секілді біз де жас болғанбыз.— Сол мезетте жұрт екеу-екеу қызу сөзге кірісті. Мәулен мен Инеш соны пайдаланып елеусіз бір шақта террас жақтан сыртқа шықты.

Қысқы түн. Аздап қытымыр аяз бар. Аспан да, төңірек те бозаңытады, күңгірттесе бозаңытады. Қала іші тыныш. Алыста, бірінші Алматы жағында айқайлаған паровоз даусы талып, дірілдеп естіледі. Бұтақтарына әр қилы пішіндес ақ қырау қонақтаған алма ағаштары мелшініп, қозғалыссыз қалған. Әр тұстан жоғарыға тік көтерілген электр жарығы аспан қараңғылығына найзаша сұғынып биіктей барып жоғалады. Бір сәтте әлдебір ғаламат жалтырауық ұзын бағаналар секілденеді.

Қабыршақ қары күтірлеп сынған тайғақ тар аллеяға ағараң тартып селдіреген алма ағаштарының арасымен бұларды сонау түкпірге тартып барады. Үйдің осы жақ терезелерінен түскен сәуле де алыстап, ағаштарға тасаланып қалды. Жаңағы бір тұманша бозаңытқан күн қараңғылығы бұл түкпірді еркін мекендеп алған.

Ең әуелі олар үнсіз келді. Инеш кенет тоқтады.

— Әрі бармаймын. Қорқынышты екен.

— Мен тұрғанда да қорқасыз ба?

— Қорғай алсаң?... ол Мәуленге қарады. Соншалықты жарасты, қуанышты келбетпен күле қарап тұрғанын Мәулен көрмесе де сезіп тұр.

Мәулен сабырлықпен сөйледі.

— Қорғай алатын, алмайтыныма көзің әлі жеткен жоқ па?

— Жетсе, жаңағы сөз айтылар ма еді? Сен сараңсың, Мәулен,— деп Инеш сықылықтап күлді.

— Қай мөнде?

— Мен әлі күнге сенен өз сезіміме лайық сезім тауып көрген жоқпын.

Мәулен күлді.

— Сезімге түсінбейді екенсің онда, Инеш.

— Жақсы түсінемін, Мәулен, тым жақсы түсінемін.

— Түсінсең, сезімді сезімге билетпей, ақылға билету керек екенін де бірге түсінген жөн.

Инеш сәл күле қарап қалды.

— Өзің нағыз ғалым болып алыпсың ғой. Ие, бар сезіміңді сол салқын ақылдың жұтып кетпесе жарар еді. Күн не деген суық, тоңып кеттім. Үйге кірейікші, Мәулен.

Мәулен оған сәл жақындай түсті.

— Тоңып қалдың ба?

— Рас, тоңдым.

— Кел, жылытайын ендіше!— Мәулен құшағын ашып Инешті өзіне тарта беріп еді, террас алдынан жаңғырыға дауыс шықты.

— Инеш-ау, Инеш!

Ол «тұра тұр» дегендей Мәуленнің білегінен тартып тоқтатты да, жүгіре жөнелді.

Мәулен көп тұрды. Аздап ысқаяқ жел біліне бастады. Ауа тоңазытып қырауыта түсті. Бірте-бірте төмендеп барып ай тау басына ілінді. Сол бір құбылыс Мәуленге тамаша әсер етті. Тау жүлгелерінің нобайы енді айқын көрінсін. Бергі беткей қалың қараңғылыққа батып жатыр. Жаңағы бір ай сәулесінің қоңырқай құшағына қауышқан тау ұштары біріне-бірі жалғаса алыстап, аспанның бір белдеуі

сияқтамады. Аздан соң өзінің ағараң сәулесін қала үстіне ақырғы рет сеуіп, ай таудан асып жоқ болды. Жаңағы жасанды белдеу де бірте-бірте өшіріле ірі бастады. Тек сонау таудан жоғары тұрған қыс бұлттына қоңыр мұнар сәуле барып ілініп аспан әлемінен айқың жыра көрсетеді. Енді бірде ол да күндірттене семіп, ала көлеңке аспан кеңістігіне батып, көзден таса болды.

Мәулен тоңазимін деді. Террас жақтағы жаздықүнгі газонның үстімен ақырын басып келіп терезеден қарап еді, үй іші столға қайта отырған. Инеш дауыстап күліп, ықыластыларға шарап үлестіріп жүр. Енді қайта шығар белгісі сезілмейді. Мәулен де үйге кіріп өз орнына келіп отырды.

— Кеш келіп, ерте кеткен бұл неткен жан еді, деп қайран қалып отыр едік,— деп манағы бұғақты әйел оны қағыта сөйледі,— қайда болдың, құрбым-ау, басы, көзің қырау болып?

— Далада... Тым жақсы екен... таза ауа жұтып келдік... Шығып, сіздің де салқындауыңызға болады.

Сол кезде бұған жағалап Инеш те келді. Ашық, тартымды күлкісін ұсына келді. Шарапты толтыра құйып, мұның қолына нұки ұстатты да, аса бір жарасымды ойнақылықпен құлағына сыбырлап күлді:

— Тым болмаса, бір рет осылай күтуің керек қой. Көп күттіріп піскен тамақ дәмді болады, іш мынаны!— Оның бұл қылығы Мәуленді жадырата түсті.

Осы бір кезде Гүлшат жеке өлең айтылуын ұсынды да, өзі бастап Нежданованың орындауымен көбірек таныс, әлдебір операдан жақсы бір арияны айтып берді. Сонсоңғы өлең алашабырланып кетті. Орысша да, қазақша да, жаңа да, ескі де әндер айтыла бастады. «Сырымбет», «Шилі өзен қамысы» шырқалды. Осы күнгінің «Қаракөзі» мен «Қарлығаштары» да, бейбітшілік әндері де мол орын алып айтылды. Домбыра кезегі манадан бері өз сыбағасын үнсіз ішіп-жеп отырған Сымбатқа барды. Ол өзі жақсы қызып алған екен. Сонда да батымсыз сөйлеп, қолына домбыраны ала қоймады.

— Өлең айта алмаймын, даусым жоқ,— деп көп ұстады халықты.

Инеш оны көпке таныстыра сөйледі:

— Ақын жігіт, жас ақын... өн білмессен, өз өлеңдеріңді айт...

— Ақын?

— Ие, ақын.

— Ойбай-ау, ақын отырғанда өлендетіп жатқан біздің жүрегімізде түк бар екен-ау,— деп манағы бұрақты қоныр әйел тамашалай сөйледі.

— Айт, ал, өз өлеңдеріңді оқы.— Жұрт көтере дау-рығысып қаумалап өкетті.

Сымбат теңселіңкіреп тұрды. Өзірге сал ойланды да, соншалықты жуан, күшті ырақты даусымен:

— «Нем бар менің қалдырар?»— деп алды да, бөлмені жағырта тақпақтап, жатқа оқып кетті.

Ұрығындай бәйшешектің
Жетсе мезгіл төгілдім.
Қоштасармын мәңгілікке
Базарымен өмірдің
Тыбыт басар қыршын жанды,
Саусақтарым салдырар.
Сонда мынау ұлы ұрпаққа
Нем бар менің қалдырар?—

деп Сымбат жұртқа сұрана тоқтады. Көп көңілін өзіне баурағысы келгендей сол қалыпта сал тұрып қалды. Сымбаттың осы бір шақтағы бар қимылын да, өлеңін де ұлтайта, сұлуландыра қабылдап, лытып отырған Инеш кішкене қолын жоғары көтеріп, шалақтап жіберіп еді. Мұздараповтан басқа ешкім іліп әкете қоймады. Көп көңіл елікпей, тосансып отырғандай.

Қызу бөлме ішін тыныштық пен ой басты. «Бұларын не?» дегендей Инеш көңілі жүдеу тартып қалды. Бірақ бұл әркімнің алған әсерін жинақтай алмай қалған алғашқы кем сәттегі жан іркілісі екен. Ендігі сәтте дуылдасып кетті.

— Міне, ақын!

— Міне, өлең!

Манағы бұрақты әйел қуақылана сөйледі:

— Өмір мағынасына тереңдеп бойлап, жауап іздеген екенсің, жаным, қалдырар нең бар еді? Оқы, оныңды да тыңдайық.

Сымбат енді тартына қойған жоқ. Алдындағы рюмканы көтере салды да, бұрынғыдан да өткірірек сөйледі.

— Енді «Қанды орамал» деген өлеңімді оқып-берейін.

Бұрақты әйелдің қасында манадан бері үнсіз отырған офицер:

— «Қанды орамал?!»— деп шошынған адамша ішінен тартты.

— Не болды саған, байғұс-ау,— деп бұрақты әйел еріне адырай қарады.— Жоқ жерде сақ бола қалатының-ай осы! Немене орамал қанға былғанбай ма екен? Ие, айта бер.

Офицер сөзін ұнатпай қырамады ма, Сымбат басын қолына қойып сал отырып қалды.

Офицер әйелінің ырқынан шыға алмайтынын танытып қалбақтай берді.

— Жок, жок, оқы жігітім. Әрине орамалға қан тамады... Орамал қанға былғанады. Мәселен, байқаусызда қатты сіңбіріп қалсаң... сөйтіп, байқаусызда мұрнынан қан кете қалса... орамал былғанбағанда қайтеді.

Сымбат мырс етіп күлді де, басын көтерді.

— Басында көк Дунай суреттелінуші еді. Есіме түспей тұрғаны...— деп тоқтады.

— Есінде қалғанын айта бер,— деп ду ете түсті жұрт. Сымбат енді көп кідірмеді. Еркін ырақпен әсерлендіре тақпақтай жөнелді.

...Жатыр жерде қанды орамал,
Оқ паршалап жыртып кеткен.
Сарғайған бір жапырақтай,
Жел үрлесе желп-желп еткен.
Уа, кестелі қанды орамал!
Келдің қалай жат өлкеге?
Жел өтінде, оқ өтінде
Жабырқанқы жатсың неге?
Жабырқанқы жатсың неге?
Мекенінде алыс елдің?
Сені ұсынған жас сұлудың
Жарын қайтып оққа бердің?
Қолыма алдым орамалды
Қайта-қайта қарай бердім.
Көрдім сағынып күткен жарды,
Көрдім ісін өлген ердің.

Бір сәт тоқтай тұнып қалған үй іші қайта дүрліге жөнелді.

— Міне, ақын! Бұл өлең ерлік пен махабатты пәш еткен!— деп Инеш жұрттан үзік қалып, ұзақ қол соқты. Мәулен болса түсініксіз бір сезімде отырғандай. Осы бір сәтте дүниеде Мәуленнің барын ұмытып кеткен Инешті қызғана ма, әлде томаға тұйық жүретін Сымбатқа жұрттың соншама көшемет көрсетуін артық санай ма, өзі де білмейді. Түрегеліп, қалтарыстау бір жерге келіп тұрып еді, кенет біреу жеңінен тартты. Қараса, манағы бұғақты әйелдің жанындағы офицер екен.

— Қандай тамаша ақын!

— Тамашасы тамаша-ау, бірақ шер мен мұңды көп жазады екен,— деді Мәулен өз ойындағысын ағынан жа-рып,— тегі, талқылайтын шығармыз.

Офицер сленгте қалды. Мәуленді қолтығынан алып дәлізге қарай тартты.

— Онда осы пікіріңді жазып берсеңіз қайтесі?

— Кімге?

— Ну, айталық маған...

Мәулен ашулаңқырап қалды.

— Тапқан екенсіз тәлкекті. Неғыл деп жазам? Қатесі болса, жазбай-ақ түзетеміз. Партия, комсомол ұйымдары бар.— Мәулен даусы қаттырақ шықты білем, офицер оның білегінен қысты:

— Сіз түсінбей қалдыңыз.

— Түсінбейтін бала емеспіз.

— Жо-о... мен өлеңдері тәуір екен. Жаттап алатын өлеңдер екен деймін. Шіркін, көшіріп, жазып алса...

— Е-е...— деп Мәулен жайыла сөйледі,— шошып қалғамшы.

Осы кезде бұғақты әйелдің:

— Махаббат тақырыбына жазған өлеңдеріңді оқы!— деген даусы шықты.— Әй, Қарабас, қайда кете қалдың? Мында кел!

Офицер Мәулен білегінен қайта бір қысты да жөнеле берді. Сол кезде тағы да Сымбаттың мақамды даусы шықты:

Мойылдың басында өскен дәні толық
Бір мәлдір қарақатқа тұрмын қарап.
Қарасам...
Ғашымының көзі болып
Өзіне ол жүрегімді тартып барад.

...Дарига-ай, өткіздік қой осы жерде
Жаныма у боп келген таңның көбін.
Мен үнсіз тұтқынына болып пенде
Тұрып ем той кезіңе қарап сенің.
Сонда нақақ көзіңнен көргем ғажап
Өзімнің суретімді езу тартқан...

Сымбат сал ойлана тұрып:

— Ар жағын ұмытып қалған екем. Ал жақсы, соңғы шумағын айтайын. Ол былай аяқталады:

Сол күнді еске ал қараймын қарақатқа,
Қарасам жүрегіме түседі шок.
Бірақ мәлдір сезімсіз қарақатқа
Жан толқытыр күш те жоқ, сурет те жоқ,—

деп орына келіп отырды.

Ішіп, қызып алған жұрт тағы да ырзалық белгісін танытып жатыр.

— Ақын үшін, жолдастар!

— Сымбат үшін. Сымбаттың денсаулығы үшін!

Хрусталь рюмкалардың сыңғыры естілді.

Өзілге ұста бұғақты әйел Сымбатқа жақындап кеп:

— Өзінді әлі ештеңе білмейтін періште екен деп қалсам, дүние сұмдықтың бәрін білесің ғой, шырағым-ау, қайда жүріп өткергенсің соның бәрін,— деп әдемі бір назбен нұқып қойды.

Ендігі жұрт көңілінің гүл шоғы осы Сымбат болып алды. Өзіне қадалған көп көзден тайсалар ол жоқ. Теңселе басып Инештің жанына барды.

— Ин-неш... бәрі де сен үшін...

— Өтірік айтасың. Тым болмаса... осындай реті келгенде бір куплет арнап жазып өлең де әкелмейсің.— Содан соң ол стол үстінде тұрған гүлден екі-үш талшығын шапшаң жұлып алды да, Сымбаттың төс қалтасына сұқты,— ақын болсаң... ал көне...

Сымбат соншалықты шапшаңдықпен ұшып тұрды. Кеудесін ілгері шығарып, басын кейін алып, үлкен қара көзін үй бұрышының жапсары арқылы әлдебір қиыр алысқа қадады. Жүзіндегі жаңағы бір қуаныш, еркіндік жоғалып үлгірді. Енді түсінгенді сүйсіндіріп, түсінбегенді түршіктірер әрі салқын, әрі сұсты керемет бір ызбарға мінді. Сол салқындықтан, сол ызбардан от ұшқындағандай. Әр секундта лап етіп тұтанып кетердей ой мен от араласады. Ол аузын бағып үнсіз қалған осы топты көзіне де ілер емес. Аздан соң ойын жинап алды да, өзгере күліп Инешке қарады. Кеудесіндегі гүлді қолына алып көтере ұстады. Осы Инеш гүліндей мұның да кеудесінен өлең гүлі шешек атып кетті.

Гүл!

Ғажап бейнесін бұл жастық шақтың
Ақынның кеудесіне әкеліп таптым,
Осы гүлден ғажайып ұқтым сырды,
Осы гүлден жанымға рақат таптым.

Гүлі жоқ өлеңдердің бәрі жалған,
Гүлсіз өмір бар деп мен түсіне алман,
Гүл, қыз нәзік ойыма қозғау салар,
Өлеңдей өсерленіп өзім жазған.

Жұрт бір-біріне қарасып, мәз болысып қалды. Инеш тіпті Сымбатты өзіне еңкейтіп, маңдайынан шөпідете бастады. Сын көзімен қарамақ болып отырған Мәулен де үсті-үстіне қол соқты.

Бұғақты әйел енді еркелік білдіре сөйледі:

— Неменс, бұл «Инеш», «Инеш»— деп үзіліп қалғаның, қайным-ау. Түйенің танығаны жапырақ дегендей. Бізге де бірдеме шығарсаңшы. Ең болмаса, осындай ойын-тойда айта

жүрейік.— Осыны айтты да ол оқыс күйеуіне бұрылды.—
Өй, жәйіңа отыршы күңкілдемей. Мені жаңа көріп пе едің?
Бас қосқан соң ұрысқан адамдарша қалай томсырайып оты-
рамыз, көңіл көтермейміз бе?!

Ішкілік Сымбат буынына түсе бастаған болса керек,
күрмелінкіреп сөйледі.

— Жарайды, жең... жеңгей. Қа... қалағаныңыз болсын...
Қағаз... қарындаш...

Тағы да ақын тапқырлығын күткен жұрт шарап буы
денелеріне жайылса да, тынып қалды. Сымбат қолына
қарындаш алып ұзақ отырды. Содан кейін:

— Жок, мен бұл жерде отырып өлең жаза алмаймын,
онаша бөлме керек!— деді.

— Оңаша бөлме дейді, Инеш. Оңаша бөлмеге апарыңдар.

Инеш ұшып тұрып, бос тұрған бір бөлменің есігін ашты.
Сымбатты жазу столына әкеп отырғызып, сол жерде тұрған
қалпақты шамды жақты.

— Бар, жүре бер, кедергі жасайсың,— деді Сымбат.—
Аналарға шулама де.

Инеш аяғының ұшынан басып бөлмеден шықты да
тәптіштеп есігін жапты. Тынып қалған жұртқа кеп «үнде-
мендер»— дегендей сұқ саусағымен ернін басты. Жаңа ғана
дулап жатқан бөлме іші сап болды. Қонақтардың бәрі де
бір кереметті күткендей. Бұғақты әйел тым ерекше. Онсыз
да тартымды, сұлу реңкінде айрықша нұр ойнайды. Осылай
бір шама уақыт өтті. Сымбат отырған бөлмеден тырс еткен
дыбыс шықпайды. Бір кезде шыдамы таусылған бұғақты
әйел «бар, білсейші!»— дегендей Инешке ым қақты. Инеш
тағы да аяғын ұшынан еппен басып барып бөлменің есігінен
сығалады. Аңырып сәл тұрды да есікті шалқайта ашты.
Сонан соң бар даусымен ішек-сілесі қата күлді. «Не бол-
ды?»— деп таңырқаған жұрт осылай қарай ұмтылды. Бірақ
Мәулен бәрінен бұрын жеткен еді. Қараса, Сымбат жазу
столына басын салған да ұйықтап қалған. Қор-қор етеді...

Мәулен де шыдай алмады. Сағатқа қараса дем алатын
уақыт әлдеқашан болған. Ертеңгі сабақтары есіне түсті.
Кетуге ыңғайланып еді, қонақтар да іркілген судай бірден
көтерілді.

Дала тынық. Әркім екеу-екеу болып тарасып жатыр.
Солардың алдында манағы бұғақты әйел мен Қарабас
аталған офицер оқшауырақ көрінеді. Шамасы ұрсысып ба-
ра жатқан секілді. Неге екемі белгісіз, Мәулен Қарабасты
соншалық жек көріп, бұғақты әйелді ұнатып қалған
секілді.

Гүлшат Аманова күн санап Москвадан жағымды хабар күтті, асыға күтті. Бірақ хабар болмады. Ең әуелі, ертеңді-кеш сол жайында жиі-жиі өңгіме қозғап жүретін Зада мен Алочканың да салқындай бастаған жәйі бар. Сондай бір түйткіл сезім Гүлшатты да билеп бара жатқан секілді. «Жарамайтын болғаны да, әйтпесе хабар келер уақыты озды ғой», — болды ой қорытындысы.

Бірақ мұндай сәтсіздікке шағыла қалу — Гүлшатта болмайтын қасиет еді. Қайта соны істерге, немесе, сол сәтсіздіктердің себептерін ашуға бойлай беріліп кететін-ді. Сондай мінезді Аманова енді университет студенттерінің ғылыми конференциясында баяндама жасау үшін жаңа бір тақырыпты тандап алып еді. Енді сабақтан бос уақытын сол баяндамаға дайындалумен өткізетін болды. Жазылып біткен жағын анада ақыл-пікір алмақ болып дарвинизм кафедрасының бастығына апарған еді. Белгіғұлов сырғақтай берген. Докторлық диссертация қолын да, ақыл-ойын да байлап қойғанын айтқан. Конференция таянған кезде тағы да бір соғарсың деген желеумен шығарып салған-ды.

Гүлшат қайтып Белгіғұловқа бармады. Кәрім болса бұл кезде командировкамен Кеген алқабында жүрген болатын. «Бозжанов бүйтіп уақытым жоқ, кейін кел деп бөденбес еді...» деп ойлады ол.

Бірақ Амановаға қайтсе де ақыл-кәнес керек болды.

Гүлшат баяндамасын қайта бір қарап шықты да, тура Викентий Викентьевичке келді. Добров кабинетінің алдында ол ашаң өнді, ұзын бойлы, аздап мұрны үлкендеу болса да тым сымбатты бір әйелмен кездесті. Екеуі де қуанысып қалды. Бұл Сато Шираз дейтін армян қызы еді. Гүлшат оны бұрыннан білестін-ді. Сато өткен жылдан бері университеттің журналистика факультетінде сырттан оқиды. Оның партбюро хатшысының көмекшісі болып істегеніне де біраз болып қалды. Сато тау халқына тән қызба сөзшеңдігімен, кітапты сүйіп оқитындығымен таныс болатын. Қайтсе де оны Гүлшат іш тартып жақсы көріп жүретін. Әлгі бір кездескен бетте екеуінің де күле амандасып, қуанысып қалғаны да содан.

— Викентий Викентьевичте кісі көп пе? — деп сұрады Гүлшат.

— Біраз адам бар.

Осы жауапты естіген Гүлшат «күте тұрайын» деген оймен диванға келіп отырды.

Бір ғажыбы Шираз үлкен-кіші, құрбы-замандастарының бәрімен «сіз» деп сөйлесетін еді. Ол Гүлшаттан да:

— Викентий Викентьевичте шаруаныз бар ма еді,— деп сұрады.

— Иә, бір мәселеде ақылдаспақшы едім.

— Онда кіріңіз, ол кісі өзінде.

— Бөтен адамдар бар деген жоқсың ба?

— Болса қайтеді. Викентий Викентьевич ешкімнен сыр бүкпейді. Өрі келген адамды алдында сарылтып күттіріп қоюды ұнатпайды.

Гүлшат танырқап қалды. Таяуда оның республикалық бір мекемеде болғаны бар еді. Бөлім бастығына кіре алмай екі сағат отырған. Алдындағы көмекшісі де есік алдында көлденең тұрып алып:

— Бәленше бәленшейіне занят. Қабылдамайды,— деп келген-кеткен адамдарға бет бақтырмаған-ды. Ақыры Гүлшаттың табаны күректей екі сағат күткен шаруасы екі минутта шешілген болатын. Уақытының көп кеткеніне қарамастан: «Е-е, бастық деген осындай болады екен ғой»,— деп танданып қайтып еді. Содан бері бастық десе болды, неге екені белгісіз ұзақ отырып сарғая күту деген бір ұғым қабаттаса беретін-ді.

Міне, енді сол ұғымының быт-шыты шықты. «Сарғая күттірмейтін де бастық болады екен-ау»,— деп танырқады.

— Кіре беріңіз,— деп қайталады Сато тағы да. Сөйтті де есікті барып ашты. Гүлшат ойда жоқта оп-онай, түк қиындықсыз үлкен кабинеттің табалдырығын аттады.

Добров столдан сал көтеріліп барып бас изеп көңілді амандасты да жүрексіне басқан Гүлшатқа:

— Былай шығыңыз, отырыңыз,— деп өз столына ніндес жердегі бір орындықты көрсетті. Студент арызын бұрын шешер дағдысы бар екен оның. Сол әдетімен Гүлшатқа жылы шыраймен қарады. Қарсы бетте отырған бір жігіт сөйлеп жатса керек, о да кідіріп Гүлшатқа қарап қалған. Добров оған «қазір»— дегендей қолын көтерді:

— Ал, Аманова жолдас, сабақ қалай?

— Жақсы...

— Құлағым сізде...

Гүлшат қысылып қалды. Біреудің үстіне кіріп әңгімесін бөлгені үшін өзін айыпты санағандай. Келген шаруасын шұбатыңқырап, түсініксіздеу етіп айтты.

— Аманова жолдас, бұл мәселені атүсті шешу — үстірт болар. Егер уақытыңыз болса, мына кісілерді жөнелткенше отыра тұрсаңыз?..

Бәрін қойғанда Добров үлкен ғалым адам. Уақытқа зәру бір адам болса, Викентий Викентьевич соның нақ өзі. Сол себепті Гүлшат сияқты партия комитетіне келгендер, ең

алдымен, жұмыс басты Добров уақытымен санасуға тиісті ғой. Жоқ, олай емес, келушінің уақытымен Добров сана-сады. Гүлшатқа бұл да бір жаңалық болып көрінді.

— Викентий Викентьевич, ол не дегеніңіз, егер тығыз шаруаңыз болса, кейін де келуіме болады менің. Уақытым кең,— деді Гүлшат.

— Оқасы жоқ онда. Отыра тұрыңыз. Мына кісілерді тезірек жөнелтуге тырысармыз,— деп Добров диванның өзі жақ басында отырған жаңағы сепкіл бетке қарады. Гүлшат оның сөз жобасынан университет аспирантурасында оқитын жігіт екенін аңғарды. Командировкаға барғысы келеді екен. Ленинград архивынан біраз материалдар табыла ма деп үміт етеді.

— Бұл мәселеде ректормен сөйлесіп көрдіңіз бе?

Сепкіл бет сақтықпен тартына сөйледі:

— Бардым...

— Не деп еді?

— «Сенің командировкаң биылғы сметада жоқ болғандықтан реті келмейді»...

Добров енді қандай материал керек екенін шұқшия қазбай сұрады. Содан кейін тұжырымды жауап берді:

— Жақсы, көмектессейік. Бізде үлгірмегендіктен творчестволық командировкасын келер жылға қалдыр деп өтінушілер бар. Сондай тек жатқан қаражатты пайдалануға, біз білетін ректор болса, қарсылық етпейді. Жүруге дайындалыңыз.

Сепкіл бетті аспирант ырзалықпен хош айтысты.

Ендігі кезек стол қарсысында отырған әйелге келді. Ол қолындағы қалың папканы Добровтың алдына қойды.

— Бұл неткен папка,— деп сұрады Добров.

— Айдаровтың диссертациясы. «Абайдың көркемөнерге көзқарасы». Қазақ әдбистінің кафедрасы сіз танысып, пікір айтсын, деп ұсынып отыр.

— Эстетикада менің қандай шаруам бар?— деп Викентий Викентьевич қадала сұрады.— Мұны эстетика мәселелерімен айналысып жүрген біреуге беру керек. Философ екен деп тықпалай беруге бола ма екен! Олардың да білетіні, білмейтіні болады. Міне, маған Аманова жолдас келіп отыр. Міне, онымен биология тақырыбында сөз ете аламыз. Ал мынаны...— Добров «ал мынаның», аяғын айтпады. Папканы қайтарып берді. Ренжіген түрі бар, қазақ кафедрасының өкілімен салқын қоштасты. Сөйтті де түрегелді. Есікке таяп қалған жаңағы әйелді дауыстап қайта тоқтатты.

— Сіз бір минутке... Сол Айдаровтың өзін бүгін-ертең көрсіз бе? Жақсы болды, онда айтыңызшы маған келіп

жолықсын. Айталық келер аптаның дүйсенбісінде...— Добров стол үстінде тұрған календардың өзі айтқан дүйсенбісін тауып алды да «Айдаров», деп арбита жазып қойды.— Бозжанов маған бір сөз ретінде қазақ макалын айтқан еді. Орынсыз сақтық жайында... сапты аяқтың басына... қалай еді?... Немене қойып деуші еді?... Жоқ, сапты аяққа ас құйып сабынан қарауыл қараған — деуші ме еді? Кафедраныңа айта барыңыз. Сапты аяқтың сабынан қарауыл қараудың жөні жоқ бұл жерде. Добров Гүлшат көзіне тым жұмсақ мінезді адам болып көрінуші еді. Реті болса, азуының барын да танытып қояды екен. Дәп осы жерде ол соны аңғарды.

Папкалы әйел шығып кеткен соң Добров столына келіп отырды.

— Осы кафедра тым жалтақ. Ашық күні әлде қалай болып кетер екен деп қол шатыр ұстап, калош киіп жүретін Беликовқа ұқсап орынсыз сақсынады. Ғылымда даңғыл жол деген бар ма екен? Жоқ ондай жол... Ғылым өзіне жолды әманда тыңнан салады. Сол себепті азабы мен машақаты да көп. Кейде алған бағдарыңда, ақиқаттың болмашы бір сәулесі жатады. Сол жетелейді сені. Кейде тас қараңғы түнекке кезігесің. Шығар бетім осы болар деп өзіңше шамалайсың. Адаспасыңа кім кепіл сонда? Адассаң адас, сонда ғылымға пайдаң тиеді, сенен кейін жүрген адам қалай адасқаныңды біледі де жаңа бағытпен кетеді. Сөйте-сөйте шындық ашылады. Олай болса, адасып кетеді екенмін деп жалтақтаудың керегі не?— Добров ұзақ сөйлеп тоқталды.

Гүлшат көңіл қойып ықыласпен тыңдады. Ойлап қараса, профессор осы сөзді дәп өзіне арнап айтып отырған секілді.

«Рас, рас айтады» деп құптады ол.

Гүлшат сағатына қарады. Көп отырыпты. Манағы «тезірек бітіремізді» Викентий Викентьевич ұмытып кеткен секілді. Бірақ көп отырдым деп ренжімеді. Қайта көп нәрсені байымдап қалды. Соған ырза.

Жұрт саябырлаған бір кезде Добров столынан шапшаң тұрып, Гүлшатқа «шыдай тұр»— дегендей белгі берді. Содан соң жорғалай басып есікке барды да, Ширазға тапсырмалар берді.

— Алдағы бюрода марксизм-ленинизм кафедрасы мен жер қыртысы-геология кафедрасының жұмысы тыңдалады. Хабарландырарсыз. Дайындалып келетін болсын. Иә, сөйте қойыңыз.

Викентий Викентьевич алгі бір майда шапшаң жүрісімен бері бұрыла берді де тұрып қалды.

— Ұмытып барады екенмін, саяси әңгіме өткізетін үгітшілердің тізімі келіп түсті ме?

Сато шығып үлгірген екен. Естімей қалды. Добров тағы барып есікті ашты.

— Үгітшілер тізімі келіп түсті ме?

— Жоқ, әлі түсе қойған жоқ, Викентий Викентьевич.

— Ендеше кәзір айтыңыз, комсомол комитетіне. Оны да партбюрода бекітеміз. Алдын ала қарап танысуым керек еді.

Ақырғы кезек Гүлшатқа келді.

— Көп күтіп шаршап қалған жоқсыз ба?— Ал кәне оқыңызшы, мен ақыл қоса алар ма екенмін?— деп Добров диванға жайғасты да, Аманованы қасына шақырды. Гүлшаттың даусында аздап діріл бар. Сонда да байсалмен оқи бастады.

Добров ықылас білдіріп көңілді отырды.

Баяндаманың соңғы беті жабылды. Викентий Викентьевич Гүлшатқа жылы қарады.

— Бәрі де жақсы. Бірақ аздап академизм салқыны бар. Ғылыми еңбектің құндылығы көпке түсініктілігінде, мұны айнымас қағида деп санау керек.

Гүлшат бұл пікірмен келіспеді.

— Викентий Викентьевич...

Добров тыңдай қалды.

— Ғылыми еңбектің құндылығын ең алдымен оның мазмұны анықтайды ғой.

Добров күлді.

— Міне, Гүлшат...— деп тоқтады Добров. Аты-жөнін толық айтқысы келгендей.

— Просто Гүлшат,— деп қойды Гүлшат.

— Ал жақсы Гүлшат, қай еңбекті алмаңыз маркстік қағидаға сүйене отырып, әйтеуір жаңалығы бар мәселені көтеруі керек емес пе, егер көтере алмаса ғылыми еңбек деп атауға болар ма оны? Әрине болмайды. «Ғылыми» деген сөз «еңбектің» анықтаушысы ғана емес, мазмұны да. Мұны осылай түсінген жөн. Добров пирақ басып түрегелді. Қабырғадағы кітап шкафына барды да бір кітапты алып шықты.— Міне, мынау Климент Аркадьевич Тимирязевтің бір томдығы. Оқыған боларсыз.— Викентий Викентьевич кітаптың орта тұсынан ашып қалды.— Айталық мына «Органикалық түрлердің пайда болуы»— деген еңбегін алайық. Неткен шеберлік десеңізші! Климент Аркадьевич тіл көркемдігі жағынан мандай алды жазушыңызбен де тайталаса алады. Міне, осы Тимирязев сияқты биология ғылымындағы жазушы ғалымдардың еңбегін оқығанда нені

жазғанын емес, қалай жазғанын да қадағалаған дұрыс. Осылай бір қарап қайта оқыңызшы, өтінер едім. Баяндамаңызға қайта айналып соқпай тұрып оқыңыз.— Добров аз кідірді. Содан кейін — бұл мәселенің бір жағы. «Қалай беру керек» деген жағы. Ал енді «нені беру керек» дегенге келейік.

Добров «түсіңдік бе» дегендей күле қарады. Гүлшат бас изеді. Сол кезде кабинеттің қос қабат есігі жұлқи ашылды. Табалдырықтан Бозжанов көрінді. Қарқылдай күліп, әлде бірдемені айтып, еркін басып келеді.

— О, жақсы келдің, Кәрім Бозжанович, іздей бастап едік. Жақсы... жақсы... Өзің үйге де бармағансың ғой деймін. Жұмыс нәтижесі қалай?— деп Добров сұрақты үсті-үстіне төпеп әкетті.

Бозжанов диванға келіп жайласты да, асықпай отырып шылымын тартты. Содан кейін аласы айқын тана көзін Викентий Викентьевич пен Гүлшатқа кезек қадап, тістерін ақсита езу тартты.

— Жұмыс жайы жақсы...

— Біздің де шаруамыз жаман емес,— деп Добров та күлді. Гүлшатқа қарап айтты.— Сен жоқта төп-төуір баяндама жазып тастадық.

— Білем. Білем...— деп Кәрім Гүлшатқа бұрылды.

Аманова көтеріле берді. Өңімелеріне кедергі жасамайын деген ой келді.

— Хабарласарсың, мен де бір қарап шығайын,— деді Кәрім хош айтысып шығып бара жатқан Гүлшаттың соңынан.

Гүлшат кабинеттен шықты. Сато оны университеттің табалдырығына дейін ұзатып салды. Төңіректе ешкім болмаса да, былай оңашалап:

— Бір сыр айтайын, бірақ тісіңізден шығармаңыз,— деді.

Гүлшат ренжігендей болды:

— О не дегенің, Сато?! Сырынды шашқан жерім бар ма еді?

Шираз ұялыңқырап қалды.

— Ойнап айтам, Гуля. Жалпы, студенттерді бөлу туралы әңгіме болып жатыр. Жуырда комиссия құрылмақ. Тегі, бнылғы бітіретіндерді түгелдей ауылға аттандыратынға ұқсайды. Егер қалада қалуды ойласаңыз, осы бастаи қымсаулаңыз.

Гүлшат рақмет айтты.

— Тісіңізден шығып кетіп жүрмесін, сізге ғана айтып тұрмын,— деді Сато қоштасарда тағы да.
Гүлшат күлді де Сатоның қолын қысты.

Университет алдына шыққан соң Гүлшат аз ойланып тұрып қалды. Содан кейін көпшілік кітапханасына беттеді. Кең көшені кесіп өте беріп еді, арттан машина даусы шықты. Сөйткенше болмады, кішкене көк «Москвич» жанай келіп тоқтады. Гүлшатқа таныс сыңғыр күлкі естілді.

— Қайдан келесің, Инеш?— деп Гүлшат машинаға үңілді. Артқы қатарға үйілген көп кітап, ар жағында Мәдине отыр.— Ә, өзіңіз екенсіз ғой? Амансыз ба, Мәйна? Көңіл көтеріп жүрсіз бе? Дұрыс, дұрыс.

Мәдине құптаған болып басын изеп аузын ғана жыбырлатты.

Инеш көңілді екен:

— Главпочтамттан. Ал өзін қайда барасың,— деп сұрады.

— Кітапханаға.

— Түсіре кетейін онда.

Гүлшат Инештің қасына отырды. Мәдинеге қарап еді, Жаңағы үйлі жатқан кітапқа тағы да көзі түсті.

— Москвадан алдырдым,— деп қойды Инеш.

— Жаным-ау, қай тілдегі нәрселер? Французша ма, немене өзі?

— Ие, французша. Шетел баспасынан шыққан кітаптар. Мынау көділгі Джорж Роденбахтың өзі. Ана бір кішкене қызыл кітапша Артур Рембо өлеңдері. Бальзак та бар. Мерименің новеллалары да бар,— деп Инеш әлсін-әлі артына қарай түсіндіре берді.

— Француз тілін де үйренгелі жүрсің бе?— деп сұрады Гүлшат.

— Енді қалай деп едің! Мұғалім жалдап оқып шыққаным жоқ па қыс бойы!

Гүлшат қуанып та, таңырқап та қалды. Инештің алғырлығына қуанды да, айтағанына таңырқады.

— Ал неміс тілін қайттың? Ең алдымен, бір тілді меңгерген жөн емес пе?— деп сұрады.

— Біздің курстағылардың бәрі неміс тілін үйреніп жүр ғой. Жстеді солар. Оның үстіне французша сөйлейтіндер мүлде аз.

Инеш жауабы Гүлшатқа ұнамады. Айрықша бір сәнқой әйелдер болушы еді. Келіссін-келіспесін жұртта жоқ бірдемені тауып кезді. Мұндай «жұртта жоқ бірдемелер» көрсексызар әйелдердің көзіне түспей қалушы ма еді?

Жұрттың бәрі енді, сол «жоқ бірдемеге» жүгіреді. Осы кезде манағы сәңкөйлер тағы да жұртта жоқ басқа бірдемені тауып ала қояды. Инештің мына сөзі сол сәңкөйлердың көйлек киісі сияқты болып кетті. Бүгін французша сөйлейтіндер аз екен; ал ертең көбейеді. Сонда қайтеді Инеш? «Біздің курстағылардың бәрі де француз тілін үйреніп жүр»,— деп ағылшын тіліне ауысып кетпекші ме?

— Неге ойланып қалдың?— деді Инеш.

— Жай...

Сөйткенше болмады, бұлар кітапхананың алдына да келіп қалды. Гүлшат рақметін айтып түскелі жатыр еді.

— Сен естідің бе, биылғы бітіретіндерді бәлу туралы әңгіме болып жатқан көрінеді ғой,— деп сұрады Инеш.

— Оны қайдан естідің?

— Сен ешкімге ештеңе демей-ақ қой. «Тісіңнен шығарма?»— деп ана Сато Шираз деген қыз айтып еді маған.

Гүлшат күліп жіберді.

— Тісіңнен шығарма деп жаңа маған да айтқан болатын ол. Түсінбеймін. Комиссия құрылады екен. Студенттерді әр жаққа бөледі екен. Жасыратындай мұнда тұрған не бар?!

— Оның мәні бар, балам,— деді манадан бері үнсіз отырған Мәдине,— қай студент ауылға барғысы келеді дейсің. Бәрі де осында қалуды ойлайды. Комиссия ұйғарындысы күні ілгері жария болып қалса, қып-қызыл дау сонда туады.

— Осында қалам деп жүрген ешкімді де көре алмадым-ау Мәйнасы,— деді Гүлшат.

— Сен өзің де ауылға барам деп жүрмісің, шырағым?— деп Мәдине таңырқай сұрады.

— Ауылға барам. Менің де сіз сияқты күтіп отырған шешем бар. Біз, міне, бірнеше жыл қалада болдық. Өлденеше рет қолыңыздан дәм де таттық. Ендігі кезек Инештікі. Ауылға жүрсін, шеше қолынан дәм татсын,— деп Гүлшат ойын, шынын араластыра айтты. Инеш шошынып қалды.

— Ауылға? Атай көрме мұнынды! Ауылға барып қызмет істей алмаспын мен.

Мәдине қосарлана сөйледі:

— Қой, балам, маңдайға басқан жалғыз ғой. Көзден қалай таса ете алмақпын?! Бізді тастап Инешжанның өзі де ауылға бара қоймас. Танимайтын жерде түтінге сарғайып өліп қалар, жоққа елкітірме баланы, шырағым.

— Тұу, Мәйна, қайдағы жоқты айтады екенсің, кім айтса соған желіге қоятын мені бір есуас көресің бе? Ауыл жағдайын білем ғой,— деп Инеш ренжіп қалды.

Көк машина жылжи берді...

Енді университеттің рекламбюросында студенттердің ғылыми қоғамынан бастап тіл, химия, көркемөнер, стенографистер, суретшілер, мотоциклистер, тағы сондай толып жатқан үйірмелердің хабарландыруымен қабат әдебиет үйірмесінің де хабарландыруы жиі-жиі іліне бастады. Одан әдебиет, драматургия теориясы жөніндегі баяндамалар жасалатыны, жас талапкерлердің өлең, әңгімелері талқыланатыны айтылатын еді. Мәулен бұл жұмысқа да ықыласын салып, творчестволық қабілетін жұмсай берді.

Ол жас ақындар шығармаларын талдауды енді тікелей Сымбаттан бастады.

...Үйірменің бұл мәжілісі жатақхананың оқу залында ашылды. Ең алдымен, бұрынғы дағдысынша Асқаровтың өзі іріктеген өлеңдерін оқып шықты. Осыдан соң айтыс басталды. Дағдыдағыдай сөйлеушілер көп еді. Жарыссөздің бастамашысы болған Мұздарапов Жолтай мақтай сөйледі.

— Асқаров өлеңдері кейбір кексе ақындарымыздың өлеңдері сияқты жалаң декларацияға құрылмайды, жүдө. Терең ой жатады онда. Жүдө, жаман деген өлеңінде де адам организмінің бір клеткасы мен кішкене түйіршік қаны аралас жүреді. Бұл — жас ақынымыздың жаман өлеңдерін де жүрекке жылы етсді. Вот, Сымбат өсетін ақын.

Мұздарапов сөйлеп тұрған кезде Асқаров тырнағын шұқылап, төмсін қарап отырды.

Залдан бір тақыр бас, аққұба жігіт түрегелді.

— Мсінің сұрағым бар ақынға.

— Ал сұра.

— Жана он шақты өлең оқыдың. Соның үзілмес арқауына ұсап бір өлеңіңсін скінші өлеңге ауысып отыратын мұң бар. Соның мәнісін айтшы. Бұл неіткен мұң?

Мына жақтан Мұздарапов түрселді.

— Әдебиеттен хабары бар адам бұлай сөйлесмсйді, лирикалық өлеңдерде «мен» деген атпен жүретін лирикалық герой болады. Оны сол ақынның өзі деп түсінушілік, жүдө, топастық, если хочешь знать.

— Мүмкін, сен білетін шығарсың, таласым жоқ,— деді тақыр бас, аққұба жігіт,— қателеспесем поэзия өмір шындығынан туады ғой. Сол лирикалық геройың кім сонда? Адам ба?

— Әрине.

— Жоқ, ол адам емес,— деп әрі жалғай өз ойын тақыр бас, аққұба жігіт,— еңбексіз, іс-қимылсыз уайым кесесінен у ішіп отыра беретін неткен адам?

— Поэзияның нәзіктілігін түсіну керек, жүде,— деп Жолтай күбірлеп қалды.

Шырып сөйлеушілер де, тұрып сөйлеушілер де көп болды. Мәулен қондырау ұрып, жұрт даурығын зорға басып жатыр. Бір мезетте есік жақтан оның алдына бір тілім қағаз келіп түсті. Ашып оқи бастап еді: «Қымбатты Мәулен, келісім бойынша ертең 8 март күні біздің үйге кел. Күтеміз. Тыңдаушың». Мәулен, ең алдымен, тыңдаушының кім екенін ажырата алмады. Жазуына үңілді. Кім болса да қиғаш сызықты дәптер қағазының жолын қапсырып дөкірлеу жазған. Мәулен мұндай жазуды көрген сияқты емес. «Кім болды екен мұны жазған?»

Көп ойлап отыруға болмады. Жұрт көңілін бөліп жіберді. Баяу басып үстел басына Сарыбеков келді. Көзілдірігін ақырын ғана қолына алып бармағымен сүрткілеп, қайта мұрнының үстіне апарып қондырды. Сөзін жаңағы өз қимылындай баяу бастады.

— Сымбат өлеңдерінде бір жетістік бар. Онысы — тіл шеберлігі. Айтайын дегенін қысқа етіп айтып беруі. Өлеңдерінің көркемдігі осы еді, деп мақтай да алмаймыз. Рас, айтылуға тиісті ой айқын берілсе, ол өлеңнің сөз жоқ, көркем екенін танытады. Бірақ сол айтылуға тиісті ой қандай? Міне, мәселе осында. Егер ақынымыз ауырамаса, турасын айту керек, Сымбаттың айтайын дегені түгел бір күңгірттік. Күн көзін жапқан бұлт кейпі жерге айқын көрінсе, бұл күннің ашықтығын дәлелдемейді, қайта бұлттың қоюлығын, қаралығын көрсетеді. Сымбаттың жоғарыда мен айтқан тіл шеберлігі — сол күңгірттік бояуын қоюлатып жатыр. Заңды сұрақ қойылды осында, оған асығыс жауап та берілді. Сұрақ орынды да, жауап дұрыс емес. Лирикалық «менді» автордың өзі еді демей-ақ қоялық. Әйтеуір бір адам болсын. Әдебиет қисыны бойынша жанама түрде болса да көрінген белгілі бір орта өкілінің настроенісі болсын. Ал сондай қайғылы ортаны, сол ортаның мұңын арқалаған дәрменсіз өкілді өз араларынан кездестіргендерің бар ма? Жоқ, бұл ендеше сол лирикалық геройдың өмірде дерегі, тұрағы жоқтығын танытады. Ал дерексіз нәрсе қашан да болсын жалған. Жалған нәрсе көріксіз болады қашан да,— деп ұзақ сөйлеп барып тоқтады. Оның терең пікірлерін жұрт ұйып тыңдап қалды. Сарыбеков Ғалым үстел үстінде графинде тұрған судан стаканға құйып алып бір-ескі рет

ұрттады да, сөзін қайта жалғады:—«Қанды орамал», «Нем бар менің қалдырар?», «Ескерткіш»— деген өлеңдерін былай қойғанның өзінде, оптимистік принциппен жазылған «Күтер мәңгі» деген лириканың да өн бойында күйректік бар. Қысқы кештегі әже алдиіндей үзілмейтін ұзақ мұң өлеңнің лейт-мотиви екені айқын. Асқаров бұл мұннан, өлім, қан туралы осы «оптимистік» пікірлерінен арылмаса кім болары маған белгісіз-ақ.

Соңғы сөз Сымбатқа ауырырақ тисе керек. Ол шыдай алмады.

— Қалай санасандар олай санандар... ал... ақындықты Асқаровтан тартып ала алмайсындар,— деп шамданып қалды.

Ендігі сөйлеушілердің көпшілігі жаңағы Сарыбеков ізімен бірде былай, бірде олай шыға сөйлеп, айтылған пікірді терендете, жандандыра берді. Сымбат өлеңдерінің көркемдігін айрықша мақтап, идеясын теріске шығарып сөйлеушілер де болды. Сөз кезегі енді Мәуленге де келді.

— Жұрт көп нәрселерді айтты. Одан Асқаров қорытынды жасауға тиісті,— деді ол көпке қарап.— Мен Сымбаттың «көркем» деп Мұздарапов мақтаған бір өлеңін алып, соған талдау жасағым келеді. Айталық, «Гүл» деген өлеңді алайық. Оқып берейін:

Ысқырып, гүлеп, ойнақ сап,
Өрінде қара жел ескен.
Нажағайы жалтылдап,
Көңінде қара бұлт көшкен.
Жалаңда сонау өмірсіз
Жалғыз тал қызыл гүл өскен.

Шешегін жарып жайқалып
Желге үн қосар, сыбырлар.
Көктемсіз гүлден бейуақта ол.
Көк тартқан қандай сыры бар?

Сокса да дауыл бұлтты айдап
Көпесер, өсер, өнер гүл.
Өйткені көктем күн оған
Нұрынан қуат беріп тұр.

Осындағы гүл не? Неменсің бейнесі бұл?

— Еліміздің бейнесі. Соны да аңғармайсың ба, жүде,— деп Мұздарапов реплика тастады.— Мұндағы күн — марксизм-ленинизм ғылымы.

— Еліміздің бейнесі?— Мәулен анықтап қайталап сұрап алды.— Жоқ, мен мұндай бейнелеуге қосыла алмаймын. Біріншіден, қуатты Совет мемлекетін бұлт үйіріліп, нажағай

ойнаған, гулеп жел ескен аспан астында қалтырай гүлдеп тұрған жалғыз тал нәзік бір гүлге теңеу дұрыс емес. Ғали Ормановқа ұқсап еменге теңесен бір сәрі. Оның үстіне Совет үкіметі кәзір жалғыз ба? Социализм жолына көше бастаған халық демократиясы елдерін қайтесің? Желге үн қосып сыбырлап тұруы да түсініксіз.

Тақырыпқа да тым кедейсің. Өлеңіңде күнгірттік бар да, ашық күн жоқ, реңіш бар да, қуаныш жоқ. Жапырақ пен сүйіспеншілік бар да, өсімдік пен сүйіспеншіліктің иесі — адам жоқ. Адам қайда? Көркем әдебиеттің материалы адам емес пе? «Әдебиет — адам тағу ғылымы», — деп Максим Горький тегін айтпап еді ғой. — Ол тура Сымбатқа қарады. — Сен өзінді дұрыс жолмен келе жатырмын деп есептейсің. Бүгінгі мәжіліс сенің теріс жолда екеніңді көрсетті. Ақындықты сенен ешкім де алмайды. Бірақ көп сын айтылды. Ойлануға тиістісің, — деп аяқтады сөзін Мәулен.

Мәжіліс жабылды. Бірақ Сымбат жоламады. Мәулен жолда біреулермен кездесіп қалып, кешеулеп келсе, Асқаров сырт киімдерін шешіп жатып қалған екен, әурелемеді.

Мәулен шаршағандығын, даусы қарлығып қалғанын осы арада сезді. Маңдайының терін сүртпек болып пиджагінің қалтасынан орамалын алып еді, қиғаш сызықты дәптер қағазы тағы қолына келді. «Тыңдаушың!» «Менде қандай тыңдаушы бар еді?»

Мәулен ойланып қалды.

35

Инеш жағын таянып бір сәт отырып қалды. Көз алдына қуанышты болашағы елестеді: ертең көктем келеді. Арықтарда күміс су сылдырайды. Бәйтеректер сәби алақан жапырағын жаяды. Жеміс ағаштары гүлдейді. Таң сәриде терезе алдында сандуғаш сайрайтын болады. Аспанда ақша бұлттар қалқиды. Тау жақтан жанға жайлы самал еседі. Содан соң?... Содан соң мемлекеттік емтихан... қорғалатын диплом жұмысы... тамаша табыс... Дос құттықтаулары... Содан соң?... Содан соң әрине... Кенет ойына Мәулен келе қалды. Қадала қарап күлген сияқты. «Бұл жолдың сенсіз мағынасы бар ма?!» — деп қарағандай. Сол сәтте ойына Белгіұлов келіп қабаттасты. «Бұранбелге қалай қарайсың, Инеш?» — деп ол да күлсіді. Еркін басып алға шыға береді. Үлкен денесімен Мәуленді тасаламақ болады.

Инеш шошынып кетті.

— Жоқ, жоқ! — деп ұшып түрегелді. — Жоқ, бұл жерде Майқан ағаның араласуы дұрыс емес. Ол просто аға. Ал

Мәулен...— Инеш күлді.— Әрине жазғы каникулда Мәуленмен бірге болады. Мүмкін папасынан қаражат сұрап алып Мәуленмен скеуі Қырымға да кетіп қалар?! Мүмкін Ыстықкөлге барып дем алар. «Әрине Мәуленмен...» деп қойды ол. Мәуленмен?... Бірге жүрер ме екен сол Мәулен? «Жоқ, ауылға барам»,— деп бұра тартпаса не қылсын.

Инешке тағы да бір қорқынышты ой келді: осы Мәулен ынтқы ұрып сүймейтін сияқты. Сүйетін болса, бір жылы сөз неге айтпайды! Мәселен, «Мен сені сүйем, Инеш! Мен сені сондай жақсы көрем, Инеш?!»— деген сияқты. Жігіт дегенің ойлануға келтірмей баурап алып кетпеуші ме еді?! Ал Мәулен болса, бір сыпайылықтан аспайды. Есі бар жігіт анада Инештің туған күні сыртқа бақ ішіне алып шығып тұрып, шақырып жатыр дегенге қоя берер ме?! Тым болмаса, қатты бір құшақтап құшырлана сүйіп қалмайтын ба еді?! Ал Майқан аға болса...

Инеш шошынып қалды тағы да. Осы бір Майқан ағаның жүректі сескендірер бір кереметі бар. Салмақты жүрісі, сирек қарқылдап күлгені... соның бәрінде де бұл үшін қорқыныш жатады. Белгіғұловпен оңаша кездессе-ақ болды, жетімек лақтай дәрменсіз болады да қалады. Ал Майқан аға болса қасқыр сияқты. Бас салса бітті, Инеш битарда қарсыласар күш бар ма! Соны біле тұра кейде іздейді. Кездескісі келеді онымсн, не ғажап бұл?

Инеш тұрып кетті. Осы бір мазасыз ойдан құтылғысы келіп, Мәуленді әдейі есіне алды тағы да.

«Сенсіз бұл жолдың мағынасы бар ма!»

Инеш езу тартты.

Сол кезде есіктен Мәдине кірді.

— Өлгі Гүлшат деген бала телефон соқты. Бірге дайындалам деп айтып еді, тосып отырмыз. Келсін деп жатыр.

— Ие-ие, ұмытып кетіппін. Бұл ақырғы сабақ, Мәйна. Содан кейін мемлекеттік емтихан басталады. Ал кеттім. Кешіксем тынышсызданып жүрме,— деді де Инеш киініп шығып кетті.

Бірнеше күн оңаша отырып зерігіп қалған екен, енді университетке асығып келді. Қызу талас осында жүріп жатқанға ұқсайды.

Ақырғы емтихан! Ие, осы бір соңғы бес жылдың ішінде тапсырылған жетпіс-сексен пәннің ең ақырғысы осы. Ең қиыны да осы ескілді көп жұртқа. Қиындық пен «қалай болар екен?» деген толқу болады бұл ортада. Алғашқы курстағы алғашқы емтиханға кірерден бастап «осы пәннен құтылсақ па?...» деген тілеу, арманы мен «әлде қайтесі?» деген қобалжуы бар бір ғаламат сөз кеп студент аузына

ілігеді. «Осыдан құтылсақ па!...— дейді әр пәнді берердің алдында әр студент,— осыдан құтылсақ, қалғаны оңай-ақ болар еді». Бірақ қалғаны да оңай болмайды. Оған да сондай оқу, іздену, реті келгенде жаттау керек. Оның да өз алдына «осыдан құтылсақ пасы» болады. Сөйтіп, «осыдан құтылсақ па!» бір пәннен екінші пәнге ауысады да отырады. «Осыдан құтылсақ па!...»— студенттің бес жыл бойғы жолдасы. Ұйқысыз өткен түндер, ізденулер бар онда, ойлар бар. Әйтеуір, терең тартымдылығы мен қызығын кейін, есейе келе аңғартатын қысқа, қызықты өмірдің — студент өмірінің философиялық мәні осы бір осыдан құтылсақ па!...» да тұрғандай.

Сол сөз енді мына ақырғы сабақта өзінің бар қуат, күшімен молая, нығая келгендей.

— Осыдан құтылсақ, университетті бітірдім деп есептей берер едім,— дейді биік прическалы Қасымова, оны екінші, оныншы... жиырмасыншы біреулер де қостайды, көтере қостайды.

Осындай қостаулардың арасымен кезекті сұрақ та келді.

Сабаққа дайындалудың ең бір қызық әдісі еді бұл. Жалпыға бірдей сұрақ қойылады. Көп ішінен біреу жауап береді, екінші, үшінші біреулер толықтырады. Кімнің қалай дайындалғанын сынап байқау, әрі пысықтау, әрі білмегендерге түсіндіру есебінде.

Олар осы тәртіппен көптеген сұрақтарға жауап берісті. Кейбіреуге түсініксіз мәселелердің беті ашылды. Түстік тамақ та былай ұмыт қалды. Күн кешке айналды. Кейбіреулер «шаршадық білем, әлі үш күн бар ғой... Осымен доғаралық»,— деп ұсыныс жасай бастады.

Енді «оқи түсейік», «тоқтатайық» деген екі пікір аудитория ішінде бетпе-бет келісіп қалды. Ұзақ отырысып, шаршай бастағандықтың белгісі.

Гүлшат жұртты тәртіпке шақыра сөйледі:

— Міне, енді бір-ақ сұрақ қалды, осыны бітірісіп тарқасайық, кәнс, кім сөйлейді? «Аристотель тіршіліктің жаралуы жайында».

— Мен айтайын,— деді Инеш қолын көтеріп.

Жұрт шулы басыла берді. Бірте-бірте барып аудиторияда тыныштық орнады.

— Тіршіліктің пайда болуына Аристотельдің өзіндік пікірі, көзқарасы болған. Ол айуандар да, өсімдіктер де зат пен жаннан құралады дейді. Жан затқа түр береді, бағыт, мақсат береді. Ал сол түр мен бағыт, мақсат бар жердің бәрінде де өмір болады. Өмір жерде де, суда да бар.— Ең ақыры көлбақалар мен тышқандар да шалшық-ластан пайда

болады — міне, бұл Аристотельдің пікірі,— деп тоқтады Инеш. Сонан соң кішкене қол сағатының күміс білезігіне қыстырулы тұрған аспан түстес орамалын алып, сұқ қолына кигізді де көзінің алдын сүртті. Енді музыка аспабының квинтасына жақындайтын жіңішке үнді даусымен көтеріле сөйледі.— Аристотель жыныстың пайда болуына да тоқталып, әйел жынысын ер жынысына қарсы қояды. Оның пікірінше, әйелдік бастама — өсімдік жанымен жаралған зат. Ал ерлер бастамасы — бұл мақсатты дамушылықты ұрықтандыратын, қоздыратын жоғарғы айуандық жан.

Көп ішінен ұзын бойлы бір қыз тұрып әзілдей күліп сөйлеп, Инештің сөзін бөлді.

— Қысқасы біз өсімдіктен, ал мына Манаптар...аюдан жаралды десеңші,— деп «айуаннан» деген сөзді «аю» деп жұмсарты айтты.

— Ол рас,— деп қостады Манап сзу тартып күліп. Көзілдірігін орынсыз қозғап қойды,— бізді сыйлауларың керек. Байқайсың ба, Аристотельше өсетін, дамитын тіршіліктің басты факторы біз болып отырмыз ғой. Хе-хе-хе-хе...

Жұрт ду ете қалды. Ер балалар жағы бірыңғай шыға келіп жаңағы Манап сөзін қостап кетті.

— Қайта сендер бізді сыйлауларың керек,— деп Инеш айқайлап күлді. Көлденең салынған «З» әрпіне ұқсас жіңішке, ұзын қасы ұшып келе жатқан кішкене құстың қанат қағысындай жоғары, төмен жылжи қозғалып кетті.— Бізді сыйландар. Өйткені, біз... өзіміздің арғы жаратылысымыз — өсімдіктей нәзікпіз. Кім мәпелеп өсірмейді гүл бағын. Тек жүрегі жоқ адам ғана... біз сендердің қолға ұстап иіскер, кеудеңе тағып мақтанғыш стер гүлдеріміз.

— Гүл де емеспіз, аю да емеспіз біз, біз өз дәуіріміздің адамдарымыз, жолдастарымыз,— деп топ ішінен біреу сөйледі.

— Оны білеміз ғой. Осындай шаршаған кезде аздап күлісіп алған да...

— Осы сабақтан құтылсақ па!.. күлістің үлкені сонда бояр.

— Кәне, айтыңдаршы, осы мсн қандай гүлден жаралды дер едіңдер, айтыңдаршы!..— деп Инеш жіңішке даусымен балаша тағы да айқайлады.

— Сен бе?.. сен, мәселен, ландыштан жаралғаның-ақ шығарсың,— деді Гүлшат күліп.

Мұндай теңеуге дән разы болған Инеш аңқаулана сұрады.

— Оған қандай дәлелің бар?

— Олай дейтінім, ландыштың иісіндей тез бұрқырап дүрлігесің де лезде-ақ басыласың.

Мұндай қолайлы шақты пайдалана айтылған өткір мінеуге Инеш ренжіп қалғандай.

— Ал, сен бар ғой, Гүлшат, ошағаннан, болмаса не бір қалақайдан-ақ жаралған шығарсың. Қайда болта да, сынап-мінеп жатқаның...— Бірақ оның бұл сөзі Гүлшатқа Инештің өзі ойлағандай әсер етпеді.

— Мүмкін. Жаралмадым деуге дәлелім жоқ.

Инеш одан сайын ызалана түсті. Миығынан селкідеп күлген Манап көзілдірігін қозғап қойып сөзге киікті.

— Егер жаратылыс тегін әр адамның мінез құлқына ұқсас бірдемелерден іздестіретін болсақ, онда біздің Гүлшат сирень, яки інжір сияқты жұмсақ, салмақты иісті гүлден жаралған.

— Ал, достарым,— деді Инеш қармысын қайтармақ болғандай,— осы Манаптың өзі неден жаралды деп білесіңдер?

Әуелі ойыннан басталған осы бір әзілге енді жұрт шын кіріскендей. Көп көңілі Балғабаевқа ауды. Бәрі де күлісіп жатыр. Манап көзілдірігін сипалап, қызарактай күлді. Өзін-өзі зорлай күлгендей.

— Манаптың өзі айтсын, көне, айтып жібер, Манап.

Келер емтихан да, Аристотель де былай қалды. Жаңа ғана Инештің кішкене жіңішке даусы билеп, басқарып тұрған аудитория ішін ызың-шу басып кетті. Манап мұрнының үстіндегі кішкене дөңеске көзілдірігін сырғытып апарды да, сүзіле қарап столды қойғылады.

— Шуламаңдар, жолдастар. Бұралқы сөздердің керегі не!.. Бүрсігүні емтихан екенін ұмытпайық. Ертең қабағын түйіп Аристотель тырс үндемей алдарыңнан шығады, не деп жауап бересіңдер сонда?

Елігіп алған жастар қояр емес.

— Жо... жоқ, жалтарма!

— Көне, айтып жібер, неден жаралдым демексің?

Манадан бері әзілге онша араласа қоймай отырған биік прическалы Қасымова да сөйлеп кетті.

— Құдды бір қамқоршымыз секілді. Бол енді.

Манап маңдайын сипалап төмен қарады.

— Өздерің де білмейсіңдер ме... несін айтайын?

— Айтып жібер...

— Мен...— деп Манап үндемей біраз отырды,— мен... мәселен, Аристотельдің қысыны бойынша... бәлкім мен арыстаннан жаралған болсам керек.— Жұрт ду күлісті.

— Жоқ... жоқ... ешбір күлкісі жоқ,— деп ол енді жанағы сөзін сенімді түрде бекітті.— Майданда жүргенде екі фрицті... екеуін де найзаға шаншып өлтіргенмін.

— Екі-ақ фриц пе өлтіргенің?... Соны мақтаныш етпексің бе?— Инеш шаңқылдай дауыстап қарсылық білдірді.

— Бәлі, екі фрицті оңай деп отырмысың,— деп Манап енді беки сөйледі.— Мен бір-ақ адаммын ғой. Ал, олар фриц болса да екі адам. Дұшпанды қуыршақ көресің бе әлде. Ие, сен, бірақ фрицтің қандай екенін кітап бойынша ғана білесің ғой.

Инеш те болар емес:

— Ендеше арыстаннан жаралғаның өтірік. Шын арыстан болсаң, кемінде жүзін жайратпас па едің.

Манап үндей алмай қалды. Аудитория іші тағы да дүрліккен күлкіге тұншықты.

— Жә... жә... жолдастар! Сабаққа дайындалалық,— деді құлағына дейін қызарып кеткен Манап әңгіме тақырыбын басқа жаққа аударғысы келіп. Манағы ұзын бойлы қыздың даусы қосарлана шықты.

— Менің түсінбей жүрген бір сұрағым бар...

— Ал сұра,— деді орныға бастаған Манап.

— Түсінбейтінім: махаббат деген не осы?

Манап қайта көтерілді.

— Соны да түсінбейсің бе?! Сен мені шын жақсы көріп қалдың... міне, мұны махаббат дейді.

Ду күлкі шықты тағы да. Ұзын бойлы қыз қысылып қалғандай.

— Адырам қал!— деді қызарақтап.

Манап шынға көшті.

— Осындай байланысы жоқ бірдемені қойып қалып, қарап отырады екенсің. Тым болмаса, жанағы бір солдат өмірі жайлы бірдеме сұралса екен... махаббат?! Ал қойындар махаббат-сахаббатты. Инеш, кәнс, сөйлей бер.

— Байланысы неге жоқ? Әңгіме жаратылысымыз, қала берді мінез-құлқымыз, нәзіктігіміз, жынысымыз туралы болып жатқан жоқ па?— деп Зада да Манапқа қарсы тұрды.— Махаббат та сол жаратылыстың нәзік бір көрінісі.

— Әңгімеміздің өзі махаббатқа байланысты ғой. Николай Гаврилович Чернышевскийдің «Когда пишешь о женщине, то невольно пишешь о любви»,— дегені бар. Талқылауды керек ететін сұрақ,— деді Инеш.

— Өмірде жағдайдан тыс іс те, құбылыс та болмайды. Бәрі де жағдайдың, уақыттың жемісі. Диамат заңы осылай дейді. Бұл заңнан махаббат мәселесі де шығып кете алмайды,— деп алғашқы пікірді Гүлшат айтты.

— Ие, мен де құтты сенше ойлап отыр едім,— деп қостады Манап.— Тіпті, менің сөзімді айтып тұрғандайсың. Белгілі бір академиктің айтқаны бар ғой... «Организм мен оның тіршілігіне керекті жағдай бірлікте болады».

— Мұнымен неңі дәлелдемесің,— деп Инеш оған тіксіңе қарады.— Ол академиктің жақсы биолог-ақ шығар. Бірақ эстетика мәселесінде авторитет емес.

— Бәрі де айналып биологияға соқпай өте алмайды. Осы аңгіменің өзі де биология мәселесінен туып жатыр. Манаптың осы бір қиямысз салқын жүзі Инештің ашуын келтірді.

— Соқырлық. Махаббат мәселесі биологияны қажетсізбейді.

Манадан бері алдында жатқан қағазды қарындашпен шұқылап шимайлап отырған Гүлшат:

— Махаббатты өмірден тыс, жаратылыс заңынан тыс тұрған құбылыс демесің бе сонда,— деп сұралы.

— Махаббат өмірден жоғары тұрады.

— Қателесесің, Инеш. Махаббат тірегі — өмір. Оның ұясы — жер.

Инеш өз дәптерінен бір парақ қағаз жыртып алды да шапшаң жаза бастады. Сонан соң бір сәтке қарындашты күрек тісіне тіреп, ойланды да, жыртып тастады.

Жұрт ең алдымен «махаббат өмірден жоғары, жоқ, жоғары емес»— деп екі дай болып шуласа бастаған-ды. Кейін Гүлшат пен Инеш айтысы тереңге тартқан соң, соларды аныстап отырып қалған.

— Өмірсіз де махаббат өмір сүре алады,— деді Инеш ойын қорытындылап.— Ондай махаббатты біз білеміз. Таза махаббатын жағдайдың кір табанына бастырмай, таза сезімінің құрбаны болып кеткендер аз ба. Сонау Паоло — Франческоны ал. Бұлар тіпті тарихи жасаған адамдар ғой. Тристан — Изольда, Ромео — Джульетта. Қозы мен Баян — бәрі де атам заманда өткен. Бірақ күні бүгінге дейін біздің арамызда жүрген сияқты. Олар өлсе де өзінің таза махаббатын, мәңгі жастығын өлімге берген жоқ. Өзіміз білетін Баянды кім кемпір дей алады. Баян әлі он сепізде, Баян әлі жастық шағында. Махаббат өлмейді, өшпейді, қартаймайды да. Жағдай? Жағдай не соншама. Платонның демиургі ме. Гегельдің абсолюттік идеясы ма әлде?— Инештің даусы кекесінді түрде шықты.— Жағдай махаббатты қартайта алмайды. Жағдай махаббатты бағындыра алмайды. Өлтіре де, тұншықтыра да алмайды. Монтески мен Капулетти руларының арасындағы қанды кек жауластық Джульеттаның Ромеоға деген сүйіспеншілігіне кесел келтіре алды ма? Кесел келтіре алған жоқ. Жағдай дегенің

осы емес пе? Баянның таза сезіміне Қарабайдың қара ниет піғылы, Қодардың қара күші неге көлденең тұра алмады?— Жағдай махаббатты бағындыра алатын болса, Баян сол жағдай құрсауына түсіп Қодарға бармас па еді?

— Кішкене тоқтай тұр, Инеш,— деді Гүлшат сөзін салмақпен бастап,— қайда бара батырсың? Алыстап, шырқап кеттің. Әр нәрсе уағымен, жағдайыммен. Осыны түсініселік. Бәрібір сен қазір Баян бола алмайсың. Баянды қанша көтерсең де ол сен бола алмайды. Өйткені ескеуіңнің жағдайың екі басқа. Қайда тартып бара жатқаныңды білем. Айтып отырғаның ежелгі таныс сөздер. Дантениң философиясы. «Махаббат — негізгі космостық заң», «Махаббат — күн мен әлемді қозғайды». Байқаймысың, қайда бара жатқаныңды? Бет алысымыз не біздің? Данте ме? Философияға, эстетикаға терсең болсаң, осы заманның махаббатынан сөйле.

— Армандай таза махаббаттың осы заманда да болатынын жоққа шығармақпысың?— деп Инеш Гүлшатқа қадалып қалды, өзі сол сұрақпен жарыстыра алдында жатқан кітапты ілгері сырғытып жіберді де шалқая отырды. Кітап стол қырынан асып барып, ішіндегі бос қағаздар ауада толқынша құбылып, бір-ер рет ырғала толықсы барып, шашыла түсті.

— Махаббат конкретті болады. Сол армандай таза махаббаттың объектісі не? Өмір емес пе, адам емес пе? Өлі адам емес, тірі адам. Өңгіме осында ғой міне.

Инеш те өз дәлелін келтіріп, дау соға сөйледі.

— Махаббаты есепке айналдыруың ғана қалды, Гүлшат. Мен оны көкте жаралып, жерге келді деп отырғаным жоқ. Жерде жаралған да көккес шыққан. Оның ұлылығы да, өлмейтіні де осында. Зорлауды көтермейді ол.

— Құбылыс, жағдай құбылысы көп те, пікір біреу. Күрделі істің тетігін бір ғана нәрседен іздеу — міне, бұл метафизика. Шын тереңдеп ойласаң, Ромео — Джульетта махаббатын өрбітуші екі ру арасындағы жаулық. Баянның Қозыға деген сүйіспеншілігінің кілті — Қарабайдың зұлымдығы. Қарабай зұлым болмаса олардың махаббаты біз сөз етіп отырған дәрежеге жетпес те еді. Бұл, міне, сүйіспеншіліктің жағдай арқылы өсуі болып табылады. Бірақ бұл сол заман үшін. Қазір махаббаттың күреспен ер жетуі шарт емес. Өйткені, махаббат — өмір де, өмір — махаббат. Өмір махаббатқа ерік берді, адамгершілік берді. Ал махаббат өмірге жақсы сезімін, тазалығын берді. Бақытты жастық шағын берді. Бұл ескеуін ажырат та, Баян бола қойшы көне;— деп тоқтады Гүлшат.

— Баянның махаббатында адамгершілік нышаны жоқ демексің бе сонда? Шынымды айтайын, мен мына Маватты сүймеймін. Қандай жағдай мені күшпен сүйгіздіреді. Мават сен өзін төреші болшы, зорлыққа мен көнем бе? Жағдайға мені бағындырып алшы кәні?

Мават езу тартты:

— Жок, сен емес, мен көнбеймін зорлыққа. Өйткені мені жақсы көретін Айбергенова бар,— деп алгі ұзын бойлы қызды нұсқал тағы көпті мәз етті.

— Жетті енді, өзидің де шегі бар,— деді ашулы ұзын бойлы қыз.

— Өзілде шек болғанымен, махаббатта шек жоқ қой. Түсін мұны, қарағым. Өзің емес пе «махаббат деген не?» деп аудиторияны дүрліктірген. Міне, махаббат деген осы.

Осыдан кейін талас қайта өз арнасына ауысты, Гүлшат кейінкіреп сөйледі:

— Сен, Инеш, тек адамның эстетикалық талғауына байланысты кездесісоқ бірдемені айтып отырсың. Сен Маватты сүй, Мауленді сүй — мәселе онда емес. Мүмкін Мауленді сүйіңе де бір себеп болған шығар. Бірақ таласпай-ақ қоялық. Бәрібір түсінісе алмаймыз. Қайдан түсінісеміз, біріміз адамша, ал енді біріміз періштеше сөйлеміз.

— Адамша сөйлеп отырған сен бе?

— Әрине, мен. Ал сен бар ғой. Инеш, періштеше, шынымды айтайын, сайтанша сөйлеп отырсың.

Инештің кішкене ашаң, құба бетіне қан ойнап кетті. Арасы алыс, ұзын кірпіктер адырнасы толғай тартулы садақша Гүлшатқа кезеліп қалды.

— Сенің ішің тар, Гүлшат. Өзіңмен қатар тұрған, өзіңмен қатар тұрып ой таластырған адамды көре алмайсың.

Талас аяғы бұлай болады деп ойламағандықтан ба, Гүлшат қысылып қалды.

— Инеш, мен сені түсінбейтін болып барамын,— деп Гүлшат тұрды да сыртқа беттеді.

— Мен де сені түсінбеймін,— деп Инеш оған ере жүрді. Гүлшат оған бір сәт тура қарады. Жүзінде ашу салқыны бар.

— Сыртқа тепкен жерім болса, дәлелде. Кемшілікті түзуге тырысармыз.

— Олай болса, сенімен бір нәрсенің басын ашып алғым келеді:— Мен кіммін саған?— деді. Нақ қазір өзінің анық кім екенін ашып алғысы келгендей.

Гүлшат ойланып қалды.

— Мені кім деп білесің?— жаңағы бір сыны бар, өктем, зілді дауыс тағы қайталанды.

- Сен бе? Сен, айталық, жолдассың.
- Айталығы не мұның? Мен сені ешбір шартсыз-ақ, айталықсыз-ақ досым деймін.
- Ну, сен де доссың маған.
- Ал, биік прическа ше? О да досың ба?
- Енді қалай деп едің?
- Міне, сенің кеңпейілділігің. — Инеш осы бір оқыс басталған өз ойын жарқ еткізіп үзіп тастады да, Гүлшатқа шұғыл бұрылды. — Достық деген не, білесің бе?
- Менен емтихан алуға кірістің ғой. Жетпей тұрғаны — столың мен көзілдірігің, — деп Гүлшат ажуалай сөйледі.
- Жоқ, жалтарма, айт, жауап бер.
- Адам баласына деген өз бойындағы жақсы сезімнің бәрі де достық делінеді, меніңше. Әрине, ол сезім бірден дәлел-дәрменсіз туа салмайды. Оны идеялық бірлік, мақсат, мінез бірлігі тудырады.

Инеш бір ащы сықақ кескіямен мырс етті.

— Сен сияқты әр нәрсенің құнын айырмайтын «бейілі кен» адамдар ғана достыққа осындай анықтама бере алады. Достық — махаббаттың екінші аты. Көпті сүйе аласың ба? Сүйе алмайсың. Достық та махаббаттай жалқы болмақ. Оның да қызғанышы бар. Былай қарағанда үш, не төрт адам дос болады. Ал шыныға келсең, соның ішінде екеуі біріне-бірі жақынырақ тұрады. Өне, анық достық сол. Қалғандарынікі жолдастық ғана. Сенде осы жоқ.

— Не демексің бұл теориямен. Қалғандардың бәрінен мені артық сана дегің келе ме?

— Артық сана. Мен де сені қалғандардан артық санаймын ғой.

Осы кезде олар троллейбус тоқтайтын жерге жетті. Жүргелі жатқан машинаға жұрт ұмтылысып сығылыса кіріп жатты. Гүлшаттың қозғалар ойында болған жоқ. Беріле, салмақпен сөйледі.

— Өзінді баға жетпес адам деп есептеп, Заданы кем санамақпысың? Өзін-өзі сүюшіліктің жақсы жағы бар. Шегі де болуға керек қой.

— Дұрыс айтасың, шегі болуға керек. Онымен салыстырғанда өзім деген бағам сол шегіне әлі де жетпей жатыр.

— Қателессең, Инеш. — Гүлшат дауыстап сөйлеп, сыбырдан көділігі қызу таласқа көшті. Көп бұл скеуіне көңіл аударыса бастады. Оларға ықылас қойған Гүлшат жоқ. — Зада да сен сияқты баға жетпестің бірі. Ондай баға жетпестер менің көңілімде көп скені рас. Сен де сол көп баға жетпестің бірісің. Зада да солай. Университетке түскен жылы оның төмен болғаны рас. Бәріміз де төмен болғамыз. Ал сінді кәзір өстік, білім алдық.

Инеш үстіңгі ернін тістеп аз-кем ойланып қалды. Азdan соң селқос сөйлесді.

— Мм.. түсінікті. Бәрі де түсінікті енді. Айтылмай жатып түсінікті болған ойды тыңдаудан қызықсыз не бар дейсін.

— Ондай іштарлық жасамау керек. Біз бәріміз де бірдейміз.

— Тыңдағым келмейді,— деді Инеш. Содан кейін өзіңше бір қыр көрсетіп, қатты басып жүріп кетті.

Шапшаң алған кішкене туфлидің тротуарға ұрған тықты басылар жауынның үй шатырына соққан ірі тамшыларынша тырсылдап, сәт сайын ұзай берді, сәт сайын бәсеңсіп, самарқаулана берді.

36

Тұйық мінезді адамдар көбіне томырылып сынар шойынға ұқсайды. Нені болсын ұзақ уақыт көтереді, неге болсын ұзақ уақыт төзеді. Содан соң... содан соң бір әдемі күні сол тұйықтық сал бір себептен-ақ тозығы жеткен киімдей дыр етіп айырылып кетеді.

...Үйірме мәжілісінен қайтқан күні Мәулен ертемен дауыстан ояңды. Бөлменің бір бөлегі көшіп бара жатқан секілденді. Ең алдымен, ол ұйқылы-ояу жатып құлақ салған. «Бұл бөлме де жаман емес қой»,— деді бір еркек даусы. «Жігіттер де жаман емес»,— дейді екінші біреу.

Мәулен көзін ашып, басын көтерді. Сымбат төсегінің маңында үйіріліп біреу жүр. Төсек-орынды сипалайды, тумбочка ішінің қоқыстарын сілкіп тазалайды.

Әлі де ұйқысы тарқамаған Мәулен сығырая қарап, оның университетте оқитын жүзі таныс жігіттердің бірі екенін аңғарды. Сымбат қойкасы биік, жасыл арқалы болатын. Ал мынау басқаша.

Мәулен таңырқап қалды.

— Мына төсек не? Сымбат қайда?

Университетте оқитын жүзі таныс жігіт шашырай сөйлеп түсіндіре бастады:

— Мен.. Сымбат екеуіміз ойда жоқ жерден осылай болып қалғанымыз... Көрмейсіңіз? Келіп, отырып алғаны... «Неге?» деймін мен. «Ол комнатада мен тұрмаймын енді» дейді ол. «Ондағы студенттар жаман ба?»—«Жо... о-о...— деп қинала жауап береді ол.— Бәрі де жақсы, білімді, сыншы, әдебиетші, ал менің тұрғым келмейді».—«Ну, хорошо, деймін мен олай болса», міне, сөйттік...

Мәулен жүрегі мұздап кетті. «Не болып қалды?» Осындай сұрақпен ол алас-бұлас киінді де, Сымбат ауысқан жаңа бөлмеге келді.

Сымбат босаға жаққа орналастырылған өз қойкасының жанында, орынның тығыздығынан тумбочка үстіне қойылған қызыл сырлы кітап сөресіне кітаптарын қойып жатыр екен. Есіктен кірген Мәуленді көріп, қолындағы көк мұқабалы кітапты сөренің жоғарғы жағына ұсына беріп, тұрып қалды. Өлде кешегі өкпесі тарқамады ма, әлде өзінің осы ісін енді ұятқа санағаны ма, кім білсін, әйтеуір сырттай береді.

Сымбаттың орны толмас өз жолдасы екенін енді ғана түсінген Мәулен, толқыңқырап, орайлы сөз таппай, күле сөйледі:

—...Оу, мұның қалай?.. Жол болсын?..

Сымбат үндемеді, кітапты сөреге сұқты.

Ашуланса да, баяғы ұяң мінезі, соны байқаған Мәулен енді бірде еркінірек басып, жақын келді де, екі бетінен алақанымен мықтап ұстап, иегінен көтеріп, көзіне көзін қадады.

— Қашқын, шыныңмен қашып кеткенің бе?— деп Мәулен салмағы да, әзілі де бар нышан білдіріп қойды.

Сымбат ашу оты аз тұнжыр қара көзін төңкеріп, одан аударып әкетті.

— Жүр өзімізге!..

— Мен енді осында-ақ болайын... Онда ылғи білімділер, сыншылар-ақ тұрсын. Ал мен осында-ақ тұра берейін.

— Неге кекейсің, Сымбат? Қара басынды қорлар, намысыңа тиер сөз айтылды ма? Айтылған сөз тек әдебиет жайында, сенің өлеңдерің жайында еді ғой.

— Менің арым да, намысым да өлең. Өлеңдерімді қорлағаның — значить мені де қорлағаның...

Елендеп қалған жұрт құлағы осы жерге тігіле бастаған соң, әзірше түсіністік таба алмайтынын сезген Мәулен ауыр басып бөлмеден шықты. Сол бетінде университетке барып, кешелі-бүгін болған оқиғаны Еренге айтты.

Сол күні кешқұрым университет жатақханасының алдына «ЗИС—100—1» маркалы ұзын қара машина келіп тоқтады. Соның ішінен шыққан ұзын мойын, әдемі ақ өңді қыз тіке Сымбат жатқан бөлменің есігін келіп қақты.

Өзінің Добровтың тапсырмасымен келгенін, партбюро секретары мұның кеше үйірме отырысында оқыған өлеңдерін қажет ететінін айтты Сато Шираз...

«Мәулен бәрін де жеткізген екен ғой», деп ойлады Сымбат дәптерін партбюро секретарының көмекшісіне ұсынып жатып. Іс насырға шауып бара жатқандай, Сымбаттың тыныштығы да кете бастады. Өз тағдыры, өз өлеңдерінің тағдыры жайында ең бір тереңдеп ойлаған шағы да осы

болды. Көз алдына Викентий Викентьевич елестейді. «Бар», «жоқ» деген екі сөз бар. Бірі — Сымбатты қанатына отырғызып көкке көтермек, енді бірі — жоқтыққа тартпақ.

Партия бюросынан хабар күтеді. Асыға күтеді. Шыдамсызданады. Сәт сайын жиі қағылар есік Добровтан келген хабаршыдай, Сымбат жүрегін дір еткізіп қалады. Өз күшіне әлі сеніп болмаған жасқа тән толқу да, қобалжу да бар. Ұзақ түнде көп ойлайтыны да осы жайлы.

Көзін жұмса-ақ болғаны семіз желкелі қара сұрақтар андыздап алдына келіп орнай бастайды: Викентий Викентьевич қалай қабылдар екен? Мүмкін қабылдау бөлмесінде ұзақ күтуге тура келер. Әлдебір уақыттан соң көмекшісін шақырып алып, «ертең келсін, бүгін уақытым жоқ» дер ме? Жоқ, Викентий Викентьевич олай етпеуге тиісті. Күліп қабылдар ма екен? Әлде, салқын қабылдар ма екен? Не сұрақ берер екен? Мәулен бөлмесінен неге шықтың дер ме? Мүмкін ақыл айта бастар: «Оқу керек, іздену керек. Әдебиетті ізденсең ғана меңгере аласың» дер... Жоқ, мұның бәрі түсінікті сөздер ғой. Викентий Викентьевич адам білмейтін басқа бір сөз айтуға тиісті. Дегенмен не дер екен? Әлде «Талабың жақсы, жолдас Асқаров, өлеңдерің маған ұнады» дер ме?... Сымбат бұл жерде күліп қойды.

Енді бірде Добров мұның өлеңдерін өзі оқымай, «қарап шық» — деп басқа біреуге берген секілденді оған.

Осындай ой мен шешусіз сұрақтар қоршаған Сымбаттың көңілі де, көзі де жұпыны жазылған «Партия комитеті» деген жазуға дәйім тоқтай береді. Бар келешегі де осы бір үлкен есіктің ар жағында он қадамдай жерде, дәл көзір Сымбат мәселесімен емес, әлдебір басқа мәселемен қатты шұғылданып отырған Сократ маңдайлы, жуан адамның столында жатқандай. «Өзім-ақ кірермін де, өлеңдерімнің жайын сұрармын» — деп Сымбат асыға басып осы есіктің алдына келеді. Маңдайшадағы «Партия комитеті» деген жазуға көзі оқыс барып түседі де, қайта тұрып қалады. «Жарайды, тағы бірде келермін. Мүмкін, өздері де шақырып қалмас деймісін» деп кең тұсау мен үзілмес үмітке иек артып, «Біреу-міреу шығып қалмас па екен?» деп асыға жылыстайды.

Күнде осылай барып, күнде осылай қайта берген еді ол. Партбюроға шақырылмады да. Тіпті іс бұл ойлағаннан мүлде басқаша басталып, басқаша шешілді.

Бір күні ымырт әлетінде, студенттер жатақтарының ең бір көңілді, шулы, қуанышты әлетінде коридордағы дағдылы қимыл-қозғалыс, үздік шыққан дауыстар тына қалды. Ауыр адамның салмақпен сирек басқан аяқ дүбірі алыстан өстіліп, осы Сымбат жатқан бөлме алдына келіп семді. Ендігі ретте

екі-үш рет есік қағылды. Еркін, салмақты қағыс. Жайымен ашылған есіктің ар жағынан Добров көрінді.

Жайбарақат бөлмеде жайсыз қозғалыстар туып қалды. Сейсеппен жабылған ұзынша столдың екі басында екі студент отыр еді, бірі жазып, бірі тамақ ішіп отырған. Тамақ ішіп отырғаны арзан қолды колбаса мен алма, нан қиқымдарын жиыстыра берді. Жазу жазып жатқаны сәл жоғары қарап, аңырып қалды. Төртегі біреулер төсектерін түзеп, жуырқандарын қырnap жатыр.

Сымбат өз койкасының үстінде аяғын салбыратып, көк тысты шағын кітапты ортасынан ашқан қалпы, шын-тақтарын тізесіне тіреп, бетін жұдырығына қойып, жұлдызша жымылдап терезеден көрінген көше шамына қарап отырған-ды. Викентий Викентьевич келгенін жұрттан кешірек байқап, кенет тұрды. Алдындағы кітабы ашылған қалпында төңкеріліп барып жерге түсті. Іштей күліп, кем шаққа есік алдында қозғалыссыз қалған Добров оң қолға бұрылды да, Сымбат жанына келіп, жерге түскен кітапты көтеріп алды. Жұрт абыржуын байқамағанысып, жаңағы кітапқа үңіліп әзілдей сөйледі:

— О, Тютчев! Федор Иванович Тютчевты оқисың, ә? Бәсе, содан кейін екен ғой «ысқырып, гулеп, ойнақтап» жатқаның.

Партбюро секретары Сымбаттың өз өлеңінен цитата келтіріп тұрғанын жұрт бірден аңғарып, мырс-мырс етті.

«Ұнамаған ғой. Жамандайын деп келе жатыр»,— деп үрейленді Сымбат.

Викентий Викентьевич дағдысынша баяу жүріп кетті. Әзіл мен қуақылықты байқатар келбеті сәл өзгеріп салқын ойшылдыққа ауысты.

— Өлеңдеріңді оқып шықтым, Сымбат...

Сырттай салмақты, момын қалпында қалған Сымбат тым шыдамсыздана берді: «Ойпыр-ай, не дер екен, ә!?»

— Не менің, не сенің түсінбеген бір нәрсеміз бар екен. Оған өлеңдеріңді оқығаннан кейін көзім жетті. Сол туралы әңгімелескелі келіп едім. Бәлкім, мына жолдастар... тыңдаушымыз, сыншымыз болар? Қалай көресің?

«Өзім түсінбеген» дегенді жай айтып тұр ғой, Викентий Викентьевич түсінбейтін не нәрсе бар дейсің өмірде»— деп ойлаған Сымбат, қарсылығы жоқтығын аңғартты.

— Менің философия мәселесімен айналысқаныма жиырма бес жыл болды. Ал сенің өлең жаза бастағаныңа бірер жыл. Солай ма?

«Осы кісі не айтқалы отыр?»— деп түйткілдеген Сымбат басын изеді.

— Мен бұдан жиырма бес жыл бұрын Москва университетінің философия факультетіне түсерде алдымда «Маркстік философия деген қандай?»— деген сұрақ тұрды. Мен сол сұраққа жауап іздедім. Іздеген жауаптарымды марксизм классиктерінен таптым. Философия атқарар қызметті түсінгеннен кейін, философия майданында менің де орным айқындала берді. Сол орында тұрып қызмет істеп жатқан жайым бар. Ал сен ше? «Әдебиет деген не?» деген сұраққа жауап іздеп көрдің бе? Мен оқулықтағы анықтаманы айтып тұрғаным жоқ. Ол бір күн жатталып, бір күн ұмытылар нәрсе.

Сымбат мұндай сұраққа дайындалмаған еді. — ...Ну, әдебиет...

Добров сал жымылып күлген қалпында Сымбаттың жанына келді.

— Ну, оқу құралынан жаттап алған сөзінді ойлана отырып айтарынды білемін. Жауап бере алмай қалдым деп қапаланба. Ол жауап бәрібір мені қанағаттандыра алмайды.

Мынау бір теңіз делік. Алып кеме алыс сапарға аттанғалы тұр. Жағада иін тірескен көп халық бар, кеме бағытын жақсы біледі олар. Алайда кеме ішіндегілер өз бағыт-жолын аттандырып салушылардың білгеніндей ғана білсе... онда олар түгелімен апатқа ұшырайды. Сен әдебиет кемесінің матросысың. Сол себепті, әдебиетті оқушы — аттандырып салушы болып қана біліп қойма, матрос — ақын болып та білуің керек. Сонда апатқа душар болмайсың. Талабың бар. Алайда әдебиеттің не екенін жете білмейсің. Оның ұлы мақсатын жете білмейсің. Сол себепті әдебиет кемесіне аттап мінгеніңмен де, не істеріңді таба алмай жүрген матроссың. Кочегар пешке көмірді мол салса, шапшаң жүрерін біледі. Капитан бағытты дұрыс алса, мақсатына тура жетерін біледі. Гүл де, қыз да, табиғат көрінісі де — бәрі де жақсы. Ал соларды жеке-жеке алып, өлең тақырыбы еткеніңмен не нәтиже шығарын ойладың ба өзің? Ойламағансың. Көркем әдебиеттің мазмұны деген не? Мазмұн дегеніміз — жүзеге асқан мақсат. Мен мазмұнды осылай түсінемін. Мақсаты жоқ шығармада мазмұн да жоқ. Мазмұнсыз шығарма шығарма емес. Сен осыны ойламағансың. Ойламаған себепті өлеңдерің де «әдебиет деген... әдебиет пе? Әдебиет деген... ну, әдебиет...» болып шыққан.

Добров сөзіне назары ауған тыныш бөлмені бұйығы шыққан күлкі алып кетті. Викентий Викентьевич езу тартты. Жұрт тыныштығын күтіп сал отырды да, тағы сөйлей берді:

— Әдебиет — бұл адам тану ғылымы. Осы себепті бір шумақ өлеңнен бастап, том-том эпосқа дейін шығарманың ұйқысы адам болуға керек. Кочегар екенсің, көмірді молырақ сал отқа, көздеген жеріне тезірек барасың. Ақын екенсің, адамды жаз, адамның іс-еңбегін, оның ой-арманын жаз, мыңдаған оқушы жақсыдан тәрбие алады, жаманнан безінетін болады. Гүл туралы да, табиғат көрінісі туралы да жаз. Бірақ сонда адам қатысы көрінсін. «Сұлулық» деген ұғым да өзгерді кәзір.

Біз кәзір өмірдің іші мазмұнды, тұрпаты сәнді құбылысын ғана сұлу деп атай аламыз. Әдемі ұйқастарың бар екен. Ұйқастың әдемі болғаны дұрыс. Бірақ соларыңның көбі ақсақ ойдың балдағы ғана секілді. Ойды ақсатпау керек. Ойлану керек бұл жөнінде.

Сымбат Добров сөзін ұйып тыңдады.

Оның әдебиет мәселесін жетік білетінін көп болып танырқасып қалды.

Викентий Викентьевич бұл бөлмеде ұзақ отырды. Басқа да студенттермен әңгімелесті. Олардың жай-жағдайларымен танысты.

Оның көңіл бөліп, жатақханаға келгеніне студенттер қатты ырзалық білдірді. Түннің бір уағында айнала қаумалап үйіне дейін шығарып та салды. Қол алысарда Добров қалың қара портфелін ашты да, Сымбатқа кішілеу екі кітап ұсынды.

— Оқы осы кітаптарды. Емтиханды өзім аламын, — деп түйді ол сөзін.

Не кітаптар екенін асыға білгісі келген Сымбат алыстан түскен көше шамының болмашы сәулесіне тосып: «Маркс, Энгельс әдебиет туралы», «Ленин әдебиет туралы» деген сөздерді таныды.

Ол үйге қайтып келе жатып, Добров сыйлаған кітаптарды кеудесіне қыса түсті. Профессор айтқан сөздерді есіне түсірді. «Адам үшін әдебиеттің атқарар қызметі не?» Міне, осыны түсінбепсің» деп күбірледі ол өзіне-өзі.

...Арада бірнеше күн өтті. Сымбат дағдысынан ерте оянды.

Өңі ме, түсі ме, өзі де білмейді, әйтеуір ана биікте ту ұстап Гүлшат тұр. Толқып тулаған сол туды екі жақтай салынған ақ құс — бейбітшілік құсы шыққан күнмен жарыса қанат қағып, қалықтап ұшып бара жатқандай болды.

Өмірге бір керемет жаңалық алып келгендей Сымбат тез тұрып киініп, жуынды да, суретшілер институтының жатақханасына келді. Бақшаевты ұйықтап жатқан жерінен жұлмалап оятты.

— Не қуып келді сені?— деп ұйқылы-ояу Тәлім таңырқай сөйледі.

— Тезірек тұр, қызық бар! Бол енді!

Төсектен басын көтерген Бақшаевқа Сымбат Гүлшат ерлігі туралы жазар жаңа өлеңнің нұсқасын айтты.

— Өзің ойлашы, ғажап тақырып емес пе? Нағыз адамдық идеал!

Тәлім салғырт тындап отырды да, өз койкасының іргесінен үлкен бір полотно-картинаны алып шығып Сымбатқа ұсынды.

— Ау, сен жазып та үлгергенсің бе?

— Жазып үлгірмейтін тақырып па осы? Гүлшат туралы картина жазуды сол күннің өзінен бастап-ақ ойлағанмын.

— Ну?

— Рас айтамын. Бірақ шықпай жатыр әлі. Қайта жазсам ба деп отырмын.

—...Жолдас Бақшаев, ты молодец!— деп Сымбат айқайлап жіберді.— Аумаған менің көңілімдегі сурет! Тірі Гүлшаттың өзі. Тіпті, тауға қазір шығып тұрған секілді. Ей, жоқ... дегенмен... мен бұлай жазбаймын. Мен түгел жазамын... Мен ауыр жолды... тауға өрмелеуді, Гүлшаттың шың қабырғасында жалғыз түнегенін... бәрін, бәрін... жазамын.

Сымбатты шын ақындық шабыттың бір жойқын ағыны билеп кетті. Ол Тәліммен қоштаспады да, шапшаң тұрып есікті ашты да, басқыштан төмен қарай жүгіре жөнелді...

37

Инеш кетіп қалды. Бұған Гүлшат ренжімеді. Бірақ ойла-нып қалды. Ой әдетінше сұрағы мен шешімін іздей келді.

Гүлшат Инешті әрі бағалап, әрі аяйды. Оны үнемі реті келген жерді пайдаланып көтере мақтап жүруші еді. Соған қарамастан бұлардың арасында соншалықты жақындық, жарастық жоқ. Неге жоқ достық қатынас? Жанымен беріліп, жақындасып кетпеген себебі не бұлардың? Кінәлі кім бұған?

Гүлшат осындай сұрақтар қойып, әр түрлі жауаптар іздейді. Әр жауаптың әлденеше түрлері оралады ойға. Кей сәтте солардың бәрі де дәлелсіз қалады. Тіпті жат болудың дәнекер, себебі жоқ. Біреу оған: «Жоқ, Гүлшат, сен қателесесің. Ол сенің досың» деп тұрғандай. Дос екі түрлі болады: бір дос бар — бірге жүргенде қымбат, қадірлес дос сияқты. Былай шықсаң ісін де, қылығын да есіңе түсіре алмайсың. Тағы бір дос болады — жайшылықта соның дос екенін де елемейсің. Достаса түсейін деп те мақсат

қоймайсың. Ал ажырасқан күнде сол досыңды іздей бастайсың. Көруге асығысың, сағынасың. Инеш, міне осындай дос.

Ол бұған да дәлел таппайды. Түбінде сағындырарлық Инеш қылығын да көре алмайды.

Осы жайды, Инештің кетіп қалған жайын бір ретте ол Задамен бірге өз бөлмесіне келген Еренге айтты. Үшеу ара бір әңгіме туып кетті. Ажар бұған қосыла қойған жоқ. Жай тыңдаушы есебінде отырды. Өйткені ол бұлар әңгімелеген Белгіғұловты да, Дәулеткерееваны да аз білетін. Ал Мауленді анадағы бір көргені болмаса, жақын танысып сөйлескен емес.

Әңгіме сол Гүлшат ойлағандай «негедең?» басталды да, әркім өзінше жауап қарастырды.

— Инеш менмен, ол өзін жұрттан артықпын деп бағалайды. Ешкімді менсінбейді. Дұрыс жолдастық қатынасты сақтай да алмайды,— деді Зада Қасымова.

Бұған Ерен пікірі қарсы болды.

— Инеш менмен емес, ол күй талғайды. Орын талғайды. Жұрттың бәрін де Инезилияға айналдырғысы келеді.

— Соның Белгіғұловпен жақындығы жоқ па екен? Бар да шығар. Бірін-бірі қолдауы жаман,— деп Зада өз естігенін айтты.

Айтарын тура бетке айтатын, сырт өсекті ұнатпайтын Гүлшат шамданыңқырап сөйледі.

— Жалған сөз! Ол Мауленді сүйеді.

— Олар әлі бірін-бірі түсініп болған жоқ. Түсінісіп жеткен күні ажырасады, сөз жоқ, ажырасады. Белгіғұлов пен Инеш бірін-бірі таппай қоймайды,— деп Зада әлгі пікірін бекіте түсті.

— Оны қайдан білдің?

— Білем. Екеуі бір-біріне лайық адамдар. Белгіғұловтың оны осынша көтермелей беруінің негізі не демексің?

— Мұнда басқа бір мән болуға керек,— деді Гүлшат. Бір-екі жерінде сия дағы шалған ақ сейсеппен жабулы стол үстінде көлденең жатқан өрнек кестені байқаусыз тартып алды да, уқалай бастады.

— Гүлшат, сенің осы бір әдетіңнің қалмайтыны-ай,— деп Ажар оның қолынан ұстай алды,— орнына қой.

Гүлшат күлді. Кестені бұрынғыша жазып қойды.

Ерен қалтасына қолын салып әрлі-берлі жүріп кетті.

— Бір қызық бар. Белгіғұлов Бозжановқа қарсы топ ұйымдастырған. Анада Бозжанов диссертация қорғайтын күні бар ғой... жұртты жинап алып сөйлендер деп тапсырмалар беріпті.

— Тапсырмалар берілті?— деп Зада тіксініп қалды.

— Ие, не. Маған оны Балғабаавтың өзі айтты. Ол да Белгіғұловтың құрығына түсіп қалғанның бірі, өкініп жүр.

— Бұл жайды Манап маған да айтып еді. Бірақ бір жұмбақ бар: Белгіғұлов сол сөзін сөйлеген Балғабаавты емітханда қалай құлатып жіберді десеңші?

Дайыров күлді.

— Оның түк те жұмбағы жоқ. Белгіғұлов өзінің ізін жасыру үшін көз қылған.

Зада іліп әкетті:

— Мм... Сорлы Манап түсіне алмай, сырын жұртқа жариялап қойған десеңші.

— Бәрібір Белгіғұловты түсіну қиын,— деді Гүлшат.— Кейде биологияда қай ағымды жақтап, қайсысына қарсы болып отырғанын айырып болмайды.

— Ол осылардың бәріне де ұқсамайтын жаңа ағым туғызғалы жүр,— деп қосарланды Зада,— Белгіғұловизм жасамақ.

— Әйтеуір, түсіну қиын. Бізде оған түсінбейтіндер көп. Оны аңғармайды деймісің ол? Аңғарады. Есінде ме, Ерен, аңада бір ғылыми конференцияда: «Ашығырақ сөйле, жолдас Белгіғұлов!»— деп Бозжановтың реплика жасағаны? Бұл репликаны залдағылар түгелге жуық қайталамап па еді? Оның ашық сөйлегені де жұртты қанағаттандырмаған. Белгіғұлов енді студент арасынан тірек іздейді. Сол іздеу құрығы Инешке келіп түскен.

— Басқаға түспей, Инешке түсуінің себебі не? Зада сұрағы осылай ғой,— деп Ажар анықтай түсті.

— Онда бас қатырар ештеңе де жоқ. Белгіғұлов Инештің талантты, сезімтал студент екенін бірден байқаған да, өзіне тартқан. Одан да бір Белгіғұловты шығармақ оны бар. Оның себебі осы,— деді де Ерен түрегелді. Өзінің әдетінше пиджагінің қалтасына қолын салып, әрлі-берлі жүре бастады.

— Бұл неткеи өнер? Біз сенің приемында отырғанымыз жоқ,— деп Зада еркелігін араластыра батылырақ сөйледі.

Ерен бөлменің орта тұсына келген қалпында ұялыңқырай тұрып қалды. Зада бұл құбылысқа мән бермегендей сөйлеп кетті:

— Бәсе, ол жазған рефераттың бөйге алуында сондай бір мән бар болды. Әйтпесе, Гүлшат рефератынаи артық деймісің? Москвадан тезірек хабар келсе екен! Көзіңе шұқып көрсететін өзінің.

Оның бұл сөздері де Гүлшатқа ұнаңқырамады.

— Осы сөзді дәлелдей аласың ба?

— Студенттердің көбі осыны айтады.

— Айтар делелің болмаса, жұрттан естігенді сол қалпыңда қайнатпай бере ме екен? Қайнамаған заттың микробы көп болатынын жақсы білесің ғой өзің де. Жюридің бір мүшесі Бозжановтың өзі болатын. Инеш рефератын мақтаушының бірі сол кісі. Оның мұндай ұсақ істермен айналыспайтыны бәрімізге де білгілі. Реферат өз дәрежесіне орай бағасын алған. Бірақ көзір Белгіұлов сол мақаланы мүлде өзгерттіріп жіберген.

— Мүмкін белгіұловизмге қайшы келген болар?

— Пікір, пікір дейсіңдер, өз пікірімді айтайын, тыңдағыларың келе ме?— деді Зада.

— Ал, айт, тыңдайық.

— Инешті студенттердің жалпы жиналысында қарау керек.

— Қарау қиын болмас. Соған тағар айыбың бар ма?

— Өркөкіректігі де жеткілікті,— деп Зада шорт сөйледі. Зада пікірінде жан бар секілді. Ие, Инешті ең болмаса, бір рет көп талқысына салу керек сияқты. Қандай айып-кінәсі бар оның? Бұл сұраққа Гүлшат жауап таба алмады. Инеш өтірік айтпайды. Сабақтан қалып көрген емес. Рас, қоғам жұмысынан сырт жүретіні де, өзінің ана қабілеттілігіңдей көзге түсе беретін жеңілтектігі де бар. Бірақ ол үшін айыптауға болар ма екен? Жеңілтектік жастық шақтың өткінші бір көлеңкесі сияқты емес пе!

Гүлшат көп ойланды. Ақыры, ең болмаса, Инешті Белгіұлов тырнағынан арашалап қалу керек деген ойға тоқырады.

38

Екінші семестрде Мәулен марксизм-ленинизм негіздеріне көп көңіл аударды. «Партия тарихының қысқаша курсынан» басқа ол көптеген қосымша материалдарды оқыды. Оны қызықтырған әсіресе «Партия тарихының» төртінші тарауы еді.

— Осы тарау марксистік философияның фундаменті. Мұны білсеңдер, ертең үшінші курста өтілетін диалектикалық материализм мен тарихи материализмге қиналмайтын боласыңдар,— деген профессор.

Осы сөз Мәуленнің жадында қалған. Ол енді тереңдеп оқи бастады. Семинар сабағынан «Орыс махшылары және Лениннің оларға қарсы күресі» деген тақырыпта сөйлемек болған. Осы бір қнын тақырып көп күшті, ақыл-ой күшін қажет етерін ол басында-ақ білген. Біле отырып, таңдап алған.

Сол мақсатпен Мәулен енді Пушкин атындағы көпшілік кітапханасына келуді жиілете түсті. Мұнда оқуға мүмкіншілік мол. Ешкім кедергі жасамайды. Қай залда болсын әр жастағы ала-құла халық. Бұл зал аттандыру пункті есепті. Жаңағы әр түрлі мандатпен жиналғандар дәл осы арада жолдамаларына қол қойдырып алып, әр заманға аттанып кетіп жатады.

Сол көптің бірі Мәулен еді. Ол Лениннің «Материализм және эмпириокритицизмін» алдырып оқыды. Бір емес, бірнеше күн үзбей отырып оқыды. Қысқа конспект жасады. Көбін түсінді. Ақыл, ой көзі жетпеген жерлері де бар. Ондай жерлерді айрықша жазып алып, профессордан түсінік алуды ұйғарды.

Бұл кітап Мәуленге дүние терезесі сияқтанды. Ой дүниесінің көкжиегін бірден әрі апарып, алыстатып тастағандай. Ол өзінің бүгінге дейін дәнеңе де білмей келгенін дәл осы арада шын түсінгендей. Санаға сіңген білім қоры аз болса, адамның білем деген өзіндік пікірі де басым болады екен ғой. Білмейтінің беті тек білген сайын ғана ашылып, білімнің шегі алыстай береді екен ғой.

Кеудесі, даурығуы жоқ Мәулен, бұдан аз білетінін мол сезінетін еді. Сонда да білім төбесі оған, міне, көрініп тұрған секілденетін. Жүріп кетсе, қиналмай-ақ барып жететін жер-ді. Ол осы көріністің жалған екенін кәзір түсінді. Мәулен сол өзі мезгелеген төбеге әлдеқашан барған. Оның асусыз биігін де, өткелі жоқ асуын да сонда байқады.

Ол бір сәтке есігі ашық тұрған кітап қоймасына қарады. Биік жардың сонау төбесіне дейінгі сөренің бергі бір қатары жартылап қана көрінеді. Кітапхана қызметкерлері жылжымалы сатыға шығып, кітаптардың бірін алып, бірін орналастырып жатыр. Тіпті кітап емес, осы есіктің аң жағында үнсіз сөйлеп әр ғасырдың тандаулы адамдары тұрғандай. Ой қазынасы жатыр онда. Талай ғасырлар жатыр. Ол ғасырлар тарихқа өтпейді. Сол қалпында заманмен ілесіп ілгері жылжи береді.

Осындай әсер-сезіммен отырған Мәуленге мына алдында ашық жатқан шағын кітап ғасырлардан ауысып келе жатқан мәдениет тарихының ұзақ жолында іркіле беріп үрдіс тұрып қалған биік төбе есепті. Сансыз ғасырларды — ақыл-ой ғасырларын түгел қамтып, өз шарасына сифызып тұрғандай.

Кенет оның сыртынан еппен біреу келді де, нығынан қақты. Күле қарап Ерен тұр екен.

— Көзінді жұмып алып жаттап жатырсың ба?— деді ол Мәулен құлағына сыбырлап:— Неңдей кітап алдыңдағы?— Ерен кітаптың мұқабасына көз салды. Бір минут Мәуленге

қарап тұрып қалды. Содан соң тағы да еңкейіп оның құлағына ғана:— Жарайсың, жігітім,— деп қойды.— Көп болды ма келгеніңе? Үзіліс жасауға қалай қарайсың?

Мәулен қарсы болған жоқ. Екеуі де тыныштық өктемдік құрып тұрған кең залдан аяқтарының ұшымен басып шықты.

Ерен қалтасынан папирос алды.

— Шылым тартып жіберсең рахаттанып қаласың. Осындай шаршаған кезінде қолма-қол күш әкеп береді.— Ол шылым пачкасын Мәуленге ұсына берді де, қайтып алды.— Айтпақшы, сен тартпайды екенсің ғой. Не пайдасы бар дейсің! Тартпағаның жақсы. Үйреніп алған соң қоя алмайды екенсің.

Ол тіпті бес-он минут үзіліс үстінде Мәуленге сөз де берген жоқ. Жайшылықта сөзге сараң бұйығы жолдасының көңілді тұрғанын байқау қиын да емес еді. Айта берсең оның киім киісінде де өзгешілік бар. Бұрынғы мол, сәнді костюмін қынама етекте, қысқа жеңіл вельвет курткасы ауыстырған. Бұрынғысынша галстук тағып, тамағы бітеу вельветканың замогін кейін сырғытыңқырап жіберіпті. Ерен көзін сығырайта, қулана күліп алды.

— Жаңалығым бар. Үлкен жаңалық...

— Ие, баяндай бер. Қуанышты жаңалықты тыңдауға жалықпаймыз.

— Екеуіміз енді бажа болатын болдық,— деп Ерен қарқылдап күліп, Мәуленнің иығынан қағып қойды.

Мәулен бұған бірден түсіне қалды.

— Жакын болдық десейші.

— Көнбей жүретін бұрын. Уәде байластық енді. Сабағы бітісімен ғой жасамақпыз. Жолдастық сыр ғой. Алдын ала дабыралап қойып жүрме.

— Қадамың құтты болсын. Жақсы қыз.

— Әрине, жақсы қыз,— деп Ерен шын қалтқысыз көңілімен өз ниетін білдіріп қостады да күлді,— кім болсын жақсы қызды ғана сүймей ме? Жаманды кім жақсы көруші еді!..

Ал бүгін кешке колхозға жүргелі тұрмын. Анада өзімізде жасаған баяндамама облыстық комитет қолқа салып «колхоз жастарына оқып бер»— деп тұрғаны... колхоз ұйымы хабарланып та қалған.

...Оның бұл айтып тұрғаны — сенім жайындағы баяндама еді. Анада сенбіліктен кейін Ерен қолға алып, коммунистік тәрбие туралы біраз кітаптар оқыды. Ойында жүрген біраз сұраққа Михаил Иванович Калининнен жауап тапты. Өз түйсігі, өз байлау, қорытындысы да бар-ды. Оған әр факультеттен әр түрлі фактілер тауып алып қосып, кәдуілгі

нақтылы баяндама етіп құрған еді. Жеке ретте өзіне қарасты жолдастарға да оқыды. Комитет отырысына да салды. Қайсысы болсын мұның университет тарихында көңіл аударылмай келген тың мәселе екенін айтысты. Кейбір кемшіліктерін де көрсетті. Ұсыныстар да ала-жаулы болды. Біреулер «газетке бер» деді. Екіншілері ғылыми конференцияның программасына енгізуді ұсынды.

Біраз күн өткен соң Ерен бұл баяндамасын қайта жөндеп әкелді. Енді өзінің газетке де бермейтінін, конференция программасына да енгізуді қаламайтынын айтты.

— Несіне жаздың онда?— деп таңырқасты жиналғандардың бір тобы,— шкафқа тығып қоюда не мақсат бар?

— Жок, дәл бұл мәселені комсомол мүшелерінің жалпы жиналысында қарау дұрыс.

Бұған кейбіреулер қарсы болды. Жиналыстың күн тәртібі ұйымдастыру мәселесіне байланысты ғана болатынын, ал мынаның ғылымдық мәні барлығын дәлел етісті олар.

— Қарсы болатын ештеңе де жоқ. Өз пікірімше бұл баяндаманың практикалық мәні басым. Ғылымға бір жаңалық кіргізіп тастадым деп отырғаным жоқ,— деп Ерен өз ойын айтты,— істе творчество болған жөн. Күн тәртібін «Сенім тәрбиесі»— деп алсақ, жиналыс этикасынан шығып та кетіп жатқанымыз жоқ.

Комитеттің бір мүшесі сөз алып, Ереннің өз еңбегін аздап кемсітіп отырғанын ескертті.

Бұл еңбекті кіші-гірім ғылыми мақаламен тең деп қарауға болады. Айталық, «Сүйіспеншілік сияқты сенім де батылдықты керек етеді. Сенім дегеніміз — өскен, кемеліне жеткен, ұлғайған махаббат. Шын сүйе білу керек, сүйіспеншілік осы ретте сенімге айналады», деген жолдар Ереннің өз концепциясы. Сенімді тәрбиелеу арқылы дүниеге дұрыс көзқарас қалыптасатынын, ал сенімнің өзі келешекке деген шексіз сүйіспеншіліктен туатыны және коммунистік сенімнің өзіншідіктен айырмашылығы жайында фактілермен дәлелденген өзіндік пікірлерің көңіл аударарлықтай-ақ. Еңбекті философия кафедрасына ұсыну керек. Ғылыми конференцияның программасына енгізуді сұраймыз,— деді ол.

Осы сияқты екі жақты тартыс туған соң, Ерен Добровка кірді.

Біреу жақсы бір ұсыныс жасаса, қатты разы болып, қуанып қалатын Викентий Викентьевич баяндаманың өзін оқи отырып, онда көтерілген мәселелердің маңыздылығын аңғарды. Осыдан соң, «Қалай болар екен?» деген Ерен күдігіне ашық жауап берді:

— Шақырындар жиналыстарыңды, осылай етіп күн тәртібін жария етіңдер. Қарсылығым жоқ.

Ерен отырып, болған таластардың, онда келтірілген дәлелдердің бәрін де Добровка жеткізе айтты.

— Талас тудырып жатқаны аты ғана болар,— деді профессор,— жазудың методикалық әр түрлі принципі болады. Кей шығарма нақтылы фактілерге сүйенеді де, өзіндік бір пікір, қисынды жандандырады. Енді бір шығарма бар: ол белгілі бір қисынға сүйене отырып, елеусіз фактілерді ашады. Баяндаманы осының қайсысына жатқызғың келеді? Соңғысына ма? Өте дұрыс. Бұл — оның теориялық мәнінен практикалық мәні басым деген сөз. Өз ойыңша істе енді, ұтпасаң ұтылмайсың. Жастарға ой салар нанымды баяндама болады. Мұндай жерде өзіндік берік логика болуы керек. Сендер түгелімен творчествоның адамдарысыңдар.

Айтылғандай-ақ баяндама қызу жарыс туғызды. Әркім өз ізімен өз жайларын, жолдастарының жайларын айтысты. Енді біреулер сенім дегенді осы күнге дейін елемей келгенін, енді аңғарғанын білдірді. Сыңға алынған кейбір жолдастар да шығып сөйлеп, тағылған айыптардың дұрыстығын мойындады. Соның ішінде Сымбат та бар еді.

Түбінде адамның мінез-құлық, көзқарасының қалыптасуына себепші боларлық осында көрсетілген ұсақ, елеусіз мәселелердің пайда, зияны жайында көтерілген әңгіме облыстық комсомол комитетінің назарын аудармай қалмаған. Обком Дайыров баяндамасын қайта бастырып, жергілікті ұйымдарға жіберді. Талқылауды ұсынды. Арнаулы қызметкерлерін жер-жерге аттандырды... Енді, міне, қала төңірегіндегі Калинин атындағы колхозға оның өзін жұмсап отыр.

— Уақытың болса барып қайталық. Колхоз жастарымен танысатын боламыз. Бұдан былай тығыз байланыс жасауға жол болып саналады бұл сапар.

Мәулсін бұл ұсынысқа қарсы болған жоқ. Барып, колхоз жастарымен танысып, әңгімесуді теріс деп санамады. Енді қай уақытта, қай жерде кездесетінін әңгімелесті. Ерен кешке Жетісу көшесіндегі бір үйде болатынын, сонда колхоз жастарының машина жіберетінін мәлімдеді.

— Әкел, жазып берсейін, ұмытып қаларсың,— деп Ерен Мәулсіннің төс қалтасынан ұшы ғана көрініп тұрған қарындашты суырып алды. Көлденең бүктелген қиғаш жолды дәптер қағазы қолына іліге шықты.

— Менсі басқа да шақырушы табылған екен ғой,— деп Ерен қағазға үңіліп күлді,— тыңдаушың кім еді бұл?

— Ой, есімнен шығып кете қалғанын қара. Уәдемен айнуға тура келді. Бүгін осы тыңдаушымының үйіне бармақпын.

— Қой, колхозға барғаның пайдалы, тыңдаушыңды қоя тұр,— деп Ерен өз ұсынысын бекіте түсті.

Мәулен оған Саттарова туралы айтты.

— Жұмысшымен байланыс жасап тұру да теріс болмас,— деп күлді Мәулен,— шын пейілімен шақырған соң, бармаса өкпелейді.

Осыдан кейін Ерен қарсылық жасамады.

Олар қайта орындарына барысты. Күн кешкіре екеуі көпшілік кітапханасынан бірге шықты. Бірі колхозға тартты, екіншісі фабрикаға беттеді.

Кенет Мәулен тоқтай қалды. Анада сайлау күні Айшән айтқан сөз түсті есіне. «...Жолдасың, я сүйген қызың болса...». Ол енді Инешпен баруды дұрыс деп білді... «Таныссын. Мүмкін достасып кетер».

...Мәдине қабағына кірбің алып жүр екен. Мәуленмен салқын амандасты, кешеден бері ауырып жүргенін айтты да, Инеш бөлмесіне нұсқалды.

— Жалғыз отыр. Неге екенін білмеймін. Үйден шықпайтын болып алды, көңілсіз. Сұрасам айтпайды. Білші, Мәуленжан,— деді Мәдине.

Инеш терезе жақтауына сүйеніп, сыртқа қарап тұр екен. Мәуленді көріп қуанып қалды.

— Ой, жақсы болды ғой келгенің. Іздеп отыр едім, Мәулен.

— Неге?

— Неге екенін өзім де білмеймін. Әйтеуір, осы бір шақта... сен соншалықты керек сияқтысың... Мүмкін жақсы көргендіктен болар. Жақсы келдің, Мәйнам ауырып қалған соң... тіпті сондай көңілсіз,— Инеш алдебір салқын сабырлықпен төмен қарады. Содан кейін сонша мүләйім кескінмен Мәуленге бұрылды. Қашан да жайдары Инештің мынадай бишара келбетін ол бұрын көрмеген де, сезбеген де еді. Денесі шымырлап кетті.

— Мәулен, кейде... кейбір минутта мен өзімді бақытсызбын ба деп қаламын...

Мәулен шошып кетті.

— Не айтып отырсың, Инеш? Не айтып отырғаныңды өзің түсінесің бе?

— Әшейін айтамын,— деп Инеш жай күлді.— Мәйнам арып қалғаны... Оның үстіне, Гүлшатқа қатты өкпелегенім... Содан болар.

— Не қыл деп Гүлшатқа өкпелеп жүрсін?

Инеш Мәулен сұрағын елеусіз қалдырды. Сенімсіздеу басып Мәуленге келді. Бетіне күле қарап сәл тұрды.

— Мәулен, сен мені шын сүйесің бе?

— Сүйемін.

— Шын сүйесің ғой?

— Шын сүйемін.

Ол тағы да әлде не айтуға батылы жетпегендей сәл тұрды.

— Мәулен! Егер шын сүйсең... шын сүйетін болсаң... жуыр арада... қос...сылайық... Мәулен... Неге үндемейсің? Той жабдығын үй көтереді. Содан соң, мен қызмет істеймін. Сен болсаң... оқи бересің... Квартира іздеп әуре болмаймыз. Шал-кемпір бізге мына үйдің бір бұрышын бермес деймісің.

Мәулен не айтарын білмеді. Ол бұлай бәрі де тез бола қалады деп түсінбеген. Келешек туралы оның өз жоспары, өз ойы бар-ды. Мәулен ойынша бұл университетті бітіргенше, Инеш қызмет істей тұруға тиісті еді. Жазғы каникулда қайта кездеспейтіндерін де, қай курортқа баратындарын да жорып қойған болатын. Ал, енді...

Мәулен осы «ал, ендіні...» шеше алмай абдырап қалды:

— Қайдам, мен оқу бітіргенше сен қызмет істей тұрсаң... Содан кейін біз бақытты семья құрған болар едік.

— Әйтпесе, бақытты семья құра алмаймыз дейсің ғой?...— деді Инеш кейіңкіреп.

Мәулен сасқалақтай берді:

— Жәй... жоқ, ата-ананды айтқаным ғой.

— Олар қарсы болмайды.

— Дегенмен де... сенің ауылға барып біраз қызмет істеуің жөн емес пе?

— Ауылға барып?...— назік Инеш өзгеріп кетті. Мәуленге тіксіне қарады.

— Ие, ауылға барсаң... Жоғары білімділер ауылға тіпті керек қой.

Инеш теріс айналып үндемей қалды.

Мәулен артынан келіп қыз иығына қолын артты:

— Мен саған бір жерге барып қайт демекші едім.

— Қай жерге?

— Қай жерге болса да...

Инеш жүзінен қуаныш білді.

— Театрға. Дұрыс па? Бүгін операда «Фауст».

— Әйтеуір, бір жерге.

— Жоқ басқа жерге бармаймын.

Мәулен шынын айтты.

Инеш сәл ойланып қалды. Содан соң аздап қарсылық білдірді.

— Онда біз не қызық көреміз? Кілең жұмысшылар жиналар. Ішкен-жегенін айтысар. Біреудің арақты көп ішетіні, біреудің етті шайнамай жейтіні сөз болар. Одан да «Фаусты» тыңдалық. Дем алып қайтамыз.

Мәулен оған Саттарованы сырт таныстырды. Мәдениетті, таза, пысық қыз екенін, тіпті, бұдан эстетика мәселелерін де сұрап білгісі келгенін айтты.

Инеш енді бөтен сөз қатпады.

— Ондай мәдениетті қыз болса, баруға болады,— деп күрт көнді. Содан соң гардеробты ақтарып, үш-төрт көйлегін алып шықты.

— Қайсысын кисем дұрыс болады, ә?— Кезек-кезек қолына ұстап қойды. Стол үстінде ашық жатқан И. С. Тургеневтің «Дворян ұясына» үніліп, ештеңе деп жауап қатпай қалған Мәуленнің қасына келіп бұйынғы ғана күлді.

— Сен аңғарсаңшы енді... Мен киюге тиіспін ғой.

Мәулен байқамай қалғанын айыпқа бағып, бөлмеден шығып, ас үйге кірді. Көп отырды. Бұрышта көп сырлы тумбочка үстінде тұрған үлкен сәнді сағат тырс-тырс ұрып, уақыттың өтіп жатқанын паш етеді. Қарсы қабырғада майлы бояумен салынған Инештің үлкен портреті. Қолына ұстаған гүл шоғын жіскей түсіп, бері қарап күліп қалған. Осы бөлмеде шат көңілдің әуеніне үйлесер зат сол ғана... Таза жиналған сәнді бөлме. Соның өзінде де жаңағы бір тыныштық, есепсіз ауырлық, көңіліздік бары сезіледі.

Кенет Мәулен ойына Инештің жаңағы оқыс ұсынысы кеп оралды. Өзінен-өзі қысылып: «Осы мен ауылға бар дегенді несіне қайталап айта берем?»— деп өкінгендей.— Расында да бөлек тұрудың не сәні бар? Екеуіміз барып ойымызды айтсақ шал-кемпірдің бізден аяр несі бар?! Бір бөлмесі түгіл осы үйді тұтасымен бермей ме!

Осылай ойлауы мүң екен, Мәулен жадырап сала берді. Тұңғыш рет ойына «өйел алу»— деген ұғым келді. Өлде бір жұмбақ өмірдің ләззатына бөленгендей, өзінен-өзі жымия күліп қойды. Енді бірде жат бір ойдың ұшығы оралды да шошынып қалды: «Ал егер сіңірі шыққан жетім едің, осы үйге келіп адам болдың,— дегенді есітсем не болғаным?!— Онда өлгенім жақсы ғой».

Осы бір азапты сезімде отырған кезінде дағдысынша ауыр басып Мәдине кірді. Қолында кофейник, ыдыс-аяғы бар. Өлгібір қабақ кірбеңі молая, қоюлана түскен.

Ол ауыр сөйледі.

— Қарағым, шай іш... Тіпті ауыра беремін, оның үстіне осы үйдің қазанын көтеріп, ыдыс-аяғын жуу да қартайтып болды әбден. Кісі-місі қарастыра жүрсен... жаным. Ше-

шеңнің жайын көріп отырсың ғой. Ал ана шал мен Инешжан құлағына ілер емес. Жайымды мүсіркеп, көңілімді аулайтын Сабырым болса... ол болса, тап мұндай мүшкілдікке жетпеген болар едім. Іш, жаным, соңғы кезде келуді сиретіп кеттің ғой. Оның не?... Байқай жүрсең... Ақысын толық берсем, оның не айыбы бар?— Мәдине ауыр күрсініп, көзіне жас алды.— Кешір, жаным, сені көргенде Сабырымды көргендей боламын. Қайта мазанды алам ғой деп бойымды алыс ұстап жүремін.

Сол шақта шапшаң басып Инеш кірді. Үстінде шолақ жең, жалпақ белбеулі, бүрмелі шұбар көйлек. Соншалықты ұнасымды тұр, сипат береді. Жарқырауық үлкен ала гүлдері өзі қозғалып жүрген сайын, сөніп-жанған жұлдыздарға ұқсап толқынды көп қабаттарына бір ырғақпен кезек жоғалып шығып көз тартады.

Инеш балаша күліп, айна алдына барып ол жақ, бұл жағын қарады. Прическасын басып, байқап қойды. Сонан соң шешесіне бұрылды.

— Мәйна, менің ана бір корд көйлегім қайда? Іздеп едім, таба алмадым ғой.

— Жаным, жуулы қалпында жатқан болар. Өтекке ба-сылған жоқ.

— Ертерек үтектей салмас па? Жуылған кір комодында көк сасып айлап жатады да қояды.

— Инешжан, мазамды алмашы. Қажай бергенмен не шығады осы менен. Көріп отырсың ғой, мүсіркессеңші. Үстіндегі көйлектің ештеңесі жоқ, ұнасып-ақ тұр.

— Қыс күнінде жаз көйлегін киюдің өзі қолайсыз-ақ,— деді Инеш.

— Онда анадағыдай күйіп қалмай, өтсектеп ал. Болмаса көршіні шақыр.

Инеш сәл ойланып тұрды да, Мәуленге жақындады.

— Ұнасымды ма?— деп ерекше жайдары жүзбен сұрады.

— Ұнасымды-ақ.

— Әлгі, қалай, Саттарова деп пе едің?..— деп Инеш тағы да Мәуленге қарады. Содан соң сәл ойланып қалды да, түйе сөйлесді.— Жә, кім мені сынай қояр дейсің онда?! Осы көйлек те жарар...

...Ексуі сыртқа шықты.

Бұл күндері қар мен жамбыр аралас үдере жауған, лайсаң шақ еді. Көзір қар борай бастады. Әлі түгелсіз асфальт жабылып болмаған тротуармен Инеш жиіркесе басып келді.

— Алыс па әлі?— деп әлсін-әлі сұрай берді.

Көлденең өтетін көше бұрышындағы екі қабат үлкен үйдің жанына келіп, Инештің қолтығынан ұстаған қалпы Мәулен тұра қалды да, салмақпен:

— Тоқта, санап алайық,— деді қолын ілгері шошайтып,— біреу... екеу...— деп бастады,— әлі де бес-алты квартал бар.

— Қой онда. Кейін ораламыз.

— Жок, шаршасаң да жүре бересің менімен.

Анадағы осы бір сөзі есіне түсіп, Инеш күлді.

— Дұрыс жолмен жүрсем, әрине... Ал қисық кетсең... Мен онда ілгері жүрмеймін.

— Онда осы үйге кіріп дем алсақ қайтеді?— деп Мәулен күлді.

— Осы үй ме еді?

— Ие, осы үй іздеп келгеніміз.

Олар үлкен аулаға енді. Орта подъезге бет ала бергенде, оң қабырғадан баланың ащы айқайы шықты.

— Пе...е...пе...ее...еп!

Бұлар оны елей қоймады. Өлгі айқай тағы қайталанды.

— Пе...е...пе...пе...ее...еп!

Мәулен артына қарағанша болмады, Инеш аяғына келіп бір кішкене қол шана орала кетті. Ол оң аяғын көтеріп ауырсынып қалды. Шанадан саспай, баппен бір бала түсе берді.

— Не еткен көргенсізсің?— деп Инеш ауырсына сөйлеп, балаға жекіді. Кішкене қара бала айыбын мойнына алғандай, оны аяп, бетін тыжырыңқырап, енді үлкендерше жөн айта сөйледі:

— Машина жолында байқау керек. Тормоз беріп, тоқтатпағанда басып та кететін едім,— деді жінішке даусымен үзіп-үзіп сөйлеп. Сөйтті де, өз сөзіне қостау іздеген адамша, Мәуленге қарады. «Сені қайдан көрдім?»— дегендей сәл тұрда да:— Аға, мен сізді білемін,— деп келіп құшақтай алды.— Мотор, ағатай, тозып қалды. Токті нашар береді.

Шынында да кәзір Сафардың мұзмоторы мүжіле кішірейіп, таусылуға айналған-ды.

— Аға, тағы «мұзмотор» жасап берсеңіз қайтеді?— деп Сафар сырғанақты көрсетіп, жалына сөйледі.

— Қарсыз «мұзмотор» жасауға болмайды. Жаз шығады. Сонан соң күз келеді. Күннің көзін жиі-жиі бұлт баса бастайды. Жиі-жиі жанбыр жауады. Жанбыр бірте-бірте барып қарға айналады. Жаңа қыс түседі. Міне, сол кезде... Мұның тозғанына қынжылма. Ертең жаз шыққан соң, кеме жасап алып, суда жүзуге де болады.

Бұл сөзді соншалықты әсерлене тыңдаған бала:

— Біздің үй бүгін көп кісілер шақырады,— деді.
— Кімдерді шақырады?— деп сұрады Инеш. Енді бала сөзін қызық көріп тұр.
— Мәулен ағамды шақырады. Тағы шақырады...
— Ал мені ше?
Сафар үндемей тұрып қалды.
— Сіз де жүріңіз. Айшан әкпем көп-көп етіп манти пісірді. Сізге де пісіреді...— деп ойлана жауап берді аздан соң.
— Шын көп пісірді ме?
— Шыя айтамын, тәтей. Нанбасаңыз жүріңіз, өзіңіз көріңізші. Өтірік айтып отыр дейсіз бе? Өтірік айтпаймын мен. Өтірікті жаман бала ғана айтады.
Олар күліп үйге беттеді. Саттарова есік алдына шығып қошеметпен қарсы алды.

39

Соңғы күндері өзі толық оқып шыққан Адам Мицкевичтің «К. М...» деген бір өлеңі Мәуленнің жадына жиі-жиі орала береді:

Прочь с глаз моих!— Я покорюсь сразу,
Из сердца прочь!— Исполнил приказанье.
Из памяти!..— Но этому приказу
Повиноваться мы не в состоянии.

Аида Саттарованың үйінде болған ренішті оқиғаны Мәуленнің ұмытқысы, ойламағысы-ақ келіп еді, есінен шығара алмады бірақ. Соншалықты айқын қалпында көзінің алдына келеді де жүретін тырналайды. Жаралы жанын шымшып ауыртады.

Мәулен әлгінде университет алдында Инешті тағы да кездестірді. Қасында Белгіұлов. Қолтықтап алған. Сондай көңілді ексуді де. Инеш Мәуленнің жанынан сықылықтап күліп өтті. Көз қиығын да салмады. Көрмеген болып өтті. Шын көрмеді ме? Әлде Мәуленге көрсеткен қыры ма? Қанша ойласа да жауап таба алмады. Жатақхана ауласына келді. Енді-енді бүртік атып, жасаңғырай бастаған сидақ шіліктің күнсс жағына қойылған скамейкаға барып отырды. Көзін жұмды да, еңкейе отырып, екі алақанымен бетін басты.

...Қараңғы түн. Көшеде жанған шам да жоқ. Қар ұялаған ағаш бастарын аздап жел шайқайды. Адам аяғы есліреп қалған. Жым-жырт тыныштық басқан шағын үйлер түнсерген түн қойнында мелшініп-мелшініп жабығыңқы көрінсді. Инештің жінішке де қатқыл даусы шығады.

— Шығарып салма. Өзім де барамын.

Мәулен оның бетіне қарады. Алыс қабағы бір-біріне жақындай түскен. Қара көзінде шытынаған от бар. Мәулен үндемеді. Балкім жадырар деп Инештің қолтығынан ұстады. Қыз ыршып түсті. Мәулен қолын сілкіңкірей ітеріп тастады.

— Шығарып салма дедім ғой мен саған. Бар, жөніңді тап,— Инеш даусы бір беткей де тұжырымды, қатаң.

Мәулен көңілі қайтып қалды. Жәбір көрген жүрекке ыстық қорғасын құйып жібергендей. Ол енді тіл қатпады. Бұрылып алды да жүріп кетті. Құлазыған қараңғы көшеде Инеш әлдебірдеменің қара көлеңкесіндей болып қимылсыз селкеу қалды.

Неге қалды қимылсыз?

Ой донғалағы әрі жылжып, Саттарованың үйіне барды. ...Айшән барынша қарсы алған. Еңселі үйдің іші қаншалықты жұпыны болса, соншалықты таза, соншалықты көзділді, сергек. Осындай тазалық пен жұпынылық дастарқан үстінде де бар. Кіршіксіз ақпен жабылған дөңгелек столдың үстінде манти, самса, лағман, бұрама сияқты дәмді тамақ бар. Түрлі жемістер де осында. Грузин, қазақ трестері шығарған шараптар қойылған. Көбірек орын әр түрлі қағазды конфеталарға берілген.

Осы столдың рухына сай қонақтар бар. Бәрі де аз сөйлеп, көп тындап отыр. Әңгіме тақырыбы әр түрлі болады. Радиолокация мен атом қуаты да, Біріккен Ұлттар Ұйымы Ассамблеясы, ондағы тіпті Уланованың бишілігі мен Қазақстанда өсіріліп жатқан қойдың жаңа түрі де таластар тудыра кеңесілген. Үй ішінде ұршықша үйіріле жүріп бұларды күткен Айшәннің өзі де әңгімеден шет қалған жоқ. Бәріне де жаңғырыға үн қатып, кезегінде өзіндік пікірлерін де айтады. Мұнда көбірек сөйлеген Мәулен еді. Көтеріңкі де сергек. Өз үйінде отырғандай еркін сөйлей берді, сөйлей берді. Ол тіпті Инешке қарауды да, оны күтуді де ұмытып кетті. Шынын айтқанда, бұл кеште оны ешкім де айрықша елеі қойған жоқ еді. Жұрт қатарлы көптің бірі болып, мына ортада үнсіз отыра берді. Айшән да ішіндер, жемдер деген жалпылық сөздермен шектелді.

Кенет Инешке осы отырғандардың бәрі де сыйлықты қадір тұтуды білмейтін даралықтары жоқ түсініксіз тұтас бір жәндік сияқты болып кетті.

Ән айтылды, енді би ойнала бастады. Осы сәтте Инеш кететіндігін білдірді.

— Түннің бір уағы болып қалды, үй алыс еді...

Сырнай тартып отырған қара жігіт қалбалақтай берді:

— Такси бар ғой. Өзіміз апарып саламыз. Такси...

— Рақмет. Мен қайтамын,— деп Инеш тік сөйлеп түрегелді.

— Неге асықтыңыз? Бүгін мейрам емес пе?— деді жаңағы қара жігіт.

Инеш қозғала қоймаған Мәуленге қарады. Тіксіне сөйледі:

— Сен не, қалмақсың ба мына тобырдың арасында?

Есік жақта үндемей отырған бір жігіт кейінкірей сөйледі.

— Мұндай мәдениетті қыздардың әдеті мұрнын шүйіре келетін. Асықса жүре берсін. Мәуленді кейін өзіміз апарып саламыз.

Инеш жалт қарады.

— Әйел сыйлап көрмеген надан неме!

Айшән мен сырнайшы жігіт есік жақтағыға жекіп ұрсып тастады. Инешті тоқтатпақ болды. Инеш ешкімге де қарамады. Пальтосын киді де, жүгіре басып шығып кетті.

Мәулен де киінді.

— Ал сәге көрмендер. Көп-көп рақмет.

— Сіздерге де рақмет. Қомсынбасандар келіп тұрыңдар,— деді Айшән қоштасарда.

Мәулен далаға шықты. Жүгіре басып бара жатқан Инешті екінші көшенің пұшпағында ғана қуып жетті.

— Инеш, Инешжан, саған не болған? Мұның не?— деп Мәулен наз сала сөйледі.

— Саған не болды?— деді Инеш ашулы дауыспен.

— Маған не болсын? Ештесе де болған жоқ.

— Жоқ, болған. Кім екенінді мен жаңа түсідім. Сен де надансың. Надан болмасаң маған тіл тигізіп жатқанда үндемей отырармысың.

— Жоқ, Инеш, ойлашы. Кінә өзінде ғой. Неге оларды тобыр дейсің. Соның да мәдениеттілік пе сенің?

— Тобыр екені өтірік пе?

— Олар да біз сияқты мәдениетті адамдар.

Инеш қатарласа келе жатқан Мәуленге ала көзімен қарады.

— Сен барып тұрған талғаусыз адамсың.

— Дәлелде.

— Дәлел сол,— деді Инеш озыңқырай шапшаңырақ басып,— талғаусыз жерде талғаусыз адам ғана жаңағыдай көп сөйлеп, өзін тым жәніл ұстайды.

— Саттарованы талғаусыз дей алмайсың. Одан көп нәрселерді үйрену керек қайта.

Инеш Мәуленге бұрылып тұрып қалды. Ұнатпай, өткір қарап тұрғанын Мәулен бірден сезді.

— Мүмкін, Дәулеткерееваны Саттароваға айналдыру керек шығар, — деп кекетті ол.

Мәулен бойұсына қоймады. Тұжыра сөйледі.

— Айналдыру керек! Дәл Гүлшат сияқты, Саттарова сияқты әрі білімді, әрі төзімді, жан-жақты болу керек. Өмірді сен өз терезеңнен ғана көріп отырсың. Ал Саттарова қайнаған өмірдің ішінде жүр. Жай жүрген жоқ, өмірді қайната түсіп жүр.

— Мен өз тереземді ол кешкен өмірге бермейтінімді сен де ұғын.

Мәулен де қызып кетті.

— Сенің терезең тозған терезе.

— Жоқ, мәдениет терезесі. Өрең әлі жеткен жоқ оған. Мәдениетсізсің!

— Ал мәдениеттілік деген не?..

Міне, күн жылытықпен елжірей қарап тұрған осы бір аулада оңаша отырған Мәуленді толғандырған сұрақ осы еді. Мүмкін Инеш дұрыс айтқан шығар? Мүмкін мәдениетсіз шығар Мәулен.

Мәулен түрегелді де, жатақханаға беттеді. Үшiяшi қабатқа көтеріліп ұзын коридордың сонау басына қарай жүріп келеді. Оң қолдағы шынылы есіктің іш жағынан бері қаратып жалпырылған картина оның көзіне кенет шалына кетті. Адыр, белесті, көгілжім сарғыш дала. Белесқыраттарды жүлгелеп аққан өзеннің бері жакындаған сайын кең тартар аңғарында өскен жас құрақ бүлтсыз ашық күнде еркін өскен сахара желімен сыбырлап кең даланың баяу, созылымды әнін тынымсыз салып тұрғандай. Оң қабақты иіріле жағалап ілгеріге кетер соқпақ жолдан сал жырақтау, жартылап көрінер, беткейінде күбісек бас қына өскен найза тастың дөкірлеу біткен, мұғар биігінде қыран бүркіт отыр. Мүлгіп жатқан ең байтақ иесіз сахараға көз тастаған, тоят іздердей.

Алыстағы бір иірімде шалғын арасынан жоны ғана қылтындап жылқылар көрінеді.

Бұл картинаны Бақшаев салып, Сымбатқа ұсынғанын, онда Абай заманындағы Бақанас өзенінің келбеті көрсетілгенін Мәулен аяққы жазулардан оқып білді. Романтикаға толы картинаны тамашалап көп тұрмады ол. Ішке кірді. Сымбат жалғыз, жазып отыр екен, Мәулен келгенде-ақ ұшып тұрды.

— Жақсы келдің, қандай романтика! Ғасырлар бойы үнсіздік пен меңіреуліктің айғағындай болып тұрған мылқау шын. Сол шыңның кеудесінде өзімізге таныс қыз. Қолындағы ту шығып келе жатқан күн нұрына малынған. Бұл, міне, бейбітшілік пен ерлік бейнесі. Тамаша емес пе?

Мәуленнің тез жаңғырықпағанын байқаған Сымбат оның жанына келді:

— Немене? Неге бұлай өзгере қалғаның?

Мәулен іркілмей бірден сұрана сөйледі:

— Мен осы мәдениетті студенттер тобына жатам ба?

Сымбат аңырып қалды.

— Мен мәдениеттілерге қосылам ба деймін?

— Жақсырақ киінсең... әскери гимнастерканы тастап, галстук тақ. Отыз екі сантиметрлік... қай размерлі етік киюші ең. Қырық бір? Дұрыс келеді. Отыз екі сантиметрлік кең балақ шалбар... соған ұқсас туфли... Сонда шын мәдениетті студент боласың.

— Мәдениеттілік киім киюмен ғана біте ме?

— Жо...оқ, мен жетпеген нәрселерді айтып жатырмын. Қалғаны өзінде бар ғой.

— Ал мәдениеттілік деген не?— деп Мәулен оған үңіле қарады.

Сымбат жазып отырған дәптерін жауып қойды.

— Мәдениеттілік деймісін? Мәдениеттілік?— деп ол қайта сұрап алды да, басын сипалап біраз отырды.— Ие, бір беттілігің бар. Өз қателігіңді мойындамайсың деуге болар ма еді. Ие, осыны жоюың керек. Мәдениеттілік? Мұны бір сөзбен айтудың өзі...

Мәулен күлді.

— Ымыраға келу ме мәдениеттілік?

— Жо-оқ.

— Егер талас принципиально болса ше, а? Жүр, бізге баралық.— Ол жауап күтпей-ақ Сымбатты еріксіз өзі жатқан бөлмеге алып келді. Кереуетінде газеттер мен хаттар жатыр екен.

— О-о-о... корреспонденция...

Ол ең алдымен хатты ашып оқыды. Майданда бірге болған бір хакас жігіт болатын. Амандығын, жақында үйленгенін, өзі колхоздың болашақ су электр станциясының монтері болып тағайындалғанын айтыпты. Станция орнатудағы көптің қажырлы бірлестігін, тұрмыстың жақсы екенін баяндап, жаз қонаққа келуін өтінеді. Моторлы қайықпен үшеулеп (бұл арада Мәуленнің сүйген қызының бар, жоғын сұрайды) балық аулауға, құс атуға болатынын да жазыпты. «Хакас жері сәнді. Өз көзіңмен жақсы тұрмысымызды көріп, дсмалып қайт»— деп аяқталған хаттың соңы.

Мәулен бұған қатты қуанып қалды. Енді өзі жазып алдыратын «Литературная газета», «Комсомольская правда», «Советский спорт» сияқты газеттердің арасынан университеттің многотиражасын суырып алды. Жұмасына

бір-ақ шығатын төрт бетті осы бір кішкене газет оны қатты ыңтықтыратын еді.

Газеттің бірінші, екінші бетіне көз жүгіртіп, Мәулен үшінші бетке үңілді. Бұл беттің орта тұсындағы карикатура оның көзіне бірден басылды. «Жаңа әуендегі ескі әдет» деген көрнекті атпен ашық шыққан тартымды карикатура.

Иығын түгел жапқан сәнді прическалы бір қыз өзінің телеграф бағанасындай ұзын, жіңішке денесіне мүлде сай келмейтін қымқа қолын кеудесіне қойып, басын еңкейтіп қалған. Сояшалықты қуанышты келбетінде шексіз алғыс бар. Қарсысында тұрған қарға бойлы жігіт бұған сонау төменнен қарап, соншалықты ұзын, сүйретпе қолымен жердегі бірдеңені қарманады. Қапылыста түскен қыз кітабы болса керек. Жігіт осы бір сирек шақты шапшаң пайдаланып, қызмет көрсетіп қалған.

Мәулен ұзақ қарады, қызықтап күлді. Енді бір сәтте карикатураға тесіле қарап отырған көзінен күлкі сәулесі бірте-бірте барып сөне берді. Қозғалмай қадалған қалпы шарасынан шығып барады. «Мынау Инеш қой! Құтты сол. Күлкісі, тіпті прическасы... құтты Инеш. Ол карикатура астындағы сөзге асығыс үңілді. Ойы теріске шықты. Ешкімнің де аты жазылмаған.

Мәулен үнсіз ойланып қалды. Осы бір үнсіздік үндемейтін Сымбатты да жалықтырып жібергендей. О да тұрып келіп қызықтай бастады.

— Не себепте жаңа әуен?

Мәулен ұшып тұрды. Ерсілі-қарсылы жүріп кетті. Енді бірде Сымбаттың жанына келіп сал тұрды да, қысқа жауап берді.

— Ескі уақытта орамал көтерілетін. Ал көзір...

— Мұның несі ерсі? Сыйламау керек пе?

— Сыйлықтың да сыйлығы бар. Сыйлықта шындық болуға тиіс. Ал мынада шындық жоқ.

— Соңыңше көтеріп әпермеу керек пе?— деп Сымбат Мәуленге қарсы келді.— Ол дөрекілік қой.

— Кітабымды мен түсіріп алдым, сенің әперуің керек пе, жоқ па?

— Ну, сен туралы әңгіме басқа.

Мәулен өкшелей берді.

— Неге мен туралы әңгіме басқа?

— Ну, сен ерксз адамсың...

— Әйел адам емес пе?

— Адам.

— Адам болса, сыйлық бұл емес. Бұл — әйелді адам деп танымай тұрған кездің сыйлығы. Біз әйелді ең алдымен

адам деп, үйде де, түзде де жанашыр жолдас деп түсінеміз. Осы дәрежелік пе? Міне, Инеш осыны түсінбейді.

Сымбат айтыс дегенді сүймейтін. Мәуленнің тереңге тартып бара жатқанын байқап тоқталып қалды.

Мәулен тағы жүріп кетті. Кереует астынан чемоданын суырды. Ақтара отырып, түбі ақжем болып ескірген бір қызыл дәптерін алып шықты. Ерекше бір толқынмен бірінші бетін ашты. Сарғая бастаған дәптер бетінен әлдебір таныс иіс келеді — сезім дүниенің тербетер балалық шақтың иісі, мектеп иісі. Осы беттен айналдыра акварельмен салынған түрлі түсті сурет, гүлдер. Ортада ашық қалған кішкене жерге:

«Сен де — бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та, бар, қалаң», —

деген Абай өлеңі жазылып, айналасы қызыл бағаналармен қоршалып тасталған.

Бұл өлең бірінші бетте жалғыз тұрғанына қарағанда осы дәптердің мазмұны, ал дәптер иесінің арман-тілегіне ұқсайды. Арғы беттерде «Еңбек — жан сәулеті», «Білім — жан азығы», «Испания ерлеріне» деген сияқты сұлу жазылған тақырыптар бар. Өлеңдердің поэзиялығы төмен жатыр. Оны Мәуленнің өзі де біліп отыр. Сонда да, осы бір талғаусыз қолмен жиналған кедір-бұдыр сөздердің астында сәбилік таза жүрек соғып тұрғанын Мәулен өз жүрегінің дүрсілінен ұғады. Өр бетте балалық аңқаулықтың, романтикалық асқақ ойдың ізі суымай жатыр. Мәулен сол сезімге қайта оралды. Лев Толстой мен Бальзакты, Белинский мен Чернышевскийді снді тереңірек білетіні болмаса, сол сәбилік қалпына барды. Қызыл дәптер сң алдымен қызыл сияға, одан қызыл жалау сияқты нәрсеге ауысып, желбірей ұшып алыстады да, ой арман дүниесіне, романтикаға айналып кетті. Пианино клавишын басқанда күй саулағаны секілді, мұның да сезім пернелерін әлдекім басып, жан дүниесін толқытады. Мәулен сріксіз қолына қалам алды. Сондағы ойынның айтылмаған жалғасын айтпақ. Жазылмай қалған жалғас дәптерде де бар екен, келер бетке сондағыдай етіп әшксілейсн, сіді оқушы қолымсн емс, студент қолымсн «Адам және мәдениет» — деп жазды.

Осыдан кейін қаламын дәуітке сүйеді де, ойланып қалды. Ол күн ойланды, түн ойланды. Трамвай тоқтайтын жер мен троллейбус ішінде де ойланды. Ас ішіп те, лекция тындап та ойлағаны осы ғана. Ой бекерге кетпеді. Қағазға түссе берді (Мәулен жас күнінде сң алдымен жазылуға тиісті

өлеңнің мазмұнын түгелдей көшіріп қағазға түсіретін. Ол бұл жолы да сол дағдысына басты). Арادا бірнеше күн өтті. Мәулен жазғандарын қайта-қайта өшірді, қайта-қайта жазды. Бір өлеңнің бірнеше варианттары туды. Қайсысы тәуір, қайсысы төмен екенін білмек болып, бір ретте тағы да оңаша отырған Сымбатқа оқығысы келетінін білдірді. Сымбат тек ақындарда ғана болатын әсерленушілікпен елендеп қалды. Мәулен еңбек жайында жазылған өлеңнің бір вариантын оқыған соң, шабыттана тыңдап отырған Сымбат сұрана сөйледі.

— Кім жазды мұны?

— Кім жазғанда жұмысың қанша, кемшілігін айт.

— Авторын айтпасаң сынауға болмайды...

— Авторы жақсы болса, өлеңін де мақтамақсың ғой, ә?— деп Мәулен күлді. Өзі бір жақтан жазу столына шығып алды.

— Керісінше, авторы жақсы болса... өлеңі жаман дер едім.

— Ие, сөйтіп?..

— Мәселен,— деп Сымбат көзіне түскен ұзын қара шашын толық саусақтарымен салалап кейін қайырды,— мәселен, бұл өлеңді үлкен талантты ақын жазса, өте жаман, жай талантты ақын жазса, жай жаман, орташа талантты ақын жазса, шамалы, мен жазсам жақсы. Жоқ... мен... жазсам бар ғой... өт-те жақсы...

Бұл пікір Мәуленді қызыққа батырды.

— Сонда осы бір бишара өлең бірден бес түрлі бағаға ие болғаны ма?

— Енді қалай дейсің?— деп Сымбат та кеңкілдеп танауынан күлді.— Өркімнің ісі қолынан келгеніне қарай бағаланады. Бұдан он есе артық жазуға мүмкіншілігі бар талантты ақын осылай жазса, жаман емей не? Бірақ ондай ақын мұндай өлең жазбайды. Ал маған жарай береді.

— Әлі жастығыңа қарап жаман өлеңді де жақсы дей берген соң дандайсып кетпейсің бе? Әділ сын болмаған соң өсу қайда? Жок, достым, бұл обывательщина.

Сымбат әрі таласпады, үндемей қалды.

Аз отырған соң Мәулен күрсініп алды.

— Бұл өлеңді мен жаздым. Маған мақтау сөз керек емес. Бірсу маған кемшіліктерін көрсетсе... мен мұны түзер едім, қайта жазар едім.

Сымбат «рас па?» дегендей сенбестік білдірді. Мәулен әңгімесін жалғай берді.

— Адам көп ретте өз жазғандарының кемшілігін көре алмайды. Неге көре алмайды? Білесің бе? Өйткені, өлең де

толғақпен келеді. Жақсы, жаман болсын қай ана өз баласын жек көреді. Ана балаларын олардың мінез-құлқынан, ісінен өсе келе біледі. Рас, өлеңді де солай оның өзі ісінен — оқушыға әсер еткен, етпегенінен білуге болады. Бірақ баланы жаман тәрбиелеуге шешенің правосы жоқ сияқты, жаман өлеңді оқушыға ұсынуға да ешкім право берген жоқ. Жаман іс ұрлықтан да жаман. Осыны айтқан кім еді? Алексей Толстойдың бір геройы ғой деймін.

Сымбат ұйып тыңдап қалған.

— Міне, маған сыншы керек. Қатаң сыншы керек, — деп Мәулен столдан түсті де олай-бұлай жүріп кетті. Осыдан соң әлі де бұйығы ойда отырған Сымбатқа ойлана қарап қалды. — Жок, бұл өлең емес әлі, өлең жазар мен ақын да емеспін. Мен бұл тақырыпқа мақала жазуым керек. — Түсіндің бе? Мен сөйтіп жаңа адамға лайық жаңа этиканың нормаларын түсіндіріп беруім керек. Осыдан соң өзі жазған жаңа өлеңдерді ортасынан екі-үш айырып лақтырып тастады. — Мен өз жолымды енді таптым, Сымбат.

Осы сәтте Мәуленнің ішкі дүниесінде дауыл тұрып, алай-түлей соғып өткенін адам жанын анығырақ ұғар Сымбат сол қалпында сезініп еді. Оның ашық ойлығы мен еркіндігін, бүркеусіз мінезін қошаметтеп те қалған.

40

Гүлшат мәжіліс залына кіргенде жұрт орналасып болуға жуық екен. Халық тығыз. Бұрын көзге кең, үлкен көрінетін осы бір зал әрі тарылып, әрі аласарып кеткен. Қызыл жабылып, үй гүлдері, стакандар мен графиндер қойылған ұзын столдың басында биология пәндерінің мамандары, доцент, профессорлар. Добров та солардың ішінен орын алған. Сарыбсков мүйіз қара кезілдірігімен жоғарырақ алысқа қарап, көптің тынышталуын күтіп үнсіз тұр. Анда-санда стол үстіндегі қоңырауды қолыммен баса ұрып, үйін сақауландыра, ақырын шығарады.

Белгігулов шеткеріректе оқшаулау отырды. Маңғаздық, баяулық реңкі енді айқындала түскен. Батар күннің тереземен шағылысқан қызғылт сәулесінен қашқақтап қытымырланады. Қабағын бірде көтеріп, маңдай қыртыстарын қалыңдатып, бет бейнесін ілгері шығарады. Кейде сол қыртыс әжімдерді көзінің алдына жиыстырып, ұрланып қана қарайтын көзін сығырайтып сүзіледі. Мойын есті жабыңқырап тұрған крахмалды ақ жағасын сау-сақтарының ұшыммен ғана ақырын сипап, өзінің осы бір

айрықша "паң, бейқам қиямдарымен көп көңілі өзiне аудармақ ниетi де бар секiлдi.

Гүлшат отырар жер ыңғайын байқап, табалдырықта сал кiдiрiңкiреп едi, ар жақтан асығыстау басып кiрiп келе жатқан Бозжановпен соқтығысып қалды.

—Кешiре көрiңiз, Кәке... Тiптi байқаусызда... Көрмейсiз бе, тiптi байқаусызда...— деп қайталап Гүлшат қысыла сөйледi.

Бозжанов көңiлдi бiр кейiппен бұған қолын ұсынды:

— Жарайсың, Аманова, жарайсың. Құттықтап қояйыншы өзiңдi. Просто жарайсың,— деп үдере сөйлеп, өте бердi.

Бозжановтың бұл сөзiне түсiнбеген Гүлшат: «Жарайсыңың несi? Байқай алмай соқтығысып қалғаныңды құттықтап бара ма?» деген күдiктi оймен есiк көзiнен бұрылыақырап кеттi.

Жұрт бiрте-бiрте тынышға бастады. Мәжiлiс осы залдың рухына сай көңiлдi ашылды. Бiрнеше баяндамалар жасалды. Бiрiнен соң бiрi оппоненттер, көлденең тыңдаушылар мiнбеге шығып жатты.

Солардың бәрiн де Добров iлтипат қойып тыңдап отыр. Кескiнiнде сергектiк бар. Қозғалады, кейде қасындағыларға қысқа ғана тiл қатады. Тегi, ол таза жүрсе де, киiмге құнтсыз, талғаусыз адам секiлдi. Реңсiз, бозғыл галстугiнiң түйiнi төмен сырғанаңқырап кеткен. Бұрылып қозғалған сайын көк көйлегiнiң жағасы қыртыстанып лиджагiнiң сыртына шоштандап шыға бередi.

Осы бiр құбылыс — оған қараушылардың жүзiне күлкi iзiн жүгiртiп өтедi. Бiрақ елеген профессор жоқ. Табиғаттың өзiңдей қарапайым, ойлы, салмақты. Жұрт зiлсiз күле отырып, ынтығар, өнеге тұтар ықыласта. Тiптi кейбiр студенттердiң Добровтың киiм киiсiне елiктейтiнi де болатын.

Асылында үш күнге созылған осы бiр студенттiк ғылыми конференцияны ұйымдастырушы да Добров едi. Бозжанов диссертациясын қорғаған күнi партбюро секретарының кабинетiнде туған ұсыныс — студенттер арасында биология табыстарын кең насихаттау мәселесiн қолға алу керек деген Добров ұсынысы былайғы күндерде университетте өткен көп iстердiң түп мақсатына айналып отырған.

Бұл iсте ақылшысы да, көмекшiсi де Кәрiм Бозжанов болып едi. Кәрiммен кеңесе отырып тақырыптарды iрiктедi. Кәрiммен кеңесе отырып баяндама жасауға озат студенттердi тандап алып, оларды партия бюросында бекiттiрдi.

Талай баяндамаларда да Бозжанов екеуiнiң қол iзi мен ой iзi бiрдей қалған.

Бозжанов диссертациясы да осы Добровтың қолдауымен кең аудиторияға шығып еді. Викентий Викентьевич қалалық партия комитетінің бюросында бұл жөнінде әңгіме көтеріп, ауыл шаруашылық институтында да, зооветеринарлық институтта да Бозжанов диссертациясын арнаулы курс етіп жүргізуді ұсынып, сол ұсынысын қабылдап отырғанды.

Викентий Викентьевич жаңа типті партия қызметкерлерінің көбіне тән өз сөзін елеусіз қалдырмайтын тамаша қасиеті бар еді. Ол өзінің күнделікті ғылыми, саяси жұмыстарына барынша беріліп кетсе де Гүлшат ашқан жаңалық тағдырын да ұмыт қалдырмаған. Дыбыс жазатын заводқа телеграмма соңынан телеграмма жіберіп, ең соңында Москвамен телефон арқылы тікелей байланысты.

Завод директоры бұл ұсыныстың ұзақ уақыт тексерісте болғанын, осы жөнінде арнап құрылған комиссия шешім, қорытындыны ертең жасарын, сол ертең жауабын кезексіз хабарларын айтты.

Ертең келер телеграмма Добровка конференция үстінде жетті.

«Сіздің университет студенткалары Аманова, Қасимова, Артығалиева ұсыныстары сыннан жақсы өтті. Жуырда авторлық праволары жіберіледі. Шайырды терең зерттеп, толық картасын жасау үшін келер жазда СССР Ғылым академиясы арнаулы экспедиция шығарады».

Стол басында отырған Викентий Викентьевич аса бір қуаныштылықпен осы телеграмманы қайта-қайта оқиды. Оқиды да, топ ішіне көз салып Гүлшатты тауып алады. Оның қаперінде ештеңе де жоқ. Сөйлеушіні қимылсыз бағып бейқам отыр. Оның осы бейқам қалпы профессор жүзіне сал күлкі жүгіртіп те өтеді. Бір ретте мына сөйлеп тұрған адамды тоқтатып қойып, оқып бергісі де келді. Енді бір мезетте Викентий Викентьевич оңтайлана беріп басқа бір ойдың жетегіне еріп тоқтады. Сөйтті де телеграмманы столдың екінші жақ басында отырған Бозжановқа ұсынды. Ол да оқып шығып, сондай бір сезіммен Гүлшатты іздестірді. Ол да Аманованың мына бейқам қалпына қарап, езу тартты.

Неге екені белгісіз, Добров бұл хабарды Гүлшатқа үзіліс кезінде де айтпады.

Ал Гүлшат Бозжановтың жаңағы құттықтауын ештеңеге де жориа алмай отыр. Өдепкіде Ажар мен Задаға соны айта бастап еді, енді үшеуі де шығып сөйлеушілерге әр түрлі баға берісіп, бірін қабылдап, екіншісін сынай берді. Сарыбеков оны мінбеге осындай бір қызу сыбыр үстінде отырғанда шақырды.

Гүлшаттың мінбеге сәл жүрексініңкіреп шыққаны қолына ұстаған қағазынан байқалады. Демін ішіне алып, көз аудармай қозғалыссыз қадалған мына топтан қысылып тұрған ол жоқ. Бұл оның жұрт алдына алғаш шығуы да емес. Ол — университетте өтіп келе жатқан жылдардың ішінде бұл мінбеге талай рет шыққан. Сөзге де дағдылана бастаған-ды. Дағдыланбағаны тек осы бір толқу дірілі. Сол дағдыланбағандықтың өзі дағдыға айналып кеткенге ұқсайды. Ол қашан да осылай толқып, дірілденкіреп шығады. Өзіне бұрын таныс емес сезім пайда болады. Сол сезім оны билеп, жүрегіннің соғысын үдете, жмілете бастайды. Осы бір толқуын сездірмеуге тырысқан Гүлшат жұрттан биігірек қарап еді, кенет көзіне Мәулен ілкіті. Орындықтары бірте-бірте биіктейтін кең залдың сонау бір түкпірінде бері қарап, жағын таянып отыр. Жадау жүзінде үрей бардай. «Неге үрейленеді? Айтпақшы, Мәулен жада ғана кетіп қалып еді ғой, қайтып келгені несі?» деп ойлады Гүлшат. Содан соң қайта қарады. «Жоқ, бұл отырған тіпті Мәулен емес. Бұл отырған Инеш. Тұу, осы жерде Мәуленнің қандай қатысы бар еді?».

Гүлшаттың көзі тағы Инешке түсті. Ие, оның осы бір қарасында әлденені үрке күтушілік аңғарылғандай еді. Ол енді әдсій Инешке қадала сөйледі.

Ең алдымен, қысқа ғана мичуриндік ілімнің маңыз-мақсатын, ауыл шаруашылығымен тығыз байланыстылығын айтты. Осыдан кейін Иван Ивановичтің творчестволық қызметін баяндап, вегетативтік жолмен будандастыру әдісіне баса тоқталды.

— Вегетативтік гибридизация заңы хромосома теориясын жақтайтындарға мықты соққы.

Осы кезде Гүлшаттың алдына залдан бір бүктеулі қағаз келіп түсті. Оқуға оның уақыты да болмады. Бетін әрі беріп салғырт отырған Белгіғұлов та бері бұрылды. «Сөйлеп тұрған кім бұл?» дегендей менмен қарайды.

Белгіғұлов кескініндесті бұл құбылыстарды Гүлшат аңғарған жоқ. Қызу сөйлей берді.

— Осында өз жолдасымыз Дәулеткереева отыр. Әуелі реферат, кейін «Ғылыми запискаға» мақала жазғаны бәрімізге мәлім. Қатарымыздың ғалым кадрларымен көбейе бергеніне шын қуанамыз да. Бір таңқаларлық нәрсе, Дәулеткереева өзінің бұл мақаласында вегетативтік гибридизация заңын жоққа шығаруға тырысқан. Бұл анығында Мичуринді жоққа шығару деген сөз ғой. Асылында да, Дәулеткерееваға теріс бағыт беріп, Мичуриндік принципке жатпайтын реферат жаздырып, жарық көруіне көмектесіп

жүрген Белгіұлов.— Ол енді Белгіұловқа қарады. Майқан ақырын қозғалып тамағын сипап қойды.

— Жолдас Аманова!— деп Белгіұлов баяу сөйлеп Гүлшаттың да, залдағылардың да назарын өзіне аударды.— Сен мынаны айтып жіберсең маған! Жазықсыз Дәулеткересеваға шабуыл жасап-ақ бақтың. Ал оның мақаласы нәсілді өзгерту мәселесі туралы екенін ойладың ба? Оның үстіне...

Белгіұлов әлі өз сөзін аяқтамағанына қарамастан Гүлшат тез, қызу сөйлеп кетті.

— Дәулеткересева шынында да нәсілді өзгерту туралы айтады. Бірақ өзгерту мен «өзгертудің» айырмасы бар. Өзіңіз сияқты Дәулеткересева да нәсіл қуалаушылықты түрлі дәрілердің күші арқылы бірден өзгертуді жақтайды. Бұл табиғат кілтін адам қолына беретін әдіс емес. Егер өзгеріс организмнің өсу, даму, тіршілік ету ережесінің басынан басталып өн бойына өтсе, міне, сонда ғана шын өзгеріс туады. Мичуриндік ілім осы өзгерісті жақтайды.

Белгіұлов Гүлшатты састырып тастамақшы еді. Енді, мына мінбедегі қыздың орнықты, әрі орынды жауап беріп тұрғанын көріп сақтанып қалды. Сонда да, кескінінде қанағаттанбағандықтың мол нышаны бар:

— Мен сұрауымды аяқтаған жоқ едім. Асықпау керек. Вегетативтік будан жайында. Бұл Грелльдің әдісі еді ғой. Ал бұл әдістен Мичуриннің ештеңе шығара алмағаны көпкес мәлім. «Бұл теориядан үміт күтіп, босқа әуре болмандар, уақыттарың мен снбектерің зая кетеді»— деген жоқ па еді Мичуриннің өзі. Бұған не демексің?— Осыдан кейін Белгіұлов сал аялдап тұжыра сөйледі.— Асылында вегетативтік будан деп жүргеннің бәрі де жыныстық будан. Сендерге ешкім де мичуринші болма демейді. Тек жаман мичуринші болма! Бұл замаң талабы.

Кей жерден қуаттау сөздері де естіледі.

Гүлшат сал мүдіріп ойлаңып қалды.

— Биологиядан хабары бар адам жыныстық будан мен вегетативтік буданды айыра алады. Мен сіздің шындыққа айналып, өзінің азаматтық паспортын әлдсқашан алған бұл әдісті не себепті жоққа шығаратыныңызды біле алмаймын. Сол сіз айтқан пікірді сол қалпында Дәулеткересеваның да көшіре қайталауын түсінбеймін.

— Жолдас Аманова, оның түсінбейтіндей ештесі де жоқ,— деді Добров.— Дәулеткерсева бұл арада құрбан ғана. Дәулеткерсева Белгіұловтың Бозжанов диссертациясына қарсы жұмсаған қаруы. Және ыңғайсыз қару.

— Ол дәлел емес,— деп Белгіұлов шалқалай отырды. Столдың мінбе жағында айтыс-таластың бәрін салмақпен үнсіз тыңдап отырған Бозжанов қолын көтеріп, Сарыбековке қарады да, мінбеге көтерілді.

Жұрт Кәрім сөзін күтіп отырғандай екен, қол соғып жіберді.

Бозжанов бірден қатаң дауыспен шапшаң сөйлеп, жұдырығымен ауаны түйгіштеп кетті.

— Сіздің бұл айтқандарыңыз нағыз софистика! Бұл күйде диалектикалық материализммен қаруланған адамдарға софистикаға қарсы күресу сонша қиын да емес. Асылында, сіздің логикаңыз қызық. Сіз «құстың бәрі де екі аяқты болады» дегенге сүйенсіз де, екі аяқтының бәрін де құс деп түсіндіргізіз келеді. Адам қайда, құрметті дарвинист? Жер бетінде адамның барын қайда қоясыз? Иван Владимировичтің Грель теориясына қарсы болғаны рас. Бірақ Грель теориясы дегеннің вегетативтік будандастыру әдісі емес екенін қалай ұмытуға болады? Ондай қулық жүре қоймас бұл жерде.

Грельдің акклиматизация теориясы деген не? Міне, біз әңгімені осыдан бастаймыз.

— Өте дұрыс,— деп дауыстады залдан алдекімдер.

— Грель оңтүстік өсімдіктерін солтүстік суық жағдайына оңай көндіктіруге болады деді. Қалай көндіктіруге болады? Грельше мұның ешбір қиындығы жоқ. Оңтүстікте өсетін сортты өсімдіктердің бұтақтарын суық жақта өсетін өсімдік түбіріне отырғызса болғаны, жаңа сорт әрі дәмді, әрі суыққа төзімш болып шығады. Байқап отырсыздар, Грель теориясының да «жаратылысты өзгерту керек»— деген ізгі принципі бар. Бірақ соны қалай өзгерту керек екеніне ол жауап бере алмайды. Мичуриннің елігістіні де, сәтсіздікке ұшырайтын себебі де осында.— Бозжанов стаканды ерніне тигізіп бір ұрттам сумен тамағын жібітті де, манағы бір шапшаңдықпен ілгері сөйлей берді.— Грель өз теориясында нәсіл қуалаушылық заңын ескермеген еді. Нәсіл қуалаушылық дегеніміз — белгілі бір өсімдіктің алдыңғы өткен бірнеше буынында сыртқы ортаның жағдайымен қалыптасқан, сол арқылы дамып жеткен тіршілік белгілері. Нәсілдік белгілер, сөйтіп, сыртқы ортамен тығыз байланыста болады. Сыртқы ортаның жағдайын өзгертсе, нәсілдік белгілері де соған орай өзгере бастайды. Ал бұл — жаңағы өсімдіктің өзгеруі деген сөз. Дегенмен өзгеру процессі Грельше миханкалық жолмен жүрмейді. Өсімдік жаңа ортаға, өзгерген жағдайға түскенмен ол өзінің бұрынғы тіршілігінің нақтылы факторы болып келген жағдайды талап етумен

болады. Сөйтіп, орта мен өсімдік тіршілігіне керекті жағдай үндеспейді. Өсімдік берік бір қамал сияқтанады. Жауға берілмей сол қалпында құрып кетеді. Осы сырды ашқан Мичурин Грель теориясының қателігін де, жеміссіз екенін де түсінген еді. Белгілі бір өсімдікті жаңа ортаға көшіктіре тәрбиелеу үшін оның ең алдымен нәсілдік белгілерін тәрбиелеу керек, деген қорытындыға келді Иван Владимирович. Таңдаулы кәрі қыңырды түзетіп жөнге салудан кез келген жасөспірімді қыңыр етпей тәрбиелеу әлдеқайда жеңіл болатынын әркім де жақсы біледі.

Тыныштықпен тыңдап отырған зал қозғалып, күлісіп алды.

— Мұны Иван Владимирович жақсы түсінген еді. Грель теориясына елігіп, кәрі «қыңырларды» тәрбиелеуден түк шықпайтынын сезген ғалым енді жасөспірімдерді тәрбиелеуге кірісіп кетеді... өйткені, әлі нәсілдік белгілері жоқ, жеміс бермеген жасөспірім өсімдіктердің қандай жағдайға болсын тез көнетінін Иван Владимирович тым жақсы білген. Сол себепті, оларды «еркелетіп» алмау мақсатымен өзінің құнарлы қара топырақты участігін сатып жіберіп, басқа бір құнарсыз, азығы аз участокті сатып алғанын біз жақсы білеміз. Мұндай құнарсыз участокте тәрбиеленген жасөспірімдер неге болсын шыдамды келеді.

— Содан кейін Мичурин не істейді деңіз?— деді Кәрім аз тыныстан соң.— Иван Владимирович географиялық шалғай жатқан жерлердің өсімдіктерін будандастыра бастайды. Мұны Мичуриннің өзі «көптеп будандастыру сатысы» деп атаған еді. Осы жолмен алынған жасөспірім жаңа будандарды сол Орталық Россия өсімдіктеріне әкеп отырғызады. Бұл ретте Мичурин көздеген мақсатына жетеді. Өз еңбегінің жемісін тебірене толқып, қуанышпен көреді.

Ұлы ғалым жаңа жолмен — вегетативтік будандастыру жолымен түрлі жемістердің оңдаған тамаша сорттарын жасап шығарды. Тіл үйретін дәмді кандиль-китайка, вельфлер-китайка алмалары мен «солтүстік сәулетті» дейтін жаңа сортты алқоры осы еңбектің жемісі.

Байқайсыз ба, құрметті Белгіұлов жолдас! Құстың бәрі екі аяқты болса да, екі аяқтының бәрі құс емес екенін байқадыңыз ба?

Жұрт тағы да қол соғып жіберді. Белгіұлов алдында тұрған гүлдерді қалкалап, өзіне арналған Бозжанов сөзін елемегенсіп отыра берді.

Мінбеге ұзын мойын бір қара жігіт көтерілді. Стол басындағыларға қарады:

«Қай курста көріп едім бұл жігітті?— деп ойлады Бозжанов.— Ие, төртінші курстың студенті болар».

— Белгіұлов жолдасқа менің бір сұрағым бар?— делі ұзын мойын қара жігіт. Жауап күтпеді. Сөйлеп кетті.— Сіз ғой дарвинистсіз, мичуриншісіз. Ал іс жүзінде бірде-бір еңбегіңіз жоқ. Ана Бозжановқа ұқсап неге кітап жазбайсыз? Неге Мичурин ілімін қорғаймыз? Неге көзқарасыңызды танытпайсыз?

Жұрт ду күлді. Сарыбеков қонырау соқты.

— Біздің конференциямыздың рухына мұндай сұрақтың сипаты келмейді. Жаңағы баяндама туралы сөйле.

— Бір минутке,— деп Белгіұлов бері пайдана қарады.— Сұрақ қойылған соң жауап беруге керек болады. Ие, былай, менің еңбегіме ревизия жүргізу саған әлі ерте, тым ерте. Сен ең алдымен университетті бітіріп ал. Содан со-о-ң-н... аспирантураға түс. Дарвиннің, Северцевтің жолын қуған академик Шмаль сияқты асқан ғалымның шәкірті бол. Диссертация жаз. Оны қорға. Содан со-о-ң-н... бірнеше жыл университетте сабақ бер. Көптеген тәжірибелермен қорлан. Осылардан со-о-ң-н... пожалуыста; жауап беруге болады. Бірақ бұл жылдардың ішінде менің...н-ң де қарап жатпайтынныңды, білім басқышымен жоғары өрлеп кете беретінімді ескеріп қой.— Ол осылай ежіктеп, тоқтай сөйледі. Өзінің көп білімінің тереңіне жаңағы жігітті батырып жіберердей.

Ұзын мойын қара жігіт саспады. Сөз таба алмағандай болып сал тұрды да, төс қалтасынан ұқыппен бүктелген бір қағазды алып шықты. Еппен жазып, мінбенің қалқанына қойды.

— Факті,— деді әлгі бір үнді тұрақты даусымен,— сізбен білім таластырмаймыз біз. Сіз көп білетін адамсыз. Сол көп білетіндігіңіздің арқасында лекцияны нашар оқисыз. Міне, факті.— Ол жаңағы қағазды алып жұртқа көрсетіп, дауыстап оқып кетті...— Қасымова тырнағын шұқып отырды... Сиражнев пен Биназаров кітапқа үңілуде... Мұратов ертең сенбілікке баратын студенттердің тізімін көшіре берді. Манасбаев терезеге қарап алденені арман еткендей... Әминес құлағына мақта тығып жатты...— Осылай болып кете бересі... Міне, бұл аразыздағы бір натуралистің сіздің сабағыңызда отырып жазып алғаны.

Зал қозғалып қимылдап кетті. Өлдекімнің даусы естілді.

— Ал Дәулеткереева қайтып отырған екен?

Ду күлкі шықты. Ұзын мойын қара жігіт қағазға үңіліп біраз тұрды.

— Ол туралы мұнда жазылмапты, тегі, бұл сабақта жоқ болса керек, — деп жауап берді де, жанағы қағазды ұқыппен орап қайта төс қалтасына салып қойды.

Белгіұлов түрегелді. Манағы бір бейқам пандық қалпын сақтауға тырысушылық бар келбетінде. Бірақ оның ішкі дүниесінде бұл тыныштықтың бұзыла бастағанын беттерінің жыбырлап кеткенінен айқын байқауға болады.

— Жала, — деді ол қалтырағанын баса алмай, — совет ғалымына жабылған жала.

Жұрт шулап Белгіұловтың даусын тұншықтырып жіберді. Сарыбеков қонырау соғып тәртіпке шақырды.

— Бұл совет ғалымына ұйымдастырылған жала, — деп Белгіұлов өзінің бұрынғы байсалдылығына жат жіңішке дауыспен көтеріле айқайлады. — Құрметті секретарь, комиссия құруларыңызды өтінемін. Совет ғалымы жаланы көтерсе алмайды.

— Совет студенттері де тұлдырсыз ғалымсымақтардың дарынсыз лекцияларын тындап отыра бере алмайды, — деп дауыстап жіберді залдағы біреу.

Күлкі естілді. Белгіұлов шляпасын кие тұрды.

— Мұнда отыруға болмайды... — Ол осыны айтты да, ауыр денесін тез қозғап, жүгіре басып шыға жөнелді.

— Шыдай алмаса барсын!

— Келтірер дәлелі жоқ болған соң кетті.

— Бұл оның келешексіздігін көрсетеді, — деген дауыстар әр жерден шығып қалды.

Конференцияның барысына қорытындыны Добров жасады. Жас күштердің өсіп қалғанын айтты. Содан кейін манағы телеграмманы оқып берді. Ертең үшеуіне де партбюроға келуін сұрады. Көпшілік тынып тындап, көтерілісіп кетті. Конференция жабылған соң үш қызды көп болып қоршалап құттықтаумен болысты. Қанша түрлі қол барын Гүлшат та, Ажар мен Зада да осы арада ғана сезгендей. Ақ та, қара да, түкті де, салалысы да, быртығы да, жұмсағы мен мүйіздісі де, жалпақ алақандысы да — бәрі де бұлардың жіңішке нәзік қолдарын қатты қысып сілкілейді.

Үшеуінің де қуанышында шек жоқ.

— Әлі Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты боласындар бұл еңбектерің үшін, — деп көп ішінен біреу қошеметтеп қойды.

Гүлшат енді өздері бір топ болып жаяу қайтты. Түн ызғарсыз жылы. Салмақты, таза, салқын ауа бар. Дымқыл асфальт көше шамдарымен жылтырайды. Күнгірт көкшіл тартқан ашық аспан әлемі аумап аяқ астында жатқандай. Тереңге кеткен сайын алақоңырланып қарауытады. Батыс

жақтағы таулардан асып қара бұлт түйіліп келеді. Ал шығыс жақта ештеңе де жоқ. Сонау бір түпсіз алыста ақшыл — көк танадай болып жұлдыздар сығалайды. Құс жолы ашығырақ жатыр. Бұл көктемнің келгенін байымдайды. Үй-үйлердің арасымен көктем түнінің салқын желі соғып өтеді. Бастары елді ғана бүртіктегіп, ауыр тарта бастаған теректер мен сирендер осы ғажап түннің бар арман жұмбағын ұғып тілдескендей болады. Құлаққа ғана толқып жетер сырлы дыбыс шығарып сыбдырлайды. Осы бір күйді, келер көктем күйін жиі-жиі үзіп машиналар ағып өтеді. Ана келе жатқан топ көңілдідей қала үстіндегі көктем түнінің де сергектігі байқалады.

Вулар дабырлап сөйлесіп, әлі әсер ізі өшпеген жаңағы конференцияны, шеллак пен шайырды қызу әңгімелейді.

— Ұйбай-ау, саған біреу қағаз лақтырып еді, не деген болды екен? Жауап неге бермедің?— депі Зада кенеттен.

Гүлшат жарығы мол бағана түбіне келіп қағаз арасын ақтарып, манағы записканы тауып алды.

— Мынау Инештің қолы, не айтты екен?— деп Зада ынталанып қалды.

Гүлшат жарыққа қолын созыңқырап оқи бастады. «Қадірлі достым, Гүлшат! Сен байқасаңшы. Майқан Белгіұлов мен емес, оқытушың ғой. Ренжітіп алсаң... ұяттырақ болмас па екен? И.»

— Айттым ғой, Инештің қолы деп.

Гүлшат ойланып қалды.

Осы, Инеш шіркін, Белгіұловты неге жақтай береді?

42

Белгіұлов кеткен соң Инеш шыдап отыра алмады. Мына бір өтіп жатқан үлкен жиын бос дүние, құр айкай сияқты болып кетті. Аяғының ұшынан басып, артқы есіктен сыртқа шықты. Ымырт үйіріліп келе жатқан бейуақыт. Төңіректің бәрі қара көлеңке тартады. Инештің басына жалғыздық келіп түсті. Жан дүниесі құлазып бос қалғандай. Жабырқаңқы көңілге медеу болар адам жоқ. Инеш неге шыққанын да, қайда барарын да білмеді. Үйде жалғыз қызын күтіп Мәйнасы отыр. Инеш оны жақсы біледі. Бірақ қанырап бос тұрған көп бөлмелерде торыққан қыз көңілін дауалар не бар? Ештеңе де жоқ... Ештеңе де жоқ. Әлде жатақханаға бармақ па? Кешке ғана «қарамды көрме!»— деп қуып жіберген Мәулесі қабылдай қойса жақсы. Оның үстіне қыз намысын аяққа басып, қайтіп барады. Кешірім сұрай келдім демек пе? Инеш осындай бұралаң сұрақтардың тұңғығына батып, есік алдында ұзақ тұрды.

Әлде Майқан ағаға телефон соқса ма екен? Өзі сияқты о да жүдеп кетті ғой. Сондай бір оғаш ой келгеніне Инеш қорқып қалды. Рас қорықты. Кім білсін, әйтеуір Белгіұловтың алдында Инештің берекеті қашады. Аузына сөз де түспейді. Өзін еркін де ұстай алмайды. Осы бір адамның мысы басады да тұрады. Жоқ Белгіұловқа телефон соқпайды Инеш. Кәзір түп-тура үйге барады. Мейрімді Мейнасының тамағын ішеді. Кереуетке жатып жылы сөзін естиді. Содан соң ұйқыға кетеді...

Инеш төмен түсті. Қараңғы тротуарға кішкене аяғын тық-тық ұрып қатты жүрді. Міне, конференция өтіп жатқан залдың тұсына келді. Ашық тұрған үлкен терезелерден самаладай жарық түсіп тұр. Мінбеден сөйлеген біреулердің дабырлаған даусы естілді. Инеш сал аялдап, терезеге көз салды. Кенет күңгірт қабырғадан бір қара көлеңке бөлінді де ілгері тартты. Инеш әуелі сескенип қалып еді. Жарыққа шыққан соң жаңағы көлеңкенің Белгіұлов екенін аңдады.

Екеуі қатарласа жүрді.

— Бұл иттің балалары кетіп қалсаң да соңынан қалмайды. Жаңа осы арадан өтсе бергенімде екеуіміздің атымызды қосақтап әр саққа жүгіртіп жатыр екен. Амалсыз тоқтадым,— деп Белгіұлов ақтала сөйледі. Инеш кенет Белгіұловты аяп кетті. Осы бір ірі адамның мына ұсақ ісіне қарап, «қайтсін, Майқан ағай да жалғыз ғой кәзір. Көңілі жабырқау ғой»— деп аяды. Әлдебір жақсылық көрсеткісі, көңіліне жұбаныш болар жылы сөз айтқысы келді. Жасы үлкен болса да ол кәзір өз мұңдасы, өз сырласы сияқты болып кетті.

— Неге кетіп қалдың! Әлде маған алаң болдың ба? Майқанның көргені осы ғана дейсің бе? Алаң болма, жаным,— деді Белгіұлов. «Жаным» деген сөзді сонша бір жұмсақтықпен еркелете айтты. Осы шақта әлдебір пана іздеген, сүйсе күткен әлсіз қыздың ерке жаны тебіреніп, толқып кетті. Көмейіне бір ыстық тас кесек келіп кептеліп қалды. Инеш үлкен де мөлдір нәркес көзін Белгіұловқа қадады. Әлденсіні күткендей, әлденені тілек еткендей күнәсіз жалынышпен аумай қадады. Майқан сондай бір жылылықпен езу тартты. Инештің сыртынан құшақтады да өзіне баурады. Қыз әлгі бір қадалған көзін алмастан кейін серпілді. Майқан өз қылығының асыңқырап кеткенін сезді де Инештің арқасынан қақты. Өзі бір үлкен болып, еркелете қақты. Содан кейін ақылды бір қалыпқа түсті. Салқын байсалмен сөйледі. Ағат кеткесін соныммен ақтардай.

— Қапа болма, Инешжан. Өмір деген мына бір жүріп келе жатқан тротуар емес. Ой-шұқыры көп оның. Біреу

жау болады, жағаннан алады. Біреу ит болады, етегінен тартады. Соның қайсысына болса да қажымау керек.

«Өмірдің ой-шұқыры көп!» Инеш алға көз салды. Екі бетте қатарласа жарысып, қалың да биік шілік өскен. Тар тротуар ағараң тартып барып, қою қараңғылыққа сүңгіп жатыр. Инеш шошынып қалды. Өзін бір неғайбыл тұңғыққа кетіп бара жатқандай сезінді. «Осы мен қайда бара жатырмын?»— деп ойлады ол. Бір сәт кейін оралып, университеттің артымен тура үйіне тартқысы келді. Тағы да Белгіұловқа қарады. Майқан күлмеді. Тіс жармай үнсіз келеді. «Осы менікі не, жоқтан шошынып?»— деп ойлады Инеш.—«Құшақтаса — еркелеткені, аяғаны емес пе!» Осы бір сәтте; Майқан қайғысын ұғатын өзі ғана, ал өз қайғысын ұғатын тек Майқан ғана сияқтындай оған. Енді: «Қарап отырып қадірлі Майқанды ренжітіп алдым-ау»— деп өкінді. Сол шақта Инештің осы ойын аңғарып қалғандай Белгіұлов мұны қолтықтап алды. Инеш қарсылық жасамады. Майқан болса, күдік салар теріс қылық көрсетпеді. Өзі көңілденіп кетті. Көп әңгімелер айтты. Атақты адамдардың өмірінен Инеш біле бермейтін қызық жайларды баяндады. Сабыр екеуінің арасында болған күлкілі бір оқиғаны сөз етті. Инеш те жадырады. Манағы бір жәбір-жапа сезімі де ұмыт болды. Байырғы бейқам да тыныш қуанышты қалпына барды. Осы шақта олар Майқан тұратын үйдің алдына келіп тоқтады. Бір сәт екеуі де үнсіз қалды. Бірінші болып Майқан сөйледі.

— Ал енді үйіне дейін ұзатып салайын. Көп рахмет саған. Уақыт бөліп, көңілімді көтердің.

— Ой, Майқан аға, «уақыт бөліп» деп мені бір таққа көтеріп қойдыңыз ғой. Бұл қайта сізге айтылған сөз емес пе? Сізге рахмет.

Белгіұлов сзу тартты. Үнсіз тұр. «Шығарып салайын» деп айтса да қозғала қойған жоқ.

— Сондай бір жалғызсырап, ренжіп шығып едім. Қасыңызда жүріп бәрін де ұмыттым,— деді Инеш.

Майқан разы болғанын білдіріп Инештің білегінен қысып қойды. Содан кейін жайбарақат түрде:

— Болмаса біздікіне кіріп, какао ішіп шығайық,— деді. «Бармасаң еркің білсін, зорлық жоқ»— дегендей етіп, сұлық айта салды. Инеш іле жауап бере қоймады. Белгіұлов соны келісім деп ұқты білем, қызды қолтығынан ұстаған қалпы еппен үйге қарай демеді. Инеш қарсылық жасамады.

Белгіұлов оның сырт киімін дәлізге шешіндірді де, өз кабинетіне алып кірді. Инешті жұмсақ креслоға отырғызды. Өзі қарсы келіп теңселмелі креслоға жайғасты.

— Бұл үйде әпкейім екеуіміз тұрушы едік. Ол кісі жуырда «біраз жатып келемін» деп колхозға кетті. Какаоны өзін қайнатуға тура келеді енді,— деді ол.

— Майқан аға, тіпті әуре болмаңыз. Мен кәзір кетемін.

Майқан жауап қатпады. Әлдебір мұңды қалыпқа түсті. Шалқая отырды. «Ренжіп қалды ма?» деп күдіктенді Инеш.

— Бұл бір сыр ғой, қарағым,— деп Майқан Инешке қарады.— Шынымды айтайын саған. Осындай бір шақта бақытсыз жаралған адаммын ба деп те ойлап қаламын.— Инеш шошып қалды.

— Ол не дегеніңіз?!

Белгіұлов Инеш сұрағына мән бермеді. Сөзін жалғай берді.

— Сабырға ұқсап майданда ерлікпен өлсең, мың рет жақсы еді. Талай рет өтінген едім, жібермеді ғой.

Белгіұлов майданға жібер деп талап етсе, кім кедергі болғанын Инеш түсінбеді. Бірақ соның сырын ойлаған қыз болмады.

— Майқан аға, сіз олай деменіз. Сіз нағыз бақытты адамсыз.

— Мынадай үлкен үйде жалғыз тұрған адамда не бақыт бар дейсің!

— Неге жалғызсыз? Міне, мен отырған жоқпын ба қасыңызда.

Майқан езу тартты. Ақырын сөйледі.

— Қандай нәзік жансың, жаным, сен!— даусында ырзалық белгісі бар.— Рас айтасың. Сен отырғанда мен бақытсыз болушы ма едім!— Белгіұлов көзін жұмды. Ұзақ үнсіз отырды.

«Нәзік жансың»— дегені Инешке қанат байлап жібергендей болды. Орнынан тұрды. Майқанға жақын келді.

— Неге ренжіп отырсыз? Әлде басыңыз ауыра ма?

Майқан көзін ашпады. Басын изеді. Мандайын тыжыртты. Инештің жаны ашып кетті.

— Әлде компресс қойсам ба екен?— деп жұмсақ ыстық алақанымен Майқанның мандайын басты. Белгіұлов Инешті қолының сыртынан ұстады, жібермеді. Сипалай берді. Бір шақта көзін ашты. Ұзын қара кірпігін шапшаң қағып жауаң көз Инеш тұр. Алдында жыртқыш отырғанын, кездігін кезіп өлім тұрғанын аңғармаған киіктің жас лағындай қансон-каперсіз момақан тұр.

Белгіұлов Инештің қолынан ұстаған қалпы, өзіне тартты да, қатты қысып сүйе берді.

— Қойыңызшы, Майқан аға, қойыңызшы, Майқан аға...— деп жалынды Инеш. Бірақ сескенген де, қарсылық көрсеткен де жоқ. Белгіұлов қимылдар шақтың осы екенін бірден түсінді. Ұшып тұрды да қызды көтеріп алды. Инеш көзі жұлды. Ақ білегін Майқанның мойнына ораған қалпында жігіт алақанында үнсіз жатты. Белгіұлов қыздың маңдайынан сүйді. Содан кейін қарсы қабырғада тұрған диванға бет ала берді...

— Қойыңызшы, Майқан аға... қойыңызшы деймін...

...Түнгі сағат он екі болды. Ал Инеш болса әлі жоқ. Ана байғұс көп күтті. Өзірлеген тамағын қайта-қайта жылытумен болды. Ал сағат стрелкасы жылжи берді, жылжи берді. Мәдиненің шыдамы таусылды... Әлі де Инешті балаға санап, көзінен таса еткісі келмейтін ананың ауру тырыстырған жадау бетінде үрей —«не болып қалды?» бар. Енді бірде телефонға келді. Жаңылып кетем бе деген қауіппен саусақтарын ойлана сұғып, университет телефонының номерін жинастырды.

Мол шудың арасынан аштылау бір әйел даусы еміс шығады. Жаңылыс естімесе, конференция мана тараған дегендей болды. Осыдан кейін шу молая түсті. Жаңағы әйел даусын үзіп, тұншықтырып әкетті.

«Бәсе, осы бір беймезгілге дейін жиналыс созылар ма енді! Жаным-ау, Инеш, қайда жүрсің?» Осы кезде электр тоғындай ақ-көк зеңгіл сәуле жалт етіп сөнді. Мәдине асыға басып терезеге барды. Жаңағы құбылыс әп-сәтте тағы қайталанды. Биік бір арқадай болып тізбекті тау жоталары көзге айқындалып жоғалды. Ағаш бастары теңселе бастаған. «Дауыл!.. Күн жарқылдайды!»— деп ышқына сыбырлады Мәдине.

Жүгіріп келіп қаперсіз ұйықтап жатқан шалды жұлмалай бастады. Дәулеткерей қағылсз түрегелді. Мәдине кескінінен қорқыныш ұшқынын байқап шошына қалды.

— Не болып қалды?

— Жиналыс баяғыда тарапты. Инешжан әлі келген жоқ. Күн жарқылдап тұр.

— Келгенше сол болып жатқан шығар. Оның да жолдастары бар емес пе?

— Жалғыз шығып бірдемеге ұшырамаса... Астапыралдай, күн жарқылдайды, дауыл тұрып кеткен білем.

— Жоқты айтпашы, осы түнде жалғыз жүруші ме еді? Өз жолын өзі аңғарар шаққа жетті ғой. Несіне күдіктенсе бересің.

— Ойбай-ау, көңіл бөлмейтінің не сенің осы жалғыз балаға? Оның әлі бала екенін білмейтін бе едің? Бұрын бұлай кешікпейтін. Кешіксе ана телефонды шыдырататынды.— Мәдине Дәулеткерейге тағат бермеді. Еріксіз киіндіріп жолға шығарды.

Табалдырықтан аттай бере ол тұрып қалды. Желдің Алматы өлкесіне ұзақ уақыт жоламай сағындырып келетін әдеті еді. Келсе теректерді қопара күрт күшейе келетін. Қазір сол әдетіне басқан. Ағаштар теңселе берді. Жалаңаш, жас өткір бұтақтар ерсілі-қарсылы шайқалып, ауаны осқылай суылдап ащы дыбыс шығарады. Күн жарқылы да жиілене түсті. Нажағай жолы көрінбейді. Тау қырқаларының ар жағында үнсіз снаряд жарылып басылатын секілді. Жасыл жарығымен бүкіл өлкені бір сәтте көз шарасына толтырып сөнеді.

Дәулеткерей жағасын көтеріп, жеркене басып ілгері жүрді. Екі-үш көше төмен түсіп, қайта оралды. Өз үйін айналып шықты. Басқа қайда бармақ? Түн ортасында Инеш бар ма деп қай үйдің терезесін қақпақ? Тағы да күн жарқылдады. Әуелі, ірі жаңбыр тамшылары тарсылдап асфальтқа түсе бастады да, нөсер құйып кетті. Дәулеткерей есік алдына келіп ықтасынға паналады. Үйге кірейін деп ойлап еді, Мәдинеден қаймықты. Ұзақ тұрды. Бір уақта тау жақтан нөсер бұлтының етегі сөгілді. Жаңбыр толастайын деді. Жел тынды. Рауандап таң саз бере бастады.

Не істеу керек? Дәулеткерейдің де көңіліне әр түрлі күдік түсті. Енді бірде: «Мүмкін Мәулен екеуі әлдебір жынға кеткен болар»— деп жорыды. Сол кезде төменгі беттен қарайған бір жалғыз көрінді. Жақындай келе Дәулеткерей оның Инеш ескінін таныды. Қарсы жүгірді.

— Инешжан-ау, қайда болдың, жаным? Өзің неғып жалғыз келе жатырсың. Мәуленге «шығарып сал» демедің бе?— деп бәйск бола берді.

Инеш тіс жарып сштсе демеді. Өкеден қымсынғандай, өз жайын сездіртпейін дегендей қалып білдірді. Үйге үнсіз кірді. Тоқталмастан өз бөлмесіне өтті. Шешінбей-ақ төсегіне келді. Ішін жалын жалаған бітеу қауашақ жарылып кеткендей болды. Инеш бет-аузын, тұмсығын ақ мамыққа басып алды да, солқылдап жылап жіберді.

Мәдине бөлмеге осы мезетте кірді. Өңі ме, түсі ме, айыра алмағандай. Үрейлене таңырқап тұрып қалды. Енді бірде қызының қасына ұшып барып, сұрақты жаудыра жөнелді.

— Не болып қалды, Инешжан?.. Қарашығым?— Мәдине іші суырылып түскендей қоңқылдайды. Етженді беті жыбырлап қалды.

— Не болды, жаным? Біреу ренжітті ме? Жаман сөз айтты ма?

Жауап естілмеді.

Аздан соң Инеш көз жасын тыйды. Көңіл дауылы кенет басталып, кенет басылғандай. Ол қайта тұрды. Шешіне бастады. Шешесінің жалынғанына қарамастан, тамақ ішпей жатып қалды.

Жылы төсек шын шаршаған Инешті маужырата бастады. Жұмылы көзінің алдында дүние көрінісіне жанасымы жоқ бір бейнелер оралды. Көрген түстен де шапшаңдықпен қылтылдап шығып жоғалды. Кейде өзгеріп кетеді, кей кезде іріп құбылады.

Инеш осы бір түсініксіз бейнелерден қашқақтайды. Аунап түседі, көзін ашып біраз жатады. Жұмса болғаны тағы бір керемет құбылыстар қоршалайды. Таныс адамдардың өзгерген бет құбылыстары елес береді.

Осылардан құтылмақ болып енді қолын сермейді. Енді бірде түрегеледі. Терезеден сыртқа қарайды. Тал түс. Ол осынша көп ұйықтағанына таңдана қарайды. Үстінде адам түсінбес бірдемелері бар керемет ұзақ көш өтіп жатады, өтіп жатады. Мұның да соған ілесе кеткісі келеді. Қайнап, қыбырлаған адам бастары көрінеді. Бәрі де жол бере бастайды. Көш бағытын көрсетеді. Бәрі де демеп, Инешті көтерген болады. Бірақ көшке бұл жете алмайды. Өлі де ол ұзақ шұбырып өте береді. Инеш асығады. Кенет кейін жүріп келе жатқан секілденіп кетеді... «Е, жаңа түзелдім ғой, манадан бері осылай жүрсем етті»— деп қайта бұрылып тағы жүреді. Біреу мұны кес-кестеп өтеді. «Көшке жеткің келе ме? Жүр»,— дейді ол. Инеш одан қаймықпандай болады. «Неге қаймығасың?»— деп сұрайды бейтаныс адам. Инеш оған таңырқай қарайды. Бейтаныс деп тұрғаны Мәулен болып шығады. Екеуі ілгерілейді. «Мен шаршадым, еңбектейінші»,— дейді Мәулен. Сөйтсе де еңбектей бастайды. «Неге еңбектейсің?»— деп Инеш Мәуленге қарайды. Жоқ, еңбектеп келе жатқан Мәулен емес, Белгіұлов екен. «Неге еңбектейсің?...»— деді Инеш. Аты-жөнін есіне түсіре алмайды. «Төбеңе қара!» дейді Белгіұлов. Инеш жоғары қарайды. Төбе төмен жылжып сырғанап келе жатады. Жасқанып Инеш те еңкейіп қалады. Төбе сырғанап береді. Инеш еңкейе береді. Кенет төбе дегені көп адамдардың аяқ қимылы болып шығады. Инеш енді солардың астында қалады. Тұрғысы келеді, тұра алмайды. Демі таусылады. Тұншыға бастайды. Жылап жібереді...

...Инеш өз даусынан шошып оянып. Шаршап қалған. Шомыла терлепті өзі. Түкке түсінбей түрегеліп біраз отыр-

ды. Бір нүктеге тіктеп көз салмай қарсы қабырғаға қарады. Кенет... кенет тура алдынан Мәулен шыға келді. Біреу емес, бірінен-бірі аумайтын екі Мәулен. Екеуі де күліп тұр. Инеш оларға шошына қарады. Екеуі де көлеңкеше қалтырап жылжып алдыңғы беттегі өз портретінің астында тұрған кішкене суретке барып қосылып кетті. Инеш түрегелді де суретті қолына алды. Мәулен кеудесін бір қырын салып бері қарай күліп қалған. Күлкілі жүзінде ой-бар. Жок, ойлы жүзінде күлкі бар десең де болады. Қабағы сәл көтерулі тұр. Өткір қоңыр көзінде бір беттілік басым ба? Болмаса, мейірімділік басым ба? Аңғара алмайсың. Келбетінде де осындай бір түсініксіз құбылыс бар. Тереңдікті аңғартар құбылыс! Кенет Инеш те күлді. Суретті кеудесіне апарып қатты басты. Қайта қарады.

— Әлі күліп тұрсың ба?— деп Инеш Мәулен көзіне тік қарады. Бұл кішкене суреттен Мәуленнің түні бойы күліп тұрғаны, ойлана күліп тұрғаны оның ойына кенет түсті.

— Мен жылап жатқанда да сен осылай күліп... жо... жок, мазақтап тұрдың ғә?

Инеш жүзіне кенет кірбің жүгірді.

Мәулен оны кеше Белгіұлов үйінде отырғанда да осылай күліп мазақтап тұрған сияқты. Инеш отыра берді. Ыстық жас моншақтары бетін жуып кетті.

44

...Инеш университетке бармақ болып жақсы киініп, да-
лаға шықты.

Қала көрінісінде үлкен өзгеріс, құбылыс бар. Көктем түгел кіріп болған. Қар тау басына өрлей шешініп барады. Бергі беткейлер көгерен тарта бастапты. Инеш үйінің қақпасы алдындағы сирень ағашы бөрінен бұрын гүл атқан. Көкшілденсе күреңітіп көз тартады. Төңіректе мұрын қытықтар салмақты жұпар иісі орап алған.

Сирень ағашының гүлдерін бүгінге дейін көрмегенінс Инеш таң қалды. «Өмірде біз андамай жетер нәзік құбылыстар көп-ау, сірә,— деп ойлады ол,— бір себепті Мәулен сөзінде жан бар. Қызметке шыққан соң болсын. Академияға ма, осындағы бір мектепке ме — орналасып алайын да...» Ол сезіміңді қанааттандырар хош иіс төгіп тұрған сирень ағашына келді. Қол жетер жерінен бір бұтағын сындырып алды да, ұзақ іскеді.

«Міне, пайдалы нәрсеге біз осылай өшіге келеміз. Мына сиреньде мұрын тұшытар осындай иіс болмаса кім оны үзіп

алады. Өзінің жақсы қасиеті өз тіршілігіне қауіп болып тұр. Өмірде мұндай құбылыстың болмайтынына кім кепіл?»

Мұндай оғаш пікір кенет туғанына ол күлді... Сөйтті де, тағы да бір шоқ сирень гүлін жұлып алып, кішкене көк машинаға келіп отырды. Әлден-ақ шаңыта бастаған асфальтпен машина төмен сырғанады. Жол-жөнекей сиреньнің бір талын алып, сол жақ төсіндегі оймақтай қалтасына сұғып қойды.

...Комиссия мүшелері ректор кабинетінде алдын ала бас қосып жатыр екен. Алдыңғы кең қабылдау бөлмесінде биыл биофакты бітірер елуге тарта студент бар. Бәрі де қуанышты, бөрінің қарайтыны — осы бір қосқабат күрең есік. Бұл есіктің ар жағында ректордың кабинеті емес, қайнаған еңбегі бар колхоз, совхоздарды, ондаған қалаларды, жүздеген қыстақтарды, заводтар мен фабрикаларды кеудесіне алып жатқан кең сахара дала тұрғандай. Сол даланы гүлдендіруші адамдар тұрғандай. Бұл есік өмірге аттар соңғы табалдырық секілді. Әркімнің аузында қуанышты сұрақ: «Сен қайда барасың?» Бұл сұрақ соңғы күндерде жүз рет, мың рет қайталанып айтылады. Жалғыз осында ғана ма? Мүмкін, дәл осы бір шақта осы «Сен қайда барасың?» әлі аяз бен қар жатқан Карело-Фин республикасында да, жарқыраған жаз нұрына бөленген Одессада да, Қымыр Шығыста да, Владивосток пен Хабаровскіде де, Ленинград пен Москвада да — өмір бар жердің бәрінде де сан рет қойылып, сан рет жауап қайтарылып жатқан болар. Бұл сұрақ тозбайды. Ежелгі грек мифологиясындағы өзін-өзі өртеп жіберіп, өз күлінен қайта туып, жаңғыра өсер таңғажайып құс Феникс сияқты әр жүректе жылда жаңара, жаңғыра келеді. Өйткені, о да мәңгі өзгере берер, өзгере жасай отырып гүлдене берер өмірдің өзімен, келешекпен байланысты. Келешек, жарқын келешек, әркімнің өз үлесі, мол бақыты бар келешек кімді қуантпайды, қай жүректі тебіртпейді. Бұларды күтіп жарқын келешек тұр. Жарқын келешектің қақпасын қапысыз бағып бұлар тұр. Ректор кабинетінің есігі әр көзге қозғалып кеткендей болады. Сол қимыл күрделі сезімнің қылы секілді, аттай тулатады жүректі.

...Бір мезетте есік ашылды, — болашақ өмір есігі. Аумақты топ жабырласа кіріп, отырысып жатыр. Стол басында кірген топтан кем емес адамдар орналасқан. Олардың ішінде, тіпті ауылдан да, ауданнан да келгендер бар. Комиссия председателі Бозжанов екен. Ол арғы бастан біртіндеп сұрай бастады. Профессордың да аузынан алғашқы шыққан сөз «...қайда барғың келеді?» болды. Түрлі-түрлі

жауаптар естіліп жатыр. Комиссия, тегі, алдын ала жоба сызып қойғанға да ұқсайды. Сұрай отырып, ұсыныс та жасап қалады. Кезек Гүлшатқа да келді. Бозжанов осы бір сәтте анық көрейінші өзінді дегендей пенсесін мұрнының үстіне қондырып алды.

— Ал, Аманова жолдас, қайда баруды ойлайсың?

Гүлшат түрегеліп жауап берді.

— Қай жер мені керек етсе, сол жерге...

«Солай ма?»— дегендей Бозжанов үнсіз сынай қарап, біраздан соң езу тартты.

— Егер университеттің өзі қаласа ше?

— Менде екі сөз болмайды. Кәрім Бозжанович. Егер университет дәрежесіне жарай алсам, мен үшін бұл зор қуаныш.

— Ректорат сені университет аспирантурасында қалдыруды өтініп отыр.

Гүлшат үйдеген жоқ.

Өзін ауыр ұстап отырған Инеш «мынаның бақыттысын қарашы», деп қозғалып қойды. Аздап қызғаныш етті.

Бұдан кейін Қасымованы өзі өтінуі бойынша, Қарағандыға; ал күн ілгері Қарағандыға ниеттенетін Манапты Омбы облысындағы қазақ училищесіне тағайындады.

— Ал, Дәулеткереева, сені Солтүстік Қазақстандағы ауыл шаруашылық техникумына белгілеп отырмыз...— деді Бозжанов.— Бір жақсы жері техникум қаланың өзінде емес, облыстың бір ірі қыстағында.

— Келер жылдары бұл техникум институтқа айналмақ. Келешегі зор,— деп қойды комиссия мүшесі адырақ көзді бір жігіт.

Инештің жүрегі дүрсілдеп кетті. Жүрек толқынын баса алмай дірілдеп сөйледі.

— Жо... жоқ, мен бара алмай...

— Онда Арыс орта мектебіне бар. Биологиядан сабақ бересің. Үш жолдың торабы, үлкен станция,— деді шетте отырған бір жігіт. Тегі, сол Арыстан келген адам болса керек.

Бұл жолы Инеш буындарын бекітіп, дірілсіз қатқыл сөйледі.

— Арысқа да барар жайым жоқ.

Танданыңқырай қарап қалған Бозжанов:

— Енді қайда барғын келеді?— деді.

Біріне-бірі жалғаса ұсыныстар жасалды.

— Таңдаған жерінді ал.

— Семей, Гурьев институтында да орын бар. РСФСР-ға да жіберуге болады.

Инеш үнсіз отырып қалды. Енді онша қинала қойған жоқ. Профессордың даусы тағы қайталанды.

— Қайда барғың келеді, Дәулеткереева?

— Мен тек... қалада қалуға тиіспін.

Оқу министрлігінен келген өкіл ұнатпай сөйледі.

— Қалада орын жоқ. Ал ауылға жоғары білімді кадр жетіспей жатыр. Ауылға бару керек.

— Мұнда үйім бар. Әке-шешемді тастап қайда бармақпын?

— Кімнің әке-шешесі жоқ дейсің. Ертең... қалай болады?— деп стол басындағы біреу Инештің болашақ тұрмысын елестетіп, көпті қуандырып тастады. Инеш тағы үнсіз отырып қалды.

— Мүмкін бармауында басқа себеп бар шығар?— деп Бозжанов Инештің ішіне үңіле түсті.

— Себеп? Ие, себебім бар еді, Кәреке. Осында... жолдасым... Ие, келешек жолдасым осында еді.— Инеш кенет Мәуленді есіне түсірді. Содан кейін Белгіұлов көз алдына келе қалды. Екі беті шапалақ соққандай дуылдап кетті. Ақ, ашаң өңі күреніте қызарды.

Стол басындағылардың біреуі осы бір минутта түрегеле салып: «Бекер сөйлеп тұрсың, Инеш, кіммен уәде байласып едің?»— деп жіберердей.

— Бірақ..

— Ие, қысылмай-ақ айта бер.

— Жоқ... жоқ. Сіздер кешіріңіздер,— Инеш даусы қайта дірілдеп шықты,— өтірік айтып тұрғанымды кешіріңіздер.— Ол бұрынғыдан да жаман қызара түсті. Мен... мен не сөйлеп тұрмын осы?» деп ойлады ол.

— Өтірік болғаны жақсы,— деп оқу министрлігінен келген өкіл күле қостады.— Осында кім?.. Аманова ғой деймін, өте орынды айтты. Сол саған зәру болып отырған жерге бару керек.

— Бұл оның өз тәрбиешісі — коммунистік партияның алдында жауапкершілікті сезінуі,— деді шеткеріректе үнсіз отырған Добров.

Инеш кабинеттен үнсіз шықты.

...Совет көшесінен Пролетар көшесіне бұрылып, төменге жүрді. Сол қолдан Жиырма сегіз гвардияшы Панфиловшылар атындағы федерация паркі қатарласты. Ағаштар көк жапырақтарға орана бастаған. Ол ақырындап жүріп, паркке көз салды. Парк ішінде қалалық кітапхана үйінің бергі терезелері түгел ашық тұр екен. Солардан талай бастар

көрінеді... Инештің аяғы машина тормозын оқыс басты. «Айтпақшы, Мәулен осында отырған болар»— деп ойлап, машинадан шығып, паркке жақындап келіп, терезеге үңіле қарады. Терезе алдындағы столда сәл жоғарырақ сыртқа қарап... Мәулен отыр. Инешті де, машинаны да аңғарған ол жоқ. «Не ойлап отыр екен?»— деді Инеш өзіне. «Мүмкін, осы бір сәтте оның көз алдында мен, менің бір қылығым тұрған болар». Осындай кітаптан сәл бас көтеріп, бір минут дем алған шақта студент ойына не келмеуші еді? Ол сол өтіп бара жатқан оқу жылдарын қызғаныш тарта елестетті.

Бір кезде Инеш те солай отырушы еді. Мүмкін дәл осы Мәуленге ұқсап терезе алдында отырған Инешке де парк шарбағынан талай таныс адам осылай қарап, өзінше күліп тұрған болар. Мүмкін, о да кәзіргі Мәуленге ұқсап солардың бәрін де байқамаған болар.

Инеш терең дем алды. «Рас, байқамай өткен құбылыстар көп-ақ қой бұл жылдарда».

Инеш кітапханаға апарар кішкене қақпадан ішке өтті. «Көрер ме екен» дегендей терезеге қарай жүрді. Тағы да көз салды. О, қызық! Мәулен дегені басқа бір студент болып шықты. Шаш қойысы, маңдайы, дөң мұрыны аздап Мәуленге ұқсайды екен. Инеш бір күрсінді де кейін жүрді. Осы кезде қарсы беттегі тал бұтағынан бұлбұл сайрады. Инеш көңілі соған ауады. Тал түбінде бұған жонын беріп екеу тұр. Мәулен мен Сымбатқа ұқсайды.

— Әне, әне, көрдің бе? Ана бір бұтақта отыр,— деп ұзын бойлы жігіт қолын шошайтты. Оның Мәулен екенін Инеш енді даусынан таныды.

Денесі қалтырап кетті. Тұрып қалды.

— Ой, қандай сүйкімді үн! Тыңдашы, Мәулен. Құйқылжытуын көрдің бе!— деді Сымбат.

— Бұлбұл үнінде не бар сонша табынарлық?

— Ну, эстетика...

— Эстетика?— деп кескеді Мәулен.— Бұлбұлдан да жақсы әнші бар өмірде. Білесің бе?

Білмейтінін жасырмайтын Сымбат ынталанып қалды.

— Ол қандай әнші? Канарейка ма? Әлде аққу демексің бе?

— Канарейка да, аққу да емес. Адам. Адам үнінде өмір бар. Адам үнінде мағына, поэзия бар. Ал мынада...— Мәулен ар жағын айтпады. Ілгері жүріп кетті. Артынан томпалаңдап Сымбат жөнелді. Инеш ұмтылып тоқтады. Дауыстайын деп сді, тамағы құрғап, дыбысы шықпады. Ақырын басып тал түбінде келеді. Тағы да бұлбұл сайрады. Инеш басын талға сүйеді... Көзінен үнсіз жас домалап кетті.

Белгіұловтың жеке басында үлкен өзгеріс туып қалды. Өзін сирек кездесер таланттар тобына қосатын Майқан сол таланты мен ақыл-ойының арқасында жақсы өмір жасап алдым деп саяйтын. Ғылым кандидатының өмірі, шынында да, айналасын ну орман шымалдықтаған тыныш, кішкене бір көлдей бейқам, бейбіт еді. Енді соның үстімен керемет бір дауыл соғып өткендей, астан-кестен бола қалды. «Қалайша астан-кестен бола қалды?» «Неге бұған шабуыл көбейіп кетті?»

Майқан қабағын түйіп ашулы отыр. Өткен-кеткен істің бәрін таразыға салып ойлап отыр. Ие, шабуылдың бір-ақ себебі болса керек; бұл Бозжановқа ұқсап ана-мынаның басын қосып жаза бермейді. Оны өткізу үшін университет басшыларына жағымпазданбайды. Студенттерді өз манына үйірсек етпейді. Тыныш қана сабағын береді. Тыныш қана үйіне келеді. Кітабын оқиды. Шылымын тартады. Қонағын шақырады. Қонақ та болады. Бары сол. Бары сол? Майқан қорқып қалды. Жоқ, Белгіұловтың бір кемшілігі бар екен: ғалым болған соң бұл да бірдемелер жазуы керек екен.

Ол түрегелді. Кітап шкафтарының астыңғы сөрелерін аударыстырды. Ұзақ аударыстырды. Стол басына келіп мандайын ұстады. Қайда, қай шкафқа салып еді осы? Ақыры шкаф үстіндегі бір буманы ашты. Қағаздары сарғая бастаған бір папканы алды. Жимия қарап сал тұрды: «Белгіұлов М. Докторлық диссертацияға материалдар». Содан кейін терезені ашып сартылдатып шаңын қақты. Жабағыланып кеткен шетін қайшымен қиып тәртіпке келтірді. Столға қойып тағы қарады. «Жоқ, Москваға апарып қорғауым керек».

Кенет Тимирязев Академиясында өткізген күндері есіне түсті. Атақты академиктер. Достар. Езу тартты. Алдында тамаша болашақ жатыр. Күн отырады, түн отырады. Диссертацияны жазады. Достар оппонент болады. Бұл қорғайды. Қайта бір бедел атаққа ие болады. Сөз жоқ, Майқан коммандировка алады. Сөз жоқ, Майқан Москваға жүреді.

Кенет Майқанның өзіне ұқсаған әйел кірді.

— Майқан, саған анадағы студент келіп тұр.

— Қайдағы студент?— деп Белгіұлов тіксініп қалды.

— Өлгі келіп жүретін. Өлгі сенің костюміңді алған.

— А-а...— деп Майқан бетін тыжыртты.— Өлгі Балғабасев деген екен ғой. Сен не дедің?

— Қазір, бар-жоғын білсін дедім,— деп жауап берді Майқанның өзіне ұқсас әйел.

Белгіұлов қуанып кетті.

— Онда мені үйде жоқ дей сал.

— Ұят болмай ма? Сен неге бүйтіп қалдың. Бұрын қасыңнан қалдырмаушы едің ғой. Мен үйде шығар дедім.

— Онда ұйықтап қалыпты. Бір сағаттан кейін кел де,— деді ол сағатқа қарап. Содан кейін диссертациясына үңілді. Бір сағатқа жақындады-ау деген кезде киінді де үйден шығып кетті.

Университет ректоры үйде де, түзде де басы артық, айрықша көркемділікке бой ұра қоймайтын адам еді. Сол пиғылы осы бір кең, еңселі, жарық кабинеттен де байқалады. Орындық, дивандар жұпыны болса да, ақаусыз таза. Ол ұзын бойлы, еңкіш, арық адам еді. Жасы қырықтан жаңа ғана асса да, барынша ескі өңді болатын. Осы бір сәнсіз жадаулау тұлғасында қайрат пен шапшаң-қимыл, ұтқырлық бары тез де аңғарылушы еді. Мол тәжірибе мен іскерлік белгісі әр қимылынан, әр қозғалысынан үнемі көрініп тұрады. Алды қыртыстанып, әлдеқашан ажимданған, шапшаң қозғалар қоңыр көзінде салқын ақыл да, сезімнің оты да бірдей бар болатын.

Белгіұлов кіргенде ректор сол бір қалпында екен. Көңілді тұрды. Орын көрсетті. «Жолым болар»— деп ойлады Майқан, сөзді жұмсақ бастады:

— Докторлық диссертация жазып жатқанымды, Әбекс, өзіңіз де білесіз ғой.

Жабасев білсем дегендей бас изеп қойды.

— Әлі де болса біраз материал керек еді. Кейбір кітаптар бұл жерден табыла да бермейді...— «Не дер екен»— дегендей Белгіұлов Жабасевқа қарады. Ректор үнсіз, ишарасыз қалды.

— Бас-аяғын қайырып тәптіштсімін деп жүргенде біраз уақыт та өтіп кетті,— деп Майқан мойындай сөйледі.

— Ис, уақыт аз болған жоқ,— деді Жабасев.

— «Асығыс істің шалалығы болады» дегенді еске ұстап... айтуір,— деп Белгіұлов күлді.

Ректор тағы да басын изеді.

— Сөйтіп, творчестволық командировка мәселесімен...— Ректор Белгіұловтың сөзін бөліп жіберді.

— Бір диссертация қорғайтындай уақыт болды, жолдас Белгіұлов. Қорғау керек. Командировка береміз. Көмектесеміз. Халық шаруашылығы сіздерден, ғалымдардан көп үміт күтеді.

Белгіұлов бірдеме айтайын деп келе жатыр еді, Жабасев елсн етпеді, сөйлей берді.

— Міне, бізде Бозжанов деген жас ғалым бар. Творчестволық жолына үңіліңізші. Қандай іскер, тынымсыз адам. Сабақ бергені, болашақ маман кадрларды дайындауға ат салысқаны өз алдына... Осы аз жылдың ішінде ауыл шаруашылығына қаншама үлес қоспады! Қаншама жаңалық ашпады! Бидайдың жаңа сорты... тарының жаңа сорты... Арам шөпті жоюдың жаңа бір әдісі... Кейбір дақылдарды ұялап себудің әдісі... тіпті таңқаласың. Давай, сіздің де сондай табысты болуыңыз үшін...

Осы кезде телефон шырылдады. Жаббаров барып трубканы көтерді.

— Викентий Викентьевич пе? Ие, ие, тыдап тұрмын. А? солай ма? О, о... онда жақсы болған, ғажап болған. Солай болуға тиісті де ғой. Жақсы, жақсы... пожалуйста... өзін ала кел мұнда.

Кем шақ өтпей-ақ Добров пен соншалықты көңілді кейіп білдіріп Бозжанов кірді. Әубәкір күліп тұрып келіп Бозжановтың қолын алып, құттықтап жатыр!

— Жаңа, докторлық атағыңмен, Кәрім!

Бар адалдығымен көңілдің ең бір көтеріңкі қосын білдірген Добров та қатты дауыстап, өз салмағынан жеңілдеу сөйлеп жатыр.

— Телеграмма түп-тура партбюроға түскені... Осы әлгіңде ғана... Ал кеп Кәрім Бозжановтің ізде... ал кеп ізде. Кәрім Бозжановтің тойы бар енді. Солай емес пе, Кәрім Бозжанович?

— Әрине, солай!— деп күлді Бозжанов.

Бозжановтың қыс аяғында қорғаған диссертациясы жоғарғы аттестациялық комиссияда қаралып бекілген, енді оған биология ғылымының докторы деген ғылыми дәреже берілгенін мына үшеудің өз ара сөзінсіз аңғарған Белгіұловтың ішін қызғаныш оты өртеп кетті. «Жұрт доктор болды, ал сен ақылды басыңмен далада қалдың». Добров шапшаңырақ басып стол басына келді де, креслоның жақтауына асыла тұрды. Бозжанов осы шақта Белгіұлов отырған жаққа бұрылып еді, таңырқап қалды. Өгіздей үлкен денелі оның білдірмей қалай шығып кеткеніне таңырқады.

Ректор ұзын шашын кейін серпіп, шалқая отырды.

— Кадрларымызды практикамен бұдан да тығыз байланыста тәрбиелеуіміз керек. Біздің бұл жағымыз әлсіз бе деймін? Кешегі Дәулеткересов сияқтылардың ауылға бармаймын деуі осы байланыстың әлі де жетімсіздігін танытып қалмай ма?

Өз ісіне бағаны қашан да кем беріп, бұдан да жақсыға ұмтылар ойлы басқарушыларда ғана болатын оның осы

пиғылын аңғарған Бозжазов, бұдан да жақсыға ұмтылу дегенді қуаттап отырып-ақ, әділ бағасын ұсынды.

— Университет адымына Дәулеткереевалар өлшем де, сипат та бола алмайды. Бізде тамаша, үлгілі бітірген студенттер де бар.

— Екеуіңнің де сөздеріңде жан бар,— деді Добров,— аз көпке тұлға бола алмайтыны рас. Жаксы көпке мастанып, теріс азға көңіл салмау да жаман. Кейбір студенттер ауылдық жерге барудан бас тартты. Бұл «аурудың» әр факультетте бары аңғарылмады ма? Кейбіреулер өтірік дәлелдер де тапқысы келді. Ал осындай «аурудың» микробы қайдан, қалай өсіп-өніп жатыр дейсіңдер ғой? Ие, дұрыс сұрақ бұл. Бір тұтас тірі организмдерді өз салақтығымыздан теория, практика деп екіге бөліп, біріне зер салып, екіншісін ойымыздан шығарыңқырап тастап жүрміз. Дене екіге бөлінсе, тіршілік ете алмайтыны түсінікті. Тәрбиемізде сынаржақтылық бар. Кемшілігімізді мойындауымыз керек. Біз бұл күнге дейін студенттердің басына теорияны құя бердік те, практикаға көңілді аз бөлдік. Бұл алшақтық теорияны сүйіп, практиканы, еңбекті жек көрушілікті жандандырмай қалмады. Теория мен практика ғылымының ұшар қос қанаты ғой, ал біз өз балапандарымызды көбіне бір қанатпен ғана кемтар етіп ұшырып жатырмыз.

Осы бір тыныш, кең кабинетте отырған үшеудің біріне-бірі ұқсас өзіндік ойлау салттары болса да, дәл кәзір үшесуі үш жақтан бір ғана нәрсені ойлап қалды. Көзге көрінер, қолға білінер алып денедей кесек үш үлкен ой үш жақтан келіп бір арнаға тоғысып: «Қайтсе, университет халі бұдан да жақсара түсер еді?» деген сұрақтың амалын қарастыра берді.

46

Кейбір адамдар өз ісі, өз білімінің көтере бағалануын ұнатып тұрады. Тіпті ұнатпаған күннің өзінде де жек көрмейді. Жамандаса, жала жауып жамандай бастаса кім шыдамдылық рекордын жасай алады? Ондай рекорд жоқ өмірде. Ал жала жаба жақсыласа ше? (Өтірік мақтау да жаланың бір түрі ғой). Оған сикім де ашуланбайды. Тек мақтау жаласы шектен шығып бара жатса ғана «әй, қойшы» дей салады.

«Жала жаба жақсылауды» ұнатып тұратындар студенттер арасында көп. Шамалы алуға разы болып кірген студент жолы болып өте жақсымен шықса көпсінбейді. Тіпті жаңа ғана оқығанын, көп нәрселерді білмейтінін айтып тұрса да,

енді соның бәрін ұмытып мақтана бастайды: «Еңбегім жанды оқығанымға қарай» деп мақтанады. Ал егер шамалы алып шықса ше? «Күн оқыдым, түн оқыдым, сондағы баға мынау»,— дейді ол онда. Пікірлес досы оны жұбата бастайды. «Баға деген карта ойыны ғой. Бірде ұтасың, енді бірде ұтыласың»— деп жұбатады. Олар студенттерді баға алу жөнінен «жұлдызды», «жұлдызсыз» деп екіге бөледі. Бұл, әрине, ескі ұғымға, тіпті жанаспайды. Халық арасында «ой, тәңірі-ай» деген сөз бар. Жұрттың бәрі тәңірге сиынғандықтан айтпайды мұны. Дағдыға сіңгендіктен ғана айтады. Оған дәлел есебінде сол «тәңірі-айдың» келеке, жеңілдікті білдіретін «ой, тәңірі-ай» болып өзгергенін алсақ та болады. «Жұлдызды», «жұлдызсыз»— деген сөздер де осы студент ортасының «ой, тәңірі-айы» мен «ой, тәңірі-айы» ғана.

Біреуден көтеріңкі сөз естігісі келіп тұратын Мұздарапов өзін жұлдызсыздарға, ал Мәуленді жұлдыздылар тобына жатқызушы еді. Аңада, Антика әдебиетінен құлап қалғандығы... сол «жұлдызсыздықты» танытады.

Оған өз тәңірегіндегілер шыдамсызсың деуші еді. Бұл — түгелдей шындық емес-ті. Мұздараповтың шыдамдылық көрсететін жерлері де бар болатын. Оның бұл қасиеті көбіне оқу мәселесінде тез көрінуші еді. Айлар бойы қолына қағаз-кітап алмауға Жолтай шыдамы еркін жете беретін. Оқыды не, оқымады не, жұлдызсыз болған соң. Егер, мына Мәулен сияқты «жұлдызы» жарық туса, сондай сәтсіздікке ұшырамас та еді. Өйткені, сабақты қабылдағыштығы жағынан ол өзін сәкімнен де, тіпті Мәуленнен де кем емеспін деп санайды. Жалғыз-ақ осы бір «жұлдыз»...

Зейін, қабылдағыштық жағынан шынында ол ешкімнен де кем емес еді. Ол жас кезінде құлақ қойғыш, айтқанды жадына сақтап қалғыш болатын. Өзінің қабілеттілігі арқасында несі болсын тез игеретін.

Мектеп босағасын алғаш аттаған күннен бастап оның бар зейінділігі бірден айқын көрінген-ді. Сабақты үздік оқыған-ды. Өзінің зейінділігі арқасында мұғалім не айтса, соның бәрін де есіне ұстап сол дәрежеде қайта жеткізіп бере алатын. Осыған разы болған мұғалімдердің бірде-бірі Жолтайдың сабақты қалай дайындайтынына зер салмаған. Өз бергендерін қайтып алумен тынды. «Сабақты жақсы оқыды» деген мақтау сөзді естіген соң оның ата-анасы да «кітапты көп оқы» деп салық етпеді. Кейде олар: «Біздің Жолтай оқымай-ақ білімді бола алады» деп те мақтанатын. Осындай мақтау сөзді күнде естіген Жолтай өзінің алғырлығына, тыңдағанын қайта айтып бере алатынына

сеніп, мектептен тыс уақытын ойын-сауықпен, бос қылжақпен өткізетін. Мұның өзі оны еңбектен алшақтатып, сарылып ұзақ отырып оқи алмаушылыққа, үстірттік пен ұстамсыздыққа жетелеп әкелген. Қандай да қызық оқиғалы фантастикалық романдарды оқып отырып та оның жүріп кеткісі келуші еді. Кітап беттерін аударып та жіберетін. Не болмаса, басынан, ортасынан, аяғынан бес-он беттеп оқып «мәлімет» алып қалатын.

Әрине, мұндай мәліметтер енді оны университеттің күрделі өмір сатыларына көтеріп шыға бере алмайтын. Әуелде ұшқарылыққа тәрбиеленген жас Жолтай осы сәтсіздіктің тереңіне бойлап, себеп, дәлелін іздестіруге де орашалақ еді. Оның бар қорытындысы: Мәулен өте жақсы деген баға алады, өйткені, оның жұлдызы бар, ал мен жаман баға аламын, өйткені, менің жұлдызым жоқ, дегенге саяды.

Сөйтіп, баға алуға оның бір рет те «жұлдызы» жанып көрген емес. Антика әдебиетінен жуырда ғана зорға құтылып шықты. Міне, енді логика пәнінің алдында «осыдан құтылсақ па-лап» тұр. Егер құтыла алмаса ол енді өз толайын өмір өзенінің басқа бір ағыны аз, иірімі жоқ жерінен қарастырмашы. Жолтайдың оптимистік пікірі де бар. Онысы: Қазақ жері кең. Жұлдызым бұл жерде жанбаса, басқа жерден жанады».

Ал Мәулен болса, баға жөнінде шынында да «жұлдызды» жігіт болып келеді. Оған келген әзірдегі бірер ай ғана ауырырақ соққан. Ізденгіш жігіт көп кешікпей-ақ келешекке апарар жолдың өз табиғатына лайықты ұтымды суыт жүрісін тауып, делбені босатпай-ақ ұстап келе жатыр.

Бұл — Мәулсннің соңғы тапсырар сабағы болатын. Бұрынғы әдеті бойынша өзі алдымен кірді. Мұны профессор отырған аудиторияға шығарып салған көп көз: «Ой, тәйірі-ай, сен саспасаң да болады. Жұлдызды жігітің ғой, бір бесті соғып шығарсың»,— деп қалды. Олар Мәулсннің ұтқырлығын да, қажусыз жұмыс істейтінін де, басқалардан тереңірек түсінетінін де білесті. Жақсы баға жақсы оқығанға ғана қойылатынын да білесті. Біле тұра солай дейтін.

Келешек делбесінің сал босаңсып кеткен шағы да осы еді. Бұл жолы оның жұлдызы бұрынғыдай ашық жанбады. Бұрын жоғары бағаны соққанда күліп шықпаса да, осы жолы шамалы бағаны арқалап ренжіп шықты. Профессор бағасына қарсылық жасап тұрған ол жоқ. Жоқ, қарсылық жасап тұрғаны да рас, профессорға емес, бірақ. Өзіне деген қарсылық бұл.

Есік алдында тұрғандар тынышсызданып қалды. Ал Мұздарапов құлайтынын күн ілгері көріп отыр. «Жұлдызды Мәулен шамалы алғанда... жұлдызсыз Мұздарапов... ой...»

Оның алдында телевизор тұрғандай. Міне, экраннан үлкен қара көзілдірікті профессор айқын көрінеді. Қорқа басып, Мұздарапов келеді. Билет алады. Сол арада оқи бастайды. «Дилемма деген не?» Мұздарапов көзін жұмып отырып қалды. Дилемма? Ол әрі ойлады, бері ойлады, тіпті, дилемма деген сөзді естіп көрмеген сияқты. Ол кенет өз кезегінен кейін жылжып шықты да, Мәуленге келді.

— Дилемма деген не еді, Мәулен, айтып жберші? Жүде, ойыма түспей тұрғаны...

Мәулен күлді.

— Сеің алдында екі-ақ жағдай бар: не сабақты жақсы үлгіруің керек, не университетті тастап ауылға кетуің керек. Үшінші мүмкіншілік деген — сабақты жаман оқып, университетте жүре беру мүмкіншілігі деген жоқ. Міне — дилемма.

— Жүде, қой. Мұндай сөзді айта көрме, жүде,— деп ол жалына сөйледі.

— Бұл мысал ғана. Енді анықтамасын айтайын ба?

— Жоқ, айтпай-ақ қой, жүде, өзімнің де есіме енді түсетіндей.

Мұздараповтан басқа да өздеріне сенімсіз кейбір студенттер күдіктеніп қалды.

— Қатаң білем, Мәулен де шамалыға зорға ілегіп шықты ғой.

Осыны естіген Мәулен бұларға сырттан келіп сөйледі.

— Оқыған адамды құлатпайды. Мен шамалыға ілексем, бұл жолы шамалы оқығандығымнан. Жұрт «жұлдызың» үлкен дей береді. Бір байқайыншы сол шіркінді деп оқымай келіп едім. Байқаймын, жұлдыздың өзі оқысаң ғана жанады екен.

Мәулен құлығының негізінде шындық барын аңғарған жұрт күлісіп алды.

Мәулен өз «жұлдызын» сынау мақсатымен логика сабағын оқымай келген жоқ-ты. Тіпті ол көп оқыды. Бұрынғыша ұзақ сарыла отырып оқыды. Бірақ осы бір ұзақ отырып оқудың өзінде логика болмап еді. Логика дегеніміз — дұрыс ойлау заңдылығын тексерер ғылым ғой. Дұрыс ойлау заңдылығын зерттеу үшін де дұрыс ой керек емес пе? Сөз бар ма! Мұның өзі ең алдымен логиканы логиканың өзі қажетсінді деген сөз болып шығады. Ал Мәулен болса өз логикасын логика пәніне жұмсамады. Логиканы оқып отырып, басқа бір құбылыстың логикасын ашуға әрекеттенді. Ала көңіл болды.

Ол енді Инешпен екі арадағы талас-келіспеушіліктің логикасын тек мінез-құлықтың алшақтығынан іздеп таба алмай отыр. Ашық айтқанда, бұл алшақтық енді көзқарастың алшақтығында жатқан секілді. Ең алдымен, бұлардың келіспеушілігі мәдениеттілік деген сөзден басталады. Рас, Мәулен өзін әлі де мәдениеттімін демейді. Мәдениетсізсің десе біреу, оны да жала деп біледі. Мүмкін ол мәдениетсіз-ақ шығар. Ал мәдениеттіліктің мұны түзетер нормасы қайсы? Жоқ, Инеш ұсынысын ол бұл нормаға жатқыза алмайды. Сонда өз ұсынары не? Ол енді осы жайында Еренмен ақылдаспақ болды. Өз пікірлерін ортаға салмақ.

Осыған жалғасып бүгін Ереннің үйлену тойы екені есіне түсті. Ол бұдан екі күн бұрын Мәуленнің тойға келуін, Инешпен келуін тілеген еді. Мәулен енді тұра қалып Инешке бару-бармасын ойлады да, кенет бірден жатақханаға беттеді.

...Бұл бөлменің есігі ашық тұр екен. Мандайшадан төмен түсірілген жұқа ақ дірілдей толқиды. Ар жағынан ыдыс-аяқтың сылдыры естіледі. Қуырған сарымсақ пен вьетнеттің иісі мұрын жарады. Өзге дауыстардан биік прическалы Қасымованың шіңкілдек ащы даусы жырыла шығады. Ыңғайларына қарағанда Гүлшат үй ішіне орындықтар қойып жүргенге ұқсайды. Енді бір ретте, Ажар болуға тиісті, әлде бірдемені бір-екіден бастап санап ұзын ұрғасын жиырмадан шығарып тастады. Осыдан кейін шақырылған қонақтардың аттарын атап: «Мына араға пәленше, мына араға түгенше отырады»— деп әркімді күні ілгері орналастыра берді. Атаулы қонақтардың ішінде Мәулен де жүр.

— Ал, мына бір екі орындыққа Мәулен отырады,— деді ол.

Қасымованың жіңішке даусы ілесе шықты.

— Екі орындыққа отырамыз қалай?

— Е... е... Инеш те келмей ме? Бөліп жіберу қолайсыз болады, Зада.

— Инештің келмей қалуы да ғажап емес.

— Қалайша ғажап емес?— деді Гүлшат.— Шақырған жоқ па едіңдер?

Үй ішіндегі әңгіме ұйтқысы өзі болған соң, Мәулен осы бір қимылының теріс-бұрыстығына оспп бермей-ақ есік алдында кідіріңкіреп қалды.

— Шақырғамыз. Бірақ... ие, ол екеуі ажырасып кетіпті ғой. Бірі отырған жерге екіншісі басын сұға ала ма?

Мұндай сырттан тон пішуді қыртыстана қабылдайтын Гүлшат даусында қарсылық нышаны мол байқалды.

— Оны қайдан естіп, біліп қалдың?

— Білдім,— Зада даусы орнықты сенімімен шықты,— мен Инеш скеуінің ажырасып кететінін ежелден-ақ білгенмін. Бір әдемі күні Инеш Белгіғұловқа шығыпты деген сөзді естірің асықпасаң.

Мәулсн жүрегі шымырлай соғып кетті. Ол мұндай ауыр сөзді естіп тұра алмады. Тыжырынып, шегіне бастады. Зада даусы бәсеңсір смес. Жаңағы бір айқындығы, жүрек тырнар өткірлігі, ауырлығымен үрдіс шығып айнымай келіп жатыр.

— Оған қандай дәлелің бар?— деп сұрады Гүлшат енді бірде.

— Дәлел біреу-ақ. Инеш — мешанка. Ал Белгіғұлов болса биология ғылымындағы космополит. Инеш қай сөзін болса да Белгіғұловтан бастайды. Оның ақылымен мақала жазып, Мичуринді жоққа шығармақ болады. Мұны жай бір кездесісоқтық деймісің? Космополитизм мен мешанство Америка бидайығы сияқты. Тамырлары олардың астасып жатыр. Бірін-бірі нәрлендірседі, бірін-бірі жандандырады. Міне, дәлел.

Ажар даусы шын аяныштылық нышанын аңғартты.

— Мәулсн жақсы жігіт қой. Ажырасып кеткені жақсы болған онда.

Мәулсн шегіне берді. Кенет... кенет... кенет ол басқа бөлменің есік қайырмасында тұрған койкаға сүрініп кетті де, шалқалап барып зорға түзелді.

Мешанство? Ғажап!

Мәулсн ойланбастан сыртқа шықты. Жатақхана ауласындағы көк тартқан шіліктердің арасымен жүріп келеді. Кенет біреулер сылқылдап күлгендей болды. Ол құлақ сала қойып еді, күлген адам емес, шілік арасынан сылдырай аққан бұлақ екен. Өзінің үнді сылдырымен мына көңілді көктемді қошметтейді. Айнымас бір әуенді жалықпай қайталап тұрған жаратылыс жаршысы секілді. Енді бір ретте осы бір дыбысқа адам үні араласқандай болды. Бұл оның құлағында тұрған биік прическалы Қасымованың әлгі бір жіңішке ащы үні еді.

Мәулсн күлді. Тіпті мына бұлақ түрлі ырғақты дауыстардың құрамына ұқсайды, жаратылыс оркестрі секілденеді. Байқап тұрса, соның жіңішке, жуан дауыстарының бәрі де Мәулсн туралы айтып, Мәулсн келешегін пәш етіп тұрғандай.

Ол кейін жүрді. Жаңағы бөлменің терезесі ашық тұр. Алдында өскен биік қарағаш сонау үш қабатты үй терезесінен де озып шыққан. Самал желмен тербеліп, жапырақтары терсез шыныларына тиіп қашады. Ағашқа келді.

Үй ішіндегі әңгіме тақырыбы мүлде өзгерген. Бұл — Гүлшат сөзінің орта тұсынан килікті.

— ...Кейін жалғыз жүруің қиын-ақ болар. Сағынарысың...— деп күле бітірді ол сөзі. Әңгіме Заданың Қарағандыға кететіні, Ереннің осында қалатыны жөнінде екенін Мәулен бірден түсінді.

Осы мезетте аула қақпасынан Ерен көрінді. Үрген местей шартып кеткен көк жібек сетканы қисая көтеріп, есікке беттеп асыға салып келеді. Мәуленді көріп кенет тоқтады.

— Бұл тұрысында не мән бар?

— Жай, дем алып...

Ол Мәуленге жақын келді. Үстінде жаңа костюм. Көңілді жүзінде күлкінің бір кішкене құсы кезіп жүр.

— Демді осылай көңілсіздікпен ала ма екен? Демалыс емес, «ой алыс» қой мұның. Жүр, бүгін ойды шығара түр естен.— Ол Мәуленнің білепінен ұстап өзімен бірге ілгері тартты.

— Не ойлап тұрсың деп те сұрамайсың-ау?— деп Мәулен күлімсірей сөйледі.

— Ал не ойлап тұрғаның?

— Бүгін той жасап, ертең Заданы қалай шығарып салар екен Ерен? Міне, мен ойлаған ой ұшы.

Лекіте тыныссыз шыққан күлкі өстіледі.

— Ха-ха-ха, хс-хс-хс. Оны сол кезінде бірге ойла-сайық.— Жол-жөнексей көңілді қалпын сәл өзгертті де:— Бір жыл деген не? Келер жылы біз де солай барып қалармыз,— деді.

Бұлар үйге кірді. Қонақтарды асыға күтіп жабулы столдар тұр. Әр жерден тау төбелеріне ұқсап шарпаттар мен шампанскослар бұлтия шығып сораяды. Гүлшат радио қабылдағыштың жанында радио толқындарына отырып алып, Ленинград, Москваны аралап, Кисөтен шығып Львовқа тоқтады. Қазақ вальсінің ортасынан ксіліп килікті. Өзбек қызы Халима Насырова молдаван қырларынан қазақ вальсінің қайырмасын толқыта көтеріп жатыр. Заданың прическасы өзінің ана өскен көңілі сияқты бұрынғыдан да биіктей түскен. Еренді көріп, сәл қызарыңқырап кетті. Осы бір кескінінде бақыт пен шексіз қуаныштың өз жүрегіндегі үрдіс толқыны әлі ашыла қоймаған қыз ұяңдығымен араласа ойнайды. Қуаныш, күлкі адам кескінінің жазы ғой. Сол жаз өзінің дер шағында толықсиды.

Белгіге алынған мерзімде қонақтар да келе бастады. Кең бөлменің іші кішірсей түсті. Шу, көтеріңкі көңіл күйі үздіксіз шығады. Шаттық тілі — геу-геу басты. Ерен мен Зада қатар отыр. Көп көзінсн ұрланып қарасып күліссді. Бұл ксі

жүрек арасында рентген сәулесіндей көзге көрінбейтін ғажап бір байланыс жібі бар секілді. Сол бір өлшеусіз байланыстың мықты құралы — осы игі көзқарас, осы ұяң күлкі. Күлкі көңілге махаббат нәрін береді. Махаббат нәрі олардың жүзінде күлкі ойнатады. Осы бір құбылыс бір сәтке Мәуленге мәңгі өзгермей осылай қалатындай көрінді. Бүкіл жастық сезімнің, адал махаббаттың бар күшін өзгертпей сақтарлық ұлы ескерткіші секілді болып көрінеді. Көзқарастарында да ерекшелік бар. Ерен ақылды көзінен сезім ұсынып, ал Зада сезімі мол кіршіксіз таза қара көзінен ақылды танытады. Бұл алшақтық емес-ті, бірін-бірі толықтыру, бірін-бірі айқындау ғана.

Алғашқы рюмка да столдан көтерілді. Аздап ой дүниесіне ілігіңкіреп отырған Мәулен кейіндеп, кешіге тұрды. Соны аңғарған Гүлшат:

— Алғашқы сөзді Мәулен айтсын,— деп күле сөйлеп ұсыныс жасады. Оны сергітпек, стол басына қайтарып алмақ мақсаты да бар.

— Осындайда...— деді біраз тұрып қалған Мәулен көтеріңкі әуенде дірілі басым даусымсыз,— осындайда салқын ойдан туар сөздің отын қанша үрлесен де ұшқынын ала алмайтындайсың. Сол ұшқынсыз сезім жоқ, сол ұшқынсыз лирика жоқ. Сөйлемей-ақ әдемі сөз тізбегін іздеп қиналмай-ақ, өз жүрегіңді суырып алып осы рюмкаша жоғары көтергің келеді. Жаңа өмірдің жаңарған Данкосы болғың келеді.— Жұрт жабырласа күліп, мына сөздің әсерлілігін құптасты. «Бұл сөзді айтпаса, әдебиетші бола ма?» деп көтермелеп қойғандар да табылады. Осы кезде Мәулен екінші рюмкаға қара күрең қою шарапты құйғызып алып, екінші қолымен оны да жоғары көтерді.

— Мына қос рюмканы қос жүрек деп ұғындар!— деді ол.— Ерен мен Зада жүрегі.— Сөйтті де, ол шарапты қотарыстырып біреуін босатып алды. Сонсоң, алгібір әуенімен ілгері сөйлеп кетті. Жұрт тағы күлісіп дүрліге қалды. Сол қозғалыс, қимылдан Мәулен даусы саңқылдап озып шықты.— Мен араласқан жүректердің келешегі үшін ішемін!

Рюмка түбі көкке көтерілді. Орыс салты бойынша әзілге сыйғызып «ашы», «ашы»,— деп айқай салғандар да болды. Зада қызарақтап бетін басты. Жұрт ұзақ сұранып, жаңағы бір қимылын қайталай берген соң, Ерен де Задаға қысылыңқырай еңкейді.

— Кәне, бірі қара, жұрт өтіңгенде ұят болады,— деді ол ақырын ғана сыбырлап.

• Зада бетін басқан қалпы басын аз ғана Еренге таяды. Ұяла тұрып, Ерен құшағына енді.

Жұрт тағы кеу-кеуледі. Орнынан дүрліге қозғалды. Рюм-калар сыңғырлады. Жаңғырған жарқын көктемді, алақан жапырағы жайқалған көк орманды өзіндік ойдың аясына алып кеп орнатар соншалықты көңілді, жеңіл, соншалықты нәзік «Көкөк» вальсі ойналды. Еркін басып Мәулен Гүлшатқа келді. Екеуі де уәделесіп қойғандай вальстің алғашқы бірер тактісін босатып жіберді де «көкөк», «көкөк» деген қайырмасынан бірден бастап, үйріле айналып, билеп кетті. Гүлшат өзіне тән жеңілдікпен — болат серпіні секілді шымыр жеңілдікпен ауаша еркін қозғалып үйіріледі. Жұқа көйлегінің етегі делбегейлене көтеріліп, тізесінен жоғары шығады. Алпақ шымыр балтыры көрінеді. Өз махаббатындай таза уытты күлкісін сыйлап, көзін қадайды. Осы бір жанары кең, уытты көзден Мәулен өзінің кішкене бейнесін көрді. Ол бейне қабағына қыртыс жинап, мұның өзіне қарап күледі. Кенет Мәулен осы дүниені тек Гүлшаттың байымды көзі арқылы ғана көріп тұрғандай болды. Осы көздің аясы Мәулен өміріне мекен есепті. Мәулен өмірінің тағдыры сол кішкене көзде тұр. Сол көз сөнсе Мәулен де сөнеді. Неге сөнеді ол көз? Сөнбейді!

— Мәулен,— деді Гүлшат күле сөйлеп,— не ойлап кеттің сен? Музыканың барлық тактісінен жаңылып қалдық.— Мәулен де күлді. Келер тактіні бір сәтке тосып қалды да, тағы да билеп кетті. Бірақ алгі ғажап сөзімге мол берілген Мәулен жиі-жиі жаңыла берді. Екеуі де жұрт ортасынан шығып столға келді.

— Инеш неге келмеді?— деп сұрады ол кенет.

— Менің саған айтар жаңалығым да осы жайында еді ғой.

Гүлшат Мәулен күлкісінің аңғарында ресніш көлеңкесінің де барын байқап отырып қалды.

Мәулен ойланып алып жауап берді:

— Өз араларыңдағы алшақтықты аңғармаған кезіңде, Гүлім, ісіңнің бәрі де сана қамтуынан тыс жатады екен. Оны өзің деп танып, бой ұсынып кеткендігіңнен бс, неменс, ниет-пиғылыңа, қатты көзқарасыңа қайшы келер іс-әрекеттердің бәрін де төзс берсіді екенсің. Соның терістігіне мән де бермейсіді екенсің. Мен мұны енді түсініп отырмын.

Гүлшат аса бір ырзалық белгісін беріп, Мәуленге күле қарады.

— Мәулен, сен өсіп кеткенсің! Сен бар ғой, Мәулен, нағыз философсың! «Күрес үшін ерлік керек-ақ, бірақ ерлік күрес факторы емес, күрес факторы саналылық». Сенің

сөзінді мен осылай ұғып отырмын. Қандай тамаша философия!

Өз ұғымында дәл осылай, бірақ тілінің ұшына оралмаған жанағы Гүлшат сөзіне Мәулен де қалт тоқтай қалды: «Күрес саналылықтан ғана туады. Жақсы сөз». Осы кезде жұрт столға қайта топталды. Рюмкалар өзінің жеңіл мінсіздігіне басып, міндетін енді шапшаңырақ атқара бастады.

Мәулен қыза келе көңілденіп кетті. Бұрынғы өзгермес көңілді қалпы жыл құсындай қайтып оралды. Ерен мен Задаға алма-кезек қарап ұзақ отырды. Күле түсіп солардың сұқбат-жарастықтарын қызғаныш етеді. Енді бірде түрегелді де Еренге барды. Ыммен залға алып шықты да, қатты қысып құшақтады. Көзіне жимия қарады.

— Сен оңбаған, бақытты екенсің. Сайтан болып кетейін, өтірік айтсам.

Ерен қулана күлді:

— Ал сен ше? Бақытсызбысың?

Бұл күткендей Мәулен бірден «жоқ» деп жауап бермеді. Ерен өз жолдасына үніле сұрана қарады.

— Сенің бұл көңілсіздігің ұнамайды маған.

Мәулен Еренді қолтықтап, сонау маңдайдағы жалғыз терезеге қарай жетелсді.

— Мен философия факультетіне ауыспақшы болдым. Жазда айырмаларды тапсырам да, келер жылы екінші курсына түсемін.

Ерен өз жолдасына таңырқай қарады.

— Мұндай шешімге итермелеген кім сені?

— Кім? Өмірдің өзі. Таланттың адасуы, талғаудың адасуы бола береді екен. Мен әдебиетші де, ақын да емеспін.

— Бастаған істі орта жолда қалдырмау керек.

— Ал қатес басталса қайтесің?

— Сен неге дәл бүгін шамырқанып тұрсың?— деп Ерен оған қатыгес сөйлеп, тура жауап беруден жалтарды.— Айтпақшы, Инеш қайда? Оны неге ала келмедің?

Мәулен Еренге жақындай түсті.

— Инеш скеуміз қош айтысқамыз.

Бұл сөзге Ерен таңырқай қоймады.

— Онда істі жаңадан бастау керек. Қателеспестей етіп бастау керек,— деп жанағы сұраққа енді жауап қайтарды.— Инеш саған жолдас болатын адам емес-ті.

— Ол өзінің адам екенін түсінбейді.

— Сонда кіммін дейді ол өзін?

— Ол ма? Ол өзін біз сияқты ересек «балалар» ойнайтын қуыршақ, кеудеге тағылар гүл деп түсінеді.

— Бұл қызық екен!

— Қызық! Ал қуыршақ деп қолына алмасаң, гүл деп кеудеңе тақпасаң, адам деп, келешек үшін күрес жолындағы жанашыр жақыным, көмектесер жолдасым деп танысаң — мәдениетсізсің. Әрине, Инешше! Ал сен айтшы, осында қандай мәдениетсіздік бар?— Ол бар күшімен Ереннің билегінен сілкілей ұстап өзіне тартты.— Адамды адам дегізетіні — ісі, еңбегі ғой. Оны осы істен, еңбектен ажыратса, өзінің тіршілік жасап тұрғанымен адамдық қасиеттен айрылып қалмай ма?

— Әрине.

Осы кезде бұлардың қасына Сымбат келді.

— Ой, сен қайда жүрсің? Мен сені іздеп жүрсем күні бойы.

— Мен тауға ерте кетіп едім. Өлең жазып әкелдім. Әлгі альпинидада жайында,— деп Сымбат қолындағы қағазды Еренге ұсынды.

— Ал, көне, өзің оқып жіберші, дауыстап оқы,— деді Ерен.

— Жоқ, Гүлшатқа оқыық. Зада ренжіп жатқан да болар, кетіп қалдыны дәлел ғып,— деп Мәулен ұсыныс жасады.

Үшеуі де музыка үні шығандап, енді ән шырқалып жатқан бөлмеге асыға беттеді...

47 •

Әнеуі бір күннен кейін Инеш ойының бар аясын түгел толтырып тұрған сөз «қайтсем, қалада қалам?» болды. Осы бір керемет сөзді университет бітірген күнгі қуанышы да алмастыра алмады. Шынын айтқандай, ол өзі күткендей қуана да қойған жоқ екен. Жұрт университет значогін шуласа қызықтап, көрісіп, кеудесіне тағысып, мақтаныш сезіммен көкірегіне қадасып жатқанда, Инеш оны редикулінің ішіне ұрды. Сол тыныш жатқан университет значогіндей, оның жүрегі де селт етпей тыныш қалды.

Инеш сол белгіні қайтарып тастап, соңғы бес жылды басынан қайта кшіруге әзір. Ол шексіз студент болып жүре бергісі келеді. Оқи бергісі келеді. Ие, қайта түсіп оқыса, диплом жұмысын да осы реттегідей шамалыға қорғамас еді. Тіпті олай емес... Инеш ең алдымен диплом тақырыбын алмас та еді. Диплом жұмысы университет теңізінің жағасы секілді. Оған аттағаннан кейін құрлыққа шығуың керек. Ал Инеш болса, бұл құрлыққа шыққысы келмейді. Дауылы да, қауіп-қатері де жоқ, университет теңізінде сайран салып жүре бермек. Не үшін жүре бермек? Не үшін оқи бермек?

Инеш өзіне мұндай сұрақ қойған емес. Ой шарасын түгел толтырып «қайтсем, қалада қалам?» тұр. Міне, сұрақтың қиыны да, шешімсізі де осы.

«Қайтсем, қалада қалам? Менің тетігім мына жерде, ана жерде» — деп Инешті жетелей берді. Инеш оған ере берді. Академияға барды (Дәулеткерей бұл кезде жазғы экспедицияға шығып кеткен. Екі-үш айсыз оралмайды.). Институттар мен мектептерге кірді. Бәріңде де әнсуі комиссияның көлеңкесі тұрғандай. Ақыры шаршап келіп отырған бір сәтінде «қайтсем, қалада қаламның» министрсіз шешілмейтінін түсінді, Инеш министрге де кірмек болды.

Өз бөлмесіне келіп киіне бастады. Ең алдымен, қара гүлді сары көйлегін киі. Айна алдына келіп біраз тұрды. Содан соң оны шешіп тастап, жасыл гүлді ақ жібек көйлекті тандады. «Міне, осы дұрысырақ болар», — деп ойлады. «Ақ пен көк кәзіргі маусымға әбден үйлеседі». Туфлилердің қайсысын киерін білмей біраз отырды. Ақыры айқыш-ұйқыш қызыл сызықтары бар, жалтырауық ақ туфлиге өзінің жұп-жұмыр, аппақ, кішкене аяғын сұқты. Тағы да айна алдына келіп, ұзын лентасы бар, полясы жалпақ ақ шляпасын басына прическасын бастырмай еппен қондырды. Кішкене қара күрек дөңгелек редикулін әрлі-берлі теңселтіп біраз тұрды. Сөйтті де Инеш оқу министрлігіне тартты. Оқу министрі жоқ болғандықтан, министр орынбасарының қабылдау бөлмесіне келді.

Онда ешкім де жоқ болып шықты. Жазу столында көп газеттер жатыр екен. Соған алыстан ғана көз жүгіртіп, біраз күтіп қалды.

Орынбасардың көмекшісі бір уақытта кабинеттен шықты. Секпілді, ақ өңді қыз екен. Ол стол үстіндегі алдебір қағаздарды асығыс жиып үлгіренше, Инеш министр орынбасарының бар-жоғын, қабылдар-қабылдмасын да сұрап білді.

— Қайдан келдіңіз? — деді ол орнына отырып жатып.

— Университеттен.

— Университеттен? — деп таңданды көмекші қыз.

— Иә, университеттен. Министрге кірмек едім. Жоқ екен. Менің мәселемді орынбасар да шешер деп ойлаймын.

Көмекші қыз бұл сөздерге құлақ сала қоймады. Ол көп газеттердің арасынан университеттің многотиражасын алып шықты да, бірден соңғы бетін ашты.

— Қандай өткір карикатура! — деді ол Инешке бұрылып. Сол кезде қонырау соғылды. Көмекші қыз да ұшып тұрды. «Бір минутке» деп Инешке қарады да, шапшаң басып кабинетке кірді.

Инеш газетке үңілді.

...Ортада бір қыз отыр. Ғажап қыз. Көз орнында да, құлақ орнында да кітаптар. Қолының ұшы да ашылған кітап. Ал төңіректе қайнаған еңбек. Завод-фабрика, жайқалған егін. Комбайн, тракторлар, қазылып жатқан каналдар. Салынып жатқан үйлер. Карикатураның үстінде: «Мәдениеттіліктің жаңа түрі»— делінген. Көмекші қыз осы кезде бір қағаздарды алып қайтып оралды.

— Университетте осылай өмірді кітап арқылы ғана көріп, кітап арқылы ғана естігісі келетін жастар бар ғой деймін,— деп ол Инешке қарады,— ал мына комсомол комитеті секретарының да мақаласы тәуір шыққан, байқайсыз ба? Өзі ақылды жігіт болар, ә? Осында бір қызық ат та бар еді...— Ол газетті алып Дайыровтың мақаласына үңілді.— Ие... Инезия. Жоқ, Инезилия. Бұл кім? Осындай ат та болады екен. Тіпті бар ғой, мына карикатура тек соған ғана арналғандай екен.

Инеш сәл қызарыңқырап қалды. Көмекші қыз сұрағын аңғармағанып, жауапсыз қалдырды.

— Мен орынбасарға жолықсам деп едім...

Көмекші қыз осы орында отырып, дағдысына айналған шапшандықпен ұша тұрды.

— Ғафу ете көріңіз. Басқа сөзбен ұстап қалдым ғой деймін сізді, көзір... көзір...— деп кабинетке беттей берді де, бері бұрылды,— айтпақшы аты-жөніңіз?..

Инеш үндемей қалды. Аздан соң жалтара сөйлесі.

— Мүмкін, орынбасардың жұмысы көп болар, мүмкін қабылдамай жүрер?

— Жоқ, атай көрмеңіз. Мұндай оқиға мен келгелі болып көрген емес. Асылтаев жолдас келген кісіні қабылдауға әрқашан да уақыт таба алады. Кім келді дейін?

— Дәу ...леткересва... деңіз.

Көмекші қыздың көзі шарасынан шығып кетті.

— Дәулеткересва? Кәдуілгі Дәулеткересва. Инс... қалай еді... Сіз бе? Ой тамаша-ай?

— 'Жоқ, менің атым Инеш. Бізге Дәулеткересвалар көп,— деп ол амалсыз бұлттарды. Көмекші қыз сәнімсіздену қарап кабинетке кірді де, шапшаң оралды. Орынбасардың қабылдауға өзірлігін білдірді. Инеш өзін еркін ұстамақ болып, есікті тез ашты да, ұзын кабинеттің сонау басында отырған министр орынбасарын көріп, табалдырық алдында қалта тұрып қалды. Өнсугі студенттерді бөлу комиссиясында оқу министрлігі өкілі есепті қатысқан адам осы екенін бірден таныды.

— Келіңіз, Дәулеткереева, еркінрек басып келіңіз,— деп министр орынбасары көңілдене сөйлеп, шапшаң, ұсақ жүріспен Инешке жақындады. Әлгі бір қолайсыздықтан оны министр орынбасарының өзі алып шықты. Инешті ұмытпаған екен. Жұмсақ диванға отырғызды да, әңгімесін кететтен бастады. Енді «сен» деп сөйледі.

— Қалай, ауылға баратын болдың ба?— деп министр орынбасары қарындашпен столды тықылдатып сәл отырды да, Инешке көзінің қиығымен сынай қарады.— Бару керек. Ауыл адымдап басып алға кетті. Республикадағы ауыл мектептерінің көпшілігінде қазір электр шұғыласы ойнайды. Ең ақыры просекция фонарын ал. Бұрын керосин шамының көмескі жарығын пайдаланушы еді. Қазір ше? Қазір фонарьды ток ұясына жалғастырса болды. Бұл үгіт емес, ақиқат. Ит жеккен Тундраны да, жасыл орманды Колхиданы да, қар басқан Кавказ таулары мен тулаған толқынды Байкал көлін де оқушылар класта отырып-ақ көреді енді. Қысқа метражды фильмдер ше? Біз қазір бірнешеуін ауыл мектептеріне жіберіп те үлгірдік. Мұны сезінгенің, ауылға баруды ойлағаның дұрыс. Ал ауыл мәдениетінің келешегін айтсайшы! Кей жерлерде институт ашуды да ойлап отырмыз. Енді ауыл мәдениетін қала мәдениетінің дәрежесіне жеткізу кезексіз алда тұрған мәселелердің бірі.

Министр орынбасары сөйлей берді.

Қолайы түскен бір шақта ғана Инеш ауыл туралы ақыл сұрайын деп келмесінін аңғартты.

Министр орынбасары Инешке қарап отырып қалды. «Енді неге келіп едің?»— деп отырғандай.

— Мен сізге... осы қала мектептерінің бірінен орын табылмас па екен деп келіп едім...

— Қазір бәрі де орналасып қалды ғой. Комплектованиенің май айынан бастап жүретінін білмейтін бе едің? Оның үстіне ауылға барудан неге бас тартасың?

Инеш үндемей ойлана отырып қалды.

— Сіз қанша мақтасаңыз да ауыл қала емес, ауыл ғой, осыншама етексіз оқып, как-то, ауылға барудың өзі...— деп кенет тоқтады.

Министр орынбасары түрселді де, тынышсызданыңқырап жүріп кетті. Басын шайқады.

— Не мақсатпен оқыдың онда?

Инеш түсінбей қалған адамша кайыра сұрады.

— Не мақсатпен оқыдың? Жұрттың бәрі оқып жатқанда менің оқымай қалуым топастық болар еді.

— Оның рас,— деп қостады министр орынбасары,— бұл күнде топас адам ғана оқымайды. Бірақ оқу мақсаты

оқығандардан қалыспаумен ғана бітсе, бұл тек қарақан бастың қамын ойлау ғана... топастық деген сөздің өзі осы күні қоғам өміріне келтірер пайда тұрғысынан ғана анықталуға тиісті. Егер қоғамға пайда келтірмесе оқыған адамның да оңай-ақ топас болып шыға келуіне болады.

Инешке бұл сөз батыңқырап кетті. Ол қызарактай сөйледі.

— Қарақан бас болмаса, ешбір мақсаттың да жүзеге аспайтыны белгілі ғой...

— Мақсаттың қарақан бастан да артығы болады. Өмірдің өзі мақсат емес пе? Сол өмір — мақсатты қарақан басқа әкеп тіресең, бұдан мазмұн тұмайды, эгоизм ғана туады. Алдында ұлы істер, ғажап перспективаға бар тұрғанда, өзіңе жақ бола алмаймын.

Министр орынбасары Инешпен салқын ғана қоштасты. Инеш сыртқа шықты. Не істерін, қайда барарын білмей біраз тұрды. Енді бірде сол Ленин проспектімен төмен түсті. Комсомол көшесіне жетіп, хөдденең келген трамвайдың өтіп кетуін күтті. Өткен қыста Мәулен екеуі келе жатып дәл осы арада өтер трамвайды осылай күтіп біраз тұрғандарын есіне алды. Олар онда біріне-бірі жылы жүзін беріп, әлденені айтысып, күлісіп тұрып еді. Енді жүре бергенде Пушкин атындағы көпшілік кітапханасынан шығып келе жатқан Белгіұловпен жолығысқан-ды... Белгіұлов! Кенет ой толқынына Мәулен де, трамвай да, кітапхана да батып кетті... Инеш жан-жағына қарады. Бұрыштағы үш қабат әлемі үйдің терезелерін санап Белгіұлов квартирасын оңай тауып алды. Ойланбастан сол үйге беттеді. Ұзақ тұрып есік қақты. Бір сәткіс ешбір тіршілік дыбысы білінбегендей. «Мүмкін, ешкім де жоқ шығар» деген оймен төменгі ыңғайлана бергенде, ар жақтан дыбыс естілді. Кілт сылдырады. Есік серпінмен ашылды. Көзін ұйқы қанаттары са- балап, ашкызбай тұрған бір ашулы әйел бері шықты. Аздап Майқанға ұқсайды.

— Не керек еді?

— Маған... мен Майқан Белгіұловичке...

Әйел Инешті басынан аяғына дейін бір рет қарап шықты.

— Майқан Белгіұлышты іздесең Москваға бар,— деп қазақ қызының орысша әдетпен сөйлеп тұрғанына кекетсе жауап берді.

Инеш қысылып қалды.

— Қашан келсіді?— деп қалай сұрағанын да білмейді.

— Белгіұлыштың қашан келерін білмеймін, айналайын.

Келетін шығар, әйтсеуір, бір уақытта.

Бұл әйелдің кімге ашуланып тұрғанын Инеш аңғара алмады. Жауабына қанағаттанбады да. Майқаяға ұқсаған әйелге мүләйім қарап, сәл тұрып қалды. Ол «енді не айтарың бар?» дегендей көзін сығырайтты.

— «Келсе, бер»,— деп маған қағаз, хат бірдене қалдырып кеткен жоқ па?— деп сұрады Инеш.

— Сізді кім деп білеміз?

Инеш қызарып, қысылып кетті. Жауап бермеді. Басқышпен төмен түсті. Белгіұловтың хабарласпай кеткеніне қайран болды. «Кетіп бара жатырмын» дегенді айтып, телефон соға салса, қайтетін еді?— деп ойлады... Белгіұловтың бұл қылығы Инеш көңілінде кенет бір күдік туғызды. Майқан мұны алдап, мазақ еткен сияқтанды. Инеш қорланып кетті. Биік басын, намысқор жүрегін аяқ асты, жер еткеніне қорланды. «Сол үйге неге бардым мен?»— деп өкінді. Жас қыздың бұрын мұқалмаған ерке жанын асқақ намыстың жалыны келіп шарпыды. Инеш жасқа булықты.

— Не бітірдің, қалатын болдың ба!— деп сұрады есік алдында қарсы алған Мәдине.

Инеш жауап бермеді. Мұны жақсылыққа жорымаған ана байғұс қара түнді төндіре берді.

— Көзімнен қалай таса етермін сені? Ауылға барып не күн көресің, шыбыным? Кірінді кім жуар! Тамағыңды кім пісірер? Төсегіңді кім қағады. Кімге еркелерсің? Жүдейсің-ау, құлыным!

Мәйнасының бұл сөзіне Инеш бой ұсынып қалды. Рас, танымайтын жат жерде Инешке пана болар кім бар? Қыз еркелігін кім көтерер?

Инеш үнсіз отыр. Көп отырды. Содан кейін сәлт етіп оянып кеткендей ұшып тұрды.

— Мәйне, мен енді ешкімге де бармаймын. Адамшылығымды түсіріп, біреуге жалына алмаймын, кішірейе алмаймын,— деп ширақ жауап берді.

Осы күннен бастап бұл үйдегі басты шаруашылық Инештің жол қамы болды. Мәдине күрсіне жүріп, басының шақпасы ұстай жүріп, Инештің төсек-орнын, киім-кешіктерін, қағаздарын буыстырды. Әрбір нәрсенің келешекте Инешке түсер зор ауыртпалығы бар деп түсінген Инеш шешесі: «Бұл түйіншектерді қалай көтересің? Көмектесер біреулер табылар ма екен?» деумен жүрді.

Инеш поссға шығатын күні бұл үйге ешкім де келмеді. Кететін сағатын айтпаса да, бұрынғы дос-жолдастардың келуін ол ұнатып та еді. Енді солармен кездеспейтіндей түрі бар. Осы бір толқу үстінде ол есіне Мәуленді алды.

«Мен үшін болмаса да, Сабыр үшін, Мәйіам мен папамның көңілі үшін келіп кетуіне болатын еді ғой»— деп ойлап телефонға келді. Мәулен жатқан жатақхана телефонының номерін де ұмыта бастаған екен. Сол есіне түсіріп тұрды да, сол номерді шапшаң жиыстыра бастады. Содан соң тағы тоқтады, әлдебір ойлар түсіп, өзін намысқа билеткендей трубканы салып қойды. Айналып кетті. Қайта оралды. Трубканы қайта көтеріп әлгі номерлерді тағы жиыстырды. Телефонға келген әлдекімнен Мәулен жататын бөлмеден біреуді шақыруды өтінді. Кешікпей бір студент даусы естілді.

— Маған Мұздарапов керек еді.

Студент даусы Мұздараповтың университеттен кетіп қалғанына екі ай болғанын, «Оңтүстік Қазақстанның бір мектебінде мұғалім болып орналасыпты» дегенді естігендерін тәптіштей айтты.

Инеш «Мәулен қайда?» деп сұрағысы келді де, аз ойла-нып, трубканы салып қойды. Содан соң жол киімін киді. Бір сәтке өз бөлмесіне кірді. Терезені ашты. Көз аясында көк аспан, желсіз күнде баяу жылжыған сирек ұшпа бұлттар. Қарлы таулар да сол бұлтқа ұқсайды. Анықтап байқамағанға көкжиек сонау көгерген тартқан төбелермен шектеледі. Тау етектен бөлініп қалып, жаңағы бұлттарша қалғып тұрғандай әсем көрініс жасайды. Терезе алдында енді-енді түйін салып келе жатқан алма ағаштары. Жерге сарымсақ сабағымен жарыса өскен көкалсын. Ортада алма ағаштарынан озып, бұтақтарын шашырата жайып бір биік қарағаш тұр. Қалың көлсеңке төгіп тұрар сол ағаштың түбінде Инештің кішкене беседкасы бар. Ол осы арада отырып талай кітаптарды оқыған. Талай емітихандарға дайындалған. Талай рет осы қара ағаштың бұтағына қонып алып, сайраған бұлбұл үшін тыңдаған. Мәулен екеуі отырып тыңдаған.

Осыдан басқа не істеді ол? Осыдан басқа не көрді Инеш? Осы ғасырдың бас кезінде салынған осы бір үйден басқа, осы бір әдемі бақша мен алма ағаштарының гүлдегенінсін басқа, тамылжыған бұлбұл үні мен тыныштықтан басқа не көрді ол? Сол алмаша гүлдеді. Сол бұлбұлдың шат үніндей қуанышпен күлді Инеш. Бірақ гүлденген алма ағашының нәрді жерден аларын, адам өміріне пайдалы алма берерін білемпті. Жоқ, біліпті. Бірақ көңіл салмапты. Ол өзінің де отан топырағынсыз, отан ауасынсыз өсе алмайтынын білемпті. Жоқ, біліпті, бірақ мән бермепті. Оның ана алма ағашынша гүлдей беруі үшін екінші біреудің еңбек етіп жатқанын да сезбепті. Ол көктемде киер көйлектің бояуы мен өрнегі туралы екінші біреу өз ойын жұмсап, қол ізін

қалдырғанын да, ол оқыған кітаптар жылдап қана туатынын да аңғармапты.

Инешті қызықтырған түр болыпты. Ол ешбір оқиға, құбылыстың мазмұнына зер сала қарамапты.

Инеш өзі үшін тіршілік еткен, өзі үшін оқыған, өзі үшін күлген, өзі үшін ән салған, өзін түгелімен өзіне ғана берген. Ол, тіпті өзгенің де Инешке берілуін тідепті. Гүлшаттың да, Мауленнің де Инеш үшін ойлап, Инеш үшін қызмет етуін талап етіпті.

...Кенет алма ағашының арасынан бір екеудің басы кылтырды. Инеш елендеп қалды. Неткен адамдар болды екен? Қолында рейкасы бар әйел кішкене көгалды алаңға шықты. Бақшаның сонау түкпірінде ұзын сирақты кішкене нивелир аппаратына үңіліп тұрған екінші біреудің қол сермесіне үндестіре рейкасын онды-солды, ілгері-кейінді қозғай бастады. Бұлардың жер бағдарын байқап жүрген құрылысшы инженерлер екенін бірден таныды Инеш. «Неге бағдарлайды? Құрылысқа лайықтап жүр ме екен әлде?»— деп күдік алып қалды. Қара мұртты шофер дәл осы жаққа келді. Поезға шығатын уақыт жақындап қалғанын айтып асықтыра келді. Өзі көңілді. Сонысын ұнатпаған Мадине көзінен жас мөлдірете жүріп жиіркене қарады оған.

— Тыйыл. Өлімге шығарып салардай болып жүргенің не?.. Әлі өзің де барып жатып қайтпайсың ба?— деп еркінсі сөйледі.

Мадине үндемеді.

Инеш шешесінің жанына бекіне келді.

— Неге жылайсың?— деді қатыгезденіп. — Өзің тоқыған көйлектің осал жерін көріп жылаймысың? Жылама. Адам әлсіз болса да шүберек емес. Соңғы екі айда қызың өз басынан қанша ауырлықты кешіргенін білмейсің сен. Бірақ жыртылған жоқ. Қайта ширап келеді. Өмір мына біздің бақша емес екенін де түсіне бастады қызың.

Мадине бұл сөздерді естімеді. Өзінің ыстық демімен Инештің мойнынан күйдіре құшақтап жылай берді. Осы шақта Инеш шешесінің аурулығын есіне алды, жібімей қалмады. Енді қайтып өзі туып-өскен осы ұяны, алпештеп өсірген шешесін де көрмейтін сияқтанды. Инеш ана бауырынан сытылып шығып, терезе алдына тағы барды. Бақша баяғы қалпы. Онда енді адам да, нивелир аппараты да, ештеңе де көрінбейді. Бұлар сыртқа шықты. Мадине осы есік алдында қалатын болды. Кішкене көк машина ақырғы рет дыбыс берді де асфальтпен төмен қарай сырғанап жөнелді...

...Вокзал басында жолаушылар тым көп-ақ екен. Инеш бір түйіншекті өз қолына ұстап, солармен иық қағыстырып, қияғы едірейе өскен қара мұртты шофердің алдында, осы арадан аттанып кеткенше бірде-бір таныс адамның көзін көрмеуін қатты тілеп, жұрттың қалындау жерін ала жүріп келеді.

Ендігі сәтте олар вагон осы тұста болар-ау деп шамалаған жерге тоқтады.

Кенет оның білегінен келіп біреу ұстай алды. Инеш сескеніңкіреп қалып, жадау тартқан қуқыл өңіндегі таңырқаулық пен шошну көлеңкесін жасырмай-ақ сол жаққа бұрылып еді, өз қасында қуанышты күлкінің адам көзіне көрінген рухындай болып, қатта, адам пердесін жамылған қуаныштың өзі ескілденіп езу тартып Гүлшат түр екен. Баяғы бір ізгі, кең мінезді қалпы.

— Хабарламадың ғой. Хабарламасаң да, жүрерінді естіп, шығарып салайын деп келдім.

Кескіні өзгеріссіз, әлгібір таңырқау мен шошнуды мол байқатып тұрса да, Инештің ішкі дүниесінде сел жүріп кетті. Өткен жазда практикаға барып, ауырып қалғаны оның көз алдына келді. Гүлшатқа деген сондағы бір сезімі енді жүрегін күйдіріп қайта оянды, күшейе ояиды.

Көңілді басқан сел Инеш кескінінің таңырқауын азайтып, кірбенін молайта берді де, көз шарасын ыстық жасқа тұншықтыра толтырып акетті. Нені болсын ұлғайта сезінетін нәзік жанды Инеш сол бір от болып лаулаған қалпында Гүлшатты құшақтай алды.

— Инеш! Инеш-ау... ау, Инеш... ау, Мұның не? Неге жылайсың? Қаладан кетіп бара жатқаныңа ма? Жарамайды ол, айна...лайын. Жарамайды.

— Келер күнім үшін емес, Гүлім. Түсінесің ғой сен, Гүлім, мені. Мен ғой сені түсінбеген... Мен енді түсінгендеймін өмірді. Досты да, жанашырды да, коллективті де — бәрін де, Гүлім! Жаным, Гүлім! Кешірс гөр. Осы шақта мүмкін мен... сондағы сенен де қаттырақ ренжіп, өзімді өзім сөгіп тұрған болармын. Мүмкін... Гүлім...

— Неге бұлай таусылып тұрсың? Мен саған тіптен ренжіген емеспін. Сен ренжісең өзің білесің. Ал мен... жоқ, ренжісем келсем бе? Шығарып салам ба сені осында келіп?

— Гүлім... жоқ сен емес, мен скенмін ұсақ қызғаныштың адамы. Шынымды айтайыншы, мен сенің қалада қалғаныңды да көрс алмап едім. Ал кәзір ойласам... сенің қалада қалуың заңды екен. Ал менің... практика дегеннің не скенін білмейтін мыңа менің... ауылға барғаным дұрыс... Иә, кешірс гөр... Ақылдан жырақ, ашумен ойлаусыз

айтылған дәрменсіз сөз ғой ол. Мен оны былай шыға бере-ақ түсінгенмін. Әуелі ренжісем де, конференцияда менің адресіме айтқан сыныңды да осы күні түсіне бастағанымын.

Осы сәтте поезд да келіп тоқтады. Жұрт вагонға жапырласты. Инеші түйіншегі Гүлшат өз қолына ұстап, оны қолтықтап вагонға қарай жүрді.

— Мен сені шын, шын сүйгенмін, Гүлім.

— Оныда рақмет. Мен де сені жақсы достарымның бірі деп сауашы едім. Қателік пен кемшілік адам бойындағы кесел ғой. Ондай кесел мен сүйіспеншілік қойындаса алмайды, Инеш.

Инеш қабағына ой жинап, үнсіз тындады. Гүлшат ілгері сөйлей берді.

— Айтайын дегенім бұл емес еді,— деді ол Инешке тура қарап.— Мен менікі дұрыс, сенікі қисық дегелі келгенім жоқ. Теріс-дұрыстықты келер өмірдің өзі шешеді. Сен, міне, елге бара жатырсың. Мен сенің осыныңды қызғаныш етіп тұрмын. Өзің айтқан ұсақ қызғаншақ емес, дос қызғанышы. Біз өмірді аз білеміз. Аз білген өмір жайлы түсінігіміз де көбіне теріс бола береді. Бұл сөздің шындығын ауыл өмірі дәлдеп береді саған әлі.

Бұрын жүрмеген жаңа жолға түстің сен. Лев Толстойдың Пьер Безуховтың аузына: «Өзіміз жүріп үйренген жолдан тайып кетсек, бәрі де құрыды деп ойлаймыз. Ал жаңа да, жақсы да сол тайып кеткен жерден басталады» деген сөздерді салатыны есінде бар ма?

«Жаугершілік пен бейбітшілік» романын талай рет оқыса да, жадыңда қалмаған бұл сөздер енді Инешке келешек күннің бақытын алып бергендей болды.

Жүрерін хабарлап паровоз да айғайлады. Инеш пен Гүлшат сағынысып, жаңа көріскен адамдардай құшақтасып сүйісті.

— Келешек өмірін әрі бақытты... мағыналы болсын, Инеш!

— Рақмет, Гүлшат. Гүлшат... Менің шешем жалғыз қалып баралы. Сен... Гүлшат... айналайын, Гүлшат... барып, халін біліп тұрсаң... Сырқат адам ғой..

— Міндетті түрде. Ал сау бол. Тоқтаған жеріңнен хабар күтемін.

— Гүлім! Күнде-күнде хат жазып тұрармын. Гүлім, мен саған. Күнде...— деп дауыстады вагон басқышына жеңіл ырғып шыққан Инеш.

Поезд жылжып кетті. Инеш терезе алдына барды. Кенет көз алдына бақша ішіндегі нивелир аппаратын инженерлер келді. Жылап қалған ауру-сырқаулы шешесін елестетті.

Маулен есіне түсіп еді, ілгері бір өрге жүгіре басып шығып бара жатқандай болып кетті ол Инешке. Ендігі сәтте солардың бәрін басып, Гүлшаттың әлгі бір сөзі жаңғыра, күшейе естілді. «Өзіміз жүрген жолдан тайсақ, бәрі де құрыды деп ойлаймыз. Ал жаңа да, жақсы да сол жерден... Рас-ау» — деп ойлады ол.

Поезд жүрісі бірте-бірте шапшаңдай берді. Электр бағаналары, қала шетіндегі көк жапыраққа бөленген кішкене ақ үйлер, элеватор дөңгелегіне зыркылдап, үйіріліп қалып барады. Алыстаған сайын Алатау шоқтығы көтеріліп, биіктеп сала берді.

Инеш туып-өскен сүйікті қаласымен қош айтысып, қызығы мен қиындығы да, қуанышы мен реніші де мол болып елестеген сыры өзіне тұңғық неғайбыл болашаққа жол тартты...

ФРАГМЕНТ

Инеш ұйқыдан оянып, Көз алдын желпейлі ақ шымылдық көлегейлей берді. Төбе тіпті төмен тұр. Шағын терезе алдындағы шалшық суға шағылысқан күн сәулесі үй қабырғасына түсіп машақатты бір өрнектер салады да құлпыра, құбыла ойнайды. Көлсеңкесі молдау үй іші құлаққа ұрған танадай жым-жырт, тірі пенде жоқ. Сыртта салдырап арба өтті. Абалап ит үрді. Әлдекіміні «өк, а, былай! Алаөкпе болғыр, қайтсіді?!» — деген айқайы естілді. Инеш тілі де, сыры да жат жұмбақ бір дүниеге тап болғандай. Әдепкіде қайда жатқанын да білмей қалып еді, кенет кешегі күн ойына оралды.

Ол аудан орталығынан осы жерге ара қонып зорға жетті. Көрмесінді көрді-ау! Бұл сапарда сырқат анасы мен сүйікті қаласынан, жанашыр жақындары мен дос-жараларынан айырылып, ұлы құрбандықпен келе жатқан көңілі жадау Инешті мүсіркеген бір адам болсайшы! Облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі бұған көз қиығын да салмады. Көмекшісін шақырып алды да бұйрық жаздырды. Содан кейін бір тілім қағазды ұстата берді. Қолын ұсынды. Бары сол. Ал аудандық оқу бөлімінде мұның жай-күйін ешкім де сұрамады. «Хош келдіңіз, күтіп отыр едік» — деп жай бір сыпайылық көрсетті де, осы Тауағаш мектебінен келген түйешілермен кездестірді. Тіпті Қызық, тумысында естімеген ерлік жасап астанадан екі мың шақырым шалғайда із-түзсіз жатқан мына бір жерге сау-сәлемет жетуді осылар қайтіп оңай шаруа көреді екен! Түсінбейді. Оның үстіне мына бір келте мұрын кеспелтек келген түйеші жігіт те пәс болды.

Арбасын сындырып жолда қалдырған скен, «атанға мінесің бе, бұрасына мінесің бе?»— деп таңыраң-таңыраң етеді. Инештің жүрегі қобалжып кетті. Өмірінде түйс түгіл, ссектің үстіне отырып көрмеген жазған басы қиналып қалды. Қарап тұрған келте мұрын жоқ. Қомы қалыңдау кара шудалы түйенің үстіне Инеш жүгін ырғытып шығарды да, таңып тастады.

Содан кейін қызға жақындап келді:

— Сен мына атанға мін. Өркешті түйс. Жығылып калмас үшін ұстап отырарсың,— деді де күлді.— Кел аяғыңнан көтерейін, ырғып кет.— Инеш «рас па?» дегендей сұрана қарап еді, жүзінде әзәзіл әжуа бар сияқты көрінді. Қыз тартыныңқырай берді.

— Жоқ бүйтіп мен шыға алмаймын.

Келте мұрын қабағына кірбең ілді де:

— Онда подъемный краным жоқ, сені көтеріп шығаратын,— деп теріс айналды.

Инеш дағдарып қалды. Келте мұрын бері бұрылды.

— Осылай тұрамыз ба, енді?

Қоятын смес, үйіріп әксітіп барады. Инеш ыңғай білдіргендей болды да түйеге жақындады. Келте мұрынның танауы делдіңкіреп кетті. Жанары күлімдеп, көзінің алдында пайда болған кішкене шоғыр нүктеден бет ұшына қарай болмашы сызықтар тарай қойыпты. Қысық көзінде тұрған алгі бір әзәзіл әжуаның шашырай қалған сәулесі тақлетті.

— Сіз мені тәлкеск еткіңіз келеді-ау, тепі?— деп Инеш қатқылдау сөйледі.

— Әнс, қаладан келгендер сөйтіп шытынап тұрады.— Абыржыған келте мұрын жоқ. Бүктесп алған бишігімен түйснің тізесінен қаға бастады:

— Шөк, жануар!

Атан мойнын бері бұрды да, ұнатпағанын танытып бақырып қалды. Инеш селк етті.

— Байқа, қауып алмасын,— деп жігіт күле сөйледі.— Қалай, сендердің жақтарында түйс деген жануар қаппаушы ма еді?

«Мынау бір нисалмастың өзі болар, қайдан кездесіп едім?»— деп ойлады Инеш.

Келте мұрын түйснi шөктірді де қызға қарады:

— Ойбай-ау, сен сияқты тікбақай қыздардың түйсеге мінгені не сұмдық. Райисполкомда бір газик болушы еді, соны неге сұрап мінбедің?

— Қалай-қалай сөйлейсіз?

— Теріс сөйлеп тұрмын ба? Онда ғафу етіңіз. Келіңіз, түйеге шығыңыз.— Тек «сізге» ғана ауысқаны болмаса, жүзінде жаңағы бір қуақы күлкі.

Инеш екі өркештің арасындағы желқомға отырды. Атан көтеріле берді. Қыз ілгері лықсып барып, алдыңғы өркештен ұстап қалды. Екінші қолымен бетін басты. Басы айналып кетті.

— Түйеге шықты деген осы,— деді жігіт.— Ал кеттік...

Олар қыстақтан ұзап шықты. Бір ағаштың қылтасынан өтті. Бұл өлкенің табиғаты да қызық. Жер дүниеге от тілін қадап күйдіріп, құратып жіберген августің іші болса да, аптап, аңызқтың белгісі жоқ. Күн биіктен оқшыраймайды. Қоңыржай, жұмсақ қарайтындай. Таяқ тастам жерде көк құрағы жайқалған іпалқар көл кездеседі. Қаз-үйрек қаңқылдап у-шұ болып жатқан базарлы көлдер. Таяқ тастам жерде шок ағаштар бар. Көкжиекпен астасар жерде сағым көтеріп, мұнар ішінде қалқып тұрады. Дала бояуынан арылмаған. Өткен жылғы Бадам бойындағыдай изен мен жусанның ашы иісі де сезілмейді. Теріскей беттен тынымсыз өкпес жел соғады. Бірақ оңтүстіктейді жер шаңын суырмайды. Айнала ақшыл көк шашақты қалың селеу. Бірде күміс жонын төсссе, бірде көкшіл сауырын көрсетіп, аударылып түседі. Сәт сайын құбылады. Күлте басы шайқақтап тербелсіді. Ал жол болса қап-қара. Қалың селеуді таспадай тіліп, мұнарлы алға қарай ирелсідеп кете береді. Осы жол ернеуінен басталар бұйра толқын кең қайқанды қуалап қыр асып барып жоғалып жатыр.

Сары атан аяғын санап басып изендеп келеді. Шарта жүгінген кісі бойындай болып сдірейіп тұрған екі өркеште тыным жоқ. Арасында дәрменсіз жан сауғалап отырған Инешті кеудесі мен желқосінен кезек қағып мазалап-ақ болды. Атан қомының ыстығынан терлеп кеткен тақымын бар күшімен қысып, екі өркештің тең аралығына сәл бір қадала отырса, қыз басына тағы бір қызық сөзім оралады: тіпті жүріп келе жатқан сияқты емес, бір орында тұрып алып, ілгері-сөйінді өткеншек теуіп жатқандай болады ол.

Инеш басында қиян-қилы ойлар бар. Кейде осы бір бұрын көрмеген бейтаныс өлкенің суретін қызықтайды. Бар арман-тілсіз алда, ана көкжиектің ар жағындағы сырлы дүниеде тұрғандай, асыға түседі. Кейде соның бәрі артта, Алматыда қалып қойған сияқтанады. Сары атан еріксіз изендеп мұның күр сүлдерін ғана әкеле жатқандай болады.

Күн снқсеге айналды. Өзімен-өзі болып келе жатқан қызбен келте мұрын талай рет қатарласқан болатын. Бірақ

Инеш оған жауап бермеген. Бір кезде астындағы бурасын ақырта қамшылап тағы да жақындады ол:

— Бұрын мен сияқты адам кездестіріп пе едің?

Сұғанақтығын, дөрекілігін ұнатпайқырамай келе жатқан Инеш жауапты салқын да келте қайырды.

— Жоқ.

— Ә, жақсы болды онда. Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық дегендей, жүзінді алғаш көрген мен болдым. Кім біледі, кейін ыстық болып та кетермін. Танысып қояйық. Мен — Тайлақ.— Ол қолын ұсынды.

Жігіт көзінің алдынан манағы бір шашыранды тарам сызықтар шоғырын Инеш тағы да көрді.

— Е, мені өз аулыңызға түсе келе жатқан келін деп ойлаған екенсіз ғой.

— Ойлағамасам да қайда барармын дейсің. Біздің ауылға кірер із бар да, шығар із болмайды.— Ол шықалықтай күлді.

«Ауны таласып жеңбессің»— деп ойлады да, Инеш үндемей қалды.

— Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл»— деген.— Тайлақпын. Сіз ше?

Инеш еріксіз күлді.

— Түйе болсаңыз да еркіңіз. Оны не қыл дейсіз?

Келте мұрын жанытып, жайрандап кетті.

— А, саған қайсысы пайдалы? Тайлағы ма? Түйесі ме?

Инеш сөзді тереңдетпейтін деді. Жүзім есірмеді.

«Желімдей жабысқақ екен, ажырата алмай жүрермін»— деп ойлады.

Олар ұзақ жүрді. Күн батты. Кең сахара ойға шомып тас-түйін ымырт үйірілді. Салқын түсе бастады. Тайлақ жолдан бұрыла жүрді де бір маяның қасына келіп түйелерді шөктіріп.

— Ауыл әлі алыс. Осы араға түнейміз,— деді ол. Жолдасына ұнай ма, жоқ па бұл шешім қаперіне енер емес. Көсіп, пішіп, өзі тігіп жатқан біреу, әйтеуір. Ие, сұрағанда не деп жауап бермек? Бұл жұмбақ өлкенің несін біліп, не жөн айтпақ? Әйтсеуір бір көңіл де.

Инеш тоңып кетті. Денесі сал-сал ауырып қалған. Екі аяғының арасында зілдей тартып қомақты бір дүние тұрғандай. Қозғалтпайды. Ол қатты шаршағанын сезінді. Маяның етегінен кішкене қуыс жасап соған қисайды.

Бір заманда шөп сылдырлады.

— Тоңған жоқсың ба?— деген Тайлақтың даусы естілді.

«Күліп тұрған-ақ болар»— деп ойлады Инеш. Сөккенейін деді. Ар жағында арамзалағы бар қорқынышты күлкі сияқты. Не де болса жақындатқысы келмеді.

- Жоқ.
- Мә, менің шекпенімді жамыл.
- Жоқ, рақмет,— тоңса да солай деді.

Тыныштық басты. Инеш көзін жұмып еді, ерсең-қарса тербеліп кетті. Көз алдына беймаза бір елестер келіп тұр қалды. Ақселеудің басын шайқап толқын жүгірді. Алыст көк мунара батып орман қалқыды. Делдіңкіреген таңқи танаулар көрінді де үңгірге айналды. Сол үңгір үлкейіп барып қарауыта берді де үзіліп кетті...

Инеш шошып ояңды. Терлеп қалыпты. Өз макинтошынның сыртында айқарылып шекпен жатыр. Оның сыртынан бір қабат қалың шөп үйілген.

Бұл келте мұрынның ісі екенін қыз бірден түсінді де, түйелерді тұрғызып жатқан Тайлаққа үлкен ризалықпен күле қарады.

Меңіреу түнде панасызға кездескен жыртқыш па деп ет жүрегі түршігіңкіреп қалып еді, жоқ, керегінде қамқоршы бола алатын азамат екен. Бірақ осыған жақсы атты көріліп қалайын деп қыз тамырын басып, әккілік жасаған Тайлақ болмаса керек. Инеш қошеметіне мән де бермеді.

— Ұйқы қанды ма, Инеш?— деді ол.

— Қанды,— деп Инеш жұмсақ жауап берді де, «бұл менің атымды қайдан біліп қалды екен?» деп ойлады. Тайлақтың жүзінде таныс азеіл күлкі жүгірді.

— Осы білгенмін. Қорылдаған түрің жаман болатын. Танауыңнан шөп ұшып жатты. Көрмейсің бе, үйіліп қалғанын.

Инеш балаша бар көңілімен күлді.

— Қойыңызшы.

— Рас. Ал онда жүрейік. Күн болса көтеріліп қалды. Инеш снді өзін еркінрек ұстады.

— Сіз менің атымды қайдан білдіңіз?—деп сұрады ол жолда Тайлақтан.

— Білдім. Түсімс снді.

— Жоқ, шыныңызды айтыңызшы.

— Шыным осы.

Инеш қанша жалынса да Тайлақ айтпай қойды. Қыз снді күн ұзақ осы бір жұмбақты ойлаумен болды. Қайтсе де бұл күн көңілділеу өтті. Жүргіншілер ауылға күн бата келді.

Тайлақ әкс-шешесінің, кішкене қарындасының барын айтты.

— Біздікіне жүр,— деді.

Бірақ Инеш әйелі жоқ жігіттің үйіне баруды жөн санамады. «Қаладан барып әйел алып қайттым»— деп жұртқа

жаймасына кім кепіл? Олар мектептің алдына тоқтаған еді. Өстіп дағдарысып тұрғанда ауладан бір әйел шықты, басында көк жаулық. Оның үстінде сондай көкке малып қатырып қойған кіршіксіз таза, шаршы. Алматы төңірегіндегі әйелдер басына орап алатын құлжа мүйіз жамылтқы-салде Инешке мүлде ұнамайтын еді. Ал мына бас киімінің тазалығы ғана емес, мүлде жөні де, сәні де басқа. Көнетөз қамзолы мен кең стек шыт көйлегі де толық денесіне ұнасымды-ақ. Өңі де өзгеше. Бір кездегі түп-түзу, дөп-дөңгелек қызыл шыррайлы ақшыл өңін енді әжім басса да әдемі екен. Инеш іштсі жылып, ұнатып қалды.

— Әсем әже, періште қонақ келді. Түсіруге қалайсың?— деп сұрады Тайлак.

— Қонақтан безген жерімізді сезіп пе едің, балам, о не дегенің?— деді Әсем аталған әйел жақындай беріп.— Е, шырағым, денің сау ма? Аман-сау жеттің бе? Өзің бүлдіршіндей бір бала екенсің. Ұлын ұрымға, қызын қырымға жіберіп жатқан заман-ай. Менің жалғыз шыбыным да өстіп бір жерде жүр-ау! Қырықтың бірі қыдыр деген, жүре ғой үйге,— деп Әсем әже жол бастады.

Екі бөлмелі шағын ғана ағаш үй. Терезелерінің кішкентайлығы болмаса, шашау шыққан бір нәрсе жоқ. Бәрі де жинақы. Тап-таза. Төргі бөлмеде ақ шымылдық ұстаған никельді кіруест. Қарсы қабырғада жалтырама сандық. Үстінде жібек көрпелер жиналған. Төргі терезе маңдайында көп суреттер. Әсем әже соның ішінен әскери киім киген бір жіпті көрсетті де:

— Мынау менің Бақытым. Әскерде. Ой, құлыншағымның отырғанын көрмейсің бе мантип,— деп қойды.

Әсем әже бәйек бола берді. Шай қойды. «Құлыншағым келіп қалса деп сақтап жүргенім еді»,— деп бір сұр шұжықты қазанға салды. Төрге қалың стіп көрпе төседі. Дөңгелек стол жазды. Ақ бауырсақты қантпен араластыра төкті. Сары майды табаққа салып қойды. Бабымен, дәмімен дайындалған тағамдар.

— Жолда қайбір жағдайың болды дейсің, іш, же, қысылма, жаным,— деді Әсем әже.

Үйден шыққалы Инеш өстіген жылы сөзі осы еді. Көңілі босады. Қымс етсе асты-үстінен түсіп бәйек болатын Мәйнасын ойлады. Ал мына Әсем әже болса құтты сол Мәйнасы сияқты. Бірде тіпті балаша мойнына асыла кетіп бөтінен сүйіп те алғысы келді. Бірақ ұят санады. Өзін-өзі зорға ұстап қалды.

Ас ішілді. Әсем әже сұқ қолындағы күміс сақинаны шылдыратып сықырлата аяқ-табақ жуды. Содан кейін:

— Түйе жануардың жүрісі қатты болатын. Шаршатқан шығар ізендеп. Дем ал,— деп кіреуетке төсек салды. Ақ мамық құс төсекті көпіртіп, кіршіксіз таза ақ сейсепті жайып жатып,—Бұл Бақытжаныма арнап жиган төсек-орным ғой. Құт болар ма екен, осында жат,— деп күліп те қойды...

Әсем әженің Бақытына арнаған төсекке Инеш, міне, өстіп түнеп шыққан еді. Жақсы үйде жақсы ұйықтап, жақсы дем алып қалыпты. Көңілі де орнықты. Жалғыз-ақ жол соққан денесінің еті жыртылса керек. Аяқ-қолы бастырмайды. Инеш көзін ашып көп жатты.

Бір кезде ауыз үйге кірген Әсем әженің даусы шықты:

— Тойған қозыдай әп-әдемі екен өзі. Сонау Алматыдан мұғалім боламын деп келіпті.

— Алматы деген бір ит өлген жер шығар?— деді екінші бір әйел даусы.

— Жә, Әсия, шіңгірлемей жайырақ сөйле. Шаршап келді. Ұйықтасын,— деді Әсем әже.

— Қадуілгі қазақ па өзі?— деп Әсия дегені сыбырға көшті.

— Бетім-ау, мына бейшараға не болған? Қазақ болғанда қандай. Неше айтам бұл сорлыға.

— Онда осы бастан ыңғайлай бер. Құдай айдап әкелген шығар үйіңе.

Әсем әже үндемеді. Неге ыңғайлау керектігін Инеш те түсінбеді.

— Шаруаға қалай екен? Сиырынды саумас, бірақ қазір тұрған соң шай құйғызып байқап көр. Бақылайық,— деді Әсия тағы да.

Инеш жымиып, ақырын ғана күлді. Әсем әже әлде бірдемені іздеп жатса керек, «түскірі қайда қалды?» деп жүр.

— Бірақ осы күнтінің қыздары ит арқасы қияннан жалғыз келуші ме еді! «Кейін жететін бол!»— деп жолда қалдырып кеткен шығар біреуді.

Әсем әже ұнатпады.

— Қойшы әрі, қайдағы жоқты айтпай.

Әңгіме желісін Инеш енді аңғарайы деп. Кенет есіне Мәулен түсті.

Көктемнің бір тамаша кешінде Мәулен өксіуі хош иісі аңқып гүл атқан сирень ағашының астында беседкада отырды. Көп әңгімелесті. Сондай бір жарасты әңгімелер. Инештің жүрегі ұйып кетті. Басын Мәуленнің төсіне салды. Ол болса, мұның шәшінен сипап бір уақыт үнсіз отырды. Бір кезде кішкентай бір нәрсеге ұқсатып бетінсін қақты да маңдайынан иіскеді. Содан соң:

— Инешжан, сен ауылға орнық. Мен болсам, жылда кавикулда іздеп барып тұрамын,— деді. Махаббат құдіреті арбап алған Инештің мас көңілі жалғыз сәтте суып жүре берді. Басын көтеріп алды.

— Осы бір пасық ойдан әлі де арылған жоқсың ба?— деді де тұрып кетті. Мәулен оны: «Инешжан, тоқташы!»— деп бірнеше рет шақырды. Инеш болса қайырылмады. Неге қайырылмады екен сонда? Ай, ештеңенің ығы-жөнін білмейтін қылт етпе көңіл шіркін-ай. Дос қадірін бағаладың ба сен сонда. Міне, енді сол айтқаны есіне түсіп, Мәулен жетіп келсе!.. Шіркін, Инеште одан артық арман болмас еді. Мына дала онда мүлде басқаша болып көрінер еді. Бірақ ол келер ме енді! Ұмытып та үлгірген шығар. «Әлде хат жазсам ба екен? Жай ғана аман-сау келгенімді, бұл ауылдың жақсы қабылдағанын айтып жазсам?!»— Инеш шошып кеткендей болды. Бұл ниеттен тез айныды. Ол өзі иіліп келмегенде, қыз намысын аяққа басып, бұл қайтіп кішірейсе алмақ?

Ой желісін Әсияның даусы үзіп жіберді.

— Көтек-ай, мынасы немене еді?! Ана текенің мүйізіндей етіп біздітіп, қалай киіп жүреді? Аяғы неғып шығып кетпейді екен?

— Таңырқамайтынға таңырқайды екенсің. Ана Хәдишаның да киіп жүргені осындай емес пе,— деді Әсем әже.

— Оныкі де биік еді. Мынау тіпті ойсаң екен. Мына қара, өкшесі тіпті іп-істік. Бетім-ау, енді білдім ғой. Ана Қызылжарға барғанымда аяғын танып алып, балдақпен жүрген табаны күректей екі қатынды көрген едім. Зәуде аяғы тайып кетіп осындай төплөден құлап, сындырып алып отыр. Үкімет жарықтық та шығармайтынды шығарады-ау.

Инеш шыдай алмады, күліп жіберді. Кіреуетті сықырлатып тұра бастады.

— Ойбай, құтпаны келді ғой,— деп қалды Әсия.

Инеш киініп, алдыңғы бөлмеге шықты. Әсем әже жүн түтіп жатыр екен. Қасында қыли көз, істік мұрын, сопақ бет бір әйел отыр. Алдында кір-кір алжапқыш. Аяғына киген үлкен етік, тегі, күйеуінің етігі болса керек. Ұзын қонышына сүт шашырапты. Сағал-сағал.

«Үсті-басына қылшық жабыспайтын мына Әсем әжеден неге үлгі алмайды екен?»— деп ойлаған Инеш Әсияға:

— Сәлематсыз ба?— деді. Жіңішке даусымен қатқылдау айтты.

— Шшу...— деді Әсия,— аяғыңдағы «кірді» айтқан жок.— Аман-сау жүрсің бе?

— Неге жата тұрмадың, қарағым? Күн әлі ерте. Әлде, дабырлап сойлып біз отып жібердік пе?— деп Әсем әже қинала сөйлесі.

— Жоқ, ұйқым қанып қалыпты.

— Иіс, ұйқысы қанған шығар. Жап-жас басымен төсекте бырқырап жата беретін не болты?— деді қыли көз Әсия,— осы бастан үйренгені жөн. Жалғыз ілікті адамсың. Қолғанатың болады да. Кейде сүтінді пісіріп, бірде барып көлден су әкеле салса қайтушы еді жас адамға. «Істегені маған, үйренгені өзіңе жақсы» дегендей.

— Отыр, шырағым, шөйінді іш, бұл шешеннің сөзін шын көре берме. Өстіп бетімен сөйлей беретіні бар оның.

Инеш қысылыңқырап қалды.

— Жоқ, шаруаңыз болса, айтыңыз. Көмектессейін.

— Ештеңе де шаруа жоқ. Әй, қатын, бірдемсіні қоңырсытпай жәйіңа отыршы. Балағыңнан боғың ағып жүріп біреуге жөн үйреткің келеді секі. Көзіме көрінбе.— Әсем әже өктем сөйлесі. Әсия жым болды. Қыз іштей разы. Аумаған өз Мәйнасы. Кейде оның да Инештің папасына осылай айтып-айтып тастайтыны болушы еді.

...Инеш шай ішті де сыртқа шықты. Бір қызығы, айнала көз көрім жердің бәрінде көгеріп орман көрінді. Ал қыстақтың өз басы болса жалаңаш. Үш жақта үш үлкен айдын көл бар. Ауыл солардың дәл ортасындағы қыратқа салынған.

«Мектепке дем алып ертең барармын»— деп түйді Инеш. Көл басына барды. Арғы қыратқа шықты. Ақырын жүріп ағашқа беттесі.

Өткен күзде бір демалыс күні осылай бір тау аралағаны бар еді. Қасында Мәулесі болатын. Анау-мынауды айтысып ұзақ қыдырды. Бір кезде Инеш ойнап: «шаршадым»— деп еді, Мәулесі шын көріп, балаша көтеріп алып жүрген-ді мұны. «Жетті, қиналдым»— деп те айтпады. Машина өтетін көлденсең жолға дейін солай барған.

Инештің ойына сол кеп түсті. Құлығын асырғанына мәз болып күліп те қойды. Міне, осындай күз тағы да таянып келесі.

Бірақ бұл не қызық әкелері неғайбыл, басқа күз. Инеш онда қамсыз, алаңсыз еді. «Университетті қалай бітірмін?», «Ертеңгі күн қуаныш әкеле ме, реніш әкеле ме?» деп те ойламаған. Қызығы мол бейғам күз еді. Ал бүгін бар ауыртпалық Инеш басында тұрғандай. Мына бейтаныс ауылда әзірше Әсем әжесін басқа көңілге медеу санар бір таныс жан жоқ. Инеш жалғыздықты қатты сезінесі. Алматыдан шыққалы жолдасы да, серігі де осы жалғыздық қана. Қайда

барса да соңынан бір қалмай-ақ қойды. Ал бұрын ата-ананың бауырында, дос-жарлар қанатының астында бұла өскен Инеш болса, ең алдымен, осы бір сұмпайы жалғыздық дегеннен өлерсәй қорқады. Ол шошынып қалды. Қараса, ақселеуі толқыған кең далада жалғыз келеді екен. Күн төбеден асып шалғайға кеткен. Инеш кері оралды.

Үйге келсе, төргі бөлме мүлде өзгеріп кетіпті. Ортада биік стол. Кешегі жалтырауық сандық үстіндегі жүгімен алдыңғы үйге ауысқан. Шымылдық болса мүлде жоқ. Ал кірсует есік жақтағы шалақ қабырғаға көшіпті. Түсқа қағылған қызыл кілемнен жоғарырақ үлкен кенерде Бақыттың суреті ілуді тұр. Сырлы еден де тап-таза.

— Қарағым, мына бөлмені саған арнадым. Өзіңше мына Бақытжанымның кірсуетіне жата тұрасың, — деді Әсем әже.

— Әсем әже десе, әсем әже екенсіз ғой өзіңіз! — деп Инеш кемпірді құшақтай алды. Көзіне жас келіп қалды. — Менің де апам бар еді, әже, сіз сол менің Мейісманай айнымайды екенсіз, тіпті.

Әсем әже де Инешке бір ыңғай білдіріп құшақтай ұстады да арқасынан қаға берді.

— Е, бұ да өз үйің, жаным, жатсынба. Керетінді айтып жүр. Біз де ұл мен қыз асыраған адам едік. Қара жер көпсінген соң амал бар ма. Енді, мына Бақытжаным тірі болсын. Соның қызығын көрсем арман жоқ. Ал жаным, сен дем ала тұр. Мен қазанға ас салайын. Айтпақшы жолдан түскен кір-қоңың болса, былай қоярсың, жау салармын. — Әсем әже соны айтты да шығып кетті.

Инеш кірсуетке келіп жатты. Бақыттың суретіне көзі түсті. «Мұны неге бұл жерге ілді екен?» — деп ойлады. Бұл Бақыт қой. Әсем әженің бақыты ғой бұл. Сонсоң ілген шығар. Ал менің бақытым?..

Дәл қазір Инеш осы Әсем әжеден басқа бақытты ойламаған еді.

ДӨКЕЙ КЕЛЕ ЖАТЫР

ҮШ БӨЛІМДІ КОМЕДИЯ

КАТЫНАСАТЫНДАР:

К ө п с е й — совхоздың бөлімше бастығы
М а р и я м — әйелі
Ұ л қ у — қызы
К и л а у — әкімдікті аңсаған пысық жігіт
Ш и л а у — бөлімше осыпшісі. Кішкене бойлы жігіт
Б а з а р қ ү л — жесір әйел. Сондай зор денелі
Д ы қ қ ы ш — почташы
Д ө к с е й — институт бітірген жас жігіт

БІРІНШІ СУРЕТ

Ұ л қ у ә н і . «Біздің ауыл»

Көшеде ешкі-лағы шауып жүрсе,
Бір итті бір ит қуып, қауып жүрсе,
Ауылдың көркі қандай болар еді
Күлге аунап, ойып-күліп тауық жүрсе?

К а й ы р м а с ы :

Мақтауға тіл бармайды,
Даттауға тіл бармайды.
Біздің ауыл, біздің ауыл
Біздің ауыл осындай...

Ұлдары ұрлап ішіп ұлып жүрсе,
Қыздары қызыл ішіп күліп жүрсе,
Ауылда не берсе қалар еді
Үлкені соны көріп, бұғып жүрсе?

Қайырмасы :

Айналайын жарандар,
Сенбесендер қарандар.
Біздің ауыл, біздің ауыл,
Біздің ауыл осындай!

Шымалдық ашылған кезде сахнаға дедек қағып: «Қатын, қатын»,— деп айқайлап Көпей шығады да, сол күйі жүгіріп өтеді. Іле-шала Қилау шығады. Ол Көпейдің артынан аңдып, жол қарап біраз тұрады.

Қилау. Көпей бүгін бүлінді. Отырған орнынан су шыққандай алаңсыз көтерілді. Сабаздың дедектеуін қарашы. Аяқ-қолы жерге тимей безіп барады... Әне, әне... Мәйіметтің байлаулы төбетін басып кете жаздап, екеуі екі жаққа қашты. Ит екеш итке де жан керек екен, тіпті үруге де шамасы келмей қалды... Ойбай, мынауы кім? (Құл.) Ой, кәдімгі Шилау ғой. Көпейді көріп, бұрыла сап, ол да безіп барады. Қарандар, қарандар, қалтасынан қағазын алып, бір нәрсені түрте бастады.

Шилау шығады. Қолында блокнот, қалам. Артына алақтап, сөйлей кірді. Қилау бой тасалап қалды.

Шилау. Мына Көпейді жын ұрған шығар. Көзі ақшиып кетіпті. Алдында атан жатса да аңғарар емес, жаншып барады. (Ойланып.) Бұған не болды, ә? Ебіл-дебіл боп жүруінде бір себеп бар-ау, тегі. (Қаламын алып.) Ұмытып қалармын, түртіп алайын... (Күбірлеп жаза бастайды.) Март айының он жетісі күні... (Спектакльдің жүрген күнін айтуға да болады.) Шаңқай түс... Көпей ауылды айналып шауып жүр...

Қилау (жасырынып тұрған жерінен шығып, Шилауға жақындайды). Ие, қалай өзі... Түртіп жатырмысың?

Шилау (сасқалақтап). Ие, түртіп жатырмын...

Қилау. Сенің түрткілегеніңе төрт жыл болды, түймедей пайдасын көрмедік-ау соның.

Шилау. Асықпа, Қилау, басың жас, көресің әлі... (Залға.) Осының өзі де сау сиырдың жапасы емес. Кәпірдің көзі жаман екен.

Қилау. Сен былай ет: түрткенді қой, шұқыла.

Шилау. Шұқылағаны қалай?

Қилау. Солай. Шұқылай берсең, апан қазуға да болады, апан. Түсіндің бе?

Шилау (түсінгендей болып, күлімсіреп). Түсінген сияқтымын.

Қилау. Түсінсең — сол. Бар. Керек кезінде тағы сөйлессеміз.

Ш и л а у. Жарайды, жарайды. (Кетеді.)

Қ и л а у (артынан зекін). Қатын өсек тергеннен басқаны білмеген шірік. Факт керек, факті. Өзің сөйлесме, факті сөйлесін... (Сыртқа бой жазып.) Ау, мына Көпсей бері бұрылды. Ор қояндай орғуын қарашы: алпысты алқымдаған шал емес, алтыдағы баладай ырғиды.

Қ и л а у бой тасалап тығылып қалады. «Қатын, қатын», — деп даурыққан күйі Көпсей шығады.

К ө п с е й. Қатынға жұмыс істетсең осы. Қолына түспейді. Қай жайларда жүргенін бір аллам білсін... Уһ, шаршадым-ау.

Алдында алжапқыш, Мариям шығады.

М а р и я м. Не болды? Неге іздедің? Ауылдың үстін азан-қазан қылдың ғой.

К ө п с е й. Сұрама, кемпір. Өлді деген осы шығар.

М а р и я м. Сен-ақ күніне он өліп, он тірілесің.

К ө п с е й. Осы жолы шын өлестін шығармын. Ажал ешқайда бұрылмай төтеліп келе жатыр.

М а р и я м (жақтырмай). Ойпырм-ай, ә! Төтелеп келе жатыр.

К ө п с е й. Осы жолы аман қалсам, мен, сіре, тірі де өлмеспін.

М а р и я м. Сондай-ақ не боп қалды? Түсің қашып тұр ғой.

К ө п с е й. Дөксі келе жатыр, дөксі!..

Қ и л а у (басын қылтитып). Е, бәс, Көпсйдің десектеуі жаман еді.

К ө п с е й. Совхоздың орталығына да соқпастан, тура осы бөлімшеге келе жатыр.

М а р и я м. Келе жатса, бір жұмысы бар-дағы. Немесе, ауылға адам жолатқын келмей ме?

К ө п с е й (ашуланп). Адам болса, бір сәрі. Келе жатқан дөксі деп тұрған жоқпын ба мен саған?

М а р и я м. Дөксі болса, дөксі шығар. Ол да адам. Келсін, несі бар!

К ө п с е й (кекесімен). «Келсін, келсін». Олар тегін келе ме, актара, төңкере, тексере келмей ме?

М а р и я м. Тексерсе несі бар, неден қорқасың? Ішкен-жеген ештеңе жоқ.

К ө п с е й. Ондайым жоқ-ау. Дегенмен тіміскілеп кетсе, кім біледі, бір жағынан бірдемесі қоқып жүрсе... Әңгімесі шатылайын десен оп-оңай. Ең қиыны қоймадан ұрланған қарақұл елтірілер болып тұр ғой. Қай иттің жымқырғанын кім білсін, әйтеуір жүзге жуық елтірі жоқ.

Мариям. Жоғалса, өзің алған жоқсың. Заң орнына бар. Тексереді. Дөкей келеді екен деп сонша үркіл... Көлеңкеңнен қорыққаныңды қоймадың-ау, сен байғұс.

Қи лау (*тасада ыршыл*). Сотқа беруге болмайды. Пенсияға шығайын деп отырғанда қара пале болып жабысады өзіңе.

Көпей. Пенсияға шығуға екі-ақ жылың қалса, көрер ем қорықпағаныңды... «Қай жағымнан кез қылады» деп, көжеңе де қарауыл қойып ішті деген осы да...

Мариям (*жұбатыл*). Қорықпа, Көпем. Онан да дөкейді күтіп алуға дайындал.

Қи лау (*тасадаң шығыл*). Көпе, не болды? Жеңгеймен оңаша сөйлесуге шыққансыз ба?

Көпей. Ой, мұндай оңашасы құрысын да... Оңашалаймыз деп жүріп тамашамыз шығып қалмасын...

Қи лау (*Мариямға*). Көпенде мұндай әдет жоқ еді. Оңашалап алып, әбден қысқан екенсіз, ә, жеңшес.

Мариям. Менің қысқаным неғылар дейсің, құдай басқадан қыспасын.

Көпей. Тексеруші келе жатыр. Мә, оқы. (*Қи лауға телеграмма береді.*)

Мариям. Дөкей келеді десе, құты қашатын әдеті емес пе мұның. Қарадай жүріп қалшылдап тұр.

Қи лау. Жеңшес-ау, батырлықтан пайда жоқ. Жарға жығыласың.

Көпей. Жығылғанда да мүрдем кетесің.

Қи лау. Ой, мынау директордан ғой... Ол курортта емес пе еді?

Көпей. Курортта болғанда да — Алматыда. Нағыз дөкейлердің іргесінде жүр.

Қи лау (*телеграмманы оқыл*). «Таяу күнде Дөкей барады. Қарсы алғайсың».

Көпей (*еңсесі түсін*). Жағдай осы...

Мариям (*кекетін*). Жағдай осы... не болыпты салың суга кететіндей. Көп болса, газетке жазар... Кім біледі, жақсылығыңды көбірек көріп мақтап жазар, керек десең.

Көпей. Мақтап жазса жақсы-ау. Дегенмен, пәледен машайық қашты дегендей, мақтап та, даттап та жазбаса, тіпті жақсы болар еді ғой.

Қи лау. Көпе, шүркі етпесіңіз. Шалбарды қолмен емес, белбеумен ұстатады. Сіз — бел болсаңыз, біз — белбеуіміз. Бір амалын өзіміз-ақ табамыз. Ел емеспіз бе!

Көпей. Енді көптеп-көмектеп бірдеңе етпесек... Көппен көтерген жүк жеңіл демекші.

Қи ла у. Көпе, шұрқ етпеңіз. Мына жеңемнің озат сауыншы деген атағының өзі-ақ сіз үшін қалқан. Таудай бәленің бетін осы кісінің өзі-ақ қайырады.

Ма ри я м *(масаттанып)*. Ол атақ баяғыда еді ғой. Қазір қартайдык.

Қи ла у. Сіз бе қартайған?.. *(Күліп)* Сіз қартайғанша біз алжып та үлгерерміз, жеңеше...

К ө п ей. Тіпті биылғы көрсеткіші де мәз емес мұның...

Қи ла у. Көрсеткіш деген не, тәйірі, сол да жүк болып па? Шилаудың қолында тұрған нәрсе. Түртіп жіберсе тынып жатады.

К ө п ей *(шошыл)*. Оу, сонда... *(Ар жағын айтуға батпай тежеліп қалады.)*

Қи ла у. Көпе, шұрқ етпеңіз... *(Бір нәрсе айтқысы келген Мариямды да сөйлетпей тастайды.)* Жеңеше, сауған сүтіңізді біліңіз. Ертең қонақ келеді. Соны күтуіңізді біліңіз.

К ө п ей. Иә, сол қонақты күтіп алудың қамына кірісейік. Жүр, кеңсеге барып ақылдасайық.

Ма ри я м *(Қилауды оңашалап)*. Көлеңкесінен қорқатын бишара емес пе бұл ағаң. Өзің ақыл беріп, бас-көз бол, қайным.

Қи ла у. Жеңеше, шұрқ етпеңіз... *(Залға)* Бас-көз болар ма екен, әлде бар көзін жоқ қылар ма екен. Көрсерміз.

Ма ри я м. Осы бала пысық көрінсін, естегінен ұста.

К ө п ей *(қабағы түксініп)*. Не шықса да пысықтардан шығушы еді...

Ма ри я м. Болмашыдан үркіп, түңіліп жүретін әдетің сенің.

К ө п ей. Жа, жа... тізгінің ұшын босатса, аспанға шап-шисыңдар-ау. Жүр, Қилау.

Барлығы да кетеді. Ілс-шала Ш и л а у шығады. Блокноты қолында.

Ш и л а у. Бұлардың сыбырласуы тегін емес. Партиясына Қилауды қосып алып, жөмпақтауларын көрдің бе?.. Мына Қилау ма? Не шықса да, осыдан шығады. Не оқу оқып, не қызмет қылып жарытпай, Алматыны сілтідсі тындырып келіп еді, рабочком боп шыға келді. Ұмытып қалармын, түртіп алайын.

Көзінде көзділдігі бар Дыңқыш келеді.

Д ы ң қ ы ш. Бастықты көрдің бе?

Ш и л а у *(қағаздан басып алмай)*. Жоқ.

Д ы ң қ ы ш. Қилауды көрдің бе?

Шилау. Жоқ.

Дыңқыш (*мырс етіп*). Е, бәсе «ақ түйе көрдің бе, жоқ» дейтіннің нағыз өзісің ғой.

Шилау (*басын көтеріп*). Шал, не деп тұрсың?

Дыңқыш. Неғұлайын деп едің? Оны да жазып алмакпысың?

Шилау. Не істелді, не қойды, не айтылды, не айтылмады — бәрін түртіп алып, есептеп қою керек, шал.

Дыңқыш. Бәрін есептеп қойғыш екенсің, менің осы «Ақжол» колхозында қанша істегенімді айтып берші.

Шилау. «Ақжолыңыз» осы совхоз болмай тұрғандағы колхоз ғой?

Дыңқыш. Ие. Осы өзіміздің бұрынғы колхоз.

Шилау (*блокноттарын әрі-бері ақтарып, іздестіріп, еш нәрсе таба алмайды*). Жоқ, сіз істемеспіз.

Дыңқыш. Істемегені қалай? Шырағым-ау, біле білсең, мен осы колхозды қолдан құрған адаммын. Ал сен істемепсің дейсің.

Шилау. Менің блокнотыма жазылмаған. Значит, істеген жоқсыз.

Дыңқыш (*күліп*). Қайдан жазылады. Мен колхоз құрып жүрген кезде, блокнотың түгіл, өзің де жоқ болатынсың.

Шилау. Блокнотта жоқ қой. Значит жоқ. Точка, сонан соң тағы точка.

Дыңқыш. Жазатын нәрсені жазбай, есеп шатастырып жүрген сен сияқтылардың кесірі ғой мандайым тайқып, тиісті пенсиямды ала алмай жүргенім.

Шилау. Оған ешкім кінәлі емес, өзіңіз. Документ жинау керек, шал. Документ.

Ысқырып өңдетіп, шығып кетеді.

Дыңқыш (*тістепіп*). Мен документ жинағанда ғой, сен сияқты талай қағаз кесіргендердің басын жалмайтын едім... О, тоба, ксйде пәле кумаймын десең де, пәлекәт атанады екенсің ғой.

Қилау шығады.

Қилау. Хал қалай, шал?

Дыңқыш. Халдың несін сұрайсың, шырақ. Пенсиямды қуалап кірмеген тесігім, ашапаған есігім қалмады. Ештеңе өндірс алмай, әбден шаршадым.

Қилау. Сонда не дейді? Не сұрайды?

Дыңқыш. Құдайдың қайдағы жоқ, атам заманғы документтерін сұрайды. Колхоз боп тұрғанда документ жинау кімнің есінде болған.

(Ұлқудың жоқтығын енді аңғарып, жан-жағына қарай берем дегенде, баспалап қарап тұрған Қилау байқатпай Шилаудың артынан келіп қолын оның иығына салады. Шилау оны Ұлқу деп қалады.) Ұлқу, Ұлқужан!

Қилау (басын шайқап). Қояннан қоян туады, қасқыр тумайды деуші еді, рас екен.

Шилау (басы салбырап). Рас екен.

Қилау. Қыздан мұндай қорлық көргенше, өлгенің артық.

Шилау (жыламсырап, кетуге ыңғайланады). Қош бол, Қилау, бақұл бол. Жаның ашыса, кейінірек барып көме саларсың.

Қилау. Мынаның дені сау емес шығар...

Шилау (блокнотын алып). Осы сөзіңді түртіп алайыншы.

Қилау (күліп). Ой, өлгелі тұрып тұрткенді не қыласың?

Шилау. Кім біледі, о дүниеге барғанда да керек боп жүретін шығар. (Жаза бастайды.)

Қилау. Ауру қалса да, әдет қалмайды деген, ә... Осы қызда шын ойың бар ма, айтшы?

Шилау. Ойым түгіл тойым да бар.

Қилау. Ендеше, шұрқ етпе. Өзімдікі болды дей бер. Бүркітше бүреміз, «шиқ» еткен даусы да шықпай қалсын.

Шилау. Қалайша, ағатай?

Қилау. Оп-оңай. Қыздың билігі әкс-шешесінің қолында. Әкесіне жақсаң болды.

Шилау. Бәрі дұрыс-ау. Бірақ қалай жағынам?

Қилау. Оп-оңай. Шешесін газетке жазбақшы болып тілшілер келе жатыр. Сүтті артық сауды деп ақпар бер. Мақтасаң тымағын қоқитпайтын қазақты көрген емеспін. Әкесінің аузын... сөйтіп майла.

Шилау (ойланып). Мұның дұрыс-ау... Бірақ сезіліп қалса?..

Қилау. Шұрқ етпе! Қулықтың сырына құдайым ден-саулық берсін, қоса сауамыз.

Шилау (өлде де қорқып). Сонда да болса қиын-ау...

Қилау. Көпсіз тұрғанда құдайдан да қорықпа. Әйсілін мақтағанды қай еркек жек көреді.

Шилау (қуанышты). О... Нағыз ақыл... Түртіп алайын. (Қағазын алып, сөл ойланып, айныды.) Жок, мұндайды түртуге болмайды.

Қилау (күліп). Неге? Түртіп ал.

Шилау. Өзгесінікін түртуге болар еді. Бұл — өзімдікі.

Қилау. О, құдай атсын сені, құдай атқыр. Түртсемін деп жүріп үркітіп алма Ұлқуды. (Нығыздай сөйлеп.) Қыздың билігі әкесінде, білдің бе, әкесінде.

Ш и л а у. Білгенде әбден білдім... *(Далаға көзі түсіп, үркіп кетеді.)* Ойбай, Базаркүл келе жатыр. Енді қайттым?..

Қ и л а у. Базаркүлің кім? Кәсімің өзіміздің Базаркүл ме?

Ш и л а у. Сол. Қыр соңымнан қалмаған бір бәле болды... Енді қайда тығылам? Ағатай, қалай құтылам? Ақыл берші, састым ғой.

Қ и л а у. Бұл шын сөзің бе?

Ш и л а у. Ит болайын, шошқа, доңыз, мысық болайын.

Қ и л а у. Ендеше, шұрқ етпе. Өзім құтқарып берем. Сен бара бер.

Ш и л а у. Күп, күп... Ағатай, ендігісін өзің біл... *(Асығып-үсігіп кетеді. Білекті сыбанып, жұлқынып Базаркүл шығады)*

Б а з а р к ү л. Әлкі Шилау сұмырайды көрдің бе?

Қ и л а у *(күліп)*. Бір бөлімшенің дырдай есепшісін қалайша сұмырай дейсің?

Б а з а р к ү л. Сұмырай демек түгіл, сұға тұншықтырып өлтірейін... Көрдін бе!

Қ и л а у. Көргеннен бір нәрсе түсетін болса, көрдік.

Б а з а р к ү л. Балдене бермей айтсайшы, қайда кетті?

Қ и л а у *(жан-жақты нұсқап)*. Осылай қарай ма... Әлде былай қарай ма еді.. Әйтеуір онаша жер іздеп кетті.

Б а з а р к ү л *(күдіктеніп)*. Оңаша?

Қ и л а у. Бір қуыршақты қолтыққа алған еркек қандай жер іздеуші еді?

Б а з а р к ү л *(тістеніп)*. Солай ма!.. Бәсе, қуаласам да кетпейтін немсе жалынсам да жоламайтын боп алды. Бір кәкір бар екенін біліп ем-ау, білгенмін... Қайда кетті, айтшы маған, үстерінен түсіп, тауықтай жұлайын.

Қ и л а у. Менің тілімді алсаң жолама. Аулынды таба алмай қаласың.

Б а з а р к ү л. Мен бе?.. Мек бе?.. Ондай ауылға шетінен от қойып, күлін желге суырайын... Тек кіммен кеткенін айтшы.

Қ и л а у *(сыбырлап)*. Көпейдің қызымек, Көпейдің Ұлқуымек.

Б а з а р к ү л *(тістеніп)*. Солай ма... Ұры алыстан келді ме десем, іргемнен түскен екен ғой. Біреудің иемденіп жүрген адамын тартып алатын қыздың әуеселесін көрейін. Ауылды кім таба алмай қалар екен, қара да тұр.

Қ и л а у. Ол — Көпейдің қызы. Абайла.

Б а з а р к ү л. Көпейдің қызы болмақ түгіл, Дөкейдің қызы болса да, қайда кетті, айтшы тек?

Қилау. Некелеп алған занды байың емес, айқайыңа
төзе ала ма сенің?

Базаркүл. Некелеп алмасам да, ноқталап алғам.
Көзім тірі тұрғанда, алдырмаймын басқаны. Өзім де ешкімге
тимеймін.

Қилау (*сыртқа*). О, сорлы, басқа сені неғылсын...
(*Базаркүлге*). Менің тілімді алсаң, айтыспа. Көпей қалай
десең де — бастық. Соның дегені болады.

Базаркүл. Айтысқанда да орысша айтысармын мен.
Тек үстінен түсірші. Өз көзіммен көрсейін.

Қилау. Ендеше шұрқ стпе. Бүгінше үйіңе қайт, ертең
дал осы уақытта осы жерге келе ной, дәл төбесінен түсірейін.

Базаркүл. Е, құдай, ертеңінді ертерек әкел. Үстерінен
түсейін де, жалғыз қызына ие бола алмай жүрген Көпей,
Көпей болмақ түгіл дөкей болса да, шаңырағын ортасына
түсірейін. Ертеңінді ертерек әкел, құдай...

(*Сахна айналады.*)

Базаркүлдің әні.

Опалансақ біздің де әріміз бар,
Айналдырар бір еркек өліміз бар.
Сүйгеніңді тартып ап пале болды-ау,
Осындағы жел аяқ кәрі қыздар.

Қайырмасы:

Батыр десе — батырмыз,
Бажылдауға жақыбыз.
Жаман шалдан айрылып
Үйде жалғыз жатырмыз.
Ешкі басым Шылауым,
Аз болды ма сыйлауым!
Местей әйел тұрғанда,
Қыз іздеген милауым!

Еркек деген әйелден биік екен,
Әйел сөзі қайтсе де, сұйық екен.
Қолда барда алтынның қадірі жоқ,
Жар болмаса біздерге қиын екен.

Қайырмасы:

Батыр десе — батырмыз,
Бажылдауға жақыбыз.
Жаман шалдан айрылып
Үйде жалғыз жатырмыз.
Ешкі басым Шылауым,
Аз болды ма сыйлауым!
Местей әйел тұрғанда,
Қыз іздеген милауым!

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ СУРЕТ

Көпей мен Шилау отыратын кабинет. Көпей кабинеттегі мүліктерді ақтара қарап, бүркілдап сөйлеп жүр.

Көпей. Кабинет болған соң, кабинеттің де шамалы приличный болғаны жөн. Мынау не?.. Аңғал-саңғал... ішіндегі мүлкін біреу көшіріп әкеткендей боп-бос... Столы стол емес, құдай біледі мынандай орындыққа мен түгіл сиыр да отырмас.

Шилау. Сіз түгіл талай-талай есектер де отырып кеткен.

Көпей (*талырақтан*). О не дегенің?

Шилау. Сізден бұрынғы бастықтарды айтам. Не бір айғыр, есек, өгіз бастықтарды көрдік қой.

Көпей. Кәпір-ай, теңеуің жаман екен!..

Шилау. Есекті қанша сипасаң да, бәрібір есек күйі қалады.

Көпей. Ойпырмай, саған сөз шақ келмес. Бүтіннен бастап мына столдың жабуын өзгерт, графин қойдыр, қоңырау орнаттыр.

Шилау. Есігіңіз көшеге шығады, қоңырауды далаға орнатамыз ба?

Көпей (*есіне түсіп*). Солай екен-ау... Қайда орнатсаң сонда орнат, не орнатсаң соны орнат. Әйтсеуір жөндеші кабинетті... Ойбай-ау, дөкейлер фермадан бұрын ең алдымен кабинетті сынайды. Алақандарына түкіріп келе жатқан шығар ылғи қызыл көздер.

Шилау. Токтаңыз, түргіп алайын.

Көпей (*сескеніп*). Осы түрткен сайын жүрегімнің бір жұмсақ жері бүлкілдей бастайды. Әй, нені түртпексің? «Қызыл көз» дегенді ме?

Шилау. Жок. Ол сөзіңіз бұрыннан жазулы.

Көпей. Енді неменені?

Шилау (*ежіктеп*). Столға жабу керек. Гра-фин, стакан, қоңырау...

Осы кезде Дыңқыш кіреді. Шилау мен Көпей оны жақтырмай теріс айналып кетеді.

Дыңқыш. Ассалаумағаләйкүм!

Шилау (*Дыңқышты нұсқал*). Қоңырау орнатпасаңыз көрестін күніңіз осы. Кім көрінген баса көктеп кіріп келеді.

Дыңқыш. Әй, бала, мен қашаннан бері саған «кім көрінген» болдым?

Шилау. Совхоздың жұмысына жарамай қалғаның бәрі адам санатынан шығарылады.

Дыңқыш. Санаттан шығарсаң шығар, бірақ, жарқы-
ным, пенсиямды алып берші.

Шилау. Пенсия алып беретін мені бір дөкей дейсіз
бе? Келе жатыр ғой, өне ылғи дөксілер, айтыңыз соларға
арызды. *(Бұл сөз Көпейге ұнамай қалды.)*

Көпей *(өзіне-өзі)*. Іріген ауыздан шіріген сөз шығуын
қарашы!

Дыңқыш. Солардың келетінін естіп, әдейі келіп
тұрмын. *(Көпейге.)* Маған не анықтама бер, не тұрысатын
жерінді айт.

Көпей. Жау жағадан алғанда, ит етекпен тартады
деуші еді. Дөкей келмек түгіл құдай келсе де, бермеймін
справка.

Дыңқыш. Неге? Әлде, менің колхозда істегеніме сен-
бейсің бе?

Көпей. Сенем, білем. Бірақ бір нәрсеге арқа сүйеп
беретін документ жоқ. Колхоздан қалған қағаздар тоз-тоз
боп жыртылып кеткен. Облыста отырғандар справканы неге
сүйеніп бердің десе, не айтамын? Қартайған шағымда алдай
алмаймын үкіметті...

Дыңқыш *(ашуға мініп)*. Олай болса, түс алдыма!

Көпей. Қайда?

Дыңқыш. Облысқа барамыз. Әлгі сөзіңді солардың
алдында айтасың.

Көпей *(қолпаңдап)*. Барайын, барайын... Облыс емес,
Алматыға дейін барайын. *(Ойланyp)*. Түсінсінші, Дыңқыш,
өтірік справка берсем мені қызметтен қуады. Қызметтен
қуылсам, пенсиядан да қағылам. Өзің алмағаныңмен қоймай
мені де құр алақан қалдырып қарамай қаптыру ма сондағы
ойың?

Дыңқыш. Шыдай, шыдай өлдім ғой, түге. Анықтама
орнына өзінді өткізем облсбеске.

Шилау. Мына сөзді түртіп алайын. *(Жаза бастайды.)*

Дыңқыш *(блокнотын жұлып алып)*. Осы сен
түрткілегенінді қоясың ба, жоқ па? Отырған жерінде мой-
ныңды торғайдың мойнындай жұлып алайын ба?

Көпей *(Дыңқышқа)*. Саған бүгін бір нәрсенің салқыны
тиген шығар... Бұл жер — кеңсе. Неменеге даурығасың?!

Дыңқыш. Бұл әлі даурыққан ба? Даурыққанның
көкесін көрсесің әлі... Келсін осыдан дөксілер.

Көпей *(қорқып)*. Өне, бұлар өстеді енді... Қит етсе
қорқыта бастайды.

Дыңқыш. Ендеше бер анықтаманды!

Көпей. Ойпырым-ай, мынаның алқымнан алуын-ай,
ә... Сен түсінсінші, сй... Мен де пенсиядан қағылам десім
ғой.

Дыңқыш *(тыңдамай)*. Жетті енді. Алдыңнан өттім.
Маған енді өкпең жоқ шығар. *(Кетеді. Іле қайта кіріп.)*
Сендер мені кетіп қалды деп тұрсындар ғой.

Көпей *(сылқ отырып)*. Бәсе-ау, бүгін түсімде қатыныммен құшақтасып жүр едім-ау. Түсіме қатын кірді дегенше дұшпанға жолығам... Қап, мына Дыңқыштың қылығы-ай. «Ініе жақындағанда тышқан да батыр» дегендей, дөкей келеді дегенге дандайсып есігімнің алдында ат ойнатты ғой...

Шилау. Келісу керек еді. Бір нәрсе деп қоқытып жүрмесің...

Көпей *(жыларман болып)*. Қоқытады, қоқытады... Түсімде қатын көргенім рас болса, бір қырсық айналдыраты, Шилау.

Шилау. Көпе, қорықпаңыз. Бәрін өзім жайластырам.

Көпей *(қуанып)*. Е, шырағым, сөйтші. Басқадан бұрын мені ана елтірі дауынан құтқаршы. Есебі қолыңда ғой, шырағым.

Шилау. Жок, құтқарам дегенде... мен де түс көріп, соны айтпақпын ғой!

Көпей *(шошынып)*. Сенің түсіне де әйел еніп жүр ме сонда?

Шилау. Жок... Үлкен бір шаһардың ішінде жүр екснмін деймін. Бір уақытта аспанға қарасам, ғажап сұлу құс төбемді біраз айналып жүрді де, алден уақытта құлдылай келіп тас төбеме қона кетті...

Көпей *(өзеуіп)*. Қона кетті ме?

Шилау. Қона кетті.

Көпей. Ендеше құдай берді де. Үйленесің.

Шилау *(қуанышты)*. Айтқаныңыз келсін, Көке.

(Күйеу бала болам деген дөме.)

Көпей. Базаркүлді аласың. Ауыз бірліктерің де жарасады.

Шилау *(шошып)*. Базаркүлді алам ба?

Көпей. Әрине. Енді кім деп едің?

Шилау *(сылқ отырып)*. Ендеше, құдай берді емес, құдай ұрды деңіз. Бәсе, төбемс қонған құс қанды тырнағымен шенгелдеп бүріп еді-ау.

Көпей. Бір есептен үйленбегенің де жақсы-ау. Аюдай ақырған біреуіне жолықсаң абақтыға түстім дей бер.

Жүтіріп Ұлқу келеді. Қолында шилау.

Ұлқу. Папа... Папа... Кніп көрші, дүкеншіге зорға таптырып алдым.

Шилау *(орнынан тұрып)*. Сәлеметсіз бе!

Ұлқу. Сәлеметсіз бе?!

Көпей *(шылапаны киіп көріп)*. Мынауың үлкендеу сияқты... Размері нешінші?

Ұлқу. Алпыс.

Көпей. Мен де алпыс киетін едім... Сонда немене қартайған сайын басымның кішірейіп бара жатқаны ма?

Ұлқу. Мен барып ақшасын төлейін. *(Жүгіріп шығып кетеді. Асыға-алтығып Қилау келді)*

Қилау. Жаңа ғана тазартқан көшені қарашы, тағы да былғанды. Көк түйнек келген тауықтар қарап жүрмейді, ағызып жүреді екен.

Көпей. Неғылсаң да өзің біл, Қилау. Маған десен, қырып таста. Қолыңнан қақпаймын.

Қилау. Қайда барсаң да қара құрттай өріп жүрген бір тауық. Қайсыбірін қырып тауысасың.

Шилау. Жоқ, онша көп емес. Мен сіздерге точный айтайын, *(блокнотын алып қарап)* бұл ауылда 237 мекен, 56 қораз бар.

Қилау. 56? Қашанғы есеп?

Шилау. Екінші жарты жылдың есебі. То есть, бірінші январьға дейінгі есеп.

Қилау *(басын шайқап)*. Мынаған дауа жоқ, шығар... *(Шилауға бұрылып)*. Ал жүр, екеуіміз әлгі 237 тауықтың қаматқанын қаматып, қаматпағанының басын аламыз.

Шилау. 237 тауықтың 56 қоразы тағы барын ұмытып кеттің... *(Иығын қиқаң еткізіп)*. Сонсоң тауықтарда менің шаруам жоқ. Ол иттерді қаматам деп жүргенде көзіңді шұқып алар.

Қилау. Көзіңді шұқымақ түгіл өзіңді шұқып алса да, Көпең айтса — бітті. *(Оңаша шығарып)*. Атаңның тілін алмайтын неғылған тентек күйеусің...

Шилау *(сасқалақтап)*. Оу... оу... Асатпай жатып...

Қилау. Шұрқ етпе. Құсты қолыңа қондырамын.

Шилау. Олай болса, жан пиди... Жүр, қамамақ түгіл бауыздап берейін.

Көпей. Қилау, басқаларын реттедің ғой?

Қилау. Көпе, шұрқ етпеңіз. Бәрі дайын. Көше сыпырылды, клуб тазартылды, қоралар жөнделді. Бүгін кешке дейін тауықтарды қаматамыз, қабаған иттерді байлатамыз.

Көпей. Әйтсеуір, бар сенгенім — өзіңсің. Құдай тағала сені жеткізгенін қарасайшы. Жүріңдер, көше тазалығын тағы бір қарап, аралап шығайық.

Ұлқу әні «Көңілді көше».

(Бұл ән үстінде Көпей, Шилау, Қилау қолдарына сыпырғыш алып сахнаға шығады. Көше сылырған имитация жасайды.)

Көше көркі көк терек
Сыбырласып тұратын.
Көше көркі көк сәуле
Жымындасып тұратын.
Көше көркі бозбала
Арманым деп аңсаған.
Көше көркі кемпір-шал
Жастық-ай деп тамсанған. (2 рет.)

Көше көркі қыз-бала
Қызыл-жасыл киінген
Көше көркі жеңейлер
Өзінде сүйіспен.
Көше көркі бозбала
Арманым деп аңсаған.
Көше көркі кемпір-шал
Жастық-ай деп тамсанған. (2 рет.)

Көше көркі той-думан
Келін түскен, қыз берген
Біздің ауыл бүгінде
Осындай боп өзгерген.
Көше көркі бозбала
Арманым деп аңсаған.
Көше көркі кемпір-шал
Жастық-ай деп тамсанған. (2 рет.)

Сахна айналады, дүниені тыңдырғандай Көпейлер кіреді.
Телефон шылдырайды.

Көпей (шошыл). Жайсыз уақытта бұл кім болды?

Қнлау. Жайсыз ба екен, сағат он екі.

Шнлау (түзетіл). Он минуты кем он екі.

Қнлау. Жиырма минуты кем болса да — он екі.

Көпей. Осы звандап тұрған дөкейлердің бірі шығар.

Телефонды сен алшы.

Қилау. Көпе, қорықпаңыз, қасыңызда біз бармыз.

Өзіңіз сөйлесіңіз.

Көпей. Жарайды, өзім-ақ сөйлесейін. Әйтеуір ағаларыңды шырылдатып ұстап бермесендер болғаны... (Трубканы алып.) Алл... Я, я... «Жаңа жол» совхозының төртінші бөлімшесі... Бұл кім? (Көзі ақшыыл кетеді.) Кім, кім?... (Қасындағыларға.) Құдай ұрды, ауданнан... (Трубкаға.) Я, я, тындап тұрмын... Бұл ма?... Бұл... бұл... (Шилауды түртіп.) Әй, менің фамилиям кім еді осы?

Ш и л а у (ол да сасып қалып). Кім еді? Өй, әлгі иттің баласын... Қап! (Блокнотын ақтара бастайды).

Қ и л а у. Сұрап тұрғаныңыз кімнің фамилиясы?

Көпей. Ой, сволочь, менің... (Трубкаға.) Бұл — Көпей Бапалақов қой... Ие, ие, келетінін есіттік. Дайындалып жатырмыз. Хал ма? Хал... енді... жаман емес сияқты... Ет пе? Ет...

Ш и л а у. 102 процент.

Көпей. 102 процент. Ие, 102. Тағы да тапсырамыз. Ерегістірсе тауықтарды да тапсырамыз. Сүт пе? Сүт...

Ш и л а у. 103 процент. Ие, ие. Озат сауыншыларымыз да бар. Кімдер дейсіз бе?... Со бәлелер кімдер еді өзі...

Ш и л а у. Бапалақова Мариям.

Көпей. Бапалақова. (Ыршып, Шилауға бұрылып.) Ой, ол сауыншы емес, менің әйелім ғой.

Ш и л а у (блокнотына қарап). Сізге қашан әйел болғанын білмеймін, сауыншы болғанына төрт жыл.

Көпей (трубкаға). Қазір, қазір... (Шилауға.) Ой мен өз әйелімді қалай мақтамақпын?

Қ и л а у. Мақтауға сыйса, мақтау керек әйелді, Көпе, сіз бүлдіреді екенсіз. Бері әкеліңіз. Бері әкеліңіз телефонды.

Көпей. Өй, өй... (Трубканы бермей тырысады, бірақ Қилау қоймай алады.) Жарайды, бүліне қалса — жауапты өзің бересің. Мына Шилау куә.

Ш и л а у. Мен — куә, Көпе.

Қ и л а у (трубканы басып, Көпейдің даусына салып өтірік сөйлеседі). Бөлімшедегі маңдай алды сауыншылардың бірі — Бапалақова Мариям. Ие, ие, Бапалақова. Көрсетші дейсіз бе?..

Ш и л а у. Әр сиырдан жылына үш мың литр.

Қ и л а у. Әр сиырдан жылына үш мың екі жүз елу жеті литр сүт сауады... Ие, ие...

Көпей. Өй, өсіріп жібердің ғой. (Шилауға.) Екі мың литр деп жүрген жоқ па едік?

Ш и л а у. Ол қате екен.

Көпей. Өйтеуір томпақ болып жүрмесін...

Қ и л а у. Представление жасау керек пе? Наградқа?.. Пожалуста. (Қасындағыларға.) Орденге ұсыну керек деп жатыр... (Трубкаға.) Тап қазір жазамыз. Жарайды, жарайды...

Көпей. Бұл бір қызық іс болды-ау... Әкелші, өзім сөйлессейін.

Ш и л а у. Көпе... (Ол Қилаудың телефон құлағын қолымен басып трубкаға өтірік сөйлегенін сезіп тұр).

Қи лау. Дөкейлерді күтіп алудың бар қамын істедік.
Ие, ие... Тауықтарды қаматып, иттерді байлату ғана қалды.
Ол жұмысқа Көпей екеуіміз... (*Басып қалып, тез жөнделіп...*)
О-э-м... Шилау екеуіміз тап қазір шыққалы тұрмыз.

Көпей. Құртты-ау, мынау құртты-ау... Өлді деген осы...

Қи лау (*трубканы қойып*). Тірілді деген осы.
Жеңгеміздің ыржанайы көтерілгелі тұр. Шұрқ етпеңіз, Көпе.

Көпей (*бетін қолымен басып*). Мен жоқпын, әлген адамын, билгендерінді істей беріндер.

Қи лау (*Шилауға*). Қағаздарды дайында.

Шилау (*лыл етіп*). Дайын. (*Қағаз береді*).

Көпей. Ойпырым-ай, көз ілеспей қалды ғой тіпті...

Қи лау. Заман солай, Көпе. Қариақ қауып тұрғанда қарып қалу керек.

Көпей (*Шилауға*). Сен, бала, алгі ақпарды анықтап тексердің бе?

Шилау. Бір емес, он тексердім.

Көпей. Уһ, аздап жан кірейін деді-ау...

Қи лау. Өлгі Дыңқыш шалға жолықтым. Дөкейлерге Көпей жоғалтқан қарақүлдерді де айтам деп жүр.

Көпей (*шошып*). Ойбай, тағы не дсйді? Қи лаужан, жүгір, ұста, қайыр бетін пәленін.

Қи лау. Көпе, шұрқ етпеңіз. Ол жағын да тындырдым.

Көпей. Уһ, Қи лаужан-ай, қадіріңді білмейді екенбіз, адам емес, алтын екенсің ғой... Жүр, ендеше алгі тауықтарды қаматайық. Өлгі жоғалған елтірілер тауық күркесінде тығулы жатпасына кім кепіл.

(*Ол бастап шығып кетеді, шяласы ұмыт қалады.*

Қи лау қуалай барып, тоқтап шеткерірек шығады).

Қи лау. Дыңқыштың арызы мынау... Қатынынды мақтап берген өтірік ақпарың мынау... Екі қолымда екі сойыл тұр, скеуін бірдей сілтесем, жағдайың не болар екен, Көпе?!

Сахна айналады. Қи лау өні.

Өміріңді бір қызығы шағыстырған,
Біреуді біреуге айдап қағыстырған.
Бірін-бірі жұлып жеп жатқан шаяқта
Қызық көріп мәз болып алыс тұрған.

Қайырмасы:

Бірің адам, бірің мал
Тіресіндер текеше,
Бірің өліп, бірің қал
Менің шаруым жекеше.

Шатақ десе, шайтандай қақандаймын
Қанша айтсам да өсекті қақалмаймын.
Тыныш жүру тентекке машақат қой,
Біреулерді бұзбасам жата алмаймын.

Қайырмасы.

(Үзілісті осы жерде жасауға болады.)

Ш и л а у. Көпе, уа, Көпе... Ұзап кетіпті... Семірген
шеллегін аспанға атады деуші еді. Әйелін мақтаған соң
Көпеш шляпасын да тастап кетті-ау... О, Жарықтық Көпем...
(Шляпаны олай-былай құбылтып киіп, одырая қаранады...)
Ал маған жарасса керек қой?! Қап, айнаның болмауын-ай.
Осылай кисем, құдай біледі, құйып қойғандай болатын-ақ
шығар... *(Өңдетіп.)*

Алатаудың ақбасы көк аспанға екі-ақ елі жетпей тұр.

Былқылдаған сұлу қыз көз алдымнан кетпей тұр.

Көкейімнен Ұлқу-жан кетпей тұр-ау, кетпей тұр... Көні,
Шилау, көшсе шықшы, талтаңдашы... «Мынау келе жатқан
Шилау, пәленбай деген совхоздың бас бухгалтері» деп
қолдарын шошайтатын болсын... Ал сен келе жатсаң кер-
деңдеп... Уа шіркін, сұлулығың жұрттың бәрін тандандырып
небір Қыз Жібек, Баян сұлу, Айман-Шолпан, Ақтоқтылар
қоғадай жапырылып құлап, естерін жия алмай талып жат-
са... Ал мен... *(Одырайып, қоқиланып.)* Біреуін де ұнатпай,
шетінен отқаз беріп... Осы кезде... *(Армандай сөйлеп.)* Осы
кезде... тал шыбықтай бұралып Ұлқу келсе... есімнен танып
мен тұрсам... Сүйріктей саусақтары мойныма оралып, мен
болсам аш белінен құшақтап, сонан соң біртіндеп жоғарылап
бара жатса... О, Ұлқужан... *(Осы кезде дәл қарсы алдынан*
Ұлқу кіріп, оның мына түрін көріп таң қалып тоқтап
қалады.)

Ұ л қ у. Оу, неғып тұрсыз?

Ш и л а у *(қолын көкірегіне қысып, көзін жұмып.)* Түс
көріп тұрмын... Мен бір ғажап түс көріп тұрмын,
Ұлқужан.

Ұ л қ у. Папам қайда?

Ш и л а у. Мен ғажап түс көрмей тұрған кезімде Қилау
екеуі шығып кеткен.

Ұ л қ у. Оу, шляпаны қалай киіп алғансыз... өстіп те
кис ме? Бері әкеліңіз... *(Жөндеп кигізе бастайды.)* Қорқақ
болып бара жатырсыз ба деймін?!

Ш и л а у. Мен батыл болып көрген жоқпын...

Ұ л қ у *(шляпаны айналдырып.)* Міне, енді джентельмен
болдыңыз...

Шляпамен айналысып, Шилауға тақалып тұрған Ұлқуды
терезеден Базаркүл көріп қояды.

Базаркүл. Бетім-ау, міне, міне... Өсек расқа айналды.
(Жоғалып кетеді.)

Ұлқу (күліп). Көшеге шығыңызшы, қыз-келіншектер
қоғадай жапырылсын...

Шилау (жалын ата.) Ұлқужан!.. (Ол құшақтағысы
келеді, Ұлқу сықылықтай күліп, шыға жөнелді.) Ұлқу...
Ұлқужан! (Есіктен шыға бермек болған Шилау нақ босағада
Базаркүлмен соқтығысып қалады. Шилау тұтығып.)
Ә... Ә...

Базаркүл (төніп). Қолға түстің бе, найсап?!

Шилау (шегінішектеп.) Аулақ, аулақ!

Базаркүл. Кімге «аулақ» дейсің, а!.. Кімге?.. Кеше
ғана аяғыма жығылушы едің, қызбен келіскен соң, жерініп
қалдың ба?

Шилау. Мен сені білмеймін... Көрген емеспін...

Базаркүл (білегін сыбанып). Мені ме... Мені көрген
жоксың ба?

Шилау (қорқып). Көрсем көрген шығармын, ұмытып
қалыппын.

Базаркүл. Сен, мүмкін, аламын деп ант су ішкенінді
де ұмытып қалған шығарсың.

Шилау. Ойнап айтқам... Ішкен кезде адам ие демейді!

Базаркүл. Байымнан да ойнап жүріп ажыратқан
шығарсың?

Шилау. Мен бе екен ажыратқан?.. Бір байың сенен
қашты, біреуінсі өзін қаштың...

Базаркүл. Арағымды ішіп, оп-оңай құтыламын деп
тұрсың ғой...

Шилау. Менен де саған аз өткен жоқ. Менде бәрі
жазулы... (Блокнотқа жармасады.) Сенің саудагер екенің
де жазулы.

Базаркүл. Ә-ә, солай ма?.. Жазып жүр екенсің ғой...
Жарайды, мен де жазайын... Қағазға емес, шие жегендей
ғып, бет-аузыңа жазайын.

(Ол тұра ұмтылады, Шилау столды айналып қашады.)

Шилау. Ойбай, арағыңды төлейін. Үш есе ғып
төлейін...

Базаркүл. Қанжығама байлап әкетем... Осыдан қыңқ
деп көрші, бір-ақ мытып бық еткізіп жаныңды шығарайы...
Жүр, үйге. Бүгіннен бастап үйіме көшесің!

Шилау (безектеп). Бармаймын дегенсің бармаймын...
Басқа адаммен уәдем бар.

Базаркүл. Басқа адамың Көпейдің қызы ғой.
Қызшылын жаманның... Әйел атаулыдан бездіріп жіберейін!

Шилау *(бажылдап)*. Безбеймін... Безе алмаймын...
Ғашықпын...

Базаркүл. «Ғашықпын?»... Мен, саған «ашық»...

(Ол сия дәуітпен жіберіп ұрмақ болғанда, Шилау столдың ар жағына тұра қалады. Базаркүл ұра алмай біраз өуре болады. Осы кезде ішке Қилау кіреді.)

Қилау *(сөйлей кіріп)*. Ойпырым-ай, бұл ауылда ит дегенің бықып жүр екен ғой. Бес жүз бар шығар.

Шилау *(столдың тасасынан)*. Тұп-тұра 92 ит, 64 күшік бар.

Қилау. Оу, Шилаумысың?.. Қайдасың, ей? Бұл ауылдың итін де санап қойғасың ба?..

Базаркүл. Шилау жоқ.

Шилау. Бармын. Мен мұнда.

(Тасадан шыққысы келген Шилауды Базаркүл жасқантып, қайта қуып тығады.)

Базаркүл. Шилау жоқ дедім ғой. Жоқ.

Шилау. Ойбай, жоқпын.

Қилау *(күліп)*. Ойпырым-ай, талай қуғынды көріп сдім, бірақ бүйтіп қуысқа тыққанды көрсем көзім шықсын. Базеке, араша, араша. *(Шилаудың қашып шығуына көмектеседі.)*

Базаркүл. Оған жақтасып әдсіі шақырдың ғой... Бірақ тоқта... Осыдан Шилау жоламай кетсін, жоламай кетсе бар ғой, тап сенің етегіңнен ұстаймын.

Қилау *(күліп)*. Етегімнен ұстап, қайбір напақа табам дейсін. Жүз аунатсаң да бір құмалақ түспейді менен.

Базаркүл. Кісісіне жолықпай жүр екенсің... Бірін емес, мыңын түсірмін... Тек, Шилау, құтылсын де...

Қилау. Көпсі тірі тұрғанда құтылып та кетуі мүмкін.

Базаркүл. Құтылмайды... Өлгінде ұстап алдым. Дәл осы жерде Көпсідің қызыммен шөпілдесіп сүйісіп тұр екен.

Қилау *(өтірік таң қалып)*. Дәл осы жерде ме?..

Базаркүл. Дәл осы жерде.

Қилау. Сонда әкесінің кабинеті қызының оңаша сүйісестін жері болғаны ма?

Базаркүл. Ие, ие солай.

Қилау. Маскара... Оңаша жолығуларына да жағдай жасап жүрген Көпсідің өзі болды ғой?

Базаркүл. Сол, сол...

Қилау. Олай болса, аянатын түк жоқ. Алдымен
Көпейді құрт. Көпейді құртсаң қызы өзіне өзі-ақ құрыды.
Сонда Шилау шұлау болып өзіне қалады.

Базаркүл. Сөйтеіні... Байымды азырды деп, дөкей-
лерге арыз берейін... Бір жапырақ қағаз жазып бере қойшы.

Қилау. Шұрк етпе, Базеке. Қағазың дайын.
(Қалтасынан қағаз алып.) Тек қол қойсаң болды. (Базаркүл
кетеді.) Ал, Көпе, тағы бір сойыл қосылды. Сақтан енді.
(Өлең айтады да, кетеді.)

Өмірдің бір қызығы шағыстырған,
Біреуді біреуге айдап қалыстырған.
Бірін-бірі жұлып жеп жатқан шақта
Қызық көріп маз болып алыс тұрған.

Қайырмасы:

Бірің адам, бірің мал
Тіресіңдер текеше.
Бірің өліп, бірің қал,
Менің шаруам жекеше.

Шатақ десе, шайтандай қалқандаймын.
Қанша айтсам да өсекті қалқалмаймын.
Тыныш жүру тегіткеке машақат қой,
Біреулерді бұзбасам жата алмаймын.

Қайырмасы.

ҮШІНШІ СУРЕТ

Көпейдің үйі. Көпей сәнді киінген, алжапқышы бар. Столға ас
азірлеп жүреді. Гүл әкеледі. Оны Қилау жаратпайды. Гүлді
өзінің басқа жерге қояды.

Көпей. Дөкей мына жерге отырады.

Қилау (гүлді ортаға қойып). Жок, мына жерге оты-
рады. Айталық дөкей келеді. (Тысқа шығып маңғазданып
келеді.)

Көпей. Сәлеметсіз бе? Төрлетіңіз, мына жерге оты-
рыңыз.

Қилау. Дөкей мына жерге, сіз ана жерге, мен мұнда
отырам. Дөкей ортада, екеуіміз екі жағынан былай ет аса-
тамыз. (Көпей маз болып бұған күледі. Мариям кіреді.)

Мариям. Жүрген жеріңді у-шу ғып, базар қыласың
да жүресің-ау!

Көпей. Неғыппын сондай-ақ!

Мариям. Әлгіңде Бөсербайдың тауығын қуып кетіпсің,
кемпірі ойбайлап ауылды басына көтеріп жатыр.

Қи ла у. Ондай кемпірдің өзін де қамау керек еді.
Көпей. Кемпірлердің бүгінгі істегені ме?! *(Тістеніп.)*
Тұра тұр осыдан дөкейлер келіп кетсін. Бұл кемпірлерді
мен детдомға өткізбесем!

Мариам *(күйіп-нісіп)*. Не дерсің бұған, не дерсің?..
Бара-бара бала болуға айналды ғой...

Көпей. Әр бәтшағардың қорасынан ондап қара тауық
өріп шығады, балапанды өздері басып шығара ма, қайдам,
шиқылдаған шөжеден аяқ алып жүре алмайсың.

Қи ла у. Көпе, шынында да осы кемпірлер мәселесін
шешіп алу керек еді. Өздері көбейіп барады.

Мариам. Көбеймей... қырасындар ма, енді?

Көпей. Шынында да, басты қатырды. Әсіресе
Дыңқыштың кемпірінің бүгінгі істегені ме... Дыңқыш болмақ
түгіл... *(Осы кезде үйге Базаркүл кіреді. Әр қуыстан біреуді
қарап іздеп жүр.)*

Мариам. Жарқын-ау, не іздейсің? Айтсайшы, та-
уып берейік.

Базаркүл. Өзім-ақ тауып аламын. Жеті қабат жер
астына кірсе де қоймаймын.

*(Ол ортадағы столды итеріп жібереді. Көпей қорқып
кетеді. Стол үстіндегі тамақты жей бастайды.)*

Көпей. Әй... өй... Өзі ақсақ стол... Абайла, құлатып
аласың.

Базаркүл. Құласа неғылар дейсің. Көпейдің дәулеті
столға жетпесе, не бітімшілікке жүрсің?!

Мариам. Әй, ойыны ма десек, шындап барасың ғой.
Не керек өзіңе?

Базаркүл. Сапылдама! Ненің етін жегенінді ішің
біліп тұрған шығар. Тап қазір!

Көпей. О, шебер құдай, не дейді мынау?

Мариам. Айттып тұрғаның не сенің?.. Бар, айда
жоғалтқаныңды базардан ізде...

Базаркүл. Базардан емес, тап сенің үйіңнен іздеймін.
(Білегін сыбанып.) Табасың ба, жоқ па?.. Әлде, тұрған
жерінде тауықша жұлайын ба осы?

Мариам. Ойбай-ау, мынау ақыр соңы үйімізге келіп
ойран салды ма?.. Қи ла у, құртсаңшы мынаның көзін.

Көпей. Мен барып милицияға звондаймын. *(Базаркүл
Көпейдің алдын тосып, аузына бауырсақ тыға салады.)*

Базаркүл. Босағадан аттап қара, столыңмен бірге
шойнандап қаласың.

Көпей. Босағадан мұнан бір дәу... *(Бауырсаққа
қақала сөйлейді.)* Дөксиді алыстан күтсек, өз аулымызда
екен ғой...

Қи лау. Базеке, бұл жер — кісінің үйі. Көпеш жаманды-жақсылы бастық...

Базаркүл. Адырам қал-ау, мынау ма бастық?.. Бастық... Мұндай бастыққа апчхи!.. (Өтірік түшкіріп салады.)

Көпеш (өкініп). Арамтамақ деп айдалайын деп тұрған жерінен арашалап қалып ем... О, сорлы басым, аз болды өзіме...

Қи лау. Базеке, ұят. Есіңіз бар адамсыз...

(Базаркүл ілулі тұрған Көпештің шляпасын көріп, жүгіре барып жұлып алады).

Базаркүл. Міне, міне, таптым, менің күйеуімнің телпегі.

Мариам (шляпаға ұмтылып). Бер, былай. Бұл менің шалымыңның шляпасы.

Базаркүл. Әй, қатын, аулақ жүр. Осы уақытқа дейін байының телпегін танымай, көзінді шел басты ма?..

Көпеш. Жыртасындар, түге... Бері әкел, шляпі менікі. (Ол алмақшы болады, Базаркүл бермейді, алыс-жұлыс).

Базаркүл. Бермеймін, бермеймін. Қи лау, куә бол, телпегін де, өзін де тығып отыр бұл көпірлер...

Мариам. Куә бол, Қи лау... Мынау ойранымен қоймай, ақыр соңы тонайын деді ме?

Көпеш. Мыналар жыртатын болды-ау киілмеген шляпіні... Әй, Базаркүл, шляпіде нең бар сенің? Жібер, жыртасың! (Көпеш жүгіріп барып Базаркүлден шляпаны жұлып алғанда құлап қалады).

Базаркүл. Тап ендеше! Таппайды екенсің, жыртпақ түгіл өртеп жіберем. (Көпештің орнынан тұруына Базаркүл болысады).

Мариам. Жарқын-ау, іздегенің кім өзі?

Базаркүл (мазақтап). Білмейтін шығарсың, ә?..

Көпеш (өйеліне). Оу, кемпір-ау, мынадан таза балеге қалған шығармыз. Біз нәрсе ғып құртсайшы көзін.

Базаркүл. Тауып берсендер, өзін-ақ кестем.

Көпеш (жалынып). Айналайын, кім еді өзі? Айтшы, тауып берейін.

Базаркүл. ЗАГС-тен де өткізіп бересің бе?

Көпеш (амалы таусылып). Ол жағын қайдан білейін енді...

Мариам. Мұны ЗАГС-тың бастығы деп пе едің?

Базаркүл. Бұл — осы ауылдың бастығы. Ит екеш итке дейін қаматтырып жатыр ғой.

Көпеш (өйеліне жалынып). Қойшы сен... Бір нәрсе ғып құтылайықшы... Қайтесің енді, басқа салған соң. (Базаркүлге.) Жарайды, ЗАГС-тен де өткізіп берейін.

Қилау. Көпең айтса бітті. Уәдеге мықты адам. Айта бер байынды, Базаркүл.

Базаркүл *(қылымсып)*. Байым — Шилау.

(Мұны естігенде Көпей мен Мариям «уһ» деп отыра кетеді.)

Көпей. Баяғыдан бері айтпайсың ба солай деп.

Мариям. Қарап жүрмей, қарай гөр Шилау сұмның тіршілігін!

Көпей. Қилау, тап әлгі Шилау итті. Байлап берейін. Соның кесірінен қырыла жаздадық қой.

Қилау. Шилау төрт күннен бері жоқ. Қашып жүр.

Мариям. Байқандар, шыныммен өліп, балесіне қаласындар.

Базаркүл. Ойбай, тезірек табайық ендеше, өлмей тұрып ЗАГС-тен өтіп алайын.

Осы кезде аптыға басып Ұлқу келеді.

Ұлқу. Ойбай, өрт, өрт, өрт кетті!

Көпей *(ұшып тұрып)*. Қайда?

Қилау *(өзіне)*. Бәсе, осылай болса керек қой.

Мариям. Ойпыр-ай, қай жерде?

Ұлқу. Малбағар қыстауының сыртынан.

Базаркүл *(зарлап)*. Ойбай-ау, дәл менің үйімнің іргесі ғой.

Ұлқу. Сол жерде тау боп жатқан қоқырсық бар...

Базаркүл. Ол өртенгенше өзім өртенсем ше... Ойбай, жоқ іздеймін деп жүріп барымнан айрылған шығармын...

Зарлаған күйі шығады.

Көпей *(Қилауға)*. Жүр, біз де көрейікші. Ауылды өртеп алып!...

Ұлқу. Маған салса, тең жартысын өртер едім...

Көпей *(алара қарап)*. Сонан соң әкеңнің күлін қай жерден іздер едің?

Қилау, Көпей шығады. Олар кетісімен Ұлқу анасын күшақтай алады.

Ұлқу. Апа... Апа... Біздің ауыл өмірінде бүйтіп тазарып көрмеген шығар. Көшелерінде көлденең шылау жоқ. Қоралардың іші айнадай таза. Клуб екеш клубтың едені де өмірінде бір рет сумен жуылды. *(Бұлыға күліп.)* Иттер ше... Олардың да даусы індікештен әрең естіледі... Ай, папамның күші-ай.

М а р и я м. Папаның емес, дөксілердің күші ғой. Солар келеді дегеннен бері әкенде ұңқы жоқ.

Ұ л қ у. Өз күшін білмейді екен ғой папам. Жұртты осылай қатаң ұстаса ғой, ауыл қандай сәнді болар еді.

М а р и я м. Папаң істемеймін дей ме, кейде оның жұмсайтын адамы жоқ, қолы қысқарып, отырып қалады.

Ұ л қ у. Әлгі Базаркүл үйінің қасына үймегея нәрссесі жоқ, тау ғып қойыпты. Біз білінбей бардық та, шырты еткізіп шырпыны қойып жіберіп едік, от лау ете қалды. От лап еткен кезде біреудің «ойбай» деген даусы қосыла шықты да, оттың ішінен атыла шыққан бір адам айдалаға қаша жөнелді.

М а р и я м (*сенбей*). Не дейді? Көң ішінен адам шықты ма?

Ұ л қ у (*күйіп*). Шыққанда қандай...

М а р и я м (*ентелен*). Ие, ие, кім екен?..

Ұ л қ у. Жыға танымадық, тегі, Шилау ма деймін!

Ш и л а у. Көпе, сүйінші, Ұлқу, апа! (*Үсті басы жұлым-жұлым, әр жері күйген шалбардан денесі жалтырап көрініп тұр. Ұлқу мен Мариям Шилаудың түріне қарап күледі. Ұялаған Шилау қаша жөнеледі. Сахна айналады, бір шетке шығып сүжірейіп өзінің мұңын айтады.*)

Сулуға сырттан қарап сыйлау екен,
Шамасын жаңа білді Шилау екен!
Қол жетпес Ұлқужаңда нем бар еді,
Шынында, милау десе, милау екен.

Сулу қыздар жақсы екен,
Жақсы қыздар тапшы екен.
Бажылдауық — бажылдауық Базаркүл
Барып тұрған бақсы екен,
Барып тұрған бақсы екен.

Қу көңіл шүйке басты менсінбейді,
Қасына одан тәуір келсін дейді.
Құрыпым Ұлқужаңға жетпеген соң,
Асылып Базаркүлдер өлсін дейді.

(*Сахна айналады. Мариям, Ұлқу, Шилау.*)
Көпсң қайда?

М а р и я м. Қазір келсіді... Ау, қалқам-ау, қайдан жүрсің? Үстіңе не болған?

Ш и л а у. Апа, сіз сұрамаңыз, мен айтпайын.

М а р и я м. Сонда да шет-жағасын білдірсенші.

Ш и л а у. Өліп тірілдім. О дүниеге барған жерімнен әйтсеуір әупіріммен қайтып келдім. Дозақтың отына салып еді, оған да жанбадым. Мінеки... (*Күйген жерлерін көрсетеді.*)

Ұлқу (күліп). Тұу, шынында да, мықты екенсіз.

Шилау. Бұл оттан тірі қалдым, сірә, мәңгі әлмейтіндігімнің белгісі шығар.

Мариям. Көп жаса, өліп неғыласың, шырағым.

Шилау. Бүйтіп көп жасағаны құрысын. О дүниенің дозағынан бұ дүниенің мазағы жаман ба деп қалдым, жеңеше.

Мариям. Не болды, сонша таусылып?

Шилау. Көпең келсін. Бәрін баяндап, ботадай бозда-тайын деп отырмын. (Ұлқу Шилауға шалбар өкеп береді. Онысы өте үлкен. Шилаудың мыңынына тұрмай түсе береді. Көпей мен Қилау кіреді. Екеуі де көңілді, мәз.)

Көпей. Жарайсың, қызым. Қоқырсықты өртегенің дұрыс болған. Ой, мынаған не болған, ей?.. Қайда жүрсің, қайдан шықтың?

Шилау (жыламсырап). Дозақтың отынан...

Қилау (мырс етіп). Дозақтың?

Ұлқу. Базаркүлдің қоқырсығын өртеген оттан шығыпты.

Көпей. Е, бәс, ішінен адам шықты деп жұрт шулап еді. Сен скенсің ғой.

Шилау. Дозақтың отынан болса — менмін.

Көпей. Мынау ауысқан шығар. Дозағың не? Базаркүлдің оты.

Шилау. Базаркүлдің оты не, дозақтың оты не? Бәрі-бір.

Көпей. Е-с, олай десең жөні келседі. Ал, енді жұмысты қойдың? Қоқырсыққа неғып тығылып жүрсің?

Шилау. Мына Қилау ғой, көң арасына тығылсаң Базаркүл таба алмайды деп...

Көпей. Базаркүлден құтыла алмайсың. «Алам» деп уәде берген соң, алып тынасың.

Шилау. Оу, Көпе, ішкен адам не демейді? Жердегі түгіл, аспандағы айды алам дер.

Мариям. Шын уәделерің бар болса, ұят емес пе, қосылу керек.

Шилау. Оу, жеңеше, уәде де бір, су да бір. Уәде бергендерді жинаса өз алдына бір ауыл болар.

Ұлқу (қабақ түзіп). Не деген тұрақсыз... Папа, қалайша шыдап жүрсің мұндайға.

Шилау. Оу, Ұлқыш, мен әйелім өлген, бойдақ адаммын.

Қилау (күліп). Не істесем де өз еркім, аяқ-қолым бос дейсің ғой?

Шилау. Қиласке, күлмесіз. Осы әйелден құтқарып берем деген уәдең бар. Міне, қағаздарды әкелдім. Көпең ескеуің көріндер.

Көпей. Бұл не қағаз?

Шилау. Базаркүл үш жылдан бері бұрау басын сындырған жоқ. Бар білгені сауда. Нағыз арамтамақ.

Көпей. Оу, сен оған бір жерде уборшида деп ақша төлеп жүрген жоқ па едің?

Шилау (*жыламсырап*). Қайтсейін, бір нәрсе ғып соттан құтқар деп жылап отырып алды. Құтқарып едім, ал енді... «аласын» деп зорлағысы келеді. Ол байға тигісі кеп отырған жоқ, мені әйелдікке алғысы келіп отыр.

Көпей. Мынау ма, мынау... Осының түртемін дегенінен-ақ шошушы едім... (*Қилауға*). Бұл істі қолыңа ал. Арамтамақ, саудагер қатынды тайрандатып жүргізе алмайтын шығармыз.

Қилау. Базаркүлге түк істей алмайсыз.

Көпей. Неге?

Қилау. Мына Шилауға қосылып алып, қызметте жоқ әйелді қызметте дейсіз, оған айма-ай паленбай сом ақша төлеп тұрасыз. Арамтамақты қорғап келген өзіңіз, істеріңізді істеп болып, өзіңізді-өзіңіз қалай ұстап бересіз.

Көпей (*Шилауға*). Сен бе, сен?!

Шилау. Оу, Көпе, менің сізге еш жазығым жоқ. Өз қолыммен істедім, өз мойныммен көтерем. Ауданға барам да, шынымды айтам.

Көпей. Жаныңның барында тез жет. Айт бәрін... Қартайған шағымда қара дақ түсіруге айналдырдыңдар-ау.

Қилау. Ешқайда жіберменіз оны.

Көпей (*шошыл*). Неге?

Қилау. Ол барса, бүлдіреді.

Көпей (*шошыл*). Неге?

Қилау. Ол барса, бүлдіреді.

Көпей (*шошыл*). Астапыралла. Тағы нені шығарды. (*Шилауға*). Әй, тағы нең бар еді?

Шилау. Білмеймін.

Мариям (*күйін-нісін*). Осы кәпірге сенбе деп, құдайдың зарын қылдым. Тыңдады ма бұл...

Ұлқу. Апа, қойшы... Қызмет бабы, бірде олай, бірде былай... (*Шығып кетеді*.)

Көпей (*Шилауға*). Әй айтасың ба, жоқ па?

Шилау. Білмеймін... (*Қилауға қарайды*.)

Қилау. Бұл барса (*Мариямды нұққал*), мына жеңгейдің көрсеткішін өсіріп өтірік жазғанын да айтуы мүмкін.

Көпей. Неғыл дейді?... Өтірігі қалай?... Әй, сол жазғаның өтірік пе еді, шынымды айтшы?

Шилау. Әрине, өтірік.

Көпей (қағалы). Мынау бір ит шығар... Әй, өтірікті неге жазасын, ә?... Өлтіргің кеп жүр ме?... Қай әкеңнің ақысы қалып еді бізде?... Бұл не қастығың?

(Шылауды қуып жүріп ұрмақ болғанда, Шылау еңкейіп қалады. Көпейдің жұдырығы Қылауға тиеді. Ол жалласынан түседі. Көпей Шылауды ұстай алмайды.)

Шылау. Менікі қастық па екен... Жеңгей орден алсын дедім... Жаз деп қоймаған мына Қылау.

Қылау (ыршып). Әй, бала, жайына жүр. Шатпа бәлеңе. Мен қашан «жаз» деп айттым? Көпеңнің қызын аламын деп бар дүниені сапырдың кеп...

Көпей (ыршып). Кім менің қызымды?... (Шылауға ұмтылады.)

Мариям. Не дейді, бөгір-ау? (Көпейді жібермейді.)

Қылау (Шылауды пұсқап). Мынау шіріктің дәмесі бар.

Шылау (кекештеніп). Оу, Қиласке, өзің айттың, жаз дедің, бәрін өзім тындырам дедің...

Көпей. Қылаужан, шап ауданға. Қайыр әлгі қағазды.

Қылау. Кеш қалдық.

Мариям. Қалқам-ау, барсайшы... Мынаның өтірігінен біз ұятқа қалатын болдық қой.

Көпей (күйініп). Өтірік оныкі емес, менікі болып шықты ғой. Мына мен сор маңдай ғой қол қойған ол қағазға! Жығылғанның үстіне жұдырықтап жатыр.

Мариям. Су түбіне кетті деген осы ендеше. Жаманшылықты алыстан күтіп сен, жақыннан шықты.

Шылау. Қылау бармаса, мен барам. Алам қағазды.

Қылау (мазақтап). О, шіркін, аларсын. Ол қағаз әр жерге, бар редакцияға кетті. Мәскеуге дейін кетті.

Шылау (сұқ түсіп). Ендеше, шын құрыдық... (Қылауға айқайлап.) Бұл Көпеңе не қастығың бар еді?

Осы кезде қасында Дөкей бар Ұлқу келеді. Дөкей шетке шығып жұрт назарынан тыс қалады.

Ұлқу. Мына елтіріні танысыздар ма?

Көпей (ұмтыла түсіп). Оу, мынау біздің әлгі қоймадан жоғалған елтірілсер ғой.

Ұлқу. Әлгі Базаркүл үйінің жанындағы күйген көң астынан шықты.

Көпей. Базаркүлдің?! Не дейді?

Базаркүл. Мен білмеймін. Мен тыққан жоқпын бұл елтірілерді. Мен білмеймін.

Ұлқу. Ұрының арты қуыс дегендей неге байбалам салдыңыз. Сізді айыптаған ешкім жоқ қой әзірге.

Базаркүл. Е, бәсе, мен айыпты емеспін.

Қилау (Базаркүлге). Құтылып кетпексің ғой. Оның бола қоймас.

Көпей (ашуланып, Шилаудың блокнотын қағып жібереді). Бөлімшенің білдей есепшісің. Тауауыңның астында мынадай ұрлық болып жатады, соны неге көрмейсің?! Сөзде бар да, істе жоқ жай пысықсың ба деймін. (Батыл.) Ал ұрым қайда менің?..

Ұлқу. Алыста емес, осы төңіректе! (Қилау сезіктерің жиырыла түседі.) Өзіңді қолпаштап, жаны ашығансып жел беріп, ақыл айтқансып, жүретіндердің бірі.

(Бәрі Қилауға тесіле қарайды...

Қилау. «Мен емес ұрпаған», — деп Базаркүлге бұрылады. Бәрі енді Базаркүлге тесіледі).

Базаркүл. Мен емес ұрпаған. Ұрлап әкелген ана Қилау. «Ешкім елмейді, көң астына апарып тың» деген де осы.

Ұлқу. Кім кінәлі, кім кінәсіз тексереміз әлі.

Есік қағылады. Жұрт шошып қалады.

Көпей. Біздің ауылда есік қағып кіретін ешкім жоқ еді. Дөкей болмаса... Кіріңіз...

(Пауза. Жұрттың бәрі: «Кіріңіз» дейді. Өзгелеріп Дыңқыш кіреді.)

Дыңқыш. Пенсия алатын болдым. Міне, хабары. «Дыңқыштың өмір бақи «Ақжол» колхозында жұмыс істегені рас, жақсы істеген» деп аудандағы үш адам кепілдеме беріпті.

Көпей. Онда жазған қағазды қайтып алатын шығарсың.

Дыңқыш. Жастайымнан бірге өскен сенің үстіңнен арыз жазып жын ұрып па мені, жазған жоқпын. Өлгі Қилау ит көпіртіп жүрген.

Дыңқыш бір шетке шығады. Дөкей мен Ұлқу ымдасып отырады. Оны Мариям сезіп қалып күйеуіне сезіреді, Көпей аңтаң өзі сасқалақтап басқа жұртқа қарайды.

Көпей. Сен қай баласың?

Дөкей. Мен Дөкеймін.

Көпей. Дөкей?!

Дөкей. Иә, Дөкей...

(Мариям, Ұлқу, Шилау жарыса күледі.)

Көпей. Мынаның дені сау ма өзі?!

Дөкей. *(сасқалақтап)*. Совхоздың директоры телеграмма бердім, сізге тапсырдым деп еді...

Көпей *(ашуланып)*. Ойнайтын адамың мен емес. Не шатып тұрсың өзің? Дөкейің не?

Дөкей. Рас, айтам, аға! Дөкеймін. Бұдан төрт жыл бұрын өзіңіз Ауыл шаруашылық институтына жіберген Қорабайдың баласы көпүлгі Дөкей ше? Неғып танымай қалдыңыз?

Көпей. Не дейді? Ой, мынау Қорабайдың күшігі ғой. *(Бәрі күледі.)*

Дөкей. Оқуды бітірдім. Содан совхоз директоры кездесіп өзімізге кел деген соң осында келіп тұрмын.

Шилау. Дөкей келеді деп сандалып жүрсек, мынау болып шықты ғой. Түртіп алайыншы.

Ұлқу. Түртетін блокнотыңызды тастамап па едіңіз?

Шилау. Иә, солай екен-ау, қап түртетін-ақ оқиға еді!..

Мариям. Дөкей шырағым, не болса да аулыңды бір сілкіндірдің. Сен келеді деп күтіп отырмыз.

Көпей *(ішек-сілесі қата күліп)*. Дөкей келеді дегенге сен тіпті есіме түссеңші. Құдай қара бастырайын десе, аяқ асты екен ғой...

Шилау. Тіпті менің де есіме келмепті ғой.

Мариям. Менің де есіме келмепті.

Көпей. Ақымақ басым, жоқ нәрседен қорқып өзімде де бар. Көзім енді ашылғандай. Адал адам үшін дөкейің көп болса, мына біздің Дөкейдей-ақ шығар.

Дыңғыш. «Қоянды қуа берсе батыр болады» дегендей, біздің Көпей — дөкей болып бара ма деймін!

Бәрі де көтеріледі. Ұлқу мен Дөкей оңашалана береді.

Ұлқу. Сағындырдың ғой. Дөкей!

Дөкей. Содан екен ғой Дөкей келеді деп ауылды дүрліктіргенің?

Ұлқу *(күліп)*. Кең астында қоқсып жатқан ауыл шаңдағын осылай сілкуге тура келді.

Дөкей. Құрған тұзағың мықты.

Ұлқу. Байқа, Дөкем, ойлаған жерден шықпасаң саған да сондай тұзақ бар.

Дөкей. Іздеп келгенім сол ғой менің. Қанс, қайда тұзағың? Өзім барып түсейін. *(Екеуі құшақтасады.)*

Шилау. Өлді деген осы шығар. Уа, жарандар, ауызма су тамызындаршы!

Шымылдық

ӘСИЯ ЖАҒАЛАР

ДРАМАЛЫҚ ПОВЕСТЬ

ҚАТЫНАСАТЫНДАР:

Зәрина — фельдшер, 18-де
Тоғаш — аға шопан, Зәринаның күйеуі, 25-те
Тынышгүл — Зәринаның шешесі
Сұрау — Зәринаның інісі
Кемел — ғалым
Жұбатқан — совхоз басшысы
Ерден — қарт шопан
Бекет — шопан
Берден — шопан
Дүкенші
Гүлсара Жанасова — дәрігер
Шах, бала көтерген әйел, секретарьша

*Оқиға алыстағы бір мал
жайылымында өтеді*

БІРІНШІ АКТ

1. МЕҒЗЕУ

Тасжарған, жыңылды, тықыр Нұра, кең атырап. Алыста қиян-қиялы тау сілемдері мұнартады. Бергі беткейде аптап күнге бөгіп, мұнартып жатқан құм төбелер. Құм мен тақыр. Нұра шеті айқып, анық. Құм жағаларды сағалап қонған киіз үйлі ауылдар. Жайылған мал нобайлары.

Зәрина (*аңырып*). Адасып кеткеннің қай жағындамын осы? Мына қырдан ассаң болды демеп пе еді? Жер жұтып кеткен бе өзін? Енді не істедім? Мәссаған безгелдеск, іздегенің осы болса... Ал айырып көр мына шытырман жолдарды?! (*Ақсақалды қария көрінеді. Қуанып.*) Не істерімді біле

алмай, дал болып тұр едім, оң кездестіңіз-ау, қария.

Қария. Айдың, күннің аمانында не көрініпті, балам-ау, осыншама қысылып?

Зәрина. Ми қайнатқан медиен далада жол таба алмай тұрсаң, ай мен күннің аمانынан не пайда, қария. Мына қырдан ассаң болды алдыңнан шығады деп еді...

Қария. Иә, дұрыс айтқан, осы қырдан ассаң болды...

Зәрина. Осы қырдан асқанда... Осыншама неткен көп жол бұл? Қайда апарады?

Қария. Сол өзің іздеген Әсия жағаларға.

Зәрина. Бәрі де ме?

Қария. Бәрі де.

Зәрина. Бұл өңірдің адамдары қызық па деймін, қай жолдың қайда апаратынын анықтап, бағдарнама неге қағып қоймаған дессеңші?

Қария. Бағдарнама әр қияға асатын, әр тарапқа апаратын жолдарға қағылады, балам.

Зәрина. Бір ғана Әсия жағаларға апаратын болса, осыншама шиырлап көп жол түсірудің не керекті болды екен?

Қария. Е, бұл көне заманнан келе жатқан қағида. Біреу тау асып барғанды ұнатады. Біреу айналып барғанды қалайды. Енді біреулер төтелеп тартады. Барар жерің біреу болғанымен жол көп. Жалғанның қызығы да осында.

Зәрина. Сонда қайсысына түскенім дұрыс?

Қария. Қайсысына түсем десең де еркінде, балам. Адаспайсың.

Жолаушы сәл кіріріп тұрады да, бір жолға түсіп ұзай береді.

2

Сахна шалғайдағы аудан орталығының сәнісіз клубына ұқсайды. Қара қожалақ қабырғаларда әр қилы ұрандар, міндеттемелер, диалогтамалар. Ортада қиюы қашқан ескі стол. Басында Жұбатқан. Жиналыс өткізіп жатқан секілді. Бірақ жалғыз. Тындырушылары көрермендер. Өлдіксізмен пікір таластыратын түрі бар.

Жұбатқан. Слушай, немене, қомсынасың ба, сонда темір пешті? Жақсыны көрмеу деген, міне, осы. Бұрын үй ортасына от жағып, бықсып, қоқсып отыратын қойшы Совет үкіметінің арқасында енді түтіннен құтылды. Бұл аз ба секіңше?! *(Ешкім үндемейді. Пауза.)*

Жолдастар! Бұл заманда қойшыдан бай адам жоқ. Табыстың көкесі соларда. Жоспарын орындаса, қосымша ақы дегенің де соларда. Біз оларға жұмақ орнаттық. Жұмақ... (Су ішіп.) Қай байдың қойшысының түсіне еніпті мұндай кереметтер. Айтшы, кәне, кәне? (Тағы да ешкім үндемейді. Пауза.) Ә, үндемейсің... Ретің бар үндемейтін.

Жүгіріп Бекет келеді.

Бекет. Апырай, Жұбатқан аға-ай, қиын болды-ау.

Жұбатқан. Сен тағы келдің бе, Бекет?

Бекет. Келмегенде қайтсін, малда жүргенде тағы да қосылып...

Жұбатқан (сөзін бөліп). Тоғашқа бар дедім ғой мен саған.

Бекет (күмілжіп). Тоғашқа барғанда...

Жұбатқан (сөзін бөліп). Айттым ғой мен саған, Тоғашқа бар деп. Тоғашқа көмекші екенсің, бар, соған бар. Сонымен сөйлес. Мәселенді сол шешеді.

Бекет. Тоғашқа барғанда...

Жұбатқан (сөзін тыңдамай). Тоғашқа айтылған, бар дедім ғой енді. (Бекет қипалақтап зорға шығады. Жұбатқан әлгі ойын жалғап.) Слушай деймін, сен өзін қой шаруашылығын... (Малмайдай су болып Ерден қарт келеді. Қасында Зәрина.) Ау, Ереке, саған не болған?

Зәрина. Атам суға кстіп қала жаздапты.

Ерден (тісі-тісіне тимей). Апырай, әлгі Тоғаш балам болмағанда...

Жұбатқан. Иә, қайтіп?

Ерден. Не қайтібі бар дейсің. Тұра тұрындаршы, ең әуелі есімді жияйын.

Зәрина. Қатты тоңған екенсің. Ыстығыңыз да бар ғой деймін.

Жұбатқан. Ал не болды?

Ерден. Не болушы еді? Мына Зәрежанның әкесі Сәрсембайдың ксбін киіс жаздадым. Дарияның түбіне қарай тасша жөнеле бергенімді білсін. Тілімді қалымаға да келтірсін алмадым.

Жұбатқан. Дарияның түбіне сені қай құдай айдап апарды? Соны айтшы?

Ерден. Айтсам, айтайын. (Зәринаға) Зәринажан, жағамды дұрыстап жіберші. (Зәрина Ерденнің жағасын дұрыстайды.) Дарияның түбіне айдап апарған құдай тап мына сендерсіңдер, Жұбатқан.

Жұбатқан. Мына біз бе?

Ерден. Тап сендер.

Жұбатқан (*Заринаға*). Мына шал есінен адасқан шығар.

Ерден. Қыс салпақтап Қызылқұм барасың. Жаз салпақтап Жазыққұм келесің. Көктемде салпақтап Сырдан өтесің. Ерте өтсең бір пәле, боран соғып кетіп бар малды қырып алуың мүмкін. Ауа райын бажайлап кешеулей берсең тағы пәле. Мұз түсіп кетеді. Сосын өкпенді өшіріп, паромнан кезек күтіп апталап жатқаның арғы бетте. Не сұмдық бұл. Әй, сен осы шотаяққа ұқсаған жауырыныңды көрсете бермей, бері қарашы, Жұбатқан! Ана қала аузындағыдай қалқыма көпір құра салудың несі қиын осы сендерге? Кезегелерің неге кейін тартып тұрады осы біз дегенде? Неге ойламайсындар осыны?

Жұбатқан. Бәрі де болады, ақсақал. Аптықпа.

Ерден. Болады... болады... осы боладыны айтып келе жатқанына он жыл болды ғой. Былтыр да болады, алдыңғы жылы да болады?

Кетеді.

Жұбатқан. Ау, Ерден... Сен өзің қой шаруашылығын...

3

Жасаулы отау үй. Терзеден Дарияның арнасы, аласа тоқал үйлер көрінеді. Солардан екі қабат бір үй оқишауырақ тұрады. Дала бұлыңғыр. Қар жапалақтайды. Үй іші көшуге қам жазған. Тынышгүл кіріп-шығып, төсек-орынды буып-түйіп жүр.

Сұрау. Апа, Зарина тәтем сөйтіп Жазыққұмға кете ме? Тынышгүл. Жазыққұмға кетеді.

Сұрау. Біржола көшіп кете ме?

Тынышгүл. Неге біржола кетеді? Күзде мал Қызылқұмға қайтқанда қайтып келсіді.

Сұрау (*аз-кем тоқтап*). Неге бізден бөлініп кетті?

Тынышгүл. Әлі үлкен жігіт болған соң, сен де бір шүйке басқа ересің де, мені тастап кете барасың.

Сұрау. Иә деген, маған шүйкебастың керекті жоқ.

Тынышгүл. Ей, жазған-ау, сонда сен не, ана Барлықбайдың Байбатырына ұқсап, бұл өмірден қатынсыз өтпексің бе, ку тізгенді құшақтап. О не дегені-сі. «Маған сен керек емессің, қатын керек»,— деп ертең-ақ шыға келерсің.

Сұрау өкпелеп, орнынан тұрып кетеді.

Жә, қой енді, ойнап айтам... Қазір Тоғаш жездесі келіп қалады.

Зәрина. Апа, мемлекеттік емтиханды тапсырып шықтым жаңа. Училищені бітірдік сөйтіп.

Сұрау. Оһо, Зәрина тәтем училищені бітірді, дәрігер болады енді. *(Жүгіріп шығып кетеді.)*

Тынышгүл. О, айналайын, бітірдің бе қоймай жүріп. Құтты біздің үйдегі жарықтықтың өзі секілді. Ойна бірдеме алса, бітірмей тынбайды.

Зәрина *(түсі өзгеріп)*. Менің тойымда құдағиды шаңыраққа асам деп саған жармасқан кішкене шал бар еді ғой...

Тынышгүл. Иә, алгі қауқар құда ғой?..

Зәрина. Сол атай суға кетіп қала жаздапты.

Тынышгүл. Не дейді?!

Зәрина *(мақтаныңқырап)*. Қорықпай-ақ қой, күйеу балаң шығарып алыпты. Атайдың өзі айтты әлгіде.

Тынышгүл. Сенің әкең де өстіп қой соңында салпақтап жүріп суға кетті ғой. *(Жыламсырап.)* Жазған бала ертеректе кездеспеді ғой... Ерте кездесе сенің әкеңді де мына қауқар құдаға ұқсатып судан суырып алатын еді ғой...

Қолымда жөртеске ораған баласы бар әйел келеді.

Нәресте шыр-шыр етеді.

Әйел. Шырақжан, мына жазған екі күннен бері емшек салмай қойды. Шалқалақтап жылай береді, жылай береді. Көрші, шырағым.

Зәрина. Ауруханаға неге бармадың?

Әйел. Ойбай-ау, онда барсам, бөлніске саламыз деп тұра бас сала ма деп қорықтым ғой, шырақжан.

Зәрина. Мына бөлмеге алып жүрші.

Екеуі кетеді. Тоғаш пен Бекет келеді.

Тоғаш. Бекет, сен оныңды қой деймін. Ылғи бір бүйректен сирақ шығарасың да жүресің. Әйелің екі қабат болмақ түгіл, төрт қабат болса да рұқсат ете алмаймыз. Сені маған көмекші етіп тағайындап берді ме, берді. Олай болса, қара су теріс ақса да рұқсат жоқ. Жұбатқанның бұйрығы осылай. Ал жөнел, мал есіз қалмасың. Кешікпей мен де барам.

Тынышгүл. Келін байғұстың күні таянып қалып па еді.

Бекет. Жоқ, шама бойынша жаз ортасына қарай.

Тынышгүл. Е, бәсе, іші тым кіші секілді еді.

Бекет. Бірақ жүрегі жаман. Әлгінде жүрегі қысып, ауруханаға алып кетіпті. Соған барып шығайын десем...

Тоғаш. Бекет, айтылды ғой саған. Бар деймін...

(*Бекет кеткісі келмей зорға шығады.*)

Апа, Зәрина қайда?

Тынышгүл (*екінші бөлмені көрсетіп*). Жылағанын қояйын деді ғой жазған бала.

Қолында жөргекке ораған бала Зәрина көрінеді.

Қасында әйел.

Зәрина. Жеңшестай, баланы мазалайтын кіндігі. (*Баланы шешесіне беріп*.) Көрдің ғой снді. Күнде жаңағыдай етіп мына ертіндімен жуып отыр.

Әйел (*ұялып*). Тұңғышымыз ғой. Тамағынан, маңдайынан иіскей беріппіз. Төменгі жағына кім көз салған.

Тоғаш. Ау, Зәрина, сен тіпті болмай жатып, дәрігерлік құра бастағансың ба? Таста оны. Осы жұрт сенсіз де бала өсіріп, жан баққан. Ең әуелі, аман-есен қойды өткізіп алайық бергі бетке.

Әйел. Мал-мал деп-ақ өлетін болдық-ау осы.

Тоғаш. Әй, қатын, көкімсе өйтіп. Шалқақтасаң, сол малдың арқасында шалқақтап жүрсің. Андағы баланы таста да, өткел аузындағы байыңа бар. Ыстық су апарып бер, сң болмаса, аузын жылытсын.

Әйел. «Әй, өй», деп немсис осы! Жалғанды қонышынан басып жүретін әдетің-ау. Барам ба, бармаймын ба, өз ша-руам. Не жұмысың бар?

Тынышгүл әйелдің қасына келіп ым жасайды.

Байланыспай-ақ қой деген сияқты.

Тынышгүл. Әлгі Зәрсжанның айтқанын істе. Жарайды снді...

Әйел. Қайдан білсін, тіпті қит етсе, «әй, қатын!» деп қоя берсіді. (*Кетеді.*)

Зәрина. Ренжіп қалды ғой, байқап неге сөйлеспейсің осындайда.

Тоғаш. Байқап сөйлесетін түгі де жоқ. Байы үш күннен бері Дарияның арғы бстінде күндіз-түні малмен алысады. Ал бұл болса, жылы үйде шалқақтаумен жүр.

Зәрина. Оның күйсуі сөйтті екен деп қырылып қаламыз ба снді. Кез келгенге жөн үйресте беріп керсегі не?

Тынышгүл. Қайтсін, баласы ауру көрінеді ғой.

Тоғаш. Алдындағы отарынан айрылып қалса, ертең Жұбатқандардың алдында «балам ауру сді» деген дәлел болмайды.

Зәрина. Неге дәлел болмайды. Ауру баланы далаға тастай алмайды ғой енді. Оған да бағушы, қағушы керек емес пе!

Тоғаш Зәринаға одырап бір қарайды. Бірақ үндемейді.. Іштей қыстықданып байқатып олай-бұлай жүре бастайды.

Тоғаш. Апа, шайың бар ма?
Тынышгүл. Бар, шырағым, бар, қазір.

Шай дайындай бастайды, Тоғаш терезеге барады.

Тоғаш. Дауыл қайта көтерілді. Бүгін тағы да өте алмайтын болдық-ау бергі бетке. *(Ойланyp.)* Әлгі Сұрау қайда жүр осы? Керек кезде зым-зия жоғалады да кетеді.

Зәрина. Бала емес пе, ойнап жүрген шығар.

Тынышгүл. Сұраужан неге керек болды, шырағым? Бірдемеге жұмсаймы деп пе едің?

Тоғаш. Иә, мен барғанша, алгі Бекетпен бірге қой қайырыса түр дейін деп ем.

Зәрина. Сұрау қой қайырыса ала ма мына дауылда?

Тоғаш. Өбектей беретін түх те жоқ. Барып қайырыса тұрса, шегі шықпайды. Бір отар қойды дәл сол Сұраудай күнімде алғаймын мен.

Тынышгүл. Сұраужан қазір келе қояр деймісің. Баққан малымыз ғой. Мен бара тұрайын. *(Дайындаға бастайды.)*

Зәрина. Жоқ, апа, мен барайын.

Тынышгүл. Қойшы, жаным, ерлі-зайыпты болып оңаша отырып бір шүйіркелесетін кезі болмай ма екен адамның. Тоғашжан болса — мал-мал деп, сен болсаң — емтихан-емтихан деп күндерің өтіп барады. Ештеңесі жоқ.

Тоғаш. Онда Бекетке айта сал, байқаулы болсын. Кешікпей мен де барам.

Тынышгүл. Айтайын, шырағым.

Кетеді.

Тоғаш. Ал шүйіркелесейікші бір. Қатын, ал шай құйшы.

Зәрина еркелесетінін байқатып теріс қарайды.

Ал, ал кешірім ст. Қатын смессің, әйелсің, жоқ, қызсың.

Зәринаны бөрі қаратып алады.

Әдеттері ғой әйел біткеннің қатын десе кейіп қалатын. Кемпірлердің өзі де «қыз секілдісің әлі» дессең қылмындай бастайды. Не болды саған, Зәрина?

Зәрина. Жай... (Пауза.) Мен бүгін соңғы емтиханды тапсырдым.

Тоғаш. Жақсы болған. Жазыққұмға барған соң той жасаймыз.

Зәрина. Керегі жоқ тойдың. Жұрт ішеді, жейді. Қыза-қыза бір-біріне жеңсік бермей дауласады. Ал мен болсам қазаи-ошақпен алысамын. Ондай тойдың рахаты не?

Тоғаш. Енді не керек?

Зәрина. Бүгін училищеде комиссия жұмыс істеп жатыр. Кімнің қайда баратынын сұрайды. Мен осында қалам дедім. Комиссияның бір мүшесі «осында деген жалпылама сөз, қарағым. Қайда істегің келеді, соны айт»,— деп тұрып алды. Мен үндемедім...

Тоғаш. Үндемегені несі. Күйеуге шықтым, күйеуіммен бірге мал бағамын демедің бе?

Зәрина (аз-кем бөгеліп). Училищені бітіріп қой бағам десем: «Қой бағу үшін училище бітірудің не керегі бар еді?!»— деп күлмей ме.

Тоғаш. Неге күледі? Қайта газет біткен «Сәрсенбаева Зәрина аурулар училищесін...»

Зәрина (сөзін бөліп). Дәрігерлік училище де.

Тоғаш. Иә, «дәрігерлік училищені бітіріп, қойшы болып кетті,»— деп шулайтын болады. Жұртқа өнетте етіп таратады.

Зәрина. Осындай сөзді естігенде жүрегім сыздайды. Жаралғанда көзін қоймен ашқан қазаққа «Қойға барындар!» деп жар салудың не жөні бар осы?

Тоғаш. Газет қалай деп жазса, солай болуға тиісті. «Біздің келешегіміз қойменсін»,— деп Жұбатқан бекер айтып жүрген жоқ. Оған бола бас қатырмай-ақ қой. Ондайды аудан, облыс басшылары ойлайды, білдің бе?

Зәрина. Білдім, Тоғаш. (Күрсініп). Білдім.

Тоғаш. Білсең сол.

Зәрина. Мен саған көптен бері айтам деп айта алмай жүрген бір сөзім бар еді...

Тоғаш. Иә, айт.

Зәрина (қиналып). Тілімді алсаң, қойдан шық.

Тоғаш. Ха... ха... ха!.. Ал сосын? Қойдан шыққанда не істемекпін?

Зәрина. Істейтін іс табылады. Қалаға барамыз. Мен ауруханалардың бірінде қызмет істей тұрам, сен оқисың.

Тоғаш. Жөн, жөн. (Сықылықтап күледі.)

Зәрина (күлкісіне мән бермей). Сен оқуды бітіресің де, қызметке орналасасың. Содан кейін мен оқитын болам.

Тоғаш *(күлкіден тыйылып)*. Қой, шырағым, ондай тәлкекті. Ана Жұбатқанға қарашы, не бары жеті-ақ класс білімі бар. Сөйте тұра бір ауылдың алдына жан салмайтын қожасы. Міне, мен де оқымай-ақ адам болып кеттім... Оки беріп немене, езіп ішесің бе? Онсыз да «сенің қатының оқымысты» дегенді екінің бірі айтып көзге шұжытын болды осы күні.

Зәрина *(мұңайып)*. Сен ертең отарды айдап Жазыққұмға көшесің. Ал мен болсам... Осында қалам...

Тоғаш *(сеніңкіремей)*. Еңе, қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көретін болдық қой?

Зәрина. Күлкісі жоқ, Тоғаш. Мен саған өткен-кеткен адамдардан сәлем жолдап, хаттар жазып тұрам, сенімге толы әдемі хаттар.

Тоғаш. Естімеген елде көп деген осы екен-ау. Тірі болсақ талай-талай кереметті естіріміз де, көрерміз де әлі.

Зәрина. Латында бір мақал бар екен, орысша айтқанда: «Оранжерея хорошо, но жить в ней нельзя».

Тоғаш *(түсінбей)*. Немене, немене?

Зәрина *(күліп)*. Оранжерея... оранжерея. Қазақша айтқанда гүл өсіретін үй. Міне, сол гүл өсіретін үй сондай жақсы. Бірақ онда тұрып болмайды. Түрлі хош иістерге елтіп басың айналады.

Тоғаш. Ранжінді қой, шырағым. Жазыққұмға неге бармаймын дейсің, сонындай айтшы?

Зәрина. Сен мал бағасың. Ал мен не істеймін Жазыққұмға барғанда?

Сырттап Жұбатқаннның даусы шығады.

Жұбатқаннның даусы. Тоғаш, о Тоғаш? Слушай, қайдасың деймін?

Тоғаш. Жұбатқан ғой мынау. *(Абыржиды.)*

Жұбатқан. Ойбай-ау, қойыннан айрылдың ғой...

Тоғаш. Қойы құрсын, Жұбақа, шатақ болып жатыр мұнда.

Жұбатқан. Ис, не шатақ?

Тоғаш. Мына Зәрина Жазыққұмда мен істейтін ештеңе жоқ, осында қалам, көшпеймін дейді.

Жұбатқан. Істейтін ештеңе жоғы қалай? Дәрігерге жұмыс табылмай ма скен? Ең алдымен аурухана саламыз. Сосын санаторий орнатамыз. Сосын... *(Бөгеліп.)* Қысқасы, Жазыққұмды мүлде жайнатып жібереміз. Бұл жұмыс емес пе скен?

Зәрина. Бәрін қойып, мсдпункт аштырасаңыз да жарар еді сң алдымен.

Жұбатқан. Слушай, бәрі де болады. Жұбатқан айтпайды. Жұбатқан айтса, болды дей бер.

Тоғаш. Е, бәсе...

Зәрина кетіп қалады.

Жұбатқан. Слушай, әйелім екен деп ашық ауыздық жасама. Медпункт ашсақ дәрігер табылады. Жазыққұмға баратын, бірақ қойшы табылмайды. Білдің бе?

Тоғаш. Білдім, Жұбақа.

Жұбатқан. Слушай, сен малыңа сақ бол. Биыл өзінді геройлыққа ұсынамыз ба деген ой бар. Білдің бе?

Тоғаш. Білдім, Жұбақа.

Қараңғылық.

Тоғаш үйінің ауласы. Тынышгүл мазасы.

Тынышгүл. Сорлы балаға барма деп едім... Тоғаш келіп қалса, не деймін енді?!

Жүгіріп Сұрау келеді.

Сұрау. Апа, осында бір топ жігіттер келе жатыр. Жаңа дүкеннен шықты. Тоғаш жездеме: «Ферма бастығы болдың, жуасың қайтсең де»,— деп болмады. *(Шығып кетеді)*.

Тынышгүл. Не дейді? Апырау, енді не істедім? *(Сасқалақтап.)* Шеше тілін алмаған соң не шара!..

Жүгіріп сыртқа шығады. Сыртта дабырлаған дауыстар.

Берден. Ал, көне, үйге кірмейміз бе?

Бекет. Кірсек, кірейік.

Берден. Ой, бұл иттің әйелі оқымысты көрінген. Жөндеп шай берер дейсің бе? Қашан келсең де кітапқа үніледі де отырады. Бөксесін бір көтермейді-ау, жарықтық. Әйелі қайда ой мұның?

Бекет. Әйелі дәрігер ғой. Үйінде отрмайды. Жағалай жүріп ауруларды емдейді.

Берден. Шіркін, өзіміздің әйелді айтсайшы. Көгендеулі қозы секілді. Күн дейсің бе, түн дейсің бе, қойып кеткен жеріңнен табылады.

Бекет. Ей, қойшы, қатыныңды мақтай бермей, тандайым кебірсіп барады. Бірдемесі бар ма екен?

Тінгіп арақ іздей бастайды.

Берден. Әй, бірақ оқымысты әйелі бар иттің үйінде арақ тұра ма? *(Ана екеуін оңашалап.)* Әй, мұның қатыны

ауырған баланы арақпен шомылдырады дейді ғой.
(*Шыңылқып күледі.*)

Бекет. Қаңқу сөз шығар. Баласы ауырмайтын қазақ жоқ, шашы шақ келеді дейсің бұл сорлының. (*Күіседі.*)

Берден. Ойбай-ай, алгі Тоғаштың өзі қайда? Содан айрылып қалмайық.

Есіктен Тоғаш көрінеді. Қойны-қонышы тояған арақ.

Тоғаш. Мен мұндамын, жігіттер. Айрылып қалмайсыңдар Тоғаштан. Тиын санаған Тоғашты қашан көріп едіңдер! (*Тоғаш бұтылқаларды алып жерге қоя бастайды.*) Сендердің қамдарың ғой, жігіттер, менің кешігіп жатқаным. Қатен! О, қатен!..

Өзгелерден бөлініп алға шығады.

Зәрина? Ә, Зәрина?!

Бір бүйірден Тынышгүл көрінеді.

Зәрина қайда?

Тынышгүл (*сасқалақтап*). Ертемен кетіп еді. Келмей жатыр...

Тоғаш. Осы сендер оңай деп ойлайсыңдар ма? Мен ферма бастығы болдым, ферма бастығы... Білдің бе, ферма бастығы. Аналардың бірі де ферма бастығы болған жоқ, мен болдым ферма бастығы. Оңай болса, солардың бірін тағайындай салмас па еді. Жок, олардың бірін де тағайындаған жоқ. Мені, Тоғашты, тағайындады. Тоғашты. Осыны неге түсінбейді ол?

Тынышгүл. Түсінеді, жаным, түсінеді ғой.

Тоғаш. Түсінеді... Түсінсе үйде неге отырмайды.

Тынышгүл. Қазір келіп қалар енді. Сабыр етші, Тоғашжан. Мен шай қоя берейін, бара тұршы, күте тұршы, кішкене.

Тынышгүл абыржып бәйек болып жүреді.

Қайдан келе қалып еді ойда жоқта. Ашты ішекше шұбатылып шықпай қойған жоқ па, сорлы неме. Қалай бармайды енді. (*Ойланп.*) Жазған баланың өзінде де бар. Төбе көрсеткен соң тезірек қайтып отырмай ма ауыл қайдасың деп. Өйте ме байғұс бала. Қай уақытта кім неменемен ауырып еді деп, әңкүр-мәңкүрше өткен-кеткеннің бәрін тексеріске алып жатқан шығар қадалып?

Зәрина келеді.

Неғып кешіктің, шырағым-ау?

Зәрина. Осы жұртқа таным бар, апа. Құдай-ау, қалай ел болып; бала өсіріп жатырмыз десейші. Кәдуілгі баланың үсті-басын таза ұстау деген бар ғой, соны құнттамайды.

Үйден дабырлаған дауыстар шығады. Біреулер әндетіп жатыр.

Зәрина. Апа, үйде біреулер бар ма?

Тыныш ғүл. Тоғаштың жолдастары. Сені іздеп жатыр, тезірек үйге кір, жаным.

Зәрина үйге беттейді. Босаған арақ бутылкалары.

Зәринаның келгенін ешкім байқамайды.

Тоғаш (өлеңдетіп).

Қарағым айналайын, келдің қайдан?

Ала үйрек алма мойып ұшар сайдан...

Берден (кейін). Әй, әй, Тоғаш, сен қой, білдің бе? Сенде дауыс жоқ. Ферма бастығы болдым деп сен бар ғой... Бәрібір дауыс жоқ сенде... Бірінші дауыс мына менде. Менің даусым бірінші дауыс, білдің бе? Ал сонан кейінгі дауыс ана Бекетте. Бекеттің даусы екінші дауыс. Ал, кәне, Бекет скеуміз қосыламыз.

Тоғаш. Оттапсындар. Менің даусым бірінші де дауыс емес, екінші де дауыс емес, менің даусым... безразмерный дауыс, білдің бе? Өзім айтам.

Айналайын, қарағым-ай, келдің қайдан?

Ала үйрек алма...

Мойнып көрсетеді де, қолымсып ұшып кетті дегені білдіреді.

Жұрт сол кезде Зәринаның келгенін аңғарып шуласа бастайды.

Берден. О, Зәрина келді.

Бекет. Зәке, Зәрежан, кел кел. Күйеуің ферма бастығы болды.

Зәрина. Е, жақсы болған.

Тоғаш (Зәринаның даусын естіп). Ау, қатын, қайда жүрсің, сй сен? Мен ферма бастығы болдым. Мен ферма бастығы... ал менің әйелім аурулар училищесін бітірген.

Зәрина (қасына келіп қисайып кеткен жағасын түзеп). Қанша айтам, саған, аурулар училищесі емес. Ондай училище жоқ өмірде. Дәрігерлік училище.

Тоғаш. Жоқ, аурулар училищесі. Аурулар, білдің бе? Мен солай дсймін. Солай болады да...

Бекет. Біраз отырып, ойнап-күлдік, осы да жетер, тарқайық, жігіттер.

Берден. Тарқаймыз. Неге тарқаймыз! Бұл ферма бастығы болған Тоғаштың тойы. Ал көмекшіліктен аға шопан болған Бекеттің тойы қайда?

Тоғаш. Е, бәсе, ендігі той сенде, жалтарма! Жалтарма!

Бекет. Қарсылық жоқ қой оған. Бірақ әйелім сырқат қой... Балністен жаңа шықты ғой...

Берден. Жоқты сылтауратып жалтарма дедік қой саған. Бір тоқтыны алып ұрып соясың. Той жасайсың. Жүріңдер, жігіттер.

Жұрт қопарыла береді.

Бекет. Алырай, әйел байғұс ауру еді, не болар екен енді? Жә, жүрші.

Бекет пен Берден шығып кетеді.

Тоғаш (*масаң*). Аурулар училищесі. Мен солай дедім, солай болады да. Аурулар...

Ұйықтап кетеді.

Зәрина. Апа, Сұраужан. (*Жыламсырал.*) Бүйткен өмірі құрысын да. Апа деймін, Сұрау, Сұрау. Әй, Сұрау, қайсың барсын?

Тынышгүл мен Сұрау келеді.

Тынышгүл. О не, қарағым? Тағы да жатып қалған ба? Әйтеуір бір жақсы жері — ішсе байланыспайды. Үндесмей, отырып-отырып бір кезде сылқ ете түседі. Бұған да болса шүкіршілік, ішіп алған соң еліріп, екі аяғыңды бір стікке тықса не істер ең.

Екеуі бірігіп, көтеріп салмақ болады.

Зәрина. Жалған түйснің жарты стіндей болып, жатқанын қарашы. Бауыздап тастаса да түк білер емес.

Сұрау. О-хо, соғыс болып өткен секілді ғой.

Тынышгүл. Сұраужан, әй, еркексің ғой, мұнда келші, мына жезденді былай апарып жатқызайық.

Зәрина. Жатсыншы осылай. Несіне әуре боламыз төсекке апарамыз деп.

Сұрау. Тәте деймін-ау, жытылғанша неге ішсе береді дессіңші. Толтырып-толтырып бір-екі стакан ішсе болмай ма? Оның орнына шишалап құлата береді, құлата береді.

Зәрина. Әлі өскенде сен де өсітерсің. Мыналарды көріп жүріп, ұзап қайда барамын дейсің.

Сұрау. Өйтпеймін мен. Өйтпеймін деген соң, ойтпеймін. Білдің бе, тәте!

Тыныш гүл. Қайтсін. Ішейін деп ішеді дейсің бе, реті болады ғой осындай бір. Біреу жоғарылап жатады, біреу орнынан алынады. Біреу балалы болады, біреу қаралы болады дегендей, қайғырса да, қуанса да араққа жүгінетін заман ғой.

Зәрина. Күйеу балаңның жығылып қалғанын ақтағалы тұрсың ба енді?

Жағын таңған дүкенші көрінеді.

Дүкенші. Келінжан-ай, дүкенде зорға тұр едім, мына тісі құрғырдың қақсап әкетіп бара жатқаны.

Зәрина. Қазір, қайнаға. Қазір.

Дүкенші. Зәринажан-ай, шыдатпай барады, енді не істедім.

Зәрина. Қазір, қазір.

Дүкенші. Мына тісі құрғыр түнімен қақсап, қадір түнін күзеткендей көрер танды көзіммен атқызады. Әкетіп барады.

Зәрина. Мен не істей алам, ағатай. Қолымда не аспап жоқ, не дәрі жоқ.

Дүкенші. Сонда да бір амалын ойластыра көрші, келінжан. Ауданға барайын десем, ауыл-үй шай-қантсыз қалады ғой, қалқам. Ұртымның бәрі жалқаяқ ісік.

Зәрина. Кәне, аузыңызды ашыңызшы.

Дүкенші аузын ашады. Зәрина өрлі-берлі қарайды.

Дүкенші қайнаға, мен ештеңені көріп тұрған жоқпын.

Дүкенші. Ойбай, келінжан-ай, қалай көрмейсің. Ана қызыл етін қара, қызыл етін. Келінжан-ай, аздап арақ тамызып бассам қалай болар еді.

Зәрина (енді түсініп). О, онда жақсы болады. Манадан бері соныңызды айтпайсыз ба.

Стаканға арақ толтырып дүкеншіге ұсынады.

Дүкенші (қипақтап). Дөкеге тамызып бассам...

Зәрина. Жок, дүкенші қайнаға. Тіс ауруына осылай басқан дұрыс болады.

Дүкенші. Осылай дедің-ау, келінжан.

Зәрина. Иә, иә, осылай. Енді қалай болды, қайнаға? (Дүкенші бір стаканды қағып салады.)

Дүкенші (тамсанып). Әлгіндей емес, басылайын деді ме қалай?

Зәрина (стаканға құйып беріп). Мынаны да ішіп жіберіңіз.

Дүкенші. Мұны ішсем мүлдем жазылып кетем бе, келінжан?

Зәрина. Иә, мүлдем жазылып кетесіз, қайнаға.

Дүкенші. Ішсем ішейін, онда. *(Ішіп болып.)* О, құлдың болып кетейін, келінжан, айнып кеттім ғой тіптен. Хе-хе...

Шығып кетеді. Тоғаш қорылы күшейе түседі. Зәрина ауыр ойда.

Қарғылық. Музыка.

Тоғаштың үйінің алды. Кемел жұмыс үстінде.

Зәрина. Кемел аға, сазды сордың екі тұсынан алдым.

Кемел. Өте жақсы. Ертең жүретін біреу болса, машинасына тиіп жіберейік. Ондағылар күтіп отыр.

Зәрина. Кемел аға, мені бір азапқа салып қойдыңыз ғой. Түбінде бірдеңе шығара алсақ жақсы болар еді-ау. *(Сұрау келеді.)*

Керек кезде сен де зым-зия болып кетесің.

Сұрау. Тоғаш жездем жібермеді ғой, қой қайырасың деп. Арамтамақ, ең болмаса, ішкен-жегенінді ақта деп жекіді. Сосын малға кеттім.

Зәрина. Кемел аға, кейінгі кезде осы ініңізді түсінбей бара жатырмын. Мен сорлы, дәрігер болсам, адам бойындағы кеселдермен күресем, тіпті жеңе алмасам да күресе берсем деп армандаймын. Бұл ойымды Тоғаштың тыңдағысы да келмейді.

Кемел. Азапсыз рахат болмайды, Зәрина. Тоғаш ақылсыз жігіт емес, түсінеді әлі.

Зәрина. Қайдам, Кемел аға...

Кемел *(ойланып)*. Ал мен тағы да бір барып қайтайын. Дәлеліміздің тапжылтпайтын болғаны дұрыс. *(Кетеді.)*

Екінші жақтан Тоғаш келеді.

Тоғаш. Шаршап келдім, шай әкелші.

Зәрина. Қазір қояйын.

Тоғаш. Күйеуім бір шөлдеп келеді-ау, шай дайындап қояйыншы деу ғой ойыңа бір кірмейді, қашан қатын боп жарытасың осы?

Зәрина. Онда шалап іше тұрсаң қайтесің?

Тоғаш. У болса да әкелші.

Зәрина шалап жасап өкеледі.

Зәрина. Жұбатқан аға хабарласқан жоқ па?

Тоғаш. Хабарласты.

Зәрина. Не дейді?

Тоғаш. Оның саған не керекі бар?

Зәрина. Бар керегі.

Тоғаш. Керегі болса, айтшы қане?

Зәрина. Мен адам смеспін бе? Ылғи кекетесің де отырасың өстіп.

Тоғаш. Адамсың, адамсың. Айтайын керегі болса, Жұбатқан бүгін рациямен сөйлесті. Қой қырку науқанын бір аптада аяқтандар. Жүн өткізуге он күн срок. Орында-масаңдар, бастарыңмен жауап бересіңдер деді. Айтсам сол.

Тоғаш хайта киіне бастайды. Өлденені іздеп жүріп саз салыпқан құмыраның бірін домалатып кетеді. Кейнді.

Мына балелерің не осы сенің?

Зәрина. Қазір, қазір. Ол әлгі Кемел ағаның...

Тоғаш *(сөзін бөліп)*. О, Кемел ағаң да, өзің де бар бол. Бар болыңдар! Әлгі шұлғауы түскір қайда? Құмыраларды самсатқанша, қатын болып шұлғауымды дайындап қоймайсың ба?

Шыға беріп қайта оралады.

Жұбатқаннан тағы бір хабар бар. Бүңкіт ашылмайтын болды. Зәрина үйде отыра алмаса, қойға барсын деді.

Шығып кетеді. Зәрина мұңайып отырып қалады.

Сыртта әйел даусы шығады.

Әйсл даусы. Әй, Тоғаш, Зәре келін үйде ме?

Тоғаш. Зәре келінді қайтсөйін деп ең?

Әйсл. Қайтсөйіні несі, құдай-ау. Әлгі біздің үйдегі ағаң сырқаттанып қалды. Зәре келінің қолы смсекті еді, шақырып кел деп жіберді.

Тоғаш. Сырқаттанбақ түгіл, арам неге қатпайды. Бар, Зәрина жоқ.

Әйсл. Ау, шырағым, арам қаты не? Есің дұрыс па өзіңнің?

Тоғаш. Немсене, дұрыс смес деп өстіп не едіңдер.? Бар деймін. Жұрт үшін алған қатын жоқ. Қатынды мен өзім үшін алғам. Түсінікті ме? Ал бар, сінді. Бастарың ауырса, салып осында келесіңдер. Бүңкітің жоқ мұнда ашып қойған. Қарамды көрмендер бұдан былай.

Тоғаш пен әйел дабырласқан қалпы алыстай береді.

Зәрина. Сұмдық-ай, мына Тоғашқа не болған? Қарап тұрып жасы үлкен адамға кет дегені несі? Ұят-ай... *(Пауза.)* Әлде... әлде осы менің істеп жүргенім қате ме екен? Шынында да, Тоғаштың осыншама ширығуына мен себепкер

болармын ба? Кішкене кезімде әжем марқұмның апам: «Күйеу тілін алған әйел қор болмайды»,— деп отырғанын талай естігенім бар еді. Жаны бар-ау, осы сөздің... Рас, рас, ерте кетеді, кеш келеді... Сонда ыстық асы мен салуды төсегі дайын тұрмаса, еркек бишараға ол үйдің несі сән? Қойшы, қысқа жазда көбелек қуалаған балаға ұқсамайыншы. Тастайыншы бәрін де. Қай қазақтың әйелі ұшпаққа ұшып жатыр. Бәрі де қыз кезінде әр түрлі арманның жетегінде алабұрттып жүреді де, тұрмысқа шығып, қазан-ошақпен араласқан соң қош айтпай ма бәрімен. Мен де солардың бірі шығармын. Әуреленбейін. Басы ауырмақ түгіл өлейін деп жатыр десе де, Тоғашты ренжітіп бармайтын болайын ешқайда. Будым белімді осыған.

Зәрина ойда. Жүгіріп Бекет келеді.

Бекет. Ойбай, Зәрина, қайдасың? *(Зәрина үндемейді.)* Ойбай, болшы, тезірек, әлгі Биғайшажанды толғақ қысып жатыр.

Зәрина...

Бекет. Кемпір атаулыда қысап жоқ, кетіндер десем болмайды, ата-бабаның мирасы деп.

Зәрина. Қазір, қазір...

Бекет. Біреулері үйді сабалап, біреулері отқа қарынның құрышын тастап ит әлек... Жүр, енді тезірек.

Зәрина...

Бекет. Жүр деймін, тезірек. Былай құр тартып, Биғайшажанды бүйітіп асып қойды. Биғайшажанда не ес бар дейсің, бар айтқаны, тұншығып барам, бірге өскен құрбым еді, Зәринаны шақыршы тезірек деді. Биғайшажан осыдан аман-есен босанды ғой... Әй, Зәрстай, қуаныштың көкесі сол болар еді ғой...

Зәрина оянып кеткендей.

Зәрина. Биғайша дейсің бе? Қазір, қазір.

Жиндылып болып шығып кетеді. Жағы тақулы дүкенші келеді.

Дүкенші. Келсең?... Ө келсең... Келінжан-ау, әкетіп барады мына тісі құрғыр. *(Ыңқылдайды.)*

Екінші жақтан Тоғаш көрінеді. Дүкеншінің даусын естіп, басылап тыңдайды.

Келінжан, қайдасың, келсең? Ең болмаса, тісі құрғырға бірер тамшы болса... Келсең...

Тоғаш. Мә, саған бірер тамшы, сақалды сайтан! *(Жағын таңған орамалды сытырып алады.)* Тамыззатын

болсаң, ана дүкеніңде тұрған жоқ па жәшік-жәшігімен.
Тамыз сонда бар да.

Дүкенші. Бұл иттің баласы қай жақтан сап ете қалып
еді.

Тоғаш. Көрдім ғой көресіні!..

Өлденені ұмыт қалдырған Зәрина қайтып келеді.

Зәрина. Саған не болған? Мыналарың не?

Тоғаш. Саған не болған, саған не деймін?

Зәрина (*өр жерді қарманып жоқ іздеп*). Маған ештеңе
де болған жоқ.

Тоғаш. Жоқ, болған саған.

Зәрина (*жогын тауып*). Ә, мында тұр екен ғой. (Шыға
бастайды.)

Тоғаш. Тағы қайда кеттің?

Зәрина. Әлгі Биғайша босана алмай қысылып жатыр
екен. Далада Бекет күтіп тұр...

Тоғаш. Биғайша болмақ түгіл, Биғайшаның әкесі бо-
санса да бармайсың.

Зәрина. Бірге өскен құрбы ғой, қалай бармаймын
қысылып жатқанда? Ертең қалай көрісеміз сосын?

Тоғаш (*кетпек болған Зәринаның алдын орап*). Қалай
көріссең олай көріс, мен сені ешқайда да жібермеймін.

Зәрина есікке ұмтылады. Тоғаш итеріп жібереді. Қыстықдан

Зәрина төсекке асылып үнсіз солқылдап жылай бастайды.

Бекет келеді.

Бекет. Тоғаш, босатсаңшы. Саған не болған?

Тоғаш. Жоқ. Жоқ. Ешқайда бармайды!

Тынышгүл. Ау, бауырларым-ай, неғып тұрсындар.
Биғайшажаннан айрылып қалдық қой.

Бекет (*Тоғашқа*). Хайуан.

Музыка

Шымылдық

ЕКІНШІ АКТ

Сахна бірінші картинадағыдай. Жүгіріп қария келе жатады.

Қария. Жазған бала мүлде теріс кетті-ау. Қап, көз
жазып қалғанымды қарашы. Апырай, түсіндіріп-ақ айтқан
секілді едім. Ей, Мүскін жолаушы, былай, былай қарай.

Қараңғылық

Жұбатқанның кабинеті. Қауіпті осы заманғы әкімдер отыратын кең кабинет. Терезеден Даринның бір бұрылымы, одан әрі қуарып, реңі қайта бастаған ұлан-ғайыр дала. Бір жерде алденеге қалдырып кеткен үлкен шана. Бір жерде құлап қалған телеграф бөгінасы. Жұбатқан жалғыз. Шырақ басып олай-бұлай жүреді. Асықпаны, абыржығаны байқалады.

Жұбатқан. Апырай, сұмдық болмаса игі еді?

Кнопкасын басады. Ауыл интеллигентінше киінген көмекші әйел кіреді.

Сушай, әлгі Қолдасбаев қайда?

Көмекші. Сіздің баяндамаңызды жазамын деп мана үйіне кеткен.

Жұбатқан. Бір жұма болды ғой, әлі бітірмеп пе?

Көмекші. Бір әйел күтіп отыр ертеден бері. Не дейін? Кірсін бе?

Жұбатқан. Уақыт қайда? Баяндамаға дайындалып жатқан жоқпын ба?

Көмекші. Кетпейді. Жазыққұмнан келдім, қайтсем де кірем дейді.

Жұбатқан. Жазыққұмнан? Онда бір бес минутке... Ало... ало... бес минут... баяндама...

Көмекші әйел шығып кетеді. Зәрина кіреді. Қасында Сұрау. Жұбатқан орнынан тұрып қарсы жүреді.

О... о... о... дәрігер жолдас, сен екенсің ғой. Кел... кел... О, мынау Сұрау деген жігіт пе? Ал, отыра қалындар.

Сұрау. Ой, қандай биік, басың айналады тіпті.

Жұбатқан. Жұбатқан ағаң осындай биік үйде отырып қызмет істейді, балақай.

Сұрау. Жұбатқан аға, мұндай биік үйдің керекі не сізге?

Жұбатқан. Ол былай, балақан. Біздің ауданның жері кең байтақ. Қыс жайлайтын Қызылқұм мына Сыр бойынан бес жүз шақырым. Ал жаз жайлайтын Жазыққұм болса, ол да үш жүзден кем емес. Осындай қиян алыс жерлерде не болып жатқанын биік үйде отырмасақ көре алмаймыз.

Сұрау. Сіз соның бәрін көріп отырсыз ба?

Жұбатқан. Көрмегенде ше. *(Сағатына қарал.)* Уақытым сондай тығыз, Зәрина. Бір үлкен баяндамаға дайындалып... Мұрнымнан шаншылып жатырмын. Ал халдарың қалай?

Зәрина. Халдың несін сұрайсыз, Жұбатқан аға. Хал жақсы емес.

Жұбатқан. Немене, малда шығын бар ма? *(Қағаздарын қопарып.)* Келген мәліметке қарағанда өлім-жітім жоқ секілді еді ғой...

Зәрина. Жо.. малда шығын жоқ. Шығын адамда бар.
Жұбатқан. Ие?

Зәрина. Бекеттің әйелі қайтыс болды.

Жұбатқан. О... о... оның жүрегі жаман еді ғой. Ис,
сұм ажал бір күні бізге де аяндап келеді ғой. *(Күрсінеді.)*

Зәрина. Аурулар сонша көп. Күн демейді, түн демейді,
келе береді, келе береді... Не шақырып алып кетеді.
Қолымда диплом болған соң бармауға ұяласын.

Жұбатқан. Тіпті дұрыс. Бару керек. Жарайсың,
Зәрина. Қойшы деген халыққа не жақсылық жасасаң да
артықшылығы жоқ.

Зәрина. Бірақ Тоғаш менің өстіп жүргеніме сондай
қарсы...

Жұбатқан. О... о...

Зәрина. Кім тағайындады сені дәрігер етіп? Үйде отыр.
Ал үйде отыра алмайды екенсің, қой бақ. Айтары осы.

Жұбатқан. О... о... *(Ойланып.)* Тоғаш теріс айтпаған.
Сушай, табыстың бәрі бұл күнде қойда.

Зәрина *(кекесін күлкімен)*. Сөзіңіз құдды Тоғашекеннің
сөзі секілді. Сізден естіген екен ғой.

Жұбатқан. Сушай, дәрігерлік училищені бітіріп,
қойға бару екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Зәрина. Бұл не — ерлік, әлде ездік пе? Қайсысы
дегіңіз келеді.

Жұбатқан. Жақсы көретін келінім едің, түсінбей
қалдым ғой мұнына.

Зәрина. Түсінетін түгі де жоқ, Жұбатқан аға.
Дәрігерлік пункт ашылмаса, Жазыққұмға қайтып бармай-
мын мен.

Жұбатқан. О... о... не істемексің сонда?

Зәрина. Мен істейтін жұмыс жоқ па? Ауруханаға
орналасам, болмаса қалаға кетем.

Жұбатқан. О... о... Тоғаш қайда қалады?

Зәрина. Жақсы көрс ереді. Ермесе... қала береді.

Жұбатқан. О... о... *(Зәринаға жақын келіп жайды-
рылана сөйлейді.)* Сушай. Сал сабыр ете тұру керек, Зәрина.
Сабыр етсең, дәрігерлік пункт те, бәрі де болады, бәрі..
де. Көресің, енді бір он жылда Жазыққұмда нағыз ком-
мунизм орнатамыз мына біз. Ана әсем жағаларды бау-
бақшаға айналдырамыз. Сарайлар соғамыз. Секіртпе сулы
құдықтар қазып, кер далаға гүл жазира жасаймыз. Асфальт
жолдар саламыз. Қаласаң зырлатып машинамен бар,
қаласаң вертолетпен ұш. Ерік өзінде. Оны мына отырған
Сұрау ғана емес, сен де, Зәрина, мен де, бәріміз де көреміз
әлі.

Зәрина мен Сұрау бірте-бірте елігіп, Жұбатқан сөзін
ұйып тыңдайды.

Сұрау. Ой, Жұбатқан аға, қандай тамаша! Онда мен
де қойшы болар едім. Жұбатқан аға... ал қойлар ше?

Жұбатқан. Қойлары қалай?

Сұрау. Жо.. Олар да көре ме дегенім ғой.

Зәрина (күліп). Әй, аңқау бала-ай, қайдағы жокты
сұрайды да жүреді. Ол кезде қой тұра ма, жүнін қырқып
ап етке өткізіп жібермей ме?!

Жұбатқан. Жо... жо... қой тұрмайды деме. Қой ша-
руашылығы болмаса, біз үшін келешек жок. Ұқтың ба?

Сұрау. Жұбатқан аға, Жұбатқан аға... ал-сонда қалай
қойды вертолетпен бағамыз ба?

Жұбатқан. Вертолетпен бақханы несі?! Қазір қалай
бақсақ солай бағамыз.

Есіктен көмекші әйел көрінеді.

Көмекші. Облыстан. Телефонды көтеріңіз.

Жұбатқан жүгіріп барып телефонды көтереді.

Жұбатқан. Ало... ало... ә, Құттыке, сәлеметсіз бе?
Иә... иә... Аһа... аһа... о... о.. жақсы, жақсы... қазір міне,
міне, көтерілдім. (Трубканы қояды да, түрегеледі.
Өбiгерленiп кнопканы басады. Көмекші әйел көрінеді.) Ма-
шинам қайда? Машинамды дайындаттыр.

Көмекші әйел басын ізеп есікті жабады. Жұбатқан папкасын
алып есікке ұмтыла беріп, сал қидіреді.

Айтса да, Жазыққұмға қайта бер, Зәрина. Көп кешікпей
өзім барам. Бәрі де болады, білдің бе, ойыңа түк келмесін,
білдің бе? Ал, сен, балақай, оқуыңды бітір.

Жүгіріп шығып кетеді. Зәрина отырып қалады.

Сұрау (терезеден қайта үңіліп). Зәрина тәте, әне,
біздің кластың терезесі. Біз мына жерде отырған Жұбатқан
ағаны ылғи көрсміз. Ал ол бізді көрмейді. (Шегі қатып
күледі.)

Зәрина. (ойланып). Жарайды... тағы да бара тұрайық
Жазыққұмға. (Көтеріле береді.)

Жазыққұм. Тоғаштың отауы. Тынышгүл жалғыз. Елестіулі.

Тынышгүл. Орталыққа кеткеніне, міне, үш күн.
дәрігер болам деп қызым әлек, болдырмаймын деп күйсеу
балам әлск. Түбі жақсылық болса игі еді?

Ерден келеді.

Ерден. Зәрина орталыққа кетті деді ме осы?

Тынышгүл. Иә, қауқар құда. Уәліш бітіргені бір пәле болды.

Ерден. О не деген сөзің, құдағи-ау? Сол Зәрижаннның арқасында емес пе өстіп қалқайып жүргенім.

Тынышгүл. Иә, анада, «шонданай, шонданай» деп қақсап, сал бөксе болып қалған секілді едің, қақандап кетіпсің.

Ерден. Шипасын салайын десе оңай екен ғой, құдағи. Күнде мал жусайтын кезде қойды тақырға иіріп тұзға түсіп жүрмін.

Тынышгүл. Менің де барғаныма біраз күн болып қалды. Ет пен терінің арасында өлгі жүгіріп жүретін желқұсадан тазарған секілдімін. Жарықтық қасиетті су деген сол-ау. Көтеріп әкететін секілді ме, ойнақшытып, ауна-тып жатқызбайды.

Ерден. Құдағи-ау, мені ме, сені ме! Пендешілікті қойсайшы бұл, сондай ойнақшытып, ауната бастағанда, шіркін-ай қасымда осы құдағи неге жоқ,— деп ойлап қалам.

Тынышгүл. Қара-қара құтыруын...

Ерден. Құдағи...

Тынышгүл. Не дейсің, қауқар құда?

Ерден. Ертеннен бастап сорға бірге барып түсіп жүрейікші.

Тынышгүл. Бетім-ау, мына шал құтырған шығар. Қой, балалар естісе, ұят тағы.

Ерден *(ойланып)*. Өлгі Кемел бала қайда екен осы? Былтыр мына сордың басынан санатор салдырам деп кетіп еді. Тезірек салдырса екен, санаторын.

Тынышгүл. Сонда не болады?

Ерден. Не болғаны несі, тәйірі алғыр, бала болып кеткенсің бе өзің. Құда-құдағи болып, оңаша бір бөлмеде шонданайды емдестіп жатар едік қой.

Тынышгүл. Кет әрі. Мына әбілет басқыр не деп барады. Малына бар.

Тынышгүл кетеді.

Ерден. Ау, құдағи?... Қап, қайырылмады-ау, әлденеге мазасызданатын секілді ме өзі?..

Сөз салған құмыраларды көтеріп Кемел келеді.

Кемел. Көз талдырып қарап қалған жайыңыз бар екен, Ерден аға.

Ерден. Е, Кемелмісің, шырағым? Қыран көзді сендер болмасаңдар, біз байғұстар қанша қадалғаныммен қайбір алысты көре аламыз?

Кемел (күл). Жас болып алысқа қарап біздің де бітіргеніміз шамалы-ау, Ереке.

Ерден. Олай десе, Кемелжан. Сенің басқа жұмысыңды қайдан білсейің. Осы мына Жазыққұман санатор салдырам дегенің ұнайды маған.

Кемел. Бірақ ол санаторий салынғанша ешкінің құйрығы көкке, түйенің құйрығы жерге жететін шығар-ақ.

Ерден. Жо... жо... олай десе, Кемел, мына сор дегенің сұмдық. Әлгі Тынышгүл құдағи екеуімізді құдайы құрғыр шонданайдан соққан еді, осы сорта түскеннен бері жақсымыз.

Кемел. Иә, иә, мұның шипалы сор екенін дәлелдеу қиын емес, қиыны басқада, Ереке.

Ерден. Е, дәлелдеп берсеңдер, несі қиын.

Кемел. Ай, Ереке-ай, айдалада санаторий салу керек дегенді кім қолдап, қаражат босата қояды дейсің.

Ерден. Неге айдалада? Қатар жатқан екі-үш ауданның малы мен жаны осында емес пе жаз бойы.

Кемел. Осында екені осында. Рас айтасыз. Бірақ ең алдымен осы елге медпункт керек. Медпункт аштырған жөн әуелі.

Жүгіріп Тоғаш келеді.

Ерден. Аштырсаңдар несі қиын. Дәрігеріміз дайын.

Тоғаш. Тоғаш үйіндегі келініміз кісі емдемейді бұдан былай. Ата кәсібін жасап қой бағады, Ереке.

Кемел. Түтінің түзу, Тоғаш тауып айтып тұрсың.

Тоғаш. Әй, ағасы-ай, бір ауылдан, міне, сіз шықтыңыз ғой. Сол жетпей ме. Бәріміз бірдей ғалым болып кетсек, малды кім бағады. Қалаңыздағы алғі босып жүргендерді кім асырайды?

Үшеуі де күліседі.

Ерден. Әне, біздің Тоғаш алдырмайды сөзге.

Кемел. Оның рас, Тоғаш. Жұрттың бәрі ғалым болып кетсе, мал бағатын ешкім қалмайды. (Ойланыл.) Бірақ бұл сіз бен біздің ұғымымыз. Біз ғана осылай ойлаймыз. Жұрттың бәрі ғалым болып кетсе бар ғой, онда малды сол ғалымдардың өздері баққан болар еді. Бірақ біздіңше, қазіргіше бақпайды, өздерінше, ғалымдарша бағар еді. Қой бағудың жаңа бір тәсілін ойлап тауып, бізден жүз есе, мың есе артық бағар еді. Бірақ қай заманда болмасын, жұрттың бәрі бірдей ғалым бола бере алмайды. Біреу мал бағады, біреу әкім болады. Енді біреулер ақын, жазушы, инженер,

ғалым болады. Мені қинайтын бұл емес, туыстар, мені қинайтыны — ғалым бола алатындар талпынбағандықтан малшы болып, ал малшы болатындар талпынғандықтан әкім болып кетіп жатады. Осы мені қинайтыны.

Тоғаш. Кемел аға, не десең о де, менің жеткен жерім осы.

Кемел. Әй, ат құлағынан арғы жерге шошына қарайтын осы бір мінезіміз-ай, Ереке.

Ерден. Содан ғой, Кемелжан, бар тірлігін малдың тұяғына бағындырып, қай жерде от бар, қай жерде су бар деп үдіре көшіп жүре бергені. Өйтпесе, жер сүмесін еміп, тамаша қалалар тұрғызбас па еді. Сәнді сарайлар, иһрам, имреттар қалдырмас па еді артына. *(Даусын бөсеңдетіп, сыбыраға көшіп.)* Сол ата-бабаларға ұқсап әлі де үнемі барды сағалаймыз. Жоқты іздемейміз. Осы аудандағы он колхоздың жаз жайлайтын жері қазақы белбеудің жалпақтығындай ғана мына құм жағалар. Оны дардай етіп Әсия жағалар деп атаймыз. Бер жағы тықыр тепсең, тақыр нұра, су жоқ. Ал ар жағы қалың құм. Отыз шақырымнан әрі сұғынып бір қойшы барған емес. Сөйте отырып жер жетпейді дейміз. Қайдан жетеді, барды сағалаған соң. Осыны айтсаң, жек көрінішті боласың, Кемелжан.

Кемел *(күрсініп)*. Түсінем, түсінем, ақсақал. Жақсы бағбан күн сайын алма бағын аралайды. Қураған, күрт түскен бұтақтары болса, ойланбайды, кесіп тастайды. Дерт шалған бұтағынан арылған соң жеміс ағашы өнімді бұрынғыдан да көп береді. Бұл табиғат заңы. Біз өмір сүрген қоғамда да сондай күрт түскен бұтақтар бар. Бірақ соны сіз секілді жақсы бір бағбан келіп кесіп тастайын, кеселден құтарайын десе, әлгі алма ағашының тамырына балта сілтеді деп даурыға қалатындар бар ғой бізде.

Ерден. Тауып айттың, Кемелжан. Дәл қышыған жерден шығып отырсың.

Кемел. Неге өйтеміз? Неге солай? Неліктен күдіктене қаламыз?

Ерден. Е, осыны айтшы, шырағым. Алысты көре алмаймын дегенім осы ғой менің.

Кемел. Әлсіздігіміз бұл. Өйткені даурықпалық, айкайшылық, жауырды жаба тоқушылық дегеннің бәрі де әлсіздіктен туады.

Ерден. Міне, міне...

Кемел. Әлсіз дегенде, Совет үкіметі өлсіз деп ұғып қалмаңыз, Ереке. Совет үкіметі, құдайға шүкір, тамырын тереңге жіберген қара емен секілді, жау да, жұт та шайқалта алмайды. Әлсіз болғанда, ана Жұбатқандар өлсіз. Олардың

күні-түні ойлайтыны — қайтсем орнымнан түсіп қалмаймын? Сол себепті сіз сияқты бағбан келіп шірік бұтақты кесе бастаса, тамырға балта шапты деп айқайлайды олар. Әрбір совет азаматының көкірегіне ұялаған асыл есім — Совет үкіметі деген сөзді өзіне қару етіп алып, сонымен соқпақ болады. Арзан айла. Міне, біздің әлсіздігіміз осында, Ереке. Ең әуелі, біз осы дертпен күресуіміз керек.

• Ерден. Жөн, жөн, жөн айтасың. Кемелжан.

Кемел кетеді. Ерден соңынан кетеді.
Тынышгүл көрінеді.

Тоғаш. Зәрина қайда?

Тынышгүл. Айтпады ма, ауданға кеткен жоқ па? Сұрау екеуі.

Тоғаш. Оны неге жібердің?

Тынышгүл. Мен жіберді дейсің бе, шырағым. Өздерің болып келіскен шығарсындар дегем.

Тоғаш (*кекетіп*). Келіскен шығарсындар дегем, келіскен шығарсындар дегем...

Тынышгүл. Ақырынырақ сөйлеші, балам, даусың құлағымды жарып барады.

Тоғаш. Ақырын сөзді естігің келсе, жел берме қызыңа.

Тынышгүл. Естігін дегенім осы ма еді, балам-ау. (*Кетеді*.)

Тоғаш (*ойланып*). Апырай, айдың, күннің амаңында тірі жүріп қатыннан айрылды деген не сұмдық? Ешім ишанның «қатының өзіңнен бір елі төмен болсын, ал бір елі жоғары болса, құдайдың ұрғаны деп отырғанын талай естідім» деуші еді әкем марқұм. Қайран бұрынғының кісілері-ай, білмей айтпайды екен ғой... Өзіме де обал жоқ, «төртінші класты бітіріп үйінде отырған Өрмекбайдың қызын ал, қак-соқта жұмысы жоқ, нағыз теңің. Шаруанды істейді, дегенінді екі етпейді, қой аузынан шөп алмайтын көнбіс, мініскер торының нақ өзі» деп талай ағайын айтты-ау. Соған мына сор маңдай илікпеді ғой. Ал тарт енді сазайынды... Апырау, ес болсайшы бұл мұндарда. Атам қазақ атам заманнан бері дәрігерсіз-ақ күнелтіп келе жатқанын неге түсінбейді? Әкесі Сәрсенбай өмір бақи қойдың қиын тазалап, дарияның қамысын шапқаннан басқа түкті көрмеген еді. Қалай жетіле қалды десеңші? Зәрина?.. Ә, Зәрина. Жо... жок... не дәрігер тұрар, не мен тұрармын.

Шам сөнеді.
Жазыққұм. Сордың шеті көрінеді. Сұрау, Кемел,
Зәрина. Зәрина микроскопқа үйіліп, әлденені
зерттеген түрі бар.

Кемел. Иә, Сұрау онжылдықты бітірген соң Алматыға, өзіме келесің. Жоғарғы оқу орнына түсесің.

Сұрау (*мұңайып*). Ал Тоғаш жездем: «Алматыда түк те жоқ, қалада тұратындар тойып тамақ ішпейді. Мал секілді, жейтіндері көк шөп. Қарның ашып қалады. Қайта өзіме кел. Бәрін қойғанда тамағың тоқ болады»,— дейді.

Кемел (*күліп*). Дүниеге әркім өз биігінен қарайды, балақай. Біреулер ойда тұрады, өзінен басқа ештеңені көре алмайды. Бірақ көре алмаса да, алысты көрдім деп ойлайды. Енді біреулер шығандап биікте тұрады. Қиян шалғай алысты көреді. Бірақ кең дүниені көрдім деп даурықпайды.

Сұрау (*ішегі қатып күледі*). Жұбатқан ағаны айтам... Сөйте тұрып ол бізді төбелесіп жатсақ та көрмейді. Сөйте тұрып бәрін де көрем дейді. (*Тағы күледі.*)

Кемел. Жұбатқан ағаң отырған биік алысты көру үшін емес, алыстан көріну үшін жасалған биік. Иә, солай, шырағым.

Зәрина. Менің ойымша, бұл сордың сазы ревматизм, полиартрит ауруларына табылмайтын ем.

Кемел. Дұрыс айтасың. Зәрина.

Тұмсығы көрінген машинадан Жұбатқан қарғып түседі.

Жұбатқан. Апырау, бұларға айтқан сөз желге айтқанмен бірдей деймін. Бұлар кісіні осылай шаршатады деймін.

Кемел (*қалың ойда отырған қалынан селк етіп*). Пай-пай, сендердің әдеттерің-ай, өстіп шулата жүретін.

Жұбатқан (*өрлі-берлі ойқастап жүріп*). Ашуланбауыңа қоймайды ғой бұлар, Кемел-ау.

Кемел (*бап, салмақпен*). Ал не сұмдық болып қалды осы, күйгелектейтіндей? Кәне, айтшы, біз де білекті сыбанып кірісіп кетейік.

Жұбатқан (*Кемелді құшақтап, күліп*). Құрдас деген, міне, осындай. Баяғы қалпы, жоқ жерден ілік тауып алып сынап-мінеп жатқаны...

Сұрау. Кемел аға жөн айтады.

Жұбатқан. О... о...

Кемел. Әне, көрдің бе?

Жұбатқан «Сен не дейсің?» дегендей Зәринаға қарайды.

Зәринаның да айтары осы... Қарамай-ақ қой о жаққа.

Зәрина (*күліп*). Мен бір есептен Жұбатқан ағаны жақтап кетем бе деп отырмын.

Жұбатқан (*көтеріліп*). Әне, Зәринаның кім жақ екенін көрдің ғой...

Сұрау. Зәрина төтем дәрігерлік пункт тезірек ашылар ма екен деп жағымпаздық жасап жатыр.

Бәрі де күліседі.

Кемел. Бұл мені баяғы қалпы деп санап жатыр ғой. Өзі де сол кездегісінен ұзап кетпеген. Сырлы аяққа су құйып, аузымен үрлеп дауыл тұрғызатын әдеті болушы еді. Көрдіңдер ғой, міне, осы жерде де сол мінезіне басып жатқан жоқ па?

Күлкі. Ренішті Тынышгүл келеді. Қарт ананың ау-жабына қарап, бәрі де тынып қалады. Жұбатқан әзілдемек болады. Бірақ онысы әсерлі шықпайды.

Жұбатқан. О, құдағиы құрғыр-ау, әлі осындамысың. Күйеу бала ұнаған екен әбден.

Тынышгүл (үнсіз көзінің жасын сүртіп). Сұраужан, мен саған келдім.

Сұрау. Жай ма, апа?

Тынышгүл. Ауылға қайтамыз, балам.

Зәрина. Апа, аз күнге шыдай тұр, біре кетерміз дегенім қайда? Күйеу балаңа өкпеледім деп мені отқа тастамақсың ба?

Тынышгүл үндемейді. Үнсіз домалаған көзінің жасын сүртеді тағы да.

Жұбатқан. Немене, Тоғаш бірдеме деп жүрме?

Тынышгүл. Жоқ, ешкім де ештеңе деген жоқ, қарақтарым.

Кемел. Енді не болды?

Тынышгүл. Өлгі біздің үйдегі марқұм үнемі түсіме енеді. Айтары — ауылға қайт. Аруағы ренжиді ғой деймін, қайтасам болмайды. Тұр, Сұраужан. Неге мелшііп қалдың, бассашы аяғыңды.

Сұрау шешесінің соңынан ереді.

Зәрина. Апатайым-ау, өлтіріп неге кетпейсің мен бей-бақты.

Шешесінің соңынан кетеді. Аз-кем қояйсыз тыныштық басады.

Кемел. Өлгі Тоғаш түскір ренжіткен болды ғой, тілдеп жатқанын бір ретте естіп қалғаным бар еді.

Жұбатқан. Ондай болса, айтпай ма жана?

Кемел. Ай, Жұбатқан-ай, айтатын ана Тынышгүлдей болып па? Айтқанда не, өз қолын өзі кесе ме?

Зарина жайы қатты толғантады мені, Жұбатқан.

Жұбатқан. Толғантса, не істейін. Қаражат сұрап
баяғыда хат жазғанбыз.

Кемел. Сендердікі сол хат жазудан келеді ғой.

Жұбатқан. Хат жазбағанда... Өз зарплатымды берейін
бе?

Кемел. Бер өз зарплатынды. Неге бермейсің? Мына
жалпақ жатқан жазық құмда бір-ақ дәрігер бар екен. Соның
өзіне жұмыс тауып бере алмай отырсың. Шын күйіп-пісетін,
шын шыдамсыздық көрсететін жер, міне, осындай жер емес
пе!

Жұбатқан. Ерте ме, кеш пе, пункт мәселесі шешіледі.
Бірақ ол мәселе шешілгенше дені сау адам қалайша шыдап
отыра алады? Осыған таңым бар. Ал облыстан хабар келді,
биыл Жазыққұмнан пункт ашуға қаржы жоқ, ендігі жылға
қалдырылды дейді. Сонда не, ендігі жылға дейін өстіп отырса
бермек пе?

Кемел. Не істе демексің сонда?

Жұбатқан. Қой бақсын күйсуіңе қосылып.

Кемел *(ызалы күлкімен)*. Білсем осыны айтарыңды.
Қойдан асып өскі көрем дейсің. *(Ойланғып.)* Сен, міне, ел
ағасысың, Жұбатқан. Ал сенің әкесі болса, қой баққан еді...

Жұбатқан. Немсін, жалғыз менің әкесі ғана ма,
сенің әкесі де қой баққан. Бәріміздің де әкесіміз...

Кемел. Иә, иә, айтайын деп келе жатқаным осы.
Менің әкесі де қой баққан, сенің әкесі де қой баққан. Менің
әкесімнің әкесі де қой баққан, сенің әкесінің әкесі де қой
баққан.

Жұбатқан. Дәл солай.

Кемел. Менің әкесімнің әкесінің әкесі де қой баққан.
Сенің әкесінің әкесінің әкесі де...

Жұбатқан. Өй, сен шұбалтып кеттің ғой.

Кемел. Ата-бабамыз көзін қоймен ашты.

Жұбатқан. Иә, қоймен ашты.

Кемел. Ал ендіше, сөйткен қазақты «қой бак, қой
бак» деп... *(Сырттан шу естіледі. Шырылдаған өйел
даусы естіледі. Кемел шошынып.)* Апыр-ау, мынау
Заринаның даусына ұқсайды ғой... Өлгі Тоғаш бар болғыр
бір жазым жасап жүрмесе игі еді?!

Жұбатқан *(шошынып)*. Ө, Тоғаш дедің-ау?!
(Сағатына қарайды.) Ал онда мен кеттім...

Машина шегініп кетеді. Кемел ойда.

Кемел. Бар, бар, бір пәлесі тиер деп қашып барасың
ғой.

Қараңғылық

Жазыққұм. Тоғаш үйінің алды. Зәрина жалғыз.

Зәрина. Алам мен Сураудың кеткеніне бір ай болып
қалыпты-ау. Ұранып жаз да өтіп барады. Бүгін болмаса,
ертең болар деген үмітпен көп күндер кейінде қалды. Енді
Қызылқұм не қызығын дайындап тұр екен?

Бекет келеді. Сондай қайғылы.

Бекет. Жаңа Биғайшаның басына барып қайттым.
Бұрынғыдан да аласарып бір-ақ уыс төмпе болып қалыпты...

Зәрина (күрсініп). Иә, аялуы құрбы еді ғой. Амал
қанша...

Бекет. Кеше ғана талай-талай жан сырларын шертісіп,
өмірдің ыстығы мен суығын бірдей бөлісіп жүрген ет-бауыр
жақын адамның енді бір кішкене төмпе болып жатқаны
ақылға сыймайды тіпті.

Зәрина (торығыңқырап). Шын ғашық, шын сыйласты
адамдарды өстіп ажал айырады. Сыйласа білмейтіндерден
ойбайласаң да құтыла алмайсың.

Бекет. Бұрын Биғайша барда сіткенені ойламайды
екенмін. Қандай өкінішті, Зәрина. Қой соңында салпақтап
жақсы жылдарды қор етіпін ғой ойлап қарасам. Ақыл
шіркін түстен кейін келген соң не шара бар?!

Зәрина. Ақыл шіркін түстен кейін келген соң дедің-ау,
Бекет.

Ойланып олай-бұлай жүреді.

Бекет. Сөге көрме, Зәрина, асыл құрбы едің,
қоштасқалы келдім сенімен. Астанаға оқуға кетіп барам.

Зәрина. Қоштасқалы дейсің бе, Бекет?

Бекет (кетіп бара жатып). Ал сау бол, Зәке. Анда-
санда Биғайшаның басына барып тұрғайсың.

Бекет кетеді. Зәрина соңынан ұзақ қарап тұрады.

Кемел келеді.

Кемел. Асығыспын, Зәрежан. Астанаға жүріп барам...

Зәрина кешеулеп бұрылады.

Зәрина. Не дедіңіз? Кемел аға екенсіз ғой.

Кемел. Телеграмма алдым. Алматыға шақырып жа-
тыр.

Зәрина. Менен басқаның бәрі де кетіп жатыр. Кетіп жатыр.

Кемел. Біржола кетіп бара жатқан жоқпын, Зәрина. Қайтып орадам кешікпей. Сені қуандыра кетейін деп әдейі соғып отырмын.

Зәрина *(өлгі бір сезімнің ырқынан шыға алмай)*. Кемел аға, кішкентай бір құс болсам деймін. Сөйтіп, қиян шалғай алысқа ұшып кетсем...

Кемел. Сол кішкене құсқа тіл бітсе... «Шіркін-ай, адам болып жаралып, жер бетінде алшаң басып жүргеннен артық не бақыт бар екен дүниеде» демесіне кім кепіл.

Екеуі де күледі.

Зәрина *(күрсініп)*. Кемел аға, жұрттың бәрі сіздей болып неге жаралмайды екен, сонда мен секілділер құс болсам деп армандамас еді ғой.

Кемел *(күліп)*. Жұрттың бәрі мен секілді болса: «Шіркін-ай, осы жұрт Жұбатқандай неге болмайды екен?!»— дейтіндер де табылар еді ғой.

Зәрина ойланyp қалады.

Зәрина. Жаңа менің көз алдымда Бекет құс болып ұшып кетті. Мына ұлан-қайыр далада құс болып самғап жүргеннен артық не бақыт бар дейсің, Кемел аға. Бекетке ұқсап, мен де ұшып кетсем бе деймін...

Кемел. Мен жуырда облыс орталығында болдым. Жазыққұм жайлы пікірімді ортаға салдым. Облыс басшылары бәріне де келісті. Таяудағы екі-үш жылда Жазыққұмға санаторий салынады. Ал медпункт мәселесіне келсек, о да ашылатын болды. Міне, қағазы. *(Қағазды Зәринаға ұсынады)*.

Зәрина *(қуанып)*. Қандай жақсысыз, Кемел аға.

Кемел. Бүгін-ертең сенің атыңа жарлық келеді. Жұбатқан уәде беріп қалды. *(Күліп.)* Сөйтіп Сәрсенбасва жолдастың құс болып ұшып кетуге уақыты болмай қалады енді.

Екеуі де күледі.

Ал қайтып оралғанша, Зәрина.

Кемел қоштасып шығып кетеді.

Зәрина оның да соңынан ұзақ қарап қалады.
Үстінде ақ халаты бөр бейтаныс өйел ертіп, асылыс
Жұбатқан келеді.

Жұбатқан. Слушай, Зәрина, Тоғаш қайда?

Зәрина. Жұбатқан аға, сіз де келіп қалдыңыз ба?
Жоғары шығыңыз. *(Өйелді байқап.)* Жоғары шығыңыздар.

Жұбатқан. Жоқ, асығыспын. Тоғаш керек еді.

Зәрина. Жайласыңыздар, тамақ піскенше келіп те қалады.

Жұбатқан. Слушай, онда Тоғаш былай етсін. Ана қызыл отаудың үйін әзірше медпунктке берсін. Ауданға бара салысымен қызыл отауға арнап үй жібертем, осылай де.

Зәрина. Жақсы, Жұбатқан аға. Айтайын.

Жұбатқан *(бейтаныс өйелге қарап)*. Жатсынбаңыз.

Бұлар сондай жақсы адамдар, Гүлсара Жанасовна.

Зәрина. Бұл кісі кім?

Жұбатқан. О, таныстырмаған екенмін ғой. *(Бейтаныс өйелге.)* Бұл жолшыбай өзіңізге айтып келген ферма бастығы Тоғаштың үйі. Мына кісі Тоғаштың жұбайы — Зәрина. Маңдай алды қойшы.

Зәрина. Не айтып кеттіңіз, Жұбатқан аға?

Жұбатқан *(мән бермей)*. Ал мына кісі — Гүлсара Жанасовна. Жазыққұмның жаңа дәрігері.

Зәрина *(шошынып)*. Дәрігер?

Жұбатқан *(асығып)*. Иә, иә, дәрігер. Ал Гүлсара Жанасовна, жатсынбаңыз, бұлар сондай ғанибетті жандар. Енді айналып келгенше еңбекте ерекше қарқын тудызып, медпункт мәселесін жөнге қоятын болыңыз.

(Жұбатқан шығып кетеді. Зәрина толғаныс үстінде.)

Музыка.

Тоғаштың үйі. Түн ортасы. Есік қатты қағылады.

«Тоғаш, тез бол, есік аш», — деген Берденнің даусы естіледі.

Тоғаш *(ұшып түрегеліп)*. Бұл кім? Берден? Малға қасқыр шапқаннан сау ма, мал аман ба?

Берден. Мал аман. Зәрежан, әлгі дәрігерің қайда? Кішкентайымыз қатты ауырып... Денесі от па дерсін. Күйіп барады... Күркілдеп жөтелгенде дем ала алмайды тіпті.

Тоғаш. Балаң ауырса, қатының не бітіреді. Күндіз алып келмей, кеш түскенде елді дүрліктіріп.

Зәрина. Гүлсара Жанасовна, тез киініңіз. Мына кісімен арғы бетке барасыз.

Гүлсара. Арғы бетке? Осы түн ішінде ме?

Берден. Кешіріңіз, айналайын, жүрінізші тезірек. Сәби ғой...

Гүлсара. Осы қараңғыда жылымға түсіп әл дейсіз бе? Қазір ыстық түсіретін мына дәріні беріңіздер. Ертең осында алып келіңіз.

Зәрина. Қысылып жатқанда, бармауыңыз қалай, Гүлсара? Аузына смшек сала алмай жатқан сәби дәріні қалай іше алады?

Гүлсара. Мен қалай ішкізем. Іше де, ішпесе де — барғандағы беретін дәрім осы.

Зәрина. Барыңыз, Гүлсара Жаиасовна. Ыстығы жоғары болса ішке түсіп өкпе ауруына шалдығуы мүмкін. Пенициллин ала барыңыз да, ине салыңыз.

Гүлсара. Кірпігі қимылдап жатқанда уколды көтерсе алмай, үзіліп кетсе қайтем? Екі ортада мен...

Зәрина. Қорықпаңыз. Бара көресіз.

Гүлсара. Жо, жоқ, бірсудің обалына қала алмаймын.

Зәрина. Қайта, бармасаңыз обалына қалмайсыз ба?

Берден. Зәринаяан, болмаса өзің жүрші.

Тоғаш. Не оттап тұрсың өзің. Жалақысын алып отырған ана дәрігер бармағанда, қарынға жабысқан талақтай бұған не бар?

Зәрина. Гүлсара барады. Бармаса, мен барам.

Тоғаш. Кім? Сен бе? Аяғыңды аттап басшы.

Зәрина. Басса несі бар, басам.

Берден. Зәринаяан, жанжалдаспай-ақ қойындар. Басқа емі жоқ болса, дәрісін алдым. Тағы беретін дәріңіз жоқ па?

Гүлсара. Жок.

Берден кетіп бара жатады.

Тоғаш (*айқайлап*). Әй, Берден, малыңа сақ бол. Көрші қойшыларға қасқыр шауып, шығындап кеткенін есінде ұста!

Зәрина. Қандай тас жүрек едіңіз, Гүлсара. Сізді де адамның арашасы дейді. Дәрігерлік парызды былай қойғанда, адамның адамға деген жан ашырлығы қайда?

Тоғаш. Қойшы, көкімсі. Сенің-ақ жүрегің елжірейді де жүреді екен. Біреу үшін суға батып өлсін бе?

Гүлсара. Жәнс арғы бет менің участогым емес қой.

Зәрина. Қысылтаяң шақта арғы бет, бергі бет есудің несі жөн. Күшің жетпесе де, қысылып жатқан адамға қол ұшын беру дәрігерлік парыз.

Гүлсара. Мен оны сізден жақсы түсінем.

Зәрина. Түсінгеніңіз осы ма? Егер адамға қол ұшын бермессеңіз, дәрігерлігіңізден не пайда? Мен әр уақытта шындықты қалайтын адаммын. Мен үшін сіздің осында келгеніңіздің өзі де жұмбақ.

Гүлсара. Мен де сізді өте жақсы түсінем. Сыншыл болсаңыз, мен де шынымды айтайын. Мұнда келген мақсатым — екі жылымды өтеп, дипломды қолға алу.

Зәрина. Енді мен бәрін де түсіндім. Әкеліңіз шприцті, мезгіл-мезгіл укол салып, өмірін бір күнге ұзартсам да дәрігерлік парызымды өтейін.

Тоғаш. Дәрігерлік парыз, дәрігерлік парыз. Парызшы-лын жаманның. Ешқайда да бармайсың?!

Зәрина. Маған тор атты ерттеп бер.

Тоғаш. Ә, бұл үкімнің орындалуы қиынырақ болар. *(Зәрина киініп кете бастайды.)* Тоқта!

Зәрина. Сенің әніңді тыңдай-тыңдай болғанмын. Түр былай жолымнан!

Зәрина тоқтамастан шығып кетеді.

Қараңғылық.

Далада алай-түлей боран. Зәрина жалғыз.

Зәрина. Тоғаш, ә, Тоғаш. Апыр-ау, шынымен-ақ жалғыз қалғаным ба, далада?

(Өткен өмір көз алдына келе бастайды. Ар жақта Тоғаш көрінеді.)

Зәрина. Мінс, біз қосылғалы үш ай. Үш күн оңаша қалып көрмеген секілдіміз.

Тоғаш. Уақыт болып жатыр ма соған, Зәретай.

Зәрина. Осыдан үш ай бұрын училищеге күнде келуші едің ғой. Уақытты сонда қалай таптың екен?

Тоғаш. Онда жанды шүберекке түйіп жүрдік қой. Зәретай, қатынсыз өтуге бола ма дүниеден.

Зәрина. М... солай де. Қатынсыз жүргенде жанды шүберекке түйуге болды екен. Қатын алғаннан кейін жанды шүберекке түйуге болмайды екен. Түсінікті.

Тоғаш. Өзің емес пе едің: «Енді қашан келесің?»— деп қырылып тұрып алатын. Сонда мен көңіліңді қимағандықтан «ертең ертемен» деп қалай айтып қалатынымды өзім де байқамайтынмын.

Зәрина. Құсын.

Тоғаш. Түк те қулығы жоқ. Рас айтам. Сосын былай шығ беріп: «Қап, ертең ертемен» деп қалай асығыс айтып қалдым екен, келер жұмада демеген екенмін. Ендігі жолы болсын»,— деп оқистіңімін.

Зәрина. Қара сіді, мықтымсынуын. «Ертең келіңіңші»,— деп озің емес пе едің қырылып тұрып алатын. Бір жолы «Емтиханға дайындалайын, сідігі жұмада келсең, қайтесі?»— дегенімде: «Ертең келсем, егер орыннан табылмасаң, асылың олсам»,— деген батыр кім еді? Қайта мен емес пе едім көңіліңді қимайтын.

Тоғаш. Жә... жә... Бас жағына барыспайық. Бір жолы өз қалауың бойынша араға екі күн салып келгенімде: «Кеше қайда болдың? Күттім сондай»,— деп жыларман болғаның қайда? Тере берсе, сенен де шығады ондайлар.

Зәрина. Иә деген, мен онда күнде келіп жүріп екі күн жоқ болып кеткен соң, сені ауырып қалды ма екен деп қорыққам...

Тоғаш. Жарайды, жарайды ақталмай-ақ қой енді. Қызылқұм мен Жазыққұмның ыстығы мен суығына бой бермей жүрген Тоғашты ауырып қалды деп қорыққан жоқсың. Соқпа өтірікті.

Зәрина. Шынымды айтсам, мен Жұбатқанның көңілін кимағанымын. Қайта-қайта кабинетіне шақырып алып: «Тоғаш жақсы бала, бақытты семья құрасыңдар»,— деп болмады ғой. «Анаңа хабар берілген, ол кісі қарсы емес»,— деп те айтқан. Сол сөзіне нанып қой анамды ренжітіп алғаным.

Тоғаш. Жә, доғар. Осы күйеуім шаршап келеді-ау деп шай қайнатуды да білмейсің. Қашан үйренер екенсің.

Тоғаш көрінбей кетеді.

Зәрина. Тоғаш, ә, Тоғаш. Не болды саған? Мен сені кінәлағым келмейді. Өйткені өрісің белгілі сенің. Алабұртқан көңілге төтеп бере алмағаның да содан. Сенімен төс түйістірген күннен бері іздеумен, елегізумен келем. Не іздеймін? Неге елегізімін? Оны-өзім де білмеймін. Ау, қайсың барсыңдар?

Тынышгүл үй. Тынышгүл абыржып, біреуді күткен тәрізді.

Сұрау. Апа, әлі он жылдықты бітірген соң мен де Зәрина тәтем секілді дәрігер болам.

Тынышгүл. Қайдам, шырағым, тым ұзақ күтіп қалдық-ау.

Сұрау. Апа-ау, саған не болған?

Тынышгүл. Кешіккенге айтам, балам. Бис сауыны болмағанымын сүт пісірім уақыт өтті-ау. Сұраужан, әлде өзіміз барып тауып алсақ қайтеді. Күте-күте шыдамым таусылды. Шаршаған секілдімін.

Сұрау. Шыдай тұрайық, апа. Біз онда барғанда Зәрина тәтем мұнда ксіліп жүрсе, аласып қалмаймыз ба?

Тынышгүл. Қайдам, шырағым, шыдасақ шыдай тұрайық.

Ар жақтан қария көрінеді.

Қария. Е, қам көңіл ана, сабыр ете тұр азырақ. Сәл күте тұр. Күте тұр, ана. Сен дүниеге ана болып жаралғанда

күту үшін жаралғансың. Қыршын кезінде жолдасыңды майдан көзіне аттандырып оны ұзақ күттің. Бағың жанды. Қайтып оралды жан жарың. Жұбайлық өмірдің бар қызығын енді көре бастаған кезінде жесір қалдың. Сәрсекеннің енді қайтып келмейтінін жақсы білесің. Сонда да жылы орнын сунтпай күтіп отырсың.

Сен күтуге жаралғансың, ана. Күте тұр, сал ғана күтші.

Ерден келеді.

Сұрау. Ата, үш күн болды, Зәрина төтем әлі жоқ. Бәріміз жүріп Зәрина төтемнен айрылып қалдық қой, ата. Ерден. Апырай, енді не істесек екен? Іздеу керек! Иә, не, іздеу керек!

Далада алай-түлей боран. «Көмектесіңдер!»— деген Зәринаның даусы естіледі. Жан-жағынан қасқырлар жақындап келеді. Қайда қашарын білмеген Зәрина жар қабақтан жаңа қатып жатқан мұзға секіріп кетеді. «Қайдасың, Зәрина?»— деген іздеушілер даусы естіледі.

Жұбатқан. Тал түсте кісі жоғалды деген не деген сөз. Айдың, күннің аманында қара пәле болып жабыспаса еді?

Сұрау. Зәрина төтем қайда?

Тоғаш. Бейбақты жер жұтып кетті ме? Әй, наустек-ай, десенші.

Сұрау. Қайда, Зәрина төтем, қайда?

Бала көтерген әйел. Шырақжан-ай, қайда кете қалдың бізді тастап? Бала кездегі көп арманды, сөнген арманды қайта тұтатып ала көңіл етіп кеттің ғой, шырақжан. Неге айтадың кетерінді. Соңыңнан қалмайтын едім...

Дүкенші. Жасың кіші бала болғанымен еркелегім келіп тұрушы еді. Таза едің, аңқау едің. Енді кімге еркелейін? Енді кімге емдетейін тісі құрғырды?

Сұрау. Зәрина төтемді көрдіңіз бе? Зә-ри-на...

Қараңғылық.

Сеннің үстінде қалқып келе жатқан Зәрина көрінеді. «Көмектесіңдер, көмектесіңдер! Қайсың барсың?! То-ғаш!...

Қараңғылық.

Сұрау. Зәрина төтемді көрдіңіз бе? Зә-ри-на...

Қария. Айтыңдаршы неге бұлай?! Ау, азаматтар, айтыңдаршы неге бұлай болды?!

Музыка.

ҚЫР ГҮЛІ

ЕКІ ПЕРДЕЛІ ДРАМА

ҚАТЫНАСАТЫНДАР:

Сағындық — жаңа заман жолындағы жас азамат
Нарша — Сағындықтың қалыңдығы
Гарпед (Карпов) — Сағындықтың досы
Өубәкір — Сағындықтың әкесі
Өлти — бай
Күләйма — Өлтидің қызы
Дайша — Өлтидің әйелі
Өлғали — Сағындықтың жамағайыны
Боярский — қазақ-орыс байы
Омар — Өлтидің жаңдайшабы
Хабар — гимназия шәкірті.

Ауыл адамдары. Трактористер.

Оқиға 20 жылдарда Қазақстанның солтүстігінде өтеді.

Жаз айының ашық күні. Егіп арасындағы бұралаң жолдың шұңғыл шұбалтып жеңіл машина кезін тоқтады. Ішінде ирғалаңқырап барып бір кісі шықты. Ол — облыстың жаңа басшысы Николай Васильевич Карпов. Жер ортасынан асып, сарықіжір тартқан шағы.

Николай Васильевич машинадан ұзаққырап барды да, төңірекке көз салды. Айнала көз жетер жердің бәрі көгерген егін. Кең сахараны қулай соққан ыстық леппен баяу толқын тербеледі. Облыс басшысы еңбек алақынынан жаралған осы бір сұлу көрністі тамашалай ма, әлде өткен күннің басқа бір күңгірт сәтсін қулай ма, томаға-тұйық ұзақ тұрды. Машинадан тағы біреу шықты. Өлғали Төленов — совхоз директоры. Оның да самай шапы ағарған. Бетінде өжімің қалың із бар.

Өлғали жай басып Карповтың қасына келді. Ол да шалғай хайқанда кезін қақты: Бір бетте айдалған аңыз. Жабыңқы жалғыз мола. Басына қойылған белгі қисайып қирап қалған. Сол молаға тұмсығын тіреп трактор тұр. Бірі малшы, бірі тракторист қып-қызыл дау үстінде. Дауыстары еміс-еміс талып естіледі.

Малшы. Қой дедім ғой мен саған!

Тракторист. Ал мен саған былай түр дедім ғой.
Малшы. Былай тұрмаймын мен.
Тракторист. Онда маған өкпелеме.
Малшы. Өкпелегенде не істейсің?
Тракторист. Бұрылмаймын. Қиратып, басып кетем...
Малшы. Ал, көне, баса ғой.
Тракторист. Басам дедім, басам. Басып кету түк те емес маған.

У-шу. «Баса алмайсың!» «Басам!» Карпов пен Әлғали осылай қарай беттеді.

Карпов. Бұл не шу?
Малшы. Е, мынау сәуіпк өзеуреп болмайды.
Әлғали. Жөңдерінді айтындар. Бұл кісі Николай Васильевич Карпов — облыстың басшысы.

Малшы. Мен бұл жерде мола бар, айналып өт деймін. Ал мына ант атқан көнбейді. Моланы да, сені де таптап кетем дейді.

Карпов. Мола таптағаны қалай?

Тракторист. Мола болғанда... Бұл мола... Бұл моланы осы жердің адамдары бай баласының моласы деген.

Карпов *(елеңдеп)*. Кім деген байдың баласы екен?

Әлғали. Руы Самай, Әубәкір деге бай болған, Николай Васильевич...

Карпов *(ойланып)*. Ә... Ә... Күркенің Әубәкірі ме?

Әлғали. Иә тап өзі...

Карпов *(ойланып)*. Күркенің Әубәкірі... Сонда бұл жерде жатқан Сағындық болды-ау?

Әлғали *(таңырқал)*. Білсіді екенсіз ғой, Николай Васильевич.

Карпов. Білгенде қандай! Бұдан қырық жыл бұрын осы жерде болғаным бар... *(Трактористі қасына шақырады.)* Сөйтіп, моланы айналып өтуге болмайды деісің?

Тракторист. Болмайды дегенде...

Карпов. Жо... Жо... Күмілжіме...

Тракторист. Иә, рас еді.

Карпов. Айналып өтуге болмайтыны — бұл жерде жатқан бай баласы? Солай ма?

Тракторист. Со-со-лай...

Карпов. Қай жақтан келген сіңіз мұнда?

Тракторист. Одессадан...

Карпов. Ә, Одессадан?... *(Салмақтап.)* Одессадан келген екенсіз ғой? Ал Одессадан келген жігіт, сіздің есіміңіз кім сонда?

Тракторист. Николай.

Карпов. Николай? О, аттас болдық онда. Сіз де Николай, біз де Николай. (Қарқылдап күледі.) Екі Николай кездесіптіз ретіменен. Сонда сіз моланы таптап кетесіз? Ана малшыны да таптап кетесіз?

Николай. Кешіріңіз. Қателік болды.

Карпов. Ал сіз бұл жерде қандай байдың баласы жатқанын білесіз бе?

Николай. Жоқ, білген емеспін.

Карпов. Ендеше тыңдай бер. Бұл бұдан қырық жыл бұрын болған оқиға...

ШЕГІНІС

БІРІНШІ БӨЛІМ

1

Өлти — осы өңірдің үлкен байы. Сағындықтың әкесі Өзбәкірмен құда болып, кеңілді жүрген шағы. Қызы Күләйманы гимназия шәкірті Сағындыққа қосса, орыс, қазақ арасында өрісі кеңейеді, мәртебесі өседі. Қазір Өлти өз үйінде, өз жақыны Омар пысық екеуі осы жайды әңгіме етіп отыр.

Өлти. Күйеу баланы осында келеді дедің бе? Оны саған кім айтты?

Омар. Тәйкеттің Сүлеймені, Макөшінге барған екен, Сағындықты вокзалда көріпті...

Өлти. Қо-ош!

Омар. Қасында бір орысы бар дейді.

Өлти. Қо-ош?

Омар. Беті осы ауыл дейді.

Өлти (ойланып). Ой, Омар...

Омар. Ләббай, Әлсеке?

Өлти. Сол Сағындық баланы қайда оқиды деді осы?

Омар. Кетрампор шаһарында. Қасым баласы Хабар бар ғой, сонымен бірге кемназияда.

Өлти. Ана өзіміздің дөңдегі шоғадағы бай Қасымның Хабары ма?

Омар. Дәп солай. Екеуі бір бөлмесде жатып оқиды.

Өлти. Сонда күйеу бала кім болып шығады екен?

Омар. Анада Өзбәкір осында құдалыққа келгенде бір сөзінде: балам кемназияда, аман болса, ақ патшаның көмекшісі болады демеді ме?

Өлти. Ақ патшаң құлаған жоқ па еді?

Омар. Жай қаусет пе деймін. Өзірше тынышпыз ғой.
Өлти *(ойланып)*. Өу, сонда күйеу бала ақ патшаның
көмекшісі болса, мына мен — Өлти бай ақ патша
көмекшісінің қайын атасы болам-ау, сонда.

Омар. Әлбетте, Әлеке. Енші алласы ішінде, болып
тұрсын.

Өлти. Қатен... Әй, Қатен...

Дайша кіреді.

Дайша. Мені шақырдың ба?

Өлти. Сен мына жаман шалыңның кім болайын деп
тұрғанын білдің бе?

Дайша. Түсімде ақ боз атқа мініп жүр екенсің. Тәулікке
жорытсам, сіздің үйдегі кісінің мәртебесі өседі, ақ патшаның
оң тізесінде отырады деді.

Өлти. Міне, міне... Қатын, дәп өзі. *(Күледі)* Ал
Күләйма қайда?

Дайша. Күләйма осында, біздің үйдің кісісі.

Өлти. Дайында ендеше. Күйеу балаң келе жатыр.

Дайша. Жақсы... Дайындайын.

Шыға бастайды.

Өлти. Жоқ, тұра тұр, қатын... Өлгі күйеу бала келеді
ғой... Сонда Күләймаға айтып қой, бетімен сөйлеп қойып
жүрмесін. Көп күлмесін.

Дайша *(күрсініп)*. Айтудан кінә жоқ-ау, біздің үйдің
кісісі. Құдай тағала *(басын көрсетіп)* мына жерге бірдеме
бермеген соң, не амал бар.

Өлти. Жа, жа, қызың туралы өзің сөйдейсің, басқаларға
не жорық. Бар айтқанды істе.

Дайша шығып кетеді.

Омар?

Омар. Ләббай, Әлеке?

Өлти. Қонаққа қой сойғанымыз жөн болмас... Ана тор
дөнен дұрыс шығар?..

Омар. Ана танын қасқыр тартқан дөнен бе? Жоқ, ақ
патша көмекшісінің қайын атасы болайын деп отырып...
танын қасқыр тартқан... жо... ұят болады, байкесі. Ана ту
жүрген көк бие дұрыс...

Өлти *(ойланып)*. О да жөн екен-ау... Ай, Омарым-ай,
сені осы ақылың үшін ұнатам ғой...

Омар. Е, өрине, естіген елден ұят қой. Таңын қасқыр
тартқан байтал сойып...

Әлти (Омарды сөйлетпей). Жә, жә... Ал енді күйеу баланың алдынан кім шығады?

Омар (ойланып). Күйеу баланың алдынан ба? Күйеу баланың алдынан... Күйеу ба... Әна, күйеу баланың алдынан Бірімжан шықсын...

Әлти. Таптың, Омар. Күйеу баланың алдынан Бірімжан шығады. Ал келіп есік алдына тоқтағанда аттың басын Қасым ұстасын.

Омар. Жөн, Әлкс, Қасым ұстайды...

Әлти. Ал арбадан қолтықтап, арбадан қолтықтап бар ғой, өзің түсіресің.

Омар. Жөн, Әлкс, өзім түсірсм.

Әлти. Ал үйдің есігін Шәбден ашады.

Омар. Жөн, Әлкс, есікті Шәбден ашады.

Әлти. Тоқта, Омар... Ойбай-ау. Паянтозды кім төсейді? Паянтозды ұмытып барады сенбіз ғой...

Омар. Құдай-ау, естен шығып кетіпті ғой паянтоз дегенің, әрине Әлти бай күйеу баласын паянтоз төсеп қарсы алмаса... Сұмдық қой... Сонда паянтозды ма? Паянтозды... Мына мен өзім төсейін...

Әлти. Ә?!

Омар. Иә, иә, ең алдымен паянтозды төсеп жіберіп, сосын күйеу баланы былай қолтықтап...

Әлти. Ә, дұрыс еңше... Таптың, Омарым не, нiм. Ең алдымен қайын ата болып алайын... былайғы жұртпен қалай сөйлесуді білеміз ғой сосын.

Омар. Әлбетте, Әлкс.

Әлти. Қымызды өзім сапырам...

Омар. Әлбетте, қымызды өзің сапырасың.

Әлти. Аяқты сен әпересің...

Омар. Ә?

Әлти. Аяқты сен әпересің деймін.

Омар. Әлкс, сен қымыз сапыр, мен аяқ тасын, сонда күніміз не болады? Күйеу бала түгіл, құдай болса да, жұрт артын ашып күлмей ме? Жоқ, қымызды мен сапырам. Аяқты балалардың бірін тасытамыз.

Әлти. О да жөн сен-ау. Әй, Омарым-ай, тауып кетесің осындайда. Ал жүр, онда дайындала берсің.

Омар. Ә жүр, жүр, Әлкс.

Екеуі де шығып кетеді. Күләйманш жетелсіп,
Дайша келеді.

Дайша. Ал олай дейтін болсаң, әкеңнің, өз аузынан естіші не дегенін. Жүр, былай қарай.

Әй, біздің үйдегі кісі, мына қызыңа бірдеме десенші. (Аңырыл.) Көтек, біздің үйдің кісісі жоқ па? (Күләймаға) Ойбай-ау, мына сорлыға не болған, жүр деймін. Күйеу баланы кім деп ойлайсың өзің?.. Кетрампорда оқып жатқан төре.

Күләйма. Төре болса қайтейін. Күйеуге тимеймін дедім, тимеймін.

Дайша. Неге тимейсің? Сонда не, кәрі қыз атанып, осы үйдің босағасын құшақтап өтесің бе?

Күләйма. Еркектердің бәрі ит, алдайды.

Дайша. Әй, жап аузыңды.

Күләйма. Жаппаймын. Өтірік пе? Түнде қасыңа келіп, қол салғанда айтпайтыны жоқ. Ал ертеңіне... Ал ертеңіне түк көрмегенсіп шайын ішеді де аттанып отырады.

Дайша. Қой деймін, қызым, мына сөзді әкең ести көрмесін.

Күләйма. Естісе қайтейін, қонақ түсірмендер онда.

Дайша (аярланып). Айналайын, ақылды өзі. Өстіп турасын айтады... Төре болғанда, басқа еркектің біріне де ұқсамайтын төре. Сен білесің бе оның кім екенін?

Күләйма (жуасыңқырап). Жоқ.

Дайша. Білмесең, ана Самай ішіндегі Күркеңің Әубәкірі бар ғой... Соның баласы.

Күләйма (өзгеріп). Өлгі өткен қыста біздікіне келген жігіт пе?

Дайша. Иә, сол. Дөңдегі Шоғадағы Қасымның Хабарымен бірге келіп еді ғой!

Күләйма (өзгеріп). Хабар жаман.

Дайша. Хабар жаман болса, жаман болса берсін. Ал Сағындық оқыған, ақылды бала.

Күләйма. Сағындық!..(Күледі.) Апа, мен онда киінсейін.

Дайша. Бар киін, жаным. Бәрін де дайындап қойтам...

Күләйма кете бастайды.

Ау, балам, Күләймажан?.. Сағындық келгенде, әрине, екеуіңнің бір оңаша қалатын кезің болады. Сонда байқаулы бол. Бетімен сөйлеп қойып жүрме.

Күләйма. Апа...

Дайша. Әу, құлыным?

Күләйма. Әксеммен ең алғаш кездескенде не дедің сонда? Айтшы?

Дайша (күліп). Не дейін, түк үндемей жүзімді төмен салып, тұра бердім. Жоғары қарауға дәтім шыдамаған. Ұялғам сондай. (Күләйма сықылықтап күледі.)

Бар, Күләймажан. Киімінді киіп, әзірлене бер.

Күләйма шығып кетеді. Омар келеді.

Қайын інім, ал не болып жатыр?

Омар. Бәрі әзір, жеңеше. Күйеу баланы қарсы алу жабдығы түгел ойластырылды. Жылқыға кісі кетті.

Дайша. Қонақ келгені осы емес қой. Ас табылады ғой бұл үйден. Мен мына өз баламның жайын ойлап, қамығам.

Омар. Қырық жетіні байлап матап алып отырғаның мынау, не қамығатыны бар? Әубәкір ақылсыз адам емес. Кіммен құда болғанын біледі.

Дайша. Қайдам, қайным. Жүрегім сонда да топ. Ел-жұрттың алдында маскара болмасақ...

Омар. Қам жеме деймін, жеңеше. Екі баланы жағыстыру жағын маған тапсыр.

Дайша. Олай етсе алсаң, қалағаның болар еді ғой.

Омар. Бір айғырдың үйірі...

Дайша. Болады, қайным. Біздің үйдің кісісінің берері өз алдына. Қызынан малын аямайды.

Омар. Уәде құдай аты...

Дайша. Уәде құдай аты, қайным...

Әлти келеді.

Әлти. Күн екінді болды. Күйеу баланың келер шағы да жақындап қалды-ау, ә, Омар?

Омар. Иә, Әлексе, құдай біледі, дәл қазір Көсеней қыстауынан бері асты.

Әлти. Ал сидеше, Омар, күйеу бала келмей тұрып, екінді намазын оқып алайық. Қатын, жайнамаз қайда?

Дайша су әзірлейді, жайнамызды дайындайды. Екеуі алда. Дайша кейінірек оқи бастайды. Осы кезде жүгіріп малшы келеді.

Малшы. Сағындық тоқтамады. Өтіп кетті...

Әлти (намазды бұзып). Не дейді? Оны саған кім айтты?

Малшы. Өзім көрдім. Сыыр жайып жүр едім. Жеккені қос ат. Көшірде бір жігіт. Ал қасында бір орыс бар. Қара жолмен құйғытып былай етсе шықты. Біздің ауылға көз де салған жоқ.

Әлти. Не деп тұр мына сорлы? Өз көзіңмен көрдің бе? Сағындықты танушы ма едің?

Малшы. Танымағанда ше?

Әлти. Сенің де танымайтының болсайшы бір.

Омар (екі жағына кезек қарал). Ассалаумағалейкум, Рахметолла. Ассалаумағалейкум, Рахметолла! Әлеке, саждаға басыңды сал. Намазың бұзылды.

Әлти. Мынау ит емес пе, намаз үстінде кеп айтып...

Малшы: «Мен білемдім ғой, байеке, мен білемдім ғой, байеке», — деп шегіншектей шығып кетеді. Үшеуі тағы намазға бас қояды.

Дайша. Жол ауыл іргесінен өтеді. Таяқ тастам жерге келіп, қалайша ат басын бұрмайды?

Әлти. Әшадан лә иләһә еллалла. Мен де соған қайранмын.

Омар. Әлеке, намаз бұзылды.

Әлти (ашуланыл). Бүйткен намазы құрысын!

Омар. Күне, Әлеке, күне.

Әлти. Әй, сен осы қашаннан бері сұфу бола қалғансың?

Омар. Бәрі де құдай ісі.

Әлти. Ә, құдай ісі болса, кейін дұрыстап оқып, күнәмізді жуармыз. Ал сен қазір Әубәкірдің аулына аттан. Күйеу бала не хабармен келді екен? Ау-жайы қалай екен? Соны біл.

Омар. Жөнешем айтқаны болады ғой?

Дайша. Болады делінді — болады. Біздің үйдің кісісі баласынан мал аямайды дедім ғой.

Әлти. Мал аямауын аямаймыз-ау, бірақ сен ауызды молырақ ашқан екеңсің.

Омар. Олай болса, өздерің біліңдер. Көлденең іске күйініп отқа түсер жайым жоқ.

Дайша. Әй, біздің үйдің кісісі-ай. Жоқ жерде тарыла қалатын әдетің бар-ау. Қызыңның қызығынан аяғаныңды ертең көрге өксітпексің бе?

Әлти. Аяп отырмын ба, сөздің сірәғысы ғой...

Дайша. Сірәғысы болса, қайнымның қалауы орындалады.

Омар. Ал ендіше, мен отырмайын.

Әлти (зорланыңқырал). Ал жарайды, Омар, жолың болсын!

Омар кетеді. Сахна қараңғыланады.

2

Әубәкір бейдың арнап тіктірген отау үйі. Есік алдында Әубәкірдің өзі. Кезін қалқалап, алысқа қарайды. Қасында бір топ ауыл адамдары.

Әубәкір. Апыр-ау, рас Сағындық па келе жатқан? Ауыл адамдары. Рас, Әуке, дәл өзі.

Әубәкір. Жолда атасына барып сәлем беруге тиісті еді. Мұнысы қалай болды екен?

Ауыл адамы. Білмеген шығар...

Әубәкір. Қайтып білмейді?...

Шапқын келеді.

Шапқын. Жолаушылар жақындап қалды. Алдынан шығындар.

Ауыл адамы. Алты жасар бала алыстан келсе, алпыстағы шал алдынан шығар деген. Әуке, балаң келе жатыр, ал, көне, баста.

Әубәкір бастаған топ сыртқа ойыса береді. Сахна босаған кезде екінші жақтан Сағындық пен Гарпед шығады.

Сағындық. Ал, Гарпед мырза, келістік қой? Бір оқ шығармайтын боламыз.

Гарпед. Келіскенде қандай, Сағындық Аубакирович, ең аяғы ит тұмсығы да қанамайды. *(Алты атарын алып, қайта қабына салады.)*

Сағындық. Е, жөні осы... *(Екеуі де қарқылдай күледі. Сағындық келген бетте жалырлап өлгі топ келеді.)*

Ауыл адамы. Сағындықжан-ау, біз сені ана жақтан іздеп жүрсек, мына жақтан шығыпсың ғой.

Сағындық. Әкем қайда?

Әубәкір келеді.

Әубәкір. Е, жаратқан ием, бергеніңнен айналайын!.. *(Сағындықты құшақтап, маңдайынан сүйеді. Амандық сұрасады. Оқыстан).* Сен осы жолда Әлти аулына соқпай өткенің рас па?

Сағындық. Әке, мен бұл жолы дем алайын деп келгенім жоқ. Тығыз шаруа бар.

Әубәкір *(кейіңкіреп)*. Не шаруа соншама, әкетіп бара жатқан! Аңада әдейі хабар салдым, Әлти секілді бай ауылдың үстінсіз ат ойнатып өте шығуға бола ма екен, балам? Ұят жасағансың.

Сағындық. Ұят болса, бірер күннен кейін әдейі барып ат басын тіресп, кешірім сұрармыз. Шаруа тығыз болған соң үйге жетуге асықтым.

Әубәкір *(разы балып)*. Е, бәсе, Әубәкір нәсілі осылай болса керек еді.

Сағындық. Әке, сасқандықтан таныстыруды да ұмытып кетіппін. Бұл кісі Гарпед деген кісі. Морозовтың сізге жіберген арнайы делдалы.

Әубәкір. Ә, Мороз бай ма, Мороз байды білем. Бір жолы Қоянды жәрмеңкесінде табақтас та болғанмын.

Жұрт шуласып кетеді. Байекесі Мороздың өзімен де табақтас болған. Біздің байекесі қайда бармады. Қорғанға да барған!

Әубәкір. Табақтас болғанда, тіпті қызық.

Дауыстар. Ие, ие, сондағыңызды айтыңызшы.

Әубәкір. Шауешектен бір дұнған сәудегері шай әкелті. Алам деген ойымда жоқ, жай былай жөнін білейін деп барсам үстінде жанат ішік, басында құндыз бөрік, бір орыстың дәуі тұр. Байқаймын, саудасы ұсақ. Шай жәшігіне дұнған бес сом сұрайды, орыстың дәуі үш сом береді. (Күлді.) Сонымен жыным келіп кетті де: Әй, дұнған, неше жәшік шайың бар? «Жүз жәшік». Бары сол ма? «Мә, ендеше бес жүз сомың»,— деп ақшаны суырып тастадым да, жүз жәшікті арттырып алып жүре бердім. Сөйтсем, алті дәу Мороз байдың өзі екен.

Жұрт шуылы. Екі жүз қойдың құны-ау сонда? Біздің Әукең сөйтсінді?!

Әубәкір. Содан Мороз бай екі жыл менімен араз болып жүрді. Шөп шабатын машина, сайман әкеліп деп жіберген делдалымды қатарынан екі жыл қайтарып жіберді. Ақыры үшінші жылда татуластық, әйтеуір.

Гарпед. Ие, мен сонда Морозовтың қасында тұрған. Сіз келдіңіз де, ай-түйге қарамастан киіе жөнелдіңіз ғой. (Күледі. Әубәкір де күледі.)

Әубәкір. Ие, ие, сол жағында орта бойлы бір бала тұрып еді. Жөн-жөн, жаңа есіме түсті.

Гарпед. Ие, сондағы бала менмін.

Сағындық. Морозов Гарпедті сол бала кезінен бастап баулыған.

Әубәкір. Ә, Мороз бай кісі тани біледі. Обалы нешік мнің де көкжалдың ішіндегі осалы емес екенімді бірден таныды ғой. Соның арқасында арадан қыл өтпейтін дос боп кеттік.

Гарпед. Александр Иванович сол достығын салық етіп жіберіп отыр мені.

Әубәкір. Құлағым сізде. Мороз бай салық етсе, көтереміз.

Гарпед. Александр Ивановичтің салығы — мың лау астық.

Әубәкір. Мұның қарымы не сонда?

Гарпед. Астық тапсырғандар үшін үй басы бір-бір шөп машинасы, бір-бір ат тырнаушы, мың кез кездеме, қалғаны ақшадай. Ал осы істі ұйымдастырғаныңыз үшін Александр Ивановичтің сізге арнайы сыйлығы тағы бар.

Әубәкір. Мороз бай бұл жолы шын көсілген екен.
Сағындық. Жұмысшылары ашыға бастапты. Морозов астыққа мұқтаж.

1-ші қара сақал. Біздің үйде былтырдан қалған бір қапшық бидай бар еді, бір шөп машинасын алып қалар ма екем, байеке, соны бір жеріне тыға салшы.

2-ші қара сақал. Маған да бір шөп машинасы керек еді?

Гарпед. Астығыңыз бар ма?

2-ші қара сақал. Жинаған тері-терсегім бар еді, соны алмас па екен Мороз бай?

Сағындық. Морозов байлармен ғана сөйлеседі. Орта шаруалармен сөйлеспейді.

2-ші қара сақал. Сағындықжан-ау, тіл билесің ғой, түсіндірсейші ана Карпетіңе, тері-терсегі бар деп, шөп машинаға мұқтаж деп...

Әубәкір (2-ші қара сақалға ашулана қарап). Өстіп қосарланып отыратын әдетің сенің. Тері-терсекті қайтеді Мороз бай? Бар, итке таста тері-терсегінді.

Жұрт үндемей қалады. Соны сезген Әубәкір тез көңілденіп:

Гарпед мырза, Мороз бай делдалын кісі таппай жібермеген болар. Мың арба деген не, тәйірі.

Жұрт та тез өзгеріп көңілденеді.

Гарпед. Морозов та «Аубакир Куркинычқа мың арба деген не, тәйірі»,— деп қалды.

Әубәкір (Сағындыққа). Балам, қағаз ал! (Сағындық қағаз, қарындаш алады.)

Бояр байға елу лау... Көбештегі Иван досқа қырық бес лау... жаздың ба?

Омар кіреді.

Омар. Әлти байды қайда қалдырдың? Жаз оған да бір елу лауды.

Әубәкір. Е, Омармысың? Төрлет, Омеке? Төрлет! (Сағындыққа). Иә, Омекен дұрыс айтады. Әлти құдаға да елу арба деп қой.

Омар. Бірақ бір ғана шарты бар: Сағындық өзі келіп әкстеді.

Әубәкір (күліп). Әлбетте, Омар, әлбетте.

Сағындық. Барған сайын елу лау шығарсаңыздар, Әлсекеннің босағасын тоздыратын боламыз әлі...

Лу күлкі.

Омар (күліп). Оқыған балалар, мінс, осылай сөйлейді.

Гарпед. Морозовқа астық керек, астық шығатын жерге барудан біз жалықпаймыз.

Әубәкір. Ал не жаздың, оқышты, Сағындық?

Сағындық. Боярский Никоно́р Слыч... елу лау... Көбештегі...

Әубәкір (*Сағындықтың сөзін бөліп*). Тоқта, балам... жоқ. Бояр байға елу аз болады, жетпіс лау деп қой.

Дауыстар. Ой, одан жүз лау шығады. Қаптесер емес пе?

Әубәкір. Жүз десен, жүз де ендеше. (*Гарпедке*.) Гарпед мырза, ол өзі осы өлкенің шіріп жатқан шовжары. Әдейі апарып таныстырсам қалай болады?

Сағындық. Әбден дұрыс. Шаруаны сол Боярскийден бастайық.

Гарпед. Сағындық не айтса, сол болады. Мен қарсы емеспін.

Жұрт қопарыла береді.

Өріректе астық қабылдау пункті. Астық тасыған жұрт ерсілі-қарсылы өтіп жатады. Гимназия шәкірттерімше киінген Сағындық өзінің сүйген қызы Наршамен кездеседі.

Сағындық. Амансың ба, Наршажан? Бүгін мен келгелі табаны күректей бір апта. Бір рет кісі жіберіп ем. Келмедің. Енді алып ұшқан көңіл сап басылып, жүдеп қалған жайым бар еді. Тіпті көре алмай кетем бе деп те қорқып ем...

Нарша көпке дейін үндемейді. Беті ашылмаған ұыз ұяң қыз мінез-ибалығын танытып, жүзін төмен салып тұрады.

Неге үндемейсің, Нарша?

Нарша. Үндегенде не айтайын, Сағындық. Көре алмай қалам ба деп мен де қорықтым... Келеді ғой деп күтумен болдым...

Сағындық. Оның рас, Наршажан. Мен бірақ бұл жолы ауылға дем алайын, тынығайын деп келгем жоқ. Мойнымда үлкен жүк бар.

Нарша. Түсінбесем де, ет жүрегім сезген секілді соны. Шақыртып жатыр деген соң әдептен озып келіп тұрмын.

Сағындық (*тебіреніп*). Оқудың бітуіне бір-ақ жыл қалды енді. Бірақ бір күн сенсіз тұруға халім жоқ, Нарша. Сағындым сондай. Өткен жылғы жазды есіме жиі ала берем. Алты ай қыс армандаумен болдым. Жыл құсы қашан келер

екен? Мен ауылға қашан барар екем деп армандап ем. Сол күнге жеттім, міне.

Нарша (*нұрланып*). Осы жуырда түс көріп едім. Түсімде бір кең дарияның үстіне ескенбіз деймін. Құдай-ау, кәдімгі өңімдегідей. «Сағындық, біз қайда бара жатырмыз»,— деп сұраймын. Сіз сонда: «Әне, алыс қырканы көресің бе? Сонда жердің жаннаты — иран бақ бар. Соған барамыз»,— дейсіз. Көзім талғанша қараймын. Бірақ шалқыған көк теңізден басқа ештеңені көре алмаймын.

Сағындық. Шалқыған теңіз — ол біздің болашақ ғұмырымыз ғой, Наршатай.

Нарша (*мұңайып*). Қорқам сондай, Сағындық.

Сағындық. Неден?

Нарша. Сіз мен үшін аспандағы жұлдызбен тең секілдісіз. Қолымды бекерге созам ба деп қорқам.

Сағындық (*күліп*). «Сен бай баласысың. Ал мен кедей қызымын. Сен қалада оқисың, ал мен ауылда тірлік кешкен, аздап мұсылманша ғана сауатым бар адаммын...» Осы ғой қорқатының?

Нарша. Рас, былтыр мұндай сөзді айтпа деп өтініп едіңіз. Сонда да ойыма орала береді.

Сағындық. Баяғы бір ескі әуес, бос күдік, Нарша. Махаббатта «бай», «кедей» деген ұғым болмайды. Махаббаттың өз байлығы бар. Онысы — шалқыған сезімі. Жүрек лүпілі. Байлық?.. Бар тірлігі мал тұяғына бағынған мына кең сахарада байлық деген не, тәйірі. Бір жылғы жұтқа төтел бере алмайтын байлық. Оның үстіне заман да қазір басқа. Асан қайғы армандаған жер ұйыққа бет алып келсеміз. Сонда көздің құрты — байлық та, ку сіңір кедейлік те жойылады.

Нарша (*оқыстан*). Біздің ауылдарды аралап жүрген ана орыс қонақ кім осы?

Сағындық. Әлгі маған еріп келген Гарпедті айттың ба?

Нарша. Ис, сол Гарпед.

Сағындық (*ыңғайсызданып қырап*). Оны неге сұрадың?

Нарша (*ол да ыңғайсызданып*). Жай... Былай, жай сұрағаным ғой...

Сағындық. Ә, ол ма? Ол ана Екатеринбург қаласындағы бір алпауыт байдың делдалы. Орысша маклер. Қыр байларынан қожасына астық сатып алып жүр.

Нарша (*ойланып*). Саудагерге тіпті де ұқсамайды өзі. Ондай саудагерлер осында келсе, сіздің үйге түсіп, Дмитрийкаға барса, орыс байларының үйіне түсіп, карта соғып,

ішіп-жегеннен басқа түк бітірмеуші еді. Ал мына Гарпед болса, ылығы... (Сағындық бір нәрсе айтқысы келіп оңтайланып тұрып қалады. Соны Нарша сезе қояды.) Бірдеме айтқыңыз келді ғой деймін?..

Сағындық. Жоқ, жай. (Зорланып күледі.) Саудагерлердің бәрі бірдей ме? Олардың ішінде мына Гарпед секілді парасаттылары да болады.

Қолында телеграмма, Гарпед кіреді. Наршаны байқамайды.

Гарпед. Телеграмма, Сағындық Аубакирович. Телеграмма. Ондағы жағдай түзелейін деген.

Сағындық. Жағдай түзеледі екен деп жайбарақат болмайық, Гарпед мырза.

Гарпед (шошынып). Немене, сыбыс бар ма?

Сағындық. Орыс байлары тым самарқау. Аяғын басқысы келмейді.

Гарпед. Онда қалай болды?

Сағындық. Сіз Морозовтың делдалы болсаңыз, өкем маған делдал. Қайтсең де, орыс байларының қыбын өзің табасың деп елші етіп жібердім. Не шара, бүгінгі таңда бұдан басқа айла жоқ.

Гарпед (күліп). Делдал біткенге жарыдық қой. (Ойла-нып.) «Күнәні» тарих шіркін кешеді де. (Наршаны байқап, сескеніп қалады.)

Сағындық (күліп). Гарпед мырза, бұл Нарша ғой.

Гарпед. О, Нарша ма? (Жақындап келіп, қолынан сүйеді.) Нарша Гудхайровна... Мына Сағындық Аубакировичті ертелі-кеш зарлатып қойған Нарша сіз екенсіз ғой?

Нарша төмен қараған бойы, тазғым етеді.

Сағындық (күліп). Дал соның өзі.

Гарпед. Наршатай, Сағындық Аубакировичті енді зартыңа көрмеңіз. Биыл, қалай болса да, Сағындық Аубакировичпен бірге қалаға келіңіз.

Нарша. Оны Сағындық біледі ғой...

Гарпед. Сағындық білсе, сол жанағы мен айтқан. Ал, достар, сендерге кедергі жасамайын, кетейін....

Жүгіріп Өлғали келеді. Жас жігіт.

Өлғали. Әу, Сағындық деймін... Қайдасың, Сағындық?

Сағындық. Ие, Өлғали, не болды? Тыныштық па?

Өлғали. Өлті бай...

Сағындық. Не қылды дейді екен Әлти бай?
Әлғали. Сағындық келмесе, астық жоқ деп барған
адамды қайтарып жіберіпті.

Сағындық. Әлти байдың ол бір қулығы да.

Гарпед. Енді қайттік?

Сағындық. Қайткені несі? Барамыз. «Астық шығатын
жер болса барудан біз жалыспаймыз»,— деп айтқан кім
еді осы?

Гарпед (күліп). Оны айтқан кісі осы төңіректен ұзап
кетпеді ме деймін.

Нарша (қолайсызданып). Рұқсат етсеңіздер мен ке-
тейін.

Сағындық. Жоқ, рұқсат жоқ, Наршатай. Кетпейсің.
Әлғали. Сағындық, әне, әкеңнің өзі осылай қарай
беттеп келеді.

Нарша мен Әлғали кете береді. Сағындық «Наршалап» Нарша-
ның соңынан жүре түсіп барып қалады. Дубәкір көрінеді.

Дубәкір (ұнатыңқырамай). Гарпед мырза,
айтыңызшы осы баланың не ойлағаны бар?

Гарпед. Осы көп қой баландыдың жете алатын болса,
Аубакир Куркиныч.

Сағындық (сасып). Іс жаман басталған жоқ, әке.

Дубәкір. Әкең кірісе, іс жаман аяқталмайды да, балам.
Ал өз жайыңды айтшы, не ойлағаның бар?

Сағындық. Не ойлайын, әке. Биыл оқуды бітірем,
сонан соңғысын көре жатармыз.

Дубәкір. Жоқ, көре жатқанды қой, балам. Жасың
болса, міне, жиырмадан асты. Ата-анаң қызығыңды көргісі
келеді.

Гарпед. Аубакир Куркиныч, дұрыс айтасыз. Сағындық
Аубакировичтің үйленетін уақыты жетті. Үйлен де,
қатыныңды қалаға алып бар, оқыт деп ылғи айтамын бұл
жігітке. Заман талабы осы.

Дубәкір. Дөп айтасыз, Гарпед мырза. Осы өңірде
өзімізбен босағасы тең Әлти деген бай бар. Құда болып
отырымыз. Келінімізде мін жоқ. Көргенді жердің баласы
жаман бола ма?

Сағындық (шошынып). Әке, о не дегеніңіз?

Дубәкір. Дегенім деген.

Гарпед. Ұнатқаны бар ғой, Аубакир Куркиныч.

Дубәкір. Ұнатқаны кім сонда? Орыс па, әлде ноғай
ма?

Сағындық. Орыс та, ноғай да емес. Осы жердің қызы.

Әубәкір. Келген сайын әлі қу сіңір Жақыбайдың аулына барғыштай береді деп естуші ем. Таяба түсірме сүйегіме. Теңіне бар.

Сағындық. Таңба түспейді сүйегіңе. Бардың жоқ болуы, жоқтың бар болуы оп-оңай бұл заманда. Аласа босаға биіктеп, биік босаға аласара береді, әке.

Әубәкір. Астағылыралла, мына бала не деп кетті, Гарпед мырза?

Гарпед. Сағындық Аубакировичтің айтқанында жан бар. Көне заманның бар ғұлама философтары дүниенің баянсыздығын айтып кеткен...

Әубәкір (*міксін*). Гарпед мырза, сіз осы Мороз байдің делдалысыз ба, болмаса мына қазақ сахарасына келген өзәзілсіз бе? Кімсіз?

Сағындық. Әке, бұл не дегеніміз? Гарпед мырза бар болғаны шындықты ғана айтты ғой.

Әубәкір. Шындық-мындығыңызды білмеймін мен, Гарпед мырза. Балаға өйтіп жел бермеңіз.

Сағындық. Өз жүрегімің қалауы сол болса, қайтесің. Босқа жазғырма Гарпед мырзаны.

Әубәкір (*ойланып*). Олай болса, Мороз байға сәлем айтыңыз. Гарпед мырза, тілегін орындай алмаймын.

Гарпед. Тым шұғыл кеттіңіз ғой. Біз райдан қайттық, Аубакир Куркиныч.

Әубәкір (*күліп*). Ө, мен де райымнан қайттым.

Сағындық (*қылжылып*). Дүниенің бәрі «мә саған, мә маған» сауда болып кетті ғой...

Гарпед. Саудасыз тірлік жоқ, жігітім. «Сен маған балта берсең, мен саған пышақ берем», — туу-туу заманнан келе жатқан қағида.

Әубәкір. Делдалдығыңызды жаңа таныдым ғой, Гарпед мырза. (Күлкі.)

Дауыстар. Сықырлаған арба дыбысы. Өз нөкерімен Боярский келеді.

Боярский (*әртінірек таразы басындағы біреуге*). Әділ есеп адамды жақын етеді. Дұрыстап адал өлше астықты.

Әубәкір. О, Бояр баймысың, жақсы келдің.

Боярский (*қалжыңдап*). Жаңа үлкен үйіңе түсіп, Аубакир Куркиныч қайда деп сұрасам, бәйбішеңіз отау үйде деп жауап береді. Мұныңыз қалай, Аубакир Куркиныч, Сағындық Аубакировичпен жарыстыра отау тігудің қай жағындасың, ө?

Бәрі де күлседі.

Әубәкір (күліп). Мынадай бір аңыз бар екен: қайтсе де ана сүтін өтеймін деп бір ер азамат шешесін арқалап Мекеге бара жатыпты. Талай жыл арып-ашып, жолаушылап кеп бір жерге дем алып отырса, бір жүргінші жолығысады. Жай-күйін сұрасып біліскеннен кейін әлгі жүргінші: «Е, бейшара ана, арып-ашып Мекеге барғанша, бір шал тауып алып үйінде жатпайсың ба?»— депті. Сонда әлгі әйел: «Ондай атты күн қайда? Оны білер ұл қайда?»— деген екен. (Күліседі.) Сол айтқандай-ақ баламен жарыстыра отау тігетін баяғы заман қайда?!

Боярский й. Ие, заман бұзылды ғой. Өтірік-шынын кім білсін. Қызылжарға да қызылдар келіп кіріпті деген қауесет бар.

Сағындық (шошыған болып). Қой, бекер болар.

Гарпед. Бізге жеткен хабарға қарағанда Қызылжар қамалы берік.

Боярский й. Ә, маклер мырза, сіз де осында екенсіз ғой.

Гарпед. Мен енді қайда болуға тиісті едім?

Боярский й. Маклер мырзаның жүріс-тұрысы маклерге ұқсамайды деген де хабар бар. Жаңағы хабар секілді, лайым теріс бола көрсін.

Гарпед. Шүбәланбауыңызға болады.

Боярский й. Шүбәсіз болса жүріңіз, осымен бүгін елуінші лау келді. Таразы басына барайық, көзіңізбен көріңіз.

Гарпед Құп болады.

Гарпед жол бастайды. Боярский артына қайырылып.

Боярский й. Байқа, Сағындық Аубакирович. Түбінде біз сені ғана білеміз. Айтпады деме.

Сағындық. Бұрынғыдай емес, жоқ нәрседен секем алып жұқарайын дегенсіз бе деймін, Никонор Силыч.

Боярский й. О да мүмкін. Заман солай.(Кетеді).

Әубәкір. Балам, осы мені буынсыз жерге жұмсап жүрген жоқсың ба?

Сағындық. Ө не дегенің, әке?

Әубәкір. Заман болса мынау. Сол Кетрампорың да қағынып тұрған секілді көрінеді ғой. Түбінде осы астық барар жеріне жетпей қолды болса, орыс, қазақтың ақсақал, қара сақалына не бетімізді айтамыз?

Сағындық. Жол жайы күн ілгері ойластырылған. Астықты станция басына жеткізіп берсеңдер болды. Ар жағын олардың өздері біледі.

Гарпед Боярскииен әлденге таласып қалған
секилді.
«Сағындық, бері кел!»— деген дауыс. Сағындық
кетеді.

Әубәкір. Осы Гарпед дегеннен қорқам. Саудагер
адамға мүлде ұқсамайды. Түбі балам орға жығылмаса жарар
еді.

Омар келеді.

Омар. Айтқаныңның бәрі орындалды, Әуке. Әлекең
аулы күтініп дайын отыр.

Әубәкір. Мен де мұнда қарап жатқам жоқ. Балаға
тақым бұрау салып жіберіп едім, бірден көнді.

Омар. Бала көнуін көнесі-ау. Бар бәле ана
қасындағысында ма деп қорқам.

Әлғали көріне беріп, әңгіменің төркіні бөтен болып соң тұрып
қалады.

Әубәкір. Осы бәледен құтылудың қандай жолы бар,
Омар?

Омар. Омардың қалағанын орындасаң құтылудың жолы
табылады.

Әубәкір. Орындалады, Омар, орындалады.

Омар. Бір айғырдың үйірі.

Әубәкір (қолын ұсынып). Келістік, жалғыз-ақ бір
ғана шарты бар.

Омар. Құлағым сенде.

Әубәкір. Сағындық түк сезбейтін болсын.

Омар. Сағындық түк те сезбейді, Әуке.

3

Өлти аулының көрінісі. Омар жол қарип тұр. Кейініректе
Өлти, Дайша, ауыл адамдары, Күләйме.

Омар. Құдай жазса, екі айғырдың үйірі қалтада. Ретін
тауып екі дәуді тағы бір-екі айғырдың үйіріне тотитсам...
Төрт айғырдың үйірі...(Күліп.) Сонда Омекеңнің мұртын
балта кеспейді-ау...

Шаң көрінеді. «Келе жатыр, күйеу бала келе жатыр!»—деген да-
уыстар. Гарпед, Әлғали келеді. Амандық-саулықтан кейін
қонақтар үйге кіріп жайласады. Омар қымыз сапырады.

Ал, Омеке, іске сәт!

Өлти. Ал, Сағындық шырақ, ана Кетірампорыңда не
жаңалық бар, айта отыр.

Сағындық. Жаңалықтың үлкені — астық жоқ. Мороз бай аштан өлейін деп жатыр.

Өлти. Астағыпыралла-ай, Мороз бай ашықса, зауал да бір орысқа келген. Сағындықжан, мына қатын ексеуміз ойлап-ойлап шеше алмай жүрген бір сауалымыз бар. Соны айтшы.

Сағындық. Шамам келсе, айтайын. Сұраңыз.

Өлти. Сен ғой, Сағындықжан, Кетірампорда оқып жатырсың ғой. Сонда қандай оқу?

Дайша. Ия, Сағынтай, қандай оқу, соны айтшы.

Сағындық (күліп). Гимназия деген оқу.

Өлти. Хо... ош... Құлағым сізде.

Сағындық. Бары сол... Гимназия.

Өлти. Өлгі дөңдегі Шоға Қасымның Хабары да сол кемназада ма?

Сағындық. Иә, кемназда. Менімен бірге оқиды.

Өлти. Сонда Қасымның Хабары кемназды бітірген соң ақ патшаға көмекші болады деген сөз рас па? Соны айтшы.

Сағындық. Болса болар. Хабар пысық жігіт.

Өлти (қынжылыққырап). Ақ патшаның көмекшісі біз өзің болатын шығар деп жүрсек...

Гарпед пен Сағындық күледі.

Гарпед. Ақ патша құлағалы үшінші жыл, міне.

Өлти. Не дейді? Ақ патша құласа, жұрт қалай тірлік етіп жүр?

Гарпед. Морозовтың аштан өлейін деп жатқаны содан ғой.

Өлти. О жасаған ием, тәуба.

Сағындық. Мороз бай бірақ құлаған патшаны қайта тұрғызам деп бар қаражатын соған жұмсап жатыр. Ендігі дәмесі — сіздер, қыр байлары. Көмектесетін шығар деп әдейі делдалын жіберіп отыр.

Өлти (өлгі бір ойдан шыға алмай). Апыр-ау, ақ патшаның көмекшісі деген бекер болды-ау сонда.

Омар кесеге қымыз құйып, қасында отырған Өлтиге ұсынады. Сол кезде Сағындық Өлғалиға ым қыады. Өлғали ұшып тұрып кесе толы қымызды алып көтерле берген Омарға жармасады.

Өлғали. Омар, мен әперем ғой кеселерді.

Омар. Жоқ, сен қонақсың, өзім әперем отыра бер.

Өлғали. Жоқ, қонақ болсам да жасым кіші, мен әперем.

Өлти (ұнатпай). Қонақ болса да, ат қосшы емес пе, несіне таластың, Омар, әперсін-дағы.

Омар. Ал, ендеше мына кесені Сағындықжанға ұсын.
(Кесе Сағындыққа ұсынылады.)

Ал, сінді мына кесені Гарпед мырзаға. (Өлғали кесені шайқалақтатып өкеле жатып, жарқ еткізіп төгіп алады. Кесе қақ айырылады.)

Әлти (ақырып). Ой, өзің бір алаңғасар неме екенсің ғой, көзіңе қарамайсың ба?

Өлғали. Байқамай қалғаным... Былай келе жатып, мына бір кілемі түскірдің тұйығына сүрініп кетіп...

Омар. Әлекең үйінде ақ төгілді деген не сұмдық! Обал болды ғой, обал.

Сағындық. Бұйырмаса, бір айғырдың үйірі де жоғалып кетеді, Омеке. Опына бермеңіз. (Алдында тұрған кесені Гарпедке ұсынады.)

Ал маған басқа ыдысқа құйып беріңіздер.

Сасып қалыақтаған Омар біресе ана кесені, біресе мына кесені алып, көп әуреленеді.

Дайша. Мына қайыма не болған! Былай отыршы өзін. Өзім сапырам қымызды.

Сағындық. Е, жеңеше. Соныңыз дұрыс. Керек кесесі сынған соң Омекеңнің берекесі кетіп қалды.

Омар (естімеген болып). Мен, Әлеке, ас жағына барайын.

Дайша. Ие, қайным, сен сүйт.

Омар шығып кетеді. Дайша салырып қымыз құйып бере бастайды.

Әлти (төс қалтасынан добалдай сағатын алып). Намаз оқитын уақыт болып қалыпты-ау, қатын.

Әлти шығады. Дайша, Дайшаның соңынан Күләйма да шығып бастайды.

Дайша (кейін қайырылып). Күләймажан, сен осында ана Сағынтай ағаңның қасында бол.

Күләйма екі қолымен бетін басып орнына кеп отырады. Сау-сақтарының арасынан Сағындыққа сәлеміп қараумен болады.

Сағындық. Е, Күләйма қарындас, сіз екенсіз ғой? Күләйма (сықылықтап күліп). Сағындық...

Гарпед пен Өлғали ақырын басып олар да шығып кетеді.

Сағындық. Ие, Күләйма қарындас, аман-сау барсыз ба?

Қарындас-ау, аман-сау барсыз ба деймін?.. Хат танысыз ба, Күләйма? Молда бетін көрген шығарсыз?

(Күләймада өлі үн жоқ. Қалайсызданған Сағындық жаңыңдал келеді). Күләйма, неге үндемейсіз? Өлде тіліңіз жоқ па?

Пауза.

Е, осы үйде тілі жоқ бір бала бар деуші еді. Сол осы Күләйма болып шықты-ау, тегі?

Күләйма. Иә, тілім деген, бар менің. (Салаң еткізіп тілін көрсетеді.).

Сағындық. Ендеше неге үндемейсіз? (Күләйма тағы да үндемейді).

Тілің болғанмен сөйлей алмайтын болып шықтыңыз ғой.

Күләйма. Иә, деген, сөйлей де алам.

Сағындық. Ал сонда үндемеуіңізге жол болсын?

Күләйма (тез-тез). Сағындықпен оңаша қалған кезінде үндеме, аузыңа берік бол деген апам.

Сағындық. Ым... солай де, неге үндеме дейді сонда?

Күләйма. Баяғыда өстіп әкем ұрын барғанда апам да үндемей қойыпты.

Сағындық. Е, түсінікті ендеше...

Күләйма. Көп сөйлессең, ақылыңның жоқтығын сезіп қояды дейді апам.

Сағындық. Жөн-жөн, апаң жөн айтқан.

Күләйма. Сағындық — оқымысты бала, тіпті құйтықандай да шалыс сөйледің бар ғой, бірден сезе қалады деген тағы да апам.

Сағындық (күледі). Иә, тағы не деп еді?

Күләйма. Апам тағы да айтқан, оқыған адам залым болады дейді.

Сағындық (күліп). Мен сондай залыммын ба сонда?

Күләйма. Жоқ, сіз залым емессіз. Сіз қайта сондай жақсы адамсыз.

Сағындық (күліп). Оны қайдан білдіңіз?

Күләйма. Сіз былтыр келдіңіз ғой, сонда білдім.

Сағындық. Қайтіп?

Күләйма (сөл толқыңқырап). Сіз былтыр келдіңіз ғой, сонда...

Сағындық. Қысылмаңыз, айта беріңіз.

Күләйма. Сіз сонда бар ғой, түнде кеп маған қол салған жоқсыз. Ал басқа қонақтардың бәрі де жаман, ылғи кеп оятады. Оянайын десең де қоймайды...

Сағындық сұрланып сала береді. Сырттан Дайшаның «Күләйма» деген даусы шығады. Күләйма шығып кетеді.

Сағындық (басын ұстап). Қандай надандық десеңізші. Омардың түрі анау, бір айғырдың үйіріне әкесі мен шешесін де сағып кеткелі тұрған. Жер дүниеге аты шыққан Әлти бай мынау, көр соқыр.

Гарпед келді.

Гарпед. Әлти баймен сөзді мықтап байластық. Елу арба... Сағындық. Елу арбасы түссін. Кетейікші, Гарпед, бұл жерден.

Гарпед. Е, не болды?

Сағындық. Әлғали-ау, Әлғали?..

Жүгіріп Әлғали келеді.

Әлғали, аттарды жек, қазір аттануымыз керек.

Әлғали жүгіріп сыртқа кетеді.

Гарпед. Не болды, Сағындық Аубакирович?
Сағындық. Әлгінде Әлғали қымызды неге төкті?
Білдің бе?

Гарпед. Жок.

Сағындық Ендеше, не болды деп сұрама.

Асып-сасып Әлти, Дайша, Омар келеді.

Әлти. Сағындықжан, бұл не? Кеткені несі?
Сағындық. Кеткеніміз кеткен. Ал сау тұрыңыздар

Ширақ басып Гарпед екеуі шығып кетеді. Әлти мен Омар анырап қалған. Дайша боздап жылай бастайды. «Өй, ет-жүрек бір жаманшылықты сезіп елі?»
Күләйманы шақырып алады.

Дайша. Сен қатын, әлгі Сағындыққа не деп қойдың?
Күләйма. Түк те дегем жоқ,

Дайша ұрмақ болып ұқтыла түседі.

Дайша. Түк демесең неге кетіп қалды Сағындық? Түк демедің, ә? Түк деген жоқсың, ә?

Күләйма бақырып әкесіне тығылады.

Әлти. Жә, болды енді...

Дайша. Қалай болады? Өй, сен нарға үндеме дегенім қайда?

Күләйма. Үндемеп едім, Сағындық: «Неге үндемейсің?»— деп қоймады. «Тілің жоқ»,— деп мазактаған

соң тілімді көрсеттім. «Енді неге үндемейсің?»— деп сонда да қоймады. Сосын «апам үндеме» деп айтқан деп шынымды айттым.

Дайша О, қу қатын...

Әлти. Бәрін бүлдірген өзің екенсің ғой. Үндеме деп нең бар. Балалар өзінше шүйіркелесіп бір сөйлеспеуші ме еді оңаша қалған соң. Тұрған жерінде қамшының астына алайын ба осы!

Дайша. Әне, бұл қят етсе мені бас салады. Күләймаға айтып қой, бетімен сөйлеп қойып жүрмесін деп өзің едің ғой қоймаған.

Әлти. О, ит сенен-ақ көрдім ғой, көресіні!

Ұмтыла береді. У-шу. Дайша дауыс көтеріп сыртқа қашады.

Соңынан бақырып Күләйма кетеді.

Омар. Әлеке, ашу алды, ақыл соңы. Ашуынды бас, қатын сабағанмен іс бітпейді. Басқа бір амалын ойлайық.

Әлти. Иә, Омар, сонынды айтшы.

Омар. Мен айтсам, Сағындықты өлтіру керек!

Әлти. Астағыпыралла. Кісі өлтірген деген не сұмдық!

Омар. Ойбай-ау, Әубәкірдің орыс баласы не істеп кетті, түсінесің бе өзің? Бүкіл бір тайпа елдің сүйегіне таңба салып, өлтіріп кетті ғой. Ойбай-ау Әлти байдың үйіне ұрын келіп, қызын алмақ түгіл, көтерген дәміне қарамай кетіпті, берген асын төгіп, кесесін қиратып кетіпті...

Әлти. Жә, жә... болды енді...

Омар. Әлде, құр сүлдерін, тірі қалғанынды шүкіршілік дейсің бе?

Әлти. Ал қалай өлтіресің? Оп-оңай ма кісі өлтіру? Арты не болады?

Омар. Оп-оңай. Ол үшін осылардың не жұмыспен жүрген адамдар екенін білу керек.

Әлти. Оны қалай білесің?

Омар. Дөңдегі Шоғадағы Қасымның Хабарына барам...

Әлти. Е, жұның табылған ақыл. Ай, Омарым-ай! Қапиядан жолды осылай табасың-ау! Ал жолың болсын онда! Әумин.

Омар. Әумин.

4

Көкорай шалғын көл басы. Алыста ауыл нобаяы. Қараша жүдеу үй. Нарша үйі. Сағындық, Нарша оңаша.

Сағындық. Наршатай, түк те қиындығы жоқ. Міне, арбаның арысы сәкілді екі сызық тартасың. Сосын шашылып

қалмасын деп бел ортасынан көлденең бір сызық тартып қосып қоясың. Мұны «эн» әрпі дейді.

Нарша. Ны...

Сағындық. Иә, «ны» десең де болады. Бірақ «эн» деп оқылады.

Нарша күледі.

Нарша. «Ен». Үйге ен деген секілді екен.

Сағындық. Тап солай. Ал мынау сондай бүйірлі, мынадай шүмегі бар әріпті «а» дейді.

Нарша. «А». (Күледі.) Шайнекке ұқсайды ғой өзі.

Сағындық. Иә, тұтқасы жоқ шайнекке ұқсайды. Ал мынау «р» әрпі, содан кейін мынадай етіп шарбақ саласың, ол «ш» әрпі. Сосынғысы жаңағы құман. Сонда «Нарша» болып шығады.

Нарша. Ғажап! Қағаз бетіне алдебір жұмбақ сызықтармен аты-жөнінді, айтқаныңды айнытпай түсіріп, сосын бұлжытпай қайталап беру. — ғажап қой!

Сағындық. Нарша! Бар дүниенің кереметі мен ғажабы сызықтарда емес. «Нарша» деген сиқырлы есімде тұр ғой,

Нарша (күрсініп). Айға талпынған бала секілдімін ғой мен.

Сағындық. Наршатай, түсінсеңші менің жан сырымды. (Ойланп.) Былай қарағанда маған не жетпейді? Не ішсін, не киесін демеймін. Бірақ саналы адам дүниеге келгеннен кейін бар мақсаты ішіп-жеумен, киінумен ғана шектеле ме? Бай баласы болсам да, осы бір теңсіздікті, аштық-жалаңаштықты көргенде өзегім өртенетін еді. Сен түске дейін ұйықтайсың. Содан кейін тұрасың да сары қымызды сапырып ішесің. Түннен қалған жал-жаяны кертіп жейсің. Ал ертеден қара кешке дейін салпақтап жүріп сен ішіп отырған қымызды дайындаған, сен ішіп отырған тамақты өзірлеген күң-жалшы балалары — менің құрбыларым бір түйір бауырсақты қашан ұсынар сен деп көзін сатып есікте тұрады. Менің сонда бұлардан нем артық. Олар неліктен осылай? Бұл мені көптен бері жегідей жеп жүрген сұрау. Шынымды айтсам, кедейшілік бар жерде байлық маған арам ас сияқты...

Нарша. Ақылдысыз ғой, Сағындық. Жатсам-тұрсам да атыңызды дұғама қосып, амандығыңызды тілеп жүрем, аманда. Жалғыз-ақ... Жалғыз-ақ сахараға үйреніп қалған басым, тынысы тар, қалаға көңдіге алмаймын ба деп қорқам.

Сағындық. Сахара маған да бір қым-қиғаш әсер салады, Наршатай. Шынымды айтсам, мен сахараны соң

шалық жек көрем. Өйткені сахара адамды енжарлық, жалқаулыққа үйретеді. Сахарада сені санадан жырақ, жай-барақат тірлік баурайды. Ал қалаға барсам, сол жек көрген сахараны көргенша асығам. Сағынамын соншалық. Аңсап, асығып келем де көпке дейін мауқымды баса алмай жүрем.

Екі ынтық жанның сөзін басылап келіп тыңдаған
Әлғали оқыс көрінеді.

Әлғали. Бәде, жек көрген нәрсесін де аңсайды екен адам деген.

Сағындық. Оу, сен Әлғалимысың. Қайдан сая бола қалдың?

Әлғали (*Наршаға*). Жек көре тұрып Сағындықтың сахараны неге сағынатынын білем мен.

Нарша. Неге өйтеді, айтшы, Әлғали?

Әлғали. Өйткені... онда... сахарада Нарша бар.

Сағындық пен Әлғали қосыла күледі.

Нарша (*күліп*). Е, мен басқа бір шын себебі бар екен десем...

Оқыстан Омар көрінеді. Үшеуі де күлкіден кенет тыйылады.
Омардың қолында ортеке.

Омар. Мен сені өз аулыңнан іздеп жүрсем, осында екенсің ғой, Сағындық. (*Ортекені ойнатып қояды.*)

Сағындық. Иә, Омеке, осындамыз.

Әлғали. Омеке, мына ортекеңіз не, бала болайын дегенсіз бе?

Омар. Ортекем — менің ортеке. Көлденең келген адамды Омекең осы ортекеше ойнатады.

Сағындық. Е, Омеке, мұның керемет екен.

Омар. Әлти байды мен он жыл осылай ойнатып келдім. Сенің әкең Әубәкір де менің қолымда. Оқымыстымын деп көкімей-ақ қой. Керек болса, Омекеңнің қолында сен де осылай ойнап кетесің, Сағындық.

Сағындық. Иә, Омеке, мұның бір жаңалық екен.

Омар. Мен сенің қандай шұбар жылан екеніңді жақсы білем, Сағындық.

Сағындық (*шошынып*). Түсінбедім ғой мұнның.

Омар. Шошыңба, Сағындық. Ана, Гарпедің де менің алақанымда.

Сағындық (*өзіне-өзі келіп*). Жұрттың бәрің қашаннан бері алқаныңа салып жүретін болғансың, Омеке?

Омар. Қашаннан деп сен сұрама! Қашан деп мына мен сұрайын. Қалыңдығыңды қашан әкетесің? Соны айтшы?

Сағындық. Ол болмайтын шаруа, Омеке.

Омар. Басың екеу емес, отпен ойнама, Сағындық.

Сағындық. Ауыл арасындағы ондай қокан-лоқдың талайын естігенбіз, Омеке. Естігенбіз де күлгенбіз талай-талай. Е, бар жаңалықтан жырақ, бейқам жатқан аңқау ел, аңқаудықтан арылмай арамза молдалардан құтыла алмайсың ғой...

Омар. Аңқау елдің арамза молдасы біз емес, сіз боларсыз ба деймін. Хабар! Ә, Хабар! Бері кел.

Гимназия тәжіртігеріне кіннен Хабар кіріп тағзым етеді.

Хабар. Мороз бай мың да бір алғысымен сәлемін айтты сіздерге. «Аштан өлуге қалып едім, астықтың алды жетіп жақсы болды»,— деді. Қарқындарың жақсы, қимылдай беріңдер. Маклер Гарпедке дұғай сәлем.

Омар екеуі кете береді.

Сағындық. Омеке, тоқтаңыз.

Омар (қайырылып). Омекеңнің уақыты жоқ, аялдайтын. Не басынды тігесің, не қалыңдығыңды кеп әкетесің. Екінші бірі. Ал жүр, Хабар.

Хабар. Ал Омеке бастаңыз.

Хабар мен Омар шығып кетеді. Сағындық сұқ отырып қалады.

Нарша. Сағындық, сізге не болды?

Сағындық (сейіліп). Ә, Гарпед мырза қайда болды екен?

Әлғали. Әлгінде ғана астық қабылдайтын жерде көргем.

Сағындық. Білмедің бе, бүгін қанша лау жөнелтілді?

Әлғали. Жетпіс лау.

Сағындық. Сонда ұзын-ұртасы жеті жүзге жетіп қалды-ау.

Әлғали (қалтасынан кітапшасын суырып). Алты жүз тоқсан үш.

Сағындық. Бұл бір біткен іс болды.

Нарша. Сағындық, жаңағы кісі не деп кетті? Соған қайранмын.

Сағындық. Жаңағы Хабарды айтасың ба? Е, ол бір жүрген есуас. Гимназиядан екі рет шығып, екі рет ақшаның күшімен алдалап қайта кірген.

Нарша. Сонда да, сөзі бұзық сондай. Түріңіз бұзылып кетті тіпті.

Сағындық (күліп). Ал Омар болса, Өлтідің намысын жырттып жүр. Саспай-ақ қой оған бола.

Нарша. Олай болса, Гарпедте не шаруасы бар Омардың?

Сағындық. Гарпед жөнінде де бірдеме деді ме?

Нарша. Айтты ғой жаңа «ана Гарпедіңнің де кім екенін жақсы білем, о да менің алақанымда» деп...

Сағындық (күліп). Есуастар не демейді, Наршатай.

Нарша (қамығып). Осы сіз бірдемені жасыратын секілдісіз менен.

Сағындық (Наршаны құшақтап). Жасыратыным көп сенен, Наршатай.

Өлғали (жөтеліп). Көкек. Мен қайда тығылып тұрмын, табындаршы, көне?

Нарша ұқып бетін басады.

Сағындық. Сен әлі осында ма едің, Өлғали?

Өлғали. Жоқ, мұнда емеспін. Тығылып тұрмын, табындар.

Қуанып Гарпед келеді.

Гарпед (ішек-сілесі қатып). Сенің әкенді айтам, жарайсың, Аубакир Күржинұш. Ана Дмитриевканың бір байының жағасынан алып: «Қайтсең де жиырма бес лау астық арттырасың. Олай болмаған күнде ана Кетрампор байына не бетімізді айтамыз. Қазақ сахарасында жүргенімен құр жанды қуыршақ екен демей ме?» Сөз осы.

Өлғали. Ағатайым шынында да қатты кеткен екен...

Сағындық. Иә, әкемізді де алдауға тура келді.

Нарша (шошынып). Алдағаны несі?

Сағындық (өзгеріп). Ә, Наршатай, қонаққа қымыз бермейтін бе едің?

Гарпед. Сондай қаталап келіп едім, Нарша Гүлхайровна!

Нарша «қазір» деп шығып кетеді.

Сағындық. Өлғали, сек ат дайында. Гарпед мырза бөріміз жайлау аралап, бой жазып қайтайық.

Өлғали. Жақсы, мен ат дайындайын. (Кетеді).

Сағындық. Гарпед мырза, бұл жерде енді қалуға болмайды саған.

Гарпед. Себеп?

Сағындық. Қасымов Хабар жаңа осы үйден кетті.

Гарпед (шошынып). Қасымов Хабар?.. Ол қайдан жүр екен?

Нарша. Гарпед мырза, алыңыз.

Гарпед (*кесені алып, қағып салады*). Басында ұнатпаған едім осы ішімдікті. Өңшең жасық пен жылбысқыға үйреніп қалғандықтан ба, тым қышқылтым сияқтанып тұратын-ды. Қазір тіпті мүлде басқаша. Барған сайын тілді үйіріп бара ма қалай? Іздейтін секілдісің. Ішпей қалсаң, бір нәрсең жетпей тұрғандай болып көрінеді екен.

Сағындық (*күліп*). Табиғаттың заңы солай, Гарпед мырза. Жат нәрсенің жақсы екенін енді-енді түсініп, тұшынып келе жатқан кезде уақыттың бітіп қалатын әдеті бар.

Нарша. Гарпед мырза аттанғалы отыр ма?

Гарпед. Иә, Нарша сұлу, аттанатын болып отырымыз.

Нарша. Жүрем деген ойыңызда жоқ секілді еді, шұғыл шешіпсіз ғой...

Сағындық. Мороз байдан хабар келді. Өйтпесе, жүре тұрғанын мен де қалаған болар едім.

Нарша. Асықпаңыз, Гарпед мырза, қыдырыңыз, жатып дем алыңыз. «Астық, астық»,— деп уақыттарыңыз шабуылдаумен өтті ғой.

Гарпед. Осы бір аз күннің ішінде даламен әбден туыстасып кеткендеймін. Артымда қимасым қалып бара жатқандай. Амал не, күтіп тұрған іс бар, ажырасуға тура келеді. Ғқасы жоқ, Наршатай, әлі дүние бір орнытып, заман шарасына түскен соң, жазғы демалысты осы қырларда өткізетін боламыз.

Сағындық. Қазақ халқының пейілі өзінің сахарасындай кең. Сен секілді асыл достарына қашанда есігі ашық.

Гарпед. Оны көзбен көрдік, Сағындық Аубакирович. Бұл істі атаусыз қалады деп ойлама.

Өлғали келеді.

Өлғали. Аттар дайын болды.

Гарпед. Бақытты адамдар уақыттың қалай өткенін аңғармайды деген осы-ау, қымыз ішіп, әңгімемен отырып, түстің болғанын байқамаппыз ғой. Ал жүрейік онда.

Сағындық. Сапар оң болсын, Гарпед мырза. (*Өлғалиға*) Ал, Өлғали, саған тығыз тапсырма бар.

Өлғали. Шамадан келсе, мен дайын.

Сағындық. Мына Гарпед мырзаны қазір станцияға алып жүресің.

Өлғали (*сасқалақтал*). Ойбай-ау, әлгінде ғана серуенге шығамыз демеп пе едіңдер?

Сағындық. Сен сұрамайсың, біз айтпаймыз себебің. Гарпед мырзаны станция басына жеткізіп саласың да түңдесілетіп қайтып ораласың. Түсіндің бе?

Әлғали. Түсіндім, Сағындық.
Сағындық. Түсінсең сол. Жолда барынша сақ болған
жөн.

Гарпед. Қалған астық жиналса, өзің де жатып алмасың...

Сағындық. Әлбетте, Морозовқа даланың сәлемін жеткізе бар. Ықылас-ниетін көрдің ғой...

Гарпед. Қалай да болса айтам ғой сәлемінді. Көріскенше, Сағындық Аубакирович!

Сағындық. Көріскенше, Гарпед мырза.

Әлғали мен Гарпед шығып кетеді. Нарша Сағындыққа
үрейлене қарайды.

Наршажан, басымыз кесіледі, бірақ біз Гарпед мырзаны кешелі-бүгін көрген жоқпыз.

Нарша. Сағындық, дүние неге екені белгісіз тарылып бара жатқан секілді. *(Жыламсырап, Сағындықтың мойнына асылады.)*

Сағындық *(қайталал)*. Біз Гарпед мырзаны көрген жоқпыз.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

1

Түн. Сахна алды. Жарық Карповтың басына түседі.

Карпов. Гарпед сөйтіп аттанып кетті. Сағындық сахарала жалғыз қалды.

Карповтың басын кексе Әлғалидың басы алмастырады.

Әлғали. Сөйтіп, мен Гарпед мырзаны станцияға апарып салып қайттым. Сағындық сахарала жалғыз қалды. Сағындық, ә, Сағындық?

Жарық өшеді. Жүгіріп Әлғали шығады.
Сағындық көрінеді.

Сағындық *(шошынып)*. Не болды, Әлғали?

Әлғали. Қуғын. Әлти байдың аулының тұсында соңымнан бір қуғын түсті. Мен қалай жүрсем де, қалмай қойды.

Сағындық. Гарпед мырза аман-сау барды ма?

Әлғали. Аман-сау. Сол, тегі, Омар бастаған біреулер ме дейім әдейі менің жолымды тосқан.

Сағындық. Аман-сау барса, жарады. Ал енді Наршаға жетейік. Мен де жүретін болдым.

Дабырласып Өзбәкір, Өлти, Омар келеді.
Дайша мен Күләйша артта, оңашалау. Сағындық,
Өлрали басталап шығып кетеді.

Дайша (*Күләйшаға*). Бас деймін аяғыңды, бассаншы.
Күләйша (*кейін шегініп*). Ал баспаймын, басымды
кессең де баспаймын.

Дайша. Кесірілісін-ай мына қатынның.
Өлти. Балаңа сөзің өтпейді екен, неге бізді әуре еттің,
Өзбәкір?

Омар. Әуре еткені өз алдына, сүйегімізге таңба салды
ғой.

Өзбәкір. Бұл тұйықтан шығар жол жоқ деп мен
ойламаймын. Сағындық ақылсыз бала емес.

Омар. Күні-түні әлгі Жақыбайдың үйінен шықпайды
дейді. Ақылдысы сол ма!

Өлти. Бүйтіп тірі өлік болып отыра алмаймын, Өзбәкір.
Мені ашуландырма. Мен ашуландым бар ғой...

Дайша (*Күләйшаға*). Өкең, әне, қатты кетті. Бәрі сенің
қамың.

Күләйша. Менің қамым... (*Күледі*).

Өзбәкір. Заман болса мынадай. Бұрынғының баласы
қайда, әке ойындағысын қабағынан түсінетін.

Омар. Әлекең ашуланды бар ғой, Өзбәкір, байқа...

Өлти. Омар рас айтады. Мен ашуланбаймын. Мен ашу-
ландым бар ғой...

Өзбәкір. Сонда не қыл дейсің, Өлти?

Өлти. Не қыл дейсің? Қара мұны! Не қыл демеймін
мен саған, соншама шығыңға белшемнен батып отырып.
Қыз бала Өлтидікі, барар жері Өзбәкір бай деп мыналар
қоймаған соң қайда ат сабылтпадым. Түу-түу Самарқандан
жүзік алдырдым ба? Алдырдым. Түу-түу Түрікпенінен
қалы кілем алдырдым ба? Алдырдым. Ит арқасы қиян
Ірбітті қайта-қайта шапқыздым ба? Шапқыздым. Ендеше,
соның бәрі баланы жасаулап аттандыру қамы.

Өзбәкір. Қайдан не алдырғаныңды несің айта бересің,
Өлти. Қырық жетіні матап беріп, мен де үндемей отырмын
ғой.

Өлти. Үндемегенде ше? Мал даулайын деп пе едің
менен.

Өзбәкір. Бала көнбессе, не істейін, даулаймын.

Омар. Әлкенді ашуландырма десім ғой, Өзбәкір.
Әлекең ашуланса...

Әубәкір. Не істейсің сонда, қырасың ба?
Омар. Шаңырағыңды ортаға түсіреді Әлекен.
Әлти. Иә, Омар дұрыс айтады. Ашулансам
шаңырағыңды ортаға түсірем.

Әубәкір. Байқа, Әлти. Біз де бір жылы ішектің иесіміз
ғой, қарап қалмаспыз.

Омар (*аярланып*). Шыныңды айтшы, Әубәкір. Гарпед
мырзаны қайда қашырып жібердің?

Әубәкір (*шошынып*). Қайда қашырыппын? Гарпед
мырза осында.

Омар. Ә, солай ма! Ал Әлекен екеуіміз Бояр байға
барамыз. Бояр байды ертіп қайтып келеміз. Гарпед мырза
мен Сағындық балаңыздың не істеп жүргенін сонда сөйле-
семіз.

Әлти. Иә, сөйлесеміз.

Әубәкірден басқалардың бәрі де шыға бастайды.
Дайша мен Күләйма соңында.

Дайша (*Күләймаға*). Өй, түр.
Күләйма. Енді қайда барамыз?
Дайша. Бояр байдың аулына.
Күләйма. Бармаймын.
Дайша. Өй, түр деймін, бармағаны несі?
Күләйма. Бояр байға барып, Сағындықты жамандай-
сындар. Бармаймын.

Дайша желкелеп қызын алып шығады.

Әубәкір. Күләйжан?... Ау, Дайша құдағи? (*Ере түсіп
барып тоқтайды.*) Апырмау, мыналар не деп кетті?
Сағындық, ә, Сағындық!

Науысқа Өлғали келеді.

Өлғали. Ағатай, не?
Әубәкір (*тез өзгеріп Өлғалидың алқымынан алады*).
Жаның барында айт. Гарпед мырза қайда?
Өлғали. Білмеймін, ағатай.
Әубәкір. Жоқ, білесің, айт, деген соң, айт. Әйтпесе
буындырып өлтірем.
Өлғали. Өлдім, ағатай, айтайын, қоя беріңізші.

Әубәкір Өлғалиды босатады.

Әубәкір. Ал, көне.
Өлғали. Гарпед мырза станцияда. Сағындық айтты,
Гарпед мырзаны апарып саласың деді, сосын апарып салып
келдім.

Әубәкір. Мен неге білмеймін. Маған неге қоштаспай кетеді? Ойында түк жоқ еді ғой кетем деген.

Әлғали. Білмеймін, ағатай.

Сағындық келеді.

Әубәкір. Балам, осы сен не істеп жүрсің?

Сағындық. Не істейін, әке, жүрмін.

Әубәкір. Гарпед мырза қайда?

Сағындық. Гарпед мырза жүрген осында.

Әубәкір (*оқыстан*). Маған ақылдаспастан Гарпед мырзаны неліктен қашырып жібердің? Соны айтшы?

Сағындық. Қашырып жібергені несі. Гарпед мырза осы кеше ғана осында...

Әубәкір. Өтірік айтпа, балам. Шынығы айт. Мен бәрін білем.

Сағындық (*Әлғалиға қарап, жайды түсінеді де*). Бәрін білсең, несің айтам, әке?

Әубәкір. Неге кетті? Соны айт.

Сағындық. Морозовтан төтенше хабар келді.

Әубәкір. Оны мен неге білмеймін?

Сағындық. Хабардың тұтқиылдығы сондай, Гарпед мырзаның ай-түйге қарауға шамасы келмеді.

Әубәкір. Ол не хабар сондайлық?

Сағындық. Жөнелтілген астықтың қолды болар қаупі бар екен. Сол себепті Морозов астық тиелген вагондарды қарулы жасақпен Гарпед мырзаның өзі бастап келуін мақұл көрген.

Әубәкір. Ал осы астық қолды болса, біздің күніміз нешік?

Сағындық. Қолды болмас үшін кетті ғой Гарпед мырза.

Әубәкір. Жаман айтпай жақсы жоқ, қолды болды делік? (*Сағындық көпке дейін үндемейді*.)

Үндемейсің, ә? Қолды болса, ана Бояр бай бізді үйтіп жейді, білдің бе? (*Сағындық үндемейді*.)

Оған енді сенің қырсығыңнан Әлти барып қосылғалы отыр. (*Пауза*.) Сен, балам, райдан қайт. Әлти әлі де біздің ұыста.

Сағындық. Сүйгенім бар ғой, әке.

Әубәкір. Сүйген-күйген!.. Ол еріккеннің ісі. «Сүйген-күйгенді» жағдай көтермейді қазір. Әлгінде осында Күләйма: «Бояр байға барып, Сағындықты жамандайсындар, бармаймын!»— деп отырып алды. Сүйген деген, әнс, сол емес пе.— Өзің сүйгенді алма, өзінді сүйгенді ал!— деген атам қазақ.

Сағындық. Балаңа есі ауысқан қыз алып беріп жұрт табасына қалмайсың ба, әке, соны неге ойламадың?

Әубәкір. Балам, әлі бала екенсің ғой. Қатын алма, қайын ал. Өлти екеуіміз құда боп, тізе қоссақ, бұл өлкеде кімнің аузы батады біз екеуімізге. Басқаны былай қойғанда, сонда Бояр байыңның өзі де бізбен байқап-байқап сөйлесетін болады. Мен арғы түбін ойлаймын, балам.

Сағындық. Мен арғы түбі, бергі түбі дегенді білмеймін. Таңдағаным біреу-ақ. Ол — Жақыбайдың қызы. Ақ батаңды бермесен... Онда бәрібір, алып кетем.

Әубәкір (*ойланып*). Жарайды, рұқсатымды берейін. Бірақ бір тілеуім бар.

Әлғали (*қуанып*). Алақай, ағатайым батасын берді.

Сағындық. Қай тілегіңізді болса да орындайын, әке, айта берікіз.

Әубәкір. Қызылжарға барып қайтатын шұғыл бір шаруа болып тұр. Сен болмасаң, басқа адам тындыра алмай ма деп қорқам.

Сағындық. О не қылған шаруа?

Әубәкір (*өлгі ойын жалғал*). Қайтып келген соң тойынды жасап, батамды беріп, аттандырып салам.

Сағындық. Онда Екатеринбург сапарын кейінге қалдыратын боламыз ба?

Әубәкір. Иә, иә. Кетрампор сапарын кейінге қалдыра тұрасың.

Сағындық. Сонда Қызылжар сапарының мәні не?

Әубәкір. Мен бір орыс байымен бірлесіп дүкен салдырып жатыр едім, қандай халде? Бітті ме? Біткен жоқ па? Түгінен хабарым жоқ, ана бай бар болғаны ақша сұрата береді. Бергенім шарттағы мөлшерден асып кетті. Соны барып, өтірігін тексеріп қайтасың.

Сағындық. Жақсы, әкс.

Қараңғы түседі. Сахна алды. Үйдеп шыққан
Сағындыққа Нарша ұмтыла берелі.

Нарша. Шыдамым таусылды, жан исм, неге шақыртыпты? Аманшылық па?

Сағындық. Атаң рұқсатын беретін болды.

Буынш дірлдеген Нарша отыра кетеді.

Не болды, Наршатай? (*Көтеріп тұрғызып алады.*)

Нарша. Ел кісісі ғой, түсінетін шығар деп ойлаушы едім. Енді өлсем де арманым жоқ, Сағындық.

Сағындық. Өлгені несі, дүниенің бар қызығы енді ашылып, көктемнің бар гүлі шешек жарғалы тұрғанда өлім жайлы ойлай ма екен адам деген.

Нарша. Ата рұқсат берсе, болды. Менің бар қызығым атаның сол батасында ғана. Әйтпесе, көзге шыққан сүйелдей болып, ата пиғылына көлденең тұрғаным қамығушы едім. Екі кісі бас қосса, мені әңгімелейтін секілді, өз-өзімнен қуыстанып жүруші ем. Енді неге болсын ризамын, Сағындық.

Сағындық. Жалғыз-ақ бір он күнге шыдау керек, Наршатай? *(Нарша тесіле сұраумен қарайды.)*

Себебі Қызылжарға шұғыл барып қайтуға тура келіп тұр. *(Нарша жүңайып қалады.)*

Сенші, жаным, сен жоқ жердің бәрі де көшкен елдің жұрты секілді, құлазып қаңырап тұрады, Наршатай. Бір он күнге шыдаймыз, бірақ. Атаң той жасап, ақ батасын беріп аттандырып салмақшы.

Нарша. Сарғайтаңызшы, жан ием, жалбарынамын, тезірек орала көріңізші.

Сағындық. Өлермін, бірақ оралармын қайтсем де. Наршатай, тез оралам. *(Сағындық кете береді. Нарша соңынан ұзақ қарап тұрып қалады.)*

2

Сахна түсірі қара каленке. Біраз адам жиналған секілді. Гөй-гөй сөз. Сахна алдына Әубәкір шығады. Соңында Омар.

Әубәкір. Ал мынаны ала тұр. Салмақтысы кейін болады. *(Ақша ұсынады.)*

Омар. Салмақтысын не деп түсінеміз сонда?

Әубәкір. Аидағым уәде, уәде. Бір айғырдың үйірі.

Омар. Жок. Омар ол пиғылдан қайтқан. Заман қазір басқа. Омар да басқа.

Әубәкір. Қысылма, Омар. Осы құдалық жолында аянайын деп тұрған мен жоқ. Бәрі де бала үшін.

Омар *(ойланған болып)*. Он қдақ алтын.

Әубәкір *(шошынып)*. Ол байлықты мен қайдан таппақпын?

Омар. Жылама. Әубәкір, жылама.

Әубәкір. Жылағаным емес, шыны сол.

Омар. Ал ендеше өз мөлшерінді айтшы.

Әубәкір. Жаңағының тең жартысы болсын. Қайтейін, балам үшін.

Омар. Ә, жарайды. Омар саудаласып жатпайды.

Әубәкір. Әуелі жауабын өзім беріп жатам ғой.

(Екеуі қол алысады.)

Сен байқап отырып, ұрымтал жерден басып қалатын бол. Сонда бәріміздің де есебіміз түтелденеді.

Омар. Уәде құдай аты.

Әубәкір. Уәде құдай аты, Омеке. *(Әубәкір мен Омар жоғалып кетеді. Шам жанады. Казак-орыс байының кәдуілгі бай бөлмесі. Боярский бастаған бір топ казак-орыс байлары. Ортасында Әубәкір, Әлти, Омар.)* Бояр бай, асылық айтасың. Бұл іске түк қатысы жоқ баламның.

Боярский. Сонда Сағындық Гарпедтің кім екенін білмеді демексің бе, Әубәкір?

Әубәкір. Құран көтерем.

Боярский. Құраның өзіңе. Сағындық Гарпедтің большевик екенін жақсы біледі. Біле тұра әдейі алып келді.

Әлти. Астағыпыралла. Құран көтерем десе де, сенбейді ғой мына дүлей!

Әубәкір. Білмейді, Бояр бай, білмейді.

Әлти. Бояр бай, Сағындықтың білмейтіні рас.

Боярский. Оны немен дәлелдемексіңдер?

Әубәкір. Балам мені алдамайды. Кісі өлтірсе де, маған айтуға тиісті.

Боярский. Баланды онда білмегенің. Біздің қолымызда қазір ақпар бар. Гарпед пен Сағындықты бұл өлкеге қызылдар жіберген.

Әубәкір. Иланбаймын, Бояр бай. Сен мұны ашу үстінде долбармен айтып тұрсың. Бар пале ана Гарпед дегенде. Сағындықты да, бізді де алдап соғып отыр.

Боярский. Жақсы, Сағындық Гарпедтің кім екенін білмеді дейік. Бірақ мен алтынға шаққанда мың теңге шығынға ұшырадым. Бұған кім кінәлі?

Әубәкір. Оған Сағындық кінәлі емес, мен кінәлі.

Боярский *(кекетін)*. Мүмкін онда шығынды орнына салатын шығарсың?

Әубәкір. Орына қазір салуға дайынмын. Тек бізге тыныштық бер, Бояр бай.

Әлти. Мен де аздап үлес қоса алам құда үшін.

Боярский. Бір тиынды екі тиын етіп балалатып жататын саудагер Әубәкір едің. Қашаннан бері мырза болып кеткенсің? *(Зілмен.)* Жоқ, Әубәкір, біздің шығынымыз тиынмен толмайды. Ең қиыны Сағындық біздің сендерге деген сенімімізді ұрлап кетті. Оны ештеңемен толтыра алмайсың сенді.

Әубәкір. Сонда не істе дейсің?

Боярский. Біз саған ештеңе де істе демейміз. Жалғыз-ақ Сағындық қайда, соны айтсаң болды. Жүзбе-жүз кездесіп, бір-скі ауыз сөйлесеміз де, әңгімені тамамдайыз. Иә, сөйлеміз біз.

Әубәкір. Сағындық осыдан екі күн бұрын аттанып кеткен.

Боярский. Онымен бізді алдай алмайсың, Әубәкір Куркиныч. Ойлан.

Әубәкір. Ойланғаным осы.

Әлти. Иә, Әубәкірдің бұл ойланып айтқаны.

Боярский (Омарға). Сенің де айтарың осы ма?

Омар. Жок, мен Әубәкірдің айтқанына да, Әлтидің айтқанына да қосыла алмаймын.

Боярский. Иә, не, Омарчик, сөз сенікі.

Омар. Әубәкір жауапты ойланып айтып отырған жоқ.

Боярский (мәз болып). Е, міне, әділ адам осылай болады. Жарайсың, Омар. Ал, сосын?

Омар. Әубәкір, сен, анау деп, мынау деп бұлта-лақтатпа. Сағындық қайда, турасын айт. Қателік жасаған екен, мойныммен көтерсін.

Әубәкір. Сағындық Кестірампортқа жүріп кеткен дедім ғой.

Боярский. Әубәкір, сенің осы сөзден басқа билетінің бар ма?

Омар. Бояр бай, олай болса, былай жасау керек.

Боярский. Ал, нә?

Омар. Сағындықтың осында сүйгені бар. Жақыбай дегеннің қызы. Сол қызды аманатқа алдыр да қамап таста. Сағындық бір соқпай қоймайды.

Дауыстар. Міне, табылған ақыл!

Омар. Ал Сағындық оралмады бар ғой, онда Жақыбай қызын құрбан етіп жіберу керек.

Боярский (ойланып). Бұл айтқаның теріс болмасқа керек. (Әубәкірге.) Ал жақсы. Сағындық бізбен сөйлеспейтін болса, онда Нарша сұлу жоқ дей беріңдер.

Әубәкір. Бояр бай, құдайдан қорықсаңшы!

Боярский (кесіп). Сөз бітті. Ал жолдарың болсын!

Шәм сөнеді. Сахна алды. Омар өтеді.

Омар. Омардың есебі түгел. Енді Әлтиді айналдырайын.

Әлти өтеді.

Әлти. Мынау бір әділ шешім болды-ау. Жақыбай қызының қарасы өшсе, Әлти қызының бағы жанды дей бер.

Әубәкір көрінеді.

Әубәкір. Апырай, мыналардың алпеті тым жаман екен. Енді қайттым? Бұл пәле бір шүйкесбаспен кете қалса

жақсы ғой. Кетпейді-ау, бірақ кетпейді. Жазған балам-ай, оқуынды оқып, тек жүретін-ақ жөнің бар еді.

Мынадай теріс жолға түсуге не мұқтаждық итермеледі, балам-ау, Сағындықжан, ә, Сағындық. *(Кеңкілдеп жылайды.)*

Өлғали келеді.

Өлғали. Ағатай, не болды сізге? Іс немен тынады?

Әубәкір. Істің беті жақсы емес, балам. Жоқ, жақсы емес дедім бе? Жоқ, жаман емес, деймін. Істің беті жақсы. Бірақ істің беті... Өлғали, сен қалаға шап. Істің беті... істің беті болғанда былай...

Өлғалиға сүйеніп Әубәкір де сахнадан шыға береді.

3

Нарша әбдіре сандығына төсек-орын, нәрселерін салып дайындық үстінде.

Нарша *(саусағымен санап)*. Сәрсенбіден сәрсенбі жеті күн... бейсенбі сегіз, жұма тоғыз, сенбі он, жексенбі он бір, бүгінмен он екі. Кешікті-ау. Ит-құстан, тіл көзден аман болсаң жарар едің. *(Ойлана күліп.)* Өзі жоқ жерде тіл ұшына мың түрлі сөз кеп оралады. Айтайын дегенім соншалық көп секілді. Іздеймін. Әманда қасымда болса екен, кетпесе екен деймін. Сөйтіп отырғанда келе қалса, не дерімді білмей абдырап қалам. Қызық тіпті.

Өңі сұсты, Өлғали келеді.

Нарша. Сағындық қайда? Өлғали, неге үндемейсің? Амансындар ма, айтсайшы тезірек?

Өлғали. Істің беті жаман, Нарша.

Нарша. Не дейді?

Өлғали. Өлгі анадағы Гарпед мырза делдал емес, қамөнес болып шығыпты. Астықты түгелімен Марғау өткізіп жіберген.

Нарша. Сұбықан-алла-ай, арты не болар екен енді? Өй, саудагерге ұқсамаған еді өзі де.

Өлғали. Арты не боларын кім білсін. Дмитриевканың Боярский бастаған байлары Сағындықты аласұрып іздеп жатқан көрінеді.

Нарша. Енді не істедік? Сағындық біле ме мұны?

Өлғали. Сағындық білмейді, тегі. Білмегені жақсы ғой деймін.

Нарша. Неге?

Әлғали. Жарлық солай. Сағындыққа тағы бір тапсырма бар әкесінен. Мен сол жарлықпен қалаға жүріп барамын. «Мұндағы жайды айтпайсың»,— деп менен ант алды. Ал, Нарша, сақ бола көр.

Кетеді. Сыртта ат дүбірі.

Нарша. Келді ғой?

Боярский бастаған төрт-бес казак-орыс сау етіп кіріп келеді.

Бәрі де қаралы.

Боярский. Ә, жас қалыңдық, Нарша сұлу екенсің ғой? Күйеу бала қайда?

Нарша *(тез өзгеріп)*. Ат сабылтып іздейтіндей неге керек болып қалды? Құлағым сізде, айта беріңіз.

Боярский. Қарай көр мынаны! Қалай-қалай сөйлейді?! *(Күйседі. Нығыздал.)* Жалғыз құлақпен бітпейді біздің шаруамыз. Сіздің құлағыңыз керек емес, күйеу баланың өзі керек бізге.

Нарша. Онда Кетрампор барыңыз. Бүгін он бірінші күн, Сағындық аттанып кеткен.

Боярекий. Ал сіз ше, қалыңдық, не бітімге қалып қойдыңыз? Бірге кетеді деп естіп едік қой.

Нарша. Дәм тартпағаны шығар, дәм тартқан күні мен де қалмаспын, аттанатын болармын.

1-ші казак-орыс. Сіздің дәміңіз басқа бір жерден тартып тұрған секілді, бикеш.

Боярский. Талектің бізге керекті жоқ, қане, шындықты айт. Қайда Сағындық? Өйтпесе, найзаның ұшына іліп кетеміз.

Нарша. Шындықты айтты деп ілесіздер ме?

2-ші казак-орыс. Осы қатын жолға дайындалғанға ұқсайды. Көрмейсің бе, буынып-түйініп отырғаны?!
3-ші казак-орыс. Сағындық осы төңіректе болма-
сын?!

2-ші казак-орыс. Осы төңіректе болса, соқпай кетпейді мұнда.

Боярский *(күліп)*. Әй, көксілдерім-ай, қапияда тауып кететіндерің бар-ау! Ал онда мына қатынның аяқ қолын байлап тастаңдар. Аттар қамыс арасына апарылсын.

(1 — 2-казак-орысқа.) Сен, сен үйді аңдасыңдар. Мерзім — таң атқанша. Сағындық келмесе мына қатынды алып дсрсвняға келіндер.

Бәрі дс. Айтқанды бұлжытпай орындаймыз!

Нарша. Бәрібір атсаңдар да шыны сол. Сағындық кетіп қалған.

У-шу, шыңғырған әйел даусы.

Түп ортасы ауған шақ. Жыңмасыншы жылдардағы Қызылжар қаласындағы бір көше көрінісі. Бұрыштағы үй номері айқып. Омар, Әлти, Күләйма шығады.

Омар. Міне, тап осы үй. Шамы бар, әлі жатпапты.

Әлти. Иә, осы үй секілді.

Омар. Осы үй секілді емес. Сол үйдің нағыз өзі.

Әлти. Мен еңдеше кете берейін.

Омар. Кете бергенде шаруаны пысықтап алайық, Әлеке. Есепті ағайын айырылмайды.

Әлти. Уәде-уәде ғой.

Омар. Жоқ, ол уәдесің күні өткен.

Әлти. Бір айғырдың үйірі...

Омар. Жоқ, Әлекс, заман болса мынадай, Омекең жылқы бағып жүрс алмайды.

Әлти. Сонда не, ақшадай ма?

Омар. Ақша да емес. Тазасы.

Әлти. Мөлшерін білуге бола ма екен сонда?

Омар. Омар ауызды кең ашпайды, он қадақ!

Әлти. Әй, мына ант атқан не деп-түр. Он қадақ тазаны мен қайдан таппақпын?

Омар. Ендеші өзің сөйлес. Мен кірмеймін. *(Кете бастайды.)*

Әлти. Әй, эй, батыр екесі, тоқта.

Омар *(тоқтал)*. Құлағым сенде.

Әлти. Төрт қадақ, қазіргі бары сол мендегі.

Омар. Омар саудаласуды білмейді. Болса болсын.

Әлти. Уәде құдай аты. Орындап шығасың.

Омар. Уәде құдай аты.

Әлти бір жаққа. Омар Күләйманы жетелеп бір жаққа кетеді. Перде көтеріледі. Жарық үй ішіне түседі. Жыңмасыншы жылғы жұпыны қала тұрғындарының үйі. Сағындық солдат киімін киіпсі біреуге тапсырма беріп отыр.

Сағындық. Мұрат дірменінің қасына күзетті күшейту керек. Кәрімге соны жеткіз.

Солдат киімді. Құп болады. Бір сауалым бар саған, Сағындық.

Сағындық. Мархабат. Сұрай бер.

Солдат киімді. Гарпед мырза хақында не біледі екен, біз хабар ала алмай отырмыз деп еді Кәрім.

Сағындық. Ә, Гарпед мырза қазір Екатеринбургта.
Ел ішінен жиналған астық тиісті жеріне жөнелтілген.

Әлғали келеді.

Ау, сен Әлғалимысың? Түн қатып, суыт жүріп не? Ел
аман ба?

Әлғали *(тұттығып)*. Д...дін аман.

Сағындық. Нарша қайда?

Әлғали. Нарша да д...дін аман.

Сағындық. Ал өзің неге келдің?

Әлғали. Әксемне тағы бір тапсырма...

Сағындық. Тапсырма?! *(Солдат киімдеге бұрылып.)*

Ал, жақсы онда, Кәрімге жаңағыны айтарсың. Сақтықта
қорлық жоқ. *(Солдат киімді кетеді. Әлғалиға.)* Ал, о не
қылған тапсырма?

Әлғали. Жазғытұры байсекең Ірбіт шапты ғой. Сонда
Ірбіттің Күртенрау деген байымен компан болып Қытайдың
бір саудагерімен контрасия жасаған екен.

Сағындық. Контракция.

Әлғали. Иә, контрасия.

Сағындық *(күліп)*. Иә, айта бер.

Әлғали. Сол Күртенрау байкеңде хат жазып, тез
жетсін депті. Хаты мінекей.

Сағындық *(хатты күбірлеп оқыл)*. Иә, шақырғаны
рас екен.

Әлғали. Соған қайтсе де барып қайтындар деп мені
жіберді. *(Пауза. Сағындық ойда.)* Және айтты: асықпандар
деді. Ел көріп, жер көріп, күзге қарай қайтасындар деді.

Сағындық даусы. '«Өлермін, бірақ оралармын қайтсем де».

Сағындық. Күзге қарай?..

Наршаның даусы. «Сарғайтпалықшы, жан нем,
жалбарыпмын, тезірек орала көріңізші!»

Сағындық. Күзге қарай дей ме?

Гарпедтің даусы. «Қалған астық жиналса, өзің де
жатып алмасың.»

Сағындық. Күзге қарай...

Әлғалидың даусы. Жек көре тұрып, Сағындықтың
сахараны неге сағынатынын білем ғой мен. Өйткені онда...
сахарада Нарша бар.

Сағындық. Әлғали, әкенің бұл тапсырмасын орындай
алмаймын ғой деймін.

Әлғали. Әке бұйрығы қатаң, Сағындық. Тілін алмасаң
теріс батасын береді.

Сағындық. Қай ата түсініп еді өзінен кейінгі ұрпақ сырын? Ата үшін бар жақсылық артта, Әлғали. Ал біз болсақ жақсылықты алдан, болашақтан іздейміз. Түсін, Әлғали, бұл айтқанды.

Әлғали. Түсінем ғой, Сағындық.

Сағындық. Түсінсең, әке, ата деп далақтай берме. Сенің ендігі орның — біздің сапта.

Әлғали. Сағындық, өзіммен бірге алып кетші. Мен де барып оқиян. Азамат болайын. Үй ішіне айтсам «Қаражат қайда?»— деп жібермейді.

Сағындық. Шын жыласа соқыр көзден жас шығады деген. Қаражат деген сөз болып па! Талап керек, талаптана білу керек.

Әлғали. Бұрын айта алмаушы едім, өлсем де сенің қасында болам енді, Сағындық. *(Екеуі төс тақасын құшақтасады.)*

Сағындық. Ал Әлғали шынында айтшы, Гарпед жайында ел ішінде не сыбыс бар?

Әлғали. Ойбай! Сағындық, ел іші бүлініп жатыр.

Сағындық *(шошынып)*. Иә, не болды?

Әлғали. Сен сұрама, мен айтпайын. Әйтеуір, дәп қазір ел бетін көруде болмайды саған. Әке жарлығы да мына оқиғаның ыстық-суығы басылғанша сені алыста жүре тұрсын дегенді аңғартатын секілді. Өйткені: «Тілімді алмаса, теріс батамды берем!»— деп үш қайтара айтты.

Сағындық *(дағдарып)*. Наршатайдың халі не болар екен десейші енді?

Наршаның даусы. «Сарғайтаңызшы, жан ием,
жалбарынамұп, тезірек орала көріңізші.»
Сағындық даусы. «Өлермін, бірақ оралармын қайтсем де.»

Есік тықылдайды.

Сағындық *(шошынып)*. Бұл қайсың? *(Бесатарын суырып есікке жақылдайды.)*

Әйел даусы. Есіңді аш, Сағындық.

Сағындық. Сіз кімсіз?

Әлғали. Мынау Күләйманың даусы ғой?

Сағындық. Күләйма?.. *(Есікке бұрылып.)* Қайдан жүрсің, Күләйма? *(Жауап орнына есік тықылдайды.)* Жалғызсың ба, Күләйма?

Жауап орнына есік тықылдайды.

Әлғали. Қасында кім бар, Күләйма?

Тағы да есік тықылдайды.

Ар жағында аңдыған біреулер болмаспн. Боярскийдің беті жаман.

Сағындық есік ашпақ болады. Өлғали қалденедей береді.

Құдай біледі, құғыншылар бар.

Әйел даусы. Сағындық, есік аш.

Сағындық боямайды, есік ашады. Шапты жалбыратып жіберген
Күләйма көрінеді.

Сағындық. Күләйма, қайдан жүрсің, Күләйма?
(Күләйма үндемейді.)

Өлғали. Жалғыз келдің бе, әлде қасында біреу бар ма?
(Күләймада үн жоқ.)

Сағындық. Бұл үйді қайдан тауып келдің?
(Күләйма үндемейді.)

Өлғали. Әлде біреу көрсетіп жіберді ме?
(Күләймада үн жоқ.)

Сағындық. Күләйма, мен Сағындық қой. Неге үндемейсің?

Күләйма. Са...ғын...дық. (Пауза.) Омар ағам үндеме деген маған.

Оқыстан Омар көрінеді.

Омар. Сағындық, мен сенің құдай қосқан қалыңдығыңды алып келдім.

Сағындық. Е, бәсе, Омар екенсің ғой. Сенің ісің шығар деп едім өзім де.

Омар. Енді тырп ете алмайсың, Сағындық. Қалыңдығың қасында қалады.

Сағындық. Қалыңдығым ауылда менің.

Омар. Жоқ, ол қалыңдықты іздемей-ақ қой, Сағындық. Жақыбай қызының алдынан жарылқасын. (Омар алақанын қайырады да кете бастайды. Күләйма соңынан ереді.) Сен осында қаласың, Күләйма!

Сағындық (Өлғалиға). Мына Омар не айтып тұр, Өлғали?

Өлғали (жыламсырап). Әлти бай, мына Омар, ағатай үшеуі бірігіп Наршаны Боярскийге ұстап берген.

Сағындық. Осы Омар ма?

Бос атарып кезеп ұмтылады. Омар қашады. Омардың соңынан бақырып Күләйма кетеді.

Сағындық. Өлі-тірісін білессің бе?

Өлғали. Тірі ме деймін. Тамыр Мекеттің үйінде деп естігем.

Сағындық (қуанып). Өзіміздің дос Никита ма? Олай болса, қайтсе де біз Наршаны ажалдан құтқаруымыз керек. Өлғали. Өз басыңды ойла, Сағындық. Боярский Дмитриевканы түгел қаруландырыпты деп естігем.

Сағындық. Біз де бір, екі солдат алып барамыз. Бірақ олармен бетпе-бет кездеспеуге тырысамыз. Шама келсе қараңғы түнді жамылып ұрлап әкеткенге не жетсін.

Өлғали. Тәуекел, Сағындық. Үйді айналып шықтым. Тыныштық.

Түн. Терезе алдынан қараңдап бір-екі солдат өтеді.

Сағындық, Өлғали.

Сағындық. Сен аттарды алып ойда тұрасың. Солдаттар үй төңірегінде болады. Жақсылықтың бірінші белгісі мысырлық.

Өлғали. Түсіндім, Сағындық.

Өлғали қараңғылыққа батып кетеді. Ақырын ғана терезе қағылады.

Дауыс. Әй, бұл қайсың?

Сағындық. Бұл бір жолаушы.

Нарша Сағындықтың даусын бірден таниды.

Нарша. Жалынамын жан ием, көріне көрме. Бояр байдың беті жаман. Жазым етеді. Жолыңа құрылған тұзақ бар.

Сағындық. Наршатай?..

Никита. О, Сағындық Аубакировичісің? Кел, кел.

Есік-ашылады.

Нарша. Мекет, аға, шам жаға көрмеші. Торұшылар бар.

Никита. Е, тірі болсақ өлмейміз.

Шам жағылады.

Нарша. Ағатай-ай, торға түссіз ғой енді. Үй айнала жау, бөрінің де аузы алынып қойылған. Аялдамаңызшы, аттана көріңізші енді. Сіздің жолыңызда құрбан болсам, арманым жоқ бұл дүниесі. Аз күнде мол бақытты көрдім. Өңім түгіл, түсіме енген нәрсе ме еді. Разымын мен тағдырға.

Сағындық. Наршатай, жүзің сынық, аз ғана күннің ішінде сомдайлық жүдеп қалыпсың ғой, жаным-ау.

Никита. Іш құса, ауру бұл бала. Күні-түні дала бетін көрмейді. Бүк түсіп жатады да қояды. Әйтпесе, біз жер

айдаққанымыз жоқ. *(Қатынына.)* Ей, қатын тұр. Қадірлі қонақ келді. Самогонды әкел.

Сағындық. Самогон ішіп отырар уақыт жоқ, Никита тамыр. Ал, Нарша, киін. Сені алып кетуге келдім мен. *(Нарша киіне бастайды. Кенет далада у-шу. Мылтық атыла бастайды. Сағындық бес атарын ұстал есік қайырмасына ұмтылады.)*

Не болса да жастығымды ала өлекін.

Сол кезде Боярский бастаған қарулы топ кіре бастайды. Никита солардың жолын бөгеген болып, «Мұнда ешкім де жоқ, ағайындар!»— деп айғай салып жақындай береді де, Сағындыққа жармаса түседі.

Боярский. Ә, большевик Аубакирович, біз сізді көп күннен бері ат сабылтып басқа жактан іздеп жүрсек, мында екенсіз ғой?

Сағындық. Ия, мен осындамын, Боярский мырза. керек болсам, міне, алдында тұрмын.

Боярский. Бізбен бірге жүресің, олай болса. *(Сағындық «Қайда?»— деп сұрамайды. Қозғала бастайды. Нарша жылайды.)* Жылама, бикеш. Бекерге жылайсың. Мына Сағындық Аубакирович скеуміздің аңеугіден қалған осебіміз бар. Сол осепті айырысамыз осы түнде. Сосын қайтарып жібереміз.

Екінші казак-орыс. Біздің үйде үлкен той бар сді. Сағындық бізбен бірге сол тойда болады... Ертең қайтатын сосын.

Сағындық. Жылама, Наршатай, келем ғой мен. Қайтып келем. Бұл бір жаңсақтық қана болуға керек.

Олар Сағындықты алып кете береді. Нарша «жан бауырымды» боздып қала береді.

сөз соңы

Карпов *(ойланып)*. Міне, мен білетін, мына Әлғали білетін Сағындық осындай жігіт сді...

Әлғали *(Карповтың сөзін бөліп)*. Сондағы делдал Гарпед осы Николай Васильевичтің өзі болатын.

Карпов. Ия, мен сдім. Біз Сағындық скеуміз Орал өңірінің Реввоенсоветінің жарлығымен ашыққан Пйтер жұмысшыларына астық ала келгенбіз.

Әлғали. Иә, дәп солай. Біз оны кейін білдік, бірақ.

Карпов. Сағындық осындай жігіт сді... ал сендер оған бір жарым метр жерді де қимайсындар.

Қойшы (*масайрап*). Ал өне, естідің бе, енді не дейсің?
Тракторист (*желкесін қасиды*). Бай баласы деп осындағылар ғой...

Карпов. Француздың бір мақалы бар: «Өлгенді қадірлемеген тіріні жақсы көрмейді». Бай ма, кедей ме, бәрібір, өлген моланы бұзу әдепсіздік болады. Мәдениеті жоғары елдің бәрі де өлгенді сыйлауды, басына әр қилы белгі қоюды өнер санайды. Надандығымызды танытпайық, жолдастар! (*Бір кесімге шығып келіп*.) Әлғали, сіз басқа жұмысты қоя тұрыңыз да, совхоз жұмысшыларын алаңға жинаңыз. Сағындық бай баласы болғанымен қиян-қыстау кезеңде жаңа заман үшін күрескен жан. Соны баршаға жеткізгеніміз жөн.

Әлғали. Жақсы, Николай Васильевич. (*Кетеді*.)

Карпов (*алысқа қарап*). Досым, Сағындық. Сен әділдік үшін күрестің ең. Таң шапағын көре алмай кеттің. Сен асыл махаббатты аңсап-ең, жар қасиетін сезе алмай кеттің... Ерте соқпадың деп өкпелеме. Тірі жүргеніммен мен де қилы-қилы тағдыр тоспаларынан өтіп келем. Оралғаным осы болды. Ұмыт қалмайсың енді. Сүйегіңді мына жасаңған совхоз орталығындағы алаңға әкеп, өзіңнің таза көңіліңдей ақ мәрмәр таспен орайтын боламыз. Рухыңды әр азаматтың көңіліне жеткізетін боламыз. Сен гүлді жақсы көруші едің, Сағындық. Өзің де — бір қырдың қызыл гүл секілді едің, мезгіліңнен ерте солдың. Жоқ, солған жоқсың. Күн нұрын төгіп, жылы жаңбыр жауса, дүниенің қайта жаңғырып, қуарған тамырларға қайта нәр жүгірер салты бар.

Әрқашан арайлы күн шығады. Әрқашан жас сәбилер қабіріңнің басына келеді. Желкектеп өскен қызыл гүлді мәпелейді.

Күн бар жерде гүл солмайды, Сағындық!

Шымылдық.

ТӨРТ БОЙДАҚ, БІР ҚЫЗ

ТӨРТ КӨРІНІСТІ КОМЕДИЯ

КАТЫНАСАТЫНДАР:

Сұлужан — бойжеткен қыз
Ержігіт — қаладан келген -өнерлі жігіт
Махмет — советтің бөлімше бастығы. Бойдақтардың дәйі.
Мақтай — шопан, 3-ші бойдақ
Темір — шопан, 4-ші бойдақ
Бибі — клуб меңгерушісі

Оқиға осы күнгі.

БІРІНШІ КӨРІНІС

Авансценда қызыңды қолшатыры бар сәнді киімен

Сұлужан. Машина тосқан сыңайы бар.

Сұлужан. Қал, кешігіңкіреп қалғанымды қарашы.

Чемоданы, гитарасы бар Ержігіт жүтіріп шықты.

Ержігіт. Қарындас, билеп жіберуге қалай қарайсыз?!

Сұлужан (күліп). Не үшін? Ненің ақысы деп?..

Ержігіт. Тіпті де білмеймін. Әйтеуір билетім келсін де тұрады.

Сұлужан. Әсіресе қызды көрсеніз?..

Ержігіт. Оныңыз рас. Бағым ба, сорым ба, тәуір қызды көрсем-ақ болды, айықпас бір дерт секілді. Ұстайды да қалады.

Сұлужан. О, жігітті ауруға шалдықтырып жынымыз бар ма?!.. Билесек, билейік онда. (Екеуі билей хөңеледі.)

Ержігіт. Маржантауға баратын автобус аялдамасы осы ара ма?

Сұлужан. Осы ара.

Ержігіт. Өзіңіз қай жаққа бара жатырсыз?

Сұлужан. Е, таныстық басы осы бір сұрақтан бас-
талмаушы ма еді? Ай-шай жоқ, билеп жіберейік дегенің
қызық болды ғой, тіпті.

Ержігіт. Мен біші, әнші қыздарды іздеп жүрген адам-
мын. «Алло, ищем таланта» деген бар емес пе? Дәп соның
өзі.

Сұлужан. Талантты сонда Маржантаудан таппақсыз
ба?

Ержігіт. Кім біледі?! Тапсақ тауып та қалармыз...

Сұлужан. Бәрібір талант іздеп жүрсіз ғой, ал мен
қалай билейді екенмін?

Ержігіт. Тамаша!.. Айтары жоқ тіпті.

Сұлужан. Олай болса, бір талантты таптым деп есеп-
тей беріңіз.

Ержігіт (*құлана күліп*). Жолым болды деген осы.
Адаса қоймаспын енді...

Сұлужан. Тал түсте адасып бірдеме көрінді ме?

Ержігіт. Қайдам?! Көрмеген жердің ой-шұқыры көп
дегендей...

Сұлужан. Бел байлап жолға шығуым шықсаңыз да,
жүрексінетін секілдісіз ғой...

Ержігіт. Аттап басып қаладан шығып көрмесеңіз, сіз
де жүрексінген болар едіңіз-ау?!

Сұлужан (*күліп*). Тәлкек еткіңіз келе ме, қалай?

Ержігіт. Тәлкек емес, расым.

Сұлужан. Ендеше, шашын өсіріп, сақалын қоя берген
қала нәуестектерінің бірімін десеңізші.

Ержігіт. Қарындас, мұнымыз тым ауырлау сияқты...

Сұлужан (*ойнақы*). Ал жақсы. Осы жасқа дейін дала
бетін көрмеген болсаңыз, Маржантауға сүйреп бара жатқан
енді неің екпіні? Соны айтыңызшы.

Ержігіт. Культпрос техникумының...

Сұлужан (*қуақы*). Оho! Артист?!.. Режиссер?!

Ержігіт (*қуақы*). Ұқсаймын ба?

Сұлужан. Қатып тұрсыз. Тек ұзағынан сүйіндірсін.

Екеуі де билеп кетеді.

Ержігіт. Ұзағынан сүйіндірсініңізді қалай түсінсек
екен, қарындас? Өлде, мені бір тұрлаусыздардың бірі деп
ойламақсыз ба?

Сұлужан. Олай деуге дәлелім жоқ.

Ержігіт. Себеп не сонда?

Сұлужан. Себеп Маржантауда.

Ержігіт. Неменен, кісі тосырайтын әдеттеріңіз бе еді?

Сұлужан. Тосырқамаймыз. Бірақ жағдайымыз солай.
Ержігіт. Оныңызды қалай түсіндік?
Сұлужан. Маржантауды қала екен деп қалып
жүрмеңіз? Маржантау ауыл.

Ержігіт. Білем.

Сұлужан. Отынды өзіңіз жағып, күлді өзіңіз
шығарасыз.

Ержігіт *(күліп)*. Суды да өзің тасисың?..

Сұлужан. Дәп солай. Культүрос техникумын
бітіргендердің талайы бізге келген-ді. Бірақ келуінен кетуі
жылдам болған-ды. Солардың көбін сіз де киіп жүрмеңіз.

Ержігіт. Мен жағдай іздеп бара жатқан жоқпын.

Сұлужан *(қуақы)*. Айтса да, сізге ұнайтын бір
жағдайымыз бар екен-ау...

Ержігіт *(елеңдел)*. Иә, қандай жағдай? Айтыңызшы?

Сұлужан. Ол жағдай шаштаразымыздың жоқтығында.

Ержігіт. Түсінбедім.

Сұлужан. Түсінбейтін түгі жоқ *(Ержігіттің шашын
қобыратып)*. Шашынды қысқартып, сақал-мұртынды басып
бере қояйын деп, ұстарасын жалаңдатып ешкім соңынан
жүгірмейді... Шашынды, тіпті шашамайыңызға дейін
өсіруіңізге де бізде жағдай толық бар.

Ержігіт. Шаш проблемасы оңай ғой. Аулыңызда
өнерлі жастар бар ма? Соны айтыңызшы.

Сұлужан. Бар.

Ержігіт *(қиялдап)*. Мен тәрбиелеген Маржантау әнші-
бишілері Алматы, шетел сахналарынан...

Сұлужан *(сөзін бөліп)*. Қиялдап кеттіңіз... «Маржан-
тау» совхозына жетпей жатып Алматы, шетел сахналарынан
бір-ақ шықтыңыз ғой тіпті!

Ержігіт *(желкесін қасып)*. Солай екен-ау. *(Жауын
жауады. Сұлужан қолшатырын ашады.)* Мына аялдамаға
жауын-шашыннан қорғанатын бір баспана да салмаған екен.

Сұлужан *(күліп)*. Қаладан шықпай жатып талап қоя
бастадыңыз ба? Құлағым сізде, тағы не тілептіңіз бар?

Ержігіт *(өзгеріп)*. Жауын дегеніңіз не тәйірі! Көктемгі
жауын қайта денсаулыққа пайдалы. Біз жауында «мәу»
демейміз.

Сұлужан *(қуақыланып)*. «Маржантау» совхозына су-
су болып барғаныңыз жарамас. Қаласаңыз, мына қолшатыр
астына келіңіз.

Ержігіт. Рақмет, қарындас. *(Қол шатыр астына
тұрады.)* Қандай қайырымды едіңіз! Маржантаудан бірінші
танысым сіз болғалы тұрсыз.

Сұлужан. Еядеше танысып қоймаймыз ба?
 Ержігіт. Ержігіт.
 Сұлужан. Сұлужан.
 Ержігіт. Сұлужан?.. (Өдемі, сазды ән әуені естіледі).
 Онда мен сізді білем ғой.
 Сұлужан. Қайдан білесіз?
 Ержігіт. Сіз онда жетінші класта оқығансыз. Өкеңіз
 сізді хореография училищесіне алып келді...
 Сұлужан. Рас, әкелді...
 Ержігіт. Сіз биледіңіз.
 Сұлужан. Билегенім де өтірік емес.
 Ержігіт. Ал мен болсам, сонда ауымды ашып қарап
 отырғанмын.
 Сұлужан. Ол арасы есімде жоқ. (Күліп).
 Ержігіт. Есіңізде бар, жоғы есеп емес. «Қайда бара-
 сың?»— дегенде «Маржантауға!» дегенім де содан ғой...
 Сұлужан (күліп). Сөзіңіз жағып барады. Ал сосын?..
 Ержігіт. Көз алдымда билеп жүрген сіз тұрдыңыз.
 Сұлужан (күліп). Маржантауға, сөйтіп мен үшін келе
 жатырмын дескіңізі?..
 Ержігіт. Құдай ақы, сіз үшін...
 Сұлужан. Менің Маржантауда болмауым да ғажап
 емес еді ғой. Онда екенімді қайдан білдіңіз?
 Ержігіт. Білдім...
 Сұлужан (күліп). Манадан бергіңізге сенуге болатын
 еді. Ал енді қосыңқырай бастадыңыз.
 Ержігіт. Құдай ақы, түк қоспасы жоқ.
 Сұлужан. Сенбеймін.
 Ержігіт. Сіз училищесіде бір-ақ жыл оқыдыңыз...
 Сұлужан. Рас, бір-ақ жыл...
 Ержігіт. Содан кейін кстіп қалдыңыз.
 Сұлужан (күлкіден тыйылып). Ал, иә?..
 Ержігіт. Не иәсі бар?! Биыл онжылдықты бітірдіңіз.
 Қазір комсомол қызметіндесіз. Өткен жазда учетчик
 болғаныңызды да білеміз.
 Сұлужан. Сіз өзі кімсіз?
 Ержігіт. Сұлужан?! Қандай әдемі есім!..
 Сұлужан (өзіне-өзі келіп). Тағы да қиялдап бара
 жатырсыз.
 Ержігіт. Жоқ, тап осы жолы қиялдаған жоқпын.
 Шыным. Ал қазір қиялдаймын ба?
 Сұлужан (күліп). Қиялдаңызшы!
 Ержігіт. Шіркін, мына жауын өмір бойы бір толас-
 тамаса!.. Ал мен болсам, мына кішкентай қолшатыр астында
 сізбен бірге өстіп, өмір бойы тұра берсем?..

Сұлужан. Бұл тілегіңіз орыдалмады. Өне, «Маржантау» совхозының бөлімше бастығы Махметтің өзі келе жатыр.

Шымылдық көтеріледі. Алысырақта машинаның тұрмығы көрінеді.

Махмет. Оу, Сұлужан, сені іздеп қаланың ішін шарқ ұрып жүрсем...

Сұлужан (құжы). Ендеше, Маха, іздегенімізді екеуіміз де мына автобус аялдамасынан таптық.

Махмет. Менің іздегенім қашан да өзіңсің. Ал, сенің іздегенің кім еді?

Сұлужан. Менің іздегенім, міне, мына жігіт. (Ержігітті машинаға қарай жетелейді.)

Еңдігі әңгіме жүріп келе жатқан машина үстінде өтеді.

Махмет (қызғанған, ұнатпай қарамаған кейіппен). Жігіт іздеймін деген ойыңда жоқ секілді еді. Мұны қайдан тауып алдың?

Ержігіт. Мұны дейтін мен не ойыншықпын ба сізге?..

Махмет. Сақтай көр, мынауың бір қызыл көз ғой.

Сұлужан (күліп). Мынау да, анау да, тіпті қызыл көз де емес. Бұл жігіттің аты — Ержігіт.

Махмет. Ержігіт?

Ержігіт. Иә, Ержігіт...

Махмет. Ал, Ержігіт, жол болсын?

Сұлужан. Әлей болсын. Жолы біздің ауыл дедім ғой.

Махмет. Мына Сұлужан не дейді?!

Ержігіт (Сұлужан мен Махмет қақтығысының астарын түсінбей). Сұлужан дұрыс айтады. Барар жерім — Маржантау.

Махмет. Маржантауда не алмағың бар еді?

Сұлужан (Ержігітті сөйлетпейді. Өзі мөнерлеп, жұмбақтап сөйлейді). Алмағы болмаса, аттана ма?

Махмет (бар денесімен артқа бұрылып). Алмағы не сонда? Сенбісің?

Сұлужан. Мен не, татымаймын ба?

Махмет. Сен емес, мына жігіт татымайды.

Ержігіт (сөз астарына түсінбей, ашуланып құрып). Кездеспей жатып, қалайша татымайды дейсіз?.. Татимын.

Сұлужан. Татығанда қандай!

Махмет. Ал татиды екенсің, қандай өнерің бар сонда?

Ержігіт (гитарасын қағып қалып). Домбыра мен гитара тартып, өн салам. Баянда да ойнай білемін. Билеймін де.

Махмет. Ол өнерінің маған түкке де керекті жоқ.
Сұлужан. Маха, қалайша?

Ержігіт. Сонда сізге қандай өнер иесі қажет?

Махмет. Мал баға алатын, шопан бола алатын адам
қажет маған. Сабаудай етіп мына бірдемесін (*гитараны
көрсетіп*), асып алып жүретін жалбыр шаштар қайдан бол-
сын табылады.

Ержігіт. Табылса, табылсын, бірақ облыстық мәдениет
басқармасы маған жолдама бергенде Маржантаудағы клуб
менгерушісінің орыны бос екенін айтқан.

Махмет. Маржантаудың жайын мәдениет басқармасы
біле ме, әлде мен білем бе? Завклубымыз бар.

Ержігіт. Олай болса, «Жолдамамен қабылдай алмай-
мыз»,— деп, белгі соғып беріңіз. Осы арадан түсіп
қалайын.

Махмет. Оның болмайды. Құдай айдап Маржантауға
өзі келе жатқан жігітті қайтара алмаймыз. Басқа жұмысқа
пайдаланамыз.

Ержігіт. Мамандығыма жанасса не жұмыс болса да
жарай береді маған. Елге сыймағандай қалаға қайтып ба-
рудың өзі ыңғайсыз.

Махмет. Міне, ақылды жігіттің сөзі. Тепсе темір үзетін
шағың. Өн салып, домбыра тартып, еріккеннің ермесін
жасағанша шопандар бригадасына бар немесе сиыр бақ.
(*Енді шабыттана сөйлеп.*) Қалада өскен ақ саусақ ел мен
үкіметіміздің шақыруына үн қосып жүрек қалауымен ауыл
шаруашылығына келді. Оны қаланың базарлы, саялы
тіршілігі тоқтатқан жоқ... Түсініп отырсың ғой? Аязға
тонып, ыстыққа күйіп мал соңында жүрді... Міне, солай,
шырақ.

Ержігіт (*еңсесі түсіп*). Менің қолымнан қой бағу келе
қояр ма екен? Шынымды айтайын, өмірімде тірі қойды
көрген жан емеспін.

Махмет. Сол да сөз болып па, үйретеміз, үйренесің.
Сен өзің газет оқисың ба?

Ержігіт. Оқимын.

Махмет. Оқысаң білуге тиістісің. Қазір қой шаруа-
шылығына айрықша көңіл бөлініп отыр. Материалдық
жағдайы да жақсы. Аянбай жұмыс жасасаң, күреп ақша
табасың — бір де. (*Саудасын бүгіп.*) Ақшалай сыйлық —
екі. Қосымша ақы — үш. Сонда аз ғана жылда сенен бай
адам жоқ. Қалтаң толы ақша. Астында машина!

Ержігіт. Ақша да, машина да қажет емес маған.

Махмет. Кежегесі кейін тартқан не еткен адамсын
өзің! Ақшаң болмаса, жел обасың ба сонда?!

Ержігіт. Аштан өлгеннің моласын көрген жоқпын деген атам қазақ.

Махмет. О, шіркін, сөзіңе болайын! Қазақ аштан өліп көрмеді деп ойлайсың ба сонда? Өлгенде қандай! Қырылып та қалған кезі болған. Аштан өлген адам ит жемеде көмусіз қалады. Моласын көрмейтінің де содан, жігітім. Жоқ моланы қайдан көресің!

Ержігіт. Ау, сөзді көбейтіп жібердіңіз ғой. Мен еңбек етпеймін деп келе жатқаным жоқ қой! Лайықты жұмыс беріңіз. Бар талап осы.

Махмет. Айтайық, сені завклуб етіп қояйын, айлығы болар-болмас. Қайтіп күн көрмек ойың бар?

Ержігіт. Аш жүрсем де, атақты бір әнші, биші артистер дайындап шығарсам... Олар Алматы, шетел сахналарында ән шырқайтын болса...

Махмет *(ыза болып)*. Бұлардың айтар сөзі осы. Романтика деген ауру жабысқан бұларға! Романтика ас болмайды, інішек. Сұлужан, саған да ас болмайды. Ішіңнен ғой сен де мұны жақтап келесің.

Сұлужан. Несі бар, жақтаса. Әркімнің өзі сүйген мамандығы болады.

Махмет *(қызыққрал)*. Қызықсың, Сұлужан! Соқтауылдай жігіт сонда айына болар-болмас ақша алып әйелдің жұмысын атқармақ па?

Ержігіт. Әйелдің жұмысы емес, маманның жұмысы. Домбыра тартып, ән сала білу керек. Сахнаға шығып секіріп билей білу керек.

Махмет *(ызбарлы)*. Болды, болды, жігітім. Сендей мамандардың құны біз үшін бес-ақ тиын. Кетсең жолың әні. *(Осы кезде машина, сазға батып қалған секілді болады. Махмет газды басып, машинаны ілгері-кейінді қозғайды. Ержігіт қарғыл түсіп кете бастайды.)*

Сұлужан. Ау, Ержігіт. Шынымен кетіп барасыз ба? *(Ержігіт қайырылмайды. Махметке.)* Сіз қалай, тым қатты кеттім деп ойламайсыз ба?

Махмет *(машинасын изендетіп)*. Оны ойлауға уақытым жоқ.

Сұлужан. Ержігіт жолдама алып келе жатқан адам.

Махмет. Онымен не айтпақсың?

Сұлужан. Жұмысқа алмағаныңыз өз алдына. Ал жолда машинадан түсіріп кеткеніңіз... Сондай ұят. Ертең облыс естиді. Жұрт мазактап күлетін болады.

Махмет. Сонда не қыл дейсің?

Сұлужан. Қайтарып алыңыз.

Махмет. Оған бара алмаппын.
Сұлужан *(еркелеп)*. Мен үшін...
Махмет *(жібіңкіреп)*. Ау, Ержігіт?!
(Алыстағы Ержігіт даусы. Жолдарың болсын! Бара беріңіздер.) Оу, анауың, қайырылмайды ғой.
Сұлужан *(дауыстап)*. Ержігіт! Бізді жолда қалдырып, шынымен қайырылмай барасыз ба?
Ержігіт. Кет деген соң кетемін.
Сұлужан. Махметтің бұл қалжың сөзі ғой. Бастығымыз сондай ойыншыл кісі. *(Өзі «мені қоста» дегендей Махметке ымдайды.)*
Махмет *(зорланыңқырап)*. Ойнап айтқан сөзді шың көргенің бе? Қайырыл, бермен, батырекесі!

Ержігіт қайтып оралады.

Ержігіт. Ал қайырылдым.
Сұлужан. Ержігіт, сіз сондай тас бауыр екенсіз ғой. Өнер адамына тас бауырлық жараспайды.
Ержігіт. Неліктен мен тас бауырмын.
Сұлужан. Машина сазға батып қалды. Сіз болсаңыз бізді далаға тастап кетіп бара жатырсыз.
Махмет. Ана жерден ең болмаса құм әкеп, көмектеспейсің бе?!
Ержігіт *(райынан қайтып)*. Байқамаппын. Кешіріңіздер. *(Қолына күрек, шелек алып сахнадан шығып кетеді.)*

Сұлужан. Байқадыңыз ғой, жаман жігіт емес.
Махмет. Жаман жігіт болмаса, қойға барсын.
Сұлужан. Клуб бастығы неге болмайды?
Махмет. Клуб бастығы бар.
Сұлужан. Ол кім?
Махмет. Бибі ше?
Сұлужан. Сұлтанның әйелі Бибі ме?
Махмет. Иә, сол...
Сұлужан. Өсек айдағаннан басқа, ау деп аузын ашпайтын Бибі клуб бастығы болып не жарытады.
Махмет. Жарытпаса да, істеп жүр. Қысыр әңгімені қайтесің! Одан да бұл жігіт қойға барсын. Ексеулеп соған көндірейік.

Сұлужан. Қайтіп көндіреміз. Көнбейді Ержігіт.
Махмет. Жок, сен айтсаң көнеді. Тек шындап айт!
Сұлужан *(қулықпен)*. Жарайды. Айтып көрейін...
Махмет. Міне, ақылды адам осылай жөніне көңесді.

Ержігіт құм өкеліп төсседі. Машина жүріп кетеді.

Сұлужан. Ержігіт ойланатын бір шаруа болып тұр.

Ержігіт. Құлағым сізде.

Сұлужан. Мына Махмет екеуіміз ақылдасып...

Махмет. Иә, ақылдастық. Ақылдасқанда да тас-түйін етіп қойдық.

Сұлужан. Иә, ақылдаса отырып, сізге қойға барыңыз дегіміз келіп отыр.

Махмет. Жағдайдың бәрін жасаймыз.

Ержігіт (*күмілжіңкіреп*). Қойға барғанда...

Сұлужан. Тыңдап алыңыз.

Махмет. Иә, тыңдап ал, Ержігіт.

Сұлужан. Тыңдағанда былай, қойда менімен бірге орта мектеп бітірген Мақтай, Темір деген жігіттер бар.

Махмет. Тамаша жігіттер!

Сұлужан. Өзіңіз бар, ана жігіттер, бәріміз болып комсомол жастар бригадасын құрамыз.

Махмет. Сұлужан дұрыс айтады. Комсомол-жастар бригадасын құрамыз.

Ержігіт. Қайдам?..

Сұлужан. Қайдам-сайдамды қойыңыз, Ержігіт.

Махмет. Иә, қою керек қайдамды.

Сұлужан. Комсомол-жастар бригадасын құрамыз да, солардың арасынан әнші-бишілерді іріктеп аламыз.

Ержігіт. Бұл ақылға қонады. Ал, Сұлужан, сіз өзіңіз қайда боласыз?

Сұлужан. Қайда болғаны несі? Аудандық комсомол комитетіне барам да...

Махмет (*Сұлужанның сөзін бөліп*). Иә, дейім-ау, қайда болғаны несі?! Сұлужан комсомол комитетіне барады да...

(*Сұлужанға бұрылып, аңырып қалады.*) Ау, аудандық комсомол комитетіне неге барасың?

Сұлужан (*Ержігітке*). Аудандық комсомол комитетіне барам да, жолдама алып, сіздерге келемін...

Ержігіт. Ур-ра! Мен көндім онда.

Махмет. Әу, комсомол ұйымының жұмысын қайда тастайсың?

Сұлужан. Басқа біреуге тапсырам да.

Махмет. Жок, мен көне алмастып бұған.

Сұлужан. Оны кезінде көрерміз. Міне, малға да келіп қалдық, Маха.

Ержігіт машинадан қарғып түсіп гитарасын ойнатып, билей жөнеледі. Сұлужан Махметті ерікке қоймай биге алып шығады.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Кең сахна. Клуб меңгерушісі Бибі мыңдап ән салып бөлме ішін жиыстырып жүр. Асығып, аптығып Ержігіт кіреді.

Ержігіт. Бибі жеңгей, Сұлужан келді ме?

Бибі (*жақтырмай*). Осы сөзхозда Сұлужаннан басқа қыз құрып қалған ба? Анасы да Сұлужан, мынасы да Сұлужан. Әдірем қалайын.

Ержігіт (*күліп*). Бүгін репетиция өткізетін едік. Сұлужан соған керек.

Бибі (*ашулы*). Ешқандай репетиция болмайды. Алдыңғы күні ғана емес пе еді репетиция деп шулағандарың, қаптап кеткен неткен репетиция бұл? Онан да қыз ойнақ, жын ойнақ десеңші.

Ержігіт Бибіні шыр айналдырып билете жөнеледі.

Ержігіт. Айналдым жеңешеден көзі күлген.

Сұлтан аға бағында өстіп жүрген.

Бибі (*мәз болып*). Қағынды келгір, қой деймін, басым айналды. Сен, сен бар ғой қара тасты да жібітерсің.

Ержігіт. Е, осылай қабағыңызды жадыратыңызшы. Бұлт астынан күн шыққандай болды ғой.

Бибі Әлгі Махмет ұрсып жүрмесе?..

Ержігіт. Сол Махметтің өзі рұқсат етті. Міне, қағазы. (*Бибі қағазды алып айналдырып көреді.*)

Бибі. Көзілдірігім үйде қалған. Өзің оқы!

Ержігіт (*оқып береді*). Мына жастардың ән салып, би билеуіне жағдай жасаңыз...

Бибі. Өтірік оқып тұрған жоқсың ба-ей?

Ержігіт (*күліп*). Құдай ақы...

Бибі. Бері әкел. (*Қағазды қалтасына салып алады.*) Бір-ақ сағатқа рұқсат етсемін. Емшектес балам бар.

Ержігіт. Жүре беріңіз. Кілтті өзім апарып берейін.

Бибі. Топырлатпақсың ғой кілең жын-шайтанды. Оған көнс алмаспын, шырақ.

Сұлужан келеді.

Сұлужан. Кешігіп қалған жоқпын ба?

Ержігіт. Жок, дәл уақытында келдің.

Сұлужан. Басқалары қайда?

Ержігіт. Жігіттер бүгін келе алмайтын болды. Төл төгіңдеп жатыр. Бол, дайындал. Кешегі келтіре алмаған жерлерді қайыра қайталайық.

Музыка ойналады. Ержігіт пен Сұлужан сыртқы киімдерін
шешіп жаттығу жүрізе бастайды. Бибі қолма-қол Мах-
меттің пәтеріне телефон соғады. Сахиа түпкірінен пистолет
жарығында Махмет.

Махмет. Алло, алло, бұл кім?

Бибі. Қайным-ау, ұйықтап қалғаның қалай?

Махмет. Иә, жұмыстан шаршап келіп...

Бибі (*даусы ойнақы*). Қайтейін сені. Сен ғой, қу тізеңді
құшақтап үйде жатырсың. Бұл қалпыңмен өмір бойы сұр
бойдақ болып өтесің ғой. Ал мына жақ шалқып жатыр.

Махмет (*елең етіп*). Не болып қалды, жеңгей?

Бибі. Не болушы еді, ұйықтаған ұйқы алады,
ұйықтамаған жылқы алады.

Махмет. Жылқы, қайдағы жылқы? (*Осы кезде
Ержігіт музыка ырағымен Сұлужанды көтере жөнеледі.*)

Бибі. Әне, әкетті, әкетті.

Махмет. Қайда әкетіп барады? Ұстаңыз. Бұл жұрт
енді жылқы ұрлауға көшкен бе?

Бибі. Жылқы емес, қыз.

Махмет. Қайдағы қыз?

Бибі. Қыз болғанда пілдей.

Махмет. Пілдей?! Ал өзің неғып тұрсың?

Бибі. Қарап тұрмын. Ойпырмай, мына жігіттің
қарулысын-ай, тура жас баладай секіртеді.

Махмет (*айқайлап*). Жігіттің кім?

Бибі. Өліт қаладан келген... аты кім еді?

Махмет. Ержігіт пе?

Бибі. Иә, сол... көтеріп барады, көтеріп барады. Шар-
шамайтын сұмдық мынау.

Махмет (*үрейлі*). Қайда көтеріп барады?

Бибі (*оны тыңдамай екі көзі Сұлужан мен Ержігітте*).
Ал шалқайтты... Беті бетіне жақындады.

Махмет (*жаны шыға айқайлап*). Сүйіскен жоқ па?

Бибі. Бұл жолы аман кетті.

Махмет. Қыз кетті ме, әйтеуір.

Бибі. Қайдағы кеткен? Аты кім деп едің?

Махмет. Ержігіт.

Бибі. Соның құшағында жүр. Күліп қояды өзі. Күлкің
көмір болғыр. Ұят-ай, жігітке бүкіл денесін ұстатты-ау!

Махмет. Кім?

Бибі. Сұлужан да.

Махмет. Сұлужан?.. Түсім емес пе?!

Бибі. Өңін.

Махмет. Түк түсінсем бұйырмасын.

Бибі. Көргің келсе құлыбақ кел.

Махмет. Клубқа? Ә, репетиция екен ғой...

Бибі. Мұндай репетиция көрсемші.

Махмет. Ал ендеше, қимылдарын қалт жіберме.

Бибі (*қулана күліп*). Жегесінің еңбегін ескерер, жолынан жығылмайтын шығар деп сенем.

Махмет. Жеңеше-ау, осы тоқсанның қорытындысы бойынша елу сом сыйлық...

Бибі. Бары сол ма? Арам тер болған азабым құрысын онда.

Махмет. Жә, жә, алпыс болсын. Баға тұр. (*Телефон трубкасын орнына қояды. Махмет бөлмесіндегі жарық сөнеді.*)

Бибі. Нағыз сарапдал сараңның өзі. Тура өз қалтасынан шығаратындай сыздықтатып жатқаны. (*Стол суырмасынан қалам мен қағаз алып жаза бастайды.*) Үш мәртебе сүйісті. Бір рет «айналайын, күнім» деді. Төрт мәртебе ашасынан көтерді...

Ержігіт. Сөйтіп, батыр сүйіктісімен осылай қоштасады. Мәңгілікке қоштасады. (*Сұлужанды сүймек болады.*)

Сұлужан. Қойыңыз, сүйісу балет биінің шартында жок.

Ержігіт (*қоймай*). Олар мың мәртебе сүйіскен шығар. Ал біз ең болмаса бір-ақ рет...

Сұлужан (*жымып*). Бұл ертегі ғой.

Ержігіт. Сүйіскен жүректердің айтар әні біреу-ақ.

Бибі (*күбірлей қайталап*). Қара, қара мына шірікті. «Сүйіскен жүректердің айтар әні біреу-ақ», — дейді. (*Жазыл болып.*) Мұны оқығанда өзің де төбеннен жай түскендей боларсың, Махмет.

Сұлужан. Неге?

Бибі. Жай, әшейін. Сұлтан ағаңа ренжіп отырғаным ғой.

Сұлужан. Не дедіңіз, жеңеше?

Бибі. Ағаңмен отасқалы жиырма жыл болды. Он құрсақ көтердім. Бакандай сегіз ұл, екі қыз тауып берсем де, ашамайлап көтермек түгел, арқамнан да сипаған емес.

Сұлужан (*ішегі қата күліп*). Жеңеше-ау, бұл балет қой. Ойын. Телевизордан талайын көрген де шығарсыз.

Бибі. Көрсейін, көрмейін, ана баланың көңілінде өзіңе деген бірденсі болмаса, осыншама жан сорпасы шығып не жыны бар?

Сұлужан (*қабағын түзіп*). Жеңеше, ойынның да шегі бар ғой.

Бибі (жақтырмай). Осындай салпы етек әйел қалпыма көктен түсе қалды деймісің мені. Біз де қыз болғанбыз. Талай жігіттер соңымыздан жүрген. Көбіне кекірейіп қарамаушы едім. Астамшылық екен. Көкке қарамай, алдыма қарасамшы.

Сұлужан (күліп). Жеңешем мені құтты жеріме қондырғанша асық. (Күйуге басқа бөлмеге шығып кетеді).

Бибі. Респитициялардың бітті ғой, әйтсеуір.

Ержігіт. Біткен жоқ. Әлі де ширата түсуіміз керек.

Бибі. Қайным-ау, мынадай ту қызды күнде көтере берсең нең қалады.

Ержігіт (толғанып). Сұлужанды өмір бойы алақаным қондырып мәпелеп жүруге де әзірмін ғой...

Бибі (күрсініп). Қазіргі қыздар бақытты ғой. Менің кебеже қарын күйеуім алақанына салып әлпештемек түгел, жонын беріп жататынды шығарды-ау. (Сұлужан кіреді.) Сұлужан-ау, мына жігіттің айтқанын естідің бе?

Сұлужан. Жоқ...

Бибі. Сені өмір бойы алақаным салып жүрер едім дейді.

Сұлужан (күліп). Өмір бойы алақанда жүргеннің несі қызық! Онан да жұртқа ұқсап жерді өз аяғымызбен басқанымыз жақсы емес пе?!

Бибі. Астамшылық жасама, Сұлужан. Астамшылық бір жерге апарып жықпай қоймайды.

Ержігіт. Қайтпаймыз ба?

Сұлужан. Қайтсақ қайтайық...

Махмет кіреді. Көңілісі.

Махмет. Респитициялардың бітті ме?

Ержігіт. Кеш қалдыңыз.

Махмет. Кеш қалсам, ештеңем кете қоймас. Күр қалсам болды да.

Сұлужан. Күр қалатындай бөліс бөлген жоқпыз.

Махмет. Қайдам?!

Бибі (Махметке). Қайным, отыр.

Махмет (отырады). Осы сендер респитицияны жиілетіп бара жатырсыңдар ма деймін. Оның үстіне оңашаланып алып та билейтінді шығарыпсыңдар...

Ержігіт. Жағдай солай. Жігіттер қойдан шыға алмады.

Махмет (кекеткендей күліп). Сен үшін біреу қой бағары, ал сен кім үшін сайрандап жүрсің?

Сұлужан. Қайдағы сайран? Респитиция ғой.

Махмет (әлі де ашулы). Репитицияң да сайранның бір түрі.

Бибі. Ержігітті нығызға бермей, қойшы. Жарты сағат бойы өзіндей адамды көтеріп жүру оңай деймісің. Қан сорпасы шықты бишараның.

Ержігіт. Өнер жолы қиын. Қайтеміз, бұдан да зорғысына көнсеміз де.

Махмет. Бүйтіп қиналмай-ақ қой, Ержігіт. Бәрібір балетті түсініп жатқан ешкім жоқ. Онан да бір жақсы пьеса қояйық.

Ержігіт. Көп нәрсені игеріп қалып едік. Еңбегіміз далаға кетеді ғой?

Махмет. Ақылдаспаған өздерің кінәлісіңдер.

Сұлужан. Мұндай айыпты репитицияны көріп барып тағу керек.

Бибі. Қайта бастасандар, ойбай-ау, таңды осы арада атырамыз ғой. Балам жылап жатыр ма деймін, емшегім дертіп, сыздап барады.

Махмет. Ендеше бара қойыңыз. Кілтті кейін менен аларсыз.

Бибі. Мың жаса, дегеніңе жет. (Есіктен шыға беріп.) Дала тастай қараңғы екен.

Махмет. Ержігіт, жеңгенді шығарып салсаңшы.

Ержігіт. Жеңгейдің үйі сіз жақта емес пе еді, ерте кетіңіз.

Махмет (ашуланып). Бастық мұны жұмсаса, бұл бастықты жұмсайды.

Ержігіт (қипақтал). Жарайды, болашақ нәрестенің тағдыры үшін... (Бибінің соңынан шығып кетеді.)

Ұзақ үнсіздік. Сол үнсіздікті Сұлужан бұзады.

Сұлужан. Иә, Маха, үндемейсіз ғой?..

Махмет. Үндегенде не демекпін?

Сұлужан. Жерден жеті қоян тапқандай боп неге келдіңіз, ендісіңіз?

Махмет. Келгім келді. Келдім...

Сұлужан. Бірдеме естідіңіз бе?

Махмет. Естідім...

Сұлужан (ойнақы). Естісеңіз айта отырыңыз...

Махмет. Биді қоясың. Үзілді-кесілді тілек бұл.

Сұлужан. Тағы неңіз бар естіп-білген?

Махмет. Комсомол жұмысын тастайсың. Бұрынғы бухгалтерияна қайтып барасың.

Сұлужан *(ойнақы)*. Тағы қандай талап?..

Махмет *(жүрелеп отыра қалып)*. Сұлужан, мен сені жақсы көрем ғой... Қыс түсе шаруашылық бірыңғайланады. Той жасаймыз. Қосыламыз.

Сұлужан. Неге ертерек айтпадыңыз?

Махмет. Өзі де біледі деп жүрдім ғой.

Сұлужан. Кеш қалдыңыз. Уәде берген аламым бар.

Махмет. Оның кім? Ержігіт пе?

Сұлужан *(ойнақы)*. Ержігіт болса ше? Кем бе?

Махмет. Кем.

Сұлужан. Қимнен кем?

Махмет. Мәселен, мына менен...

Сұлужан. Оны немен дәлелдемексіз?

Махмет. Кем болмаса, бір жерде ел басқарып жүрмес пе еді?

Сұлужан. Ел басқарғанның бәрін ақылды деп ойлайды екенсіз ғой?

Махмет. Енді қалай деп едің? Ақымақ адам ел басқара алмайды.

Сұлужан *(күліп)*. Бар кемшілік, міне, осы бір менмендік көкіректікте, Махмет. «Мен бәлімше бастығымын. Сол себепті ақыл да менде»,— деп ойлайсыз ғой?

Махмет. Маржантау бәлімшесіне бастық болып келгеніме екі жыл. Құдайға шүкір. Жаман атым шығып көрген жоқ әлі.

Сұлужан. Оны жұрт айтсын.

Махмет. Жұрт не, жаман бастық дей ме сонда, құдайлығымды айтшы!

Сұлужан. Жоқ, жаман бастық дегенді естіген жоқпын.

Махмет *(масырап)*. Өне, өзің де мойындадың ғой.

Сұлужан. Жоқ, сіз түсінбей қалдыңыз. Бұл жерде әңгіме сіздің жаман, жақсы бастық екеніңізде емес.

Махмет *(қызыңқырап)*. Енді неде?

Сұлужан. Сол Махмет деген бәлімше бастығы туралы мына отырған Махмет деген жігіт пікірінің тым биіктігінде.

Махмет *(басылып)*. Мақтанған, «мен» деп сөйлескен жерім болған жоқ еді...

Сұлужан. Мақтану үшін «мен» деп сөйлесудің қажеті жоқ, тіпті. Мақтану жолы көп, Маха.

Махмет. Қане, айтшы, жолдары қандай болады екен? Біліп алайық.

Сұлужан. Көне Грецияда бір сұлу жігіт болыпты. Сол жігіт бір күні суға келіп үңіліпті де, ондағы өз бейнесіне өзі ғашық болыпты. Ғашық болғандығы сондай, күндіз-түні

су жағасына келіп жатып алған скен де, ақыры сары уайымнан алған екен.

Махмет. Оның маған қандай қатысы бар?

Сұлу жан. Қатысы сол — ол да сіз секілді өзі туралы тым жоғары пікірде болған ғой.

Махмет (*тулаңқырап*). Мүлде олай емес. Ол өз бейнесіне ғашық болса, мен екі жылдан бері өзіңе ынтықпын.

Сұлу жан. Таз таранғанша той тарқайды деген. Өзіңіз бен өзіңіз болып жүргенде кеш қалдыңыз дедім ғой. Сүйгенім бар.

Махмет. Совхоз жұмысы шығалап шығарды ма? Көктемгі егіс бітсе, пішен тұр. Оны тындырсаң, егін орағы...

Сұлу жан. Ақталмай-ақ қойыңыз. Мұның бәрі қысыр әңгіме.

Махмет. Ал сонда сүйгенің кім? Ержігіт пе?

Сұлу жан. «Ержігіт болса ше?» Кем бе?»— десем, манадан бергі әңгіме қайта басталады ғой.

Махмет. Жоқ, шынды айтшы?

Сұлу жан (*салмақпен*). Шынымды айтсам, Ержігіт емес.

Махмет (*қуанып, билеп кетеді*). Ержігіт болмаса түсінікті. Бас қарпы «М» ғой?

Сұлу жан. Иә «М».

Махмет. Екінші әрпі «А».

Сұлу жан. Иә «А».

Махмет. Үшіншісі «Х».

Сұлу жан. О да мүмкін.

Махмет (*қуана билеп*). Мах... мах... па... пах! Мах... мет!.. Мах... мет!

Сұлу жан. Махмет болмай, Мақтай болуы да мүмкін емес пе!

Махмет. Қойшы ойынды, Сұлу жан. Пілдей бөлімше бастығы Махмет тұрғанда, шитімдей шопан Мақтай неңді алған!

Сұлу жан. Бойына сеніп, түйе жылдан құр қалған деген бар. Байқаңыз, Маха!

Махмет. Тап бұл жерде құр қалсам, құриын да, Сұлу жан! (*Өңдетін.*)

Сен мені ая,
Болсайшы сая.
Өзіме ұмтыдым
Күшарымды жая.

(Сұлу жанды құшақтап билеп кетеді.)

Сұлужан (күліп). Ақын екенсіз ғой.
Махмет. Ақын стпей қоярсың ба? (Ержігіт кіреді.)
Жылысың? Әлде, перімісін? Жылдам келдің ғой, тіпті?
Ержігіт. Бірі де емеспін, Бибі жетпейді Сұлтан
ағайдың қолына аман-есен тапсырдым. Басқа өтінішіңіз жоқ
еді ғой?

Ойда жоқта кездестім,
Бақыт болып, Сұлужан.
Сендім қана кеудеде,
Ұялаған бір арман.

Қырда өскен қызғалдақ
Секілдісің, Сұлужан.
Осыншама азаптап
Қинадың-ау, Сұлужан.

Аспандағы жұлдыздай,
Алыстама, Сұлужан.
Қолыма қоншы құс болып
Мәңгелейін, Сұлужан.

Шеттеп одырайып тұрған Махметті Сұлужан өздеріне тартып,
еңді олар үшеу болып билейді. Бірақ Махмет пен Ержігіт
бірін-бірі кезек итерісіп шеттетек болады. «Олай емес, былай би-
лейді», «Осы да би ме, міне, былай билеу керек». Сұлужан бұл
таласты ұнатпайды.

Сұлужан. Бір талай уақыт болды. Қайтайын.
Махмет. Онда өзім шығарып саламын.
Ержігіт. Жоқ, мен шығарып салам.
Махмет. Жол менікі. Сұлужанды мен шығарып са-
ламын.

Ержігіт. Жоқ, мен кісі шығарып салып, машықтанған
адаммын. Мен шығарып саламын Сұлужанды!

Сұлужан (күліп). Біріңіз де шығарып салмайсыздар.
Біздің үйде қабаған иттер бар.

Махмет. Иә, Сұлужан үйінің иттері сондай қабаған.
Бөтен адамды жұлып тастайды. Тура қасқыр дерсін.

Ержігіт. Қасқыр түгіл, арыстан болса да, мейлі, Сұлу-
жанды қайтсе де мен шығарып саламын.

Махмет. Қой, шырақ, көзсіз батырлықты. Сұлужан
үйіндегі иттердің сырын білмейсің. Аяғыңды аяқ, қолыңды
қол етіп жібереді. Сонда сен үшін жауапкер мен болып
қалам. Білдің бе? Сол себепті өңкей қабаған ит ортасына
сені жібере алмаймын. Не болса да өзім барамын.

Сұлужан (Махметке). Ал сізді қауып алса, менің
жауап беруіме тура келеді ғой. Сондықтан мен жалғыз
кеттім...

Ержігіт (қосарланып). Сұлужан, тұра тұршы!..

Сұлужан. Сау болып тұрындар. *(Шығып кетеді.)*

Махмет *(Ержігітке)*. Жігітім, отыршы, кең отырып бір әңгімелесуге тура келді. Сенің алдында мен кінәлі адаммын. Мамандығыңа лайық жұмыс тауып бере алмаған соң жолдамаңа қол қойып қайтарып жіберуім керек еді. Қала баласына қойшы болу оңай емес. Байқайсың ба, қатты жүдеп кетіпсің. Өзің деген қамқорлығым болсын, қалана қайта ғой.

Ержігіт. Қайта алмаспын, Маха. Қамқорлығыңа рахмет.

Махмет. Неге қайта алмайсың?

Ержігіт. Шопан кәсібі маған сондай ұнайды.

Махмет. Қой ондай қылжағыңды.

Ержігіт. Қылжақ емес, шыным.

Махмет. Қайт, айналайын. Керек десең, қалана дейін апарғызып салайын.

Ержігіт. Кеткім келсе жолды өзім де табам. *(Шығуға ыңғайланады.)*

Махмет. Әй, әй, қайда кетіп барасың?

Ержігіт. Жаңа ғана кет деген жоқсың ба?

Махмет. Мен саған қазір кет дедім бе?

Ержігіт. Ал мен қазір кетем. *(Кетпек болады. Махмет ұстап жібермейді.)*

Махмет. Жоқ, әуелі клубтан мен шығамын. Содан кейін жарты сағаттан соң сен...

Ержігіт *(бұлқынып)*. Жібер деймін, қазір кетсем...

Махмет. Табан аузында?..

Ержігіт. Табан аузында.

Махмет. Қалаға кетесің тап қазір?..

Ержігіт. Қалаға кетем...

Махмет. Жаңа ғана кетпеймін деп едің ғой?

Ержігіт. Енді өзгердім...

Махмет. Ой, қуын-ай мынаның... Сұлужанды қуып жетпексің ғой? Түсінбейді деме мені. Әуелі мен кетем. Содан соң сен...

Ержігіт. Сенің де қулығың белгілі болды. Сақалды басымың оңи қуып бармақсың ғой?

Махмет. Сақалға тиіспе, шырақ. Ерте қызмет істегенім болмаса, мен сенен төрт-ақ жас үлкенмін.

Ержігіт. Онда менің шаруам жоқ. *(Сытылып шығып, тұра қашады.)*

Махмет. Мына қызыл көз менің сорыма келмесе не қылсын?! Тұра тұр, бастық құрығы ұзын, жігітім. Корермін қалай өндеткенінді... *(Ержігіттің соңынан жүгіре жөнеледі.)*

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Жас шопандар жатақханасы. Қоржын үй. Екі беттегі
өсік майдайша «Қыздар балмаса», «Жігіттер балмаса»
деген жазулар бар. Темір көңілді. Әңдетіп жүріп
кініп жатыр. Сұлужан кіреді.

Темір *(таңқалғандай)*. Ертелетіп неғып жүрсің, Сұлужан!

Сұлужан. Сұрама, Темір...

Темір. Не болып қалды?

Сұлужан. Ауданнан келе жатырмын. Орталыққа келсем бүкіл жастар Ержігіт пен Мақтайды күтіп отыр. Сонсоң екеуіне ызам келіп аялдамастан осылай қарай өтіп кеттім. Қайда өздері?

Темір. Ертемен қойды жайғастыра салысымен репетицияға барамыз деп орталыққа кеткен.

Сұлужан *(ашулы)*. Не дейді? Ендеше жер жұтып қойған шығар өздерін!

Темір *(Сұлужанның сыртқы киімін шешеді)*. Бір нәрсеге тағы да келісе алмай, ексеуі скі жаққа тартқан болды-ау онда?..

Сұлужан. Соларға не жетпейді осы?

Темір. Мінездері шалқес. Екі қошқардың басы бір қазанға сыймастың кері болып жатады да.

Сұлужан. Мснніңше, солар Махметпен жанжалдасып кетті.

Темір. Махметпен?..

Сұлужан. Иә, Махметпен. Бастық клубты ремонтқа жапқызып тастапты.

Темір. Осы қыс ішінде?..

Сұлужан. Енді қайтесің. Қолынан келген алып та, шалып та жығады деген ғой.

Темір. Оған ренжіме, Сұлужан. *(Қасына келіп арқасынан қағады.)* Бастыққа ерегерсекенде репетицияны осында өткізсіміз. *(Пауза.)* Сұлужан, біздің онжылдықты бітіргенімізге бүгін тура сегіз ай болыпты. Өтіп бара жатқан күндер...

Сұлужан *(ойлы)*. Иә, уақыт зулап өтіп барады...

Темір. Сұлужан, мен қазір мектептегі сол күндерімді сағынып жүрмін. Жігіттерді сағындым, сені сағындым.

Сұлужан *(күліп)*. Мен, мінс, қасыңда отырмын ғой.

Темір *(ойлы)*. Алыстап кеттің, алыстап кеттің. *(Темір қалтасынан шылым алып тартады, Сұлужан күледі.)* Неге күлдің?

Сұлужан. Тоғызыншы класта оқып жүргенде Тұрғын апай қалтаңнан шылым тауып алып, қатты ұрысқаны әлі есімде.

Темір (ойлы). Онда мен сендердің алдарыңда ересек көріну үшін тартқам. Әсіресе, сенің алдында.

Сұлужан (күйлі). Ал қазір ше?

Темір. Сарыуайым тартқызады.

Сұлужан Темірдің қасына келіп басынан сипайды.

Сұлужан. Сен, Темір, жақсы жігітсің.

Темір (күйініп). Осылай мүсіркеушілігіңді қойшы, Сұлужан.

Сұлужан. Бұл мүсіркеушілік смес, шындық.

Темір (қызбаланып). Енді осы не? Әуреге салып қойғаның.

Сұлужан. Әуреге түспе деп баяғыда айттым ғой. (Пауза.) Жүрекке әмір жүрмейді, Темір.

Темір. Қайтейін, былтыр сені айналышқыптап институтқа да бара алмадым.

Сұлужан. Келесі жылы бәріміз де сырттай институтқа түсеміз.

Темір. Бәріміз кім осы? Анау Мақтай болса, өзімді жарып өлтірсемін.

Сұлужан. Мақтай, сен, мен.

Темір. Ой, Сұлужан-ай, қыз смес нағыз дипломатсың. Мақтайыңды білмеймін. Оқуға екеуміз барамыз. Осы Ержігіт келгеннен бері менде билеуге деген құмарлық пайда болды. Келші, билейік. (Екеуі билейді.)

Темірдің әні.

Көксіміңде бір ғана
Сағын арнар жыр бар.
Сұлу еркесім, құшақ аш
Жүрек сырын тыңда да.

Ақ гүлімнің бұр жарған
Самалы өскен қырлардан.
Сенсіз мәңгі өмір жоқ
Сенсің, жапын, нұрлы арман.
Сұлу еркесім, кел бері
Аппақ арман мейдегі
Ұқшы, жапын, мұң мен зар
Жүрегімді керісіді.

Сұлужан. Сен ғой жайылымға бармайсың ба?

Темір. Пәлі, ұмытып кетіппін ғой.

Сұлужан. Мен жалғыз отырамын ба? Бірге барайын.
Жас қошақандарды көрсейін. (Екеуі шығып кетеді. Пауза.
Ержігіт кіреді.)

Ержігіт (ойланып). Осы бастық дүріңнің не ойлағаны бар? Бірде бис, бірде түйс. Аңадағы жанжалдан кейін

шақырып алып газетке мақала жаздырды. «Жоғары міндеттемелер ал, атын шығатын болады»,— деді. Міне, сенді клубты жаптырып тастады. Қай қылығына түсінесің сен? *(Ойланыл.)* Таптым! «Оқуды биыл бітірген жас қыздың соңынан жүгіргенде не табам! Ержігітке-ақ қидым!»— дегені ғой. Міне, кемелерлік! Жауапкершілікті мемлекеттік тұрғыдан түсіну дегенің осы! Жаса, Махмет! Бүйтіссең ортан қолдай бір шаруашылықтың бастысы бола аларсың ба? Тең-теңімен деген. Күте тұрсаң, тап Сұлужандай болмаса да, өзің теңді біреуге жолығасың. Сөйтіп, бақытты семья құрасың. Оған мен кәміл сенемін. Ал мен болсам... ең алдымен Сұлужанды биге үйретемін. Сұлужан нағыз профессионал балеринала мінсіз билей алатын болады. Оған астана жұртшылығы алақанының ауырғанына қарамастан қол соғады. Сұлужан ағы газетінді кәдімгідей ерттеп мінеді әлі. Алматы барсаң — Сұлужан! Шетел барсаң — Сұлужан?.. А, сосын? Ал, сосын... Содан кейін Сұлужан скеуміз қосыламыз!..

Жүгіріп Мақтай кіреді. Қолында газет.

Мақтай. Сұлужан?! Сұлужан?!

Ержігіт *(абдырал)*. Естіген шығарсың? Клуб жабылды, Мақтай. Репетиция өтпейтін болды.

Мақтай *(ашуыл)*. Репетициямен бірге өзің де құры.

Ержігіт. Әй, шырағым-ау, жазығым не?

Мақтай. Оқы мынаны *(Ержігіттің алдына газетті тастайды.)*

Ержігіт *(қуанып)*. Е, бұл менің мақалам ғой. Басамыз деп алып кетіп сіді. О, уәдесінде тұрған екен ғой сабаздарың. Мақтай, бұл менің газет бөлігіне тұңғыш рет шығуым. Атауға да болады.

Мақтай. Самозванец!

Ержігіт *(ашуланып)*. Қайдағы самозванец? Онда сенің де атыңды атағанмын. Бәрің де барсыңдар.

Мақтай. Бүйтіп ат шығарғаның құрысын. Өйткеніше, бар да жер ортс. Герострат!..

Ержігіт *(ашуланып)*. Мақтай, жетеді сенді. Бәрімізде де несі бар.

Мақтай. Сенде ұят жоқ.

Ержігіт. Оны тексеретін сен емес.

Мақтай. Бүгіннен бастап осы арадан табаныңды жалтыратсаң деймін.

Ержігіт *(мысқылдай күліп)*. Ойбай-ау, мынаның мықтысын қара! Сен түгіл бүкіл совхозды уысында ұстап отырған Махмет те кетіре алмаған. Айтар ақылым — артыңды қыс.

Мақтай. Ой, найсап, айтып отырған сөзін қарашы! Отырған жерінде жіліктей шағайын ба осы?

Ержігіт. Оны іс жүзінде дәлелдеу керек. Күні бұрын айтып қояйын. Самбодан бірінші разрядым бар.

Мақтай. Чемпион болсаң да көрейін, келші (*Ержігіттің жағасынан ала түседі. Осы кезде бөлмеге Сұлужан кіріп келеді.*)

Сұлужан. Бұларың не?

Мақтай Ержігітті қоя берсіді де, басқа бөлмеге кіріп кетеді.

Сұлужан. Бала болып кеткенсіндер ме?

Ержігіт. Жай, қазақша күрестен тренировка жасап жатқанымыз ғой.

Сұлужан. Өтірік айтпа, мұндай тренировка болмайды.

Мақтай кірген бөлменің есігінен тарталы. Ол ішінен бекітіп алған.

Ержігіт. Әлгінде ғана совхоз орталығынан келді. Кешкі күзет кезесті сенікі. Мазалама.

Сұлужан (*мұңайып*). Сендерді түсініп болмайды.

Ержігіт. Онан да отыр да, шынында айт, неғып асығып жүрсың, ауданға кетті деп сіді ғой?!

Сұлужан (*ашулы*). Ерігіп жүрмін.

Ержігіт (*таусылып*). Апырмай, ә? Бәріңе бірдей не болған осы сендерге?

Сұлужан. Бұл сұрақты саған қояйын деп сідім. Алды-артыңа қарамай ер тоқымды бауырыңа алып жөнеліпсін ғой. Репетицияға жиналған қыз-жігіттер келетін шығар деумен әлі отырған шығар.

Ержігіт. Оны ана бастыққа айт. Ол заман да, бұл заман, қыс ішінде клуб ремонттала ма екен?

Сұлужан. Ерегескенде репетицияны тура Махметтің кабинетінде өткізуіміз керек сіді. Ал, сен болсаң, ашудың дегенін жасап тайып отырыпсың.

Ержігіт (*күмілжіп*). Не қыл дейсің? Махметтей терім кең емес менің.

Сұлужан. Махметтің қандай қатысы бар бұл жерде?

Ержігіт. Қатысы болмаса, айтам ба?.. Сұлужан, қашанғы мені ішқұса ете бересің? Не бүгесің, не шігесің айтсаңшы! (*Сұлужан жақындап келіп, Ержігіттің басынан сипайды.*)

Сұлужан. Сен жақсы жігітсің, Ержігіт. Ақ көңіл, адалсың.

Ержігіт. Әрине, жақсымын. Арақ та ішпеймін ғой, мен сорлы.

Сұлужан. Оның да рас. Ішеді дегенді естіген емеспін.

Ержігіт. Өтірік айтып көргем жоқ.

Сұлужан. Рас, рас, өтірік те айтпайсың.

Ержігіт. Мен жігіттің төресімін ғой!

Сұлужан. Жөн... жөн...

Ержігіт. Енді не қыл дейсің, Сұлужан!

Сұлужан (*Ержігітті тыңдамай*). Ол, ол ма, бір басыңа талантың да жеткілікті.

Ержігіт (*көңілі босап*). Осы қасиеттерімді өзіңнен басқа бір адам айтып көрген жоқ қой, Сұлужан?!

Сұлужан (*ойлы*). Басқа айтпаса айтпасын, мен айтып отырмын, міне.

Ержігіт. Енді не жетпейді, Сұлужан? Неге бұлтандата бересің?

Сұлужан (*Ержігіттің шашынан сипап*). Мен сені жақсы көрем, Ержігіт.

Ержігіт. Мен де. Жақсы көрем емес-ау, сүйемін, жанымдай сүйемін. Жас өміріме балап сүйемін ғой. (*Құшақтамақ болады*.)

Сұлужан (*сұсыл*). Өттен, менің сүйген, сөз байласқан жігітім бар.

Ержігіт (*тыңдаңқырамай*). Күндіз ойымнан, түнде түсімінен шықпайсың. Сұлужан.

Сұлужан. Анау айтқан өнерлі болмаса да, ол да сендей ақ көңіл, адал жігіт.

Ержігіт (*тыңдаңқырамай, құшақтамақ болып*). Иә, мен анау айтқан өнерлі болмасам да, ақ көңіл, адал жігітпін ғой, Сұлужан.

Сұлужан (*сұсыңқырап*). Кестер жазда той жасап, қосыламыз.

Ержігіт. Иә, сөйтейікші, тезірек той жасап, қосылайықшы.

Сұлужан. Жоқ, сен емессің...

Ержігіт (*сөз байыбына енді барып*). Не дейді? Кіммен?

Сұлужан. Кіммен болсын, жаңағы сүйген жігітіммен.

Ержігіт (*есін жиып*). Жігіттің кім сонда? Махмет пе?

Сұлужан (*ойнақы*). Махмет болса ше? Кем бе?

Ержігіт. Ал мен қайда қалдым сонда? Ойнамашы, Сұлужан! (*Сұлужанның қолынан ұстап азіне тартады*). Келші, күнім!

Мақтай (*болмеден атып шығып*). Тарт қолыңды. Сұлужанның сүйген жігіті менмін. Не қыласың, шауып аласың ба?!

Ержігіт. Ойыңды қойшы, Мақтай. Ойнағым келіп тұрған жоқ қой менің.

Мақтай. Менің де ойыным емес, шыным. Ойын скен деп қапы қалма!

Сұлужан. Саған не болған, Мақтай?
Мақтай (*ашулы*). Маған ба, маған не болғанын мына
сүйгіш, күйгіш жігіттен сұра.

Сұлужан сұрақты жүзбен Ержігітке қарайды.

Ержігіт. Қайдан білсін, мұның неменеге құтырып
жүргенін.

Мақтай (*өршеленіп*). Білмейсін, ә? Судан таза, сүттен
ақ. (*Сұлужанға*.) Бұл жігіт бәрімізді тақырға отырғызды.

Сұлужан. Қалайша?

Мақтай. Әрбір жүз қойдан 200 қозы аламыз деп
облыстық газетке мақала жазыпты.

Ержігіт. Жаздым.

Сұлужан. Ақылдаспастан?

Мақтай. Мұның ойынша қой тауық болып кеткен.
Жұмыртқаларын инкубаторға сал да балапанды ала бер.
Қаланың ақсаусағын-ай, дайын төсек, жаюлы дастарқанға
үйренген.

Ержігіт (*тіксініп*). Жетті, Мақтай. Мен мұнда қой
басын көбейту үшін келгенім жоқ. Мен биші, әнші артис-
тердің басын көбейту үшін келгенмін! Қойыңа маған десс
топалаң тисін! Басымды қатырма.

Сұлужан күліп, Мақтайға көзін қысады.

Сұлужан (*Мақтайға*). Бүгінгі кезек сенікі деп еді
ғой. Бар, жұмысыңнан қалма!

Мақтай (*өзіне-өзі*). Өкср адамдары осындай диуана,
қызба болады деуші еді. Рас екен-ау, әйтпесе, біреудің
қосылайын деп жүрген қызына жармаса ма? Жарымес...
Ал мен кеттім. (*Киініп сыртқа беттейді*.)

Ержігіт. Айналайын, Сұлужан. Өуелінде осында
әкелген сенің күшің еді ғой. Енді құтқарушы да өзің. Мына
скі алақанымды көрші: Айыр, күрек ұстаудан сау-тамығы
қалмады. Мына бетті биылғы қыста бес рет үсіттім. Жетсеі
осы азаптағаның. Бүгін сенен қалмаймын.

Сұлужан (*күліп*). Қалмағанда қайда барасың?

Ержігіт. Сенің үйіңнің отын жағып, күлін шығарам.

Сұлужан (*күліп*). Азамат басыңа лайық болмайтын
шығар.

Ержігіт. Ол жағын ойлап жатқан мен жоқ.

Сұлужан. Қой бағу нервiңді жұқартқан екен.

Ержігіт. Қой емес, сенсің ғой. Қашанғы осылай
діңкелете бересің!

Сұлужан (*күліп*). Қойға кедгеніңе жарты-ақ жыл.
Сәбіздің біткені.

Ержігіт. Сәбізі бітер ме екен, бітпес пе екен?— деп сынауға әкелген екенсің ғой.

Сұлужан *(ойнақы)*. О да мүмкін...

Ержігіт. Қашанға дейін сынай бермексің?

Сұлужан. Ол арасы жұмбақ.

Ержігіт. Қандай қатігездік!

Сұлужан *(жайраңдап)*. Қыз қатігез болса махаббаты берік дей бер.

Ержігіт *(еңсесі түсіп)*. Әбден шаршадым...

Сұлужан *(ойнақы)*. Жігіт шаршаса, махаббатының алсіздігі дағы...

Бәлмеге Махмет кіреді.

Махмет *(Сұлужанға)*. Түу, келіп үлгергенсің бе?

Ержігіт *(ұнатпай)*. Тура бір Сұлужанның көленкесі. Сонынан қалмайды.

Сұлужан. Жұмыс бабы қайда жетектесе, сонда жүреміз де.

Махмет. Қашанғы жұмыс-жұмыс дей бермексің? Бір мезгіл өз жағдайыңды да ойласаңшы.

Ержігіт *(залға)*. Қамқорсуын азғалды!

Сұлужан. Рақмет.

Махмет. Ауданда қандай жаңалық бар екен?

Сұлужан. Атап айтарлық ештеңе жоқ, *(пауза)*. Комсомол комитетінде болдым. Комсомол-жастар бригадасына жолдама алдым.

Махмет. Не дейді?

Ержігіт. Ура жаса, Сұлужан! Айтқан сөзіңде тұрдың. Жарайсың, Сұлуым.

Махмет *(күйін-нісін)*. Олардікі әбден басынғандық. Көзге ілмегендік. Қалайша бізбен ақылдаспайды? Қалайша пікірлеспейді, сұрамайды.

Сұлужан. — Комсомол-жастар бригадасына барам, — деп өзім өтінсем, қайтіп ақылдасды?

Махмет. Онда өзің неге ақылдаспайсың?

Сұлужан. Ақылдасағанымды қайдан білесіз? Мүмкін ақылдасқан да шығармын.

Махмет. Кіммен?

Сұлужан. Кіммен?! Кіммен ақылдасқым келсе, сонымен дағы.

Ержігіт *(желініп)*. Өрине, ақылдасты...

Осы кезде терезеден Махтайдың басы көрінеді.

Махтай. Аналар таласа тұрсын, бері шығып кетші, Сұлужан.

Сұлужан. Қазір! *(Жүгіре шығады.)*

Махмет. Кіммен? Сенімен бе?

Ержігіт. Менімен болса ше? Ал менімен.

Махмет. Пішту. *(Қолын шығарады.)*

Ержігіт. Жолдас бастық, үлкен басына мұның мүлде жараспайды.

Махмет. Жараса ма, жоқ па, оны орталыққа барған соң көресің.

Ержігіт. Орталықта нем бар менің? Онда ештеңемді де қалдырған жоқпын.

Махмет. Қалдырмасаң да барасың.

Ержігіт. Бара алмаспыз.

Махмет. Барғанда да, жүтіріп кетесің.

Ержігіт. Жүгіре алмаспыз. Шопан жүгіре берсе, қойды кім бағады?

Махмет. Қазірден бастап шопан емессің, жігітім.

Ержігіт *(кекете күліп)*. Енді кіммін?

Махмет. Құрылысшылар бригадасының мүшесісің.

Ержігіт. Бұл кімнің ұйғарымы?

Махмет. Бөлімше бастығының.

Ержігіт. Ал, менің пікірімнің қандай екенін бастық жолдас біле ме екен?

Махмет. Білгенде қандай?! «Орталыққа ауыстыр»,— деп құлақтың етін жеп жүрген өзің едің ғой. Керек болса, міне, арызың.

Ержігіт. Ол райымнан қайттым енді.

Махмет *(қулана күліп)*. Сұлужан «мұнда келем» деген соң енді басқаша салдым де. Оның бола қоймас!

Ержігіт *(бөсеңсіп)*. Қой бағу ең рахат жұмыс екен. Бауыр басып қалыппын. Жылы орнымнан қозғамай-ақ қой.

Махмет *(екіленіп)*. Қозғағанда қандай! Бармасаң трактормен сүйретемін. *(Пауза.)* Қой бағуға емес, әнші-биші артистер дайындауға келген жоқ па едің?

Ержігіт *(басылып қалған)*. Клубты жаптырып тастаған жоқсың ба? Репетицияны қай жерде өткіземіз?

Махмет. Менің кабинетімде дедім ғой.

Ержігіт. Кабинетінде айналар жер жоқ.

Махамбет. Неге жоқ? Қырық-отыз адам сиятын кабинет тақияна тар келіп тұр ма?

Ержігіт. Балет, балетті білесіз бе? Балетке қандай кабинет болса да тарлық жасайды. Зал керек, зал!

Махмет. Балетті ұмыт деп баяғыда-ақ айтқанымн саған. Не деген тілазар адамсың! Әуелі пьесадан баста! Мәселен, Шекспирдің «Отеллосы»...

Ержігіт (құлана қарап). Отелло роліне кімді лайық көрер едің сонда?

Махмет (оқыс күмілжіңкіреп). Мектепте жүргенде Отеллоның талай рет түбін түсірген жігітін, міне, қасыңда тұр.

Ержігіт (жадырай күліп). Ал Дездемона?

Махмет. Сұлужанға қимай отырсың ба?

Ержігіт. Отелло секілді қиын образды жасау үшін талант керек, талант!

Махмет. Менде талант жоқ деп саған кім айтты? Әй, мен жиырма екі жасыма осы бөлімшеге бастық болып келдім. Ол талант емес пе? Мен саған ашығын айтайын. Талант сенде жоқ. Жиырма екіден ассаң да, әлі күнге қой баға алмайсың!

Ержігіт. Қой баға алмауым мүмкін. Бірақ бастық креслосына отырғызса, істеп кетуім анық.

Сұлужан келеді.

Махмет. Пәлі, мынаның дәмесін қара! Бастық болуда ойы бар өзінің.

Сұлужан (күліп). «Генерал болуды армандамаған солдат, солдат емес», — деп өзіңіз айтушы едіңіз. Несі бар?!

Ержігіт. Дәмем болса да, қорықпай-ақ қой, совхоз жалғыз «Маржантау» емес...

Махмет. Бұл солдат та, шопан да емес қой, Сұлужан.

Ержігіт. Махметті де «мықты шопан еді» дегенді ести алған жоқпыз.

Сұлужан (күліп). Маха, Ержігіт қатырды сізді.

Махмет. Ержігіт қатырғанымен қатып қала салмаспыз. Мұнда келгенде не бітірмесің? Соныңды айтшы одан да.

Сұлужан. Сақманшы болам...

Махмет (ренжіп). Па! Тапқан екенсің!

Сұлужан. Немене, сақманшы бола алмайды деп ойлайсыз ба?

Махмет. Жоқ, бола алмайды демеймін. Өрине, адамға өзінс лайық жұмыс бар. Мысалы, мына Ержігіт өнер адамы. Мен Ержігіт болсам қалада тұрып, театрға немесе филармонияға жұмысқа орналасар едім. Сонда ғана еңбегім жанар еді. Ал Ержігіт болса уақытын босқа өткізіп мұнда жүр. Сұлужан, сен де Ержігіттің кесін киесің әлі.

Сұлужан. Ержігіт мұнда да аз шаруа бітіріп жүрмеген шығар.

Ержігіт (қызулана). Махметше, талант тамызығы жақсы болса, дүр етіп тұтанып кететін отын тәрізді. Мүлде

олай емес. Талант бір нәрсеге құмарлық, Махмет. Мен айтар едім, талант пен құмарлықтың арасында қандастық, туыскандық бар. Сол құмарлық мені культпросвет техникумына апарды. «Маржантау» совхозына, жас шопандар бригадасына алып келген де, міне, сол құмарлық. Көздегеніме қайтсем де жетемін мен.

Сұлужан. Оның рас.

Ержігіт. Соны айтқан аузыңнан айналайын.

Махмет (*шоқ басқандай*). Әй, бала, тарт тілінді!

Ержігіт (*ашуланып*). Неге ақырасың?! Жаман сөз айтқан жоқпын ғой.

Махмет. Айтпасаң да құлқының жаман. Тура бір меншіктеп алғандай сөйлейсің.

Сұлужан (*күліп*). Оған мен Ержігіттің меншігіне айналып кетпеспін. Бірақ жігіттердің осылай сөйлегенін ұнатам.

Махмет (*ызаланып*). Ендеше, айнама, күнім, жаным, сәулем, бақытым!..

Сұлужан (*ішек сілесі қатып*). Болды, Мақа, болды, Ризамын, асып түстіңіз.

Мақтай келеді.

Мақтай. Сіз мына жігіттің газетке жазған мақаласын оқыдыңыз ба?

Махмет. Жок, оқыған жоқпын. Кешеден бері газетке қарауға мұршам болмады.

Мақтай. Сюрприз. Оқыңыз. (*Кекетіп*.) Біздің бригаданың атағы енді бүкіл облысқа жайылатын болды.

Махмет (*оқиды*). Бәрі дұрыс сияқты. Бірақ әр жүзінен екі жүз қозы аламыз дегені томпақтау ма қалай?

Мақтай. Томпақтау емес, нағыз томпақтың өзі. Мынадай ақ боран зымыстан жылы, жүз түгіл, екі жүзден екі жүз қозы алсақ та жаман болмас.

Махмет (*Ержігітке қарап кең-кең күліп*). Әй, сілтейсің, жігітім, сілтейсің!

Ержігіт. Сілтесем, сілтедім. Қайтесіңдер?

Мақтай. Шімірікпейді. Сен кім екенінді білемісің өзі?

Ержігіт. Қойшымын.

Мақтай. Қойшыдан садаға кет. Сен жеңілдің асты, ауырдың үстімен жүрген ақ саусақсың. Бір айыр шөпті дұрыстап айырлай алмайсың. Есменсеге қойшымын дейсің.

Ержігіт. Айырлай алмасам, күзде айырлай алмағанмын. Қазір үйрендім.

Мақтай. Түк те үйренген жоқсың. Темір экскумиздің арқамызда күн көріп жүрген араптамақсың.

Ержігіт. Жеті, Мақтай! «Ақыры осылай сөйлеуге көштіңдер ме? Рақмет сендерге. Үлестеріңе ортақ, масыл болып жүрсем, кешіріңдер. Кеттім онда. (Қас пен көздің арасында чехобанын алып шығады.)

Сұлужан. Ержігіт?

Мақтай. Токтатпа, Сұлужан. (Бәрі үнсіз. Ержігіт есікке барып артына бұрылады.)

Ержігіт. Маха, неге үндемейсің. Сол мақаланың жазылуына мұрындық болған өзің едің ғой.

Махмет. Иә, себепкер болғаным рас, бірақ өтірік жаз деп айтпаған секілді едім ғой.

Ержігіт. Сонда екі жүз деген цифрды мен көктен алдым ба?

Махмет. Көктен бе, жерден бе, қайдан алғаныңды қайдан білейін.

Ержігіт. Солай де. Әуес өзгерді. (Шығып кетеді.)

Сұлужан. Осы сенің қызбалығың-ай, Мақтай. Шақырсайшы, мына боранда қайда барады ол?

Махмет. Жоқ, барсын. Жаңа ұрыс болды. Мен енді оны жақсылап тұрып құрылысқа саламын. Көнбесе, қаласына жүре берсін.

Сұлужан. Мына суықта үсіп өледі ғой.

Мақтай (үнсіздіктен кейін). Жаңа Ержігіт екі жүз деген цифрды көктен алғаным жоқ деді ғой?

Махмет. Сен, Мақтай, енді мені кінәлағалы отырсың ба?

Мақтай (қипақтап). Жоқ. Бірақ «екі жүз қозы аламыз» дегенді қайдан шығарады? Соған қайранмын. Жалпы, ол нәуестекке мақаланы босқа жаздырғансыз.

Махмет. Сендер мені дұрыс түсініңдер, Мақтай, Сұлужан. Қаладан келген жігіт арқылы басқа қыз-жігіттерді осы қой шаруашылығына тартпақшы едім ғой. Басқаша айтқанда, реклама... Бұл жақсы ниетімді ол өзінің атын шығаруға пайдаланып кеткен.

Мақтай. Мақаланы оқыған адамдар бізді көзге шұқитын болады. Ұят-ай.

Махмет. Қайтесің. Ана құдың... Көрмейсің бе?

Сұлужан. Қуыңыз Ержігіт пе? Ержігіт қу жігіт емес, Маха.

Махмет. Қу болмаса, неге өйтеді?

Сұлужан. Ақылды өзіңіз берген жоқсыз ба? Реклама жасағым келді деп отырған мен емес, сіз ғой.

Темір келеді.

Темір. Боран көтерілді-ау деймін. Күн суыта бастады. *(Көңсіз отырған жұрттың ау-жайын бағып.)* Ау, сендерге не болған?..

Махмет *(өзгеріп)*. Ә, боран дедің бе, малға байқаулы болу керек онда. Шөпті көбірек салыңдар.

Мақтай. Оны қатырамыз ғой.

Темір. Ержіптке не болған? Шақырсам да қайырылмайды. Қолыңда чемодан, шеткі қорадан асып кетті.

Сұлужан. Мына жігіттер тұртпектеп, кетірді әйтеуір.

Махмет. Ешкім кетірген жоқ. Өзі кетті. Үйде, көленкеде өскен өсімдік күнге шығарсаң солып қалады.

Сұлужан. Ержіптің көңілі таза. Арманы көп те, қулығы жоқ.

Темір. Қарбалас жұмыс үстінде: «Ән сал»,— деп соңымнан қалмаушы еді. Менен қандай әнші шығады дейді екен.

Сұлужан. Кім біледі, шықса шығып та қалар? «Артист боламыз»— деп, бала кезінде театрға келген Горькийдің даусын мақтап қызметке алып, Шалыпинді: «Сенен ештеңе де шықпайды»,— деп қайтарып жіберген екен. Танылмай жүрген Шалыпин шығарсың, кім біледі?

Темір *(күліп)*. Танылған Ермек болсам да жаман болмас еді-ау!

Сұлужан *(күліп)*. Мен қарсы емеспін.

Мақтай. Мен аяқ-қолымды бірдей көтеремін.

Махмет. Екеуің де сөз қуалап отырсыңдар, біздің Темір түбінде герой болып шығады.

Темір. Маха, әзірге геройлықты қоя тұрыңыз. Келесі жылы оқуға түсу ойда бар.

Махмет *(күдікпен)*. Ал сенің не жоспарың бар, Мақтай?

Мақтай. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деген қазақ. Үйленсем бе деймін.

Махмет. Біз бұған жүз процент қосыламыз. Солай емес пе, Сұлужан.

Сұлужан *(қулана)*. Әрине, Маха.

Мақтай *(қысылып)*. Маха, Сұлужанға мақұддатпай-ақ қойсаңыз.

Махмет. Неге, комсомол ұйымының хатшысы бұған белсеңіз қатысуға тиісті.

Мақтай *(қуланып)*. Біздің Сұлужан мұнда жай келіп жүр дейсіз бе?

Махмет *(Сұлужанға)*. Комсомол тойын ұйымдастырмақсың ба? Бәсе, ауданға жиі шақырылушы едің. Той жайын сөйлесіп жүр екенсің ғой. Маған неге айтпайсың?

Сұлужан (қуанып). Кезі келгенде айтылады да, Маха. Асықпаныз.

Махмет. Комсомол тойын өткізу оңай емес. Он жерден комсомол хатшысы болсаң да, бір сенің қолыңнан кетпейді. Оған менің ақылым, менің көмегім керек.

Сұлужан. Оны мен жақсы білемін.

Мақтай. Мен Сұлужанға: «Махаңа' хабарлайық»,— деп баяғыда айтып едім...

Махмет. Баяғыда айт, қазір айт. Қалыңдық қайда? Жөнін сілтендерші.

Темір. Иә, қалыңдық кім? Соны айтыңдаршы.

Сұлужан. Ол әзірге жұмбақ.

Махмет. Неге жұмбақ? Әлде, көнбей жүр ме? Көнбей жүрсе бар ғой, айтыңдаршы. Табан аузында көндіріп берейін.

Мақтай. Оу, жарандар! Көнбей жүр деп қалай айтам! Өзі асықтырып жүр емес пе? (Қалжыңдал.)

Сұлужан (ұялыққырал). Соқпа өтірікті...

Махмет. Сұлужан, сен өзің көрдің бе қалыңдықты?

Сұлужан. Көргенде қандай!

Темір. Ал қандай екен?

Махмет. Жақсы ма?

Сұлужан (қуана). Оны Мақтайдың өзі айтсын.

Мақтай. Хордың қызындай.

Махмет. Олай болса, бұл тойды нағыз комсомол-жастар тойы етіп өткіземіз. Ауданға өзім барам. Комсомол комитетіне де, партия комитетіне де өзім хабарлаймын. Жолдастар деймін. Маңдай алды шопан, маңдай алды? Ау, қалыңдық қайда істеуші еді? Айтсайшы, Мақтай?

Темір. Иә, қалыңдық қайда істейді? Айтсаңшы, Мақтай.

Мақтай (күмілжіп). Сақманшы.

Махмет. Сақманшы? Сақманшы болғанда алғи Байдаулеттің қызы Алтыншаш емес пе?... О... Ол болса, жақсы бала. Тойды дүрілдетеміз онда.

Темір. Қап, той бастаттыру керек еді... Ержігіттің кетіп қалғанын қарашы.

Сырттан дауыс: «Мақтай, Темір, қойды қорға

* енгізіңдер... боран көтеріліп кетті».

Мақтай (терезеден қарап). Ойбай-ау, ақ қоймалжың болып, күнің құтырып алыпты ғой тіпті! (Екеуі де далаға жүгіреді.)

Сұлужан (күліп). Мақтайға тура жұмақ орнаттыңыз-ау, Маха.

Махмет. Орнатсам, немене, Мақтай жұмақ орнатуға тұратын еңбеккер жігіт.

Сұлужан. Уәдеге келгенде жүйріксіз, әйтеуір.

Махмет. Уәде беріп, орындамаған жерім жоқ.

Сұлужан. Қайдам? Ертең: «Мақтай, сені қайда көрдім»,— деп жүрмесеңіз болды.

Махмет. Неге олай демекпін? Алтыншаш жақсы... еңбекқор бала. Әкесі, Байдаулет те адал кісі. Ал Мақтай болса...

Сұлужан *(сөзін бөліп)*. Мақтайдың көңіл қосқаны Алтыншаш емес қой, Маха!

Жел үдей түседі.

Махмет. Енді кім?..

Жүгіріп Мақтай кіреді. Қолында шляпа.

Мақтай. Мынау Ержігіттің шляпасы. Өзі жоқ.

Сұлужан *(үрейлі)*. Не дейді?

Махмет *(сабырмен)*. Қонырсыта бермей, тоқта, Мақтай, Ержігіттің шляпасы екенін қайдан білдің?

Мақтай. Ойбай-ау, мынадай зымыстан қыс ішінде шляпа киіп жүретін одан басқа кім бар еді бұл өлкеде? Сол ақымақтың шляпасы.

Сұлужан *(айналдырып қарап)*. Иә, Ержігіттің шляпасы. Өзі қайда?

Мақтай. Өзі үшті-күйлі...

Махмет *(қытырмырланып)*. Ал шляпаны сен қайдан таптың?

Мақтай. Қойға шөп салайын деп шеткі қораға барсам... Ықтасын қуыста жатыр.

Махмет. Өзі де сол жерде тығылып жатқан шығар?

Сұлужан. Маха, сіз оны кілең бір жаманшылық жағынан ойлайды екенсіз. Не қыл деп тығылады? Ержігіт оядай жігіт емес.

Мақтай. Тығылса қарда ізі қалар еді ғой. Шляпа манайында құс жорғаламаған.

Сұлужан. Маха, не ғып отырсыз? Ержігіт адасты.

Мақтай. Мен де солай ма деп ойлаймын.

Сұлужан. Үстіндегі киімі де жұқа сәкілді еді, үсіп өледі-ау жазған.

Мақтай. Жалаңабат шалбар. Аяғында бөтенке...

Махмет *(кекетіп)*. Шалбар?! Бөтенке?! Ержігіттің кетуіне сен кінәлісің, Мақтай.

Мақтай *(ерегісіп)*. Мен емес, өзің кінәлі, Махмет. Тірі адамды ресламаға айналдырып...

Сұлужан. Таласты қояйық, жігіттер. Іздеу салайық.
Махмет (*байсалды қалыппен*). Орталықта кімдерге барушы еді?

Мақтай. Домбырашы Өуталіп пен сырнайшы Снық соқырдың үйінен жиі көретініміз. (*Махмет, телефон трубкасын көтереді*).

Махмет. Алло, ә, Бибімісің? Сұлтан қайда? Есік алдында. Онда былай... Ана Сұлтанға айт, мен айтты де. Домбырашы Өуталіп пен сырнайшы Снық соқырдың үйіне барсын.

Бибінің даусы. Ал барсын дейін.

Махмет. Бибі, сөз тыңда.

Бибінің даусы. Ал тыңдадым.

Махмет. Тыңдасаң былай: «Сұлтан қазір барсын да, әлгі қаладан келген Ержігіт деген бар еді ғой. Иә, не, сол... соның өзі деп отырмын ғой. Иә, Сұлужанды көтеріп кеткен... Сол жігіт барды ма екен? Тез білсін де, сол бойда маған хабарласын. Ало, ало... Сұлтанға қатты тапсыр. Өзің де есіңде ұста.

«Ержігітті іздеп жүрміз», — деп дабырламаңдар ешкімге. Тістеріңнен шықпасын. Білдің бе? Білсең сол... (*Трубканы қояды*).

Мақтай. Ала көлсеңке бола бастады. Мен далаға шығайын да айғайлап көрейінші. Боранда адасқан адам бір жерде айнала береді деуші еді. Кім біледі, сыбыс берер...

Сұлужан. Бар, бар, бірақ өзің адасып кетіп жүрме?

Махмет (*шығып бара жатқан Мақтай соңынан*). Өңешің жыртылғанша барынша айғайлап шақыр, Мақтай.

Мақтай (*барынша айғайлап*). Ержігіт, ә, Ержігіт! (*Дауыс ұзай береді*).

Махмет. Мынау өзі бізге пәле болып жабысып жүрмесін.

Сырттан Мақтайдың «Ержігіт, Ержігіт» деп шақырын даусы естіліп тұрады.

Сұлужан. Совхоз активтеріне хабарласақ қайтсін?
Трактор, әлгі аэрошана бар ғой. Соларды шығарсын.

Махмет. Сал сабыр ет, Сұлужан. Жұртты дүрліктіріп ұят болып қалып жүрер. Бибінің хабарын күтсейік.

Сұлужан. Пілдей бір адам адасып кетсе, қол қусырып отыра беруіміз қылмыс болады ғой.

Махмет. Қорықпа, әзірге бізді қылмысқа тартып отырған ешкім жоқ.

Сұлужан. Арымыздың алдында қылмыс жасап отырмыз.

Махмет (ызаланып). Бұл тек әдемі сөз ғана. Біз жұртты аяғынан тік тұрғызып дүрліктіріп жатқанда, ол не әлгі соқыр сырнайшының үйінде шай ішіп отырса, қызықтың көкесі сонда болады.

Сұлужан (ызалы). Күлкі боламыз деп отырып өлтіріп алып жүрмейік.

Махмет. Қуып жіберген біз емес, өзі кетті ғой. Арымыз таза, Сұлужан.

Сұлужан (ашулы). Сендер отырындар. Онда өзім іздеймін.

Махмет. Бұл барып тұрған көзсіз батырлық. Аласасың да кетесің. (Сұлужанның пальтосын қолынан алады.)

Жүгіріп Темір келеді. Қолында шарф.

Темір. Жол жиегіндегі бір топ қурай ұстап қалыпты.

Сұлужан (абыржыл). Мына қызыл шарф та Ержігіттікі. Енді не істедім? Қарап отырып кісі өлтірдік-ау.

Махмет (үрейлі). Ау, мына Ержігітті жын ұрған шығар?..

Темір (абдыраңқырап). Іс шатаққа айналды. Күн құтырынып алды.

Бері үнсіз. Қасқырдың ұлығаны естіледі.

Сұлужан (үрейленіп). Ойпырмай-ай, қасқыр ғой!

Темір. Кеше отарды далаға шығарғанымда тапа-тал түстің өзінде бір ұя қасқыр торуылдап кетпей қойып еді. Мылтық атсам да өзеуреп болмаған.

Жүгіріп Мақтай келеді.

Мақтай (жыларман болып). Өзі бір алды-арты жоқ, аңқылдаған сорлы еді... Бағана мен қатты кеттім-ау.

Телефон шылдырлайды. Трубканы Махмет көтереді.

Махмет. Алло-алло... келген жоқ?.. Ал жақсы... Бибі. Тісіңнен шықпасың...

Сұлужан (таусылып). Жасыратын не қалды? Жұртты аяғынан тік тұрғызбайсың ба, Маха?

Мақтай. Біз қатты кеттік. Қатты кеттік.

Махмет (зекіріңкіреп). Бізінді қой, қатты кеткен сен, Ержігіттің адасуына себепкер адам сенсің.

Мақтай (жыларман болып). Иә, мен... мен...

Махмет. Ержігіт олай-бұлай болып кетсе, біз емес сен жауап бересің, Мақтай.

Мақтай (жыларман болып). Иә, Маха, мен жауап берем... мен.

Сұлужан (ызалы). Мен... сен деп ерте күнді кеш қылдындар ғой. Не отырыс бұл?

Махмет (салмақпен). Отырмау үшін ең алдымен келісіп алайық. Ертең әрқайсымыз әр түрлі оттап жүрсек...

Сұлужан (шымсызданып). Маха, не айтып кеттіңіз?

Махмет. Не айтатынымды білетін адаммын мен. Қайтсе істі жеңілдетуге болады? «Мен! Мен!»— деп, міне, Мақтай отыр. Оны қалай арасалаймыз? Комсомол комитетінің хатшысы сені қалай арасалаймыз? Совхоз бөлімшесінің бастығы мен қалай құтыла алам? Міне, әңгіме қайда? Сол себепті ауыз бірлік...

Сұлужан (ашуланып). Ау, өзіңіз бір қызық адам екенсіз. Арасалау... арасалау... Ержігітті қайтсек іздеп табуымыз керек. Араша сол.

Мақтай (килігіп). Маха, бәріне кінәлі мына Темір екеуміз.

Темір (жұлып алғандай). Ау, ағайын, жайыңда отыр. Қарадан қарап мен неге кінәлі болам? Мен емес, өзің кінәлісің. «Мақала жаздың»,— деп несіне дікендей қалдың? Жазса.. жазды, онда тұрған не бар?

Махмет (қолдап). Тіпті таусылудың реті жоқ.

Темір. Иә, деймін-ау. (Кектеніп). Екі жүз қозы? Ал екі жүз қозы ала алмадық. Сонда немене, біреу басымызды кесетін бе еді?

Махмет. Әй, Мақтай-ай, қызбасын-ау, соған бола шатақтасып.

Сұлужан (шаршағандай). Бұл не киіліңіз осы? Іздейік те Ержігітті.

Мақтай. Рас, шатақтасудың реті жоқ еді тіпті. Ержігіт мақаланы білместіктен жазды. Есіңде ме, Темір, аяда Ержігіт бізден: «Қой осы жылына неше рет қоздайды?»— деп сұрап еді ғой.

Темір (қипақтал). Иә, сұраған...

Мақтай. Сонда сен оған, үш айда бір рет қоздайды,— дедің. Ол осыған нанып: «Аман болса, быыл отарымыз қораға сыймай кетеді екен ғой»,— деп таңданған. Екеуміз онысына ішек-сілеміз қатып күлгенбіз.

Темір. Байқамай, мені өзіңе қосақтағың келеді-ау деймін осы. Онда не тұр? Ойнап айтқанмын. Бұлай болатынын қайдан білейін.

Сұлужан (ашулы). Ал мен кеттім... Ержігітті іздеуге.

Мақтай. Мен де.

Темір. Мен не деп қалам? Мен де...

Махмет. Сәл сабыр етіндер. Көзсіз ерлік жарға жығады. Бір жігітті іздейміз деп екі жігіт, бір қыздан айрылар жайым жоқ. Ақыл қосу керек.

Сұлужан. Не ақыл сонда? Орталыққа телефон соғып, неге хабарламайсың? Әйтпесе, мен хабарлаймын... *(Телефонға ұмтылады. Махмет трубканы жұлып алады қолынан.)*

Махмет. Шопаңдамай сабыр ет дедім ғой мен саған.

Сұлужан. Сабыр ететін жер бұл емес...

Махмет *(даусы қатқыл)*. Телефонды не Мақтай, не Темір соғады...

Сұлужан *(жадырал)*. Мен-ақ соғайын дедім ғой.

Махмет *(қатқыл)*. Жок, Сұлужан, сен соқпайсың. Сен мұнда болмасаң қайтіп соғасың?

Сұлужан. Болмағаны қалай?

Махмет. Сұлужан, сен аудан орталығындасың. Мұнда әлі келген жоқсың... Мен де мұнда жоқпын. Келмегенмін.

Сұлужан *(таң-тамаша)*. Маха, деніңіз сау ма?

Махмет *(қатқыл)*. Телефонды не Мақтай, не Темір соғады.

Мақтай. Жақсы. Мен соғайын телефонды.

Темір *(қипақтап)*. Тіпті, мен соқсам да болады.

Махмет. Сұлужан, сен таңданба! Бұл бригадада сен де, мен де екеуміз де жоқпыз. Келмесек, қайдан боламыз?

Сұлужан. Келмегені не? *(Махметті нұсқап.)* Мынау тұрған кім сонда? Мен кімін?

Махмет. Сен — сенсің. Мен — менмін. Бірақ екеуміз де жоқпыз.

Сұлужан *(таңдана, ішегі қата күліп)*. Әй, жігіттер, мен жындандым ғой деймін. Мені тезірек жыңдыханаға апарып салындаршы.

Мақтай *(шошыл)*. Қойшы, жоқтың айтпай.

Темір. Иә, деймін-ау.

Махмет. Таңданатын түгі жоқ, Сұлужан. Екеуміз жауапқа тартылсақ, мыналар бізді арашалай алмайды. Ал бұлар сотталса, жердің түбінде болса да біз суырып ала аламыз.

Сұлужан. Е, түтіңіңіз мына жақта екен ғой. Түсінсемші, сорлы басым! Ал мен Ержігітті іздеуге кеттім. Еретін қайсың барсындар? *(Жүгіріп шығады. «Мен бармын. Мен бармын!» — деп Мақтай мен Темір соңынан кетеді.)*

Махмет (пауза). Ақылды қыз ба десем, бұл да шөп желкенің бірі болды ғой. Ойлаған жерден табылар қатын қайда, құдай-ау?! (Салмақпен басып телефонға барады).

Алло... Бибісің бе? (Сахна түңірінде пистолет жарығы Бибіге түседі.) Сұраймын деп үнсімі ұмытып жүрем... Аядағы тиын-тебеніңді алдың ба осы?

Бибі. Алдым ғой. Бірақ алақаның ашыла ма сенің, қайным-ау. «Аядағы» деп алдасқандай етіп тұрғаның алпыс-ақ сом.

Махмет. Өңешің кең-ау, жеңеше. Нысап керек, нысап!

Бибі. Сұраған соң айтып жатырмын-дағы. Қанағат етпеген жерім жоқ еді ғой. Әйтпесе.

Махмет (күліп). Е, бәсе. (Жас баланың даусы шығады.) Мынау алгі соңғыларың ба?

Бибі. Иә, сол мықтының өзі. Екі айдан жаңа ғана асты.

Махмет. Атын кім қойып едіңдер?

Бибі. Аяда айтып едік қой. Ұмытып қалдың ба? Аты

— Махмет. Аттассың.

Махмет. Иә, солай екен-ау. Ал сол аттасым үшін деп тағы бірдеңе ескерермін.

Бибі. Рақмет, қайным.

Махмет. Ал былай, жеңеше: мен бүгінгі кеште, дөп қазір мына сіздің үйде отырмын... Ау, Бибі, неге үндемейсің. Мен сіздің үйде отырмын деймін.

Бибі (түсінбей). Мына телефонмен сөйлескеніңді айта-сың ба, қайным?

Махмет. Жоқ... сендер мені, айталық, қонаққа шақырдыңдар...

Бибі. Иә, иә, шақырамыз ғой, қайным. Мына кішкене Махмет аздап өссін. Сосын шақырамыз. Сені шақырмағанда, кіміміз бар біздің?

Махмет (ашулаңқырап). Сөз тыңдамайтын болып кеткенсің бе өзің?! Мен бүгін дөп қазір Сұлтан мен Бибінің үйінде отырмын. Қонақ болып отырмын... (Жылаған бала даусы.) Ау, Бибі, үндемейсің ғой?

Бибі. Қайным-ау, кейін шақырамыз дедім ғой.

Махмет (өктем). Ой, шақырғаның құрысын. Түкке де керек емес шақырғаның. Шақырту іздеп отырған жоқпын. Шақырсын демеймін. Түсіндің бе?

Бибі (сенімсіздеу). Иә, түсіндім ғой деймін.

Махмет. Деймінді қой. Түсіндім де!

Бибі. Иә, түсіндім.

Махмет. Олай болса мен не айтсам, соны қайталай бер.

Бибі. Иә, ал қайталай берейін...

Махмет. Мен, сөйтіп, сіздің үйде қонақта отырмын.

Бибі. Мен, сөйтіп, сіздің үйде қонақта отырмын.

Махмет (*ашуланып*). Мынау құлыққай ғой өзі. Сен емес, мен отырмын.

Бибі (*әбден шатасып*). Иә, сен емес, мен отырмын...

Махмет. Кім отыр?

Бибі. Иә, кім отыр?

Махмет. Кім отыр емес, мен отырмын.

Бибі. Иә, мен отырмын.

Махмет (*ашуланып*). Мен отырған жоқпын!

Бибі (*дағдарып*). Ойбай-ау, Махметжан-ау, енді не қыл дейсің? Ойыңды қойшы. Жаным, шаруам қалып барады.

Махмет (*жұмсарып*). Жо... тындашы, түсініп алшы.

Бибі. Ал, тыңдап, түсініп алайын.

Махмет. Мен қазір сіздікіңде қонақта отырмын...

Бибі. Ал жақсы... (*Жылаған бала даусы*.)

Махмет. Қонақта... айталық ана жылап жатқан кішкене Махметті қолыма ұстап жұбатып отырмын...

Бибі. Жазғанның іші ауырады білем, жұбатқанмен жылай береді. Әсіресе түн баласы тыным жоқ.

Махмет (*қайта ашуланып*). Түу, құлыққай, жыламақ түгіл, ішегі неге қатпайды балаңның!

Бибі (*жалынып*). Айналайын, Махмет, өзін ішіп алғансың ғой деймін. Не істе десең де істейін, ертең мастығың тарқаған соң хабарласшы. Балам жылап қалды. (*Бибі жоғалып кетеді*.)

Махмет. Мына мақұлық құртты-ау, мені.

Сыртта шу, күлкі— Ой, көксілім-ай, қорқытқанда да мықтып қорқыттың! Есіміз шықты, тіпті!— деген дауыстар.

Сұлужан, Мақтай, Темір Ержігітті
алып үйге кіреді.

Мақтай. Маха, мына сабазға кара.

Махмет. Не қарайтыны бар. Қайтып келерін мен баяғыда-ақ білгенмін.

Сұлужан. Содан екен ғой, «мен жоқпын, сен жоқсың» деп тығылмақ ойнап жатқанымыз...

Махмет (*күліп*).— Сұлужан ашуланбайды. Сұлужан мінезге бай,— деп жатады жұрт. Сынағаным емес пе? Соны да аңғармадыңдар ма?

Темір. Ал, Маха, Сұлужан мінезі қандай екен, айтып жіберіңіз.

Махмет. Нағыз тызбалақ, ал кеттімнің өзі.
Сұлужан. Сіздің де кім екеніңіз белгілі болды.
Мақтанбай-ақ қойыңыз деймін.

Ержігіт. Қарап жатпай, кімнің кім екенін анықтап берген екенмін ғой.

Махмет *(түсін суытыңқырал)*. Шырағым-ау, сенікі не шантаж осы?

Ержігіт. Қайдағы шантаж? Мына Мақтай күн көрсетпейді. Қорқытпақ болдым сосын. Жылы қораның ішіне кірдім де, тығылдым қалдым. Қалпақ пен шарф — із тастау.

Темір. Дегенмен тоңа бастаса керек батырың. Қорадан өзі шықты ғой.

Мақтай. Мені қорқытам деп жүріп, Маханның зәресін кетірдің ғой.

Махмет. Менің бе? Айтыпсың. Зәресі кеткен адам мінекей. *(Сұлужанды нұқайды.)*

Сұлужан. Рас, қорықтым.

Темір. Мен де...

Сұлужан. Жоқ жерде кісі өлімі оңай шаруа ма?

Мақтай. Ал, Темір, күзет қайда?

Темір. Бүгін қатты шаршап тұрмын. Өзің баршы,
Мақтай *(күдіктене)*. Жоқ ексеуміз де барамыз. Бүгін боран. Және қой қоздап жатыр.

Темір. Күнде бәрін жалғыз өзің-ақ тындырушы едің ғой. Бүгін не болды саған?

Мақтай *(сасып қалып)*. Бүгін бе, бүгін. Сенімен бірге барғым келеді.

Махмет. Дұрыс, дұрыс. Мына Ержігітті де ала кетіндер.

Ержігіт *(ыршып)*. Жок, мен бармаймын. Кеше ғана күзетте болғам.

Мақтай *(күліп)*. Осы қызыл көзге тиіспей-ақ қояйықшы.

Ержігіт. Міне, Мақтай дұрысын айтты.

Мақтай мен Темір күліп сыртқа беттейді.

Сұлужан. Мақтай, байқа, адасып кетіп жүрмендер.

Мақтай *(күліп)*. Қаланың нәуестегі адаспағанда бізге не көрініпті.

Ержігіт. Осы сенің тілің жаман.

Махмет *(Ержігітке)*. Нервіні жеп болсан, енді маза бер. Жатайық.

Сұлужан. Түн ортасы болыпты ғой. Шаршағанымды енді білдім. Дөм алайық. *(Қыздар бөлмесіне кетеді.)*

Махмет. Әй, Ержігіт, сен мына бөлмеге жатасың.
(*Еркектер бөлмесін көрсетеді.*)

Ержігіт. Жақсы, ал өзіңіз ше?

Махмет. Мен мына осы бөлмеге... Қорылдайтын жаман әдетім бар еді. Ұйқы бермей жүрермін...

Ержігіт. Онда мен де осында жатамын.

Махмет. Қорылдаймын деп тұрмын ғой.

Ержігіт. Қорылдың мен де түбін түсіремін ендеше.

Махмет. Онда маған ұйқы бермейсің ғой. Бар, ана бөлмеге. Бүгінгі лаңың да жетеді.

Ержігіт. Ендеше мен алыстау мына жерге жатайын.
(*Сұлужан жатқан бөлменің есігіне төсегін жақындатып салады.*)

Махмет. Ендеше мен мына жерге жатам. (*Ол төсегін тура есіктің көзіне әкеп салады.*)

Ержігіт. Мен де.

Махмет (*ашуланып*). Кең дүниені тарылтып...
(*Ержігіттің төсегін басқа бөлмеге лақтырады. Ержігіт Махметтің төсегіне жармасады.*)

Ержігіт. Төсектен төсектің артықтығы жоқ.

Махмет. Артығы бар. Бұл — бөлімше бастығының төсегі!

Сұлужан (*өз бөлмесінен басын қылтитып*). Бала болып кеткенсіздер ме? Ұйқы бермедіңіздер ғой.

Екеуі де аяқтарын ұшынын басып, төсектерін құшақтап ерлер бөлмесіне кіреді. Залда қараңғылық. Пауза. Музыка.

— Ой, көзім-ай, көзімді шығарады-ау мынау.

— Шекем, шекем жарылды...

Бөлмеге бозғылт сәуле түседі. Ержігіт пен Махмет Сұлужан жатқан бөлменің табалдырығында бас сузістіріп тұрады.

Махмет. Көзің жоқ па әй сенің?

Ержігіт. Қайдағы көз қараңғыда.

Махмет. Жатқаның жана ғана. Неғып сандалып жүрсің?

Ержігіт. Шөлдеп, су ішкелі... (*Махметті есік көзінен ығыстыра бастайды.*)

Махмет. Әй, әй байка, шырақ, может быть мен де су ішкелі жүрген шығармын. Қайдан білесің?

Ержігіт. Бұл жерде су жоқ. Су ана жакта.

Махмет. Оны мен айтуым керек еді саған. Қайқай, жігітім!

Ержігіт. Қайқайсаң, өзің қайқай.

Махмет. Менің жасым үлкен.

Ержігіт. Сондағы бір жарым жас па?! Бүккенім бар оны.

Махмет. Әй, байқа, бала. Мен бәлімше бастырымын.
Быт-шытыңды шығарам... Билдің бе?!

Ержігіт. Қара. Қара... біреудің есігің күзетіп жүрсе
де, бастықтың ұмытпайды өзі. Бұл жерде правомыз бірдей,
Махмет.

Махмет. Мына боранда сенің адасып өлгенің жақсы
еді.

Ержігіт. Онда сотталатын едің...

Махмет. Қой... қой... тәжікелеспе, бала, ойнайтын
адамның мен емес. Ойнаймын деп келген жоқпын мен мұнда.

Ержігіт. Мен де...

Махмет. Жігітім, мына қылығың бар ғой, біреудің
алдындағы адал дәмге сұраусыз қол салғанмен тең.

Ержігіт. Сен, немене, Сұлужанды меншіктеп ал-
мақсын ба сонда?

Махмет. Неге меншіктемеймін! Сұлужан менің некелі
әйелім.

Осы кезде Сұлужан өз бөлмесінен атып шығады да
Махметті шапалақтап тартып жібереді.

Сұлужан. Қашан некелеп алып едің? Қашан мен уәде
беріп едім саған. Бастықпын деп сенірейін деген екенсің, ә?

Махмет. Ойбай-ау, ойын ғой, Сұлужан. Мынау ит
қой маза бермейді тіпті кісіге.

Ержігіт. Мен емес, өзі маза бермейтін.

Сұлужан. Бұл не сонда? Ай қарап жүрсіңдер ме?
Неге жатпайсыңдар?

Махмет (*сасқалақтап*). Ана жақ тіптен ыстық екен.
Жата алмадым. Салқындайын деп осы жаққа келсем, мынау
оңбаған соңымнан қалмайды.

Ержігіт. Ана жақ маған да сондай қапырық. Махмет
соны түсінбейді. Өзінің шыққан тауының биік болғанын
ғана ойлайды.

Сұлужан. Ыстықтасандар терезені ашып қояйын онда.

Терезені айқара ашады. Таң білініп келеді.

Боран толастайын. Тыста қатты аяз секілді. Өн салған Мақтай
даусы естіледі. Сұлужан терезе алдына барып сыртқа қарайды. Махмет
пен Ержігіт тоң бастайды.

Ержігіт (*біріден*). Біз мұндай сумқта мәу демейміз.

Махмет. Қаланың нәуестегі тоңбағанда маған не
көрініпті.

Ержігіт. Мына Мақтайдың әншісі-ай! Жазда тура
астана сахнасына шығарады екенмін мен мұны.

Сұлужан. Жоқ, Мақтайды сен емес, өзін шығарам.
Мақтай ә, Мақтай! Сағымды ғой, бермен келші!

Махмет. Не дейді?

Ержігіт. Әй, бір шикілік бар ма деуші едім. Рас болды-ау.

Мақтай Сұлужан, неғып ұйықтамай тұрсың?

Сұлужан. Ұйқым қашып кетті.

Мақтай. Жүр ендеше, таң шапағын тамашалайық.

Сұлужан (күліп). Оныншы кластағыдай қасқыр келе жатыр деп қорқытпайсың бар?

Мақтай. Жалғызым, жаным деп жүргенде неге қорқытам. Келешегім енді сенімен ғана...

Сұлужан. Мақтайжан, көтеріп алшы онда терезеден.

Мақтай. Кел! (Сұлужан құшағын жая береді. Ендігі сөзте екеуінің қосылып салған әні естіледі.)

Махмет (ақырып). Құдай ұрды деген осы. Сақманыш дегенде Сұлужан тіпті есіме келсеші.

Ержігіт. Ай бір шикіліктің барын сезуші едім-ау.

Махмет. Сезсең неге айтпадың?

Ержігіт (салы суға кетіп). Айтты не, айтпады не?!

Махмет (ақырып). Осы махаббат дегенде көз де, ми да жоқ қой, деймін. Көзі болса өзі сұлу, өзі өнерлі мына Ержігітті сүймес пе еді. Ал егер миы болса, мына мен... бір бөлімшенің дырдай бастығы... (Басын шайқап.) Ақылды деген Сұлужанның өзі ана дәуекес Мақтаймен кетті-ау! Бұл не сұмдық.

Ержігіт. Сұмдық дейтін түгі де жоқ. Сен болсаң сыздап жатқан бес батпан салмақ. Мен болсам, ұшып қонып жүрген жел... қаңбақ... Әйел заты мұның бірін де жақсы көрмейді.

Махмет. Енді не жақсы көрестіні?

Ержігіт. Салмақ пен қаңбақты мылжа-мылжасын шығара араластырып, сосын қаққа бөлсе... сонда...

Махмет (шошып). Тек сайтан, не артист болып, не бастық болып жарытпаймыз ғой онда.

Бөлмеге ойбай салып Темір кіреді.

Темір. Бұл итті ме, бұл итті қазір жарып өлтірем!
Мені күзетке қалдырып, істеп жүргенін қарашы. (Үлкен ләкет пышақты стал үстінен алып, есікке қарай жүзіреді. Оны Ержігіт ұстай алады.) Жібер деймін, жібер, өлтіремін.

Махмет. Кімді өлтіресің?

Темір. Мақтайды.

Ержігіт. Сотталасың.

Темір. Сұлужан үшін сотталсам, сотталамын.

Махмет (ақырыл). Қой ондай көзсіздікті. Міне, Ержігіт
екеуіміз де тас мандай болып шыдап отырмыз ғой...

Темір. Не дедің?

Ержігіт те, Махмет те үндемейді. Далада Сұлужан мен
Мақтайдың қосылып салған әні естіледі.

Біз екеуіміз бір аяқта,
Қатар қонған бұлбұлмыз,
Біз екеуіміз әр уақытта,
Қатар туған жұлдыбыз.

Біз екеуіміз бұл дүниеде,
Махаббаттың егізі.
Екеуімізде, екеуімізде,
Жүректер солай депізді.

Кел, екеуіміз атар танды,
Бірге қарсы алайық.
Ғашықтықтың жансын сәні,
Бірге бір ән салайық.
Біз екеуіміз, біз екеуіміз,
Екеу емес — біреуіміз.
Өмір бойы құшақ жазбай,
Біреу болып өтеміз.

ШАЙҚАҚ

БІР ПЕРДЕЛІ ДРАМА

КАТЫНАСАТЫНДАР:

Батырбек
Жаңыл — Батырбектің әйелі
Панар — Жаңылдың сімсісі
Ғабдолла
Қайкен —
Жамантай

I

Қала тәртібімен жиналған Батырбек үйінің ас ішетін шағын бөлмесі. Ғабдолла Батырбектің үлкен портретін қабырғаға ілемін деп өуре. Төменде Батырбек. Біресе алыстан, біресе жақыннан қарайды. «Жоғарырақ», «төменірек», «оңға қарай», «солға таман», — деп жөн сілтеп тұр.

Ғабдолла. Міне, үйдің сәні енді кірді. Жан-жақтың бәрі құлпыра талып барады.

Батырбек. Өзі де бір өнерлі неме екен. Айнытпаған.

Ғабдолла. Кімді қалай шығарарын художникің де біледі. Бірер жүзді тастап жіберген кезде көзіңнен ұшқындаған бір отты байқаушы едім. Міне, сол бір құбылыс айна-қатесіз түскен де, мәңгі-бақи тоқырап қалған. Елу жыл өтеді. Жүз жыл өтеді. Сонда бейтаныс келер ұрпақ келіп қарайды да, осы отты дәл қазіргі менше дәл басып таниды-ау, ә!

Батырбек масаттанып, портретті әр қырынан бір келіп тесіле қарайды.

Батырбек. Соны ойласаң, көкірегіңде нұр саулап жүре бергендей болады, тіпті.

Ғабдолла. Бала кезден бірге өсіп, өкшенді басып келе жатырмын ғой, түсінемін бұл сөзіңді. Ау, жеңеше, жеңеше

деймін. Қайда жүрсің? Келсенші бері, көрсенші келіп
бөлменің құлпырып кеткенін.

Жаңыл кіреді.

Жаңыл. Оның рас, қайным, құлпырып кетіпті бөлмем.
Ғабдолла. Анау қабаққа кара, дүниенің бар қайратын
бір өзіне сыйғызып тұрған. Анау көзге кара, өткеннің
тұңғығына, болашақтың жұмбақ сырларына қадалып
қалған.

Жаңыл. Рас айтасың, қайным.

Ғабдолла. Шіркін, осыншалықты дана болып адам
баласы да жарала береді екен-ау?!

Қолында кітаптары бар Панар көрінеді.

О, шамшырақтай жарқырап Панардың өзі келді ғой.
Бері, бері кел, Панар. Кара мына жездеңе. Қабағына, көзіне
кара.

Панар. Көзінің тірісінде бір қабырғаны алатын портрет
жаздырып, оны өз үйіне ілгенді мына Батырбек жездемнен
ғана көріп отырмын.

Жаңыл. Жездеңнің әдеті емес пе, бір нәрсені көңіліне
алса, қисая тартатын. Портрет дегенді ойлады да, ұйқы-
күлкіден қалған жоқ па?!

Батырбек. Осы бір жаман жездең ойда жоқта але
қалса ғой, жақсы жездем, алтын жездем, жақсы күйеуім,
алтын күйеуім деп жылайсындар. Ал қазіргі айтып
тұрғандарың мынау. Көзіңнің тірісінде бір жылы сөз
естімеген соң, өлгеннен кейінгі мақтағандарыңнан не пайда.

Панар. Рас, ойда-жоқта өліп қалсаң жылаймыз. Жақсы
жездем еді деп жылаймыз. Ал мына тірі күнінде не деп
жыламақпыз. Жаман жездем еді, тезірек өлмесі деп пе?!

Ғабдолла. Ха, ха, ха. Шіркін, бұлай демесең Панар
боласың ба, Панар болып аспирантурада оқырсың ба!

Панар. Мақтай бермеңізші, осы сіз. Сіздің осы бір
мақтау сөзіңізді ести-ести құлағым сарсыды.

Жаңыл. Ғабдолла қайнымның тілі жұмсақ. Жұмсақ
тілдің түрпідей қадалғанын сенен көрдім, сіндім.

Батырбек. Сендер бірің де мені түсінбейсіңдер. Мені
түсінетін жалғыз Ғабдолла ғана.

Сасқалақтандырап Қайкен кіреді.

Қайкен. Апырай, әлгі Бекең қайтыс болыпты...

Жаңыл. Не дейді? Қай Бекең?

Қайкен. Әлгі өзіміздің бастық Бекең. Бекентай
Байқабылов.

Жаңыл. Алда байғұс-ай, көп ауырды ғой өзі де.

Батырбек. М, м... Өлді де...

Ғабдолла. Ө-өлді...

Жаңыл. Апырау, селт етпейсіңдер ғой, тілті.

Батырбек. Мал болмайтыны көптен-ақ белгілі болатын. Ертең бе, бүгін бе деп күтіп отырған хабарда селт еткізер не жаңалық болушы еді.

Ғабдолла. Иә, күткен хабарымыз ғой.

Жаңыл. Қайдам. Беке, Беке деп ауыздарыңнан тас-тамайтын едіңдер. Қят етсе, Бекенді шақырып жібере қояйық деп Батырбекң де мазалап бағушы еді. Енді үндемей қалғандарыңды айтамын.

Панар. Көзіңнің тірісінде мақтаған жөн. Өлген соң не десе, о десін.

Жаңыл. Иә, бұл біздің Батырбекңнің философиясы. Жүр, Панар, қолыңнан талай рет дәм татқан адам еді, барып, үй ішіне көңіл айтып шығайық. Біздің қолдан одан басқа не келеді.

Жаңыл мен Панар шығады.

Қайкен. Ендігі бір жаңалық, үлкен үй жағында сөз болып жатқанға ұқсайды. Зады, орнына кісі іздейтін болса керек.

Батырбек. Кімдерге құрық салыпты?

Қайкен. Кім білсін, әйтеуір әр түрлі ұсыныстар бар ма қалай?

Ғабдолла. Шіркін, бұл орынға лайық бір-ақ адам бар. Бірақ үлкен үй оны біле бере ме?

Батырбек. Иә, оның кім? Өзіміздің Жыландыдан ба?

Ғабдолла. Иә, өзіміздің Жыландыдан.

Батырбек. Кім демексің сонда? Мына Қайкен ара-сулық болса да, етене сырлас болып кеткен жолдас қой. Жасырма.

Қайкен. Иә, мен өздеріңмін ғой. Қымсынбай-ақ қой, Ғабдолла.

Ғабдолла. Ол мына дүниенің төрт бұрышына көзін қадап қалған Батырбекңнің нақ өзі. Қара келбетіне. Дүниенің бар даналығын да, бар тентектігін де бір басына жинап алған отырысына қара.

Үшеуі де күледі.

Қайкен. Оның рас. Бір лайықты адам болса, соның өзі ғой.

Батырбек. Лайықтысы лайықты-ақ еді-ау. Өттең, не керек, пәле-жаланың құрбаны болып жүрміз ғой. Құлан-

дылық біткен түгел жабылып, «жертілсін», «менмен», «мақтаншақсың» деп жапқан жоқ па пәлсіні. Ақты-қарасын тексеріп жатқан кім бар оны.

Ғабдолла. Тісті жеріне айтып жеткізу керек. Баты-рекеннің от ауызды шешен, майталман көсем, организатор екенін жұрттың бәрі де білмей ме?

Батырбек. Шіркін, алты ай емес, алты-ақ күн сол араға барып отырсам, дүниесі шыр көбелек айналдырар едім-ау.

Ғабдолла. Жылаптылықтардың мерейі өсіп, құландылықтар жер болып қалар да еді.

Батырбек. Жер болғаның не, күн көре алмай, тозып кетпес пе еді.

Ғабдолла. Өздеріне де сол керек.

Батырбек. Бірақ ондай атты күн қайда? Жоқ қой ондай атты күн. Шіркін, бұл орынға өзімді есептемегенде бір қолайлы адам бар еді...

Қайкен. О да Жыландыдан ба?

Батырбек. Талант десең, талант бар. Сауат десең, сауат бар. Организаторлық қасиеті дейсің бе, онысы да бар.

Қайкен,

Ғабдолла (қосарланып). Бұл кім болды екен?

Батырбек. Ол мына отырған... Иә, иә, нақ мына отырған Қайкеннің өзі ғой. Амал қанша, мұның да соңында шала бар байланған.

Қайкен. Тілімізден жазып жүріміз ғой. Мінді бетке айтпай тұра алмаймыз.

Ғабдолла. Енді кім бар бұл орынға лайықты?

Қайкен. Ең дұрысы, осы отырған Ғабдолланың өзі еді...

Ғабдолла. Иә, біз де көресіні тілден тартып жүрген жоқпыз ба.

Қайкен. Оның рас. Мен көзге жамандаймын деп, ал сен болсаң көзге мақтаймын деп онық жедік.

Ғабдолла. Қайтейін. Жақсы көрсем жасыра алмаймын. Жақсы көремін деп айтып саламын. Құдайдың берген мінезін бұл қайтерсің, айтпайын десем де болмайды «айт, айт!» деп ар жақтан үнемі итермелейді де тұрады. Сосын айтасың да саласың. Оныңды түсінсе жақсы-ақ қой. Түсінбейтіндер де көп емес пе?

Батырбек. Әй, жігіттер, мен таптым шын лайықты адамды бұл орынға. Мына өзіміздің Жамантай бар ғой, содан дұрысы жоқ.

Ғабдолла. Ой, ол жарамайды. Жыландыдан деп мақтай берсең де, бір жақындығын көрген емес. Әрі ана Құланды жағында достары бар.

Қайкен. Бұл ойланатын идея екен. Жамантай жуас жігіт. Бір қолға қондырып алса, айтқанды орындаттырасың да отырасың.

Батырбек. Ой, ол өзіміздің қол бала емес пе. Ағасының айтқанын екі етсе, құртып жібермеймін бе!

Ғабдолла. Бұл жағынан алғанда келіп те қалатын кандидатура.

Қайкен. Оның үстіне Жамантай жөнінде үлкен үйде де бірер сыбыстың барын құлағым шалған еді. Білім, қабілеті бар жас жігіт, істеп кетеді.

Батырбек. Ақыл-кеңесімізді аямаспыз. Баулимыз.

Ғабдолла. Бұл жағынан алып қарағанда, жақсы жігіт екені жақсы жігіт енді.

Батырбек. Ойлай келгенде жөні осы. Ал қарап отырып қапы қалмайық. Қазірден бастап іске кірісейік. Тіпті менде мынадай да ой бар. Мен білсем, осы біздің Панар балдыз бар ғой, дұрыстап таныстырып қойса бар ғой кет әрі демейді. Сол күнді бір ойлашы сонда. Өзі өзіміздің Жыландыдан болса, оның үстіне өзі Батырбек даданың балдызына үйленген болса, қайда барады? Ешқайда да бармайды. Мына менің, мына Батырбек көкеңнің бұзауы болады да шығады. Ал, көне отырмайық. Былай болсын. Төрекенмен мен өзім сөйлесемін. Тіпті Өсекеңді де өз мойным алайын. Осындайда көтермеген мойынды итке таста. Алда-жалда бар ғой, жаман айтпай жақсы жоқ, анау айтқандай жан мұрынның үшіне келсе бар ғой, онда Белекеңнің өзінің де тамырын басып, байқаудан Батырекең тайынбайды. Ал, сен бар ғой, Қайкен, ең алдымен өзің осы тоқтамға табаныңды мықтап бас.

Қайкен. Бастым ғой, Батырбек-ау.

Батырбек. Жоқ, жоқ. Былай шыға бере бұлтың ете қалатының болатын. Білем ғой мен сені.

Қайкен. Бастым деймін.

Батырбек. Бассаң, онда осы шешімді ана арасулықтардың бәріне де құптаттырасың.

Қайкен. Шамамың келгенінше.

Батырбек. Үшіншіден, ана Тасекеңе де құлақ қағыс етесің. Жазатайым болып, Тасекең шалқалап қалса, шаруаның шырқы бұзылады дей бер. Бірақ былай жайлап түсіндіресің. Істің жайын, мекемеіміздің келешегін ойлағанда деп...

Қайкен. Әрине, жайлап істің жайын, мекемеіміздің келешегін ойлағанда деп...

Ғабдолла. Шіркін, біздің Батырекеңнің басы істей білсін-ау, ә!

Батырбек. Ал, Ғабдолла, сен бар ғой... сені мен бар ғой... Болса бір тонкий шаруаға жұмсағалы отырмай. Тілің майда. «Сіз», «бізді» білесің, орындап шығарсың дей ойлаймын.

Ғабдолла. Әлбетте, «сіз», «бізге» келсе болды ғой.

Батырбек. Сен онда былай ет, анау менің балдызым бар ғой. Өзі бір өзіме тартқан тентек неме. Тентекті тентек тыңдамай тік келіп қалатыны бар ғой. Ал, сен болсаң, битіп, тілін тауып дегендей. Жамантаймен жақындастырып жіберсең...

Ғабдолла. Айтқаның орындалады, Батырбек.

Батырбек. Ал онда отырмайық. Жолдарың болсын!

Кайкен мен Ғабдолла кетеді.

Телефон шыдырайды.

— Алло... алло... не, иә. Өзіңсің бе? Иә, шаруа не болып жатыр? Е, оны естідім ғой. Ал өзің не ойлап жүрсің? Ә! Ойбай-ау, «таз таранғанша той тарқайды» дегендей, сен найқалғанша, ана құландықтар біреуді әкеп отырғыза салмай ма? Иә, оны кімнен естідің? Үлкен үйде сондай сөз бар дейді? Аһа! Бұл бір жақсы лепес екен. Ал онда былай ет. Ана Қарекенге айтып қой. Ана үлкен үйдегі Белекенге сөйлессін. Жай сөйлеспесін, мықтап сөйлессін. Әйтпесе болмайды. Құланды дегенің бел алып кетеді. Өзіңнің жезден емес пе, батылырақ кетпейсің бе, битіп. Ұқтың ба? Ұқсаң сол. Ал жақсы. Қимылда.

Трубканы қоя берген кезде тағы телефон шыдырайды.

Иә? Ау, жаным-ау, сен қайда жүрсің осы күнге дейін? Ертең Құландыдан біреу тұра қалса, тағы да төбеңде әңгір таяқ ойнайды ғой. Осы арасын ойладың ба?.. Сөздің қысқасы, сен былай ет. Коллективтегілердің тамырын баса бер. Мен ітесем бірден көзге түсіп қаламын. Ал сен болсаң елеусізсің ғой. Иә, сөйт. Тамырын бас. Ана Жамантайды мақтай бер, не дер екен, білдің бе? Жамантайға жақсы қарайды? Бәрі де сол бастық болсын деп отыр? Өй, онда көктен тілегенді жерден берді ғой. Дегенмен қулық болып жүрмесін. Сен солардың арасында бол. Жің-жің хабарласып тұр. *(Трубканы қояды да қайта көтереді.)*

Алло. Ә, бұл Төрекең бе? Ә, бұл әлгі тентек інің Батырбек қой. Хал ма? Халдың несің сұрайсың, Төреке. Хал жаман. Иә, бастыз қалып тұрмыз. Иә, иә, құландылықтар шабуылда сияқты. Қарап отырған біз ғана. Енді қайтеміз. Төрекең сияқты мықты ағалар тұрғанда, қайтеміз дейміз де. Жа-

мантай ма? Ау, ол өзіміздің жыландылық қой. Иә, иә, табанды жігіт. Жаманаты жоқ. Істегенде қандай. Иә, иә, оның үстіне ақыл-кеңесімізді беріп тұрамыз ғой. Ана Қайкен деген жігітті білетін шығарсың. Жоқ, ол арасулық боғанымен өзіміз. Рас, кейде бұлтың ете қалатыны бар. Бірақ негізі біздік. Соны кейін Жамантайға көмекші етіп қойсақ, кеңсе жұмысын тастаяқтай қағыстыратын болады. Иә, жөн... Жөн айтасың. Әрине, жаның аштитынын білем ғой. Иә, жақсы. *(Трубканы қояды.)*

Батырбек үйінің алды. Баспалдақта Панар мен
Ғабдолла жолығысады.

Ғабдолла. О, алдым жап-жарық болып жүре бергенге жалт қарасам, Панардың өзі келе жатыр екен ғой.

Панар. Ғабдолла аға, кісіні көзіне мақтауды қашан қоясыз осы?

Ғабдолла. Шын жақсыны жақсы десе, оның несі айып. Алтынды алтын демей ме өз атымен.

Панар. Алтынды рас алтын дейді. Сол сияқты әркімнің өз аты бар емес пе.

Ғабдолла. Әйтеуір көңілім таза, Панар.

Панар. Көңілім таза деп кез келген жерде жайып сала берсеңіз, кірлеп қалуы да оп-оңай.

Ғабдолла. Міне, айттым ғой тұрған ақыл деп, оны қалай айтпай тұра аламын.

Панар. Тағы да мақтай бастадыңыз ба? Дауа жоқ екен.

Ғабдолла. Шіркін, қандай жігіттің маңдайы жарқырап тұр екен десеңші!

Панар. Осы қаладағы бір жігіттің маңдайы шығар.

Ғабдолла. Ұзын бойлы ма?

Панар. Иә, ұзын бойлы.

Ғабдолла. Кеудесі былай?

Панар. Иә, кеудесі былай.

Ғабдолла. Мұрны аздап қоңқақтау?

Панар. Иә, мұрны аздап қоңқақтау.

Ғабдолла. Шашы қап-қара, жатпайды, тікірейіп тұрады үнемі?

Панар. Шашы қап-қара...

Ғабдолла. Жүргенде бүйтіп адымдай басып жүреді?

Панар. Иә, адымдай басып жүреді.

Ғабдолла. Өзі көп сөйлемейді? Арақты аз ішеді? Өзі ақылды?

Панар. Көп сөйлейтін, арақты көп ішетін ақылсыз жігітпен Панар таныс бола ма?

Ғабдолла. Жөн, жөн. Ал бетінде ештеп қорасан дағы бар ғой?

Панар. Қорасан дағы бар.

Ғабдолла. Қорасан дағы бар?

Панар. Иә, қорасан дағы бар.

Ғабдолла. Ойбай-ау, бұл өзіміздің Жамантай болды ғой.

Панар. Жамантай дегеніңіз кім?

Ғабдолла. Өй, ақылдым, менің. Шіркін, Панардай болып та қыз баласы туа береді екен ғой.

Батырбек көрінеді. Панар үйге кіреді.

Батырбек. Ал, Ғабдолла, шаруаның барысы қалай?

Ғабдолла. Шаруаның барысы тамаша.

Батырбек. Немене, былай жағыстыра алдың ба?

Ғабдолла. Жағыстыра алғаның не, «сүйдім, күйдім» депізіп те қойдым ғой екеуін.

Батырбек. Бұл апаң мен жездеңнің қалауы делің ғой?

Ғабдолла. Апырау, Ғабдолладан сөз қалатын ба еді! Талай сөздер айтылды.

Батырбек. Бәсе, өзім де сезгенмін осылай боларын.

Өлеңдетіп Қайкен кіреді.

Аспанда ұшып жүрген қара шыбын,
Қай жерде отыр екен қаршығым.

Батырбек. Шаруаның беті қалай, Қайкен?

Қайкен. Шаруаның беті жаман болса, Қайкен бүйтіп өлеңдетпейді ғой.

Ғабдолла. Шіркін, біздің Қайкендей болып та адам баласы жарала береді екен ғой.

Батырбек. Ал сөйле, Қайкен.

Қайкен. Не сөйлейтіні бар. Бүйтіп кіріп бардым да ашық айттым, егер де бұл креслоға Жамантай отырмаса, онда біздің мекеме ақ үйлі болып тозып кетеді дедім тұрасынан.

Батырбек. Расы осы ғой. Иә, сосын?

Қайкен. Сосын не болушы еді, «ойбай-ау, ойлап-ойлап өзіміз де сол Жамантайға тоқтап отырмыз»,— деген жоқ па?

Батырбек. Төрекен де айтып жеткізген екен ғой онда. Сабазым-ай!

Ғабдолла. Шіркін, біздің Төрекендей болып та адам баласы жарала береді екен ғой.

Бай дастарқан басында Батырбек, Қайкен, Ғабдолла. Жаңыл мен Панар кіріп-шығып жүреді.

Батырбек. Не болса, о болсын, айды аспанға бір шығардық. Жамантайды отырғыздық креслоға.

Ғабдолла. Құландықтар енді байқап сөйлесер-ақ бізбен.

Батырбек. Байқап сөйлеспей көрсін. Күлін көкке ұшырайың!

Қайкен. Дегенмен өзі пысық па деймін. Кеше бір қызметкерді шақырып алып, жан алқымынан алмасы бар емес пе, екі рет айттым ғой, неге орындамадыңыз деп. Шолақтықпен қорқытып, келте қайырып жатқан жоқ, зіл, салмақ сезіледі мінезінен.

Батырбек. Батыресең білмей таңдамайды кісіні. Үндеме, Батырбекнің жаман інісі талайды тотिताды әлі.

Ғабдолла. Ау, жолдастар, менің басыма бір тың идея оралды.

Қайкен. Иә, құлағымыз сенде, Ғабдолла.

Ғабдолла. Осы мен білсем бар ғой, мына жыландыға қарағандар болып, түгел... бәріміз... мына Жаңыл жеңешемнің, алтын жеңешемнің ден саулығы деп бір-бірден қағып жіберген дұрыс болады.

Жаңыл. Мұндай қайын інінің құлдығы болып кетсең болмай ма! Сырттан жамандағаннан да, көзге мақтаған дұрыс.

Батырбек. Сөз тапқанға қолқа жоқ. Кеттік, онда.

Қайкен. Ау, жыландылық, жыландылық деп таңдайын тақ-тақ етеді. Арасулық ара ағайын мен қайда қалдым?

Ғабдолла. Өй, арасулығың не, жыландымын де деп баяғыда айтпап па едім. Жыланды тұрғанда Арасу деген сөз боп па, тәйірі! Ал алтын жеңешем үшін. *(Бәрі де көтереді.)*

Батырбек. Ау, жолдастар, менің де басыма тың бір идея оралды.

Қайкен. Иә?

Батырбек. Жаңыл, сен бара тұршы. *(Жаңыл кетеді.)* Жамантай келмей тұрғанда бір нәрсенің басын ашып алайық.

Ғабдолла. Иә, ашайық басын.

Батырбек. Жамантай ғой мына араға отырады?

Ғабдолла, Қайкен *(қатарласып)*. Иә, мына араға отырады.

Батырбек. Қатарында Панар болады?

Ғабдолла, Қайкен. Иә, Панар болады.

Батырбек. Тамадаға Қайкенді сайлаймыз?

Ғабдолла. Ә?.. Иә, тамадаға Қайкенді сайлаймыз.
Қайкен. Өмірінде бұт артары болмаған Құлсарт деген
бір қу сорлы жолаушының атын суара бара жатып «Құлсарт-
тың атқа осы мінгені мінген-ақ шығар» депті ғой. Сол
айтқандайын..

Батырбек. Дұрыс айтасың, сенің атқа осы мінгенің
мінген. Жамантайдың тәжірібесі аз, түбінде көмекші бо-
ласың да, бар шаруаны өз қолыңа аласың.

Қайкен. Сенімдеріңе рахмет. Кеңсе жұмысы дегенді,
құдайға шүкір, білеміз ғой.

Батырбек. Ал әзірше тамада боласың.

Ғабдолла. Қайкен тамада болады.

Жаңыл кіреді.

Жаңыл. Жанжалды доғарындар. Қомақтарың келді.
(Бәрі де орындарынан ұша-ұша түрегеледі. «О, қош
келісіз», «жоғары шығыңыз», «күтіп отырмыз»,— деген
дауыстар.)

Жамантай. Аздап кешігіңкіреп келдім. Жеңгеміз
кешірер деп сенемін.

Дауыстар. Кешіргенде қандай, әбден кешіреді.
Кешірмесе жеңге бола ма.

Жамантай. «Тяжела шапка Мономаха» деп орысша
айтқандай, сау басыма сақина тілеп алғандай болып жүрмін.
Сіңбіруге мұрша болмай кетті.

Батырбек. Е, осындай жас кезде істеп қалған жөн.
Мынадай жаман ағаларыңа арқа тіре де сілтей бер. Ал
кәне, отыра қал. Мына орындық манадан бері сені күтіп
түр. Айтпақшы, Панар қайда кете қалды? Панар? Панар?
(Панар келеді.) Ал, балдызым, енді бізден ұялмай-ақ қой.
Ана Жамекеннің қасына барып отыра ғой.

Панар. О не деген сөзіңіз, жездекей?

Батырбек. Жә, жә, «Қызымның өзі үйде, қылығы
түзде» деген. Мен білмейтін пале жер астында.

Панар. Түкке түсінбедім.

Жамантай. Ау, ай-шай жок, бұларыңыз қалай? Ең
алдымен танысайық та.

Батырбек. Е, бұрын таныс емес пе едіңдер?

Панар. Бірінші рет көріп отырсам, қайдан таныс бо-
лайын бұл кісімен. (Батырбек Ғабдоллаға қарайды.)

Ғабдолла. Ойын осымен бітсін, ал енді іске кірісейік.

Панар, мына Жамантайдың қасынан орын ал, кәне.

Панар. Осы сіздер неге соншама қолпаштап кеттіңіздер
бүгін мені?

Батырбек. Маңдайға басқан жалғыз балдызымды қолпаштамағанда, кімді қолпаштамақтын.

Панар. Жоқ, жездескей, ана апамыз екеуміз сап түзет отырып алатын болсақ, онда аш қаласыздар. *(Кетеді.)*

Батырбек. Балдызым тентек. Есті тентек. Өзім тартқан.

Жамантай. Көрініп тұр.

Қайкен. Ал, жолдастар, мен тамада болатын, болаты болсам...

Батырбек. Тамадалықтан бұрын, жолдастар, мынан билген жөн. Мына төр алдында қасқайып отырған Жамантай менің талантты, білімді, ақылды інлерімнің бірі. Мына бі сияқты жаман ағаларының арқасында үлкен креслоға ны басып бір отырды. Осы бір нық отырғаны үшін бокалды бір аударып тастаймыз.

Ғабдолла. Ал бұл тост үшін мен өзім ішпей тұр алмаймын. *(Күлседі.)*

Жамантай. Батырбек аға, тым асырыңқырап алға жоқсыз ба?

Батырбек. Қай жерде асырып, қай жерде жасырамы Батырбек ағаң біледі.

Ғабдолла. Шіркін, біздің Батырекең де айта біледі енді.

Қайкен. А, жолдастар, мен тамада болатын, болаты болсам...

Батырбек. Аты Жамантай болғанымен бұл ө Жақсытай. Ал, Жақсытай, шын достық үшін, қатарымызды сетінемес беріктігі үшін тағы да бір бокалды төңкеремі *(Сыңғырлаған рюмка дауыстары.)*

Қайкен. Ал, жолдастар, мен тамада болатын, болаты болсам... онда...

Ғабдолла. Шіркін, Батырекең сөйлесе алды, арты тақырлап, аламайымен қопара сөйлемей ме. Бұл өзі Жамантай емес, шынында да, Жақсытай.

Жамантай. Апырмай, тым асыра мақтап бара ж тырсыздар, жолдастар. Мен қолайсыздана бастадым. Бас бір тақырыпқа ауыссақ қайтеді?!

Ғабдолла. «Жаманды көзіне мақтасаң өзеуреп, есір кетеді, жақсыны көзіне мақтасаң ұялып, қысылып қалады деген бар. Жамантай мына мінезімен де өзінің асыл қасиет танытып отыр.

Жамантай. Сөз тапқанға қолқа жоқ дег Жеткіздіңіз, Ғабдолла. Жетер енді.

Қайкен. Ал, енді мен тамада болатын болсам...

Ғабдолла. Жаңа Батырекең әдемі бір тост көтер Қатарымыздың сетінемес беріктігі үшін көтерді. Дұр

көтерілген тост. Жыландылықтардың қатары құландылықтарға қарсы күресте сепінемеуге тиісті. Әйтпесе олар бізді құртады.

Жамантай. Жоқ, қателесесіз, Ғабдолла. Сіздерді құртып жүрген бір-ақ нәрсе бар. Ол сен құландылық, мен жыландылық деп жікке бөлініп, біріңізді біріңіз ғайбаттап, болмағанды болды деп жала жауып, арыз айдасып, қырық пышақ болысып жататындарыңыз. Бұл шындап келгенде, ақыл-ойдың мешеулігі. Сананың төмендігі. Бұл ілгері басқан аяқты кері сүйрер кесірлі жай. Біздің мекемеде біз осы бір жыландылық-құландылық дейтін жікшілдермен күресті мықтап тұрып ашамыз. Аямаймыз да ондайларды.

Ғабдолла. Ау, мынауыңның түтіні басқа ғой.

Қайкен. Жамантай жөн айтады. Осы жік құрымай біз оңбаймыз.

Батырбек. Жөн, жөн сөз. Бірақ жыландылықтардың жазығы жоқ қой.

Жамантай. Жоқ, бар балені өрбітетін осы жыландылықтар. Не шықса да, әуелі солардан шығады.

Батырбек. Сенген қойым сен болсаң дегендей, тоқташы, сен осы жыландыда туып, құландылық болып кетіп жүрген неме емессің бе?

Жамантай. Мені жыландыда туды деп кім айтып еді сізге?

Батырбек. Не дейді?!

Жамантай. Мен құландыда да, жыландыда да туған жоқпын. Мен қазақ жерінде тудым, жолдастар. Бір жаққа бүйірі бұрады екен деп үміттенбей-ақ қойыңдар.

Жаңыл. Қайным, жөн айтасың. Ұстаған жолың дұрыс. Аума содан.

Батырбек. Есіл еңбек зая кеткен. Панар, балдызым менің, не болып барады мына дүнне?!

МАЗМУНЫ

РОМАН

Инеш /...+ 3

ПЬЕСАЛАР

Дөкөй келе жатыр	314
Өсөн жалаңар	345
Кыр гули	380
Төрт бойдак, бир хыз	425
Шайдак	468

*Ив. Пастор -
художественный
роман в четырех томах*

САФУАН ШАЙМЕРДЕНОВ

СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ
В ЧЕТЫРЕХ ТОМАХ

ТОМ ПЕРВЫЙ

Роман и пьесы

(по казахскому языку)

Редакторы Т. Манкешев, Л. Нуриддин

Суретшісі Ж. Қасымов

Корректор редакторы Б. Сәлімов

Технический редакторы К. Қармысқов, Н. Софьянова

ИБ № 5445

Түпте жіберілді 18. 05. 92. Басуға қол қойылды 23. 06.94. Қалыбы 84X108/52. №2 баспа
лапы. Кіріс түрі «Тіп Тайас». Офсеттік басым. Шартты баспа табымы 25,30. Шартты боз
калені 25,31. Есепті баспа табымы 27,38. Тарадымы 3000 дана. Тапсырыс № 1616. Келісіңіз баға.

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық
агенттігінің Халықтар достығы арнасы «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай
дауысы, 143-й.

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық
агенттігінің Полиграфия комбинаты. 480002, Алматы қаласы, Махаттаев көшесі, 41-й.

Томская з.б.
КЗМ-99 IV кппе 1003 н.м
8307-

Самарканди 1979 г.

С.А.С.Ф.К. - 60. 2012 н.

Эконом. С.А.
С.А.С.Ф.К. - 60. 2003 н.